

Академик Серік Қирабаев
және ХХ ғасырдағы
әдебиеттану ғылымы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**

**Академик Серік Қирабаев және ХХ
ғасырдағы әдебиеттану ғылымы**

**Академик Серік Қирабаевтың 80 жылдық
мерейтойына арналған жинақ**

АЛМАТЫ 2007

**М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесі ұсынған**

**Редакциялық алқа: Ақыш Н.Б., Елеукенов Ш.Р., Қасқабасов С.А.,
Нарымбетов Ә.Қ., Ысмағұлов Ж., Ананьева С.В.**

Жауапты редакторы: Қасқабасов С.А.

Жауапты шығарушылар: Ақыш Н.Б., Орда Г.Ж.

Құрастырушы: Кәрібаева Г.

Академик Серік Қирабаев және ХХ ғасырдағы әдебиеттану ғылымы:
Алматыдағы «Академик Серік Қирабаев және ХХ ғасырдағы әдебиеттану
ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық және Астанада өткен
«Академик С.С.Қирабаев және отандық әдебиеттану мәселелері» атты ғылыми-
практикалық конференциялардың материалдары, зерттеулер, мақалалар. –
Алматы: Unique Service, 2007.480 бет.

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік және ҚР ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Серік Смайылұлы Қирабаевтың 80 жасқа толуына арнап 2007 жылы 26 наурызда Алматыда «Академик Серік Қирабаев және ХХ ғасырдағы әдебиеттану ғылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық және 30 наурызда Астанада өткен «Академик С.С.Қирабаев және отандық әдебиеттану мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, академик туралы шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, арнау өлеңдері енгізілген.

Кітап қоғамтанушы және әдебиеттанушы ғалымдарға, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен жалпы оқырман қауымға арналған.

А 4603000000

00(05) – 07

ISBN 9965-13-905-9

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Сейт Каскабасов

ПАТРИАРХ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ

Зазвенел звонок, и мы, студенты третьего курса историко-филологического факультета КазПИ им.Абая, не переставая шуметь и разговаривать, толпой ввалились в аудиторию и с таким же шумом начали рассаживаться по своим местам. Не успели мы сесть и утихомириться, как в аудиторию энергично вошел среднего роста, светлый, красивый молодой человек с журналом и книгами в руках. Он прошел вперед к преподавательскому столу, стал лицом к нам и внимательно посмотрел на нас, дружно вставших и притихших. Преподаватель поздоровался, разрешил нам сесть и, выдержав небольшую паузу, заговорил. Голос был звонкий, с тонкой, высокой ноткой. Лекция его была о казахской литературе первой половины XIX века, о творчестве Махамбета Утемисова, Шернияза Жарылгасынова, Суюнбая Аронова. Говорил он спокойно, часто читая по памяти стихотворения названных поэтов, то, что знал наизусть столько произведений, буквально покорило нас.

Это было в начале 1960-х годов, а лекцию читал кандидат филологических наук, доцент Серик Смаилович Кирабаев. Так состоялось мое очное знакомство с ним. А фамилия его мне была известна еще в школьные годы. На учебнике по казахской литературе для IX класса значились фамилии – З.Кабдолов, С.Кирабаев, А.Нуркатов. Тогда мы не понимали, почему в учебнике по казахской литературе были представлены В.Белинский, Н.Чернышевский, Н.Добролюбов. Причину такого “казуса” мы узнали позже. То было время, когда в республике шла вторая волна репрессий и активно велась борьба с т.н. “буржуазным национализмом” и многие ученые, особенно литературоведы и историки, были осуждены и сосланы, подверглись гонениям и остракизму. Такая участь постигла и К.Джумалиева, Е.Исмаилова, являвшихся авторами учебников для средних школ. В их отсутствие написание учебника было поручено молодым филологам, успевшим уже проявить себя в качестве литературных критиков. Выполняя указания партийных и государственных органов, они включили в учебник русских революционеров-демократов, поскольку такие поэты как Дулат Бабатайулы, Шортанбай Канайулы, Мурат Монкеулы и другие были исключены из истории литературы как реакционные деятели. Молодой авторский коллектив в короткий срок создал учебник, который впоследствии, во времена “оттепели” был переделан авторами и выдержал с 1952 по 1963 годы 12 изданий, и это говорит о том, что по этому учебнику с родной литературой знакомились не одно поколение школьников. Впрочем, С.Кирабаев и ныне является одним из авторов учебников нового поколения для X и XI классов.

Молодой доцент быстро завоевал нашу симпатию, и мы были горды тем, что такой знающий и уже известный критик читает нам лекции. Уже тогда обращали на себя внимание его требовательность, принципиальность и внимательность... Намного позже, работая в Институте литературы и искусства им.М.О.Ауэзова, мне довелось поближе узнать Серика Смаиловича, который, будучи зав. кафедрой, пригласил меня читать курс казахской литературы для русского отделения филологического факультета КазПИ им.Абая, и в этот период я еще раз убедился в том, что наше студенческое впечатление о нем не было ошибочным.

Уже много лет как мы стали коллегами. Серик Смаилович за более чем полувековую научно-педагогическую деятельность заслуженно снискал себе славу блестящего знатока литературы и высокопрофессионального специалиста, компетентного во всех областях филологической науки и эрудированного ученого. Конечно, такое всеобщее признание пришло не само собой, а явилось результатом многолетней неустанной работы над собой, непрерывного поиска, нацеленного на то, чтобы найти в исследуемой проблеме что-то новое и внести свой вклад в науку. Благодаря этому он стал поистине первооткрывателем в изучении творчества С.Кубеева, С.Сейфуллина, Ж.Аймаутова и Г.Мустафина, в реабилитации и новом осмыслении творческого наследия выдающихся поэтов и писателей Алаш Орды и в восполнении "белых пятен" в истории родной литературы.

Судьба подарила С.Кирабаеву роль первооткрывателя. Серик Кирабаев первым воссоздал биографию Спандияра Кубеева, видного представителя казахской литературы начала XX века, установил авторство переводов басен и рассказов, помещенных в книге "Улгілі тәржіма" (1910). Он сравнивает книги С.Кубеева с прижизненными изданиями, восстанавливает утраченное. Роман "Калым" переписывает собственноручно, вклеивает недостающие страницы. И в таком виде сдает в библиотеку. В 1957 году Серик Смаилович защищает кандидатскую диссертацию, а в 1958 году издает свое исследование о С.Кубееве отдельной монографией, не потерявшей своей научной значимости и сегодня. Кстати, не будет лишним сказать о том, что первым оппонентом диссертационной работы молодого ученого выступил сам Мухтар Ауэзов, который высоко оценил диссертацию – и дал ее автору напутствие.

Велика заслуга молодого в то время ученого в возвращении имени Сакена Сейфуллина и изучении его творчества. Выросший в краях, где родился Сакен Сейфуллин, Серик Смаилович с юных лет знал и любил его творчество. Память о Сакене в народе была жива всегда. Его стихи и песни исполняли все: от мала до велика, но имя поэта вслух не произносилось. С.Кирабаев собирает наследие Сакена Сейфуллина, прорабатывает многие архивные материалы, документы в КГБ, публикует множество статей. И вот в 1962 году выходит в свет монография "Сакен Сейфуллин", получившая высокий отклик. Новые архивные документы и оригинальность выводов приковывают к ней внимание специалистов.

Молодой ученый многие произведения поэта, написанные в период революции и гражданской войны, неизвестные ранее не только широкой читательской аудитории, но и литературоведам, подверг тщательному анализу и ввел в научный оборот. Автор научно точен, объективен. Он подчеркивает смелые поиски Сакена Сейфуллина, его творческие находки и завоевания, дерзкие эксперименты, прослеживает эволюцию его политических и эстетических взглядов. Эта фундаментальная работа, ставшая основой докторской диссертации, дважды издавалась на русском языке: в 1966 году в Алма-Ате и в 1973 году – в Москве. Многообразное по тематике и проблематике, разножанровое литературное наследие С.Сейфуллина органично включалось в литературный процесс насыщенных событиями 20-х годов XX века. И впоследствии С.Кирабаев проявляет интерес к изданию произведений своего именитого земляка, выступая составителем, автором предисловия и научного комментария книги поэта, изданной в серии “Библиотека поэта” в Ленинграде в 1973 году.

Защитив докторскую диссертацию в 37 лет, С.Кирабаев стал первым доктором наук среди своих ровесников. Этот факт тем более знаменателен, что докторов по литературоведению тогда было единицы (Ауэзов, Джумалиев, Кенжебаев, Габдуллин, Сильченко, Смирнова). Именно с 60-х годов начинается новый этап казахской литературоведческой науки. В этот период выходят в свет фундаментальные труды З.Ахметова, М.Дуйсенова, Е.Лизуновой, М.Базарбаева, З.Кабдолова, Т.Какишева, Р.Бердибаева и других представителей молодого тогда поколения, которое взяло эстафету у старшего поколения и воздвигло здание современного национального литературоведения.

Без преувеличения можно сказать, что Серик Смаилович стоял у истоков научного изучения творчества ряда писателей. Например, его книга “Габиден Мустафин” была первой и наиболее значительной работой о писателе, создавшем интересные произведения на тему современности. Монография “Жусупбек Аймаутов” – тоже первое в нашей науке исследование о творчестве выдающегося прозаика, погибшего в расцвете сил в годы репрессий. С.Кирабаев стал подлинным первопроходцем в деле возвращения забытых имен, восстановления истины и справедливости. Возглавляя Институт литературы и искусства им.М.О.Ауэзова в 1988-1995 годы, Серик Смаилович проводит большую ответственную работу по реабилитации выдающихся поэтов и писателей. Работа эта была кропотливая и весьма сложная. Большинство произведений было уничтожено, пришлось искать их в Москве, Ленинграде, Казани и других городах. Собранные материалы надо было систематизировать и проводить текстологический анализ, уточнять немало фактов и готовить к изданию. Титанический труд ученых Института во главе с его директором увенчался успехом. Литературное наследие Ш.Кудайбердиева, А.Байтурсынова, М.Жумабаева, Ж.Аймауытова, М.Дулатова и других было возвращено народу. Творчество репрессированных писателей в этот исторический отрезок времени зазвучало с новой силой. Началось научное осмысление богатого наследства.

Выходит из печати монография С.С. Кирабаева “Жусипбек Аймауытов” В ней ученый прослеживает жизненный и творческий путь писателя, раскрывает его роль в формировании казахского романа европейского образца. К 100-летию писателя С.С. Кирабаев готовит доклад о его творчестве и выступает на юбилейном торжественном собрании в театре оперы и балета им.Абая (октябрь 1989 года). Вслед за этим академик С.Кирабаев создает труды “Белые пятна в казахской литературе” “Казахская литература советского периода” “Национальная независимость и литература” и ряд других.

Академик С.С. Кирабаев стал одним из вдохновителей идеи и активным участником издаваемой Институтом десяти томной “Истории казахской литературы”, возглавляет ее редколлегию. Глубина и компетентность суждений о литературе – отличительные качества всех трудов признанного ученого. И это было высоко оценено научной и творческой общественностью, яркое подтверждение тому – присуждение академику Государственной премии РК и премии им.Ч.Валиханова Национальной академии наук РК.

Ведущий критик и литературовед, статьи которого стали появляться в печати с 1948 года, за свой почти 60-летний научный путь опубликовал более 700 научных и литературно-критических трудов, более 40 монографий и исследований, 18 учебников и учебных пособий. По его рекомендации обновлена система изучения литературы и в школьную программу X и XI классов включено изучение казахской литературы XIX и XX веков. Под его руководством в 2002-2003 годах написаны новые учебники для этих старших классов средней школы. В 2006 году издан учебник для 10-го класса и завершается подготовка для 11-го.

Серик Смаилович создал свою литературоведческую школу. Забота о молодых талантливых ученых – одна из отличительных черт профессора С.Кирабаева. Он растит, пестует своих учеников, многие из которых уже сами воспитывают будущих последователей. Около 40 кандидатов и 20 докторов наук подготовил для литературоведения Казахстана академик С.С. Кирабаев. Они активно работают в сфере науки и образования республики. Для них – пример жизнь Учителя, который в течение ряда лет достойно представлял казахское литературоведение на многих международных научных конференциях, во всесоюзном масштабе, будучи членом экспертной комиссии ВАК СССР и членом Президиума ВАК РК. Долгие годы руководил советом по литературной критике Союза писателей Казахстана. На протяжении ряда лет был председателем секции казахской литературы учебно-методического совета Министерства просвещения РК, руководил работой по составлению и улучшению школьных и вузовских программ, учебников и учебных пособий по казахской литературе.

Сегодня Серик Кирабаев – член Президиума Комитета по Государственным премиям в области литературы, искусства и архитектуры. Под его председательством проходят защиты кандидатских и докторских диссертаций

по пяти специальностям в Институте литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. Защищают не только ученые Казахстана и стран ближнего и дальнего зарубежья. Труд ученого отмечен высокими правительственными наградами – орденами Трудового Красного Знамени, Дружбы народов, медалями, в том числе медалью Российской Федерации “К 100-летию М.Шолохова” Почетной грамотой Президиума Верховного Совета Казахской ССР. С.С. Кирабаев – заслуженный деятель Республики Казахстан, заслуженный деятель науки Казахстана и Кыргызстана, иностранный член Академии образования России, академик Академии образования Казахстана.

Было бы несправедливо не сказать о семье Серика Смаиловича, которая не только создает ему условия для плодотворной работы, но и поддерживает и радуется его своими научными трудами и активной научно-педагогической и общественной деятельностью. Творческий потенциал семьи Кирабаевых очень высок. Супруга Серика Смаиловича – Алия Бейсенова академик НАН РК, доктор географических наук, профессор, организовала и возглавляет кафедру экологии в Казахском Национальном педагогическом университете им.Абая. Она активно работает в области экологической политики. Ее перу принадлежат несколько монографий, учебники нового поколения, учебные пособия. У ведущего эколога республики много творческих планов и интересных задумок.

Старший сын Нур Кирабаев, доктор философских наук, профессор. Работает деканом факультета гуманитарных и социальных наук Российского университета дружбы народов. Он является заместителем Председателя IV Российского философского конгресса “Философия и будущее цивилизации” в г.Москва. Один из авторов коллективной монографии “Глобализация и мультикультурализм”. Думаю, таким сыном родители вправе гордиться. Как и младшим Алимом, выбравшим путь дипломата. И внуки выбрали стезю служения народу.

За эти годы, работая плечом к плечу, каждодневно общаясь с ним, мы поняли, что Серик Кирабаев избрал лучшие качества своего народа и олицетворяет собою мудрость предыдущих поколений ученых и целеустремленность, пытливость своих ровесников-современников. Пожелаем же нашему юбиляру крепкого здоровья, счастья его близким, осуществления творческих замыслов.

Жұмағали Ысмағұлов

ТУҒАН ӘДЕБИЕТТІҢ ІРІ ТҰЛҒАСЫ

Әдеби сын – белгілі бір мағынада әдебиеттің тағдыры. Адам тағдыры сияқты. Өз тағдырына разы болса да, наразы болса да, оған жауапты – сол тағдыр иесінің өзі. Ал адам жүрген жерде бір жағында көлегейлеп пендешілік жүретіні белгілі. Тағдырына наразы адам соның солай қалыптасқаны үшін әуелі Жаратқанды, сонсоң әлде кімді кінәлайды. Әрине, онысы бекершілік.

Әдебиет те сол секілді. Оның тағдырының, яғни мәртебесінің қандай болары алдымен халықтың тарихына, сонсоң сол тарихты көркем бейнелеуге тиісті қаламгерлерінің дарын-қабілетіне, азаматтық көзқарасына байланысты болса керек. Осы орайда Белинскийдің мына бір сөздері еске түседі. Сын, дейді ұлы сыншы, әрдайым өзі төрелік айтып отырған құбылыстарға сәйкес болады. Басқаша айтқанда, сын дегеніміз шындықтың санада бейнеленген көрінісі. Жазушы шығармасында шындық ретінде, құбылыс ретінде не нәрсе бейнеленсе, сыншының оған берген бағасы соны санамен айқын ұғыну деген сөз.

Сыншы өз ойын әрі қарай былай пысықтайды: бұл жерде сынды туғызған өнер де емес, өнерді туғызған сын да емес; екеуі де жалпы бір заманның рухынан шықты. Екеуі де заманның санасымен бірдей; бірақ сын – философиялық сана да, өнер – сананың тікелей өзі; айырмашылық тек түрде ғана.

Белинскийдің пікірінше, заман ілгері басқан сайын, онда ойшылдық, сыншылдық машық күшейе түседі де, ойшылдық пен көркемдік үдеріс бір-бірімен қосылып кетеді. Сондықтан, деп түйеді сыншы, біздің заманымызда көркем шығарма дәуірдің өзекті ойынан бастау алмаса, одан қуат алатын ешқандай ішкі себеп болмаса, егер онда қасіреттің ащы зары мен шаттықтың тәтті ләззаты болмаса, егер онда ешқандай сұрақ немесе сұраққа жауап болмаса, ондай шығарма өлімен тең.

Осыдан кейін, деп түйіндейді сыншы өз ойын, сын дегеніміз қазіргі замандағы ой әлемінің пәрменді падишасы екеніне таңдануға бола ма? Қазір ұлы шығарма жөнінде жұрт не айтады деген сұрақ сол ұлы шығарманың өзінен бірде-бір кем түспейді.

Әдебиет әлемінде: ұлы шығарма өзінен кейін дарынды сыншыны тудырады, сонсоң сыншы өз ойларын орнықтыра келе, өзінің беделді сөзімен, жүйелі дәлелдерімен туған әдебиетінің одан әрі дамуына ықпал етеді деген пікір осылай қалыптасқан.

“Мен Пушкинді Белинскийдің мақалаларын оқығаннан кейін түсіндім” – деп өр мінезді Лев Толстойдың ағынан жарылып айтқан сөзінде кереметтей терең тағылымды мән бар еді.

Бірақ әдебиет тарихы да, халық тағдыры сияқты, әрқилы жолдармен қалыптасады. Сондықтан ондағы сын жанрының туу, қалыптасу, даму үрдісі де әртүрлі болып келеді. Оны біз ең алдымен өзіміздің төл әдебиетіміздің мысалынан айқын аңғарамыз. Ұлы Абай өзінің дара дарынымен, даналық көрегендігімен ұлттық поэзиямызға түбегейлі реформа жасап, оны бұрын болып көрмеген тың сонарға қарай бастағанда, оның суреткерлік сонылығын іліп алып, насихаттай жөнелетін сыншысы жоқ еді. Немістің классик ақыны Гетені насихаттаған ойшыл эстетик Гегельдей, орыстың ұлы ақыны Пушкинді халқына танытқан Белинскийдей сыншы тұлғасы қазақ топырағында әзір бой көрсете қоймайтынын сезген Абай туған әдебиетіне тыңнан түрен тартқан өз үрдісін өзі түсіндіруге мәжбүр болды. Сондықтан өлеңнің көркемдік табиғатын, ақынның халқы алдындағы азаматтық борышын, әдебиеттің әлеуметтік өмірдегі

атқаратын рөлін ашатын бір топ өлеңдерін жазды. “Өлең – сөздің патшасы, сөз – сарасы”, “Біреудің кісісі өлсе – қаралы ол”, “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін”, “Өзгеге көңілім тоярысың” “Сегіз аяқ” сынды өлеңдерімен ол артына жүйелі эстетикалық мектеп боларлық өзгеше мұрасын қалдырып кетті.

Абайдың әдеби мұрасының баспа жүзінде жарық көруі де, сыншылдық ой-пікірдің нысанына айналып, жұрт аузына ілінуі де ол дүниеден озғаннан кейін ғана болды. Оның шығармашылық мұрасы жөнінде өзінің қайтыс болғанына бір жыл толғанда алғаш рет баспа жүзінде пікір айтып, жұртшылыққа таныстырған Әлихан Бөкейхан еді. Одан кейін ақынның қайтыс болуына он жыл толып, тұңғыш жинағы баспадан шығып, халыққа тарай бастаған кезде, оны қазақтың бас ақыны ретінде таныстырған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Дәл сол жылы, дәл сол “Қазақ” газетінің бетінде, Абайдың ұлт әдебиетінің төріндегі мәңгілікке орнығар құрметті орнын айтып жазған Міржақып Дулатұлы екені де қазір қалың оқырман қауымға мәлім.

Міне осы оқиғалардан кейін Абай есімі жаңа бой көтеріп келе жатқан Алаш қозғалысының туына айналып, атағы бүкіл ел жұртшылығының санасына берік орныға бастайды. 1918 жылы, Алашорда өкіметі аз уақыт билік құрған кезде, екі жас әдебиетші Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов Семей қаласында “Абай” атты журнал шығарып, ақын мұрасын белсені насихаттаумен шұғылданды. Туған әдебиетімізде сын жанрының өрісі кеңейіп, қоғамдық сананың маңызды бір саласына айнала бастағаны осы түс болатын. Сол қарқынымен әртүрлі бағытта жедел дамыған әдеби сын жиырмасыншы-отызыншы жылдары республикадағы әдеби процестің жауынгер жанры дәрежесіне көтерілді.

Бірақ бұл кезеңде сын саласында қалам тербегендер әлі де әуесқойлар дәрежесінде ғана бой көрсетіп жүрді. Олар негізінен көркем шығармашылықпен айналысып жүрген ақын-жазушылар, мәдениет майданында еңбек етуші қоғам қайраткерлері болатын. Арнайы әдеби сын саласында маманданған санаулы әдебиетшілер отызыншы жылдардың аяғына таман ғана пайда бола бастаған.

Теориялық жүйелі білім алып, осы саладағы негізгі ауыртпалықты өз мойындарына алған жас сыншылар легінің әдеби процеске белсені араласқаны – соғыстан кейінгі кезең, әсіресе елуінші жылдардың бас кезі. Олар негізінен сол кездегі республика астанасы – Алматыда орналасқан жетекші екі жоғарғы оқу орны – Қазақ университеті мен Қазақ педагогикалық институтының түлектері еді. Олардың бірқатары мыналар: ҚазМУ-ден – Зәки Ахметов, Мүсілім Базарбаев, Рахманқұл Бердібаев, Тұрсынбек Кәкішев, Зейнолла Қабдолов; ҚазПИ-ден – Нығмет Ғабдуллин, Әнуар Дербісалин, Айқын Нұрқатов, Серік Қирабаев, Баламер Сахариев, Мұқаш Сәрсекеев. Үлкен өкінішке қарай, солардың біразы бойларындағы қуат-дарынын туған әдебиетіне түгел бере алмай, ертерек шетінеп кетті. Қалғандарының қаламдары қолдарында. Солардың ішінде бірі де бірегейі – жасы 80-ге келіп, бүгінгі әдебиетшілер қауымының төрінде отырған, Қазақстан Республикасының еңбегі сінген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик Серік Қирабаев.

Серік Смайылұлы әдебиетке тым ерте араласты, алғашқы сын мақаласы 1948 жылы, әлі студент кезінде беделді республикалық газетте жарияланған еді, содан бері алпыс жылға таяу, бір үзіліссіз әдебиеттің аса көрнекті қайраткері ретінде жемісті еңбек етіп келеді. Сүйінішті-ақ абырой! Ауылда, қазақтың ескіден қалған нәрлі сөзінің туын тіккен ортада өсіп, соны жасынан жадында сақтаған зейінді жігіт Институт қабырғасында тәжірибелі ұстаздардан тәлім алып, теориялық білімін толықтыра жүріп, студенттердің ғылыми қоғамына, астанадағы жазушылар ортасына араласа бастады да, өзін сыншының қиын жұмысына саналы түрде бағыттаған. Қиын болатыны, соғыстан кейінгі алғашқы жылдары идеология майданында, әсіресе әдебиет пен өнер саласында партиялық бақылау өктемдігі күшейіп, ел өмірінде қысылшандық туған кезең болатын.

Бірақ көкірегі сезімді, көңілі ояу жас жігіт жолынан жаңылған жоқ. Әдеби өмірдің ең өзекті, проблемалық мәселелеріне ден қойып, оларды қажетті деңгейде көтере бастады. Соның алғашқы бір айғағындай, студент Жазушылар одағына шақырылып, өкілетті жиында балалар әдебиетінің проблемалары жайында баяндама жасады. Сөйтіп, жас әдебиетші алдынан жазушылар қауымына қарай кең жол ашылды. Мазмұнды, дәлелді, өткір сын мақалалары баспасөз бетінде жиі жариялана бастады.

Соның заңды нәтижесіндей, Институттағы оқуын бітірмей жатып, соғыстан кейін қайтадан ашылған Көркем әдебиет баспасына редакторлық қызметке шақырылды. Оның үстіне Одақ жанындағы “Әдебиет және искусство” (кейіннен “Жұлдыз”) журналында проза бөлімінің меңгерушілігі деген лауазым қоса жүктелді. Сөйтіп, ол әдеби процестің қалың ортасына бойлап кірді. 1951 жылы Институттың филология факультетін үздік бітірген озат студент қазақ әдебиеті кафедрасы бойынша аспирантураға қалдырылды.

Ғылыми-шығармашылық және баспагерлік жұмыстың бұл қарбаласы да ұзаққа бармады, арада бірер жыл өткенде ол республика комсомолының Орталық Комитеті жанындағы “Пионер” журналына бас редактор болып тағайындалды.

Журналдың өзі шағын болғанымен жұмысы көп және жауапкершілігі тіпті күшті екен. Жас жігітті енді журналистік қырымен баурап әкетті де, тез ширатты. Шынықтырды, еліктірді, шабытына шабыт қосты. Ал соның ішінде бұған ұнағаны жастарға арналған әдеби-қоғамдық журналға жас қаламгерлер үйір екен, редакция енді солардың жиі бас қосар орталығына айналды. Осындай келісті де жемісті жұмыспен тағы 4-5 жыл өткен.

Содан кейін ол әрі қарай жоғарылатылып, “Социалистік Қазақстан” газетінің аппаратына жіберілді. Онда әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі және редакция алқасының мүшесі болып бекітілді. Бұл өте жауапты жұмыс еді. Өйткені сол кезде елдің идеологиялық өмірі қатты шиеленісіп, ұлтшылдық, бисаясаттық, идеясыздық дейтін жасанды ұғымдарға қарсы данғаза күрес жүргізіп жатқанды. Жас әдебиетші соның қайнаған ортасына түсіп кетті.

1957 жылы сыншы-әдебиетші С.Қирабаевтың шығармашылық өмірінде екі түрлі маңызды оқиға болды. Біріншісі – оның аспирантурадағы зерттеушілік жұмысы нәтижелі аяқталып, ол “Спандияр Көбеевтің шығармашылығы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Екіншісі – бүкіл қазақ халқының рухани өміріндегі бір сүйінішті оқиға – отыз жетінің қуғын-сүргінінде жазықсыз жазаланып кеткен қазақ кеңес әдебиетінің классиктері – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров үшеуінің ақталып, аса бағалы шығармашылық мұраларының халыққа қайтарылуы еді. Соның ішінде Серік Смайылұлын ерекше елең еткізгені С.Сейфуллин есімі еді. Жасынан ауыл адамдарының аузында аңыз ертегідей естілген, кейін олардың бір-біріне сыбырлап қана күрсіне айтатын даңқты жерлестері Сәкен аға ғой ол! Жаңағы хабар естілген бойда-ақ үш есіл ердің кітапхана зындандарында сақталып қалған шығармаларын көзбен көріп, қолмен ұстауға тағатсыздана асыққан. Бұл кезде оның Орталық партия комитетінде жауапты қызметке ауысып, қолына еркіндік тигенді. Дереву солардың кітаптарын таптырып алып, құныға бас қойған. Осындай ұлылардың дер шағында әділетсіздіктің қармағына ілініп, мезгілсіз қаза болғанына бір жағынан күйіне, екінші жағынан, ғажайып асыл қазынаға кенеліп, бүкіл жан дүниесімен тебіреніп отырып оқыған ол дереву соларды насихаттаған мақалаларын газет бетіне бірінен соң бірін тоғыта бастады.

Сол кездің тағы бір жемісі “Қазақ кеңес әдебиеті тарихының очеркі” атты ұжымдық жинақтың академиялық басылымына арнап тапсырмамен Ғабиден Мұстафин туралы жазылған тарауының кеңейтіліп, жеке монография түрінде қазақ және орыс тілдерінде жарық көруі еді. Келесі жылы Спандияр Көбеевтің өмірі мен жазушылық қызметі жайында, автордың кандидаттық диссертация негізде кеңейтіп әзірлеген монографиясы басылып шықты.

Осы кезде С.Қирабаев біраз жыл белсеніп беріле еңбек еткен практикалық жұмыстардан босанып, біржола педагогтық және еркін ғылыми-шығармашылық жұмысқа ауысты. ҚазПИ-дегі ұстаздық жұмысын жалғастырып, қазақ әдебиеті кафедрасына келді. Әуелі кафедра меңгерушісі болып, кейін ұзақ жылдар бойы осы Институтта проректорлық қызмет атқарды. Оның ғылыми-педагогикалық лауазымды абыроймен атқара жүріп, ғылыми-зерттеу жұмысын да ілгері дамытқан аса бір жемісті жылдары осы тұс еді. Ол мұның алдындағы қауырт қызмет үстінде кейде редакцияның тапсырмасынан асығыс жазылған, көбінесе көлем жағынан шектеліп қысқартылған еңбектерін қайта қараған, оларды мазмұн, стилистика жағынан өңдеп жетілдіре түскен. Соның алғашқы нәтижесіндей 1960 жылы “Өрлеу жолында” деген атпен мақалалар жинағы жарық көрді.

Атынан көрініп тұрғандай, онда жемісті де жедел даму үстіндегі қазақ әдебиетінің соңғы кезде қол жеткізген табыстары жинақталып, алдағы жүрер жолына бағыт боларлықтай көркемдік олжалары ортаға салынған. Жинаққа “Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы” деген көлемді сын-библиографиялық очеркі,

“Айша” “Жерқазғандар” аталатын хикаяттары жөніндегі ғылыми мақалалары, Саттар Ерубаев, Мұқан Иманжанов туралы эсселері, Хамит Ерғалиевтің “Сәнің өзені” поэмасы мен Зейнолла Қабдоловтың “Өмір ұшқыны” хикаяты туралы, Әзілхан Нұршайықовтың аудан очерктері туралы сын мақалалары, тұтастай ұлттық кеңес әдебиеті және оның әдеби сын, көркем әңгіме жанрлары туралы проблемалық зерттеулері енгізілгенді.

Жалпы алғанда, 60-шы жылдар С.Қирабаевтың сыншылық және ғылыми-зерттеу жұмысында ерекше жемісті болған жылдар еді. Сол жемістердің ішінде әсіресе атап көрсетерлігі Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы жөніндегі еңбектерінің бас-аяғы жинақталып, тұтас күйінде оқырман жұртшылыққа ұсынылуы болатын. Олардың ішінде алдымен ауызға алынары – 1962 жылы жарық көрген көлемді монографиясы. Бұдан кейінгі тындырымды жұмысы – 1964 жылы осы монографиясы негізінде докторлық диссертация қорғады.

Бұл Серік Смайылұлының көпжылдық ғылыми-зерттеу жұмысының ішіндегі үлкен ерлік саналатын абыройлы нәтижесі еді. Барлық жағынан алғанда да солай. Біріншіден, Сері-ағанның тіпті жас кезі, әлі қырыққа да толмаған, 37 жасында. Бұл сол кездегі өлшеммен алғанда, ғалымдардың өте аз кезінде, докторлық дәреже үшін өте жас кезең еді. Одан кейін тақырыбы да анау-мынау емес, Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы туралы. Оның үстіне, ізденушінің бұл еңбегі сол кездегі Мәскеу мен Алматының ең көрнекті әдебиетші ғалымдары тарапынан өте жоғары бағаланған. Соның бір дәлелі ретінде еңбек екі рет орыс тілінде (1966 ж. Алматыда, 1973 ж. Мәскеуде) басылып шықты.

Осы орайда арнайы атап айтарлық тағы бір оқиға Сәкен мен Илиястың таңдамалы өлең, дастандары жинақталып, 1979 жылы Ленинградта “Библиотека поэта” атты тұрақты басылымның үлкен сериясы бойынша жарыққа шығуы болды. Бұл бірегей басылымды Мұхаметжан Қаратаев пен С.Қирабаев құрастырып, кіріспе сөздері мен түсініктерін жазғанда, соның Сәкенге тиісті бөлігі түгелдей Серік Смайылұлының қолынан шыққан. Қазақтың қос дүлдүлінің шығармаларын аударуға Евгений Винокуров, Евгений Евтушенко, Михаил Луконин, Сергей Наровчатов, Всеволод-Рождественский сияқты орыстың аса көрнекті ақындары – қазақ әдебиетінің жанашыр достары қатынасқан. Соларды осы құрметті жұмысқа тартуда біздің көрнекті екі қайраткеріміздің белсенді араласуы өте игілікті іс болған.

С.Қирабаевтың, жоғарыда атап көрсетілгендей, 60-шы жылдардың бас кезінен басталған бірыңғай ғылыми-педагогикалық жұмыс кезеңі сол бір қалыпты ырғақтан жаңылмай жалғасып, 80-ші жылдардың аяқ кезіне дейін созылды да, тың ізденістер мен соны проблемаларға толы болды. Ғылыми мақала, сын-библиографиялық очерк, ғылыми эссе, шағын монография сияқты оңтайлы жанрлар түрінде жазған еңбектері ғалымның бұрынғы еңбектерінде әртүрлі себептермен назардан тыс қалған көрнекті тұлғалар мен әдебиетіміздің жаңа кезеңінде туындаған тың проблемаларға арналған өрісті ой, толғаулы пікірлерге бай еңбектер болып табылады.

Солар уақыт өте келе қайта сұрыпталып, ой елегінен тағы бір өткізіле келе, бірнеше жинақтарға енгізілді. Олар “Әдебиет және дәуір талабы” (1970), “Өнер өрісі” (1971), “Революция және әдебиет” (екі томдық – 1977), “Шындық және шығарма” (1981), “Шындық және шеберлік” (1983) атты көлемді еңбектер еді. Осылардың ішінен бір қатарлары орыс тіліне аударылып, “Революцией призванный” “Высokое назначение” (1985) деген атпен және басылып шығуы автордың тану-танылу кеңістігінің кеңейе түскеніне айқын дәлел еді.

Бұл жинақтарға енгізілген еңбектерді жеке-жеке атап көрсетіп, олардың мазмұнын тіпті қысқаша болса да баяндап жатуға дәл қазір мүмкіндік жоқ. Ал ішкі мазмұн, тақырыптарына қарай топтастырылғандағы мазмұны аталған жинақтардың аттарынан-ақ көрініп тұр. Солардың ішінен қысқа да болса көзбен шолып, жалпылап сипаттап өтпегіміз – “Революция және әдебиет” атты қос томдық. Мұнда, біріншіден туған әдебиетіміздің кеңестік дәуір аталатын кезеңінің алғашқы алпыс жылы ішінде жүріп өткен шығармашылық жолы және сол жолда жинақтаған олжа-табыстары баяндалады. Бұл – өзі, екінші жағынан алғанда, автордың өзінің де жартығасырлық өмір жолының әдебиет атты “әсем аруға” арнаған отыз жылы ішіндегі тындырған жұмыстарының оқырман алдындағы есебі сияқты көрінеді. Қай жағынан алғанда да бұл басылымға әдейі тоқтала кетудің әбден жөні бар.

Басылымның бірінші томы, өзіміз күткендей-ақ, жаңа әдебиетіміздің жарты ғасырдан астам даму жолына жалпы шолу жасалып, оның осы заман деңгейіндегі, яғни дүние жүзілік көркемдік әлемнің өзіндік бір кең жазира кеңістік түрінде қалыптасқан мол арналы маман (профессионал) ұлттық бөлшегі ретіндегі мол қазынасы сипатталады. Соның кезең-кезеңмен, жанр-жанрымен өсу, даму заңдылықтары баяндалады. “Октябрь және қазақ әдебиеті”, “Әдебиетіміздің есею жылдары” “Соғыс және әдебиет” “Бейбіт өмір әдебиеті” деген тараулардың аттарының өзі-ақ ішкі мазмұндарынан анық ақпарат беріп тұр. Соған жалғас келетін “Жаңа бағытта” “Биік талаптар” “Ілгерілеу жолы – ізденіс” “Уақыт және қаламгер” “Лирика және өмір” атты тарауларда қазіргі, яғни сол кезеңнің ең соңғы бөлшегіндегі әдеби процестің аяқ алысына талдау жасалады.

Осы томның заңды жалғасы ретіндегі екінші кітапта үлкен әдебиетті қалыптастырған басты-басты тұлғалардың шығармашылық жолдары баяндалады. Олар: жыр алыбы – Жамбыл жаңа әдебиеттің классиктері – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин жайлы мазмұнды әңгімелер. Сыншы бұл ағалар туралы бұрын да талай жазған. Ал мына тарауларда оның зерттеушілік зердесі қорланып, қаламгерлер дүниесіне жаңаша көзқараспен молыққан кездегі тың деп айтарлықтай бағалы пайымдаулары бар.

Мәселен, Жамбыл шығармалары жөнінде зерттеуші мынадай қорытынды түйеді: “Халықтың ақындық бай сөз өнерін жаңа жағдайда шеберлікпен дамытуға мүмкіндік тауып, заман шындығынан шығармашылық қуат

алған ақын көзінің тірісінде-ақ “Халық поэзиясының алыбы” атанды... Оның шығармашылығы халықтық поэзия мен жазба әдебиеттің шекарасын жақындатудың, халықтың ауызша шығарылған сөз өнерінің озат дәстүрлерін жазба поэзияда жаңашылдықпен қолданудың үлгісі болды. Автор өзінің осы ойларын шетелдік ірі тұлға, Данияның аса көрнекті ақыны Мартин Андерсен Нексенің Жәкеңе оның ақындық қызметінің 75 жылдығын тойлау кезінде жіберген құттықтау телеграммасынан мынадай үзінді келтіріп дәлелдейді: “Сіз көшпелілердің өмірінен осы заманғы адамның өміріне мыңдаған жылғы мәдениеттің көпірін салдыңыз”

Осы ойларды зерттеуші мынадай сөздермен қорытындылайды: “Жамбыл жырлары – шын мәніндегі халықтық туындылар. Ақын өз дәуірінде халық өміріндегі елеулі өзгерістерді, қоғамдық тіршіліктегі маңызды оқиғаларды қағыс қалдырмай, сергек үн қосып отырды.

Жамбыл шығармалары халық поэзиясындағы қалыпты өлең, жыр үлгілерімен туған. Мазмұны жағынан олар шешендік толғау тәрізді болып келеді. Сонымен қатар онда жазба әдебиеттің әсерімен туған әсем лирика да ұшырайды... Образдарының айқындығымен, тілінің байлығымен Жамбыл өлеңдері халық поэзиясының жарқын үлгілерін дамыта түседі”.

Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуірдегі ең ірі тұлғасы Сәкен Сейфуллин шығармашылығы – зерттеуші еңбектерінің ең бір өзекті тақырыбы. “Дала дауылпазы” атты мақаласында автор былай толғанады:

“Сәкен Сейфуллин!

Бұл есім қазақ халқының аса бір сүйіктілерінің біріне айналып отыр. Туған халқымыздың игі тамаша қасиет-сипаттарын, ұлттық мінез-құлқымыздың жарқын көріністерін бүгін әркім-ақ осы бір азаматтың бойынан тауып, сүйсінгендей, мейірленгендей. Ғасырлар бойы езгінің астында тұншыққан елдің ерлік салтының өшпегенін де, қатыгез феодалдық дөкірлік пен патшашылдықтың озбыр қылықтары сөндіре алмаған адамшылықтың жылы нышандары мен сезім күйлерінің молдығын да, досқа дос, қасқа қас мінездерді де жарық дүниеге алып шығып, әлемге аян еткен осы азамат еді. Тыныштық басып мүлгіген қазақ даласы бүкіл Ресейді қаптай соққан дауылдың әсерінен ояна тұрып, не істерін білмей дағдарған шақта оларға жол көрсетіп, жөн сілтеген азғана азаматымыздың бірі де осы. Сілтеп қана қоймады, жаңа дүниеге бет алған қазақ көшінің алдыңғы легінде болды. “Бетпақ дала, тау-тас, меніреу жерлер” – таныс емес, жаңа жолдың қиындығы оны қайыстырмады. Қайта, желге қарсы бетін түзеп, өршелене қанат қаққан қыранша қасарыса түсті:

“Шақырындар, арттағы ұйықтаған, именшек, бақыт жолын білмейтін бауырларыңды!

Шақырындар, арттағы құлдықта жүрген бауырларыңды! Қосындар дауыстарыңды!

Күшті дауыстар мен қызу ән жаңғыртсын дүниені.

Жаңғыртындар, жаңартындар дүниені, қайратты ер жастар!”

Қазақтың сөз өнері мен рухани қазынасын жаңа дүниеде жаңғыртып, байыта түскен алыптар тобының көшбасшысы Сәкен Сейфуллин туралы осылай тебірене қалам сілтеген ғалым-сыншы осы топтың кейінгі өкілдерінің әрқайсысына өзіндік тән белгілерді тап басып дәл айта алады.

“Сәкеннің революцияшыл пафосты жырлары мен нәзік сезімтал лирикасы, Ілиястың төкпе арынды таланты оның бойындағы табиғи ақындықтың куәсіндей көрінетін. Мұхтар реализмі әуелден-ақ орыстың классикалық әдебиетінің үлгісінде басталып, шындықты терең бейнелеуімен, характерлерінің күштілігімен көзге түсті. Сәбит халықтық әдебиеттің дәстүрлерін ала келіп, жаңа мазмұнмен байытты. Осылардың қатарында өзгеге ұқсамайтын дара, табиғи талантымен Бейімбет тұратын. Өмірде жұпынылықты сүйетін ол жазуда да әсірелеушілікке бармай, қарапайым шындықты қаз-қалпында суреттеуге шебер еді”

Ілияс Жансүгіровке арналған бір эссе-толғауына Қирабаев “Ақын” – деген бір-ақ сөзді тақырып етіп алады. Оған көрнекті, дарынды, ірі деген сияқты арзан анықтамалардың бірін де жолатпайды. Онысын автор былай түсіндіреді:

“Ақын деген бір ауыз сөзге қазақ үлкен мағына сыйғызған. Және оны екінші біріне қолдана бермеген. Өлеңші мен шын ақынның салмағын айыра білген халықтың өлеңшілер мен жыршыларды құныға тындаса да, оларға ақынға табынғандай мінез көрсетпейтіні тағы бар...”

Тағдырдың өзі өлшемей, пішпей, мол ғып, төгіп бере салған Ілияс Жансүгіровтың талантын бағалауға тек ешбір қоспасыз айтылған осы “ақын” деген сөз ғана лайық”

Расында да, сыншының осы сөздерінің әр жағында ақын шығармасын талдап, мүшелеп, қарабайырландырып жату тіпті қажет емес сияқты, осыны оқыған адам өзінен-өзі тойынып, қанағаттанып қалатындай.

Ал Сәбит туралы сөз қозғағандағы сыншы тұғыры басқашалау. Оның қаламгер туралы халық ұғымында қалыптасып қалған үдеден шықпаса болмайтынын автор айқын түсінеді.

“Сәбит Мұқанов туралы сөз айту – советтік заманда жаңа мазмұнға ие бола дамыған, қайта туу, қалыптасу, есею дәуірлерін басынан кешірген бүкіл қазақ әдебиетінің тарихы туралы әңгімелеумен бірдей.

Жаңа ғасырмен құрдас туып, Октябрь революциясымен тұстас қолына қалам ұстаған Сәбит содан бергі саналы өмірін туған халқына, туған әдебиетіне арнады... Ол өз заманындағы барлық қоғамдық даму мен жаңарудың, қазақ халқының жаңа тарихының куәсі”

Қаламгердің 70 жасқа толған мерейтойына орайлас жазылған бұл мақаланы дәл осылай бастап, арғы ойларын осы сөздерден өрбітпесе болмайтыны түсінікті-ақ. Сондықтан өмірінде де, шығармашылық мұрасында да дәуірлік сипат бар жазушы жөніндегі сыншы пікірі бүгін де ой мен санаға қонымды естіледі.

Ал енді осы кісіге уақыт жағынан да, шығармашылық мүдде жағынан да жақын тұрған екі тұлға – Фабит Мүсірепов пен Фабиден Мұстафинге келгенде, сыншы тағы да Жансүгіров жөніндегі жорасына қайта оралып, бірін “Суреткер”

екіншісін “Халық жазушысы” деген тақырыптармен қысқа қайырады. Мұны да біз түсіністікпен қабылдаймыз.

“Әдетте жазушыға сипаттама беруде кітап аттары мен геройларды атау, олардың тақырыбы мен идеясын айту Ғабиттің жазушылық жолын әңгімелеуге келе бермейді. Оның әдеби мұрасы жалпылай сөйлеуді ешқашан көтерген емес. Өйткені Ғабиттің әр кітабы – өз алдына эстетикалық мұрат-мақсаты бар көркем қазына. Жалпы адам баласының көркемдік ой-пікірін байытудағы сөз зергерінің қызметін ол жақсы түсінеді”

Немесе:

“Ғ.Мұстафин – халық таланты. Әдеби білімі мен мектептен алған оқуы аз жазушы өз ізденуімен советтік жағдайда өзінің талантын дамытып, қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің алдыңғы санынан орын алды. Әсіресе үлкен прозаның қалыптасуы мен орнығуында Ғ.Мұстафин еңбегі аса зор. Ол әр шығарма сайын жазушылық тәжірибе жинап, жетіле түсуде, өсу жолында. Бұл – үлкен еңбектің, өмірмен бірге жазушының өзінің қоса жаңара дамуының жемісі”

Мінекей, ірі-ірі тұлғалар туралы қысқа-қысқа қайырған тұжырымдардың әр жағында сол тұлғалардың кең панорамалы суреттермен жеткізген көркемдік әлемдері жатқанын біз ойша ұғынамыз.

Ал олардың артында үзенгілес замандастары Асқар Токмағамбетов пен Әбділда Тәжібаевтан бастап, аяғы ғалымның құрбылас іні-қарындастары Ғафу Қайырбеков пен Тұманбай Молдағалиевке дейінгі, Қадыр Мырзалиев пен Мұқағали Мақатаевқа дейінгі, Фәриза Оңғарсынова мен Марфуға Айтхожинаға дейінгі аралықтарда қалың қаламгерлер қосынының Қирабаев қаламына ілінбей қалғандары, оның тілектестік ниетінен нәр алмағаны кемде-кем болар.

Серағаңнан өзінен жасы кішілеу, тағы бір ұрпақ кейін тұрған Әбіш, Мұхтар (Мағауин), Қабдеш, Қалихан, Әкім, Дүкенбай сынды прозаиктер туралы олардың алғашқы қадамдарынан-ақ қалтқысыз байқап, ғалым сыншының кезінде жақсы лебіз білдіргенін де біз көрегендік пен кең пейілділік нышаны деп білеміз. Сол жас буын қазір бүгінгі әдебиетіміздің қабырғалы қайраткерлеріне айналғаны – біздің ортақ мәртебеміз.

Ал олардан бөлектеу бір төбеде тұрып, сыншының алғашқы еңбектеріне арқау болған жауынгер ақын ағалары Жұмағали мен Қасым, Қалижан мен Хамит, Сырбай мен Жұбан өлеңдері жөніндегі пікірлері өз алдына бір жүйе.

Жинақтай айтқанда, аталмыш костюмдық С.Қирабаевтың сыншылық-зерттеушілік еңбек жолындағы маңызды бір кезенді қорытындылап, әдеби қауымға есеп ретінде ұсынған мазмұнды топтамасы деп бағаланғаны ләзім.

* * *

Ендігі сөз төркіні өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғынан бастап, күні бүгінге дейінгі мезгілді қамтитын жиырма шақты жылдың әлеті бәріміздің есімізде күні кешегідей сайрап тұр. Аты шулы Горбачевтің қайта құру дейтін

даңғаза ұранының нәтижесінде Одақ ыдырауға айналып тұрған кез. Соның ауыр зардабы біздің республиканы шарпыды да, аяғы қасіретті желтоқсан оқиғасына апарып соққан. Бірақ оның есесіне біздің халық соңғы үш ғасыр бойы тұңғыш рет бодандық бұғауынан босап, тәуелсіздікке қол жеткізді де, егемен ел болдық.

Осы қарсаңда, 1988 жылы, академик Қирабаев М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып келді. “Қайта құру” құрдымға кетіп, бір жола құру алдында тұрған және Қазақстан аспанынан тәуелсіздік таңы қылаң бере бастаған кез. Сол күндерде әр ұжым өз басшысын өзі сайлап алсын деген бір тәртіп шықты да, Институт ғалымдары өз қалауымен Серік Смайылұлын орталарына шақырып алған.

Сол кезде Институт алдында аса зор маңызы бар екі оқиға тұрды. Бірі – кеңестік идеология өктемдігі күшін жойып, соның арқасында әр қазақтың жүрегінде әрі жазылмастай шемең, әрі жеткізбестей арман болып келе жатқан ардақты Алаш арыстары ақталып, солардың асыл қазынасы халыққа қайтарылып жатқан. Екіншісі – Қазақстан үкіметінің бұдан бұрынырақ қабылданған қаулысы бойынша ұлы Абайдың 150 жылдық мерекесіне дайындық басталған.

Міне, осы екі істің басы-қасында алғашқы күннен бастап директордың өзі тұрды. Алаш көсемдерін ақтау жөніндегі ресми құжаттар жарияланған сәттен бастап, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, сәл кейінірек Міржақып мұралары, тура мағынасында жерден қазғандай қылып, тауып алынды да, қауырт іске қосылды. Өте қысқа мерзім ішінде олардың бір-бір том таңдамалылары қауырт түрде араб, латын әріптерінен кириллицаға аударылып, баспаға әзірленді де, Тәуелсіздіктің алғашқы байғазысындай оқырман қолына табыс етілді. Баспасөз бетінде олардың мазмұн-мағыналары жайында топ-топ мақалалар жариялана бастады. Кейін әрқайсысының көптомдық академиялық басылымдарын әзірлеу қолға алынды.

Бұл алғашқы жұмыстың жүзеге асырылу жайы болатын. Сонымен қатарластыра Абай мерейтойына әзірлік қолға алынды. Бұл туралы үкімет қаулысында үш түрлі міндет айырықша айтылған. Олар: Абай шығармаларын жинастыру, жаңадан көп таралыммен бастыру, Абай мұрасын жұртшылық арасында кеңінен насихаттау. Мерейтойға дайындалу мен оны өткізуге байланысты жүзеге асырылуға тиісті көп-көп шаралардың ішінде Институт қызметкерлері тікелей орындауға тиісті үш міндет осындай еді.

Әрине, оңай шаруа емес. Өзгелерін былай қойғанда, осы міндеттерді таптұйнақтай етіп жүзеге асыру үшін материалдық мүмкіндіктердің өзі өте тапшы еді. Бірақ жаңа директор соған барынша күш салды.

Алдымен, 1990 жылдың басынан бастап Институтта арнайы Абайтану бөлімі ашылды, оған ең жарамды деген қызметкерлер іріктеп алынды. Сонсоң Абай шығармаларының ең негізгі түпкі, дерек көздері мен алғашқы сирек басылымдарын жинастырып алып, канондық деп айтарлықтай мәтіннама

үлгісін әзірлеу. Соның негізінде Абай шығармаларының екі томдық академиялық басылымын дайындау. Одан кейін Абай мұрасын жан-жақты түбегейлі зерттеудің кешенді жоспарын жасап, дайындық кезеңде толық жүзеге асыру.

Осы және басқа да толып жатқан міндеттер шеңбері, әділін айту керек, ойдағыдай жүзеге асырылды.

Абайдың біржарым ғасырлық мерейтойы бүкіл дүниежүзілік көлемде дүрілдетіп өткізілді. Сөйтіп, Елбасының осы мерейтой кезінде Абай есімін бүкіл әлемге танытсақ деген мақсатты ойы жүзеге асырылды. Осы абыройдың ішінде осы дайындықтың негізгі орталығы болған М.Әуезов Институтының, әсіресе оның директоры академик С.Қирабаевтың өлшеусіз зор еңбегі бар еді. Өзге көрсеткіштерін айтпағанның өзінде, ұлы ақынның мерейтойын өткізу қорытындысында Институтта істейтін және сырттан тартылған бір топ абайтанушыларға Мемлекеттік сыйлық берілуінің өзі-ақ осыған айқын айғақ болса керек. Сол топтың ең басында жұмыс жетекшісі академик Қирабаевтың өзі де бар еді.

Бұл сияқты үлкен міндет төңірегінде тындырылар жұмыстардың көбінесе үлкен-кішісі, ұсақ-ірісі болмайды. Және солардың бәрі бірінші басшыға қарап тұратыны бар. Әсіресе, аппаратқа жаңадан штаттық лауазым алу, күнделікті зәрулікке сметада қаралмаған қаражат көздерін табу, ең аяғы қызметкерлердің тұрмыс жағдайларына байланысты мәселелерді шешуге көмектесу, т.т.

Осылардың көбі басшы адамның тікелей күш салуымен, тікелей араласуымен, ал кейде тіпті оның жеке басының абырой-беделімен шешіліп жатады. Бір ғана мысал Институттан Абайтану бөлімін ашуға байланысты Семейден белгілі әдебиетші, Абай мұрасының білгірі Қайым Мұхаметхановты шақырту керек болды. Ол кісінің бірінші қойған шарты – әсіресе пәтер жайы.

Серік Смайылұлы осы мәселемен Алматыдағы билік орындарының ең жоғарғы буынына дейін барып, өзінің жеке беделін салып, ақсақалға өте жедел түрде төрт бөлмелі жайлы пәтер алып берген еді. Осының әр жағында көп мағына жатқаны айтпаса да түсінікті.

Сондай-ақ Алаш арыстарының мұрасын игеру бағытында да дәл осындай көрініс болғанын мен осы Институттың байырғы қызметкері ретінде зор қанағат сезімімен айта аламын. Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек шығармаларын насихаттау жөніндегі ұлан-ғайыр жұмыстардың ұйымдастырушысы ғана емес, соларды тікелей зерттеген орындаушылар қатарында да академиктің өзі жүрді. Алғашқы әдеби кештердегі, осы жылдары біріннен соң бірі үздіксіз келіп тұрған еске алу шараларының аясында өткізілген салтанатты жиындардағы алғашқы сөзді, бас баяндаманы, лекцияларды, газет, журнал мақалаларын көбінесе алдымен Қирабаевтың өзі айтып жүрді.

Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының тарихи еңбектеріне баға бергенде, “қазақтың тұңғыш революцияшыл демократтары” деген тұжырымды айтқан Серік Қирабаев еді. Сондай-ақ, Шәкәрім мен

Мағжанның Абай дәстүрін жалғастырып, ұлттық поэзиямызға қосқан үлесі жайында, Аханның ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салған еңбегі жайында, Міржақып пен Жүсіпбектің роман жанрын дамытудағы еңбектері жайында толымды пікірлер Серағанның аузынан шыққанын да білеміз. Мағжанды қазақтың ұлттық ақыны деп бағалаған да Серік Смайылұлы.

Осындай өз қолымен атқарған ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде С.Қирабаев осы мерзім ішінде Алаш әдебиеті мен жалпы Тәуелсіздік тұсындағы әдебиеттің проблемалары жөнінде үш бірдей іргелі еңбектер ұсынды. Соның алғашқысы “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), одан кейін “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001) және соған жалғаса жарық көрген “Тәуелсіздік рухымен” (2002) атты жинақтарды біз тілектестік көңілден қанағат сезімімен айта аламыз. Бұлардың көбі жаңадан жазылған, ал бірқатары бұрынғы нұсқаларының Тәуелсіздік тұрғысынан қайтадан қаралған еңбектер, қалай болғанда да, олар жұртшылықтың күні бүгінгі рухани қажетіне қызмет етері сөзсіз.

Осы қатарда автордың 1991-1992 жылдары жарық көрген екі томдық жинағын да атап өткен жөн. Бұларды, негізінен, автордың Институтқа келмей тұрғандағы жұмыстарының жалғасы деп бағалауға болады. Бірақ солар түгелдей заманның жаңа лебімен бірсыпыра өзгеріске түсіп, оқырманның бүгінгі тілегіне сай қайта қаралған, өңделген, толықтырылған сипатта. Әсіресе Сәкен Сейфуллин жөніндегі монографиясы жұртшылық тарапынан білдірілген сұранысқа қарай біршама өзгертілген күйде ұсынылады. Ал екінші томы түгелдей дерлік соңғы жылдардағы әдеби процестің көрінісі болып табылады.

Әрине, Тәуелсіздік жағдайында Институт ұжымының алдына қойылатын күрделі міндеттер жоғарыда сөз болған екі шарамен тамамдалмайтын еді. Олардың әр жағында таудай талай жұмыстар тұрған. Бұл жерде солардың ішінен ең басты деген кейбіреулерін ғана атай аламыз. Мәселен, қазақ әдебиетінің тарихын егемендік тұрғысынан түбірімен қайта қарап, жанаша жасау. Ол үшін ұлттық әдебиет тұлғалары мен мұраларының кеңестік идеология өктемдігімен тыйым салынған және бұрмаланған нысандарын қайтадан ғылыми айналымға қосып, халықтың игілігіне айналдыру. Екінші, осындай жолсыздықтарға негіз болған ресми қаулы-қарарларды, тағы басқа құжаттарды бұздырып, күшін жойдыру. Осылардың ішінен біржола жойылып кеткен әдеби ескерткіштерді іздестіріп, халық игілігіне қайтару. Үшінші, осындай алдын-ала жүргізілген дайындық негізінде қазақ әдебиетінің ерте замандардан бүгінге дейінгі тарихын жасау; ол үшін тарихтың дәуірлеу мәселесін қайта қарап, таяу жылдардың ішінде ұлттық әдебиеттің толықтырылған ғылыми жоғары дәрежеде қайта қаралып жазылған көп томдық басылымын әзірлеу. Солардың ең бергі дайындығы ретінде жеке-жеке кезеңдеріне арналған монографиялар жазу және басқа жұмыстар.

Тағы да тоқ етер қорытындысын айтайық. Жаңағы аталған міндеттер өз кезегімен орын-орнына келді де, нәтижесінде қазақ әдебиетінің он томдық

тарихы жазылды. Бәрі де өндіріске өткізіліп, қазір жеті томы жарық көрді. Бұлардың сыртында “Мәдени мұраға” байланысты орындалған және орындалып жатқан жұмыстар өз алдына.

Жоғарыда академик С.Қирабаевтың жоғарғы оқу орындарындағы ұстаздық қызметі жөнінде айтылды. Осы орайда оның пысықтап айтар тағы бір қыры – мектеп шәкірттері мен студенттерге арнап қазақ әдебиеті пәнін жазған оқулықтары өз алдына бір төбе. Ол бұл жұмысқа да ерте араласты. 1952 жылы З.Қабдолов, А.Нұрқатов үшеуі бірігіп, орта мектептің 9-класына арнап оқулық жазды. Бұл құралдың талапқа сай болып сәтті әзірленгендігіне бір дәлел – 16 жыл бойы шамалы өзгерістерімен қайталап басылып отырған. Кейін оқу бағдарламасы бүтіндей өзгеріп, қайта жазуға тура келгенде, оны Қирабаев академик Х.Жұмалиевпен бірлесіп әзірлейді. Біраздан кейін авторлар оны да түбегейлі өзгертуге тиіс болады. Бұл кезде Хажекен қайтыс болып кетеді де, Серік Смайылұлы оны жалғыз өзі өңдеп шығарады. Бірақ бұл кісі бір кездегі ұстазының рухын сыйлағандықтан, оның есімін қосар автор ретінде сақтап қалады. Кейін бұл оқулық та сегіз рет қайталап басылған.

1964 жылы Серік Смайылұлы А.Нұрқатовпен бірлесіп 10-класстың оқулығын дайындайды. Кейін оны қайта өңдеуге тура келгенде, бұларға М.Базарбаев пен Б.Сахариев қосылады. Бұл оқулық та оқытудың жаңа бағдарламасына сәйкес ішінара өзгертулерден кейін 8 рет қайталап басылады.

1989 жылы Р.Бердібаев, Н.Ғабдуллин үшеуі бірігіп әзірлеген 11-класс оқулығы да мектеп бағдарламасына енгізіліп, біраз жыл қолданыста болған.

Жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған күрделі оқу құралын М.Қаратаев пен Т.Нұртазин үшеуі 1989 жылы бірлесіп әзірлеген екен, оқу бағдарламасы мықтап өзгергенше біраз жыл қолданыста болады.

Қирабаев 1953 жылы Жазушылар одағына мүше болып қабылданды. Одан бұрын да Одақтың жұмысына араласып, әртүрлі жиындарда сөз сөйлеп, баяндама жасап, өз адамы саналып қалған жас әдебиетші енді Одақ жұмысына тұрақты түрде белсене араласатын болды. 1954 жылы шақырылған Қазақстан жазушыларының III съезіне делегат болып сайланған ол соңғы съезіне дейін түгелдей қатынасып келеді. Кейін келе ол Одақтың басқарма мүшесі, одан кейін Президиум мүшесі, біраз жыл штаттан тыс Басқарма хатшысы болып істеді. Жазушылардың 1954 жылғы Бүкілодақтық II съезінен бастап 1886 жылғы VIII съезіне дейін, яғни үлкен Одақ таратылғанша, ұдайы делегат болып қатынасты. Біраз уақыт Одақтың жазушылар ұйымының Тексеру комиссиясына, Одақ жанындағы Сын кеңесіне мүше болып сайланғаны бар.

Осы сияқты кең көлемді қоғамдық жұмысты республика Ғылым академиясының аясында да көп жыл бойы атқарып келді. Ол 1957 жылы кандидаттық, 1964 жылы докторлық диссертация қорғады. Оған 1960 жылы доцент, 1966 жылы профессор деген ғылыми атақтар берілді. 1968 жылы КСРО Педагогикалық ғылымдар академиясына мүше-корреспондент, 1994 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясына академик болып сайланды. Ұзақ жылдар бойы

Одақтық ЖАК-тың сараптау комиссиясы құрамына, сондай-ақ республикалық ЖАК-тың сараптау комиссиясына, кейін оның Президиум мүшесі болып сайланды. ҚазМУ мен ҚазПИ-дің қазақ филологиясы мамандығы бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғайтын комиссияларында мүше және төраға болып қызмет істеді. Оның ғылыми жетекшілігімен талай ондаған талапкерлер кандидаттық және докторлық диссертация қорғап шықты.

Ғылым мен әдебиет саласындағы зор еңбектері үшін оған Қазақ КСР-ның және Қырғыз КСР-нің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері деген құрметті атақтар берілген. Абай шығармашылығын зерттеуге байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығына ие болғаны жоғарыда айтылды. Одан бұрын “Жүсіпбек Аймауытов” атты монографиясы үшін оған Республика Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілген. Ол көптеген үкімет ордендері мен медальдарының иегері.

Сөз жоқ, осының барлығы бір адамның басына берілген өте лайықты марапат белгілері, оның адал да білікті еңбегінің нәтижесі. Серік Смайылұлы бұрынғы Одақ көлеміне, қазіргі алыс-жақын көршілес елдердің ғалымдарына кеңінен танымал, өте беделді ғұлама. Қазіргі ұлттық әдебиет зерттеу, әдебиеттану ғылымының бәтегөй ақсақалы.

Оның шығармашылық еңбегі ұшан-теңіз. Активіндегі көлемді монографиялардың өзі қырықтан асып кетеді екен. Әдеби-сын зерттеулері өз алдына, ал мерзімді баспасөз бетіндегі басылымдары талай жүздеп саналады. Бәлкім, бұл мақалада іргелі еңбектерінің өзіне де жеткілікті мөлшерде талдау жасай алмаған шығармыз. Оған жалғыз-ақ себеп – осыншама мол еңбек жайында бір мақалада жан-жақты толық мағлұмат беру тіпті де мүмкін емес еді. Оны арнайы зерттеушілердің үлесіне қалдырдық.

* * *

Академик С.Қирабаев кең өрісті терең теориялық білік иесі ғана емес, хрестоматиялық багажы да өте мол бірегей ғалым. Ол көптеген халық дастандарың, көп-көп ақындардың өлеңдерін жатқа біледі. Оның шығармашылық тәжірибесінде мынадай бір қызықты жағдай болған.

Бірде ол ұзақтау жолсапарда жүргенде, артынан іздеу салған телефон қоңырауы шалынады. Сөйлеп тұрған бір беделді газеттің қызметкері екен. Серағаңмен ертерек тілдесе алмай қалған өкінішін айта келіп, нақты өтінішін де білдіреді. Сөйтсе, Қасым Аманжоловтың мерейтойы жақындап келеді екен, соған Серік Смайылұлының мақаласы жоспарланып қойған екен. Соны бұл кісіге деркезінде ескерте алмай, енді орнын сипап қалған жайлары бар сияқты.

– Не болса да құтқара көріңіз. Таңертең сондағы тілшіміз барып, өз қолыңыздан алсың, – дейді.

Қасым ағасының аруағын сыйлаған бұл кісі қарсылық білдіре алмай, келісімін береді. Сөйтеді де, кештетіп үстел басына отырады. Қолында ақ қағаз бен қаламнан басқа дәнне жоқ. Қасекеннің ең болмаса бір жинағы болсайшы жанында.

Бұл кісі отыра қалып жазады. Ұлы ақынның асыл мұрасын тізбектеп айта бастайды. Ойларына дәлел ретінде көп-көп үзінділер келтіреді. Соның бәрі жатталып қалған зердесінен шыға береді. Сөйтіп, шабытпен жазылған өте сәтті мақала бір түнде дайын болады.

– Осы мақалам Қасекен туралы көп жазғандарымның ішіндегі тәуірі, – деп Сераған қарқ-қарқ күледі.

Осыған ұқсас бір оқиға А.В.Луначарскийдің басында да болыпты деген әңгіме бар.

Бірде Мәскеудің Үлкен театрына Гетенің бір мерейтойына байланысты салтанатты кешке жұрт жиналып жатады. Басталатын уақыт болды. Бірақ баяндамашы жоқ. Кешеттен ауырып қалып, келе алмайтын болыпты. Көп ойланып тұруға мұрша жоқ. Анатолий Васильевич өзі мінбеге шығып, құр қолмен Гете жайында әңгімені бастап кетеді. Жұрт демдерін іштен алып, қыбыр етпей тындайды. Баяндама соңынан ұзақ ду қол шапалақтап, ризашылық сезімдерін білдіреді.

Дәл осыған ұқсас тағы бір әңгімені Ғабит Мүсіреповтің аузынан естігеніміз бар.

Отыз жетінші жыл Жамбылдың бір үлкен тойы болғалы жатыр. Күні ертең салтанатты жиналыс. Бірақ тағы да баяндамашы болмай қалыпты. Алғашқы дайындалған Сәкен Сейфуллин екен. Оны қызылжағалылар апарып жауып қойған.

Мирзоянға жиналған шағын топ осыған дағдарып отыр дейді.

– Е, анау агитпроптың бастығы бар емес пе? Дайындалсын сол, – дейді Ғабен.

– Сіз естімеп пе едіңіз, оны да отырғызып қойды ғой, – дейді Левон Исаевич қарсысында отырған Ораз Исаевқа. Тағы бір-екі адам аталған екен, бәрі де осылай халық жауы болып кетіпті.

– Онда сіз өзіңіз жасаңыз, басқа амал жоқ, – дейді бірінші хатшы.

Сәл ойланып қалған Орекен:

– Жарайды, онда бүгін кешке мені мазаламаңыздар, – дейді де, алдына машинка басатын хатшы әйелді отырғызып қойып, баяндама мәтінін жатқа айтып шығады. Бұл да Жәкен туралы ертелі-кешті айтылған тәуір баяндаманың бірі болса керек.

* * *

Сөз соңында мерейлі той иесіне айтарымыз:

Қадірменді Серік Смайылұлы! Сізге әлі де ұзақ жыл амандық-саулық, бақытты өмір сүріп, сүйген әдебиетіміздің игілігіне жемісті еңбек ете беріңіз! – дейміз.

АКАДЕМИК С.С.ҚИРАБАЕВТЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазақтың қасиетті сөз өнерінің өркен жайып, ілгері басуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан академик Серік Смайылұлы Қирабаевтың қайраткерлік тұлғасын асқақтаса түсетін тағы бір сала бар. Ол – Серағаңның ұстаздық қызметі.

Өзінен кейінгі өренін өркендету жолында әрбір адам педагог десек те, Серік Смайылұлының бұл саладағы еңбегі ұшан-теңіз екенін әрдайым атап айтуға тиіспіз.

Академик Серік Смайылұлы Қирабаевтың ұстаздық жолы туралы сөз қозғағанда біздің кеудемізде ерекше бір мақтаныш сезімін аялап оятатын тағы бір жайт – ол кісінің осы бір ұлағатты қызмет жолының тікелей Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің кешегі тарихымен де, бүгінгі тыныс-тіршілігімен де ажырамас бірлікте өрілгені. Қарап отырсақ, Серағаң алпыс жыл бойы қазақ білімінің қара шаңырағы, еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орны – кешегі ҚазПИ, бүгінгі ұлттық педагогикалық университетпен біте қайнасып жатыр екен.

Сонау соғыстан кейінгі ауыр жылдарды артқа тастап, Алматы келіп, Қазақ педагогика институтының табалдырығын аттаған талапкер жас бұдан кейінгі жылдары институттың студенті, аспиранты, оқытушысы, доценті, профессоры, деканы, кафедра меңгерушісі, проректоры болып қана қойған жоқ, аталмыш оқу орнының өсіп-нығаюына, өркендей түсуіне өзінің өлшеусіз үлесін де қосты. Яғни осынау жылдар еліміздегі іргелі білім ордасына айналған қарт ҚазПИ мен көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, СССР Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серік Смайылұлы Қирабаевтың арасындағы ғажайып бір тұтастықты паш еткен жылдар болды.

Академик С.Қирабаевтың ұстаздық жолға шынайы бет бұруы 1947 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының тіл-әдебиет факультетіне оқуға түсуінен басталды. Рас, ұстаздық атты ұлағатты жолдың бастапқы соқпағына ол бұдан сәл ертерек түскен еді. Сұрапыл соғыс тұсындағы ел басына түскен қиындықтар бұғанасы әлі қата қоймаған балаң жасты ерте есейтті. Ол маман мұғалімдері жоқ алыс ауылдағы жеті жылдық мектепке әрі оқушы, әрі мұғалім болып еңбек жолын бастады. Мектепті бітірген соң колхоздағы бастауыш мектептің меңгерушісі болды.

Осылайша аз уақыт ауыл мектебінде мұғалім болған жас талапкерді өмір соқпағы Абай атындағы білім ордасындағы Қажым Жұмалиев, Ахмеди

Ысқақов, Мәлік Ғабдуллин, Төлөубай Қордабаев сынды белгілі педагогтардың алдына алып келді. Студент С.Қирабаев солардың дәрісін тыңдады, тәлімін бойына сіңірді. Ұлағатты ұстаздарының әрбір өнегесі мен білімді сөзі оның бойындағы білімге деген құштарлықты шындай түсті. Жанындағы өзі тұрғылас Айқын Нұрқатов, Нығмет Ғабдуллин, Иманбек Ұйықбаев, Әнуар Дербісалин, Мұқаш Сәрсекеев, Әйтім Әбдірахманов сияқты талапты да таланты замандастарымен иық түйістіре, ой жарыстыра жүріп білімнің тереңіне бойлады. Сол кезеңдегі тарихи уақыттың теперішін қайыспай көтеріп, өз мақсаттары жолында алға ұмтылған осынау азаматтар бергін келе қазақтың ғылымы мен білімінің қыруар жүгін арқалаған қайраткер тұлғалар санатын құрады десек, солардың қатарында академик С.Қирабаевтың шоқтығы биік тұрғанын байқар едік.

Міне, осындай тағлымды да ұлағаты мол ортада білім ала жүріп, Серік Смайылұлы институттағы түрлі қоғамдық және әдеби-шығармашылық жұмыстарға белсене араласты, алғашқы тырнақалды мақалаларын жазды, республиканың беделді басылымдарында тұңғыш еңбектерін жариялады. Әдеби ортаға есімі белгілі болды.

Институтты тамамдаған соң республиканың қоғамдық өмірінің әр саласында, баспасөзде, ресми орындарда аз уақыт қызмет атқарған, кандидаттық диссертация қорғаған Серағаң 1958 жылы бір кезде өзі оқыған, аспирант болып, ғылымға бет бұрған алтын ұясы – Абай атындағы педагогикалық институтқа оралды. Содан бергі жарты ғасырдан астам уақыт Серағаң аталмыш оқу орнында аса ұлағатты ұстаздық қызмет атқарып келеді.

Баршамызға мәлім, ол жылдардың ауыртпалығы аса мол еді. Жақсы мамандар жазықсыз жалалы болып, итжеккенге айдалып жатқан, жар астынан жау іздеген залым заман еді ол. Міне, осындай жауапкершілігі мен қауіп-қатері тепе-тең қиын кезеңнің бар салмағы Серік Смайылұлы сынды жас мамандарға түсті. Институтқа келген алғашқы күннен бастап оқытушылық қызметке құлшына араласқан ол кафедра, факультет, институт өмірінің әрбір тынысын сезіне жүріп еңбек етті. Өзінің әрбір дәрісінің, әр лекциясының мазмұнын мейлінше байыта оқуға күш салды.

Ғалым ретінде өзі зерттеп жүрген аса күрделі кезең әдебиетінің қыры мен сырын ашуға, ұлттық ой қазынасын шәкірттерінің зердесіне неғұрлым терең ұялатуға ұмтылды. Оның сыртында, оқу процесін жетілдіру, әртүрлі ұйымдастыру жұмыстары да назардан тыс қалмады. Сол тұста филология факультетінің жеке шаңырақ құрып, жұмысының алға басуына ұйтқы болды. Факультет деканы ретінде оқу ісінің орнықты жолға қойылып, мамандар сапасының артуына көп үлес қосты.

Абай атындағы университет қабырғасында қызмет атқарған уақытының отыз жылдан астамында Серағаң осындағы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Кезінде Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезовтер еңбек еткен кафедраның өміріндегі ең бір жемісті жылдар да Серағаңның ұстаздық жолымен тікелей байланысты. Бұл тұста кафедраның

ғылыми-педагогикалық әлеуеті артып, білікті мамандармен толықты. Еліміздегі педагог кадрлар даярлаудың шын мәніндегі орталығына айналды. Республика мектептері үшін білікті мұғалімдер дайындаумен қатар, жалпы еліміздегі оқу ісінің әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі, оқулықтар мен оқу құралдары, әдістемелік әдебиеттер әзірлеу жағынан да кафедра жетекші буынға айналды.

Серік Смайылұлының терең білімі мен ұйымдастырушылық таланты осы тұста мейлінше жарқырап көрінді. Осы жылдары ол Республика Оқу министрлігі жанындағы оқу-әдістемелік кеңестің қазақ әдебиеті секциясын басқарды, еліміздегі Педагогикалық ғылымдар институтының ғылыми кеңесінің мүшесі болды. СССР педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі ретінде еліміздегі жоғары білім жүйесінің өркендеуіне үлес қосты.

Серік Смайылұлы Қирабаевтың педагогтік қызметіндегі жемісті кезеңнің бірі – оның Қазақстан педагогтар қоғамын басқарған жылдар. Жастар арасындағы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен пәрменділігін арттыру бағытында жұмыс істейтін бұл қоғам жұмысының шын мәнінде жолға қойылуына және ұйымдастырушылық істе нақты нәтижелерге жетуіне Серік Смайылұлының сіңірген еңбегі зор болды. Республикадағы таңдаулы педагогтардың озық тәжірибесін насихаттап таратуда, жалпы білім беру мен тәрбиелеу жүйесін, оның оқу-әдістемелік негізін нығайтуда аталмыш қоғамның атқарған қызметі аз болған жоқ.

Академик С.С.Қирабаев бірқатар уақыт Абай атындағы ҚазПИ-дің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарды. Табиғатына біткен мәдениеттілік пен парасаттылық, терең білім мен ұйымдастырушылық қабілет Серағанды бұл істе де тамаша қырынан көрсетті. Республиканың маңдайалды педагогикалық білім ордасындағы оқу процесін жетілдіруге, еліміздің мұғалім кадрлар даярлайтын өзге оқу орындарына қажетті оқу-әдістемелік іс-шараларды орнықтыруға, ұстаздар ұжымының ішкі моральдық-психологиялық ахуалын жақсартуға Серағанның бойындағы осы қасиеттер кең жол ашты.

Жақсы басшының беделін арттыра түсетін мәселелердің бірі күнделікті іс барысындағы өндірістік мәселелерді шешумен қатар қоластындағы ұжым мүшелері арасында қалыпты ахуал қалыптастыру десек, проректор Серік Смайылұлы бұл бағыттағы қызметінде де нағыз педагогқа тән іскерлік пен біліктілік таныта білді.

Міне, осы деректердің қай-қайсысы да СССР Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Смайылұлы Қирабаевтың бүкіл өмірлік жолының ұстаздық қызметпен тамаша өрілгенін аңғартатыны анық. Жас ұрпақтың бойына білім нәрін құйып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызмет атқарып келе жатқан жарты ғасырдан

астам мерзім ішінде ұстаз алдынан мыңдаған шәкірт білім алып, ғалым-ұстаздың лекциясын тыңдап, өмір айдынына жолдама алды.

Академик С.Қирабаевтың алдынан тікелей сабақ алып, оның салмақты ойларын жүрегіне құйып өскен мыңдаған маман мұғалімдер қатарын былай қойғанда, ғалым-ұстаздың қаламынан туған оқулықтары мен оқу құралдарынан тәлім алған ұрпақ өкілдерінің өзі қаншама?! Тіпті Серағанның қаламынан туған оқулықтарды пайдаланбаған, одан білім алмаған бір де бір қазақ баласын таппайсыз десек артық болмас еді.

Бүгінде кең байтақ қазақ жерінің қай атырабына барсаңыз да, ол кісінің дәрісін тыңдаған, тағлымды өнегесін алған, соның арқасында өмірден өз орнын тауып, ұстаз, азамат атанған мыңдаған, он мыңдаған жандарды жолықтырар едіңіз. Олардың қай-қайсысы да ұстаз есімін сол сәтте сізге ерекше құрметпен, мәртебелі мақтанышпен атар еді. Сол шақта бір кезде Серік Қирабаевтың студенті болған жанның көз алдына ардақты ұстазының асықпай басып аудиторияға кіргені, лекциясын байыппен бастағаны, құлаққа анық әрі жағымды естілетін қоңыр үні, лекциясының тақырыбына арқау болған не Спандияр Көбеев, не Сәкен, не Сұлтанмахмұт, не Ғабиден Мұстафин, не болмаса әлемдік әдеби-эстетикалық ой тарландарының бірі жөніндегі ой орамдарын қалай-қалай ағытқаны, әралуан дәуірдегі қазақ ақындарының жырларынан, арғы-бергі әдеби мұралардан үзінділерді табан астында жатқа оқи жөнелетін, алдында отырған әрбір шәкіртінің аты-жөнін, қабілет-қылықтарын жіктеп-жіліктеп жадында сақтайтын айрықша қабілетіне танданған сәттері тізбектеле оралатыны күмәнсіз.

Шәкірт көңілінен берілер тағы бір баға – Серік Қирабаевтың оқыған лекцияларының мазмұн жағынан қашанда терең болатыны әрі бір тақырыпқа оқылған дәрістерінің біріне-бірінің ұқсай бермейтіндігі, яғни олардың әрдайым жаңа деректермен, тың пайымдаулармен байып, молайып, жаңғырып отыратындығы. Бұл, сөз жоқ, білімді ұстаздың қашанда оқу, іздену үстінде жүретіндігін аңғартса керек.

Серік Қирабаевтың алдынан студент ретінде білім алып, оның әсерлі әңгімелерін, мазмұнды лекцияларын тыңдаған, тәлім-тәрбиесін көрген әрбір шәкірті мұндай сырларды, ұстазының мәртебесін арттырар құрмет сөздерін қашанда өлшеусіз ақтарар еді.

Ал бұлардың сыртында тікелей алдынан дәріс алмаса да, ол кісіні өзіне рухани ұстаз тұтатын ізбасар шәкірттер қаншама?!

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұстаздық қызмет атқара жүріп, профессор Серік Қирабаев республикамыздағы жоғары және орта оқу орындарына арналған оқулықтар жазу ісіне белсене араласты. Атап айтқанда, сонау 1952 жылдан бастап ол әртүрлі деңгейдегі оқулықтар жазып, жас ұрпақты ұлттық көркем әдебиет арқылы тәрбиелеуге ұдайы үлес қосып келеді. XX ғасырдың елуінші жылдарының бас кезіндегі идеологиялық аласапыран тұсында жаңа талапқа лайық оқулықтар әзірлеу міндеті Серік

Қирабаев сынды жас ғалымдарға жүктелді. Осынау қиын кезеңде Серік Қирабаев, Айқын Нұрқатов, Зейнолла Қабдоловтар әзірлеп жариялаған орта мектептің тоғызыншы сыныбына арналған әдебиет оқулығы бұдан кейінгі он екі жыл бойы қайталана басылып, ұдайы оқытылып келді. Кейінірек С.Қирабаевтың орта мектептің оныншы сыныбына арнап Айқын Нұрқатовпен бірігіп жазған оқулығы сол кездегі республика оқу министрлігінің бірінші жүлдесіне ие болды.

Кейінірек мектеп бағдарламалары өзгерген тұста Серік Қирабаевтың қаламынан туған әдебиет пәнінің оқулықтары тоғызыншы және оныншы сыныптарға қатар оқытылды. Және де талапшыл ғалым-педагог бұл оқулықтарды толықтырып, өңдеп, жаңғырту бағытында ұзақ жылдар бойы тынымсыз әрі игілікті жұмыстар атқарды. Ал 1976 жылы ол тоғызыншы сыныпқа арналған оқулықтың нұсқасын қайта жасап, республика мектептеріне жаңа үлгіде ұсынды. Араға оншақты жыл салып, 1987 жылы Рахманқұл Бердібаев, Нығмет Ғабдуллиндермен бірігіп жазған жалпы білім беретін орта мектептердің он бірінші сыныбына арналған оқулығы білім министрлігінің бірінші дәрежелі бәйгесін жеңіп алды.

Мұның сыртында С.Қирабаевтың орта мектептің жоғары кластарына арналған “Қазақ совет әдебиеті” деп аталатын факультативтік курс түріндегі оқулығы, Сәкен Сейфуллин шығармашылығына арналған семинарий, бұдан өзге де әдістемелік еңбектері жас жеткіншектердің пән оқулықтарында қамтылған қаламгерлер шығармашылығымен шектеліп қалмай, ұлттық әдебиетіміздің жай-күйінен кең көлемді мағлұмат алуына еркін жол ашып келеді.

Соңғы жылдары тәуелсіз қазақ елінің мектептеріне арналған жаңа үлгідегі төл оқулықтарымызды әзірлеу міндеті бой көтерген тұста да осынау мәртебелі іске ғалым-педагог, академик Серік Қирабаев бел шеше араласып кетті. Ел мүддесін, халқының болашағын бәрінен де жоғары қоятын ол жоғары сыныптың әдебиет пәнінің оқулығын дайындайтын авторлар ұжымына жетекшілік жасады.

Міне, осылайша жарты ғасырдан астам уақыт бойы жеткіншек ұрпақты мәнді оқулықтармен сусындатып, білім нәріне қандырып, қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту ісін жетілдіру бағытында үздіксіз тер төгіп келе жатқан парасатты педагог ғалымның тағлымды ой пайымдаулары оның “Қазақ әдебиеті және мектеп” деп аталатын арнайы зерттеу еңбегінде кең көрініс тапты.

Республика жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар әзірлеуде де академик С.Қирабаевтың еңбегі елүлі. Ұлттық әдебиетіміздің тарихынан жат элементтер іздеу науқанынан кейін, жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму, өркендеу процесіне жаңа көзқарас тұрғысынан талдау жасап, баға беру қажеттігі туған шақта Серік Қирабаев осы дәуір әдебиетінің білгірі Бейсенбай Кенжебаевпен бірігіп “XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті” атты оқу құралын жазды. Басқа да бірқатар оқулықтардың авторы атанды.

Әсіресе ұстаз-ғалымның жоғары мектеп сапында жинақтаған мол тәжірибесі оның 1968 жылы М.Қаратаев, Т.Нұртазиндермен бірігіп жазған “Қазақ совет әдебиеті” атты оқулығында мейлінше айқын көрініс тапты. Оқулық ондаған жылдар бойы университеттердің филология факультеттерінде білікті әдебиетші мамандар даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосты.

Сонымен бірге Серік Қирабаев орта және жоғары мектеп бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын жетілдіру, әдістемелік еңбектер қатарын молайту мәселелерін бір сәтке есінен шығарған емес. Қыруар уақытпен қатар қажымас қайратты қажет ететін осынау істердің қай-қайсысы да педагог ғалымның қайраткерлік тұлғасын, азаматтық ажарын барынша айқындай түсетіні даусыз.

Академик Серік Қирабаевтың сан қырлы ұстаздық еңбегінің жемісті бір саласы – оның қазақ әдебиеттану ғылымының жас күштерін, жаңа буынын тәрбиелеп баулудағы еңбегі. Жоғары оқу орнында ұстаз бола жүріп ол ғылымға талпынған жас талапкер аспиранттар мен ізденушілерге жетекшілік жасап, ақыл-кеңес беруден жалыққан емес. Бүгінге дейін оның ғылыми жетекшілігімен оннан аса докторлық, отыздан аса кандидаттық диссертациялар қорғалды. Бұл сөз жоқ, әдебиеттану ғылымына тың күш, берекелі арна болып қосылды.

Осынау арнаның бастау көзінде Серік Смайылұлы сынды ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздың тұрғанын әрбір шәкірт ерекше ілтипатпен еске алып, мақтан тұтатыны ақиқат. Ал ол кісінің тағлымынан нәр алған шәкірт ғалымдардың өздері де бүгінде ел тағдырына, халық мүддесіне қатысты қастерлі істердің басында жүргенін, түрлі ғылыми және педагогикалық құрылымдарға жетекшілік етіп жүргенін, өздері де ұстаз болып, шәкірт тәрбиелеп, алдындағы ұстазының ұлағатын кейінгі өскелең ұрпаққа ұластырып келе жатыр. Сонысымен де ұстаз-ғалым Серік Қирабаев еңбегінің мәртебесі асқақтай түспек.

Әбіш Кекілбаев

XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТИМІЗ ЖӘНЕ СЫНШЫ, ҒАЛЫМ СЕРІК ҚИРАБАЕВ

Серік Қирабаевты мектептегі кезімізден естіп-біліп өстік. Біз оқыған әдебиет оқулықтарын сегізінші сыныпта Мәлік Ғабдуллин, тоғызыншыда – Айқын Нұрқатов, Зейнолла Қабдолов, Серік Қирабаев, оныншыда – Мүсілім Базарбаев жазғанды. Іштеріндегі ең жасы – Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин ғой деп ойлайтынбыз. Газеттердегі Жамбыл Жабаевпен бірге түскен суретінде тепсе темір үзетіндей өндіріс жигіт еді. Ал қалғандары соғысқа қатыспағандарына қарағанда, қаусаған көриялар шығар деуші едік.

Көп ұзамай, Зейнолла Қабдоловтың “Өмір ұшқынын” оқып, бізден бар болғаны он жастай ғана үлкен екенін білдік. Алайда, өзір көзіміз көре қоймаған

Айқын Нұрқатов пен Серік Қирабаевты біреуінің Мұхтар Әуезов, екіншісі Ғабиден Мұстафин туралы монография жазғанына қарап, білмейтіндері жоқ, ертеден қалған ежекемдей егде кісілер шығар деуден танбадық. Сүйтіп жүріп Алматыға оқуға келдік.

1959 жылы қазіргі Абылай хан даңғылында жаңа ғимарат салынды. Бүгінде филормония. Сонда жазушылардың ІҮ съезі ашылды. Бірденеден күр қалатындай, біз де бардық. Жазушылар дейтін ағайын қашан да футболистер сияқты. Бірін бірі көрсе, аяқтан шалмай тұрмайды. Ғабит Мүсірепов екі сағаттай баяндамасын аяқтай келе, әдеби сынның жайына тоқталды. Бір тістеп алса, пілді етпетінен, зілді шалқасынан түсіретін “у шеке” тілін Серік Қирабаевқа сүнгіте сұғып, қадалып тұрып алды. “Серік Қирабаев қайсы екен?” - деп, шөгеріле тізілген қоспақ нарлардай маңқиып-маңқиып отырған шоң желке үлкендерге қараймыз. Ешқайсысы селт етпейді. Үзілістен кейінгі мәжілісте бір уақытта сыналған сыншыға сөз берілді. Зал сілтідей тына қалды.

Сахна түкпірінен көтеріліп, мінбеге қарай аяндаған сыптия киінген сылыңғыр жігітті қапелімде шешеннің алдына қойылған суды ауыстыруға келе жатқан жас даяршылардың бірі шығар деп едік, үн жарғыға жете бере мүдірместен сөйлеп кетті. Әр сөзін мық шегедей қадап, қақылдай жөнелген ашаң жігіт те бір жабысса тандайы тесілгенше тайсалмай таласатын тілбезердің сойынан екен. Әңгіменің ыңғыршағын айналдырды. “Қатты ағашты жұмсақ құрт құртады” – дегендей, сыпайы сөзбен-ақ атақты ағасының сыбағасын беріп жатыр. Жұртта үн жоқ. “Ей, Қасым адасуға қақың бар ма? Адасу за күн бе екен ақындарға? Адассаң, арашалап қалатұғын Мұхтар, Сәбит, Ғабиттей атың бар ма?” – деген ақын сөзін жақсы білетін біздер қаралай қыпылықтап, зорға отырмыз. Қабыландай Қасым ақынның өзі тайсақтаған осы бір ақиқатты біле тұра, қаймықпай қойған сол қайсар жігіт Серік Қирабаев екен. Сөйтсек, ол да ол кезде отызды енді-енді толтырыпты.

Сол алпысыншы жылдары Қалжан Нұрмақанов дейтін талантты сыншы аяқ астынан дүние салды. Азасында орта бойлы, толықша, аққұба жігіт сөйледі. Ол: “Қарабет ажал біздің ұрпаққа да ауыз сала бастады”, - дегенде, жиналған жұрт теңселіп кетті. Көп ұзамай, әлгі жігіттің өзімен де мәңгі қоштастық. Бұл – Айқын Нұрқатов еді.

Сүйтіп, біздің сырттарынан ақ бас абыз санап жүргендеріміздің бәрі өрімдей жастар екен. Соған қарамастан, олардың аттары жер жаратын. Мәселен, мына отырған Сераған, 1948 жылы алғашқы мақаласын аға газетке жариялатқанда біз мектеп табалдырығын енді аттаған оқушы едік те, ол әлі студент екен. Солай бола тұра кітап баспасында редактор, әдеби журналда бөлім бастығы болыпты. Ал 1951 жылы ҚазПИ-ді бітіре сала, аспирантураға түсіп, аталмыш оқулықты жазуға кірісіп, “Пионер” журналына редактор, аға газеттің алқа мүшесі болып тағайындалыпты. 1953 жылы КСРО Жазушылар Одағына қабылданып, 1954 жылдан 1986 жылға дейін отыз екі жыл қатарынан, бүкілодақтық съездерді жібермей қатысып, республикалық одақтың басқарма,

секретариат, төралқа мүшесі болғаннан танған емес. 1957 жылы кандидаттық, 1964 жылы докторлық диссертация қорғап, 1960 жылы доцент, 1966 жылы профессор және 1968 жылы КСРО Педагогика ғылымдар Академиясының, 1994 жылы Ұлттық ғылым академиясының академигі атанып, ұзақ жылдар бойы жоғары мектепте кафедра меңгерушісі, проректор, Ғылым Академиясында зерттеу институтының директоры қызметін атқарыпты. Көп жылдар бойы бүкілодақтық және республикалық жоғарығы аттестациялау комиссиясында сарапшы және төралқа мүшесі, әлдеңеше кандидаттық, докторлық диссертация кеңестерінің үздіксіз мүшесі ретінде талай ғалым мен зерттеулердің тағдырын шешіпті. Қысқасы, туа сала түкірігі жерге түспепті.

Ал енді соның бәрі республикадағы гуманитарлық мәдениеттің кешендігінен, кадрлардың жетіспестігінен болды дейін десең, жас қаламгер Серік Қирабаев әдебиет аспанына самғай бастаған кезде бүгінгі алтын қазынамызды жасаған Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсрепов, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов сынды алыптар бастап жыл сайын толығып, жасарып отырған таланттар легінің, ал сын мен ғылымда Әлкей Марғұлан, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Мұқаметжан Қаратаев, Бейсенбай Кенжебаев, Темірғали Нұртазин, Мәлік Ғабдуллиндерге ере шыққан әр алуан ұрпақтың айтулы өкілдерінің төрт көздері түгел еді.

Бұндай өңкей самалалар шоғыры арасында жарқырап көзге түсу оңай шаруа емес. Жоғарыда баяндалған өмірбаян бүгінгі мерейгерлердің дарын жағынан табиғатқа өкпелей қоймайтындығын анық байқатқандай. Екінші жағынан ондай мол мүмкіндіктерді рәсуә қылып алмайтындай, еңбексүйгіштік пен ізденімпаздық қажет. Тек сонда ғана ұланғайыр білім мен ұланасыр еңбек жүйелілікке, жемісті нәтижеге жете алса керек. Біздің мерейгеріміз, үлкен өркениет тұрғысынан келгенде бір ғасырдай созылып келе жатқан өтпелі кезеңде өмір сүріп отыр. Сондай ұйқы-тұйқы кезеңде де ол өзінің әлеуметтік алғадай топтағы орынын жоғалтқан жоқ. Бұл оның үздіксіз эволюциялық кернеуді бастан кешіп келе жатқанын көрсетеді. Оның мазмұнына күллі әдебиетіміздің қилы тағдырына жіті үңіліп қана түсіне аламыз. Бұл ретте Серік Қирабаев барша күш-жігерін бір-ақ бағытқа – осы заманғы көп жанрлы кәсіби ұлттық әдебиеттің қалыптасуын зерделеуге жұмсапты. Ондай құбылыс фольклорлық шығармашылық пен авторлық шығармашылықтың ірге ажыратуынан басталары белгілі. Аталмыш үдерістің айрықша көзге түскен тұсы – XIX ғасыр. Ол тұстағы әдебиет жайында академик Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов және А.Нұрқатовпен бірге оқулық жазған С.Қирабаев бүгінгі толық канды жазба әдебиетіміздің шығу төркінін тереңнен қаузаиды. Алайда оның пайда болу, өркен жаю, орнығу, қалыптасу, даму және кемелдену кезеңдерін жапатармағайға салмай, сарымайдан қыл суырғандай, мейлінше саралай сараптауға күш салады.

Әрине, ұлттық жазба мәдениеттің түп төркіні сонау Орхон-Енәсейдің бойларындағы эпитафиялық мәтіндерде жатқаны рас. Ежелгі Күлтегін,

Тоныкөктерден басталған авторлық дәстүр бергі Әбу Нәсір Фараби, Қожахмет Иассауи, Махмуд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Қыдырғали Жалайри, Мырза Қайдар Дулати еңбектерімен жалғасты. Қазақ хандығы тұсына телінетін жекеленген кейінгі жылдары табылып жатқан жазбалар аталмыш үрдістің әр алуан кезеңдер тұсында қайта-қайта жаңғырып, жаңа өрлеу танытып отырғанынан хабар бергендей. Оған ХІХ ғасырда айрықша бой көрсеткен шығыс әдебиеті үлгілерімен үндес кітаби немесе назиралық поэзияны қосыңыз. Алайда бұның бәрі бірімен бірі жалғаспай, әрдайым қайтадан басынан бастауды талап етіп, көп ұзамай тағы тоқтап қалып отырған үзік-үзік эпизодтық нышандар еді. Бұл үрдістің желісі үзілмей, үздіксіз жүйелене түсуі, үдемелі үдеріске айналуы ХІХ ғасырдың екінші жартысына тап келеді. Бастауында Ыбырай, Шоқан, Абай тұрған бұл дәстүр ХІХ-ХХ – ғасырлар тоғысында Сұтанмахмұт, Шәкәрім, Спандияр, Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мағжан, Шәңгерей, Омар Қарашев, Бернияз Күлеевтермен толысады.

Далалық және европалық мәдениет, орыс және қазақ, ішінара шығыс әдебиеттері шарпысуына туындаған бұл үдеріс негізінен ұлттық дүниетаным мен ой-пікір, төл әлеуметтік мүдделер топырағында өрістеді. Бірақ, көп ұзамай мұндай эволюциялық өрістеу көпе-көрінеу революциялық күштеуге ұласты. Қазақтың енді-енді қаз тұрып келе жатқан төл жазба әдеби кеңістігі өзі де саяси волютаризмнің тоқпағына ұшыраған орыс жазба әдебиетінің қосалқы алаңына айналды.

Жиырмасыншы жылдары саясат экономиканы ноқталап, енді-енді қанат жайып келе жатқан “нәптен” бас тартты; тарихты шаруалар көтерілісі мен жұмысшы ереуілдерінің шежіресіне, философияны К.Маркспен келіспейтіндерге қарсы бейбайламға айналдырды. Мәдениетті қарапайымдандыру дегенді желеулеткен қарадүрсіндендіру мен қарабайырландыру қолға алынды.

Оған араларында Б.Пильняк, С.Есенин, А.Эфос, О.Мандельштам, И.Бабель, Ал.Толстой, Эфим Зозуля, М.Пришвин, М.Волошин, Н.Тихонов, М.Зошенко, Е.Полонская, М.Слонимский, В.Каверин, Вс.Иванов, В.Шишков, М.Шагинян, В.Катаевтар бар отыз алты жазушы қарсы шығып, РКП(б) Орталық комитетіне ашық хат жазды.

Ол 1924 жылы 9 майда идеология бөлімінде талқыланды. А.Воронский, А.Луначарский, Н.Осинкий, В.Правдухин жазушылардың абыржуын орынды деп тапты. Бұған белгілі мөлшерде Л.Троцкий де қосылды. Ал Н.Бухарин: “Жазушылар тезис жазбасын, әдеби шығармалар жазсын”, -дей келіп, әдебиетті үйлестіруге үзілді-кесілді келіспеді. “Дворяндардың қандай саяси бюросы Пушкинге нұсқау беріп, өлең жаздырып еді?” -деп әжуалады. “Оқырмандар қандай әр алуан болса, жазушылар да сондай әр алуан”, -деп, стильдік әр алуандық пен шығармашылық бостандықты жақтады.

Алайда, әдеби үдерістерді мемлекеттік үйлестіруді жақтайтындар бәрібір дегеніне жетті. Отызыншы жылдары КСРО Жазушылар Одағы және оның республикалық бөлімшелері құрылды. Мәскеуде не істеліп, не айтылса, қалған

тараптарда да сол істеліп, сол айтылды. Орыстың “күміс ғасыры” өкілдері мен декаденттері “жолбикелер” ретінде қуғындалып еді, қазақ әдебиетіндегі бұрыннан бар азғантай жазба әдебиет өкілдері де “тап жаулары” ретінде мансұқталып, тірілері Ақ Теңізге аластатылды. Алайда, бұндай жаппай сыпыра соғу ұлт аймақтарында іштей қарсылыққа ұшыраспай қалмады. Тапшылдық жеңіске жеткендер көп ұзамай оңбай алданғандарын өздері де аңғара бастады. Олардың шығармаларында асыра сілтеуге наразылық, халық болашағына тағдырына қайғыру қылаң берді. Олар “жаулар жіберген жансыздар” ретінде күстаналанды. Көп сөз бұйдаға салмай, жеңдет қолынан жедел мерт тапқызылды. Әй-шәйге қаратпайтын тоталитаризм асқындады. Ауызға көзге түспейтін қақпақ, қолға көзге көрінбейтін кісен салынды.

“Асқанға тосқан” дейтін тарихи заңдылықты, бөрібір ешкім ешқашан айналып өте алмаған. Қызыл тоталитаризм де шеттен одақтас іздеп, өзіндей озбыр режиммен ауыз жаласты. Бірақ, екі арланның бір апанға сиыспайтыны бөрібір белгілі еді. Енді оған атымен басқа сипаттағы одақтастар іздеуге тура келді. Бұл белгілі бір мөлшердегі идеологиялық ымырашылдықты талап етті. Екінші дүниежүзілік соғыстағы алғашқы жеңістер Кремльді де ұлт пен тарихқа мән беруге мәжбүрледі. Майданға бара жатқандарға батыр ата-бабалар рухының дем беруін тілеп, дуалы ауыздан бата беруге тура келді. Бұл ұлт қаһармандарын қайтадан әспеттеуге түрткі болды. Тапшылдық безбүйректік орынына кейбір гуманистік сарындар қайта тірілді.

Алайда, соғыс өте сала ондай “босаңсу” тежеліп, идеологиялық қыл арқан қайта ширатылды. Сөйтсе де, кешегі майдангерлер екі жүйе арасындағы “темір тор” Уинстон Черчилльдің Фультондағы сөзінен әлдеқайда бұрын құрылғанына көздері жетіп қайтқанды. Фашизмді жеңу ондай идеологиялық көк сауыттың көбесін мықтап сөккенін де өз көкіректерімен сезінеді. Одер мен Эльба кездесуіне керзі етікпен барып қайтқандар тек ағыл-тегіл қан мен тау-тау қирандылар ғана емес, өздеріне таңсық тіршілікті, бейтаныс тұрмысты да өз көздерімен көргенді. Олардың шет-шепірінен тылдағылар да дәм татты. Америка студебекерлері, неміс патефондары, жапон радиоқабылдағыштары, европалық киім-кешектер екі тұрмыс деңгейінің арасындағы ат шаптырым алшақтықты ұғындырып, бұрын тек сырттай қарғап-сілтейтін “жат тұрмысқа” қызығушылықты көзапара күшейтті.

Соғыстан кейінгі “қырғиқабақтық соғыс” идеологиялық штамптарды әлсіретпесе, нығайтқан жоқ. Батыс туралы үйреншікті көзқарасқа сызат түсе бастады. Мойынына қызыл байлаған балақандарды ағаштан ағашқа орғып-қарғыған “кісікіік” Тарзан керуетте жатып кемеңгерлік айтқан Павел Корчагиннен кем баураған жоқ. Содан да болар, В.Аксеновтың бір генерал досы оңаша сырласқанда: “Жолдас Сталиннің біздің буынға “қолға түскен” неміс фильмдерін көрсеткені үлкен қателік болды”,-деп ренжіпті.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін кеңес адамдарына, өзгелерге ғана емес, өздеріне де басқа көзбен қарауға тура келді. Көбіне өздерінің бұған

дейінгі түсініктері балалық, шалалық көрінеді. Өліммен бетпе-бет қалған тұстар, расында да, ашындырарлықтай “ақылға сыймастықтарды” ашып берді. Көпшілікті қуыршақ санап, аттаған сайын алдарқатып бағатын саяси аярлық көңілге талай күмән қашырды. Оны күн көсемнің өзі де сезгендей еді. 1945 жылы 25 июньдегі қабылдауда өзі “мемлекеттік механизмнің тетіктері” санап келген “кәдуілігі” “қарапайым” “жәй” адамдардың денсаулықтарына тост көтерді. Жеңістен кейін оларды жаппай жарылқап тастау үшін тездетіп “жердегі жұмсақ” орнатқысы келді. Ол үшін әркім өзін адам сезініп, өз қамын өзі қамдайтындай қалыпты бейбіт өмір қалыптастырудың орнына қайдағы бір “тауды бұзып, тасты тіліп” “ащы терді тамшылататын” “мәңгінің қиялдарын” алға тосып, жұртшылықты мұрындарынан шаншылғанша жанталастырды.

Бұл шындап келгенде, көптің қамын ойлаудан гөрі көптің көзін алдап, басын айналдыруға көбірек ұқсап тұрды. Оны басқалар түгелі қасындағы басшылар қатты сезіп, іштей ыңғайсызданып жүргендей. Қызыл алаңдағы айтулы жерлеу азасынан кейінгі КОКП төралқасының 1953 жылы 10 наурыздағы ең бірінші мәжілісінде Г.Маленков “жеке басқа табынушылықты” тыйдыру туралы ұсыныс қойып, П.Поспеловқа баспасөзді, Н.Хрущевқа Сталинді еске алатын мақалаларды мұқият қадағалауды тапсырды. Билікке таласқандар өз мақсаттарына жетудің төте жолын әлжуметті жүйкелете бастаған әсіресе озбырлықты мансұқтаудан іздеді. Сол жолда өзара бәсекелесіп, бір-бірін аяқтан шалып бақты.

Екі съезд, әлдеңеше пленумда арнайы сөз етіп, бірнеше жаппай әшкерлеу ұйымдастырылғанымен, тотализмді әлжуметтік індет ретінде түгел мансұқтауға дөттері бармай, бір кісінің ғана сорақылықтары мен қателіктерін көзінен тізіп, үйреншікті “бір қадым ілгері, екі қадым кейін” қағидасынан шырқ айналып шыға алмайтын, шатқаяқ саясат ұстаған басшылық ақыр аяғында өз түбіне өзі жетіп тынды. Түбегейлі реформа жасай алмай, бір қаулыдан соң бір қаулының күшін жойып, ұзын сонар бұлталаққа салып, ғұмырларын бәрібір көп ұзарта алмады. Жергілікті халықтан ерқара басшылар қойылғанымен, шынтуайтқа келгенде, орталықтан жіберілген өкілдер билеген ұлттық аймақтарда ол шешімдердің өздері де орындалмай, әншейін сөзбұйда көбейіп, отарлаушылықтың мұртына балта шаппады. Мәселен, Қазақстанда орын алған көп қателіктерді түзеу тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жүзеге асты.

Алайда, “сталинизмнің” Сталинмен бірге өлгелі айнақатесіз рас еді. Ол шебер пайдаланған “сакралды ритуалдар” сол қалпында сақталынғанымен енді бұрынғы өтімділігінен мүлдем айырылды. Өткендегі соғыстың “жеңімпазының” ореолын жоғарғы бас қолбасшыдан майдан командашысы мен әскери кеңес мүшелеріне, саяси данышпандық ореолды әуелі ұжымдық басшылыққа, сосын партияға, орталық комитетке, оның бірінші немесе бас хатшыларына алып беруден ештеңе өнбеді. Көсемдік бәрібір қайтадан қалпына келмеді. Қайта Кремльдегі жиі-жиі қайталанған астыртын аударма-төңкерме билік магиясын әлсіретіп, көпшіліктің көзін көп нәрсеге жеткізді. Коммунистік идеямен біте

қайнасқан тоталитарлық психологияның кежегені кейін тартқызатын кесірлік сипатын аша түсті.

Таптық өшпенділік пен кешірімсіздік рухында тәрбиеленгендер марқұм тиранды жек көрудің орынына оның сыншыларынан сырт айналды. Әлеуметтік әділет пен иманжүзді билік күткендер күні кеше алдында құрдай жорғалаған “кумирларын” көзі жұмылмай жатып, жерден алып, жерден салған кісәпірліктен ондай шарапат шықпайтынын ұға бастады. Биліктің беделі азайып, бұқараның көңілі суыды. Мұндай әрі-сәрі қоғамда өз-өзінен іштей ірушілік пен жаппай торығушылықтың етек алмай қоймайтындығы түсінікті болды. Тоталитарлық құрсау төрт-бес жылда күркіреп өте шығатын қанды шайқастарға төтеп бере алғанымен, әлдеңеше онжылдықтар бойына созылған бейбіт жарысқа шыдай қоймады. Кеңес қоғамында Сталин өлгенде шындап күйзелгендер табылғанымен, тұтас коммунистік жүйе күйреп түскенде тап ондай қабырғасы қайсушылық байқалып жарытпады. Ресми басшылық оған қайғырудың орынына алдымен өзі масаттанып, жаңа ұрандарды жалаулата бастады. Жеке адамға табыну тұсында әбден шыңына жеткен әкімгерлік озбырлықтың уақытылы және түбегейлі аласталмауы, оның орнына іс пен сөз сәйкеспейтіні жалтармалық пен көз бояуды көбейткен әлеуметтік мимикрияның сүйекке сінуі кеңестік кеңестікте қазіргі реформалардың мимарат өрістеуіне бірден бір себеп болды.

Тоталитаризм, қалай деген күнде де, жоғарының күш салуынан гөрі, төмендегілердің көбірек қаузауының арқасында мансұқталғандай. Оған 1954 жылыдың наурызынан бері ауыздан түспей келе жатқан “жылымық” үдерісі айғақ бола алады. Көсем өлгеннен бір кейін “Знамя” журналында Илья Эренбургтың осы аттас хикаясы жарияланды. Оның басты кейіпкері әуелі өзі оқыған бір шығармадағы агроном жігіттің өз жолдасының әйеліне ғашық болғанына қатты апшып, “моральдық азғындық” деп сынайды. Кейін өзі де тап осындай жағдайға ұшырап, бұның азғындық емес, шынайы махаббат екеніне көзі жетеді. Көшпенің бір бетінде қар еріп, екінші мұз қатып жатқан жылымық көктемде болған бұл оқиға саяси қасаңдықтың, моральдық шектеулердің, аяқ жолды тарылтып баққан рухани ызғарлы қыстың өткенін, көктемнен кейінгі лайсандай ауыспалы кезеңге атымен басқа көзбен қарайтындай есею кезеңі келгенін аңғартады. Жау жағаластағы жаттанды қағидаларды күнделікті жайбарақат тіршілік өз-өзінен бекерлеп, адам мен қоғамды, шын өмір мен шынайы бақытты бағалай білуге үндейді. Сталинизмнің әшкерленуі “кеңес азаматы” ерекше адам дейтін мифті жоққа шығарды. Кеңестік көркем ой енді өз отандастарының да құбыжық емес, қалған адамзаттың өкілдеріндей жұмыр басты, қуыс өзекті пенде екендіктерін дәлелдеуге көбірек күш сала бастады. Сталинизм тұсындағы боямшылдық өнер, тұрпайы социологияға бой алдырған эстетикалық қара дүрсіндік ресми мансұқталды. Бірақ космополитизм мен буржуазиялық эстетикадан сақтану ұраны ондай үдеріске тегеурінді қарқын бітірткізбеді. Коммунистік басшылық, ондай түбегейлі бетбұрысқа мүдделілік

таныта қоймады. Қайта “жылымықтың” конструкторы саналатын Н.Хрущев суреткерлерді қайта-қайта жиып алып, оларды тапшыл және партияшыл эстетика тұрғысынан “қайта қарулануға” шақырумен болды. Онымен де тынбай, Б.Пастернак, В.Дудинцев, А.Солженицин, абстракционизм мен түршілдікке бой алдырыпты дейтін сөзге іліккен ақын, жазушы, суретші, актер, режиссер жастар ескі машықпен тікелей де, жанама да қуғындала бастады. Мұндай күрес суреткер қауым арасындағы кеңестік құрылысқа деген нигилистік және диссиденттік көзқарасты азайтудың орынына, көбейте түсті. Адамдардың тұрмысы мен құлқындағы мұндай өзгерістер кеңестік кеңістікке жаңа стиль мен жаңа бағыт енгізбей қоймады. Астыртын идеологиясыздану, таптаурын машықтардан қашу, тансыққа талпыну күшейе бастады. Ол көркем шығармашылықтағы кейіпкер концепциясына, сюжет драматизміне, болмысты зерделуге көзқарасты айта қаларлық өзгертті. Боямашылдықты өміршілдік шынайылық, идеялық декларацияшылдықты әлеуметтік талдау мен психологизм еңсере түсті. Қарапайым тағдыр мен тұрмыс, үйреншікті тіршілік коллизиялары мен көзсіңісті мінез-құлық шарпылысы басты суреткерлік нысанаға айналды.

Коммунистік идеология қызы бар үйдің ақ таяқты әжесіндей қызғыштай қорып баққан кеңестік өмір салты соғыс тұсында басталған басқармалармен ықпалдастықтың бейбіт қатар өмір сүру тұсында айта қаларлықтай қарқындай түсуіне байланысты түбегейлі өзгермей қалмады. Билікке таластың Кремль кухнясына тән құпияларының бет пердесінің қайта-қайта сыпырылуы саяси паритикуляризмді күшейтіп, экономикалық көз бояушылық саяси көз бояушылыққа ұласып, заңды айналып өтуге құмарлық, әлеуметтік алаяқтық жаппай әдетке айнала түсті. Саяси қасандықтың қарабайыр тұрмыстан жеңілуі танымдық көзқарас пен суреткерлік өнерде де өз көрінісін таппай қоймады. Тұрмыс пен мінез-құлықтағы тоталитарлық таптаурындардың шайылуы көңіл күй мен әлеуметтік құлықтағы тылсым тұсауларды да ағытуға көшті. Бір кезде ешкі көрген текедей қызыл көздене сыналған “стилягалық” үйреншікті жағдайға айналды. Пейішке албасты кіріп кеткендей дүрліктірген джаз ансамбльдері алшаңдап, Кремльдегі съездер сарайының сахнасына шықты. Ресми стеротиптерге күле қарау етек жайды. Алғаш рет алпысыншы жылдары шыққан буынмен бірге бой көрсеткен өз ұстанымын қалыптастырып, өз қырымен танылып, өз пікірін айтуға құмарлық жалпы әлеуметтік дағдыға енді. Адамдар арасындағы қатынастарды иерархиясыздандыру, пікірді жаттандылықтан арылту, стильде әр алуандылыққа ұмтылу ұнамды құбылысқа айналды. Бұның бәрі тоталитаризмді рухани мансұқтап, психологиялық еңсеруді тездетті.

Кеңестік әдебиет пен өнердегі алпысыншы-сексенінші жылдар арасындағы қайта есею үдерістері тоталитарлық жүйенің қауқарсыздануында катализаторлық роль атқарды. Бұл үдеріс алпысыншы жылдардан бастап, қазақ топырағына да етек жайды. Оның өрістеуіне мұнда да саяси орындар емес, шығармашылық күштер мұрындық болды. Окоп шындығын көріп қайтқандар

шығарма нанымдылығын арттыруға үлес қосты. Соғыс тұсындағы ауыр тұрмыс пен жыртық өкпе балалықты бастарынан кешкендер ауыл тақырыбына бой ұрып, ұлттық характер мен халықтық болмыстың еш боямасыз тереңдей көрінуіне себепші болды. Жалаң ұраншылдыққа бой алдырмағандар тақырып бұлдайтын алып-сатарлыққа илікпей, осы заманғы даңғаз дау-далабаның орынына көптен қаламға ілікпей келген тарих тұңғығына бойлайды. Талантты шығармаларда халық болашағына қабырғасы қайысу, адам тағдырын уайымдау сарындары айшықтана түсті. Поэзия ой батылдығы мен сезім шырғалаңдарынан қаймықпауға дөт қылды. Саяси диссиденттік етек жая қоймаса да, ресми биліктің арбауына көнбей, ресми “өтімді” тақырыптарға қызықпай, өз тақырыбы мен өз машығын, етеге суреткерлік ұстанымын қатты кастерлейтін шығармашылық табандылық бой көрсетті. Соның арқасында әдебиетіміз бұрындары жоғарғы орындардың араласуымен жүзеге асатын одақтық танымалдылықпен шектелмей, шығарманың өз өтімділігімен жүзеге асатын әлемдік танымалдыққа қол жеткізе бастады.

Алайда, оның бәрін жаппай жетілу, жаппай кемелдену деп қарастыруға болмайды. Суреткерлік ортада ондай құбылыс ешқашан кезікпеген. Эстетикаға эгалитаризм жүрмейді. Көркем және ғылыми шығармашылықтағы прогресс тек элиталық күш-жігермен ғана жүзеге асқан. Әйтпесе, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдары да қазақ әдебиетінде социалистік реализм канондарын малданған трафареттік шығармалар тасқыны көбеймесе, азайған жоқ. Бұрын да кеңделік көрсете қоймаған графомания шектен шыға асқындады. Талайлар тың көтеруді, екпінді құрылыстарды, өндіріс пен шаруашылықтағы елеулі көрсеткіштерді жалаң дәріптеумен мұрттарын майлады. Ұйқастырылған идеялық даурықпалық дәурендеді. Театр қойылымдары цехтар мен егін қостарындағы “планёркаларға” ұқсап, таза өндірістік мәселелер төңірегінде кеңірдек жыртысты. Дей тұрғанымен, сондай нөпір лайсандарды талғампаздық сүзгісіне салып елеп-екшегенде де, құдайға шүкір, көңіл баурайтын көркем шығармалардан құр алақан емеспіз.

Бұл арада әдеби сынның айырықша маңыз иеленері, айтпаса да, түсінікті. Руханияттағы әлгіндей метаморфозалар алдымен соның бұғанасына салмақ түсіреді. Оның үстіне, отызыншы жылдардан бастап, көркем шығармаларды қарабайырландыру мен тұрпайыландырудың билік тарапынан ресми қолдау тапқаны жоғарыда айтылды. Идеялық басыбайлыққа иек артып, эстетикалық қара дүрсіндікке машықтанып мал табушылық кеңестік өнер кеңістігінде адам айтып тауыса алмайтай шешуші күшке ие болғандығы құпия емес. Әрбір талантты сөйлем, ең алдымен, әдеби ортада тосқауылға кезікті. Енді-енді қанат жая бастаған жанрлық-стильдік әр алуандық пен көркемдік-концептуалдық сонылық пен тосындық ретроградтық күштердің ұйымдасқан тойтарыстарына ұшырасады.

Таланттылар өйтіп ұйымдаса алмады. Сондықтан да әлгіндей “ақтүйе бастардан” көз аспаған кеңестік әдеби қауымда да бағзы аңшылық қауым

кезінде ең алдымен көзге түсетін еті мол, қарасы үлкен аңдар жайрап, мамонттар күрт азайып, олардың орнына оқ шығындап еңбегін қайтпайтын майда-шүйде мақұлықтардың молайып кеткені сияқты “жақсыдан жаман көбейіп”, ортақолдылық пен ашық халтурадан аяқ алып жүре алмастай халге жеттік. Содан ауыздары әбден күйген көрнекті суреткерлердің әр қайсысы өз маңына әлгіндей әуірім күштерден топ жинап, бір-бірінен бақ асыруға тырысты. Сүйтіп, өнердегі әлеуметтік-эстетикалық жіктелістен даңққұмарлық-баққұмарлық жіктелістер әлдеқайда үстем түсті. Мұндай жағдайда шығармашылық үдеріске сарапшы болу иже шаншар жер қалдырмай миналап кеткен қопарылыс алаңын кешіп өткенге барабар аса қауыпты шаруа еді.

Мына отырған Серағаң алпыс жыл бойы сондай жанпида жанрда еңбек етті. Әлгіндей аума-төкпенің бәрін өз көзімен көріп, өз елегінен өткізді. Әлі күнге арылып біте қоймаған әдеби әуре-сарсандардың қақ ортасында тірлік кешіп жатыр. Сондықтан, жоғарыда айтқанымыздай, құдай көкірегіне сөз қондырмаса да, әдебиет төңірегінен айналып шықпай қоятың, талантты таңқы болса да, талабы таудай желөкпелермен ғана емес, дара дарын, саф талант санлақ суреткер дегдарлардың өзімен де жүз шайысып қалған жерлері аз болмаса керек. Бұл жағынан келгенде, оның еңбегі көптің қамы үшін өте керек, ал өз басына аса зиянды улы цехта істегендердің жанкешті бейнетіндей қандай әлеуметтік құрметке де әбден лайық.

Алайда, бүгінгі шығып отырған сексеннің сеңгірінен көз салғанда, әлгіндей элемтапырық сапарда құмақ кезіккенде малтығып қалмай, тақыр жолыққанда тапырақтап кетпей, шаңырақ артқан сары атандай сақ жүріп, сара басқан, өзіне артқан жоралы жүкті жолда қалдырмаған, салихалы сыншы, сарабал сарапшы, сұңғыла ғалым бола алғанын басын ашып айтуымыз шарт.

Ең бастысы, ұзақ уақыт дәуірлеген тоталитаризм жағдайында жүріп те, күні өткен стереотиптердің емес, күні туып келе жатқан сонылықтардың сөзін сөйлейді.

Қырық құбылып жатқан ұйытқыма өзгерістер тұсында қиындықпен қалыптасатын ұлттық құндылықтардың рәсуә болып кетпеуіне бас көздік ете білді. Ұмыт болғандарының көшке оралуына күш салды.

Аға буынның мұрасын мұқият сараптап, әділ бағалауды ыждаһаттап келеді. Жаңалыққа ұмтылған жас буынның кертартпа ниеттердің құрбандығына ұшырап кетпеуіне абай болуға тырысты.

Ұлттық әдеби дамуымызды тыңғылықты зерделеп, осы заманға лайық өркендеуімізді қолдады.

Жаһандану жағдайында жаппай сары уайымға түсуді емес, жаппай өзін-өзі шыңдауды қолға алып, ұлттық дербестігімізді, рухани тұрлаулылығымызды, қай бәскеге де төтеп бере алар жасампаздық қайсарлығымызды асыра түсуді жақтайды.

Дербес мемлекетіміздің, азат халқымыздың тез тыңайып, қапысыз нығаюына өмірде де, өнер мен ғылымда да өзегін үзе еңбектеніп, өз үлесін қосып келеді.

Бұның бәрі айтуға оңай да, істеуге қиын күрделі міндет-мұраттар. Ол жолдағы ынта пәк те, еңбек адал Сондай нар тәуекелден бір танып көрмеген тарлан ғалым, тағлымды ұстаз, абзал азаматқа қанша риза болсақ та, қалай алғасақ та артықтық етпейді.

Көрер жарығыңыз көп, жетер жеңісіңіз зор, татар жемісіңіз тәтті болсын, ардақты аға!

Қуаныш Сұлтанов

ҚАЗАҚСТАН РУХАНИЯТЫ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Зиялы қауым, зерделі ғалым, құлшынған жастар! Әдебиет сыншысы қоғамның да жіті көз сарапшысы екеніне дәл қазір қадірлі Әбіш Кекілбайұлы тереңнен толғап, көңілімізді сендіріп, көзімізді тағы бір жеткізді.

Біздің ұрпақ, замандастарымыз – ұлттық өркениеттің бой түзеп, түрленіп, гүлденіп келе жатқан жаңа кезеңін тек бастан кешірушілер ғана емес, өздері соған белсене араласып, сол рухани игілікті қалыптастырушылар легін құрап, сапалы қатар түзіп келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның ХХ ғасырдың соңында қайта туындап, жаңа өркендеуін бастаған мемлекеттігі біздің ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымыздың негізінде құралатын жаңа өркениет керуенін қалыптастырып келе жатқаны айқындала бастады.

Жаңа мемлекет құру ісі бұдан бұрынғы идеологиялық уағыз бен қалыпты постулаттарының төңкерісінің қайшылығында басталды. Бірақ, саяси төңкеріс қысқа, тіпті бір тәулік, бірнеше сағат көлемінде болғанымен рухани төңкеріс ондай мөлшерге сия алмайтынын тарихтан жақсы білеміз. Өйткені ол санамен, адамдардың дүниетанымымен байланысты.

Академик Серік Қирабаев Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттігін келісті кемел шағында қарсы алған зиялылар тобының көрнекті өкілі. Әдебиетке, мәдениетке, өнерге, қоғамға мейлінше еңбегін сіңіріп, оның жемісін де көре алған, берекелі, маңызды топтың бел мүшесі. Серік Смайылұлы тек әдебиетке ғана емес, әуел бастан қоғамға, қоғам дамуына, қоғамдық қарым-қатынасқа сын көзбен қарап, тиянақты пікір айтуға қабілеті де, білімдарлығы да, әлжуметтік батылдығы да жете алатын адамдар қатарынан. Сондықтан да Сер-Ағанның есімі бел ортасында жүретін дәл осы толқын өткен дәуірдің тәжірибесіне сүйене отырып, өтпелі кезең мен жаңа жағдайдағы қазақ өркениетінің дамуына көзқарасын білдіріп, болжау айтуға мүмкіндіктері болды.

Жаңа Қазақстанмен бірге рухани құбылыстардың жаңа кезеңінің басталуына да тікелей араласып, оның ғылыми негіздемелерін айшықтауға білгірлікпен атсалысқан академик Серік Қирабаев өзінің “Жүсіпбек Аймауытов” (1993),

“Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001) тағы басқа зерттеу еңбектерінде осы процестің басталғанын көрсетеді. Көпшілік қауым әркез Әбдіжәмил Нұрпейісов, Серік Қирабаев, Әбіш Кекілбаев, Зейнолла Қабдолов, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменов, Мұхтар Мағауин, Герольд Бельгер, Дулат Исабеков, Қадыр Мырза Әли, Мырзатай Жолдасбеков, Акселу Сейдімбек, Рымғали Нұрғали, Алдан Смайыл сынды жазушы зерттеушілердің сөздеріне құлақ асып, көңіл қояды. Олар өз шығармаларында біздің ұлттық өркениетіміздің жаңа кезеңінің басталғанына мазмұн беріп, оған өз үндерін қосып жүрген қаламгерлер.

Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі әсіресе алғашқы кезеңде бұрынғы мемлекеттің саяси жүйесімен бірге сол дәуірде жасалған күллі рухани игіліктерімізді де жоққа шығару науқанын бастан кешірдік. Әлі де толық кешіріп болдық деп айта алмаймын. Мағынасыз көбік су бетіне шығып, бұрқылдаған жеңіл әсер басылып, сарабал ой, салиқалы сөз, жүйелі іс көкжиекке көтеріліп, сабамызға түсе бастадық.

Әрине, әдебиет, өнер, мәдениет өз дәуірінің шежіресі, айнасы, келбеті, өрнекшісі болуы заңды да, шынайы құбылыс. Сөйте тұра олардың озық тұлғалары мен тамаша туындылары ешқандай да уақыт немесе қоғам кезеңінің шеңберімен шектелмей руханият әлемінің алтын қазынасының салмағын арттырып жатары да хақ.

Академик Серік Қирабаевтың жарты ғасырдан астам жылдарды қамтитын зерттеушілік, сарапшылық, зерделік еңбегі ғалымның өркениет дамуының сезімтал шебері, шұқанақ көреген зергері, қажымас қайраткері екендігін дәлелдеді. Қай заманда өмір сүрсе де, қандай саясат ықпалында жүрсе де Сер-Ағанның ғалымдығы мен зиялылығы, білімі мен парасаты, сабырлылығы мен талғампаздығы басым болып, ой мен интеллекттің, ішкі мәдениетінің тұңғиықтығын көрсете білді. Даңғазалық пен даурықпалықтан, науқаншылық пен ұраншылдықтан бойын аулақ ұстап, кірпияздығымен өзіндік үнін, сырбаз мінез сенімділігін, әділдікке жүгінер орнықтылығын сақтап, рухани тұлғалылығын биіктетті.

Академик Серік Қирабаевтың ғылыми монографиялары мен зерттеу сын мақалалары – Қазақстан руханияты дамуының әр тарихи кезеңдеріне берілген шынайы сипаттама. Олардың құндылығы – өнер тұрғысынан сарапталуында. Сондай-ақ қоғам дамуының әртүрлі құбылыстарының өркениетке ықпалын көрсетуінде.

Біздің рухани өміріміздің, зиялы ортамыздың көркі Серік Қирабаевтай тұлғалармен абаттанса керек. Секең екі дәуірдің куәсі ғана емес, алдымен сол дәуірлердің рухани әлемінің жасампаздарының бірі. Ой мен парасат, білгірлік пен суреткерлік қоспасын бір уысқа жинақтай алған шебер.

Ғалымның екі дәуірдегі еңбегінің де рухани өміріміздегі орны мен маңызы өте зор. Тәуелсіздікке дейінгі де тәуелсіздік тұсындағы еңбектері де ең алдымен біздің руханият қорының құнды дүниелері.

Еліміздің дамуы, ұлттық руханиятымыздың айшықталуының жаңа кезеңі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылдығымен өткізілген әйгілі “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасымен тікелей байланысты болды. Дәл осы мемлекеттік бағдарлама аясында біздің ұлттық мәдениетіміздің тарихында бұрын-соңды атқарылмаған шаралар жүзеге асырылды. Тұңғыш рет жүздеген жылдар бойы қозғалыссыз жатып, тіпті ұмыт болып кеткен алтын қазыналарымыз ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын, қолжазба қорын қайта тірілтіп, жинақтап жарыққа шығара алдық. Осынау қыруар жұмысқа жүздеген ғалымдар, зерттеушілер қатынасса солардың бас кеңесшісі де, ұйымдастырушысы да осы Сер-Ағаң болғаны да көңілге сенім ұялатады.

ҚҰТТЫҚТАУ

Сәрсенғали Әбдіманапов

Қос академиктер С.Қирабаев пен Ә.Бейсенова мұражай-кітапханасының ашылуының астарында үлкен мән бар, салмағы ауыр, жауапкершілігі зор. Біз осы салтанатты жиынға біраз уақыт дайындалғанбыз. Бүгін ел Президентінің арнайы жарлығымен ордендермен марапатталған атамыз бен апамызды біз осындағы халықтың атынан шын жүректен құттықтаймыз. Әрқашан да жасап, жайнап, жарқырап жүре беріңіздер.

Елбасымыздың ғылым мен мәдениеттің көкжиегін кеңейтіп, жоғары мектептің мәртебесіне сай келетін білімді қайтсек те, көтеріміз деген бастамасын бүгінде әрбір қазақстандық азамат қолдауда.

Бүгінгі таңда университетімізде ұлттық болымысты дамыту жолында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Оны сіз бүгінгі іс-шарадан анық байқай аласыз. С.Қирабаев пен Ә.Бейсенова мұражай-кітапханасының ашылуы сол атқарып жатқан, әлде де болашақта атқарылатын жұмыстардың бар екендігін дәлелдесе керек. Осы кітапхана-мұражай ұлттық қана емес, жалпы еуразия мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде айқындалады деген сенім мол.

Қазіргі кезде университеттің “Отырар” ғылыми орталығында М.Қаратаев, С.Орманов, К.Ақышев, Қ.Мұхаметжанов, Р.Сыздықова, Т.Көкішев сынды ұлт марғасқаларының жеке кітаптар қорлары ашылған. Ал С.Қирабаев пен Ә.Бейсенова мұражай-кітапханасы студенттерге, жас ғалымдар мен ізденушілерге үлкен рухани азық болары сөзсіз.

Ұлттық рух, тәрбие заңмен күштеп орнатылмайды, талғам, түсінік, санамен орналады. Олай болса оқытушы, ең бастысы, өзің тәрбиелеген деп есептейтін азамат, ұлттық тәрбиенің қандай болу қажеттігін нар ісімен насихаттауы қажет. Бұл ретте еліміздің бетке ұстар азаматтар мен зиялы қоғамның өкілдеріне, ақын-жазушыларға үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр.

Бүгінгі қоғамыздағы Ә.Нүрпейісов, О.Сүлейменов, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, С.Жүнісов, Т.Әбдіков, Ф.Оңғарсынова, Қ. Мырзалиев, Т.Молдағалиев, М.Шаханов өзге де қаламгерлеріміздің өзі де бір биік емес пе?

Алғашқы әдебиетке келетін болсақ, М.Қаратаев, С.Қирабаев, А.Нұрқатов, Т.Көкішев, Р.Бердібаев, З.Қабдолов, М.Базарбаев, Ш.Сәтбаева әдебиетіміздің биік екенін өнегелі ұрпаққа жеткізген жоқ па?

С.Қирабаевтың қаламгерлік жолы, ғалымдық қарқыны, азаматтық беделі біздің университетімізге айрықша рухани күш қосатыны сөзсіз.

Жаратылыстану, география отанымыздың оқыту мен қорғанысына аса қажетті сала деп есептелген. Осы сала бойынша ЕҰУ – да мектеп қалыптасып жатқан Ә.Сәрсенованың еңбегі қоғамызға пайдалы, ерекше еңбек деп есептейміз. Ол кісінің кітап қоры да Астана мәдениетін дамытуға көп пайдасын

тигізеді деп ойлаймын. Ақын-жазушының, әдебиетшінің жазғаны білім саласы бойынша қашанда бағалы. Біз өмірлік ғибратты әліппеден бастап бағалы еңбекке дейін ғұмыр бойы танып келеміз..

Абай, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтар сынды алыптардың туындылары – біздің ғұмырлық темірқазығымыз.

Акселжу Сейдімбек

Қадірлі әлеумет!

Қадірлі ағайын!

Біздің қай-қайсымыз да куә болған, қай-қайсымыз да жадырағандай сезім күйіне бөлген сәттеріміз бар.

Сондай сәттер де, әсіресе, ерекше дарынды адамдармен немесе әйгілі тұлғалармен ұшырасқанда бастан кешетінімізде рас. Қас қағым сәтте ой-сананды шарпып өтетін ондай сезімді жорып түсіндірудің өзі оңай шаруа емес, кереметі сонда – дарынды, әйгілі біртуар адамдарды көргенде бір сәт пенделік күштіліктен арылып, оның орнына жан дүниенді ерен еңбек, асыл өнер, адал достық, айнымас махаббат, парасат пен кісілік, ел мен жердің киі, мәңгілік ғұмыр тіршілік дегендей, асқақ сезімдердің баурап алатыны бар. Мұндайда әйгілі тұлғаның не тыңдырғаның, қандай қабілет қарымының иесі екенін зерделеп жатуға мұршаң болмайды, алайда асқақ алапат сезім билеп, жан жүрегінді баурап рухынды биіктетіп кететіні аян.

Серік Қирабаев – қазақтың репрессияға ұшыраған қаламгерлері туралы еңбектер жазып, рухани тарихымыздың ақтандақ беттерін толтыруға елеулі үлес қосқан ғалым. Ол – алғаш рет азат рухпен жазылып жатқан он томдық “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты іргелі еңбекті ұйымдастырушы, оның редакциялық алқасының төрағасы. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея деген тақырыптың арналы бағыттарын ұсынғандардың бірі – Серік Қирабаев. Сондай-ақ бүгінде академиктің қазақ әдебиетін дәуірлеудің ғылыми байсалды жүйесі әдебиет тарихын оқытуда басшылыққа алынып келеді. Мұндай көл-көсір еңбекті тындыру, сөз жоқ, тек нағыз дарындықтың, құрбаншыл патриоттықтың, ел жұртына деген үлкен жүректі махаббаттың арқасында ғана мүмкін болған.

Мырзатай Жолдасбеков

Құрметті қауым!

Қарап отырсам, осы ғылымның ішінде Серағаңнан кейінгі жасы үлкені мен екенмін. Серағаңнан мен 10 жас кішімін. 1955 жылы Серғалиев, Мырзатаев екеуміз Алматыға біз де келдік. Сол кезде Қазақстанның Халық абыройы мен ары бетіне шыққан қаймағы ұлы даланың бәрі тірі еді. Біз сол кезде Алматыда жазушылар Одағының үйінде болатын жиындардың бәріне жиылып келіп жүретінбіз. Сол кісілерді көріп мақтанатынбыз және бір-бірімізге жырдай

қылып айтып келетінбіз. Солардың ізін басып Серағаң да жүретін. Сонда біздер армандағанбыз, қашан біздер оқу бітіріп, осындай ғалым балар ма екенбіз деп. Құдайға шүкір, алла берем десе, береді екен. Сол адамдардан дәріс алып, өзіміз де біраз адамдарға білім бердік.

Расын айтқанда, Сераға, біз сізге қарап бой түзедік, әдебиетші болдық. Елуінші жылдары сіздің еңбегіңізді бағалап, М.Әуезов қазақ әдебиетінің шырақшысы табылды деген болатын.

Адам ата, Хауа ана кісіні жаратқанда, Алла тағаланың періштесі ерлі-зайыптыларды бір жақсы, бір жаман деп қосады екен. Бір күні сол періште қалғып кетіпті. Сонда ол бір жақсы, бір жаман деп екі жақсыны қосып жібереді екен. Сераға сіз, Әлия әпке сіз періштенің қалғып кеткен кезінде қосылғансыздар. Сіздер - көсем көреген адамсыздар.

Біз сіздерге қарап өстік, бой түзедік. Елбасы табыстаған сый, біріңізге 80, біріңізге 75 келді деп беріп отырған жоқ. Үлкен еңбегіңізді бағалап беріп отыр.

Осылай жарқырап ел ішінде жүре беріңіздер!

Төлән Әбдік

Жақсы адамның тойы жалпыға ортақ той. Бәріміз мектептен бастап ЖОО-на дейін Серағаңның оқулықтарын оқыдық. Ол оқулықтар бізді қалыптастырды. Үлкен тұлғаларды құрметтей білу, қастерлей білу үлкен өркениеттің белгісі. Серағаң секілді, Әлия апай секілді адамдарды құрметтей білсек, ол біздің шынымен өскенімізді білдіреді.

Өркениетті, мәдениетті екенімізді білдіреді. Бұл кісінің бойындағы парасат, жақсыны қадірлей білу, сыртқа сөз айтпау қасиетіңіз көп. Осы үшін де студенттері жақсы көреміз.

Барлығы да құтты болсын! Ұзақ ғұмыр жасаңыз!

I СЕКЦИЯ

АКАДЕМИК СЕРІК ҚИРАБАЕВ

ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Шерияздан Елеуенов

БҰЛ СЕКСЕН НЕ ДЕЙДІ?

“Керуен” атты журналды оқыған боларсыз?

Бұл өзі жас басылым. Иесі – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Міне, осы журналдың бастапқы сандарынан бастап, академик Серік Смайылұлы Қирабаевтың естеліктері үзбей жарияланып келеді. Биылғы төртінші нөмірінде ғалым өзінің тиянақты, орнықты сөйлейтін мәнерінде жарты ғасырдан астам тынбай істеп келе жатқан кәсіби мамандығы туралы былай депті:

“Сын деген әдебиеттің абыройсыз жанры ғой. Қай заманда болса да, сыншыны ешкім мақтаған емес. Мақтау былай тұрсын, мойындаған да емес. Өзі туралы жазбаған жазушының бәрі “сын жоқ” деумен келеді” Сақа сыншымыз талай жыл кеудеде шемен боп қатқан пікірін ашық білдіріп отыр. Сол пікіріне қосыла отырып, өз тарапымнан оған мынадай қосымша айтар едім. Сынға шекесін қарайтындар өз шығармалары туралы мақтау сын естіп жүрген жазушылардың арасынан да табылады. Сондай бір қаламгеріміз Мәскеудің әдебиетші ғалымына біздегі сынның үстінен: “қазақта әдеби сын мектебі жоқ”- деп шағыныпты.

Осыған не деуге керек?

Көне заманда екі философ “қозғалыс” проблемасы хақында айтысыпты. Бірі қозғалыс бар десе, екіншісі ондай құбылыс атымен жоқ деп өзеурепті. Сонда қарсыласы орнынан жайлап тұрып, “қозғалыс болмаса, мынау не?” дегендей үнсіз-түнсіз әрлі-берлі жүріпті де қойыпты. Көкауызды сөзбен жеңе алмаған соң.

Сол секілді Секең де “сын жоқ” деп аузын қу шөппен сұртушілерді жеңе алмаған соң тағы да сол сабыр суын сепкен мәнерінде: “Бірақ онымен сын өмірін тоқтатқан жоқ”-деп, қазақ сынының тарихына қысқаша шолу жасайды.

Қазақ топырағында сын жанрының тарихы бір жағы Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов болып, бір жағы ҚазАПП социологтары, екі дай болып айтысқан кездерде-ақ яки ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында-ақ басталып кеткен. Сол сын күні бүгінге дейін жалғасып келе жатса, оны қалай жоқ демексің. Қазақ сынының тоқсан жылға жуық өмір сүруі кімдердің арқасы? Оған жауап дайын. Қазақ сынының жүрегін дамылсыз соқтырып жүрген саусақпен санарлық кәсіби сыншылар. Солардың алдыңғы легінде бүгінгі юбиляріміз Серік Қирабаев ағаларың келе жатқан жоқ па?

Қирабаевпен алғаш жолыққанда бүгінгі Елбасымыз “Сіз бе едіңіз?” депті. Өйткені Серік Қирабаев есімі мұқабасында жазылған “Қазақ әдебиеті” оқулығын мектепте оқыған кезінде Нұрсұлтан Назарбаев та парақтаған.

Енді бүгін шығып жатқан “Қазақ әдебиеті тарихының” 10 томдығын қолыңызға ұстап көріңіз. Титул бетін ашсаңыз әр томында “редакцияның бас алқасы, төраға” деген жазуға көзіңіз түспей қоймайды. Онтондық алқасының төрағасы “академик Серік Қирабаев” делінген.

Сонау ХХ ғасырдың орта белінен бастап ондаған жылдар бойы шығып келе жатқан мектеп балаларына арналған әдебиет оқулықтары мен былтыр-биылдар шығып жатқан онтондықтың арасында қаншама жұмыс істелді? Шамалап көріңіз.

Ия, оқушы өзі шамалар. Бұл жерде шыққан кітаптарының, мақалаларының бәрін санамалауға уақыт тар. Бәрібір ұшы қиырына жете алмайсың.

Уақыт адамның жас туралы ұғымына да өзгеріс енгізеді екен. Абай “қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек” деген өлеңін қырық жасында шығарыпты. Мен түсінбей жүрдім. Бұл қалай? Қырқында кісі қартая ма екен?-деп. Сөйтсем ұлы ақынымыз ғылыми тұрғыдан дұрыс айтыпты. ХІХ ғасырдың басында адамның орта жасы шынында да қырық жас болған. Қазір орта жас-жетпіс десіп жүр. Серік Қирабаев ағаларың, меніңше, сол орта жас ұғымын сексенге апаратындардың қатарынан. “Жасым жетті, енді бастық болмаймын” деп, институттағы бөлім меңгерушілігінен құтылмақ үшін жастарды әлденеше рет орнына тағайындады. Олары біраздан соң жалақысы көп жерге тайып отырады. Жақында тағы бір ізбасарын орнына әкеп қойды. Мен өкшесін басып жүрген інісі ретінде ол кісімен әзілдесе беремін. Серік Қирабаев кешегі Дэн Сяопин бе дерсің. Дэн барлық қызметінен кетсе де, Қытай мемлекетін басқарып отырды ғой. Сол секілді біздің Секең де, бастық болудан ат-тонын ала қашқанымен, бөлімнің, бөлімнің ғана емес, Институттың барлық ғылыми жұмыстарына бас-көз болып жүр. Басшылықтан формальді кеткенімен, тұғырынан түскен жоқ.

Оған факті жеткілікті. Серік Қирабаевты мен қазақ педагогтерінің педагогы дер едім. Жарты ғасыр үзбей Абай атындағы педагогикалық жоғары оқу орнында дәріс оқып келеді. Сансыз мұғалімдерді баулыды. Ол жұмысын әлі тоқтатпаған.

Серік Қирабаев жетекшілік еткен кандидат, ғылым кеңесшісі болған доктор санынан, Құдай біледі, өзі де жаңылып қалған шығар. Ендігі жас буын зерттеушілерге әлі де көмегі тиіп келе жатқаны өтірік емес.

Серік Қирабаев салиқалы ғылыми зерттеуші де, ғылыми жұмыстарды іскер ұйымдастырушы да. Болашақ ғылыми зерттеулерге бағыт-бағдар сілтеу оңай шаруаға жатпайды. Міне, сол жұмысты да күні бүгінге бірге атқарысып келеді. Мен бір ұсыныс енгізіп едім, Абайдың эпистолярлық романы жөнінде. Соған ықылас білдіргенін байқадым. Ондай фактілер көп. Соған қарағанда ғылыми ізденіске күштарлығын еш әлсіретпеген.

Ал енді қорытындыны өзіңіз жасай беріңіз. Секеннің келіп отырған сексені қандай сексен? Мәнің білетінім, жұртты қорқытып-үркітіп келетін селкілдек сексенге тіпті де ұқсамайды. Бұл сексенің Сер-ағаға серік болып тоқсанға, одан әрі жүзге бастайтын батыр жас.

Әбділхамит Нарымбетов

С.ҚИРАБАЕВ – ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ

1941-45-жылдар бүкіл кеңестер Одағының, оның құрамындағы республикалардың, соның ішінде Қазақстанның тарихындағы аса үлкен тарихи кезең болғаны барша қауымға аян. Бұл жылдардағы халық тарихының, рухани өмірінің, әдебиет пен өнерінің өзіндік ерекшелігі де болды. 1941-45 жылдардағы тарихқа, көркем әдебиетке арналып жазылған еңбектер өте көп. Біздің қазақ әдебиетінің 1941-45 жылдардағы кезеңін зерттеп, жазылған ғылыми еңбектер де аз емес.

Басқа ғылымдармен қатар академик С.Қирабаев та сол жылдардағы қазақ әдебиетінің жай-күйін сипаттайтын біраз ғылым еңбектерін жариялады. Атап айтқанда, олардың жарық көрген мезгілі 1971, 1973, 1998 жылдар.

1) М.Қаратаев, Т.Нұртазин, С.Қирабаев Қазақ совет әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1971. – 107 – 132-беттер

2) С.Қирабаев, Қазақ совет әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1973. – 91 – 97-беттер

3) С.Қирабаев, Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 75 – 86-беттер

Алғашқысынан бастап соңғы жариялануларына дейін зерттеуші өз еңбегін қайта қарап, толықтырып, жетілдіріп отырды. Бұл дәуірдегі Қазақ әдебиеті туралы ғалымның соңғы зерттеуін (1998) осы тұстың әдебиеті туралы сапалы, құнды, әдеби жетілген ғылыми еңбек деп тануға болады.

“Соғыс кезіндегі қазақ әдебиеті” атты соңғы зерттеуінде ғалым сол тұстың көркем әдебиетінің ерекшелігін анықтай отырып, идеялық мазмұны терең, көрегендік қуаты мол шығармаларды анықтай түсуге көптең-көп еңбек сіңіргенін атап айту әділдік болмақ.

Зерттеушіміз бұл тұстағы Қазақ поэзиясының майдандағы, тылдағы отандастарының жауды қалайда жеңуге шақырған үгіттік сипаты басым болғанын атап көрсетуі дұрыс. Әсіресе, қазақ поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев шығармаларының бүкіл одақтық аренаға шығып, идеялық мазмұнының тереңдеп, үгіттік күш-қуатының молая түскеніне зерттеуші баса назар аударды (ақынның “Ата жаумен айқастың” “Өлім мен өмір белдесті”, “Ленинградтық өренім”, атты атақты өлеңдері).

Майданда қаһармандық көрсетіп, шапқыншы жауды талқандауға өлшеусіз үлес қосқан қазақ батырларына арналған лирикалық өлеңдермен қатар, бірнеше поэмалардың да соғыс кезіндегі эпикалық туындылардың қатарын толықтыра түскеніне де зерттеуші жеткілікті көңіл бөлді. Қасым Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыз” Қ.Бекхожиннің “Жиырма сегіз” Д.Әбілевтің “Майданбек” М.Хақімжанованың “Мәншүк” Қ.Сатыбалдиннің “Әлия” І.Есенберлиннің “Сұлтан” поэмалары қазақтың эпикалық поэзиясына жаңа тыныс, тың көрік бергені рас. Бұл поэмалардың ішінен шоқтығы биік туынды ретінде Қ.Аманжоловтың “Ақын өлімі туралы аңыз” поэмасын бөліп алып жоғары бағалауы дұрыс. Бұл поэма туралы С.Қирабаевтың пікірі, тұжырымы осы шығарма туралы өңге әдебиетші-ғалымдардың топшылауларымен үндесіп жатыр.

Соғыс жылдарындағы қазақ прозасы үлкен бір сала. Зерттеуші сол кезеңдегі М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Б.Бұлқышевтің, Ғ.Мұстафиннің прозалық шығармаларын ғылыми тұрғыдан талдай отырып, олардың қазақ прозасын жаңа биікке көтерген құнды-құнды сипаттарын ашып берді.

Зерттеуші С.Қирабаев көрерменді патриоттық, отаншылдық идеяға баулыған драматургияның қадір-қасиетін де назарда ұстады. М.Әуезовтің “Сын сағатта” М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің “Қынаптан қылыш”, М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің “Намыс гвардиясы”, Ә.Тәжібаев пен Ш.Хұсайыновтың “Мәншүк”, С.Мұқановтың “Жеңіс жыры” “Гвардия алға” Ә.Әбішевтің “Қырағылық” пьесаларын ғалымның дәуір талабына жауап берген туындылар деп бағалауы дұрыс.

Академик С.Қирабаев атап көрсеткендей, соғыс кезіндегі әдебиет сыны мен әдебиет тарихын зерттеудің біраз баяулап қалғаны рас. Өйткені, “Қазақ әдебиеті” газеті мен “Әдебиет және искусство” журналы жабылып қалды, “Лениншіл жас” газеті де шықпады. Төрт жылдың ішінде екі-ақ кітап ғана жарық көрді: С.Мұқанов “ХІІ – ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер” (1942), А.С.Орлов “Қазақтың батырлық эпосы” (1945).

Жоғарыда келтірілген әдеби деректерге сүйеніп отырып, зерттеушінің 1941-1945 жылдардағы қазақ әдебиеті жөнінде “Сөйтіп, соғыс кезіндегі қазақ әдебиеті, негізінен, дәуір талабына қызмет ету міндетін атқарды. Осы салада өз тәжірибесін жаңа ізденістермен толықтырып, сапалық, азаматтық жағынан шындалып шықты. Дүниежүзілік екінші империалистік соғысқа қатысқан, қатыспаған елдер әдебиеттерімен бірге соғыс философиясын зерттеп, оған өз қатынасын білдірді. Бұл – басқыншылық соғысқа қарсылық, соғыс атаулыға қарғыс айту философиясы еді”[1,86] – деген ғылыми түйінге келуі дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым. – 1998.

ТАЛҒАМЫ БИІК, ОЙЫ ТЕРЕҢ ҒАЛЫМ

“Адамды көзі тірісінде мақтамау керек” – бұл қызғаншақтардың тапқан қағидасы. Шын жүректен мақтау қауіпті емес, жаңсақ қаралау – қатер”. – деген екен француздың ірі ойшылы, афоризм жанрының шебері Люк де Вовенарг.

Ендеше бүгінгі таңда ел ағасы атанып 80 жасқа толып отырған әдебиеттану ғылымы мен сынының өсіп, өркендеуіне айрықша үлесін тигізген Серік Қирабаев туралы жазғандарымыз құрғақ жалаң мадақтау емес, адал жүрегімізбен, шын пейілімізбен мақтанғанымыз. Талмай ізденетін, қажымай еңбек ететін ғалымның мерейтойы кезінде өнегелі өмір жолынан тағылым іздегеніміз. Сөзі салмақты, жаны жайсаң, ойы терең Серік Смайылұлының кірпияз табиғатына да даңғаза мақтау үйлесімсіз.

1951 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтын аяқтаған жалынды жас жігіт әдебиетіміздің өзекті мәселелерін, даулы дүниелерін шешуге жан аямай белсене кіріскен өзінің асқақ ойлы, терең білімді құрбы-құрдастарымен әдебиет майданына араласып кетеді. Бұлар жас та болса өздерін таудай талаптарымен, тағылымды ойларымен, таразы басын тең ұстар сындарымен, қазақ әдебиеті тарихының ойы мен қырларың, асқары мен шыңдарын айқындата білген, ізденімпаздығымен танылған тегеуірінді толқын еді. З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, М.Базарбаев, Н.Ғабдуллин, М.Дүйсенов сияқты қазіргі таңда есімдері тек құрметпен, ілтипатпен аталатын әдебиетіміздің ең білгір, беделді көшбасшыларына айналған, елуінші жылдардың басынан өздерін әдеби қауымға таныта білген жастардың бірі – Серік Смайылұлы.

Институтты бітіргеннен кейін қазақ көркем әдебиет баспасының аға редакторы, “Әдебиет пен искусство” журналының бөлім меңгерушісі, “Пионер” журналының редакторы, “Социалистік Қазақстан” газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі сияқты жұмыстарды атқара жүру ғалымның жастайынан ғылым мен қоғамдық қызмет тізгіндерін тең ұстап, әдебиет әлеміне нық қадаммен батыл бетке алғандығын аңғартады. Пастердің: “Ғылымның ілгерілеуі оқымыстылардың еңбектерімен және олар ашқан жаңалықтардың құндылығымен анықталады” – дегендей Серік Смайылұлының 30 жасында қорғаған кандидаттық, 37 жасында қорғаған докторлық диссертациялары филология көкжиегіндегі, ұлттық әдебиеттанудағы ірі жетістіктер. Бұлар ауырдың үстіндегі, жеңілдің астындағы оңай қолға түсетін дүниелер емес, инемен құдық қазғанға шыдар талмас талаптың, қажымас жігердің, тынымсыз ізденістер мен көзмайын тамыза терең оқудың жемістері. Сөз таныр, сөз ұғар саналы азаматтың, әдебиетті сүйер қауымның құнды байлықтары. Оның ой тереңдігі, әдебиеттің көкейкесті мәселелерін қозғай білетін өткірлігі,

тұшымды тұжырымдар жасайтын түйінділігі студент кезінің өзінде жазылған сын мақалаларынан-ақ аңғарылған еді. 1956 жылы “Ғабиден Мұстафин” атты монографиясы жарық көргенде С.Қирабаев 29 жаста ғана екен. Бұның өзі ғалымның дарындылығы мен еңбекқорлығын байқатпай ма?! Осыдан кейін бірінші кейін бірі дүниеге келіп жатқан зерттеу еңбектері, монографиялары, сын мақалалары әдебиетіміздің өркендеу, өрлеу жолдарына арналған еңбектер болды. Ғалымның 1958 жылғы “Спандияр Көбеев” 1962 жылғы “Сәкен Сейфуллин” сияқты алғашқы қарлығаштарынан бастаған зерттеу-сын кітаптары өз тұсындағы әдебиеттану ғылымы мен сынын жаңа белестерге шығарып, көкжиегін кеңейте түсті.

С.Смайылұлы өзінің сын майданындағы алғашқы қадамынан бастап бүгінгі таңға дейін қазақ әдебиетінің табыстары мен кемшіліктерін жіті қадағалап, әдебиеттану мәселелеріне өз пікірлерін білдіріп келеді. “Өрлеу жолында” (1960), “Октябрь және қазақ әдебиеті” (1968), “Әдебиет және дәуір талабы” (1976), “Революция және әдебиет” (1977), “Қазақ әдебиеті және мектеп” (1979), “Шындық және шығарма” (1981), “Шындық және шеберлік” (1983), “Талапқа құрмет” сияқты еңбектерінде және 1999 жылы шыққан екі томдық шығармалар жинағындағы сын мақалалар мен зерттеулерде әдебиеттің даму сатылары, заңдылықтары, теориясы мен сыны кеңінен сөз болады.

Ғалымның қай мақаласын, зерттеу еңбегін алсаңыз да, қандай мәселе болмасын оған жаңаша көзқараспен қараған, тың пайымдаулар жасауға ұмтылған зерттеуші қаламын байқайсыз. Мысалға 1994 жылы “Абай және қазіргі заман” атты зерттеулер жинағындағы “Абайтанудың кезекті міндеттері туралы” атты мақаласын алайықшы. Ғалым онда абайтанудағы жеткен жетістіктерді мойындай отырып, 150 жылдықтың алдында атқарылар күрделі істердің тұрғандығына назар аударады. Және де атқарылуы тиіс, яғни зерттелуі, қарастырылуы қажет істерді көз алдыңызға айнадай ғып әкеп көрсетіп, қолыңызға ұстатып береді.

Олар қандай дүниелер:

Абай шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттеу;

Абай өмірбаянына қатысты деректерді жинау және толықтыру;

Абайдың айналасы, оның ата-анасы, туған-туыстары туралы деректер;

Абай маңындағы ақындар, жыршылар, өнер сүйгіш және қауым шәкірттері;

- Абай шығармашылығын зерттеудің мазмұны, методологиялық принциптері;

- Абайдың әлеуметтік, саяси көзқарасын зерттеу;

- Абайтану тарихы жайында.

С.Қирабаев өзі бағамдағанындай: “Абайтанудың өзекті мәселелері бұл айтылғандармен шектелмейді. Ол—ұзақ мерзімге бағытталған, әрдайым жаңарып отыратын ғылым”. Ендеше оны ертеңге қалдырмай әр ұрпақ өкілі дамытып отыруы қажет. Ғалымның көтерген басты мәселесі де осында сияқты. Серік

Смайылұлының жоғарыдағы атап көрсеткен міндеттері абайтану ғылымының төңірегіндегі әр зерттеушінің негіз етер дүниелері болуы қажет. Біз осы мақаладағы: “Ақын өскен ортаның сырын ашатын бір сала – Абай маңындағы ақындар, жыршылар, өнер сүйгіш жас қауым, шәкірттері... Осылардың ішінде Шәкәрім мен Көкбайдың орны ерекше. Алайда, коммунистік идеологияның бір жақты үстемдігі кезінде бұл екі ақын да тарихтан тиісті бағасын ала алмады. Ендігі жерде Көкбайдың шығармаларын жинап бастырып, Шәкәрім екеуінің Абай дәстүріне қатысын жан-жақты ашып зерттеу қажет” – деген ой пікірін басшылыққа алып, Көкбай мұрасын қарастырып, осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды. Көкбай Жанатайұлының алғашқы шығармалар жинағы да жарық көрді.

С.Қирабаевтың “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” атты кітабында соңғы жылдары жазған еңбектері іріктеліп берілген екен. Осы мақалалардың өзінгі ғалымның тақырыптық шеңберінің ауқымды екендігін, сонымен қатар әдебиеттің ең бір өзекті деген мәселелеріне қалам тартатын талғампаздығын айқын аңғаруға болады.

“Ұлт тәуелсіздігі – әдебиет мұраты” - осы кітаптың алғашқы тарауы. Мұнда ғалым ұлттық әдебиетіміздің бұрынғы, соңғы тарихына, қазақтың қаламгерлер мұрасына көз жүгіртеді. Ақтандақ жылдардың шынайы ақиқатын ашуға күш салады. Сыншы-ғалым бірде XIX ғасыр әдебиетінің өкілдері Жанак, Шортанбай, Ақан сері, ұлы Абай мұралары туралы толғаса, енді бірде жүйрік қаламы Ахмет, Мағжан, Сәкен, Бейімбет туралы төгіле жөнеледі. Әдебиеттану мәселелері де, Тайыр, Хамит, Аманжол Шамқенов ерекшеліктері де зерделі ғалымның назарынан тыс қалмайды. Осылардың барлығында да әдеби процесті жаңаша пайымдай білген жан-жақты, терең білімді зерттеуші, сыншының даралық қасиеттері айқындалады.

Екінші тарау – “Ғылым жолы – қия-шың” Онда Қ.Жұмалиев, А.Нұрқатов, Р.Бердібай сынды қазақ әдебиеті сынының, теориясы мен әдебиетінің көшбасшылары туралы зерттеуші толғаныстары, өзіндік көзқарас-пікірлері, ізденістері орын алған. “Абайтану ғылымының бел-белестері” “М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы” “Мәдени мұра және оны оқыту” атты зерттеу еңбектері тақырыптарының өзі-ақ С.Қирабаевтың өзекті дүниелерді дер кезінде көтере білген көрегендігін аңғартады.

“Естелік ескірмейді” атты үшінші тарауда түрлі естеліктер табиғатын, сырын айқындай отырып, олардың қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Мысалға, “Абай туралы естеліктер” атты еңбегі ұлы ақын жөніндегі естелік-әңгімелердің табиғатына, әрқайсысының өзіндік сипаттарына барлау жасаған мақала. Естеліктердегі үндестік те жіті талданған. Сонымен қатар, ғалымның қаламгер жолдастары, әдебиетші сыншы ғалымдар, көркем сөз шеберлері турасындағы естеліктері осы тарауда топтастырылған.

Әдебиеттің келелі мәселелерін қозғаған бұл кітаптың ерекшелігі – әдебиет жайын зерттеушілерге, филолог мамандарға, өнер сүйер қауымға таптырмайтын құрал екендігінде.

Нығмет Ғабдуллин: “Серіктің творчестволық жолына қарасақ, оның әдеби сапарының қатар жарасып келе жатқан үш саласын байқаймыз. Бір саласы – қазіргі әдебиеттің жай-күйі жайындағы, замандас қаламгер творчествосы хақындағы әдеби-сын мақалалары; екінші тармағы – ұлттық әдебиетіміздің даму кезеңдері, өсу жолының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми-зерттеулері; үшінші саласы – әдеби оқулықтар және әдебиетті оқыту проблемасын қарастыратын методикалық еңбектері” – деп айтып кеткеніндей Серік Смайылұлы өзінің ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын халық ағарту мәселелерімен бірге тоғыстыра алған. Ол жетпісінші жылдардан бастап орта мектептер және жоғары оқу орындары үшін оқулықтар, оқу құралдарын жазу ісімен шұғылданады. Еліміздің болашағы болар мектеп оқушыларына қазақ әдебиетінің қыр-сырын ұтымды да тартымды етіп ұғындыруда С.Қирабаевтың алар үлесі зор.

Шын ғалым тек жазған еңбектерімен ғана емес, жастарды ғылыми жұмысқа баулуымен, ұстаздық етуімен де бағаланады. Бұл бағыттағы да Серік Смайылұлы еңбегі елеулі. Ол аспирантура, докторантура арқылы филология саласынан білікті мамандар дайындауға көп күш салуда. Ғалым жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғаған зерттеушілер еліміздің түпкір-түпкірінде түрлі жоғары оқу орындарында, әр түрлі мекемелерінде қызмет етуде. Серік Смайылұлы басқарып отырған диссертациялық кеңесте де әдебиетіміздің өзекті мәселелеріне арналған докторлық, кандидаттық еңбектер қорғалуда.

С.Қирабаевтың өнімді шығармашылық еңбегімен, ғылыми-қоғамдық қызметімен қатар ұстаздық келбетін де сүйсініп бағалаймыз. Сыншы-ғалым Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде қаншама жыл қазақ әдебиетін дәріс оқып, филолог мамандар дайындап келе жатқан білікті ұстаз. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болуы да Серік Смайылұлының даралық, ғалымдық, азаматтық тұлғасының айқындала түсер ерекшелігі.

“Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық”, – дейді Абай. Бұл сөздер білімі толысқан, ғылымды терең меңгерген, арды жоғары бағалайтын біртоға, ұяң мінезді Серік Қирабаевтың өзгелерден оқшау көрінетін азаматтық бейнесіне сәйкес келердей.

Сексеннің сегіріне келген қарымды қаламгер, білікті ұстаз, әдебиетші-ғалым Серік Қирабаевтың туған әдебиеті алдында атқарар шаруасы әлі де көп деп білеміз. Биікке бастар әдебиет мұраты мен қаламы қарымды ғалым арқалар жүк егізқатар өріле тоғысып азамат келбетін асқақтата түсері анық.

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ САРДАРЫ

Біздің қазақта Серік Қирабаевты білмейтін бірде-бір зиялы қауымның болуы мүмкін емес, өйткені ол кісінің алпыс жыл бойы газет-журналдың бетінен әдеби сын және ғылыми мақалалары түскен емес, ал радио мен теледидар және жылда кітап болып тоғытылып шығып жатқан ғылыми еңбегі өз алдына бір төбе. Иә, оның үстіне көп жылдар бойы жоғарғы оқу орындарында сабақ берді, кафедра меңгерді, тіпті оқу бөлімінің проректоры болып Абай атындағы аса көрнекті педагогикалық институтты біраз жыл басқарғаны тағы бар.

Академик С.Қирабаев 1927 жылы 23 наурызда Жезқазған облысының Жаңаарқа ауданына қарасты Атасу ауылында туған. Туған жеріндегі орта мектептен білім алыпты. Ұлы Отан соғысы жылдары ауылда мұғалім жетіспейтіндіктен бастауыш мектептің меңгерушісі болып қызмет атқарады.

1947 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогтық институтына оқуға түсіп, Сталин атындағы стипендия алады. Институт қабырғасында сын мақалалар жазып, Жазушылар одағының әртүрлі әдеби ісіне де араласып, артынша Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында, “Әдебиет және искусство” журналының редакциясында қызмет істейді, аспирантураға түседі. Бұл жылдары сын мақалаларымен көзге түсіп, 1952 жылы СССР Жазушылар одағына мүше болып қабылданыпты.

“Еңбек ет те міндет ет” - дейді ғой данышпан халқымыз, С.Қирабаев жазушы Ғабиден Мұстафиннің көркем шығармаларын зерттеп 1956 жылы қазақ тілінде, келер 1957 жылы орысша бастырып кітап етіп шығарды. Ол Спандияр Көбеевтің шығармасынан ғылыми еңбек жазып, кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеуші С.Көбеевтің Ыбырай Алтынсариннің жолын қуған аса көрнекті педагог екенін көрсетумен бірге, жазушылық еңбегін де бірінші болып жұртшылыққа танытты.

С.Қирабаевтың ғылыми еңбекпен мықтап айналысуы – Қазақтың Абай атындағы педагогтық институтының қазақ әдебиеті кафедрасына ауысуымен байланысты. Ол сабақ бере жүріп, архивтер мен кітапханаларда сарылып отырып, С.Сейфуллиннің шығармасын терең зерттеді. Сәкен жәй ақын емес, зерттеуші халықтың ауыз әдебиетін жинаған, тіпті билер сөзін де жазып алып кезінде жариялаған да, оны кітап етіп бастырған да осы Сәкен болатын. Ол халқымыздың ардақты азаматы, сүйікті ақыны еді, ел күйзелгенде жұрттың сөзін де сөйлеген, жоғын да жоқтаған бір туар жан болатын, бұл жөнінде Серік Қирабаев: “Сәкен есімі қазақ халқының сүйікті ұлдарының қатарынан құрметті орын алады. Бүгін ол туған халқының мақтан тұтар ұлттық батырларының, аты аңызға айналған қаһармандарының бірі болып отыр. Жиырмадан жаңа асқан шағында Сәкен аты ел аузына аңыз болып ілікті”, десе біз өте орынды айтылған сөз деп білеміз.

Біздің бір байқағанмыз, С.Сейфуллиннің жанының тазалығы, қиянатқа көнбей, жалаң қылыштай жарқылдауы дер едік. Ақынның соншама нәзік, соншама қайсарлығын зерттеуші терең сезіне отырып, тамыршыдай дөп басып, шынайы түрде аша білген. Ол 1962 жылы “Сәкен Сейфуллин” атты мазмұнды да, байсалды монографиясын жарыққа шығарса, 1964 жылы осы ақынның творчествосынан докторлық диссертация қорғаған болатын. С.Қирабаев Сәкеннің творчествосын зерттеу арқылы ақын өмір сүрген қазақ әдебиетінің өсу - өркендеу жолдарына талдау жасады. Жетістіктерімен бірге, қандай кем-кетік қалған жағдайын да ашық-айқын сөз етті.

Сыншының жазушы талантын тану, оның шығармасындағы көркемдік ерекшеліктерін ашуда инемен құдық қазғандай еңбегін айтпасқа болмайды. Оның Мұхтар Әуезов жайлы жазған пікіріне көз жүгіртіп көрейікші: “Мұхтар өзінің жазу үлгісімен де, шындықты бейнелеу, типтендіру жолындағы ізденістерімен де қазақ әдебиетінде жаңа жол бастады, жаңа концепция танытты. Оның бүгінгі заман тақырыбына арналған шығармалары болсын, тарихи туындылары болсын, жаңаша көзқарасқа негізделіп, қоғамдық ой-пікірге соны ойлар қосты” - десе, М.Әуезовтің дебиетімізге, дамымай кенже қалған прозамызға айтулы жаңалық әкелгені ақиқат.

Алла аспаннан нұрын төгіп, бес арысымыз ақтала бастаған 1988 жылы Серік Қирабаев М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып сайланды. Осы жылы Шәкәрім Құдайбердиев ақталып, ел-жұрт бір серпіліп қалды. Оның кітабы басылды, одан кейін Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтың баға жетпес асыл мұралары бірінен кейін бірі жарқырап шығып жатты.

Секең 1952 жылдан бері оқулықтың авторы, содан бері қаншама жыл өтті, ол өз оқулығымен де екінші ұстаз болып сабақ беріп келе жатыр...

Енді айтулы ғалымның ХІХ ғасырдың ғажайып зергерлері сөздері де, өздері де ұзақ жасайтын Дулат, Жанак пен Шортанбай жайлы зерттеуі терең мазмұндылығымен, ғылыми ой-тұжырымымен ерекше. Секеңнің бұл еңбегі ертеде өткен ақын-жыраулардың біздің өмірімізден алатын ылайықты орнын көрсетуімен де бағалы, құнды.

Серік Қирабаев жайлы өз тұстастары, аға буын ағалары да жазды, дегенмен академик З.Қабдоловтың бағасы әділдігімен айқындала түскендей: “Заңында шіркін, адам сұлу болуға тиіс қой: тән сұлулығы ғана емес, жан сұлулығын айтам... Ал шын мағынасындағы сұлулық – сырбаздық – мұның өзі қиыннан қиысатын қасиет. Бұл қасиетке уызында жарыған Кеңен кісі ғана, табиғаты таза, санасы сара адам ғана ие болады. Сөзі мен ісі ылғи бір жерден шығатын инабатты, өзгеге оқыс қыжылы, қызғанышы жоқ кең, етек-жеңі мол адам, көлгір емес, мөлдір адам ғана ие болады. Әділін айту керек, өзіміз қатарлылардың ішінде Серік осындай адам”, десе біз де Зекеңнің сөзіне алып қосарымыз жоқ.

Бұл күндері “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының “Қазіргі әдебиет бөлімінің”

дайындауымен 2004 және 2005 жылдар аумағында “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты 3 том кітабы академик Серік Қирабаевтың басқаруымен жарық көрді. Бұл еңбек ең алдымен біздің тәуелсіздік алғанымыздың тәуір нышаны деп білеміз. Өйткені біздің қазақ халқының тарихында дәл осылай әдебиетіміз бұдан бұрын әр қырынан алынып, жан-жақты тұтас зерттелген жоқ. Аталған жұмыстың кіріспесінде С.Қирабаев: “Қазақстанның тәуелсіз егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көп ұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз” – десе, осы үш кітапқа енген материалды зер салып, тұтас тексеріп шықсаңыз, бұл айтылған пікірдің шындығына көзіңіз жетеді, анығына көңіліңіз толады. Әдебиеттің ұзақ мерзімдегі өсу-өркендеу жолы бірде ілгері, бірде бәсеңдеген тұсы осы жұмыста байсалды қарастырылған. Бұл жөнінде жоғарыдағы еңбекте: “Қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын жасау, онда халықтың ғасырлар бойғы көркемдік мұрасын ұлттың азаттығы жолындағы күресімен байланыстыра отырып талдау және сол негізде бүгінгі тәуелсіздігімізге заңды түрде қол жеткізгенімізді дәлелдеу – әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдардың алдында тұрған үлкен міндет. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бұл тұрғыда жұмыс жасалып жатыр. Бұл еңбек соның бір саласы, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тарихы. Бұл зерттеуде аталған дәуір әдебиеті, негізінен үш кезеңге бөліп қарастырылады. Олар 20-30-жылдар (1917-1940), 40-50-жылдар (1941-1955), және 60-80-жылдар (1956-1990) әдебиеті арасын қамтиды” – делінсе, бұл ғылыми пікір, үлкен жауапкершілікпен келелі істі қолға алғанның белгісі деп қараймыз. Өйткені аталған кітаптың кіріспесін жазған академик Серік Қирабаев осы үш томда қандай мәселелер қаралады, әдебиет тарихы қай тұрғыда жазылады деген сұрақтарға салмақты түрде жауап берген.

Шыны керек, біздің әдебиетіміз әр саладан жан-жақты түрде Кеңес өкіметімен бірге дамыды, бұрын болмаған қаншама әдеби жанрлар өмірге келді. Мұның бірден-бір дәлелін “Қазақ әдебиеті” оныншы сыныбына арналған оқулықтан (авторлар С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев) көреміз: “Әдебиетші ғалым А.Байтұрсынов өнер түрлерін “Көрнек өнері” деп атайды да, оны: сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (әдебиет) деп бес түрге бөледің дей келіп, бұл терминдердің басым көпшілігінің қазақша баламасын ойлап тапқан Ахмет Байтұрсынов екендігін айтады. Сонымен бірге, қазіргі әдебиеттануға сіңген кейіптеу, бейнелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу сияқты атаулар да жоғарыда аталған ғалымдікі. Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық түрлерін жіктеген Ахмет Байтұрсынов өлең айшықтары, шумақ, тармақ түрлері, ұйқас түрлері сияқты өлеңтану теориясын жасады. Арнау деген өлең түрін үш түрге бөлген, ол: сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау деп, оларды мысалдар арқылы ашып беретіні жоғарыдағы аталған еңбекте сөз болады.

Әдебиетіміздің тарихы бұдан бұрын да оқтын-оқтын сөз болып, бірнеше еңбектердің жарық көргені белгілі. Олар: “Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі” 1949; “Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі” 1958; “Қазақ әдебиетінің тарихы” (1967) жарық көрді. Осы аталған еңбектер қазірде көнерді, сонымен бірге еліміздің шынайы ұлттық ерекшеліктері ашылмай, ол көп ұлтты кеңес әдебиетінің бір тармағы түрінде ғана көрсетілді. Тек тілінің басқалығы болмаса, ішкі мән-маңызы сол кездің идеологиясының ықпалында жазылды.

Біздің әдебиетіміз басынан қаншама дәуірлерді өткерді, сонау 20-жылдардан бастап, осы мерзімге дейінгі уақытты ескерер болсақ, “тілі басқа, тілегі бір, жүзі басқа, жүрегі бір” деген сияқты ұранмен партияның бағыт-бағдарынан шыққан жоқ. Соның сөзін сөйлеп, сойылын соқты, осы кездерде науқаншылдық бой көтерді, колхоздастыруды, кедей-кембағалды, жоқ-жітік жалшыны, әйел теңдігін жырлау секілді бір жақтылы саясат ұстанды. Одан бергі кезде Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі кез, жеке басқа табыну ісі қолға алынып, жолға қойылды. Адамды ардақтаған, оның жан дүниесіне үңілген шығарма сол мезгілде жат, бөтен саналғаны белгілі. Ол уақытта татымды туынды берген А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев есімдері аталмады. Осы жағдайдан келіп Абай дәстүрі, оның ағартушылық жолы, халықты әділеттілікке үндеуі, бала тәрбиесі сияқты өте зәру істер дұрыс жалғасын тапқан жоқ. 1937 жылы жазушылардың басына қатерлі жағдай туды, бұрын ара-тұра шығып жатқан сын мақалалардың үстіне әшкерелеу науқаны қосылды, бұл жағдай сол кездегі әр түрлі газет-журнал беттерінде ащы да зілді ұранмен көктемгі саңырауқұлақтай қаптап шықты. Енді түрлі себеп-сылтаулармен сүт бетіндегі қазақ қаймақтары бірінен соң бірі тізбектеліп, “Халық жауы” болып қайтпас сапарға кетіп жатты.

Бұл мәселе М.Әуезовке де соқпай өтпепті: “Әуезов өткеннің азғын, жауыздық, әділетсіздік қылықтарын әшкерелеп, бүгінгі күннің сотына тартып, бүгінгі жұртшылықты сол өткеннің оңбағандық қылықтарынан жирендіре жазбайды, әңгіменің барлық жерінде сол ескілікті көксейді, арман етеді, қазақ байларының феодалдық тұрмыс-салты, олардың салтанаты Әуезовке ең бақытты «Ұжмағы” сияқты. Әуезовке кеңес тұрмысындағы жаңалықтың бәрі жат (Соц. Қазақстан, 8.07.1937)” Бұдан әрі жазушыға баспа бетінде тыныштық болмаған, күндеу, сынау, күнде мінеу, жазықсыз қаралау ісі бір сәт те толастамаған. Дәл осы жағдай С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев т.б. ақын-жазушыларды айналып өтпеген. Халқымыздың өнерлі, дарынды, ақын, әнші, жауынгер, жомарт халық екені өткен-кеткен тарихтан белгілі. Осы себепті қазақ жазушылары өзі қатарлы басқа көршілес елдің қаламгерлерінен оқ бойы озық тұрды. Бізде роман да, пьеса да, поэма да, сын да жиырмасыншы жылдардың бас кезінен-ақ дүниеге келді, тіпті романға (Маманов) бәйге жариялауда да біздің байларымыз көрегендік көрсете білді. Осының нәтижесінде әдебиетіміз кезінде бір серпіліп қалды.

Біз сөз етіп отырған “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты кітаптың бір өзгешелігі – жазушылардың шығармасымен қоса, өмірбаяндық деректерінің дұрыс та нақты берілуі, бұл жағдай тарих үшін де, болашақ ұрпақ үшін де аса маңызды мәселе. Осы орайда С.Қирабаев жазған Ж.Аймауытовтың тарауына көз жүгіртсек: “Жүсіпбектің туып-өскен ортасы өнерге жақын болған. Болашақ жазушыға оның әсері де мол болған түрі бар. Ақат ағам екеуіміз де әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Бізден үлкен екі апамыз болды.

Жасынан өлең сөзге құмар Жүсіпбек шығармашылық жолын өлеңнен бастаған. 1917 жылы “Сарыарқа” газетінде оның “Сарыарқаның сәлемі” деген өлеңі шығады. Сол жылы “Алаш” газетінде “Жазушыларға” “Отағасы”, “Ұршық” “Ах-ха-ха-хау” атты өлеңдері жарық көреді. 1918 жылы “Абай” журналында “Көшу” “Ұран” “Әскер марсельезасы” жарияланды” - делінсе, осы тәртіппен үш томға енген барлық ақын-жазушылардың да өмірбаяны кеңінен берілген.

Бұл аталған еңбекте тек кеңестік кезең ғана емес, ара-тұра әдебиеттің тарихы сөз болады: “Ш.Құдайбердіұлының поэзиясынан тамыры ҮШ–ІХ ғасырларда жатқан, одан кейін Ж.Баласағұнның “Құтты білігінде” көрініс тапқан философиялық-дидактикалық пайымдар, Йасауидың “Диуани хикметінде” айқын айшықталған ислам идеялары, А.Иүгінеки, С.Бақырғани, одан кейін сопы Аллаяр, бертінде М.Көпеев, Н.Наушабаев, Ш.Жәңгіров т.б. шығармаларында жалғасқан, орта ғасырларда Орта Азияда күшейген, одан Қазақстанға да кең таралған діни-философиялық сарындар белгі береді” - деп С.Қирабаев әдеби жалғастықтың үзілмей келе жатқанын ғылыми жолмен дәлелдеген.

Тағы бір айта кетуге тұрарлық мәселе – халық поэзиясының да талданып, жан-жақты түсіндірілуі. Аталған еңбекке Жамбыл, Нұрпейіс, Исалардың жеке-жеке тарау болып енгені құптарлық іс: “Қазақтың халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаевтың есімі бүгінде дүние жүзіне мәлім. Ғасыр жасап, екі заманның бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін, биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті, дәстүрлі қазақ жырын жаңа дәуірдің талап-тілектеріне орайластыра, жаңарта, жақсарта білді”, - деп (7-том) Жәкеңнің поэзиясының ішкі сапасын, болмысын түйіп айтса, бұл баға Нұрпейіс пен Исаға да қатысты, сонымен бірге ғасырлар бойы қалыптасқан халық поэзиясына берілген ғылыми ұстам деп білеміз.

Жиырмасыншы жылдардың басында-ақ әдебиетімізде біраз ілгерілеу болды, бұл кезде өзіндік үнімен жаңаша жырлап, әдебиетімізге жаңа мазмұн қосқан Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев шығармалары қасақана елеусіз қалды. Осыдан келіп, кеңестік дүниенің бәрі бірдей тұтас мадақталып, әдеби туындыны көркемдігіне қарай бағалау, талғап, талдау болған жоқ. Осындай бір кездегі кеткен келеңсіз жағдайдардың

егемендік алған тәуелсіз кезімізде қайта қаралып, қайта жазылғанын дұрыс деп білеміз.

Осы біз сөз етіп отырған “Қазақ әдебиеті тарихының” екінші томына жазылған кіріспеде аталған бұл томның 41-56-жылдардағы әдебиеттің даму жолдарын қарастыратыны ескертілген. Бұл жылдары соғыс кезіндегі қиян-кескі қиын жағдай, ауыр уақыттағы жауынгерлердің ерлік, азаматтық істері, бір-біріне жасаған өзара іштей көмегі, Отан алдындағы борышы жан-жақты талданған. Әсіресе поэзия саласында Жамбыл, Жұбан, Сырбай, Қасым, Әбу т.б. ақындардың жырлары ел аузында аңызға айналғанын талдап, түсіндіргені орынды демекпіз.

Бұл уақытта проза да басқа жанрлардан кем қалмапты, әсіресе бұрын кеңжелеп қалған романның алдыңғы қатарға шыққаны, онда М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиннің романдары орысша аударылу арқылы шетел тілдеріне тәржімаланып, жан-жақты танымал болғаны ғылыми жолмен түсіндірілген. Бұлардың соңын ала Ә.Нұрпейісов пен Т.Ахтанов туындылары келді. Біздің елімізде романның одақ көлемінде өскені соншалық 1959 жылы М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясы мен С.Мұқановтың “Өмір мектебі” атты романы Лениндік сыйлыққа қатар ұсынылған. Дәл осы жылы Мұханның айтулы сыйлыққа ие болып, Кеңес одағындағы ең үлкен дәрежелі мәртебеге ие болғаны – бұл қазақ әдебиетінің өсіп-өркен жайғанын көрсететінін зерттеушілер шынайы ғылыми жолмен дәлелдеп жазған.

М.Әуезовтың заңғарлығын танытатын тағы бір мәселе – Мәскеудегі Шығыстану институтының директоры Б.Ғапуровтың тапсыруымен 1959 жылы өтетін ХХҮ Халықаралық конгресінің “Алтаистика” атты бір секциясын басқарыпты. Осы маңызды іс-шара 1960 жылдың 9-16 тамызында өткізіліпті. Секция жұмысын Мұханның “Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық туралы” деп аталатын баяндамасымен бастаған. Бұдан әрі Ә.Марғұлан қазақ тарихына жасаған баяндамасымен тамсандырса, І.Кеңесбаев тілден оқыған ғылыми еңбегімен зиялы қауымды риза етіпті.

Әлемнің көрнекті шығыстанушылары сұқбаттасқан осы мәслихатта тағы бір қызық уақиға болыпты: “Кең ақсақал құндыз бөркін дулығадай көтеріп, оқалы қапталын айқара жамылып, қоңыраулы қоңыр дауысын домбыраға қоса, өзінің әндерін шырқап, аяғын “Қобыланды” жырының Тайбурылдың шабысына жалғастырғанда, ондайды бұрын көріп-білмеген шетелдік тыңдаушылар естері кете таң-тамаша болған” (3-том, 829-б), - десе, ақын шеберлігіне қалай сүйсінбессің?! Бұл еліміздегі ауыз әдебиетінің соншама қарыштап өскендігін көрсетсе, сонымен бірге оны орындайтын өнер адамдарының да парасатының биік болғанын танытатынын аталған еңбекте дәлелдепті.

Біздің әдебиетіміздің нағыз қанат жайып өскен кезі елуінші жылдардың соңын ала басталады деп зерттеуші ғалымдар дұрыс көрсеткен, бұл уақытта қазақ әдебиетінің қай жағынан болса да толысып ілгері басқаны байқалады. Дегенмен де билеуші партияның ықпалынан біржолата еркін шыға алған жоқ

еді. Солай болса да, көркемдік шығармашылық алдындағы жауапкершілікті күшейту, оның идеялық дәрежесін арттыру жазушылардың алдында бірінші кезекте тұрды. Олар өздерінің кейіпкерлерінің ішкі сезімін, ақ адал ниетін, адамдардың бір-бірімен нәзік сырға толы қарым-қатынасын барынша терең, барынша нәзік жеткізуге тырысты. Бір сөзбен айтқанда адамды, оның ішкі жан сырын терең ашуға құлшыныстың мол болғаны көрінеді. Бұл турасында аталған еңбекте: “Әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бейнесі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері жаңа заманның жаңа бейнесін жасау ұраны қарқындап тұрғанда да ұмытылған жоқ”

Кенес заманында І.Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясы ерекше көзге түсті. Жазушының бұл шығармалары тарихымыздың сүрлеу-соқпақты кезін көрсете білген туынды дер едік. Бұдан басқа Ш.Мұртазаның “Жұлдыз көпір” “Қыл көпірін” Т.Ахтановтың “Қаһарлы күндер” Ә.Кекілбаевтың “Елең-алаң” “Үркер” Ә.Нұрпейісовтің “Қан мен тер” трилогиясы, М.Мағауиннің “Көк мұнар” “Аласапыран” секілді романдарын атар едік. Аса үлкен бір дәуірді, күрделі кеңестік кезеңнің әдебиетін тұтас қамтып жазу қиын да қызық екені анық. Бұл келелі іске академик С.Қасқабасовтан бастап, Қазақстандағы әдебиетші ғалымдар тегіс қамтылып, олардың бәрі де өз шама-шарқынша атсалысқан. Осы “Кеңестік әдебиет тарихының” өткен-кеткенін, болған-толғаның, кем-кетігін жинастырып, жан-жақты зерттеп, қаншама қиындығына қарамай академик Серік Қирабаев жоғарыда аталған үш томдық ғылыми еңбекке басшылық жасады. Жұмыс жақсы басталып, сәтті аяқталды.

Білікті ғалым тындырымды еңбегінің арқасында ел құрметіне бөленді, оның қазір жыл сайын шығып жатқан мектеп оқулығынан басқа қаншама кітабы жарық көрді десеңізші. Ал атамауға болмайтын 1991 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген қос томдығы, “Талантқа құрмет” “Шындық және шығарма” “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” “Жүсіпбек Аймауытов” “Өрлеу жолында”, “Өнер өрісі” “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет”, “Өмір тағылымы” сияқты қомақты кітаптары өз алдына бір төбе.

Ұзақ жылдар, әдебиет майданында қызмет етіп келе жатқан Серік Қирабаевтың еңбегі жанып, жұлдызы жарқырап, бұл күнде академик, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

Қазір сексен жасқа келіп отыр, құрметті жасыңыз құтты болсын, Сіз еліңіз үшін ұзақ жасаңыз аяулы аға, ұлағатты ұстаз. Алла зор денсаулық берсін.

Қансейіт Әбдешұлы

АКАДЕМИК СЕРІК ҚИРАБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАСЫ

Қазіргі қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиеттану ғылымының тарихына, оның жүріп өткен жолына көркемдік сапа деңгейі тұрғысынан қарағанда бірнеше

айтулы кезеңдерді атап өтуге болар еді. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Алаш арыстары негізін қалаған, осылардың арқасында жаңаша, ұлттық танымдық-көркемдік биігіне көтерілген әдеби-көркем сынымыз, ең бастысы осы арқылы сол кезеңдегі туған әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге деген талпыныс, барлығы да зая кеткен жоқ.

Сол жылдардағы А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Тоғжанов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев бастаған және осы ізденістер арнасын ары қарай сәтті жалғастырып кете алған кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері мен сыншылары да ұлтымызға теңдесіз мол мұра қалдырды. Қазір қолымызда қалған осынау баға жетпес құнды мұра бүгінгі әдебиетін іздейтін, әдебиетін сүйетін жас ұрпаққа да таптырмас рухани азық екендігін айтып жату артық. Демек, қазіргі қазақ көркем сыны мен әдебиеттану ғылымы тақыр жерден басталған жоқ, құнарлы мектептен, телегей теңіз әдебиетіміздің өз қайнарынан қуат алды.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында киелі әдебиетіміздің, ұлттық әдебиеттану ғылымының ұлы көшіне дарынды, тегеурінді топ келіп қосылды. Тоталитарлық жүйенің “жылымық” кезеңінің басталуы ретінде қабылданып жүрген осынау тұста туған әдебиетіміздің, оның тарихының, теориясының, сынының осыған дейін айтуға, жазуға тыйым салынған көптеген өзекті мәселелерін жаңаша көтеруге мүмкіндік туды. Осы сәтті көптен күткен қалам қайраткерлері, әсіресе әдебиет майданына енді қадам басқан жас толқын, жас буын әу дегеннен әдебиетіміздің барлық жанрлары мен салаларында өнімді еңбек етіп, өз аяқ алыстарын, яғни өз қолтаңбасын, өз үнін таныта келді. Осынау топтың бел ортасында жас сыншы, әдебиет зерттеушісі Серік Қирабаевтың зерттеушілік танымы, сыншылық қарымы дара көрінді.

Сол жылдары әдеби ортада оның есімі қалың қазақ оқырманына ерте танылды. Жас сыншының тағы бір артықшылығы – әдебиеттану ғылымына да бірден белсене араласты. Өз замандастарының алды болып кандидаттық диссертациясын қорғады. 1964 жылы өз буынының көшін бастап, алғашқылардың бірі болып филология ғылымдары саласында докторлық диссертациясын қорғады. Профессорлық ғылыми дәрежесін иеленді. Осының барлығы жас ғалымның қаламгерлік ізденістері мен ғылыми-зерттеу саласындағы тынымсыз еңбегінің сәтті жалғасын тапқандығын, осы екеуінің іштей сәтті сабақтасқандығын бірден аңғартты. Әдебиет сынына да белсене араласып, сол тұстағы шығармашылық үдерістің өзекті мәселелерін өткір көтерген мақалалары да оның сыншылық қарымын танытты. Үнемі қаламы құрғамай, әдебиеттануымыздың ең бір іргелі тақырыптарына үзбей ат басын тіреп отырған қажырлы әдебиетшінің осынау алғашқы аяқ алысы, өз мақсаты жолындағы бағыт-бағдарын бірден анықтап алуы, осының барлығы ұзаққа шабатын, өндіріп еңбек ететін қалам иесінің келгенін, оның ешкімді қайталамайтын тұлғасы мен мінезін оқырман қауым бірден аңғарды.

Әдебиетші ғалымның 50-60-шы жылдарда жарық көрген Ғ.Мұстафин, С.Көбеев, С.Сейфуллин шығармашылығына арналған алғашқы еңбектерінің

өзі-ақ қазақ әдебиеттану ғылымына жаңа сападағы, орнықты, салмақты зерттеулердің келгенін көрсетті. Ғалымның “Сәкен Сейфуллин” атты монографиясы қазақ әдебиеттану ғылымынан өз орнын ойып алған құнарлы еңбектердің алғашқыларының бірі болды десек, қателеспейміз. Осынау еңбегі арқылы зерттеуші-ғалым өзіндік қолтаңбасын, көркемдік танымын, ең бастысы көтеріп отырған мәселесін тереңнен қазып, кең қамтып айта білетін, соны көркем тілмен кестелеп, қағазға түсіре білетін, тілдік құнары мен стилі бөлек, дара болмысты әдебиеттанушының келгенін қалың оқырманға анық аңғартты. С.Көбеев, С.Сейфуллин сынды әдебиет классиктерінің тұтас шығармашылығын барлық қырынан орнықты зерттеп шыққан автордың аталған екі еңбегі де мамандар тарапынан жоғары баға алды. Ең бастысы, әдебиетіміздің тарихында тұңғыш рет тұлғалы қаламгерлеріміздің тұтас шығармашылығы жаңаша көзқарас тұрғысынан бағаланып, рухани игілігіміз ретінде әдебиетімізге қайта оралды.

Осы тұстан беріде көрнекті әдебиет сыншысының, қабырғалы ғалым-зерттеушінің тұтас шығармашылығы мен жемісті зерттеу еңбектерінің үздіксіз жалғасқандығын анық аңғартатын сандаған монографиялар мен әдеби-сын жинақтары, оқулықтар мен оқу құралдары, естелік және эссе, көсемсөз кітаптары жарыққа шықты. Осылардың ішінде, санамалап айтсақ: “Ғабиден Мұстафин. Сын-библиографиялық очерк” (1956), “Спандияр Көбеев” (1960), “Өрлеу жолында. Әдеби-сын мақалалар” (1960), “Сәкен Сейфуллин” (1962, 1966), “Октябрь және қазақ әдебиеті” (1968), “Өнер өрісі” (1971), “Әдебиет және дәуір талабы” (1976), “Революция және әдебиет” (1977, екі томдық), “Қазақ әдебиеті және мектеп” (1979), “Шындық және шығарма” (1981), “Шындық пен шеберлік” (1983), “Талантқа құрмет” (1988), “Таңдамалы шығармалар” (1991-1992, екі томдық), “Жүсіпбек Аймауытов. Өмірі мен шығармашылығы” (1993), “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), “Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті. Зерттеу” (1998), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Тәуелсіздік рухымен. Зерттеулер, мақалалар, естеліктер” (2002), “Өмір тағылымдары. Естеліктер.” (2006) т.б. еңбектері туған әдебиетіміздің сыны мен тарихын, көрнекті қаламгерлердің шығармашылық мұрасын кең қамтып, барлық қырынан тереңдеп зерттеген іргелі, айшықты дүниелер.

Әсіресе, әр жылдар бедерінде таңдамалы, іріктелген жинақтар түрінде жарық көрген ғалым еңбектерін – туған әдебиетіміздің сан ғасырлық тарихын, ірі-ірі қалам қайраткерлерінің, классиктеріміздің және өзімен тұстас, үзеңгілес тағдыр кешкен қаламгерлердің шығармашылығын тұтастай қарастыратын, сонымен бірге әрбір қаламгердің өзіндік қолтаңбасын, суреткерлік бітім-болмысын, жазу стилін, тілдік ізденістерін нақты мәтіндік талдаулар арқылы сөз ететін көп қатпарлы, құнды еңбектер деп түйіндеуге болады.

Ал енді белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, профессорлар М.Қаратаев, Т.Нұртазинмен бірігіп жазған аса құнды еңбегі – “Қазақ совет әдебиеті” (алғашқы нұсқасы – 1968, өңделіп, толықтырылып басылуы – 1971, соңғы

жарияланым - 1987) атты оқулығы өз кезеңінде еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарындағы филология факультеттерінде оқып жатқан студент жастарға арналған бірден-бір негізгі оқулық болғандығын ұмытпауымыз қажет. Осының алдында А.Нұрқатов, М.Базарбаев, Б.Сахариевпен бірге және бөлек академик Қ.Жұмалиевпен авторлықта жазған жоғары сынып оқушыларына арналған “Қазақ әдебиеті” атты оқулығы да (1952-62, 1963-67, 1976-95, 1997-98 жж.) бірнеше буын қазақ жастарының рухани игілігіне жараған, орта мектепке арналған, бірнеше қайтара басылған құнды еңбек болғандығын баса айтуға тиіспіз.

Бұл оқулықтардың көптеген теориялық, танымдық қағидалары, әрине, сол замандағы үстем болған социалистік реализм методологиясы тұрғысынан жазылғанымен де, осынау оқулықтар ішінде жекелеген қаламгерлеріміз туралы, олардың айтулы туындылары жайында түйінделген танымдық-тағылымдық мәні аса терең толғамдар мен талдаулар бүгінгі күні де құнын жойған жоқ. Әдеби-эстетикалық таным тереңдігі, әдеби мәтіндерді талдап, таразылау барысындағы талғампаздық, оқушы қабылдауын жіті ескеріп отыратын жатық тіл мен орнықты стиль, барлығы осынау еңбектердің басты сапалық белгілері болатын.

Аталған оқулықтарда С.Қирабаев қаламына тән нақтылық, ішкі тұтастық, мазмұндық айқындық және құнарлы тілдің айшықталып алдыңғы қатарға шығуы, ой-пікірлердің, талдаулардың жинақылығы алдымен аңғарылады. Әдебиетші-ғалымның көркемдік танымы тарихи-салыстырмалы арнада көркем шығармалардың ең басты сапалық қасиеттерін түйіп айтуға жол ашып отыратындығын байқаймыз. Сондықтан да автор қолтаңбасына тән басты ерекшелік: ең алдымен оқушы, студент таным деңгейін ескеріп отыратындықтан осынау оқулықтардың құрылымы, тақырыптық жіктеулері, шығармашылық сараптаулары әдістемелік тұрғыдан діттеген жерден шығып, тарих, педагогика, методика ғылымдарының да озық талаптарымен сабақтасып жатты. Бір сөзбен айтқанда, осынау еңбектердің шын мәнінде жас ұрпаққа туған әдебиетімізді оқытып үйретудегі орны мен маңызы аса бағалы болғандығын астын сыза айту абзал.

Тәуелсіздігіміз оралып, қазақ елі өз мемлекеттігінің туын қайтара көтерген жылдары академик Серік Қирабаев Алаш арыстарының мол мұрасын, әдебиет тарихындағы ақтаңдақтарды зерттеуге бел шешіп, белсене кірісті. Туған әдебиетіміздің жаңа кезеңіндегі жаңа зерттеулерінің іргесін қалады, әдебиетші ғалымдардың осы арнадағы ізденістерінің көшін бастады. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры ретінде өз ұжымын, қала берді күллі әдебиет зерттеушілерін, жас талапкерлерді ғылымның іргелі тақырыптарына алып келді. Ұмыт болған үлкен тұлғаларымыздың дер кезінде руханиятымыздан өз орнын алуына күш салды, қажыр-қайрат танытты. Мысалы, осы тұста жарық көрген өзінің «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» атты іргелі еңбегінде көркем әдебиет саласындағы бүгінгі мақсат-

мұраттарымыз жайында төмендегідей бағдарлық мәні зор ой-толғамдарын ұсынды: “Біздің бүгінгі идеологиямыздың негізі енді ғана тәуелсіз жолға шығып, мемлекеттік дербестік алған халқымыздың мүддесі жолында топтасу, ұлттық бірлікке үндеу болуға тиіс. Бұл идеяның қазақ әдебиеті үшін дәстүрлік сипаты мол. Біздің әдебиетіміз - өмір бойы тәуелсіздікті, бостандықты, бірлікті жырлаған әдебиет. Көшпелі тұрмыс жағдайының тұрақсыздығы, көрші халықтардың бізге қарап үнемі отаршыл саясат ұстануы, ішкі рушыл алауыздық біздің ақын-жыршыларымызды осы тақырыпты үзбей жырлауға мәжбүр етті. Халқымызбен бірге әдебиетіміз де осы үшін, бостандықты жырлағаны үшін, отаршылықтан азат болуды армандағаны үшін таяқ жеді. “Ұлтшыл халық, ұлтшыл әдебиет” атанды. Қазіргі отаршылдықтың қамытын сыпырып тастап, егеменді ел болуға ұмтылған тұсымызда осы идеяны жаңғырта жырлау, тәуелсіздік пен бірліктің сөзін айту әдебиеттің абыройлы міндеті болуға тиіс” Осынау мақсат-мұраттың айғағы ретінде өзі алғашқылардың бірі болып бастап, қазақ әдебиетінің кеңестік кезеңіндегі үлкен тұлғаларымыздың бірі, суреткер қаламгер, қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын терең талдай отырып, оның тұтас мұрасын өз деңгейінде туған әдебиетіміздің тарихына қайтарды.

Сөз зергері, ғылымның бірнеше саласында қатар қалам тербеп, өнімді еңбек еткен, соңында баға жетпес мұра қалдырған дарабозымыз Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы жайындағы тұңғыш монография осылайша 1990 жылдардың басында жарыққа шығып, өз қайраткерін ұзақ жылдар бойында сағына күткен қазақ оқырманының қолына тиді. Ж.Аймауытовтың күллі прозалық, драмалық шығармаларының көркемдік құндылығы, әсіресе тілдік, стильдік даралығы туралы кең толғайтын зерттеуші еңбегі әдебиетіміздің ақтандақтарын ашудағы алғашқы табысты қадамның бірі болды. Ал енді осы еңбектің ізін баса жарық көрген “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” атты зерттеуінде ғалым-ұстаз ұлы Абай поэзиясының құнарын, Абайтанудың жаңа замандағы өзекті мәселелерін қайтара сөз студент бастап, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының тарихи маңызы, ұлттық құндылығы туралы әңгіме өрбітеді.

Сонымен бірге әдебиетіміздің көрнекті өкілдері: С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Б.Майлин, Жанак, Шортанбай, Ақан сері шығармашылығының әңгіме арқауына айналуы – әдебиетшінің әдеби мұраға деген жаңашыл көзқарасын, оның көркемдік таным деңгейінің тәуелсіздік сана биігінен көрінгендігін дәлелдеген еңбек болды. Осынау аттары аталған тұлғалар және басқа да замандас қаламгерлер туралы әдебиетші толғаныстары әрине өзінің көркемдік тартымдылығымен, таным ауқымының кеңдігімен, ең бастысы, тыңнан, тосыннан толғайтын талғампаздығымен, жүрек сергектігімен оқырман назарын бірден өзіне аударды. Осылардың ішінде: Ғ.Мұстафин, Ғ.Орманов, Д.Әбілов, Қ.Аманжолов, Х.Ерғалиев, С.Мәуленов, М.Иманжанов, Б.Қыдырбекұлы, Р.Бердібаев, Т.Молдағалиев, т.б. туралы, олардың қаламынан қалған көп қырлы көркем мұрасын әрі қаламгер, әрі зерттеуші көзімен

байыптауы, талдау-таразылау арнасында ой түюі аталған іргелі еңбектің әрі тартымды, әрі тағылымды шығуына негіз болды. Тәуелсіздік тұсындағы әр жылдарда жазылған, қағазға түскен осынау зерттеуші пікір-байламдары өзінің жинақылығымен, нақтылығымен, ең бастысы тың деректерімен өз тереңіне тартады. Көркем мұраға қымбат аманат ретінде қарау, оның қадір-қасиетін өз қолымыздан төмендетіп алмау қамындағы алаңдаушылық, жанашырлық пікірлер де оқырман көңілін дөп басады.

Академик Серік Қирабаев бар саналы ғұмырының жарты ғасырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Еліміздің болашақ әдебиетші мамандарын дайындауда, оқытуда қыруар еңбек жасады. Қара шаңырақ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогтік университетінде сонау 50-шы жылдардың аяғынан бастап, бүгінгі күнге дейін әдебиетіміздің ең бір негізгі теориялық курстарынан дәріс оқуын жалғастырып келеді. Бүгінгі бірнеше буын белгілі әдебиетші-ғалымдар да әр жылдар ұстаздың алдын көрген, тәлім-тәрбиесін алған шәкірттері. Біз орта буын әдебиетші-ғалымдар барлығымыз бір кездері ҚазПИ-дегі киелі шаңырақ – Серафанның төрағалық еткен диссертациялық Кеңесінде ғылым кандидаттығын қорғадық. Осы белесімізді ешқашан ұмытпаймыз. Ұстазымыз ешкімді бөліп-жармай, барлығымызға жол ашты. Ағамыздың алды адал, талапты жастарға әрдайым, әрқашанда ашық болатын. Қара қылды қақ жаратын турашылдығы мен әділдігіне талай рет куә болдым. Әсіресе әдебиеттің тағдыры таразы басына түскен тұста ешкіммен ымыраға келмейтін. Сондықтан да академик С.Қирабаев жетекшілік еткен ғылыми жұмыстардың барлығы да жоғары талап деңгейінен табылатын. Нәтижесінде ұстаздың алдынан түлеп ұшқан, жетекшілігімен қорғаған сандаған ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары қазіргі күні еліміздің барлық жоғары оқу орындарында абыроймен еңбек етіп жүр.

Серафанның ағалық алақанын, әкелік қамқорлығын өз басым көп сезіндім. 1991 жылы Серафан М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директорлығы қызметінде жүргенде мені өзіне институттың ғалым-хатшылық қызметіне шақырғанын ешқашан ұмытпаймын. Сөйтсем, ұстазымның, Серік ағамның мені әдебиетіміздің ең бір іргелі тақырыптарына ертерек араластырсам ба деген ниетін дер кезінде аңғармаппын. Кейінірек, осыны кеш түсінгеніме өкінген кездерім де болды.

Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асып жатқан “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихын қамтитын он томдық академиялық басылымы бүгінгі күні жарық көруде. Осы құнды басылымның редакциялық бас алқасының төрағасы – академик, профессор Серік Қирабаев. Осынау он томның әрқайсысының көркемдік сапасы, ғылыми маңыздылығы, дерек көздерінің орнықтылығы, ең бастысы туған әдебиетіміздің тұтас тарихының жаңаша жазылып жатуының басы-қасында академик С.Қирабаевтың тұруы руханиятымыз үшін үлкен игілік болды. Көрнекті ғалымның бұл бағыттағы қыруар еңбегін де қазақ әдебиеттану ғылымының тарихындағы бір белес ретінде қабылдасақ артық емес.

Қорыта айтқанда, көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ұлағатты ұстаз Серік Қирабаев қаламынан соңғы жарты ғасырдан астам уақыт аралығында, яғни алғашқы 1948 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінде жарық көрген Жақан Сыздықовтың шығармашылығы жайындағы сын мақаласынан бастап, содан бергі алпыс жыл бойындағы жарық көрген, сөйтіп оқырман талғамынан табылған сандаған басылымдар: туған әдебиетіміздің барлық кезеңдері мен жанрларын түгел қамтитын іргелі зерттеу еңбектері, оқулықтар мен оқу құралдары, әдеби-сын жинақтары, естелік-эссе кітаптары, қазақтың барлық көрнекті қаламгерлерінің шығармашылығын түгелдей талдаған сын мақалалары, яғни жиылып келгенде осынау дүниелер бүгінгі күні ұлттық рухани құндылықтарымыздың қалың ортасынан өз орынын алған, өз биігіне көтерілген аса құнды әдеби-көркем мұрамыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Смайылұлы Қирабаевтың ұзақ жылғы жемісті еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Ел ілтипатына бөленді, мемлекет тарапынан да жоғары бағасын алды. Академик-қаламгер ғылым мен білім саласында қосқан айрықша үлесі үшін – “Еңбек Қызыл ту” “Құрмет белгісі” “Халықтар достығы” ордендерімен марапатталып, әр жылдары ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтарын иеленді. ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигіне, Қазақстаннан алғашқылардың бірі болып КСРО Педагогикалық Ғылым Академиясының мүшелігіне сайланды. Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының ғылымына еңбек сіңірген қайраткері атты мәртебелі атақтарына ие болды.

Бірнеше жылдар қатарынан Кеңес Одағы Жоғары Аттестациялық Комитетінің ғылыми диссертацияларды сараптаудан өткізетін эксперттік Кеңесінің мүшесі ретінде қазақ әдебиеттану ғылымының жоғары дәрежелі білікті мамандармен толыға, беки түсуіне өлшеусіз үлес қосты. Ғылымға өзімен ілесе келген қаншама үзеңгілес, замандас әдебиеттанушы ғалым ағаларымызға сын сағатта қол ұшын берді. Бұл да кісілігі мол, ұлтжанды азамат қана көтере алатын жүк болатын. Ұлтымыздың игілігіне, туған әдебиетіміздің қамына жасалған осыншама қыруар еңбектің бейнетін арқалап, енді сексеннің сеңгіріне сенімді көтеріліп отырған, өткен өмірді ой көзімен шолып, алыс-жақынды барлайтын Ата қырандай Алтын тұғырыңызға қонған тұста, “Қазақтың Серағасы” атанған академик-жазушы Серік Қирабаев ағамызға ендігі жерде ұлы сабыр мен ұзақ ғұмыр тілейміз. Барлық саналы жылдарын туған әдебиетінің тағдырына арнаған ғұлама ғалымның қаламынан тағы да жазылар жаңа еңбектер күтеміз.

СҮЛЕЙ СЫННЫҢ СЕРКЕСІ, ӘДЕБИЕТТІҢ ӨРКЕШІ (ҚР ҰҒА-ның академигі Серік Қирабаев 80 жаста)

... Бұрынғы Совет көшесіндегі (Қазіргі Қазыбек би) Қазақстан жоғары оқу орнының қара шаңырағы — ҚазПИ-ге келіп, тіл-әдебиет бөліміне күмп бердім. Жер-жерден ағылған студенттер жын атады. Таныса бастадық. Шүйіркелесе кеттік.

— Мен Айқын Нұрқатовпын! — дейді көзілдірікті тапалтақ, мығым деңелісі.

— Мен Нығмет Ғабдуллинмін! — дейді сырық бойлы сымбатты жігіт сәлемдесе жымыып.

— Айқын екеуіміз де Көкшетау облысынанбыз. Ол — Рузаевтан, мен — Қызылтудан...

— Мен Шығыс Қазақстанның Катон-Қарағайынан, Баламер Сахариев боламын! — деп қолын ұсынды тойған қозыдай томпақ келген аласа бойлы жігіт.

— Жамбылдың Меркі жағынан! — деп қымсына жауап қайырды Зәріпқызы Мәдина.

— Шәмшибәну Сәтбаевамын — деді бір әдемі қыз.

— Әу, кәдімгі Қаныш Сәтбаевтың қызы боласың ба? — деп жабыса кетті Баламер.

Шәмшия сәл қызарқтап, жанарын тайдыра төмен қарады.

— Гожа Ахмет Сәдуақасовпын — Ұйғыр ауданынанмын, — деді қазақшаға судай ұйғыр жігіт.

Бізден сәл шеттеу жерде, өзімен-өзі ойлана да оқшау тұрған сұңғақ бойлы сымбатты жігітке назар аудардық. Аппақ шағаладай қатырма жағасында жас бөбектің жұдырығындай галстугі бар, үстіне су жаңа сұр коверкот костюм киген, аяғында тағалы ат тайып жығылатындай қара жылтыр лакты туфлиі бар екен. Өзі белсенділік білдіре қоймаған соң әрі жас мөлшері сәл ересектеулігін сезгендеймін.

— Аға, Сіз кім боласыз? Қайдансыз? — деп қалдым.

Ол сәл күлімсіреп:

— Ә-Ә... мен Қарағандының Жаңаарқа жағынан Серік Қирабаевпын! — деді. Артық абдырамай, салмақпен сөйледі.

... Міне, бүгінгі аты айдай әлемге аян Сераға атанып кеткен Ұлттық Ғылым академиясының академигі Серік Смайылұлымен алғашқы таныстығымыз осылай басталған еді.

Тәңірім-ау... Содан бері табаны күректей алпыс жыл өтіп кетіпті...

Алпыс жыл! Қалай ойлайсыз, бұл мерзім аз ба? Көп пе? Мәнінше әрі аз, әрі көп іспетті.

Аз дейтін себебім “өткен күннің бәрі ұмыт” деп данышпан ақын айтқандай, бәрі көзден ғайып, көңілден таса болған секілді. Көп дейтін себебім, содан бері ұланасыр аласапыран өзгерістер өтіпті. Оны айтасыз, дәуір дүрбелеңі басталып, формацияға дейін жаңаланып, ғасырлар бойғы арманымыз — Тәуелсіз ел атанып, көгілдір туымызды желбіретіп шыға келдік! Бұдан артық қандай өзгеріс болмақ! Адам ғұмыры қамшының сабындай қысқа екенін мойындамасқа лаж жоқ. Әлгінде ғана аттарын атаған Айқын, Нығмет, Шәмшиәбану, Баламер, ұйғыр досым Гожа Ахмет бәрі-бәрі бақиға аттанып кетті. Шеттерінен Мұхаң мектебінен өткен ғұлама ғалым, қазақ әдебиетінің өрелі өкілдері болатын.

...1952-1955 жылдары Серік Қирабаев Республикалық “Пионер” журналының Бас редакторы болып істеді. Ол кезде мен көршілес “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газттерінде бөлім меңгерушісі едім. Тиражы да, қаламақысы да ең көп басылым осы, “Пионер” журналы болатын. Қазақстанның халық жазушысы, майдангер ақын Мұзафар Әлімбаев пен маңғаз жазушы Мұқан Иманжанов осы редакцияда қызмет істеді. Сол кезде балалар әдебиетін өркендету ісінде атқарған журнал беделі ерекше болатын. Сапарғали Бегалин, Қабыкен Мұқышев, Мұқан Иманжанов, Бердібек Соқпақбаев, Нығмет Ғабдуллин өзге де көптеген қаламгерлердің шығармалары алдымен осы журналда жарияланып, кейін көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып жарық көретін. Жасырып жабары жоқ, менің қаламымды ұстартып, шығармашылық мүмкіндігімді молайта түсуде “Пионер” журналының Бас редакторы болған Серік Қирабаев пен Мұзағанның ағалық қамқорлықтары айырықша еді.

Кейін Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында, “Әдебиет және искусство” журналында, Республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінде журналистік қызметін абыроймен атқара жүріп, Серік Қирабаев филология ғылымы саласында да қыруар ғылыми-зерттеу еңбектерін, қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері мен көрнекті өкілдерінің шығармалары хақында сын мақалаларын жиі жариялап тұрды. 1957 жылы жазушы “Спандияр Көбеев шығармашылығы” жайында кандидаттық диссертация қорғады. Бір ғажабы, ол кезде Республикалық Ғылым академиясы қазіргідей айналасы атшаптырым үлкен ғимаратта емес, бар болғаны екі қабат үйде ғана орналасқан еді.

— Бәлі, — деді диссертанттың жетекшісі академик Мұхтар Әуезов, мен ойлағаннан да асып түсті, жазушы еңбегін зерттеген бағалы еңбек деп әбден айтуға болады, — деп ағынан жарылып, шәкіртіне дән ризалығын білдірді.

— Серік — Мұханның ғана емес, менің де институтты үздік бітірген шәкіртім. Диссертация жүрдім-бардыммен жазылған арзан тұжырымнан аулақ, жан-жақты зерттеліп, зерделенген күрделі еңбек! — деп қорытты өз ойын профессор Қажым Жұмалиев.

Өзге де шығып сөйлеушілер, әдебиетші-ғалымдар С.Қирабаевтың еңбегін ерекше бағалап, Ғылыми кеңес оған “филология ғылымдарының кандидаты” атағын беруге бірауыздан шешім қабылдады.

* * *

Жұрт тарай бастады. Серағанның диссертация қорғауына жанкүйер болып келген Әбілмәжін Жұмабаев екеуіміз ғалым ағамызды қызу құттықтап, кетуге ыңғайлана берген едік.

— Әй, Әбілмәжін, Мыңбай екеуің біздің үйге Мұхаң бастаған топпен бірге жүріндер! — дегені Серағаң...

...Қазіргі Төлебаев көшесіндегі (бұрынғы Абай көшесі) Орталық Арасан моншаның орнында бұрын ығы-жығы екі-үш аласа там үйлер болатын. Соның бірінде Серағаң Әлиясымен тұрады екен. Әлияның анасы:

— Құлыным, қуанышың құтты болсын! — деп күйеу баласын маңдайынан емірмен сүйді де, бізге қарап: — жоғары шығыңдар! — деді.

Төралдына Мұхаң бастаған ғұламалар тобы жайғасты. Біз төменірек тұсқа отырдық.

Әлия ұясына орала беретін қарлығаштай алдын ала даярланған дастарқанды онан сайын сірестіріп, ас үй мен екі арада дедектеп жүргенді.

— Әу, Серік, ақ қайрандай жалт-жұлт етіп жарқырап жүрген анау әдемі бала кім? — деп таңырқай қарай қалған еді Мұхаң.

— Ә..., ол ма..., ол келініңіз Әлия ғой! — деді Серағаң.

— Бәрекелді, бақытты болыңдар! — деп Мұхаң жан біткеннің сұлуы Әлияны алғаш рет көріп, келіні ретінде ақ батасын беріп, көңілі көншігендей еді...

* * *

Араға жеті жыл салып “Сәкен Сейфуллин” аталатын қомақты монографиялық еңбегі негізінде докторлық диссертация да қорғалды. “Жүсіпбек Аймауытов” атты кітабы үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықты иеленді. 1994 жылдан Серік Смайылұлы Қирабаев Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі. Ұзын-ұрғасы өзінің алпыс жылдан астам шығармашылық, ғылыми-зерттеушілік, жазушылық, ұстаздық жолында Серік Қирабаев қаламынан әдебиеттану саласында жазылған мыңға жуық ғылыми-зерттеу еңбектері, сын мақалалары, орта мектепке арналған оқулықтары жарық көріп, қалың көпшіліктің құнды қазынасына айналды.

Еліміздің мәдени-рухани өміріне белсені араласып келе жатқан энциклопедиялық білімді академик, қоғам қайраткерінің жүріп өткен жолдарына назар аударып көріңіздерші!

— Қазақстан және Қырғызстан Республикалары ғылымының еңбек сіңірген қайраткері.

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
 - КСРО Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясының сараптамалық кеңесінің мүшесі.
 - Қазақстан ЖАК-тың төралқа мүшесі.
 - Қазақ энциклопедиясының редакциялық алқа мүшесі.
 - КСРО Жазушылар одағы сын кеңесінің мүшесі.
 - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі.
 - Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы.
 - Сын Кеңесінің төрағасы...
 - Қазақстан Білім министрлігі жанындағы оқу-әдістемелік кеңесінің әдебиет кеңесінің төрағасы.
- С.С.Қирабаев Еңбек Қызыл туы, Халықтар достығы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.
- Ол Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері.

* * *

Серік Смайылұлы Қирабаевтың отбасы да үлгі, өнеге тұтарлық. Оның жан жары Әлия Сәрсенқызы Бейсенова — елімізді былай қойғанда, Орта Азиядағы экология саласының жетік мамандарының бірі, академик, Абай атындағы Педагогикалық университетте кафедра меңгерушісі, үш ұлдың анасы. Ұлдарын ұясына қондырған ұлағатты ғұлама ұстаздар. Араларынан ши жүгірмей алпыс жылға жуық тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді.

* * *

Академик-жазушы, Серағанның досы марқұм Зейнолла Қабдолов: “... филология факультетінде 40-50-жылдары оқыған адамдар эстетикалық ілім жағынан өз қатарларының маңдай алдында оқ бойы озық тұратын мамандар. Неге десеңіз, олар — әдеби білім жағынан Әуезов мектебінен шыққандар” дегенде, Серік Қирабаев секілді қазақ әдебиетінің қым-қуыт қатпарларын қаймықпай зерттеген мықтылары туралы айтқанын сеземіз. Яғни, Серік Қирабаев сүлей сынның серкесі, әдебиетіміздің алға жетелер дәртесі іспетті.

Зекең мен Секең бір жылдың төлі. Зейнолла ағамыз өзінен небәрі санаулы айлар ересектігін ескеріп, Серік Смайылұлын “Серағаң” дейтін. Жарасып-ақ тұр емес пе! Оны айтасыз, қоса ағарған қосағы Әлия Сәрсенқызы да “Серағаң” дейді. Ал атақты қазақ ақыны Дихан Әбілев: “Сүт мінез Серік” деп жазғаны есімізде. Сірә, әмәндә ешкіммен қақ-соғы жоқ, қашанда сабыр-салмақты, біртоға жүретін қалпына қанықтығына байланысты айтқан болар.

...Иә, қарт ҚазПИ ұясынан, ғылымның асқар қиясынан қанатты бірге қатайтып, әдебиет әлеміне бірге самғаған қастерлі дос! Шабытыңыз ортаймасын, жаныңыз қартаймасын!

Сексеніңіздің сеңгірінде сергек көңілмен және бір серпіліңіз! Тал бойыңызға қарасақ, Сәкеннің сәнін көріп, Әміренің әнін естігендей күй кешеміз. Алла Тағала ғайбат сөзден, сұқпа көзден сақтасын!

Мәуен Хамзин

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАСЫ

Адамзат баласы ғұмыр кешетін алып кеңістікте, табиғатта артық-ауыс ештеңе жоқ, бәрі де жаратылыстың ұлы заңына бағынады. Қазақта “пешенә” деп аталатын шетсіз-шексіз абстрактілі ұғым бар. Ұлттық руханият әлемінде пешенелеріне танымал болу жазылған бір шоғыр топ бар. Олардың сексен жылдық мерей тойы биыл тойланбақ. Қазақ руханиятының ұлттық әдебиетін, әдебиеттану ғылымын бұларсыз көзге елестету мүмкін емес. Бұлар кімдер? Олардың тобын 1927 жылы дүниеге келген, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ұлы тұлғасы болуды маңдайларына тәңірдің өзі жазған, ғалымдық тұлғасында кіршіксіз тазалық пен парасаттылық шебер ұштасқан Сераға – Серік Қирабаев, имандылық иірімдері бүкіл бүкіл шығармашылығынан сезіліп тұратын Рахан – Рахманқұл Бердібаев, өмірінің мәні мен мазмұнын ұлылар мен ұлылықты насихаттауға бағыштаған, соның нәтижесінде өзі де сондай биіктікке көтерілгенін мойындауға қысылған, күні кеше ғана пәниден бақиға аттанған (рухы пейіште шалқығай!) Зекең – Зейнолла Қабдолов, осы ғұмырында әділет үшін шырылдап жүретін, бетті, турашылдығынан кей реттерде жазықты боп қалатын Тұрсекең – Тұрсынбек Кәкішев, биылғы 80 жасын қалың қазағымен қауымдасып тойлауға тағдыр жазбаған, азаматтық тұлғасына инабаттылық, биік мәдениет зерттеп қана қойған жоқ, солардың ірі насихатшысы болды. Олар бір-бірімен таласа, бәсекелесе жазды, алайда ол бәсеке таза шығармашылықтан, шынайы шабыттан туған бәсеке еді. Егер қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымымызды өркендеген, дамыған ғылым саласына жатқызсақ, жоғарыдағы топ өкілдері көзі тірілерінің қолынан қаламы түспегенін, шын ғылымды дәл осылар жасап келе жатқанын мойындауымыз керек.

Осынау тегеурінді топтың ішінде Сераға – Серік Смайылұлы Қирабаевтың орны бөлекшелеу екенін ешкім жоққа шығара қоймас. Ол кісі ҚазПИ-ді бітірісімен 6-7 жылдай республикалық газет-журналдарда, баспада қызмет істеп 1958-88 жылдар аралығын қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – ҚазПИ-де қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, оқу ісінің проректоры қызметтеріне арнаған екен, 1988 жылдан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметіне ауысып, күні бүгінге дейін сонда бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді. Алғашқы зерттеу мақаласы 1948 жылы жарық көрген Секеңнің бүгінге дейін 600-дей мақаласы, 40-қа жуық әдеби-сын зерттеу кітабы, 15-тен астам оқулық пен оқу құралдары ел игілігіне айналды. “Сәкен Сейфуллин” (1962), “Өрлеу жолында” (1960), “Октябрь және

қазақ әдебиеті” (1968), “Өнер өрісі” (1971), “Әдебиет және өмір талабы” (1976), “Революция және әдебиет” (1977), “Шындық және шығарма” (1981), “Шындық пен шеберлік” (1983), “Талантқа құрмет” (1988), “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), “Жүсіпбек Аймауытов”, сондай-ақ еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық әдебиетке деген тың ой-толғамдары топтастырылған кітабы т.б. – бәрі де С.Қирабаевтың талап биігінен көрінгенінің дәлелі. Дүниежүзілік әдебиеттің кәусар бұлағынан қанып ішкен ғалым төл әдебиетіміздің барша болмыс-бітімін басқа әдебиеттермен салыстыра отырып зерттейді. Соның нәтижесінде өзі зерттеген жеке тұлғалар мен кезеңдердің тұсындағы қоғамдық-әлеуметтік жайттарды, уақыт тынысын, замана талабын, өнердің көркемдік-эстетикалық қуатын жіті аңғарып, зерделеу Қирабаевтың төл руханиятымызды қаншалықты дәрежеде шырқау шыңға шығара әспеттегенін көрсетті. Ал өз кезегінде, киелі дүние – руханият та бейтарап қалған жоқ. Ол Қирабаевты өсірді. Секең қаламы қарымды сыншы, ғұлама ғалым – әдебиеттанушы, саналы ғұмырын дәріс беруге, білім дәнін сіңіруге арнаған ірі ұстаз, ғылым жолына түскен шәкірттеріне талап қоя алатын әрі қатаң, әрі әділ, әрі принципшіл, әрі әрқайсын қанаттандыра алатын сұңғыла жетекші, орта мектеп пен жоғарғы мектеп түлектерінің тұтас бірнеше буыны ол кісі әзірлеген оқулықтыр мен оқу құралдарынан сусындап өскенін көзімен көрген әйгілі автор болып қалыптасты.

Қазақ әдебиеттану ғылымының аса ірі білгірі ретіндегі зор еңбегін ел басшылығы лайықты бағалады, ол кісінің білімділігі мен біліктілігі қалың жұртқа әйгілі болды. Сераға ұлттық әдебиеттану ғылымының ең бір өзекті жайттарына, олқылау түсіп жатқан тұстарына жіті көңіл бөліп отырды. Ол кісі әзірлеген оқулықтарды, өзі баулыған шәкірттерін шола отырып, республика көлемінде өзін “Біз Қирабаевтың шәкіртіміз” дейтін тұтас бір буынның, ғұмыр кешіп жатқанын мақтана айтқан жөн.

Асылы, өмір атты ұлы көш-керуеннің сүрлеу соқпағы тар жол, тайғақ кешуге толы екені мәлім. Жақсы ғалымның азаматтық тұлғасы кемшін түсіп жатады, ірі азаматтық ғалымдық, зерттеушілік болмысы көңілдегідей болмай жатады, ал, Серік Смайылұлының болмысында ғұлама ғалымдық, сарабал сыншы, ғылым мен ұстаздықты, сыншылықты киелі нәрсе деп ұғынушылық, азаматтық болмысына қылау түсірмеген асқақтық шебер түйіскенін байқау қиын емес. Күні бүгінге дейін Секең азаматтық арын пенде бойында кездесіп қалатын ұсақтықтан, бақастықтан, көре алмайтын күндестіктен, қызғаныштан әлдеқайда жоғары ұстағанын барша елі жетік біледі. Ол кісі – ұлы ұстаздары мен аға буын замандастары бастаған істі заңды түрде жалғастыра алды, адам болып дүниеге келген екенсің, ендеше, адам өмірінің мәні мен маңызы еліңе, халқыңа, ұлтыңа адал қызмет етуінде деген принципті берік ұстанып келе жатқан айтулы тұлға. Тәуелсіз елдің үлкен-кішісі заңды түрде мақтаныш етер тұлға...

Осынау сексен деген жастың сенгіріне абыроймен көтерілген өз ағаға мықты денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына береке-бірлік тілегіміз келеді.

АКАДЕМИЧЕСКАЯ ФОРМУЛА СЧАСТЬЯ

В эти мартовские дни общественность Казахстана отмечает два юбилея – исполняется 80 лет со дня рождения выдающегося казахского ученого и литературоведа Серика Кирабаева и 75 лет – географа, общественного деятеля Алии Бейсеновой. Они супруги, академики Национальной академии наук РК.

Вклад этих людей в науку и культуру Казахстана неоценим. К примеру, о деятельности Серика Смаиловича Мухтар Ауэзов писал так: “Я оцениваю работу Кирабаева в целом как один из серьезных и весьма ценных трудов по истории казахской литературы” А вот что сказал о нем Чингиз Айтматов: “Его монографии и книги отличаются высоким теоретическим уровнем и мастерством изложения”

Достойную оценку представителей мировой культуры получила и деятельность Алии Бейсеновой, заложившей основу экологической науки Казахстана, многие годы посвятившей изучению научного наследия Чокана Валиханова. Кстати, она была среди тех ученых, которые научно обосновали решение главы нашего государства Нурсултана Назарбаева о переносе столицы Казахстана в Акмолу (ныне Астана).

Опираясь на исторический опыт прошлого, ученые внесли в действительность свое, оригинальное видение процессов, происходящих в обществе, которое соответствует мыслям и чаяниям большинства наших современников.

– Историческая память в том и заключается, – говорит Серик ага, – чтобы помнить былое, извлечь из него уроки и строить на этом будущее.

Его первые шаги в науке были связаны с литературной критикой. Статьи и рецензии, посвященные актуальным вопросам казахской литературы, стали появляться в печати еще с 1948 года и обратили на себя внимание широкой общественности. За почти 60-летний научный путь Серик Кирабаев опубликовал 700 научных и литературно-критических работ, среди которых – более 40 монографий и книг-исследований, 18 учебников и учебных пособий. Ученому удалось за короткий промежуток времени восполнить огромный пробел в казахском литературоведении – написать монографии, посвященные творчеству великих казахских писателей, репрессированных в сталинскую эпоху.

Труды лауреата Государственной премии РК Серика Кирабаева помогли многим из нас осознать, как возрождалась и с какими трудностями пробивала себе дорогу новая национальная идея в истории казахской литературы. Именно он стал одним из активных участников издания десятитомной истории казахской литературы. Возглавив ее редколлекцию. Многочисленные ученики Серика Смаиловича сегодня работают во всех уголках нашей страны. Для них он – пример беззаветного служения всему народу и науке, в которой он нашел птицу счастья.

Свою птицу счастья в науке нашла и Алия Сарсеновна Бейсенова. Она написала 300 научных работ – монографии, географические атласы и учебники для школ и вузов. Как сообщала наша газета, Совет международных исследований Американского биографического института назвал доктора географических наук профессора Алию Бейсенову “Женщиной 2006 года” и наградила памятной медалью. Она первой среди женщин на постсоветском пространстве добилась такого признания.

В письме на имя Алии Сарсеновны директор Совета международных исследований Дж.М.Эванс отмечал, что Американский биографический институт награждает медалью лишь не большое количество женщин, представляющих различные страны, в знак признания их вклада в развитие общества. “Совет международных исследований, – пишет господин Эванс, – назвал вас “Женщиной года” за вашу преданность профессии и за то, что вы подаете замечательный пример своим современникам и всему обществу”

Прошло уже более полувека, как встретились и навсегда связали свои судьбы Серик Кирабаев и Алия Бейсенова – корифеи науки, родители, воспитавшие прекрасных детей и внуков. Журналисты газеты “Экспесс К” присоединяются к многочисленным поздравлениям юбилярам и желают Серику Смаиловичу и Алие Сарсеновне доброго здоровья и творческого долголетия.

Зүфар Сейітжанұлы

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Қазақ әдебиеті даму жолдарының сан алуан бел-белестерін терең зерделеп, қыруар еңбек жазған аса қарымды қалам иесі - академик С.Қирабаев. Талантты ғалымның әдебиет сыны, әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдеби байланыс, көркем аударма, балалар әдебиеті тәрізді әдебиеттің сан саласын қамтитын еңбектері оның есімін тұғырлы тұлғаға айналдырды. Академик С.Қирабаевтың алған асуы мен шыққан биігі шоқтықты. Басқаша айтқанда әдебиет әлемінің сыр-сипатын қамтитын отыздан астам монографиясының жарық көруі әдебиеттану ғылымына қосылған өлшеусіз үлес екені даусыз. Бір мақалада ғылымның ғылыми-рухани қазынасын тұтас қамту мүмкін емес. Сондықтан біз жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған “әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері” (1995) атты оқу құралы туралы сөз сабақтауды мақсат еттік.

“Ақтаңдақтар — қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің жеке бір проблемасы емес, оның бүкіл даму жолын түгел қамтыған күрделі мәселе” -деп жазған ғалым кезінде өз кезегін күтіп тұрған осы мәселені іске асыруға белсене ат салысты. Ақталған алыптардың туындыларын жарыққа шығаруға, зерттеуге және бұрын там-тұмдап айтылып жүрген кейбір ақын-жазушылардың шығармаларын тәуелсіз елдің талап-танымы тұрғысынан қайта қараудың алдағы бағыттарын

айқындайды, үнін қосады. Оқу құралындағы “Әдебиет пен өнер – ұлттық идеологияның маңызды саласы” “Әдебиет – ұлттың рухани байлығы”, “Қайта құру және әдебиеттану” “Абайтанудың кезекті міндеттері туралы” сынды мақалалары осы мақсатта жазылған.

Ғалым халық мұрасы мен қазақ әдебиетінің арғы-бергі даму тарихын жан-жақты ой елегінен өткізе отырып, тарихи шындықты қалпына келтіруде “ұшқарлықпен емес, ұста мдылықпен дұрыс, объективті ой көзімен” баға беруді атап көрсетеді. Осы ретте ұлы Абай мұрасының зерттелуі де идеологияның әсер-ықпалына орай болғанын ескерте отырып, кемеңгерлік келбетін әлі де тереңдете аша түсетін зерттеулердің міндеттерін тізбелеп көрсетеді. Олар: текстологиялық ала-құлалық, ақын өмірбаянына және ата-анасы, туған-туысқандарына қатысты деректер, Абай маңындағы ақын, жыршы, өнер сүйер жас қауым-шәкірттері, Абай мұраларын зерттеудің әдістемелік принциптері, Абай дәстүрі яғни ақындық мектебі, Абайтану тарихы тәрізді мәселелер. Осы тақырыптардың әрбірін тарата саралай келіп, байыпты ой-тұжырымдар ұсынады. Әр ұрпақ өз сөзін айтатынын ескертеді.

Халқының мұрат-мүддесін ойлап арманда кеткен ардақтыларымыз Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек, т.б. сынды қайраткерлермен қайта қауышқан тұста солардың мұрасы, қилы замандағы қиын тағдыры жайында пікір айтып, еңбектерінің халыққа тез жетуіне атсалысқан адамдардың бірі – профессор С.Қирабаев. “Ахмет, Міржақып, Әлихан Бөкейханов үшеуіне тағылған айыптың бірі “Майданның қара жұмысына қазақтан жігіттер алудың “Қолдауы” дейтін теріс таным-түсінікті “Қазақ” газетінің беттеріндегі фактілер арқылы дәлел-дәйегімен ашып береді. Сонда шырғалаң шақтың шындығы қалай? Бәрі де халық қамы, ел бүтіндігі жолында істелген әрекет екеніне көзіміз жетеді. “Бір сөзбен айтар болсақ, жат жұрттар бар айла-тәсілімен ішімізге індеп кіре түсуде” – деп жан сырын жайып салып, ақиқатты айтқан арыстарды айыптауға қалай дәті барған? ..

Ахмет пен Міржақыптың қоғамдық-саяси қызметі мен ақындық өнерлері де бір-ақ мақсатқа арналыпты. Халқын ояту, бостандыққа үндеу. “Маса” мен “Оян, қазақ!” ХХ ғасырдың бас кезінде азаттық идеясын айта алған, соған үндеген алғашқы туындылар екеніне қаныға түсеміз.

Сыншы-ғалымның “Жанақ ақын” зерттеу мақаласының көлемі көп болмаса да, көтерген жүгі салмақты. Ең алдымен Жанақ ақын жайында алғаш пікір айтқан Ш.Уәлихановтан бастап күні бүгінге дейін кімдердің зерттеп-зерделгенінен толық хабардар етеді. Ақын мұрасы бұрын терең зерттелмегендіктен, ғалым осы мәселені назарда ұстап жан-жақты қарастыруды мақсат еткен. Бұрынғы жазылған кейбір мақалалар мен жинақтарда ақынның туған, қайтыс болған жылдары да әр түрлі жазылып келген С.Қирабаев жаңа дерек-мәліметтерге сүйеніп отырып ақынның туған және өлген жылдарын анықтап нақтылаған, өмірбаянына ерекше назар аударған.

Сыншы-ғалым ақынның өлеңдері мен айтыстарын талдайды. Жанак мұраларының әлеуметтік сырын ашады. Оның өткір тілді, табан астында тауып айтатын ақпа-төкпе (импровизатор) ақындығы мен табиғи төгілген бейнелі сұлу да сырлы өлең жолдарына ден қоя отырып, Жанақты өз дәуірінің аса талантты ақыны болған деген орынды қортындыға келеді. Жанақтың айтуынан хатқа түскен “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының бір нұсқасын ақынның өз туындысы ретінде қарау керек дейтін пікірі де орынды. Сонымен, қобыздың қоңыр үніне қосылып өлең, жыр толғаған Жанақ ақынның әдебиеттегі орнын лайықты бағалайды.

Академик С.Қирабаевтың Шортанбай ақын шығармашылығына арнаған зерттеу мақаласында кеңестік идеологияның қысымы тұсында бір жақты бағаланса да, ақын мұрасының әр кез сөз болып отыруының сырын “өмір шындығын аса бір қырағылықпен тани білген, биік көркемдікпен суреттеген” ақын екендігінде деп біледі. Оқымысты алдымен Шортанбай заманының ерекшелігін, ел басқару жүйесі және бұрынғы өмір қалпының, өзгеріске ұшырай бастауының себеп-салдарымен Шортанбай мұрасын байланыстыра отырып ой толғайды. Шортанбай отарлық озбырлықтан туындаған жағымсыз әрекеттерді сынайды. Ақын “қазақ қоғамы тарихындағы күрделі дәуірдің суретін, ондағы өзгерістер сипатын дәл бейнелеп, көз алдыға жайып салатын” сезімтал суреткер деген тоқтамға келеді.

Тамылжыған тамаша әнімен халықтың қадірлі адамына айналған Ақан серінің шығармашылық ерекшелігін, басты-басты әлеуметтік сипатын жан-жақты талдайды. Өнерді өміріне балаған әнші-ақынның өзіне тән болмысын ашып, өмірбаянның кей тұстарын жаңа деректермен толықтыра түскен. Ақан әндерінің шығу себептеріне назар аударып, оны жастықты, достықты, сұлулықты, сүйіспеншілікті жырлаған халықтың арманына айналған тұлға деп ұғады. “Ең бастысы – ол адамды, адам сезімін қалтқысыз жырлаған әнші ақын” деп түйеді.

Тәуелсіздіктің таңы атпаса, халқының қамы үшін атқа қонып, талай-талай жорық жолдарынан өткен батырлардың да бағасы дұрыс берілмес еді. Солардың бірі ақ жолтай Ағыбай батыр екеніне көзіміз жетеді. Оның 1824-1826 жылдары Қарқаралы округі қазақтарының көтерілісін басқарса, одан кейін Ескенкелді мен Саржан ұйымдастырған және Кеңсары бастаған ұлт-азаттық көтерілістеріне қатысып, ерлік күрестерді басынан өткергенін ұғамыз. Мұның бәрін ғалым нақты деректерге сүйеніп отырып дәлелді таратып айтады.

Сыншы ғалым С.Қирабаев ХХ ғасырдың бас кезіндегі күрделі кезеңде өмір сүрген ақын-жазушылар (А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б.Майлин т.б.) шығармаларын бүгінгі өміртаным тұрғысынан жан-жақты қарастырады, олардың қоғамдық-саяси көзқарастарын айқындайды. Әр қаламгердің өздеріне тән стильдік - көркемдік ерекшеліктері мен ортақ сипаттарын ашады. Қазақ халқының тағдыр-тәлейі, елдің тәуелсіздігі мен

азаттығы және отаршылдыққа қарсы күрес – бәріне ортақ тақырыпқа айналғанын атап көрсетеді.

Ғалым кей ақын-жазушылар өмірінің беймәлім тұстарына көбірек ден қояды. Сұлтанмахмұт өмірінің 1917-1918 жылдары және бұрын көп айтылмай келген (“Таныстыру” “Айтыс” т.б) шығармаларына талдау жасайды. Жаңа дерек-пайымдауларымен толықтырады. Қайшылықты дәуірде өмір сүрген Мағжан ақынға сол кездің қырсық-соры аз тимегенінен де хабар табамыз. Сондықтан кейде жабырқаған, кейде жадыраған поэзиясының құпия сыры шынайылығында екеніне иландырады. Ақын мұңы – халық мұңы. Сондықтан да Мағжан көп көңілінен мұмытылмастай орын алған.

Академик С.Қирабаев өзі сөз еткен ақын-жазушыларының әр алуан тақырыптағы шығармаларын қоғам-кезең, өмір-уақыт шындықтарымен байланыстыра қарастырады. Жүсіпбек романдары арқылы осы жанрдың қалыптасуына қаншалықты үлес қосқандығын айқындайды. Оның шығармаларының негізгі нысанасы – Адам. Басқаша айтқанда адам әлеміне терең бойлап оның болмысын бар қырынан аша білуі де жазушыға тән сипат екенін айқын аңғартады. Тіл бейнелілігі мен ырғақты проза, ақ өлең үлгісін қолдануы да Жүсіпбек мұрасының бір ерекшелігі ретінде аталады.

Академик С. Р. Қирабаев “Алыптар тобы” деп аталатын ұрпақтың бірі Ғ.Мұстафин тундыларын да жоғары бағалайды. Жазушы шығармасының басты сипатын ашады. Дәуірдің өзекті мәселелерін өз кейіпкерлерінің тағдырымен байланыстыра суреттейтініне назар аударады. Сондай-ақ жазушының “Сыр дәптеріндегі” шынайы жан сырын оқығанда арман-ардың ақ туын көтерген тұлғаның алдында тағзым еткін келеді. “Алыптар тобы деп қалай орынды айтқан!” Ғалымның “Құрдас туралы ой”, “Дара да дана еді” “М.Иманжановты еске алу” тәрізді естеліктері “жүрекке жылы тиеді” тартымды оқылады.

Әр қаламгердің бірін-бірі қайталамайтын даралық шеберліктері мен өмір шындығын көркемдікпен игерудегі түрлі үлгі-өрнектерді білгірлікпен пайымдайды. Халқының қамын, елінің ертеңін ойлаған ардақтыларымыздың шығармашылық өмір жолдарының қалтарыс-қағаберіс қалған тұстарын толықтара түседі. Тіпті соңғы кезде жарық көрген Х.Ерғалиевтің “Жедел толғау” (1988), С.Мәуленовтың “Күзгі бұлттар” (1988) өлеңдер жинақтары мен Б.Қыдырбекұлының “Алатау” романына талдаулар жасап баға береді. Көркемдік шарттарының талабына жауап бере алатын туынды ретінде қарайды. Екі жинақ та “уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін” көркем бейнелей білген шығармалар екенін дәлелді көрсетеді. “Алатау” романы да бір өлкеде болған оқиғалар арқылы бүкіл қазақ тарихына қатысты мәселенің нанымды көрініс тапқанын атап өтеді. Сыншы-ғалымның оқу құралындағы қай мақаланы оқысақ та қарпуы шымыр, қарымы кең, ой-толғамының тереңдігімен ерекшеленеді.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

60-шы жылдардың орта тұсында дархан даламыздың шартарапынан білім іздеп арманмен ару Алматыға келген біз секілді көген көздерге ана тілі мен сөз өнерінң академиктер Қ.Жұмалиев пен С.Қирабаев, профессорлар Н.Ғабдуллин, Х.Әдібаев, Н.Оралбаева, Ғ.Қалиев, доценттер Т.Әбдірахманов, А.Әбілқазы сынды қазақ филология ғылымының марқасқалары дәріс берді. Адамдық, ғалымдық тұлға-болмысы биік ұстаздарымыздан біз болашақ мамандықтың қыр-сырымен қатар адамдықтың да әліппесіне қанығып, өнеге алып өстік, қанаттандық. Сондықтан да мен бүгін 60-жылдар студенттері атынан, біз рухани уызға жарыған бақытты ұрпақпыз десем, бұл пікіріме бүгіндері алды ғылым докторы, республикалық баспасөздің белді қайраткері, ал көпшілігі еліміздің түкпір-түкпірінде мұғалімдік қызметте жүрген курстастарымның түгелдей келісері күмәнсіз.

Ұстаздық ұлы іс екені рас. Дәріс оқығанның бәрі шын мәнінде ұстаздық қасиетке ие болып, шәкірттер жүрегінен орын таба бермеуі мүмкін. Ұстаз деп тек дәріс оқығанды емес, ұлағаты үлкен, шапағаты мол жанды, тұлғаны атасақ, орынды болмақ. Шынында да, шәкірттері үшін ұстаз дәрісімен ғана емес, бар ісімен де үлгі, өнеге болуы керек.

Менің өмірімде міне осындай бар ісімен де өнеге болып келе жатқан ұлағатты ұстазым бар, ол аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік аға Қирабаев.

Қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының ХХ ғ. 20-40 жылдардағы туу, қалыптасу тарихында А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, т.б. аға буын әдебиетші ғалымдардың еңбегі ересен екені белгілі.

Ғ.Мүсіреповтің қазақ әдебиетінің қалыптасуына айрықша еңбек сіңірген бір шоғыр аға қаламгерлерді “алыптар тобы” деп атағаны секілді, 50-жылдарда сын мен ғылымға араласып, алдындағы аға буынның эстафетасын жалғастырып, міне жарты ғасырдан астам уақыттан бері сөз өнері ғылымының бар ауыртпалығын көтеріп, оның өрлеп-өсуіне өлшеусіз үлес қосқан, қосып келе жатқан осы үркердей топ өкілдерін – бүгінгі ғылым корифейлерін (академиктер С.Қирабаев, З.Қабдолов (марқұм), З.Ахметов пен Ш.Сәтбаева (марқұмдар), Р.Бердібай, профессорлар Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин) төл әдебиеттану ғылымындағы алыптар тобы деп танысақ, атасақ, артық айтқандық болмас. Бүгінгі мерейлі 80 жастың белесіне көтеріліп отырған академик С.Қирабаев осы топтың талантты бір өкілі.

Мен бұл мақалада академиктің көп қырлы ғылыми-шығармашылық еңбекнамасының бар жай-жапсарына емес, оның ұстаздық-кісілік келбеті мен ғалымдық өнегесіне тоқталуды ғана мақсат еттім.

Жастарға білім беру, яғни ұстаздық-педагогтік қызмет Серік ағаның саналы ғұмырының ерекше бір қыры. Өзі бір кезде білім алған, аспирантурада оқыған КазПИ-ге оқытушылыққа келген 1958 жылдан күні бүгінге дейінгі академик ағаның ұстаздық қызметінің орны біреу: ол – осы оқу ордасы. Ғылымдағы жеке басының жетістіктері (кандидаттық, докторлық қорғауы), педагогтік-басшылық қызмет (ұзақ жылдар кафедра басқаруы, факультет деканы, институттың оқу ісі проректоры қызметтерін абыройлы атқаруы), республикаға, Одаққа көрнекті әдебиетші, ғалым, педагог, оқулықтар авторы (КСРО Педагогикалық ғылымдар Академиясының мүше-корреспонденті болып сайлануы, ондаған сын, зерттеу кітаптары, монографиялардың жарық көруі, т.б.) ретінде танылуы да осы қара шаңырақта қызмет атқарған жылдардың жемісі.

Әрине, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарған жылдардың (қазір ол “Қазіргі дәуір әдебиеті” бөлімі меңгерушісі) жемісі де (ҚР ҰҒА академигі болып сайлануы, институттың Абайтану саласындағы зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасағаны үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері атануы, т.б.) мол Алайда ағаның ғалымдық, ұстаздық, педагогтік-қайраткерлік басшылық тұлғасының қалыптасуында КазПИ-дің орны ерекше.

“XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті” “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (кеңестік дәуір), “Сын тарихы” академик С.Қирабаев ұзақ жылдар дәріс оқып, қалыптастырған пәндер, ұстаз қазір де бітіруші курс студенттеріне “Сын тарихынан” лекция оқиды.

1-ші курстан бастап институттың көп тиражды “Педагог” газетіне бір топтағы досым, қазіргі белді журналист-жазушы, “Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы Жанат Елшібек екеуміз студент тілші ретінде белсене ат салысып жүрдік. 3-курстың 2-семестрінде “Қазақ кеңес әдебиеті” курсынан дәрісті Серік аға оқыды, өзі сол 1968 жылы әрі факультет деканы қызметінде. Аға әдетте лекцияға кешікпей келіп, іле дәрісін бастайды. Ара-тұра ептеп күлдіріп алып, артынан отырыс-тұрысыңды қатты қадағалайтын ұстаздарымыз да бар. Ағай сабақ барысында көлденең әңгімеге жоқ, студенттерге де артық ескертпе жасамайды, “Қалай тыңдап отыр екен” дегендей аудиторияға жиі шола, назарын тіктей қарап, дәрісін жалғастырады. Тақырыпқа сәйкес сан-сала фактілерді молынан келтіре отырып, 20-30 жылдардағы идеологиялық күресті, жаңа мәдениет, әдебиет қалыптастыру жолындағы тартыстар мен қиыншылықтарды жалпы кеңес әдебиетінің, қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихымен байланыстыра, егжей-тегжейлі әрі қызықты етіп баяндайды. Ұстаз жалпы дәрісте қамтылатын мәселелер ауқымынан еш ауытқымайды, арасында лекция мәтініне көз тоқтатып, тиісті үзінділер мен сілтемелерді келтіріп, талдаулары мен байыптауларын сол мысалдар мен фактілерге негіздеп таратып түсіндіреді, қандай әдеби құбылыс, фактіге, пікірлерге болсын өзіндік байлам-бағалауын нақтылы ашып айтады. Лекция барысындағы талдауларынан пікір-байыптауларынан, сыншылық ой, зерттеушілік зерде айқын танылып тұрады. Міне, дәрістің осындай нақтылығы, берік логикалық жүйеге құрылуы,

өзіндік сыншылдық, зерттеушілік сипаты студенттерді қызықтырып, лекцияда байыпталған негізгі мәселелерді жете аңғарып түсінуіне мол мүмкіндік туғызады. Лекция соңында ұстаз міндетті түрде студенттерді түгендеп, журналға қолын қояды. Мұның бәрі жауапкершілікпен астасып жатқан ұстаз ұқыптылығының белгісі.

Бір күні лекция соңында ағай студенттерден;

– Курста үш жыл бойы үздік оқып келе жатқан студент бар ма?, – деп сұрайды.

Курстастарым менің аты-жөнімді атайды.

– Ол қайда?

– Ағай, бүгін “Педагог” газеті шығады ғой. Ол Жанат екеуі типографияда, – дейді.

Ертеңіне курстастарым “Сәні декан ағай іздеді” дегесін, үзілісте жүрексiне деканның кабинетiнiң алдына келдiм. Жүрексiнбегенде ше! Есiмi, оқулықтары мектептен таныс, мақалалары газет-журналдарда үзбей жарияланатын ғалымның, деканның алдына бару оңай ма! “Неге іздедi екен?”, “Не бүлдiрiп қойдым?” деген секiлдi студентке тән әлде бiр ұрыншақ iшкi ой-сезiмдер де мазалайды. Кiре сәлемдесiп, аты-жөнімдi айттым. Деканат дегенiңiз қағазы көп мекеме ғой, ағай жазып отыр екен, маған қарады да:

– Сәні М.Әуезов атындағы атаулы стипендияға ұсынып отырмын. Жақсы оқитын бол, – деді сөзді қысқа қайырып. Сол сәтте ағамен бұл алғашқы тілдесіп танысуым келешекте ғылым, ұстаздық жолындағы шәкірттікке ұласатынын, ағаның қамқор алақанының жылуын алда талай рет сезінетінімді білген жоқпын, әрине...

Аспирантурада оқуыма ұлы Сәбеннің (Сәбит Мұқанов) шапағаты тиді (бұл жөнінде аға жазушы жайлы естелігінде айтқан), студент шақтан өзiм өнеге тұтқан Серiк аға ғылыми жетекшiм болды, Сәбеннiң басты туындысы – “Ботагөз” романының шығармашылық тарихын зерттеуге кеңес бердi.

Ағаның қарапайымдылығы-кісілігі деп есептеймін, қолмен жазғандарымды әлдежше рет оқып, байыпты бағыт берді, әлдекімдер құсап: “Неге бастырып әкелмейсің?” – деп қабақ шытқан емес. Соншалық жұмысбасты болса да, жазғаныңды 5-6 күнде оқып қайтарып береді. Қолжазбаны қарап отырып кейбір солақайлау сөйлемдерімнің “сәні” келіп қалғанын да байқадым. Ағаның қолжазбаны оқып отырғанда өзіне ұнаған тұстарына плюс, леп белгісін қоятын әдеті бар екен. Бұл талапты жасты демегені, шәкіртінің аяқ алысына қуанғаны, шынайы хакімдік болмысы деп ұғамын. Ғылымда қара үзіп, алға шықпасам да, аспирант, ізденуші шәкірттерім қолжазбаларын әкелгенде абзал ағадан көрген осы өнегені ұстануға тырысамын.

Ұстаздың адамгершілігін-кісілігін танытатын тағы бір ерекшелігі – оның алдындағы ағаларына, ұстаздарына және қаламдас замандастарына деген шынайы сыйластығы, әманда ағаларын ардақтап, қатарластарын құрметтеуі. Жуырда ғана жарық көрген ағаның “Өмір тағылымдары” атты (2006) естеліктер

кітабын оқып көріңізші. Кітаптың әр беті ағаларына, ақын-жазушыларға, ғалымдарға, ұстаздарына деген ізгі ілтипатқа толы. Мұндай сыйластық, құрметтеу “бас-басына би болуға” ұмтылған қазіргі заманда біз үшін де, кейінгі ұрпақ үшін де адамгершілік сабағы, тәрбие тағылымы іспетті.

Ағаның мұндай шынайы сезім сырларына, шынын айтқанда, біз, шәкірттері, бұрыннан да қанық болатынбыз. Серік ағаның, ұмытпасам, 70-жылдары болар, әйгілі ұстазы академик Қ.Жұмалиев жайлы жазған “Біз Қажымды не үшін жақсы көрдік?” атты мақаласы әлі есімде. Ұстазын турашылдығы, принципшілдігі, әдебиетке адалдығы, білімділігі үшін жақсы көргенін ағынан жарыла айтқан. Бұл дәл мінездеулер Серік ағаның өз болмысына да әбден лайықты.

Шәкірт сөзінің шындығын Қажекеннің оқулығын (9 сынып) түгелдей қайта толықтырып жазып, министрліктің қарсылығына қарамастан, ұстазын қосалқы автор етіп алып шығаруынан да көреміз. Бұл “ағалар шапағатын көп көрген адамның” (өз сөзі) ағалары, ұстаздары алдындағы парызын өтеуінің бір көрінісі ғана.

Көп жағдайда адамның өзінің өмір жолында өнегесін, жақсылығын көп көрген ұстазы, ұстаздары жайлы айтуы, жазуы орынды нәрсе. Ұстаздың қашан да орны бөлек, қадірі ерекше. Серік ағаның “Егемен Қазақстан” газетіндегі (22.04.06.) сұхбатында әдебиет, ғылым майданындағы ұстаздары, қаламдас ағалары, замандастары жайлы ақжарма көңілмен сыр шертуі қандай жарасымды! Ұстаз сұхбатында шәкірттері хақында да соншалықты сүйіспеншілікпен әңгімелеген. Бұны өз басым ұлы ұстаздықтың, ұлық кісіліктің белгісі, өнегесі деп түсіндім. Ұстаздың атап өткен шәкірттері қатарында болғанымды мақтаныш көремін. Шәкіртім деп ылғи да қамқорлық назарына алып жүрген ұстазымның түрлі себептермен үлкен үмітінің үдесінен шыға алмай жүргенім ғана өкінішті...

Ұстаздың ғылымдағы ізбасар шәкірттері туралы сөз қозғау оның ғылыми мектебі жайлы мәселемен тығыз байланысты.

Авторы есімде қалмапты, республикалық басылымдардың бірінде бірер жылдар бұрын жарияланған бір мақалада қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік мектебі бар ғалым ретінде академик З.Қабдолов есімі аталынды. Бұған кімнің дауы бар? Көзі тірісінде-ақ ғылыми қауымға көрнекті ғалым, ал қалың оқырманға талантты қаламгер ретінде танылғаны ақиқат қой. Шындығына келсек, бүгінгі аға буын әдебиетші ғалымдарымыздың қай-қайсысының да ғылымда сараланған жолы, дараланған тұлғасы бар, бұл олардың ғылыми мектебі бар деген сөз.

Академик С.Қирабаев сын мен әдебиеттану салаларында міне 60 жылға жуық белсенді, жемісті шығармашылық еңбек етіп келеді. Шәкірттер – ғылым кандидаттары мен докторларын даярлаған, әр кезеңдерде кафедра меңгерушісі, ғылыми-зерттеу институтының директоры, бөлім меңгерушісі, кандидаттық, докторлық диссертациялық кеңестер төрағасы ретінде де талай ғылыми жобалар мен идеялардың тууына және олардың шәкірттерінің ізденістері

арқылы жүзеге асуына жетекшілік еткен, бағыт-бағдар берген, сөйтіп, ұлттық әдебиеттану ғылымының өркендеуіне, өзекті, тың проблемалардың зерттелуіне, орындалуына басшылық жасап келе жатқан жетекші ғалымның бірі.

Кейінгі естелік кітабында “Мен өмір бойы атак, даңқ іздеген адам емеспін” деп ақиқатын өзі айтқандай, “Егемендегі” сұхбатында сұраққа орай ғылымда өзі баулыған шәкірттерінің біразын атағанымен, қарапайымдылық қағидасын қатты ұстанған Ұстаз баз бірсулер құсап кезде керіп “мектебім бар” демеген. Керісінше, шәкірттерін мақтаныш көретінін айтқан. Ұлық болсаң, кішік бол, ұлылық көрінісі – қарапайымдылық деген халықтық қағидаттардың ақиқаты да, шынайы көрінісі де осы болар, сірә!

Академик С.Қирабаевтың ұзақ жылдарғы ғылыми-зерттеушілік еңбегі – сан-салалы әрі барынша жемісті. Ол бірсыпыра көрнекті қаламгерлердің шығармашылықтарын алғашқы болып зерттеп, монографиялар шығарып, төл әдебиеттану ғылымында көбеевтанудың, мұстафинтанудың, сәкентанудың негізін қалаған ғалым. Академиктің сәбиттану, абайтану, жүсіпбектану салаларындағы іргелі ізденістері де қоғам, ғылыми жұртшылық тарапынан лайықты бағаланғаны мәлім.

Ғалымның педагогика саласындағы еңбектері де республикаға, ТМД-ға танымал. Оқулық жазу ісіне сонау 50-жылдардан бастап ат салысқан педагог-ғалым содан бері орта және жоғары мектептерге арналған көптеген байырғы, тұрақты оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы ретінде танылды, жаңа буын оқулықтар жазуға да қатысты, мектептік әдебиет пәнінің жаңа бағдарламаларын даярлауға жетекшілік жасады.

Ғалым әдебиетке, әдеби процеске сыншы ретінде ат салысып, әдеби жұршылыққа дарынды сыншы ретінде танылған тұлға. Қазақ әдеби сынының қалыптасу тарихында Серік ағаның өзіндік соқпағы, сыншылық дәстүрі бар деп ой түйеміз.

Көрнекті ғалымның тікелей ғылыми жетекшілігімен орындалып, қорғалған бір ортақ өзекті ғылыми проблемаға арналған бірсыпыра кандидаттық, докторлық диссертациялық еңбектер нәтижесінде төл әдебиеттануда жаңа ғылыми зерттеу саласы туып, қалыптасып келеді деуге толық негіз бар. Ол – көркем туындының шығармашылық тарихын зерттеу мәселесі. Кенжелеу қалған бұл салада бүгіндері оншақты кандидаттық, бір докторлық диссертациялар қорғалған.

Академиктің шәкірттері бүгінде республикаға танымал әдебиетші ғалымдар санатында, олардың қатарында ғылым докторлары, ЖОО проректоры, кафедра менгерушілері, ғылыми-зерттеу институттарының бөлім менгерушілері кандидаттық диссертациялық кеңес төрағасы, докторлық кеңес мүшелері бар. Ғалым ағаның доктор шәкірттерінің алды (филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ісімақова) өзінің алғашқы шәкіртіне докторлық диссертация (Г.Пірәлиева) қорғатып үлгерсе, бірсыпырасы докторанттарға жетекшілік жасауда. Ұстаз өңгесі, ұстаз тағылымының жалғастығы дегеніміз осы.

Сексеннің сенгіріне сергек жеткен ұлағатты ұстазыма айтар тілегім: қаламыңыз мұқалмасын, деніңізге саулық берсін, аяулы жарыңыз - қазақ қыздары арасынан дараланып шыққан көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі, география ғылымдарының докторы, профессор, байырғы ұстаз Әлия Сәрсенқызы екеуіңіз замандастарыңыз бен шәкірттеріңіздің шынайы құрметіне, “аталаған” “әжелеген” нәмерелеріңіз бен шөберелеріңіздің шуақты шуылына бөленіп, ұзақ ғұмыр кешіңіздер.

Жұмат Тіленов

ДҮНИЕДЕГІ НАҒЫЗ БАҚЫТТЫ АДАМ

Ет жақын туысың емес, не қаршадайыңнан бірге өскен қимас дос, жолдасың емес, бірақ, жиі-жиі есіңе алатын аяулы адамдарың болады. Мен үшін сондай санаулы аяулы азаматтардың бірі – Серағаң, академик Серік Смайылұлы Қирабаев.

Кеңес одағының соңғы басшысы М.С.Горбачевтің билік басындағы кезі. Демократия заманы туды деп талайлардың жаңа дәуірге үн қоспақ болып талпынып жатқан тұсы. Республиканың біраз мекемелері өздерінің басшыларын баламалы сайлау тәртібімен сайлап жатқан мезгіл. Сондай ретпен 1988 жылдың күзінде Қазақстан ұлттық ғылым академиясының институттарында да сайлау жүріп жатты. Мұның өзі кімнің кім екенін тануға мүмкіндік беретіндей жағдай еді. Өйткені, қалай дегенде де, көптің таңдауының жөні бөлек. Бұл – бір жағынан қалаулысын таңдап алатын елге сын, бір жағынан көптің талқысына кандидатурасын ұсынып отырған азаматқа сын. Олай болатын себебі – қанша жақсы болса да біреу ұнатқан адамды біреу ұнатпайды. Біреудің тәуір деп бағалаған ғылыми еңбегің, екінші адам басқаша бағалайды. Қысқасы осындай демократиялық еркіндік тұсында жұртшылық өздерінің ертеңгі күні тағдырын таразыға тартатын басшысын сайлау үшін қызылмай болып шапқылап жатқан шақ. Бұрын бір-біріне жап-жақсы қатынаста жүрген адамдар бұған дейін демократиялық таңдау дегенді көрмегендіктен қаралай шамданып, теріс қарасып жатқан жағдайдан да құралақан емес. Тіптен, бастықтыққа жетудің жолы осы екен деп, ұзын жолдың үстінде ұстазымен текетіресіп жатқан шәкірттер де бар. Осындай тұста М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымы жарысқа түскен белгілі-белгілі деген бес әдебиетші ғалымның ішінде Серік Смайылұлын өздеріне басшы болуға лайық деп таныды.

Өздері қалаған адамдарын өткізе алмағандардың біразы абыржудан да құралақан емес. Кейбіреулер “мына жаңа келген кісі, ана адамға қалай болар екен” деп те айтып қояды. Бірақ, Серағаң өзі басшы болып келген ұжымның ішіндегі осы қобалжуды тез басты. Мекеменің алғашқы бас қосқан жиналысында, өмір болған соң кешегідей сайлау тұсында біреуге біреудің іштартпай тұрмайтынын, бірақ соған бола еңбек ұжымының ынтымағын ойлайтын басшы ретінде өзінің

біреуді жақын тартып, біреуді жатырқамайтынын анық айтып жеткізді. Және ол осы айтқан сөздерін шамасы жеткенінше орындай білді.

Ол кезде сонау отызыншы-елуінші жылдардың тұсында жазықсыз жазықты болып қудаланған қалам қайраткерлерінің, өткен ғасырлардағы елі үшін еңірегінде етегі жасқа толған ақын, жыраулардың “кертартпа”, кереуыз пікірлі, қоғам үшін де, отан үшін де зиянды деп, келінген шығармаларын оң көзбен қарап, халқына қайтару жолында қызу жұмыс жүріп жатқанды. Серағаң өзіне бұрыннан таныс осы жұмысқа келісімен батыл кірісіп кетті. Санкт-Петербург (Ленинград), Москва, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы секілді қалалардың кітапханалары мен архивтеріндегі материалдарды сүзіп қайту үшін Мақсұт Шафиғи, Сәрсенбі Дәуітовтер бастаған бірсыпыра ғылыми қызметкерлерді іссапарға аттандырды. Республика кітапханалары мен архивтеріндегі бар мәліметтер де қайтара қаралып, қысқасы қазақтың соңғы жарты ғасыр ішінде жоғалтқан жоғын түгендеу де жедел түрде қолға алынды. Бұл істен Серағаңның өзі директорлыққа келгеннен кейін шақырттырып алдыртқан Қойшығара Салғарин, Дихан Қамзабек, Тұрсын Жұртбаев секілді жас күштер де, бұрыннан мекемеге еңбегі сіңген Қабиболла Сыдиықов, Мұхаммедрахым Жармұхаммедов, Үшкілтай Сұбханбердина, Талатбек Әкімов сынды азаматтар да сырт қалған жоқ. Соның нәтижесінде Шәкәрім Құдайбердиев пен Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов пен Ғұмар Қараш, Әбубәкір Кердерілердің әуелі таңдамалы, артынан толық шығармаларының жинақтары шығуына мүмкіндік туды. Бұл авторлар мұрасы жайлы ғылыми зерттеу мақалалар, жекелеген монографиялар жарық көрді. Сондай монографияның бірі – профессор Шерияздан Елеукеңовтің Мағжан Жұмабаев туралы еңбегі республика мемлекеттік сыйлығына ие болды. Мемлекеттік сыйлық дегеннен шығады, сол жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Жұмағали Ысмағұлов, Қайым Мұхаметханов, Мекемтас Мырзахметов бар бірсыпыра көшбасшы ғалымдары Ұлы Абайдың 150 жылдық мерекесіне орай шығармаларының академиялық басылымын дайындаған еңбектері мен зерттеу монографиялары үшін Абай атындағы Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұлардың сыртында Серағаң 1995 жылы Жүсіпбек Аймауытов туралы республикадағы тұңғыш ғылыми зерттеу кітабы үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды.

Серік Смайылұлының сол жылдары жұмыс барысында ел байқаған өзіне тән бірнеше ерекшелігін осындайда атап өту қажет сияқты. Біріншіден, ол жұмысқа қабілеті бар адамдарды жеріне, жасына қарамай жалақысын өсіріп, бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер, ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, институт директорының орынбасары, мекеменің ғалым-хатшысы секілді лауазымдарға жоғарылатып отырды. Солардың ішінде бүгінде белгілі-белгілі қызметтерге ие Бейбіт Мамыраев, Шәкір Ыбыраев, Ақселеу Сейдімбек, Құлыбек Ергөбеков, Дихан Қамзабек, Тұрсын Жұртбай, Серікқазы Қорабай,

Бекен Ыбырайымов, т.т. бірсыпыра азаматтар бар. Солардың ішінде өзім де бармын. Осы аталған кісілердің қай-қайсысы да Серағаң басқаратын ғылыми кеңесте докторлық қорғады. Қызмет жағдайлары да ілгерілі-кейінді дегендей сатылап көтерілу үстінде.

Екіншіден, институттың ғылыми кеңесінде қаншама көп мәселе қаралатын болса да, солардың барлығын, қалайда болсын, түскі үзіліске дейін үлгеріп, аяқтап шығатын ерекшелігі бар-ды. Және сол кеңеске қатынасқандардың қай-қайсысының да көңілінде: “әй әттеген-ай, ана мәселе жеріне жеткізіліп айтылмады-ау” дейтіндей күптілік, күдік қалмайтын-ды. Оның үстіне кейде сондай күндері біреулердің қазасы, біреулердің қуанышы дейтіндей тіршілік жайлары қатар келіп қалатын тұстар болса, бір ғажабы ол соның барлығына да үлгеретін. Серік Смайылұлының сондай ерекшелігіне марқұм академик ағамыз Зәки Ахметұлының танданыспен сүйсіне отырып: “жоқ, бұл – Серағаң солай. Бәріне де үлгереді. Бір-біріне қатар келіп қалатын жабырқаулы шаңырақ иелерінің шаруаларына қатынасып, қайғылы жандардың көңілдерін демдеп, той иелерінің шақырған жерлеріне де төбе көрсетіп, қуаныштарына ортақтасып қайта алады. Ал бұл біздің қолымыздан келмейді. Сондықтан осындай жайлар қосақталып келетін тұстарда біреуіне қатынасып, екіншісінен жағдайымызды айтып, ұлықсат сұрап, кешірім өтініп жатамыз. Мұндай қабілет мен білген жерде Серағаңда ғана бар. Сондықтан да болар оның араласатын адамдарының құрамы мол”.-деп айтқаны бар-ды.

Үшіншіден, Серағаң сырт көзге көбінесе салқындау, суықтау сияқты болғанмен, шын мәнісінде қайырымды да, мейірімді адам. Серағаңның бұл қасиетін мен жастай талай адамдар мен араласып, әдебиет пен өнердің Мұқан, Сәбең, Ғабен, Ғабекен секілді ақсақалдарының тәлім-тәрбиесін көріп, ел тізгінін ұстаған небір адамгершілікті ту еткен азаматтардың күнделікті тіршілік пен қызмет барысындағы іскерліктері мен кісіліктерінен алған сабағының нәтижесі шығар деп білем. Бәрінен бұрын Серағаң кісі танитын азамат. Өзі жұртқа жар салып айтпағанмен, кімнің кім екенін жақсы айыра біледі.

Тегінде, Серағаң табиғатында батыл, ер мінезді адам. Оның бұл қасиеттеріне анау жылдары ержеткен азамат ұлы мен туған інісі қайтыс болған кезінде маңында болған адамдардың көзі толық жеткен. Бір жолы Серік Смайылұлынан жасы жағынан іні, мамандығы жағынан жақын, елдің бәрі білетін жоғары қызметте жүрген азаматтар туралы біреулер пікір суыртпақтап сөз тартып отырды. Сонда Серағаң: “ай, бізге қазір сол жігіттердің қабылдауына барудың өзі проблема болып қалды-ғой”.-деп, ойланатын жұртқа бір жайдың шетін шығарғаны бар-ды. Осы әңгіменің тұсында бір кісілердің қабағымен, соны неге айттыңыз, мына жердегі отырған кейбіреулер сөз тасып жүрмей ме, деген ыңғайын да байқағанбыз. Ал, Серағаң болса, сол сөз таситындар болса “жеткізсін, елдің соның ішінде менің қазір олар туралы пікірім осындай екенін”.-деп отырғанын көпшілік аңғармай қалған жоқ.

Ғылыми мекеме болған соң қызметкерлердің кітапханада, архивте жүріп қалатын кездері болып тұрады. Серік Смайылұлы осындай жайларды ескере келіп, институтқа директор болып келгеннен кейін, ертеңгілік қызметкерлердің жұмысқа шыққандығын растап қол қоятын журналын артық деп тапты. Өйткені, бұл демократиялық заманында әркімнің артына бақылаушы қойылғандай етіп көрсететін ыңғайсыз жай болатын. Содан ел қуанды. Рахметтерін, ризашылықтарын талайлар бір-біріне естіртіп айтып жүрді. Арада үш-төрт жыл өтті. Алғашқы айлардағыдай емес, біраз адам еркінсіп, ғылыми кеңестің өзіне кешігіп келетін, іздей қалған жағдайда не кітапханадан, не архивтен, не үйінен таптырмайтын, ұлықсат сұрамай, ескертпей-ақ іссапарларға, өз шаруаларына бірнеше күнге қаладан кетіп қалатын жайлар етек ала бастады. Бұл жағдайлы алғашқы да ұжым мүшелері бас қосқан тұста Серағанның өзі еңбек тәртібі мәселесін сөз етіп, құлаққағыс қылып жүрді. Бірақ, одан жағдайдың өзгергені шамалы. Содан бір жолы еңбек тәртібіне байланысты арнайы жиналыс болды. Сераға сонда қызу сөйледі. Мекеме қызметкерлерінің осы кезге дейінгі байыппен, байсалдылықпен айтылған еңбек мәселесіне байланысты сөздерге құлақ аспағандығын, сондықтан осы тарапта шектен шыққандарға сөгіс, ескерту жариялай отырып, мұнан былай баяғы өзі алдыртып тастаған журнал тәртібін қайта кіргізетінін, жұмыста болмаған кісілердің сол күнгі еңбек ақысы ұсталып қалатындығын айтып, бұйрық бергелі отырғанын мәлім етті. Жұрт сілтідей тынып қалған. Директордың принципке кетсе, айтқанын орындамай қоймайтын мінезін білетін өзі құралыптас сөзі өтетіндері: “осы жолы, ақырғы ескертуіңіз болсыншы, ұжымның тәртібін өзіміз қолға алайық, Сераға, Секе, Серік Смайылұлы” деп, жік-жапар болып жалынып жатыр. Сераға: “Жоқ, ұжым мені түсінбесе, мен неге олардың осындай бейбастақтығына көнуім керек” деген мағынада айтқанынан қайтпайтындығын білдіріп, қатулы жүзін жылытпай біразға дейін отырып қалды. Бірақ, сол жолы да көпті көрген ел ағасының қылығын көрсетті. Замандастарының тілек-өтініштерін аяқ асты ете алмай, “жарайды, мен бұл жолы да сіздердің сөздеріңізді ескерейін” деп Зәки Ахметов, Мүсілім Базарбаев, Шерияздан Елеуқенов, Рахманқұл Бердібаев, Шота Уәлиханов, Бағыбек Құндақбаев секілді ағаларымызға қарап, дайындалып қойылған бұйрыққа қол қоймай кідіргені бар-ды.

Мұнан кейін ұжымның еңбек тәртібі біраз жақсарды. Оны сол жылдары кәсіподақ ұйымының төрағасы болып жүріп өз көзімізбен көрдік. Бірақ, сол өтпелі кезең аталатын жылдарда мекеменің ішкі проблемалары шаш етектен болатын. Бәрінен бұрын үй мәселесі, жатақхана мәселесі қиын еді. Сераға осы жатақханаға байланысты академия басшыларына талай өтініштер, ұсыныстармен шығып жүрді. Соның арқасында бірсыпыра жастардың қолы жатақханаға жетті. Сосын сол жылдары мекемеге қаржы табу жайы күн тәртібіндегі басты мәселе болатын. Бұл жолда ол өзі танитын біраз адамдармен ақылдасып, тығырықтан шығу жолдарын қарастырып жүрді. Бірақ, рыноктық қатынастарға, жаңа жағдайға бейімделіп үлгермеген елдің

ол кездегі адамдарынан айта қаларлықтай экономикалық, қаржы мәселелерін шеше қоярлық тапқырлық күту қиын болатын. Әйтсе де, ол қарамағындағы қызметкерлердің туған күнін елеусіз қалдырмайтын, өлім шаруаларына жәрдем беруді ешқашан уақыттың ауыртпалығына сілтеп, сырғақсытпайтын. Ал, өмірден ертерек кеткен Айқын Нұрқатов, Әнуар Дербісәлин, Мырзабек Дүйсенов секілді жолдастарының үлкенді-кішілі шаруаларына батыл араласып жүрді. Газет, журналдарға мақалалар жазып артында қалған еңбектерін баспадан шығартуға көп қайрат етті.

Мекеме болған соң адамдардың бір-бірімен алақөз болатын, араздықтары өрши келіп, жұрт көзіне түсетін жағдайлары да болып тұрады. Ондайда Серік Смайылұлы әлгі адамдардың бірін бауырына тартып, бірін кеудесінен итеріп жатпайды. Қайта солардың жарасқанын қалап, олардың пенделік қылықтарының өзіне түсіністікпен қарайды.

Бір жолы сондай кикілжің күйде жүрген жас мамандардың араздық әңгімелеріне менің куәгер болғаным бар. Бірақ Серағаң соларды осы қылықтары үшін маңынан жүргізбей қойған жоқ. Екеуінің де докторлық жұмыстарына ғылыми кеңесші болды. Қазір екеуі де білдей профессор.

Бір қарағанда тілін безеп сөйлеуге құмарлығы жоқ Серағаң, керекті жерінде алыстан толғап шешен сөйлей де біледі, өзіне тән әдемі юморымен тыңдаушыларын күлдіре де біледі. Соның бір мысалы, 1997 жылы академияның ғалымдар үйінде Серік Смайылұлының 70 жылдығына орай үлкен ғылыми жиын болды. Адам көп жиналды. Кілең ересек кісілер. Сол жолғы оның қағазсыз, толғана, шебер сөйлеген сөзіне риза болмаған адам жоқ.

1988 жылы Серағаңның М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып сайлануын алғашында әркім әртүрлі көңіл күймен қарсы алғандығын жоғарыда айттым. Орта мектепте оқулығын оқып, бертініректе Спандияр мен Сәкеннен бастап, жалпы қазақ әдебиетіне, әсіресе оның кеңестік дәуірдегі кезеңіне қыруар еңбек сіңірген ағамыз екенінен хабардарлығым болмаса, мен ол кісіні жақсы білмейтін едім. Сондықтан ол мекемеге басшы болып сайланған жиналыста өзгелерге ұқсап, жанына барып, қуанышты екенін білдірген топтың да ішінде болғаным жоқ. Әрине, жағдайыңды кейбір түсінетін азаматтар: “жалпы, бұл кісі бұра тартары жоқ ғалым. Обал, сауап дегенді біледі. Саған да жаман болмайды”-деп көңілімді көтерген болады. Бірақ, соған мен қатты сенгенім жоқ.

Көп ұзамай Әнуар Дербісәлин марқұмның 60 жылдығын М.Әуезов атындағы музейде атап өту болды. Әнекең Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болған белгілі ғалым, менің бұрынғы бастығым, бұрынғы ғылыми жетекшім, бірақ, мен ол кісінің кезінде қорғап үлгере алмадым. Кандидаттық еңбегімді қазақ қыздарынан шыққан үлкен оқымысты Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның жетекшілігімен қорғағам. Ол заманда ғылым соңында жүрген қатардағы кандидаттың шығар шыңы болмағанмен, көбінің

қолым жетсе ғой деп қиялдайтыны аға ғылыми қызметкерлік лауазым. Мен де, әрине, ол жоқ. Және сол мансап жарықтық жуық маңда қолыма түседі-ау деп те ойламаймын. Өйткені, заман белгілі. Барлық нәрсе өлшеулі. Аға ғылыми қызметкерлік тұрмақ, кіші ғылыми қызметкерліктің өзінің штаты жоғарыдан беріледі деп айтады... Басқа жаққа кете қоюға да шақырып жатқан жақындарым жоқ. Білгіштер айтады: “География сәйкеспейді,” деп. Бірақ, биографиям жаман емес. Еңбек жолымды жұмысшы болып бастап, Қазақ мемлекеттік университетін бітіргенмін. Бітірер-бітірместен сол кездегі бірегей газет “Лениншіл жасқа” жұмысқа тұрып, одан Қытаймен Кеңес өкіметі жауласқан тұста бір жыртыққа тығын болама деп, әскерге шақыртып, Кеңес одағының ең бір аязы қатты жері Шығыс Сібірде, Қытаймен шекарада екі жыл үлгілі полктың үлгілі взвод командирі болып қызмет етіп қайтқанмын. Содан саяси журналда, “Қазақстан” “Жалын” сияқты баспаларда ұзақ жылдар әркімнің қолжазбасын редакциялап, кітаптарын шығарып, “ит өліп, есек қырылғанда” жұмыс орнымнан пәтер алып, Қабиболла Сыдиықов деген ағамыздан Әдебиет институтының өзі істейтін бөлімінде бір кіші қызметкердің орны бар екенін естіп, сол кездегі мекеме бастығы марқұм Әди Шәріповтің рахымымен келген жерімде істеп жүргем... Директорлар келеді, кетеді. Көздеріне іліп, неге демеп жібермейді екен деп, өкпелеуге де болмайды. Көздеріне ілінуің үшін қойнынан кіріп, қонышынан шығатын “ақылды” болуың керек. Ондай “ақылды” бізге күдай бермеген..

Сонымен Әнекен марқұмның өмірге келгеніне 60 жылдығын атап өту жиыны өтіп жатыр. Жиналысты директордың өзі жүргізуде. Ғылыми баяндамадан кейін де бірсыпыра шешендер сөйледі. Арасында консерваториядан келген Балмағамбетов бастаған өнерпаздар күй тартып, жыр жырлап, ән айтады. Ең соңғы болып мен сөйледім. Жұрт жақсы қабылдағандай болды. Осыдан кейін неге екенін білмеймін, Серағаң маған іш тартып, жылы ұшырайтын болды. Мекеменің ішінде болсын, көшеде болсын жүздесіп қалғанда мені жазбай танитын болды. Содан көп ұзатпай аға ғылыми қызметкерлікке өткізді. Жыл аяғында өтетін кәсіподақтың есеп беру жиналысында ұйымның төрағалығына сайлатты. Енді бір жолы басшысыз қалған “Жамбылтану және халық шығармашылығы” бөліміне меңгеруші етіп тағайындады. Бір жолы “докторлық диссертацияңды тездет” дейді. Содан біткен жұмысымды институт Ғылыми кеңесінде талқылататын болғанда өзі оқып шықты да, бірінші оппонент болуға келісімін берді. Оппонент болды. Өзінің дуалы аузымен еңбектің құндылық жағын баса көрсетіп, ғылымға үлкен дайындығы бар маман келіп отыр дегендей лебіз білдірді. Қарап тұрсақ, осының бәрі бір адамға жасалған қамқорлық!..Шексіз қамқорлық. Шексіз қайырымдылық. Ал, Серағаңның ыстық ықыласына бөленіп, ағалық қамқорлығын көрген мендей жан қанша ма? Көп, өте көп. Солардың қай-қайсысы да бүгінгі таңда бір шаңырақтың астында жарты ғасырдан астам жұптары жарасқан қос аққудай болып өмір кешіп, 80 мен 75-ке қатар келіп отырған қазақтың ардагер ұлы мен қызы, қос академик Серік

Смайылұлы мен Әлия Сәрсенқызын жарық дүниедегі ең бір жайсаң жандар деп біледі. Шын жүректерімен бақытты ұзақ өмір тілейді. Олардың ғылым саласындағы ерлігің, жан баласына жасаған мөлшерсіз қайырымдылығын кісіліктің, азаматтықтың үлгі-эталоны ретінде мүмкін болған жердің бәрінде де ауыздарынан тастамай айтып жүреді. Осы арқылы олар бұл адамдарға деген елінің ықылас-пейілін аударады. Ал, елдің ықылас-пейілі, ақ адал тілегіне ие болған жандар дүниедегі нағыз бақытты адамдар болса керек-ті.

Теңізбай Рахымжанов

ДАРЫНДЫ СЫНШЫ

Бүгінде ер адам үшін кемеңгер жас – сексенге толып отырған, еліміздің біртуар ұлдарының бірі, белгілі әдебиетші, ғалым және сыншы, академик Серік Қирабаевтың бүкіл саналы ғұмыры мен шығармашылық жолы әдебиеттану ғылымы және сөз өнерін саралау жанрымен тікелей байланысты. Институтта оқып жүрген кезінен бастап сыни мақалаларымен көріне бастаған ол ой өрісі кеңіп, қаламы төселе келе Ғ.Мұстафин, С.Көбеев, С.Сейфуллин творчествосы туралы көлемді монографиялар, орта және жоғары мектептерге арналған оқулықтар, оқу құралдарын жазды. Сөйтіп, оқырмандар мен әдеби қауымға зерттеуші-ғалым ретінде ерте танылды. Десе де, С.Қирабаев – әдебиеттің жауынгер жанры – сынға белсене атсалысып, осы салада өлшеусіз еңбек сіңірген көрнекті қаламгер. Сондықтан да біз ғалым, сыншының осы жанрдағы елеулі еңбектеріне эстетикалық шолулар жасасақ орынды.

Сын жаңа көркем туындыны эстетикалық кең ауқымда, ғылыми тұрғыда әділ бағалау керек. Осы ретте С.Қирабаевтың “Әдебиет және дәуір талабы” кітабына енген “Биік талаптар”, “Ілгерілеу жолы – ізденіс” атты көлемді мақалалары жалпы мәдени-эстетикалық даярлығы мол оқырмандардың ойынан шыққан еңбектер болып табылады.

Автордың көркем туындыларды талдаудағы ұстанған негізгі нысанасы: қоғамдық болмыс пен өмірлік танымның ақиқаттығы, қаһарманның іс-әрекетінің әлеуметтік-психологиялық тереңдігі сияқты күрделі проблемалар. Сыншы қазақтың көрнекті сөз шебері Ғ.Мүсіреповтың “Ұлпан” повесіне тиянақты тоқталады. С.Қирабаевтың пайымдауынша, Ұлпан – талай уақыттан бері босағасы солқылдамаған феодалдық қоғамға сыншылдықпен қарауға икемденген ақылды әйел ғана емес, халық ортасынан шыққан ақылгөй ана, ірі қоғам қайраткері. Сондықтан Ұлпан трагедиясы – мешеу қоғам мен озық ойлы адам арасындағы ымырасыз қайшылықтардан туған әлеуметтік трагедия. Ғ.Мүсірепов өз шығармасында осы концепцияны берік ұстанып, Ұлпанның жеке өмірі мен қоғам өмірін қатар суреттей отырып, нағыз реалистік шығарма тудыра алған.

С.Қирабаев, сондай-ақ, Т.Ахтановтың “Шырағың сөнбесін” Б.Соқпақбаевтың “Өлгендер қайтып келмейді”, Ә.Кекілбаевтың “Махаббат мұнарасы” романдары мен С.Шаймерденовтың “Ашу” повесіндегі сәтті ізденістерді тап басып түбегейлі сипаттаған.

Ол Сәкен Сейфуллин хақында пайымдағанда, күрескерлік асқақ рухқа толы, серпінді де серіппелі ақын поэзиясының эстетикалық мәніне тоқталумен шектелмей, оның сыншылық, ғылыми-теориялық еңбектеріне, үлкен жүректі ұстаздық қызметі мен адамдық ірі қасиеттеріне де тоқталады.

Жалпы, белсенді сынның міндеті: өскелең әдебиетке эстетикалық жоғары талаптар тұрғысынан қарап, ондағы реализм принциптерінің дұрыс шешілуіне бағыт-бағдар сілтей білуінде ғой. Өресі биік, талғамы жоғары сын әдеби шығарманың идеялық-көркемдік сапасын анықтап қана қоймай, онда қоғамдық мәні бар ой-пікірлер, терең де сындарлы философиялық толғамдар ортаға тартылады, қазіргі әдеби процестің болашағына жөн-жоба сілтейді. Соның айқын бір көрінісін Серік Қирабаевтың “Шындық және шығарма” деп аталатын еңбегінен көруге болады. Сын кітабы “Проблемалар, ізденістер”, “Өткендер өнегесі” “Замандастар жайлы сөз” деген үш тараудан тұрады.

С.Қирабаев – қаламы ұшқыр, сергек сыншы. Ол әр жылдардағы әдеби процестегі айта қаларлықтай елжулі құбылыстарға дер кезінде үн қосып отырады. Соның бір мысалын кітаптағы “Поэзиядағы азаматтық әуен” “Ең бастысы – адам” “Сын жүгі” деген көлемді мақалалардан көруге болады. Бұл мақалаларда әдебиеттің проза, поэзия, сын тәрізді үш жанры сөз болғанымен, әр саланың өзіне тән сыры мен сипаты жан-жақты талданған. Бірінші мақалада сыншы Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев сияқты тарлан ақындардың поэзиясындағы жарқын романтикаға, асқақ пафосқа құрылған азаматтық әуенге тоқталады. Мұнда ол өзіндік қолтаңбасы, жазу стилі, поэтикалық бояуы, көркемдік құралы әрқилы осы ақындардың өмірдің көкейкесті проблемаларына арналған өлеңдерінің басты қасиеттерін ашып көрсетеді. Бұл ақындардың азаматтық тақырыпқа арналған өлеңдерінде ой мен сезім, эпикалық кең құлаш, публицистикалық өткірлік, философиялық ой түйіні біте қайнасып жататынын нақтылы мысалдармен дәлелдейді.

Сыншы қоғамның даму сатысымен қатар дамып отыратын әдеби процеске жіті үңіліп, сергек үн қатып отыруды дағдыға айналдырған. Осы орайда сыншының республикалық “Жұлдыз” журналының беттерінде өткен ғасырдың 70-80 жылдары жарияланған прозалық шығармаларға шолуы назар аударарлық. С.Қирабаев мұнда сол кездегі қаламгерлердің дүниетанымдық өресін, мәдени эстетикалық даярлығын, тіпті талантының да қуат-күшін танытатын басты фактор – тақырып таңдай білуіне, сол кезеңдегі өмір шындығына арналған көркем туындылардың көтерген мәселелеріне тоқталады. М.Сәрсекеевтің “Жарылыс” Б.Тілегеновтың “Уақыт” К.Ахметбековтың “Ақ дала” Р.Сейсенбаевтың “Өмір сүргің келсе...” деп аталатын романдарына талдау жасай отырып, бұл жазушылардың шығармаларында қозғалатын адамгершілік

пен күншіл пасық сезімнің ара жігін, шын даңқ пен құр дақпырттың арасын, нағыз шындық пен алдамшы көз бояушылықтың шекарасын жан-жақты ашып көрсетеді. Сонымен бірге сыншының Қ.Найманбаевтың “Көкем екеуміз” М.Мағауиннің “Мәңгілік күй” Д.Исабековтың “Біз соғысты көрген жоқпыз” Қ.Мұхамбетқалиевтің “Ескі достар” сияқты повесть, әңгімелерінде көтерілетін моральдық, эстетикалық, адамгершілік проблемалары хақында айтқан пайымдаулары байыптылығымен, фактілердің дәйектілігімен иландырады.

Ал “Сын жүгі” деп аталатын мақаласында ғалым қазіргі сын жанрының жай-күйін, оның жалпы әдеби процестегі алатын орнын, эстетикалық мақсат-мұратын белгілі ғалым, сыншылар М.Қаратаевтың, Р.Бердібаевтың, Ш.Елеукуеновтың еңбектерінің негізінде, танымал жазушылар Ғ.Мұстафин мен Ә.Нұрпейісовтің әдебиет туралы өздерінің творчестволық лабораториясынан, жазушылық іс-тәжірибесінен алып жазған ой-толғамдарына сүйеніп отырып, сынның көтеретін жүгі мен міндеттері туралы тың пікірлер түйіндейді.

Академик С.Қирабаев көп жылдардан бері жоғары мектептерде дәріс беріп, әдебиеттің жас мамандарын дайындап жүрген ұстаз адам.

Жоғары мектептің оқу жүйесінде арнайы курстар мен семинарлардың маңызы зор. Әсіресе, әдебиет туралы семинарлар филология факультетінің жоғары курстарының студенттеріне әдебиет тарихының белгілі бір кезеңдерін, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығын түбегейлі танып, білуге көмектеседі. Студенттердің өз бетімен ізденуіне, әдебиетке деген эстетикалық көзқарасының қалыптасуына, ғылыммен айналысуына төселдіреді. Осы орайда, ғалым-педагог Серік Қирабаевтың қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен творчествосы туралы жазған семинарийі әдебиеттану ғылымы саласындағы тың үлес болып табылады.

Кітаптың алғашқы бөлімі “С.Сейфуллиннің өмірі мен творчествосының зерттелуі тарихынан” деп аталады. Бұл бөлімде автор ақынның өмірі мен творчестволық жолын түрлі аспектілерге бөліп қарастырады. Соның даудамайы көп, елулілерінің бірі – жиырмамыншы, отызыншы жылдары ақын поэзиясы хақында жазылған, айтылған сын пікірлер.

С.Сейфуллин творчествосын зерттеудің жаңа кезеңі елуінші жылдардың екінші жартысынан басталады. Бұл дәуірде Сәкеннің өлең, поэмалары мен прозалық шығармаларының жеке томдары (1960-1964), алты томдық шығармалары жарық көруіне байланысты оның творчествосын зерттеу дұрыс жолға қойылды.

“Ақын болу шарт емес, азамат болу парызың” деп ұлы ақын Некрасов айтқандай, Сәкен есімі – ел есінде сақталған ардақты есім. Сондықтан ол әдеби образ болып көптеген драмалық, поэзиялық, прозалық шығармаларға арқау болды. Осы орайда, автор С.Мұқанов, Ә.Әбішев, Қ.Сатыбалдин, С.Талжанов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ғ.Мүсірепов шығармаларында, Сәкен өмірінің елулі кезеңдері, оның ақын-азаматқа лайықты мінез-құлқы, қоғамға сіңірген ұшан-

теңіз еңбегі, оқырман жұртшылыққа көп тараған белгілі шығармаларының туу себептері әр қырынан сөз болып, суреткер образы кесек сомдалатынын талдап көрсетеді.

Кітаптың екінші бөлімінде С.Сейфуллин өмірі мен творчествосының асқаралы асу-белеңдері сипатталған. Мұнда автор ғалымға тән ыждаһаттылықпен ақынның “Асау тұлпар” “Домбыра” “Көкшетау”, “Қызыл ат” “Советстан” сияқты өлеңдер кітабы мен поэмаларының, “Тар жол тайғақ кешу” романы мен повестерінің жарық көрген ай-жылын дәл көрсетумен қатар, Сәкеннің ақындық жолың, поэзиясының ерекшелігің, әдебиет құбылыстары мен саяси-әлеуметтік оқиғалардың сыр-сипатын ашып, оған айқын анықтамалар да береді. Сөйтіп, ол бұл ретте тек әдебиет тарихын ғана емес, туған республикамыздың тарихын да жақсы білетіндігін аңғартады.

Академик Серік Қирабаевтың кейінгі жылдары жазған еңбегінің бірі – “Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері” деп аталады.

Аталмыш кітаптың бір ерекшелігі – ол жеке-жеке тарауларға, бөлімдерге жіктелмегенімен, жалпы композициялық құрылымында іштей бір-бірімен жалғасып жатқан бірізділік пен жүйелілік бар. Олай дейтініміз- еңбектің өне бойында қазақ жұртшылығы өзінің рухани көсемі санаған – Абай рухы, Абай тағылымы, Абайдың ақындық мектебінің үрдіс-дәстүрі қатты сезіліп тұрады.

Кітап “Абайтанудың кезекті міндеттері туралы” деген мақаламен басталады да, кезінде Абай кәусар бұлағынан сусындап, үлгі-өнеге алған Жанақ, Шортанбай, Ақан сері сияқты айтулы ақындардың творчествосы талданып, одан кейін төл әдебиетімізде Абайдың ақындық дәстүрін жалғастырған М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров және т.б. қаламгерлердің шығармашылық стилі кең ауқымда сөз болады.

С.Қирабаев Ақан сері ақынның поэзия туындылары хақында қамырдан қыл тартқандай суыртпақтап айтқан ойын “Ахметтің ақындығы” “Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны” деген зерттеулерінде жалғастыра түседі.

Автордың ойынша, А.Байтұрсыновтың ақындық өнері – орыстың сатирик ақыны И.А. Крыловтың мысалдарын аударудан, яғни, “Қырық мысалдан” (1909ж.) басталған. Оның да себебі бар. Саяси-әлеуметтік қозғалыстар белең алып, көпшіліктің сана-сезімі ояна бастаған кезде билеуші топтар демократтық, ағартушылық бағыттағы әрбір көзқарасқа үрке, күмәндана қараған. Соны сезінген жас ақын Ахмет И.А.Крыловтың мысалдарын қазақтың өмір-тұрмысына ыңғайластырып, әділетсіздікке қарсы ойын түспалдап, ишарамен айтуға мәжбүр болған.

С.Қирабаев осы мақаласында: “Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы – ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады” деп жазады. Ал, А.Байтұрсыновтың атажұртына, қазақ халқына деген көзқарасы көп жағдайларда Абай ойларымен, Абай арманымен, ұлы ақын көкसेген мақсат-мұраттармен үндесіп жатады. Осындай жай-жағдайлар еңбекте ақынның “Маса” жинағына енген “Қазақ салты” “Қазақ қалпы” “Жиған-терген” т.б. өлеңдерінің

мысалында талданады. Оның ойынша, өз халқының бостандығын, тәуелсіздігін, болашағын ойлаған А.Байтұрсынұлы: “Жат жақты жаратқанға күзеттіріп, жақынмен ырылдасып иттей үрген” өз жерлестерінің берекесіздігіне, ұйқышылдығына, мұнсыз-қамсыз бейғам тірлігіне Абайша күйініп, Абайша ызаланады. Бірақ ата-жұртымен біржолата ат күйірігін кесісіп, ұзап кете алмайды. Сондықтан Ахмет өлеңдері, ақынның азаматтық дегдар қасиеттері бізге өте қымбат.

Қазақтың шын мағынасындағы ұлы ақындарының бірінен саналатын С.Торайғыров творчествосы туралы сөз еткенде, ғалым оның “Қамар сұлу”, “Кедей”, “Кім жазықты” сияқты көлемді дастандарының поэтикалық ерекшеліктеріне тоқтала келіп: “Сұлтанмахмұт өмірі мен шығармашылығының көп айтылмай жүрген кезеңі – 1917-1918 жылдар. Оның алашордашыларға тілектестік білдіріп, шығармалар жазуы да осы тұс” – дейді. Содан кейін Сұлтанмахмұттың күні осы күнге дейін оқырман қауымға беймәлімдеу болып келген “Алаш ұраны”, “Таныстыру”, “Айтыс” шығармаларын негізге ала отырып, былайша ой түйеді: “Көп мәселелерді талдауда тұрпайы социологиялық принципке бой алдырдық. Соның нәтижесінде тұтас ақынды, тұтас көзқарасты бөлшектеп, оның эволюциялық өсу жолына дұрыс баға беруден аулақтап қалғанымыз жасырын емес. Сұлтанмахмұттанудың үлкен бір қатесі осыған байланысты” Сөйтіп, ол бүгінгі заманның талап-тілектеріне сай жаңаша ойлаудың шынайы үлгісін көрсетеді.

Сондай-ақ, соңғы жылдардың мұғдарында С.Қирабаев “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” “Тәуелсіздік рухымен” “Өмір тағылымдары” атты кітаптарын шығарды.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик, сыншы С.Қирабаевтың әлі де қаламы суып, шабыты шау тартқан жоқ. Алдағы уақытта да шығармашылық өнердің шырқау биігінен көріне беретініне сенеміз.

Айгүл Ісімақова

ПЕРЗЕНТТІК ҺӘМ ҒАЛЫМДЫҚ ПАРЫЗ

Сер-ағанның туған жері Атасу Жаңа-Арқа мекені. Сәкен Сейфуллин сан рет ат басын бұрған киелі мекеннің Атасу аталуы да тегін емес. С.Қирабаевтың Сәкенді басты тақырып етіп алуы да осы атамекен алдындағы перзенттік парызы іспеттес.

Кеңес үкіметін қолдаған ақын, көп ұзамай сол өзі жырлаған биліктің қолынан қор болып қаза тапты. Жалғыз өзі емес бүкіл отбасы әке-шешесі, ағайын-туған туысы зардап шекті. Сәкеннен ұрпақ қалдырмау кеңес саясатының қатыгездігін көрсетеді.

1964 жылы Жаңа-Арқа ауданында Сәкен Сейфуллин есімі берілген совхозда Иманақ тауының етегінде ақынның қайта ақталуына байланысты 70 жылдық

мерейтойы өтті. Гүлбарам апамыздың дастархан басында бүкіл елдің алдында біраз атқамінерлерді табалағанын естіген жұрт көпке дейін бұл туралы айтып жүрді. Мен сонда алты жаста екемін. Алла берген ғұмырын жасап келе жатқан сексенге келген анам күні бүгінге дейін: осы туралы жазылды ма деп әр кез сұрап отырады. Кішкентай Аянды да алып қалуға ағайынның қауқары жетпеген екен. Сәкеннің кішкентай ұлы Алматыдан сол кездегі Ақмолаға жетпей ашық-шашық жүк вагонында сотталып түрмеге жіберілген анасының қолында қайтыс болыпты. Қатыгездігімен атақты Алжир түрмесіне жары Сәкен мен жалғыз ұлы Аяннан айырылған Гүлбарам апамыз осылай жеткен екен!

Кеңес кезіндегі Сәкентанудың негізін қалаған С.Қирабаев пен Т.Кәкішев ағаларымыздың кітаптарынан мұндай мәлімет таба алмадым. Сер-ағанның “Сәкен Сейфуллин” кітабы кезінде үлкен құбылыс болды. Бірақ бүгін ақтаңдақтар қайта оралған кезде Сәкен шығармашылығын өмірлік деректер негізінде де қайта жазу күн талабында тұрған ғылыми мәселе. Және жеке басы ғана емес (ол туралы Т.Кәкішев жазып жүр ғой), Алаш арыстары контекстінде қайта қарау бүгінгі қажеттілік екені айқын. Сонау 1960 жылдары осы кітабы үшін Сер-ағаң қуғын көргенін елде еститінбіз. Олай болған себебі билік басындағы адамның туыскандары жағымсыз тізімге енген екен. Егер “Тар жол тайғақ кешудің” өзінде аталатын есім болса ол ғылымға деген қиянат емес пе? Осының бетін Сер-ағаң ғана ашып берері сөзсіз.

Сәкеннің анасы құсадан қайтыс болып, әкесі көп қиыншылық көріп Жаңарқаның түрмесінде атылғаны анық па? Бұл туралы Өмір Кәрепов жазып жүр. Осы деректің тарихи негізі қалай? Сәкен мен Мағжанды бүгін қарсы қою кім үшін қажет? Ахмет Байтұрсынұлының тұлғалық, ғалымдық, ағалық қадірін бірінші болып бағалаған Сәкен бүкіл Алашқа қарсы деген Кеңес белсенділерінің пікірі екенін неге ашық айтпасқа? Бірін-біріне айдап салу, бет-бетіне бөліп билеу сол кездің басты саяси амалы емес пе?

Біз үшін Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Илияс, Бейімбет қазақ деген елдің жоғын жоқтаған, қайтсек тәуелсіз ел боламыз деген бір атаның ұрпағы — Алаш Ардақтылары. Бұлар қазақтың тұңғыш саяси элитасы. Ұлтым деген ортақ мақсатқа өздерінің өмірін бағыштаған тұлғаларды кеңес өкіметі бөлгенімен, біз бөле алмаймыз.

Сер-ағанның еңбек жолы сол Жаңарқада басталды. Ағалары соғысқа кеткенде, інілері ауылдағы бүкіл тұрмысты өз мойнына көтеріп алды. Мектеп бітірісімен ұстаздық қызметке кіруге мәжбүр болды. Институт қабырғасында жүріп бірінші сын мақалаларын жариялады. Байқасақ, Сер-ағанның ғылыми мұрасы нақты деректер мен дәлелді талдаулардан тұрады. Себебі бұл стиль ұстаздың шәкірттер алдында ең маңызды, өзіне сол кезде зәру болып көрінген мәселелердің қойылуы арқылы қалыптасқандай. Кафедра мінбесінен сараланып алынған ғылыми жобалар, нақты сөйлемдер мен тұжырымды пікірлер құнды әдеби деректер негізіне сүйенген.

XX ғасырдың жарты ғасырлық әдеби процессінің басты кейіпкері болып келген Сер-ағанның ғылыми еңбектерінің ескірмейтін сыры осында екені белгілі. Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, І.Есенберлин, С.Жүнісов, О.Бөкей, Ә.Кекілбай туралы жазған мақалаларының негізгі тақырыбы — еңбек адамы. Сырбай, Қасым өлеңдерінің талдаулары да ерекше. Кеңес кезіндегі әдебиеттің кейіпкері өзінің еңбегі арқылы кісілігін мойындатуы, сол арқылы ғана өмірге деген қанағат сезіміне ие болуы С.Қирабаев үшін маңызды мәселе. Адамның еңбектену арқасында сүбелі нәтижелерге жетуі қай кезде де әдебиеттің басты тақырыбы болып табылады.

Сер-ағанның тәуелсіз кезінде Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Кеңесары, Ағыбай, батырлар туралы жасаған баяндамалары ел аузында жүр. Себебі Сер-ағаң тек жеке басының пікірі ғана емес, қазақ сөз өнері – халық әдебиетіндегі қалыптасқан аталған тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жаңғыртты. Асыл сөзбен сомдалған тарихи бейненің келбетін, ерлік істерін егемен алған Қазақстан мемлекетінің қазағы ерекше қабылдады. Себебі тәуелсіздікті алғаш осылар аңсаған еді, олардың бейнетке толы өмірі біз үшін құрбандық еді.

1988 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институт тарихтында тұңғыш рет директор коллективтің таңдауы арқылы (жасырын дауыспен) тағайындалатын болды. Баламалы сайлауға Р.Бердібаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғалиев, Ф.Оразаевтар түсті. Жасырын дауыспен ұжым қызметкерлері Сер-ағанды қолдады. Ғалымның нақты сөздерге жүгініп, жалған көпсөздікке ұрынбағаны есте қалды. Сер-ағаң “Ақтандақтарды” алға тартып, енді не істеуіміз керек, бүгінгі күйіміз қалай? – деген сауалдар қойып, әдебиеттің нағыз шынайы тарихын өз қалпына келтіріп қайта жазу керек деп өзі жауап берді.

Көп ұзамай Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлының көркем мұрасы еліне қайта оралды. Сер-ағаң бұл іске жастарды батыл араластырды. Мәскеу, Ленинград, Омбы, Қазан, Орынбор архивтеріне бірқатар адамдар жіберді. Мәскеудің Ленин кітапханасының арнайы сақтауынан С.Дәуітов, Т.Жұртбай, Д.Қамзабек, С.Аққұлұлы мол деректер мен мәтін көшірмелерін алып келді. Аталған шаруа Сер-ағанның кеңпейілділігінің арқасында берекелі істерге ұласты.

Бұған дейінгі директор кезіндегі институттағы қысқартуға байланысты арыз беру, дау-тартыс мәселесін Сер-ағанның бірден тоқтатты. Бұған бәріміз куә болдық. Мәселелер жиналыста ашық талқыланатын болды. Институтта жаңа шығармашылық атмосфера қалыптасты. Бұрыңғы ұрыс-керіс азайғанын мен сол кезде ауылдан келген әкеме қуанып айтып едім. Сонда әкем былай деді: “Сер-ағаның үлкен әкелері ауылда елге билік еткен, қарайған халықтың дауын шешіп, парасаттылыққа жүгінген ел мойындаған ақсақалдар еді. Ондай қасиетті адамдардың баласы да бір институттың дауын шешуге күші жетуі тиіс қой” Жаңарқадан Жезқазғанға баратын тас жолы жиегіндегі бір бейттерге әкем:

“Бұл Қирабаевтар әулетінің зираты, елге сыйлы болған білікті ақсақалдар осында жатыр” – деп дұға бағыштап өтетін. Бұны білген Жаңарқа түлектеріне Сер-ағанның ғылымда жүруі орынды болып көрінетін.

1989 жылы Сер-ағаң Жазушылар Одағында Жүсіпбек Аймауытұлы шығармалары туралы баяндама жасады. Бос орын жоқ, залда баяндама біткенше қыбыр еткен адам болмады. Сер-ағаң “Ақбілек” пен “Қартқожадан” үзінділер келтіргенде отырған қауымның асыл сөздің үлгісін демін алмай тындап отырғаны есте қалыпты. Негізгі рухы еркін жазушылар аудиториясының біреуді ұйып тындағанын содан кейін көрген емеспін.

Сер-ағанның “Жүсіпбек Аймауытов” (1993), “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Тәуелсіздік рухымен” (2003) атты кітаптары қазақ әдебиеттануының үлгілі мұрасы болып табылады.

Сер-ағаңа айтар бірақ өтініш: Сәкен Сейфуллин туралы бүгінгі тұрғыдан толықтырылған жаңа басылым қажет-ақ. Сәкен тек екі ғалымның жеке-меншік тақырыбы емес екендігін дәлелдеу үшін де жазылуы керек-ақ. Ел аузындағы Сәкеннің тағдырына қатысты деректерді, анасы, әкесі, жұбайы бастан кешкен “тар жол тайғақ кешудің” бүгін бетін ашу үшін..

Өткен бір жылдары Сер-ағаң Елбасының қабылдауында болды. Сонда елбасы: “Сіздің оқулықтарыңыз ба біз оқыған?” — деп сұраған екен. Жас кезінен оқулық жазуға қолы жеткен ғалымның “Қазақ әдебиеті” күні бүгінге дейін шығып келеді. Қаншама қазақ бұл кітаптар арқылы есейіп көркем сөз шежіресін санасына түйді? Осының бәрі әдебиетшінің талғамының биік, білімінің зор екенін аңғартатыны баршамызға аян.

**Берік Рақымов,
Мұхаметғали Әбдуов**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЙРАТКЕРІ

Қазақ ұлты, оның ішінде қазақ әдебиеті жайлы айтқанда есімі ерекше ілтипатпен аталатын, руханият әлеміне ұшан-теңіз еңбек сіңірген белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз, тұғырлы тұлға – Серік Смайылұлы Қирабаев. Қандай ұлтты алып қарасақ та тұлғаларымен танылады, айқындалады, елдің еңсели болып ерекшеленуі озық ойлы арқа сүйер азаматтарына байланысты. Ескіден келе жатқан есті сөздің бірінде былай дейді: “...Тыңдаушысыз сөз жетім, құс қонбаса көл жетім...” Осыған “Тұлғасы жоқ ел жетім” деген тіркесті қосса артық болмас еді. Сындарлы ғалым, құрметті қайраткер Серағанның әдебиет әлеміне танылғанына алпыс жылға жуық уақыт өтті. Осы мерзім ішінде елі үшін еселеп еңбек ете отырып, алты жүзден астам мазмұнды да маңызды, құнды да құнарлы ғылыми дүниені өмірге әкеліпті. Яғни, библиографиялық көрсеткішін түзер болсақ, бір томдық кітапқа жүк болады екен. Бұл әрине, оңай,

осал жұмыс емес. Ғалымның ғылыми еңбектеріне назар аударсақ, жан-жақты, сан-салалы екендігін көреміз. Әдебиеттің сынына да, тарихына да, теориясына да тереңдеп барып отыздан астам монографиялар мен зерттеу кітаптарын жазған. Әрине, олардың барлығының сыры мен сипатын бір мақаланың бойына сыйғызуға өсте болмайды.

Серағаңның 1962 жылы “Сәкен Сейфуллин” атты монографиясы жарық көрді. Еңбектің елеулі, маңызды болғандығы соншалық, санаулы жылдардың ішінде қазақ және орыс тілдерінде бірнеше мәрте қайталап басылды. Сәкен поэзиясындағы сұлулықтың сыры ашылып, жалынды жырларды жүйелеу ғылыми негізде сұрыпталды. Расында, Сәкеннің ақындығы, жазушылығы, зерттеушілігі, қайраткерлігі, сазгерлігі иісі қазақ еліне мәлім еді. Бірақ, Сәкеннің осы қырларының өзгеге ұқсамайтын ерекше екендігін айқындап берген еңбек осы яғни, монография жарыққа шыққанға дейінгі көптің көңіліндегі білгісі келген дауылпаз ақынның қаламгерлігінің қасиетін ғылыми пайымдаулар арқылы көрсете білген құнды дүние осы болды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы да осыған байланысты.

Ғалымның 1968 жылы “Октябрь және қазақ әдебиеті” деген мақалалар мен зерттеулер кітабы, “Жазушы” баспасынан жарияланды. Еңбекті тұтас дәуірдегі қазақ әдебиетінің дамуына толық жауап беретін салиқалы туынды деп бағалаймыз. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап, алпысыншы жылдарына дейінгі аралықты алып жатқан зерттеуде кеңестік кезеңдегі көркем әдебиеттің өркендеу жолдарын ғылыми тұрғыда саралай келіп, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Орманов, Ж.Молдағалиев тәрізді қаламгерлердің шығармаларына арнайы тоқталып, тұжырымды ой-пікірлер айтқан. Еңбектің бойынан ғалымның терең толғаныстан туған тың ғылыми ойларын аңғарамыз. Мәселен, зерттеудің “Лирика және өмір” деп аталатын бөліміндегі мынадай пікірге назар аударып көрелік: “Өлең рецептпен жазылмайды, оны өмір туғызады. Әдебиеттің басқа да жанрлары сияқты, поэзия да әр дәуірдің өзіндік шындығын, даму беталысын, адамдардың тіршілік-тынысын көрсетеді. Жеке адамның сезім күйлерін психологиялық әрекеті мен ондағы өзгерістерді танытуда лирикалық поэзияның орыны ерекше” [1, 227]. Бұл өз кезіндегі соны ғылыми ой, әсіресе, алғашқы сөйлемнің астарында аңғарған адамға алыстан сермеген сездірудің көрінісі жатыр.

Ашығын айтар болсақ, кеңес дәуіріндегі өмірге келген өлеңдердің бір тобын арнайы тапсырыспен жазылған туындылар құрайды. Түрлі науқандар мен қажеттіліктерге орай партия жүктемесі бойынша “заказной” өлеңдер шығару дәстүрі болған. Әрине, ондай дүниелердің мазмұны мәнсіз, көркемдігі дәмсіз болып келетіндігі мәлім. Міне, жоғарыдағы пікір осы әрекетке орынды жауап беріп тұр десек қателеспейміз. Бірінші жылы мақтағаның, екінші жылы даттаған заманда шындықты қаймықпай айту, айтып қана қоймай, қалың көпшілікке жария ету, ол кезеңде екінші бірінің қолынан келмеген. Көргендер мен сезгендердің кейбіреулері “Әліптің артын бағып” ақиқатты ашып

көрсеткеннен гөрі сұлу сөзге көбірек иек артатын еді. Серағанның шындықты ту етіп ұстағандығын осы еңбегінің бойынан да байқаймыз. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы әдебиет майданында жіберілген қателіктерді бүкпесіз талдай отырып, айқын жеткізген. Мәселен, бұған “РАПП өзінің қызметінде көп қателіктерге жол берді” “С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов сияқты жазушылар творчествосы ұлтшылдықтың, ескішіл феодалдық дәуірдің көрініс есебінде бағаланды” “Ал, М.Әуезовты “байшыл-алашордашыл” деген желеумен тіпті олардың өздерін творчестволық жолда танытуына кедергі жасалды” [1, 35-36] деген тәрізді ғалымның ой-пікірін келтіруге болады.

Ғалым онымен ғана шектелмейді, көнеден бері ел есінде сақталып келе жатқан ұлттық рухани мұралардың қайта жаңғырып, көпшілікпен қауышуына үлкен ризашылықпен қарайды, ішкі сезімнің, қуанышын, мақтанышын жасыра алмайды: “Отызыншы жылдар драматургиясының биік белесі болған бір талай шығармалар халықтық аңыздар мен эпостық сюжеттердің негізінде жазылды. Бұл арқылы драматургтеріміз халқымыздың жадында ұзақ сақталып, фольклорлық жырлар туғызған ел қорғау, жастардың теңдікке ұмтылуы идеясын азаттық жолындағы армандарын жаңғыртты. Осы тақырыпта туған М.Әуезовтің “Аймаң-Шолпан”, Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” “Қыз Жібек”. С.Қамаловтың “Ер Тарғын” пьесалары-әдебиетіміздің үлкен табысы болып есептелінеді” [1,72]. Расында, халықтың рухани құндылықтарын жариялау мүмкіндігі ол кезде шектеулі еді. Сол дүниелердің халық санасынан жойылып кетпеуін мақсат еткен ұлтжанды қаламгер тың тәсіл тауып, жаңғырта жазғаны ақиқат. Жарыққа шыққаннан кейін, әдебиет тарихынан тұрақты орынын алу үшін, жан-жақты талдаған жағымды пікір айту қажеттігі туындады. Осы орайда ерекше еңбегімен көрінген ғалым – С.Қирабаев болды.

Еліміздің алыптары ақталған кезде, олардың өмірі мен шығармаларын жинақтап жариялау, зерттеу, бағамдау, тарихи-әдеби тұрғыда талдау жасау, сөйтіп, көпшілікке таныту тәрізді үлкен міндеттер тұрды. Ғасырға жуық уақыт бойына елден қол үзіп, қалтарыста қалған мәнді мұраларды жарыққа шығарып, халыққа ұсыну оңай жұмыс емес. Бұл мәселеде де алғашқылардың бірі болып жол салған тағы да академик Серік Қирабаев екендігін атар едік. Тамаша таланттың иесі Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығын жедел түрде жинақтап, бағалы ғылыми тұжырымдарға толы алғысөзін жазып, баспадан шығаруына үлкен еңбек сіңірді. Бойындағы бар нәрін еліне арнаған Ж.Аймауытовтың қандай қайраткер болғандығын қиын кезеңде өмір сүргендігін көпшілікке паш етті. “Бір кездерде “ұлтшылдық” әдебиеттің өкілдері саналып келген бұл қайраткерлердің қоғамдық, творчестволық еңбегі шынында да түгелдей қазақ халқының ұлттық мүддесімен байланысты өтті. Саналы өмірін революциядан бұрын бастаған олар сол кездегі қоғамдық дамудың мешеулігін, қазақ халқының қараңғылықты, қанау астындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси правосын тежеп отырғанын көре білді. Олар халықты ағарту, оны өнер-

білімге тарту идеясын ұсынды” [2, 2] деп жазды. Бұл кездерде жала жабылған жаны жайсаң жандардың ақиқаты ашылған, орынды бағаланған адал еңбектері жайлы шындық тұрғысынан айтылған пікір еді.

Тұлғалы азаматтардың кейінгі ұрпаққа өсиет қылған, аманат еткен мұраларын бірді-екілі еңбектің бойында жаң-жақты толық қамтып жазу мүмкін емес. Оған сан-салалы ізденіс керек, сонымен қатар уақыт та қажет. Тәжірибелі ғалымның назарынан бұл мәселе де тысқары қалмаған. Жүсіпбектің шығармаларын әр қырынан қарап зерттеудің қажеттілігін айта келіп: “Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде “Қартқожа”, “Ақбілек” романдары, “Күнікейдің жазығы” повесі мен көптеген әңгімелер, “Рабиға” “Мансапқорлар” “Ел қорғаны” “Қанапия мен Шәрбану”, “Шернияз” атты пьесалар, өлеңдер мен “Нұр күйі” поэмасы, балаларға арналған ертегі кітаптар, сын мақалалар мен көптеген аударма кітаптар, оқулықтар бар. Өз кезіндегі газет-журналдар бетінде Жүсіпбек жазған мақалалар да бірсыпыра. Оларды толық жинап бастыру, зерттеу-алдағы күннің міндеттері” [2,6] деп тереңдете зерттеуді жалғастыра берудің қажеттілігін айтады. Аңдаған адамға осы шағын үзіндінің мазмұнында Жүсіпбек мұрасын жүйелі қарастырудың жолы айқындалып, бағдарламалық тұрғыдан нақтыланып берілгендігін байқауға болады. Сонымен қатар, ғалым Ж.Аймауытовтың басты-басты шығармаларына әдеби тадаулар жасай келіп, маңызды мәселелердің көзін ашқан. Тың пікірлер мен тұжырымдар қазақ әдебиеттануы үшін ақиқатқа апаратын соны бағыттар мен бағдарларды алып келді.

Заманның заңғар биіктерін туғызатын – өмір. Қандай құндылық болмасын, қажеттіліктің аясында туындайды. Ол – заңдылық. Ойын осы тұрғыдан түйіндей келген ғалым: “Жүсіпбектің сан-саналы творчестволық қызметі дәуірдің талап етуімен туады. Бұл – бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интеллегенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сипат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде, олар заман, дәуір өзгерістерін күн тәртібіне қойып отырған қажеттілікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург та, сыншы да, ғалым да болып еңбектер жазды. Аударма да жасады. Бүгін біз Жүсіпбектің көркем туындыларының әдебиет тарихындағы орынын, жазушы шеберлігің, ізденістерінің байсалдылығын айта отырып, оның барлық творчествосының тарихи маңызын айрықша атаймыз” [2,21] деп тұжырым жасайды. Ашығын айтқанда арыстарымыздың аз уақыттың аралығында халықпен ғасыр бойына үзілмей келе жатқандай қауышуына, ел санасына еркін орнығуына себепкер болған Серағаң тәрізді сардар ғалымдарымыздың үзіліссіз еңбегі, кезіндегі амалсыз айта алмаған үзілмеген үміті деген орынды.

Әдебиет тарихындағы асыл мұралардың бірі – халық ақындарының шығармашылығы. Оларды жинастыру, зерттеу, жариялау қажырлы еңбекті қажет етеді. Қиындығы мол дүниелердің қиюын табу үшін мол тәжірибе керек. Оның бір ұшы ұқсастықта жатыр. Мазмұндас, мәтіндес, туындылардың әр ақынға телініп айтыла беруі белгілі жәйт. Ал, олардың өзегін ашып,

негізін айқындау ұлттың рухани байлығын толық бойына сіңірген, салықалы ғалымдардың ғана үлесіне тиюге тиісті. Халық ақындарының барлығының шығармашылығы біздің заманымызға бірдей көлемде жеткен жоқ, біріншісінің мұралары айтарлықтай мол болса, екіншісінің өлеңдері де, өмірі туралы деректері де мардымсыз. Сондықтан, алғашқылары жайлы зерттеу жүргізу белгілі бір деңгейде жеңілдеу болса, соңғылары туралы ауыз толтырып айтарлықтай мүмкіндікке қол жеткізу қиын болды. Сындарлы ғалым Сераған осындай жолда айрықша көрінді. “Жас Алаш” газетінің 1991 жылғы 13 тамызы күнгі нөмірінде “Әдеби мұра” деген айдармен “Жанақ ақын” атты көлемді мақаласы жарық көрді. Әдебиет тарихында Жанақ жайлы айтылған ой-пікірлер мен зерттеулер бар. Дегенмен, бұл мақала өзіндік ғылыми маңыздылығымен, ерекшелігімен әдебиет сүйгіш қауымның назарын өзіне аударды.

Мақалада ақынға қатысты үлкен үш мәселе қамтылған. Алғашқысы Жанақ туралы зерттеулердің ғылыми сарапқа салынуы. Яғни, кешегі мен бүгінгі зерттеулердегі ой-пікірлерді таразылай келіп, жетіспей жатқан жақтарына көңіл бөлу, алдағы айқындауға қажетті қырларына бағдар беру. “Қазақ даласын көп аралап жырлар шығарған, көптеген айтыстарға қатысқан Жанақтың өлеңдері негізінен ауызша тараған, олардың көбі сақталмаған. Революциядан бұрын Жанақ шығармаларының кейбір нұсқалары В.Радлов жинағында (“Жанақ пен Түбекті”), Ы.Алтынсариннің “Киргизская хрестоматиясында” (“Жанақ пен баланың айтысы”), және Қ. Халидов құрастырған “Тауарих хамса” кітабында (Жала жауып, атын тартып алған адамға және Барақ төреге айтқан өлеңдері) жарияланған” [3]. Бұл үзіндіде үлкен екі мәселе айтылып тұр. Біріншісі, ақынның шығармаларының жарияланған нұсқалары көрсетілсе, екіншісі, В.Радлов, Ы.Алтынсарин тәрізді тұлғалар ерекше назарға алған Жанақтың өз дәуіріндегі озық ақындардың бірі болғандығын аңдатуы. Мақаладағы келесі қамтылған күрделі мәселе Жанақ шығармаларын әдеби талдай келіп, ақындық тұғырын айқындап беруі. Өлеңдерінің, айтыстарының маңызын, мәнін көрсете келіп: “Көне халық жырларын айтып, кейінгі ұрпаққа жеткізудегі Жанақ еңбегін зор бағалаған Мұхтар оның айтуындағы “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры нұсқасының көркемдігіне аса зор мән береді” [3] деп жазды. Яғни, Жанақты жай ғана ақын емес, халықтың рухани мұрасын ел ішіне таратушы болғандығын дәлелдейді. Үшінші, бір үлкен дүние әдебиет тарихындағы Жанақ ақынның алатын орнын айқындайды. Өлеңдегі өткірлігін, айтыстағы алғырлығын нақты мысалдар келтіру арқылы көрсете отырып, ХІХ ғасырдағы халық ақындарының төрінде Жанақтың болуы керектігін айтады, суырып салып айту дәстүрінің озық білгірі болғандығын ашып береді.

Ұлттың рухани құндылығы ең алдымен сөз өнерінен танылады. Сөз өнері қашанда талантты қажет етіп, дарындар арқылы барша болмыс-бітімінен жарқырай көрінеді. Ал талантты түйсіну, оның рухани әлемін баршаға түйсіндіру кез-келгеннің қолынан келе бермейді. Әділетсіз айтылған ой-пікір, ұраншыл жылтырақ сын көркем сөздің бағасын түсіреді. Бұндай іске талант

толғанысын дөп басып, тебіреңе қабылдайтын қабілет қарымы күшті, сөз сиқырын қалтқысыз түсінетін шын сыншы керек. Бұл пікірге біз арнайы сөз етіп отырған академик С.С.Қирабаев толық жауап бере алатындығы алашқа аян. Өзінің осыншалық ғұмырын әдебиет майданындағы ірі және күрделі істерге арнаған сыншының сыр сандығы бай, ұрпағына айтар өсиет-өнегесі ұшан-теңіз екендігі даусыз.

Бүгінгі сексеннің сеңгіріне шыққан С.Қирабаевты зиялы қауым “Сері аға” деп құрмет тұтып, ақыл айтар абыз ретінде сыйлайды. Бұл тек зиялы қауымның тарапынан ғана емес, барлық қазақ қауымының қадірі мен құрметі екендігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Октябрь және қазақ әдебиеті. Алматы, Жазушы, 1968.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, Жазушы, 1989.
3. Қирабаев С. Жанақ ақын “Жас Алаш” 13.08.1991.

Гүлзия Пірәлиева

ӘДЕБИЕТТІҢ АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІ (С.Қирабаевтың еңбектері негізінде)

С.Қирабаев 1997 жылы жазылған “Әуезов тағылымы” деген мақаласында: “Әр дәуірдің әдебиетінде өзінің өмірлік тәжірибесінің молдығымен, ұланғайыр білімімен, үздік жазушылық талантымен, ағалық, адамдық мінез-құлқымен ерекше танылатын қалам қайраткерлері болады. Олар сонысымен әдебиет қауымының беделіне, халық сүйіспеншілігіне бөленіп, бүкіл әдебиеттің дамуына бағыт береді, өзінің өнегесін ұсынады, әдеби процестің ұйытқысына айналады. Сөйтіп оның есімі ұлттық әдебиеттің дүние жүзілік мәдени мұрамен байланысына мұрындық болады” – депті [1, 183].

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихында С.С.Қирабаев та тап өзі айтып отырғандай еңбек еткені белгілі. Өйткені, көрнекті ғалым өз кезеңіндегі бүкіл әдеби істің, көркемдік ой-пікірдің басы-қасында болды. Әсіресе, еліміздің егемендікке ие болып, рухани тәуелсіздіктің таңы атқан 1991 жылдан бері зерттеуші кешегі кеңестік кезеңде бір жақты зерттеліп, өмір шындығын тану мен бейнелеудің өзгеше принциптерін ұстанған қазақ әдебиеті тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта жазуға жетекшілік жасап, оның көш басында келеді. Қазақ әдебиеті тарихының алғашқы алты томдық тарихын бүгінгі күннің талабы мен талғамына сай етіп қайта пайымдап, толықтырып, саралаудың ауыр жүгі осы аға ұрпақтың үлесіне тиесілі болып отыр. Әрине, бүкіл бір ұлттың әдебиетінің тарихын қайта қарап, жаңаша жазу, оның әрбір томына жетекшілік жасап, олардағы әрбір әдеби үрдістің үзіліп қалмай үйлесімді үндесіп отыруын, әр дәуірдегі шығармашылық тұлғаның әдебиеттегі тарихи

орны мен қызметін дұрыс бағалауды бақылаудың өзі оңай шаруа емес екендігі аян. Оның үстіне М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бүкіл ұжымы болып атқарып жатқан бұл іргелі зерттеулерге керек кезінде кеңес беріп, пікір білдіруді өзінің азаматтық әрі ғалымдық парызы сезінетін Серік Қирабаев бір сұхбатында: “...Әдебиет тегіннен-тегін мұра саналмайды. Онда казактардың ұлттық дәстүрі, жақсы-жаман мінездері, тәлім-тәрбие жобасы түгелдей көрініс тапқан. Жаңа зерттеулер жасау, әдебиет тарихын жазу бізге осы үлгілерді бүгінгі ұрпаққа таныстыру үшін, жақсы идеяларды жалғастыру үшін қажет” – дегенді [2].

Зерттеушінің өзі айтып отырғандай халқымыздың мол рухани мұрасын түгендеп, жинап, оны жариялылық пен демократия заманының талабына сай жүйелеп, ғылыми айналымға ендірудің нәтижесінде қазақ әдебиетінің жаңа тарихы жазылады. С.Қирабаевтың тікелей жетекшілігімен “Қазақ әдебиеті тарихының” 7,8,9-томдары жарық көріп, өзінің жоғары бағасын алды.

Әдебиет әлемінде оқтын-оқтын орын алып тұратын “ақтаңдақтар” – қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің жеке бір проблемасын емес, оның бүкіл даму жолын қамтыған күрделі мәселе” (С.Қирабаев). Айталық, ХХ ғасыр басындағы Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б сынды тарихи тұлғалар тарихтан сызылып тасталып еді, халықтың тұтас бір тарихи дәуірі жоғалып кеткендей болды. Олардың орны үнірейіп, ақтаңдақтарға айналып қоя берді. Тегінде тарихты жасайтын жеке тұлғалар деген сөзге сәтін болсақ, олардың орны біздің жетпіс жыл бойы әдеби-эстетикалық көзқарасымызға көлеңке түсірген, өзімізді-өзіміз танудан тысқары қалған тұсаулы танымымыздан танылады. Өзіміздің бүкіл әлемді, әсіресе шеттен келген зерттеуші-ғалымдарды тамсандырып, табындырған сөз өнеріміз, шешен тіліміз, бай әдеби мұраларымыз, өркениетті руханиятымыздың өлшеусіз бай екендігін осы ақтаңдақтар ашылғалы ғана ашық айта бастадық емес пе. Алғашқы ақтаңдақтардың ашылуы – 1956 жылғы Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің ақталуы болса, екіншісі – 1988 жылдан бастап Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып, Мағжандардың ақталуы еді. Бұл тұлғалардың көпшілікке кеңінен танылып, туындыларының жарық көріп, зерттелуі, әдеби және ғылыми айналымға енуі де осы Серік Қирабаевтың зерттеушілік еңбегімен тікелей байланысты. 1967 жылы “Сәкен Сейфуллин” деген монографиялық зерттеу жазып, жаңадан ақталған Сәкеннің бүкіл шығармашылығын үш салаға бөліп, тереңнен талдап, зерделеген ғалымның еңбегі авторға филология ғылымдарының докторы деген дәрежеге 37 жасында ие еткені мәлім. Бұл да зерттеушінің табанды ізденісінің нәтижесі. Қазақ әдебиеті тарихының ақтаңдақ беттерін толықтырып, түгендеуге үлес қосуды өзінің зерттеушілік парызы деп есептеген ғалымның ғылымға деген адалдығы кімге болса да үлгі болса керек. Бұрындары Сәкеннің таза пролетарлық бағыт ұстанғаны жөніндегі бір жақты көзқарасты зерттеуші сол кезеңдегі тарихи жағдай мен

қоғамдық құбылыстармен зерделей келе ақынның адасқандығын “әділет, шындық жолына деген сенімнен” туып жатқандығын, революциялық идеал мен социализм құруға деген адалдығымен байланыстыра келе, бәрібір Сәкеннің қазақ әдебиеті тарихында сөз өнерінің шебері, шын мәніндегі ақын деген атқа лайық шығармашылық тұлға екендігін нақты көркем мәтіндерін талдау арқылы анықтайды. Сәкеннің жаңашыл суреткер екендігін, оның қазақ поэзиясына алып келген түрлік, формалық, мазмұндық жаңашыл сипатын ашады. “Сәкен жырлаған серпінді өлең үлгілері, ырғақ, өлең өлшемінің жаңалығы, қуатты екпін, жаңа метафоралар мен тіл айшықтары сол туындылардың жаңашыл мазмұнына лайықталды. Жаңа қоғамның, оған сүйенген адамның асқақ сезімі оның жырларына арқау болды. Бұл бағыт жаңа дәуір әдебиетінің бостандық, азаттық күресі тудырған жемісті саласы еді” – дейді автор [1, 107-б.].

Зерттеуші Сәкеннің қазақ әдебиетіндегі орнын анықтай отырып, сол кезеңнің көркемдік бағыттарына да баға береді. С.Сейфуллиннің шығармашылығын тереңдей зерттеу арқылы ол өмір сүрген кезеңнің ащы ақиқатын, ақтандақтар әлемін әшкерелеген ғалым ұлттық әдебиеттану ғылымының сәкентану саласының негізін қалаушысы болды. Содан бері бұл тақырып оның өмірлік тақырыбы, өнерлік сыңары, сырлас серігі болды.

1988 жылы екінші ақтандақтар әлеміне зер салғанда оның жанына жақыны Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығы болды. С.Қирабаевтың зерттеу нысанасының ендігі негізгі саласы – жүсіпбектану болды. Жазушының 100 жылдық мерей тойына (1989) арналған салтанатты жиналыста жасаған ғылыми баяндамасынан бастау алған бұл саланың зерттеуші үшін тың ізденістерге себепші болғаны белгілі. Қазақ әдебиетіндегі кәсіби прозаның көшбастаушысы болған Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы, оның бүкіл еңбектерінің жиналып, жариялануына, сөйтіп ел игілігіне айналуына бірден-бір дәнекер болған тұңғыш зерттеушісі С.Қирабаевтың “Жүсіпбек Аймауытов” атты монографиялық еңбегінің ғылыми жұртшылықтан жоғары баға алып, 1995 жылы ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болуы – осы саладағы сүбелі еңбектің жемісі екендігі сөзсіз. Ж.Аймауытовтың қазақ прозасында тұңғыш рет психологиялық роман сияқты өркениетті де күрделі жанрлық түрді қалыптастырғанын және оның әлемдік деңгейдегі озық үлгімен жазылғандығын зерттеуші жан-жақты талдап, дәйекті түрде дәлелдейді. Қаламгердің өзінің алдында ешқандай үлгі аларлық тәжірибесі болмаса да осындай жоғары кәсіби шеберлікті меңгерудегі жетістігі неде деген сауал төңірегінде ізденген зерттеуші қазақтың мол әдеби мұраларының озық үлгідегі барлық жанрдағы көркемдік құбылыстардың нәтижесі екендігін нақтылап береді. Мұндай ғылыми байлам М.Бахтиннің “роман соңғы жанр, сондықтан бүкіл рухани құндылықтардың сонда жинақталуы заңды” деген тұжырымын еске салады.

Серік Қирабаев сондай-ақ абайтанудың ақтандақтар беттерін де бүтіндеуге біршама еңбек сіңірді. Айталық, ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының

Абай шығармаларын тауып, танып, көпшілікке таныстыру мақсатында жүргізген орасан зор жұмыстары кеңестік кезеңде қолдан аластатылып, жалпы оқырманның назарынан тыс қалған-ды. Сол жылдары ұлы ақынның жаңадан жинақталып, жарық көре бастаған шығармаларына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, т.б сынды ұлт зиялылары аса зер

Абайдың осы туындысымен таныса салып, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет жеке шығармашылық тұлға, оның сөз өнеріндегі алатын орны мен өзіндік өрнегі жайлы ғылыми пікір айтқан Ахмет Байтұрсынов әдеби эстетикалық көзқарастары жөнінде де С.Қирабаев орынды ой толғайды. Ахметтің Абайдың шығармашылығы жайлы әрбір пікіріне тоқталып, олардан сілтеме ала отырып, өз ойын нақтылаған зерттеуші ұлы ақын көтерген айтушы мен тыңдаушы категорияларының көркемдік міндеттері жайлы түсініктерін А.Байтұрсыновтың қалай танып, талдағанын сөз етеді. Және шығармашылық тұлғаға тән қасиеттерді (жазушылық, сыншылық, ой шеберлігі мен терең білім) атап өтіп, олардың Абай бойынан табылуын атап көрсетеді.

Осы зерттеуінде С.Қирабаев абайтану саласындағы бағалы орны бар тұлға М.Дулатовтың ақынның қайтыс болуына 10 жылдығына орай жазылған “Абай” атты мақаласына, 1918 жылы М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың (“Екеу” деп қол қойған) ұйымдастыруымен жарық көрген “Абай” журналындағы “Абайдың өнері һәм қызметі” деген еңбегіне тоқтала келіп, ондағы ақын ерекшелігін айқындаған өзіндік “Мәніне” айрықша мән береді. Қазақтың шеберленбеген, әдеби әдемі әдіпке түспеген тілін терең білгірлікпен, асқан ойшылдықпен ажарлай білгендігін, ғылыми тұжырыммен тани білгендігін айтады.

І.Жансүгіровтің “Абай” кітабы, Ғ.Сағдидің “Абай”, Б.Кенжебаевтың “Абай” деген мақалаларын атай отырып, әрқайсысында айтылған әдеби сын пікірлерді нақтылап, олардың Абай шығармашылығын қай қырынан қарағандығын, оны халық ақыны деп бағалаудағы ғылыми сараптамаларына тоқталады, мақсаттарын анықтап береді. Алайда ғасыр басындағы ақын шығармашылығын көркемдік талап, эстетикалық талғам тұрғысынан талдаған мақалалармен қоса оны таптық тұрғыдан танып, талдаған, біржақты көзқарастар да бой көрсеткені белгілі. Міне, осы олқылықтың қыр-сырын жан-жақты ашуға, сол кезеңдегі саясаттағы, қоғамдағы әлеуметтік, идеологиялық құбылыстардың әсері болғандығын ғалым XX ғасыр басындағы әдеби айтыстарда айрықша орын алған С.Мұқановтың “Қара тақтаға жазылып қалмаңдар, шешендер” (“Еңбекші қазақ” 1923) мақаласындағы мәселелер тұрғысынан талдап, түсіндіріп береді. Сол кезеңдегі коммунистік партияның пролетарлық емес мұраға жасаған шабуылының шынайы бет-пердесін ашып, таптық тартыстың мән-жайын тереңірек түсіндіреді. Осы орайда Ғ.Тоғжановтың (“Абай” 1935) деген еңбектерін, бұрындары ғылыми орта біле бермейтін І.Қабыловтың “Философия казахского поэта Абая и ее критика” (“Советская степь” 1928. 2 август) деген мақаласындағы “Абайдың философиясы идеалистік философияның

түрлі көріністерінің жиынтығы”, сондықтан оның ілімі зиянды деген пікір айтқанын сынай келе, оған дер кезінде жауап жазған Ыдырыс Мұстамбаевтың “Поэт Абай и его философия” (“Советская степь” 1928.2 август) және “Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы” (“Еңбекші қазақ” 1929. 10 сентябрь) деген мақалаларындағы айтылған ойларға мүлдем қайшы келіп, І.Қабыловтың қателіктерін бетке баса отырып, философ Абайды ақын, суреткер Абайдан бөліп қараудың қателігін, оны патриалды-рушылдық қоғам мен капитализмге телудің ақын шығармаларын зерттеуден тумағандығын, қолдан жасалған схематизм екендігін сынап, “Абай нағыз халық ақыны болды” деген қорытынды жасағандығын нақты мәтіндерден мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Осы орайда ерекше атап өтер еңбектің бірі – Құдайберген Жұбановтың “Абай – қазақ әдебиетінің классигі” атты еңбегі. XX ғасыр басындағы Абай шығармашылығы мен мұрасы, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орны жөніндегі екі дай айтысты қорытқан, әділ пікірмен баға берген бұл еңбектің құндылығын зерттеуші: ..бүкіл кеңестік Шығыс, Орта Азия әдебиеттері ішінде Абайдың тендессіз үздік орнын, өз дәрежесіндегі жалғыздығын, “алды жоққа жуық” ақынның “соны жол салу” даналығын Қ.Жұбановтың қалай дәлелдегеніне ден қояды.

С.Қирабаев XX ғасыр басында жаңадан бастау алған абайтану саласындағы ақтаңдақтарға ғылыми шолу жасай отырып, сол кезеңдегі әлі ғылыми айналымға кеңінен еңбеген көптеген мақалалар мен еңбектерді атап, ақтаңдақтардың орнын толтырады, сол кезеңнің қоғамдық және әдеби құбылыстарына сипаттама береді, олардағы көтерілген мәселелерге бүгінгі тәуелсіз сана тұрғысынан жаңаша талдаулар жасайды. Абайтанудың көрнекті өкілдерінен бастап, ірілі-ұсақты зерттеулер жазған ғалымдар мен әдебиетшілер еңбегіне әділ бағасын берген зерттеуші: Абай өміріне, оның өмір сүрген ортасына, айналасына байланысты деректерді толықтыра беру, шығармаларының текстологиясын зерттеуді жалғастыру, әсіресе, прозалық шығармаларын әр түрлі нұсқалармен салыстыра қарау, Абай қолжазбасын іздестіру (қарасөздерінің өз қолымен жазған нұсқасы жер белгілі болып отыр), оны мазмұны, ақынның дүниетанымы тұрғысынан толығырақ зерттеу, Абай мектебі мен оның ақындық дәстүрі жайлы жаңа еңбектер жасау, Абай реализмі мен оның творчествосы нәр алған бастаулар жайында жаңа сөз айту, Абайдың саяси-қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасы, қазақ әдеби тілін ұстартудағы рөлін кең ашу-алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың жаңаша сөзі керек, -деп бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған міндеттер мен парыздарды да анықтап береді. Осы қазақ әдебиетімен бірге өсіп қалыптасқан бүгінде оның абыройлы ақсақалы, көрнекті өкілі атанған С.Қирабаевтың бұлай жүйелі сөз айтып, жөн көрсетуі, болашаққа бағыт-бағдар беруі заңдылық.

Кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық саясаттың салдарынан өріс алған неше түрлі қоғамдық және рухани құбылыстардың құпия сырына қанық зерттеушінің әдебиет тарихына қатысты әрбір тарихи мәліметтерді бұлай

егжей-тегжейлі саралауы және оны тек деректерді тізумен емес, оның мәнін ашып, сол кезеңдегі әдеби процеспен байланыстыра, уақыт таразысына салған әділ төрешілдікпен талдауы, мүмкіндігінше бүгінгі жастарға кешегі кемшіліктердің көзін ашып, оның себеп салдарын түсіндіріп, шындыққа көзін жеткізіп кетуге тырысу барысындағы еңбегін ерекше бағалап, атап өтпеске болмайды. Сексенге келсе де қаламын қолынан тастамай шығармашылық бір қомағайлықпен /өз сөзі/ келешек алдындағы қарыз бен парызды сезіне отырып, жаңаша ой толғауы ғалымның ірілігін, көрегенділігін, көсемдігін танытады.

С.Қирабаевтың “М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы” “Әуезов тағлымы” және соңғы кезге дейін дұрыс бағасын ала алмай жүрген жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармашылығы жөніндегі “Ғасыр жасаған поэзия” кеңес дәуірінде “кедей туралы жазғандығы үшін ғана дәріптеліп келген “Бейімбет туралы сөз”, “Сәкент туралы жаңа сөз”, “Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны” “Ахмет Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы”, “Ақан сері туралы сөз” “Шортанбай – өз заманының сыншысы”, “Жанақ ақын” “Алашорда және ұлтшылдық әдебиет” “Тарих және әдебиет” “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша байымдау” “Академик Қажым Жұмалиев” т.б. сынды зерттеулерінің бәрі де кешегі ақтаңдақтардың орнын толтырған, кешегі біржақты зерттелген тұлғалардың шығармашылығын таза көркемдік, эстетикалық талғам тұрғысынан қайта талдаған, олардың әдебиеттегі орны мен лайықты бағасын берген құнды еңбектер деп атауға әбден болады. Ұлттық әдебиеттің өткен тарихына қанық, оның қалыптасу мен өсу жолдарына өзі куә болған зерттеуші тарихи тәжірибеге сүйене отырып, кешегі кеңес әдебиеті дамуының негізгі кезеңдеріне, олардың ерекшеліктері мен көркемдік ізденістеріне, әдебиеттің тарихы мен бүгінгі мәселелеріне егемендікке ие болған ұлттық идея, рухани құндылықтар тұрғысынан баға бергенде де бір жақтылыққа кетпей, әр кезеңнің әдеби процесін сол дәуірдің әлеуметтік, саяси, қоғамдық жағдайларымен уақыт талабына сәйкестендіре салыстырып, үндестіре талдап, жаңа көзқарас тұрғысынан әділ бағасын береді. Осы орайда зерттеушінің он томдық “Қазақ әдебиеті тарихы” атты іргелі еңбектің ұйымдастырушысы, кеңесшісі әрі редакциялық Бас алқасының төрағасы қызметін атап өтудің өзі жеткілікті. С.Қирабаевтың тікелей жетекшілігімен кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіне арналған үш томдық зерттеу жарық көрді. Зерттеушінің соңғы жылдары қазақ әдебиетінің бүткіл тарихын, оның әрқилы бағаланып келген ірі өкілдерінің өмірі мен өнері жайлы жаңа көзқарас, жаңа пайымдауларын жасаған бірнеше еңбектері жарық көрді. Атап айтсақ, “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” (1998), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Тәуелсіздік рухымен” (2002), “Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері” (1995), “Жүсіпбек Аймауытов” (1995), “Өмір тағлымдары” (Естеліктер) (2006), т.б.

Тегінде әдебиеттің тұтастығы осындай ақтаңдақтарды толықтырып, түгелдеу барысында жүйелі зерттеулерсіз толықтыру мүмкін емес. Нені, қай

кезеңді зерттесе де сол заманның шындығымен салыстыра зерттейтін ғалым жеке жазушының шығармашылығын да сол тарихи кезеңнің шындығымен тұтастандырып, жүйелі қарайды. Ғалымның ғылыми тұжырымдары мен зерттеушілік ұстанымдарымен бір сыпыра таныс адам қазақ әдебиетінің жаңаша жазылған тарихынан біршама мағлұмат, көптеген тың деректер алады дегуге болады. Өйткені, зерттеуші қарастырған қазақ қаламгерлерінің өмірі мен шығармашылықтары жөніндегі мақалалардан, еңбектерден замана шындығын, сол кезеңдегі әдеби үрдістерден, көркемдік бағыттар мен құбылыстардан кешегі кенес кезеңінде бір жақты көзқарас қалыптастырған тапшыл танымның түп тамырын танып, оларды жаңаша бағалауға бет бұрасыз

Түйіндеп айтар болсақ, Серік Қирабаев ең алдымен кеңес дәуіріндегі ұлттық әдебиеттің кәсіби жағынан қалыптасып дамуына, оның қайта жаңғыруына қыруар үлес қосқан ғалым. Сонымен бірге әдебиет тарихының қай кезеңін зерттесе де сол дәуірдің тарихи-әлеуметтік сипаттарына терең мән беріп, сол арқылы сөз өнерінің өресін тануға және танытуға тырысты. Қоғамнан тыс қаламгер де оның туындысы да болмайтынын, автордың позициясы сол өзі өмір сүрген заман шындығымен шебер астасқанда ғана шынайы өнер туатынын әдебиет тарихына жетік маман қай кезде де өзіне қағида етіп келеді. “Жеке жазушы туралы айту, – бұл әдебиет туралы айту деген сөз. Себебі, біздің бәріміз көркем ой мирасы жөнінен де әдеби дәстүр жөнінен де бір-бірімізбен байланыстымыз. Біз, жазушылар жеке буындардан құралатын тұтас бір тізбек тәріздіміз” – деген М.Шолоховтың сөзін ескерсек, әр кезеңдегі әдебиеттің дамуына зор үлес қосқан қаламгерлер шығармашылығын талдау арқылы сол кезеңнің әдеби процесі, ондағы тарихи жағдайлар мен замана шындығы, әдеби дәстүр мен көркемдік жаңалықтар туралы айту әдебиетші сыншының міндеті мен парызы. Әдебиеттану ғылымының әр алуан теориялық мәселелері, атап айтсақ, шеберлік мәселелері, әдеби ағым, реализм, әдеби байланыстар, өмірлік және көркемдік шындық, тарихи-әдеби процесс, ондағы құбылыстардың таным мен талғамға әсері, тарихи өзгерістердің әдебиетке ықпалы, т.т. С.Қирабаевтың назарынан тыс қалмаған, үнемі қырағы көз салған тұстары. Әдебиет сыны мен ғылымы, мәтінтану, әдебиеттанудың тарихнамасы көрнекті ғалымның зерттеу нысанасындағы көкейкесті мәселелер. Әдебиеттің үлкен кіші деп бөлмейтін барлық маңызды мәселесіне зерттеуші үлкен дайындықпен, жоғары жауапкершілікпен қарап, турашылдық танытады. Оның еңбектерінің құндылығы да осында, қай мәселенің де тарихи құжаттармен қордаланып, әдеби-тарихи контексте зерделенуінде .

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым. – 2001. 448 б.
2. Ақиқат алдында немесе қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихы туралы сыр-сұхбат. Филол.ғ.к., Р.Тұрысбековтың сұхбаты. 1996 ж.

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАСЫ

Әлем өркениеті – ұлттық рухани құндылықтарының жинақталған сипаты. Адамзат тарихындағы өркениеттер сабақтастығы кезекті ғасырлардағы жетістіктерден құрала келе алдағы болашаққа дәстүрлі өнеге жолын қалыптастырады. Әрбір ұлттың рухани құндылықтарын жеке көрнекті тұлғалардың шығармашылық мұрасы құрайтыны мәлім. Қазақ өркениетінің мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан даму үрдісі желісінде өз ұлтымыздың және жалпыадамзаттың мұраларын меңгерген, оны ұрпақтарға ұғындыру үшін тынымсыз еңбек еткен дара тұлғалар тұрпаттары саралана көрінеді.

Академик Серік Смайылұлы Қирабаев – ұлттық топырақта өсіп-өніп, қазіргі кемелдену кезеңінде әлем өркениеті биіктігі деңгейіне көтерілген көрнекті тұлға. Олай дейтін себебіміз, ғалым-ұстаздың ғасырдың 40-жылдарынан басталған қазіргі ХХІ ғасырмен бірге жалғасқан шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметі ұлттық және жалпыадамзаттық өркениет жетістіктері аясында танылады. Нақтылап айтқанда, акад. С.С.Қирабаевтың қызметі былайша сараланып көрінеді: біріншісі – әдебиеттану ғылымының негізгі (әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны), жанама (текстология, историография, библиография) салаларына арналған іргелі еңбектер жазуы; екіншісі – қазақ әдебиеті пәні бойынша орта және жоғары оқу орындары үшін тұрақты қолданыстағы оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауы; үшіншісі – жоғары оқу орындарындағы үздіксіз оқытушылық-ұстаздық қызметі; төртіншісі – жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институтында үздіксіз атқарылған басшылық-ұйымдастырушылық еңбегі; төртіншісі – Қазақстандағы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелері үшін ғылыми дәрежелі кадрлар (доктор, кандидат) дайындаған басшылық кеңесшілік, ұйымдастырушылығы; бесіншісі – Қазақстандағы баспасөз орындарындағы (“Пионер” журналының редакторлығы, “Әдебиет және искусство” журналындағы, “Социалистік Қазақстан” газетіндегі қызметі) жұмыстары арқылы қазақ журналистикасына үлес қосқаны; алтыншысы – Қазақстан тарихына арналған бес томдықтың әдебиет дамуына арналған тарауларын (ХІХ ғасырдағы, ХХ ғасыр басындағы, Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетін жазған тарихшылығы. Бұл аталған салалардың әрқайсысын тарата жіктеп, кеңінен толғағанда ұстаз-ғалымның қазақ және әлем өркениетіндегі үздік жетістіктер қатарындағы кемел биіктігі, өзіндік шыңы асқақтай дараланады.

Академик С.С.Қирабаев сонау ХХ ғасырдағы 40-жылдардың аяғында студенттік жылдарынан бастаған шығармашылық қалам қайратынан жарты ғасыр бойы айнымаған қажырлы қаламгер қалпында 90-жылдары нағыз ұлтжандылық, қаһармандық тұғырын биіктете түсті. Әрине, 90-жылдарға дейінгі еңбектері қалыптасудың, кемелденудің шынайы үлгілері болатын.

Ұлттық әдебиеттану ғылымын дамытқан “Ғабиден Мұстафин” (1956), “Спандияр Көбеев” (1958), “Сәкен Сейфуллин” (1962) монографиялары, жоғары оқу орындары (“ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті” Б.Кенжебаевпен бірігіп; “Қазақ кеңес әдебиеті”, М.Қаратаев, Т. Нұртазинмен бірігіп) мен орта мектептердің Х-ХІ сыныптарына арналған оқулықтары, әдеби-сын, ғылыми мақалалар жинақтары талантты ғалымның ұлттық мәдениеттегі шынайы тұлғасын танытты. “Өрлеу жолында” (1969), “Өнер өрісі” (1971), “Әдебиет және дәуір талабы” (1976), “Революция және әдебиет”: 2 томдық, (1977), “Қазақ әдебиеті және мектеп” (1979), “Шындық пен шығарма” (1981), “Шындық және шеберлік” (1983), “Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы” (1991) – қазақ әдебиеті тарихының көркем әдеби сынының қалыптасуы мен дамуын құраған көрнекті еңбектер.

Академик Серік Смайылұлының әдебиеттану саласындағы өзіндік даралығы шығармашылық қаламын ұстаған алғашқы жылдарынан бастап қазақ және әлем халықтары әдебиеттері мәселелерін үнемі сабақтастыра қарастыруымен ерекшеленеді. Осы уақытқа дейін академик-ғалымның қаламынан әлем әдебиеті мәселелеріне арналған еңбектері шығармашылық сипатымен саралана көрінеді.

Шығыс халықтары әдебиеттеріне арналған еңбектері ғалым-каламгер шығармашылығының елеулі саласы. Мысалы: “Сүлеймен Стальский” (1952), “Советтік Азербайжан” (1955), “Қырғыз ақындарының шығармалар жинағы жайындағы кейбір ойлар” (1956), “Қырғыз поэзиясы туралы ойлар” (1956), “Мирзо Фатали Ахундов” (1958, 1966), “Махтумкули” (1966), “Араб елдерінде” (1970), “Әзірбайжан әдебиеті” (1972), “Баширов Гумер” (1973), “Бурят әдебиеті” (1973), “Египет Араб республикасының әдебиеті” (1974), “Түркі елінің ортақ мұрасы” (1998), “Жаны жайсаң азамат еді” (1999), “Дархат жырлары” (2001), т.б. Еуропа халықтары әдебиеттеріне арналған еңбектері де ұстаз-ғалымның әлемдік өркениет кеңістігін қамтыған шығармашылық дүниетанымның ғаламдық кең ауқымдылығын танытады. Мысалы: “М.Ю.Лермонтов” (1952), “Орыстың ұлы жазушысы Н.В.Гогольдің қайтыс болғанына 100 жыл” (1952), “А.С.Пушкиннің шығармаларының аудармасы туралы” (1952), “Революционер жазушы А.Н.Радищевтің қайтыс болғанына 150 жыл” (1952), “Жюль Верн” (1953), “Илья Эренбург” (1953), “В.Маяковскийдің балаларға арналған өлеңдері” (1953), “Орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстой” (1953), “М.Е.Салтыков-Щедрин” (1954), “Орыс әдебиеті және Абай” (1954), “Орыс әдебиетінің Абайға әсері” (1954), “Орыс мәдениетінің жаршысы” (1954), “Өлмейтін кітап: У.Уйтменнің “Өсімдіктің жапырағын кітабының басылғанына 100 жыл” (1955), “Бернард Шоу” (1958), “Вильям Шекспир” (1950), “Көркем аударма – ұлттық әдебиеттің мол саласы” (1956), “Тарас Бульба: театр” (1956), “Н.Тихонов” (1956), “Д.А.Фурманов” (1956), «Генри Фильдинг» (1957), “К.Гольдонидың 250 жылдығы” (1957), “Тынық Дон: кино” (1957), “Аударма жөніндегі республикалық кеңес” (1957), “Азаттықты аңсаған

ақын: Шевченконың қайтыс болғанына 100 жыл” (1961), “А.Фадеев” (1961), “Өнерлі өнеге: Н.Островскийдің туғанына 60 жыл” (1964), “Уақыт жыршысы: К.Федин туралы” (1964), “Италия әсерлері” (1966), “Бараташивили Николо” (1973), “Василевская Ванда” (1973), “Вишневский Всеволод” (1973), “Біздің Шолохов” (1975), “Латыш әдебиеті” (1975), “М.Горький қазақ тілінде” (1976), “Ұлы сыншы және революционер-демократ: Н.Г.Чернышевскийдің туғанына 150 жыл” (1978), “Революция ақыны: В.Маяковскийдің 90 жылдығына” (1983), т.б. Ғалым-қаламгердің әлем әдебиеті үлгілерінен жазған көркем аудармалары да бар. Көркем аударма мәселелеріне және әлем әдебиеттеріне арналған ой-пікірлері тереңдей келе, адамзат тарихындағы сөз өнері шығармашылығы хақындағы кең ауқымды тұжырымдарына жалғасады.

80-жылдардың аяғынан күні бүгінге дейін қазақ сөз өнерінің тәуелсіздікке қатысты атқарылған игі істерінің басым көпшілігі академик С.С.Қирабаевтың есімімен тығыз байланысты болып келеді. Ғалым-ұстаздың тәуелсіздіктің баянды жолындағы еңбектері бірнеше салалардан құралады, ең бастысы халықтың ұлы перзенттері – Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың және т.б. Алаш қайраткерлерінің төл тарихымызға мәңгілік орнығуына белсене кірісті. Әрине, тәуелсіздік алған жылдары Серағаның М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры қызметінде болуы шешуші ықпал етті. Ақталған алыптардың мұраларын кітап етіп жариялауға, оларға арналған ғылыми зерттеулер жазуға институт ұжымын жұмылдыруда ұстаз-ғалымның оқымыстылығы, біліктілігі, бай тәжірибесі, ұлтжанды парасаты шешуші қызмет атқарды. Ақталған алыптардың мұралары тез арада жинақталып, кітап болып жарияланған бойда, олар хақындағы ғылыми очерктердің жазылуында да Серағаның ұйымдастырушылық еңбегі айрықша байқалды. Өзі “Жүсіпбек Аймауытов” атты әуелі шағын кітапша, артынша көлемді монография жазып жариялап, Ш.Сәтбаеваның Шәкәрім Құдайбердиев, Ш.Елеукеңовтің Мағжан Жұмабаев, Р.Сыздықованың А.Байтұрсынов туралы ғылыми очерктерінің жариялануын ұйымдастырды. Сонымен қатар, әдебиетіміздің қайта оралған алыптарының шығарма-шылығына арналып, докторлық, кандидаттық диссертациялардың қорғалуына да ұстаздық ұйымдастырушылық ықпал етіп келеді.

Акад. С.С. Қирабаевтың ғылыми кеңесшілігімен, жетекшілігімен қорғаған докторлық, кандидаттық диссертациялар қазақ әдебиеттану ғылымының жаңаша қалыптасу, даму биіктерін танытады.

Тәуелсіздік туы желбіреген он алты жыл ішінде әдебиеттанудағы өркендеу белестерінің биік шыңы – Абайтану, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында 1990 жылы Абайтану бөлімінің ашылуын, “Абай өмірі мен шығармашылығы” атты ғылыми бағдарламаны орындайтын арнайы ғылыми топты (З.Ахметов, Қ.Мұхаметханов, Ж.Ысмағұлов, М. Мырзахметов және т.б) кұруды жүзеге асырушы – академик С.С. Қирабаев. Абайдың

150 жылдық мерейтойының әлем өркениеті биік талаптары деңгейінде өтуіне академик С.С.Қирабаев бастаған осы ғылыми топтың үлесі зор болды. Бұл ғылыми топ Абайдың лирикалық өлеңдерінің, поэмаларының, қарасөздерінің, аудармаларының, аудармалық-нәзиралық шығармаларының орналасу тәртібін жаңа ғылыми-таным жүйесімен құрастырып, 10 баспа табақтан асатын академиялық екі томдықты жарыққа шығарды. Сонымен қатар, Қ.Мұхаметхановтың “Абайдың ақын шәкірттері” атты үш томдық, З.Ахметовтың “Абайдың ақындық әлемі” М.Мырзахметовтің “Абайтану тарихы”, “Восхождение Мухтара Ауезова и Абая” “Абайдың адамгершілік мұраттары”, Ж.Ысмағұловтың “Абай: ақындық тағылымы” зерттеулері – іргелі еңбектер болып табылады. Ал бұрын белгісіз деректер негізіндегі құралған “Жүрегімнің түбіне терең бойла” жаңа ғылыми пайымдаулармен жазылған мақалалар жинағы, “Абай және қазіргі заман” атты ұжымдық монография – бұлар да академик С.С.Қирабаев бастаған сол ғылыми топтың игі істері еді. Осындай үздік еңбек нәтижелері үшін академик С.С.Қирабаев бастаған осы ғылыми топтың Абай атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары болуы – ұлттық әдебиеттану ғылымының еңсесін биіктеткен жоғары мәртебе.

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап жарыққа шығып жатқан “Қазақ әдебиеті тарихының” 10 томдығы да ғалым-ұстаз еңбегі нәтижелерінің мол үлесі қатарын құрайды.

Тәуелсіздіктің шынайы мәртебесін күшейту жолында академик С.С. Қирабаевтың осы жылдары жарияланған “Жүсіпбек Аймауытов” (1993), “Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері” (1995), “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” (1998), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Тәуелсіздік рухымен” (2002), “Өмір тағылымдары” (2006) кітаптары мен мол шоғырлы мақалалары – ұлттық мұраны жаңаша бағалаудың методологиялық бағдарын белгілеген еңбектер. Орта мектептің 10-сыныбына арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығы да қазақ мектептерінің жаңа бағдармен жұмыс істеуіне қосылған үлес. Ұлттық рухани мәдениет мұралары – ұрпақтар ауысқан сайын жаңа көзқарастармен жаңғыра түлеп, болашақ кеңістігінде бұрынғы бағасын жоғалтпайтын қазына. Академик С.С.Қирабаевтың аталған кітаптары мен мақалалары – құбылмалы саясат пен билеу, басқару жүйелерінің талай-талай өткелдерінен өтіп келе жатқан қазақ сөз өнері мұраларының халықтық мәртебеден айрылмай сақталуын дәлелдеу үшін жасалған күрескерліктің, ұлтжанды азаматтықтың, ұлтын сүйген перзенттік махаббаттың көрінісі.

Қазақ тарихының аса күрделі кезеңі – кеңестік дәуір. Академик С. С.Қирабаевтың “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша пайымдау” атты методологиялық мақаласы (“Егемен Қазақстан”, 16 шілде, 1999 жыл) ХХ ғасырдың 20-90-жылдарындағы қазақ сөз өнерінің көркемдік мазмұны мен пішініне байланысты әдеби-тарихи тұрғыда жасалған жаңаша тұжырымдау қорытындылары. Ұстаз-ғалым сегіз бөлімнен құралатын осы жаңа қорытындылар

жүйесінде 1917 жылы Ресейде болған ақпан, қазан төңкерістерінен кейін болған қазақ кеңестік социалистік республикасындағы әдеби даму тарихнамасын бүгінгі тәуелсіз мемлекет ғалымының көзқарастарымен сипаттаған. Кеңес дәуіріндегі барлық ақын-жазушылардың қандай идеологиялық көзқарастарды ұстанса да қазақ халқының тағдыры, бақытты болашағы үшін шығармашылықпен тер төккендерін нақты деректілік тілімен жаңаша бағалайды. Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің тақырыптық-идеялық, жанрлық көркемдік-стильдік жақтарынан әлемдік өркениеттегі биіктерді игергенін ұстаз-ғалым байсалды ойларымен түйіндейді.

Ал, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің әуелі үлгілі студент, одан кейін осы оқу орнындағы студенттердің де, оқытушы-профессорлардың да ұлағатты басшысы, ұстазы тұғырындағы қызметі Қазақстан тарихындағы жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерінің де өзекті желісін құрайды.

Қазақстандағы орта және орта арнаулы, жоғары оқу орындарындағы, шығармашылық ұйымдардағы (Қазақстан Жазушылар, Журналистер Одақтары т.б.) бұқаралық ақпарат құралдары мекемелеріндегі (газет, журнал, радио, телевизия), баспалардағы ғылыми-зерттеу институттарындағы, басқару мекемелеріндегі және т.б. орындардағы қызметкерлердің көпшілігі – Серағаның алдынан дәріс тыңдаған шәкірттер. Ал, алдынан тікелей дәріс тыңдамаса да халқымыз Серағаны Азамат-Аға, Ұстаз-Ғалым, Қайраткер-әдебиетші ретінде құрметтейді. Себебі, Серағаның орта мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарынан, оқу құралдарынан, жалпы көпшілікке арналған монографияларынан, мақалаларынан, халқымыздың талай буын ұрпақтары білім алып келеді, бұл үрдіс мәңгі жалғаса береді.

Қорыта келгенде айтарымыз, академик Серік Смайылұлы Қирабаев – Қазақстанның әлем өркениетіндегі тұғырын өзінің сан-салалы еңбектерімен биіктеуге үлес қосқан ұлттық мақтанышымыз. Қазақ өркениетінің мыңжылдықтар белестерінен өткен көркемдік ойлау кеңістігін, тереңдігін өңгелі өмір жолымен, шығармашылық еңбектерімен танытқан Сераға – қазақ ұлтының әлемдік деңгейдегі қайраткері. Қазақ ұлтының алдағы жарқын болашағы – ұрпақтары Серағадай Ұстаз-Ғалым өңгесін жалғастырады. Бұл – біздің ата-бабалар қалыптастырған ұлағатты жолымыз.

Төкен Жұмажанова

ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ

Елімізде танымал әдебиетші, ғалым-ұстаз сыншы, академик Серік Смайылұлының ғылыми-шығармашылығының ауқымы кең еңбектерінің бір саласы мектеппен тікелей байланыста ерекшеленіп түседі. Жас өспірімдерге білім мен тәрбие беруде әдебиеттің рөлі, білім мазмұнын байыту, жетілдіру, оны жүзеге асырудың жолдары жайында жазылған ғылыми, оқу-әдістемелік

еңбектерінің қай-қайсысы болсын қашанда құнды дүниелер. Оқушылардың әдебиеттік білімінің терең және тұрақты болуы оның әдеби шығарманы қаншалықты түсініп оқуына, өзіндік ерекшеліктерін ұғынудағы әдебиет сабағына қойылатын талаптармен тікелей байланысты екені айқындала түседі.

Көп жылдар КСРО Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі болған. 1952 жылдан оқулық авторы, оқу министрлігіне, оқу-әдістемелік кеңестің (ҮМС) қызметіне көп үлес қосқан ұстаз тағылымы, пікір-кеңестері әрқашан да үлгі өнеге бола берері сөзсіз.

Қазақ әдебиетінің арнаулы курс есебінде мектепте оқытылудың бағыт-бағдары жайында Серік Смайылұлы “Мектеп және қазақ әдебиеті” (1979 жылы жарық көрген) еңбегінде толық талдау беріп, мектеп мұғалімдеріне қазақ әдебиетін оқытудың тарихы мен оның бүгінгі проблемалары жайында жан-жақты саралап көрсетеді. Қазақ мектептері үшін алғашқы жасалған оқулықтар мен оқу құралдарының кемшілік, жетістік жақтарына толық талдаулар бере отырып, ұстаз-ғалым алдағы атқарылар істердің бағытын айқындап, нақты ұсыныстар береді. 1934 жылғы қазақ әдебиетінің бағдарламаларының жасалуы қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың жаңа белесі екеніне баса назар аударуы ғалымның әдебиетті оқытуға ерекше қамқорлықпен қарағанының бір дәлелі десек қателеспейміз. Осы маңызды мәселені жақсартуға бүгінге дейін үлкен үлес қосуда. Қазақ әдебиетінің пән ретінде оқыла бастауы, оқулықтар жасаудағы игі істер, алғашқы бастамалар қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуына жол ашқаны еңбекте толық айтылады. Сондай-ақ “Орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті” “Әдебиеттік оқу материалдары” (1939, 1940) кітаптарына ғылыми негізде талдаулар беріледі. Бұл еңбектерде қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың кейбір үлгілері сөз болып, озат тәжірибелердің жинақтала бастағанын көрсетеді. Ең негізгісі, бұл кітаптарда қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың кейбір үлгілері сөз болып, тәжірибелер қорытылғанына тоқтала отырып, автор: “Содан бергі кезеңде әдебиетті оқыту методикасы дәуір талаптарына жауап бере отырып, педагогика ғылымының маңызды бір саласына айналды”, - деп айырықша мән береді. Ғалым қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесін ғылыми жаңалықтармен байытып, осы маңызды мәселені жақсартуға барынша ат салысты.

Серік Смайылұлының: “Жасыратыны жоқ, қазақ мектептеріне ана тілін, әдебиетті оқытудың жай-күйі әлі уақыт талабы дәрежесінен көп төмен жатыр. Орта мектепті бітірген балалардың әдеби білімінің төмендігін оқыған кітаптарының аздығынан, көркем әдебиеттің сыр-сипатын ұғынудағы қара дүрсіндігінен, ал орыс және дүние жүзі халықтарының әдебиетінен хабары аздығынан, өзіміз, жоғары оқу орындарының оқытушылары жыл сайын көріп жүрміз”. – деген отыз жыл бұрын айтқан пікірі бүгінгі ұстаздарымыз үшін де құндылығын таныта түсуде. Зерттеуші ғалым дөп басып көрсеткен кемшіліктен арылудың жолын әр мұғалім қай кезде болсын терең түсініп іздестіруде. Жас жеткіншектерді шығармашылық тұлға биігіне жеткізу мақсатында,

шығармашылық еңбек пен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қалыптасуда. Оқушылардың оқырмандық қызығушылығының азайып бара жатқанын, көркем шығарма оқуға деген ынта-ықыластың мектеп қабырғасында дұрыс қалыптаспайтынын түсінген пән мұғалімдері әдебиетке деген қызығушылықты арттырудың жолдарын қарастырып, әр түрлі әдіс-тәсілдер жинақтауда. Оқушы жастардың әдебиеттік білімінің терең және тұрақты болуы көркем туындыны түсініп оқуына, оның ерекшелігін жан-жақты ұғынуда екендігіне пән мұғалімдерінің айырықша мән беруі қажеттігі туындайды. Ғалым Республикада өткізілген республикалық, халықаралық конференциялар, симпозиумдарда, т.б. баяндамалар жасап, әдебиеттің тарихы, сыны, әдістемесі жайында үнемі құнды пікір ұсыныстар білдіріп отыруда. Мұның өзі жас ұрпақтың болашағына, тәлім-тәрбиесіне деген қамқорлық, игі істер деуімізге болады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға арналған республикалық ғылыми теориялық конференцияда жасаған баяндамасында автор: қазақ әдебиетін жаңа программамен оқытудың кейбір мәселелеріне толық талдаулар беріп, бағдарламаның жетістік жақтарын, өзіндік ерекшеліктерін, бұрынғы жасалған бағдарламалардан өзгешеліктерін саралап көрсетті. Бұл бағдарлама негізінде кейінгі жаңа бағдарламалар толықтырылып, өңделіп басылып шықты. Мәселен, әдебиет өнердің басқа салалары сияқты шындықты эстетикалық тұрғыдан танытуға үйрететін пән болғандықтан, оқушылардың көркем шығарма оқуға құмарлығын арттыру, әдебиетті сүюге баулу мақсатымен бағдарламаларды олардың міндетті түрде оқуына, қосымша түрде оқуына, өз бетінше жұмыс істеуге қажетті шығармалар ұсынылғанына баса назар аударады. Мектептегі әдебиеттік оқу, ең алдымен, үздік туындыларды оқыту болып табылғандықтан сол шығарманы түсініп талдап үйретуде табиғатын тану, негізінен, мұғалім қабілетіне, еңбегіне байланысты екенін көрсете отырып, “Біздің міндетіміз – балалардың әдеби шығарма оқуын творчестволық жолмен еңбек дәрежесіне көтеру” екендігіне ғалым ерекше мән береді. Бұл бүгінгі мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне қойылатын негізгі талаптың бірінен саналады. Баяндамада көркем шығарманы түсініп талдаудың әр түрлі жолдары көрсетіліп, әдебиет теориясынан берілетін мағлұматтарды меңгерудің өзіндік ерекшеліктері анықталып, пән мұғалімдеріне ұсынылған бағыт-бағдары ұсынылған, сондай-ақ автор әдебиетті оқытуда оқушыларды мәтінді меңгеруге дайындау, проблемалық тапсырмалар, шығармашылық әдеби жаттығулар орындату, мәнерлеп оқу мәселелеріне, факультативтік курстардың бала ұғымын тереңдетуге қосар үлесі, рөлі, т.б. жайында толық тоқталады. Зерттеуші ғалымның 70-ші жылдары әдебиетті оқытуға байланысты көтерген өзекті мәселелерінің қай-қайсысы болсын, бүгінде әдебиетті оқытуда оқушылардың дүние танымдық ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіруде іске асырылып, оқу үрдісінде тиімді қолданылуда.

Әр сыныпта өтілетін әдебиет сабағының негізінде әдебиетті ғылыми, тарихи тұрғыда танытып, жеке шығармаларды оқыту мен әдеби процестің

дамуы жайындағы оқушы түсінігін ғылыми жүйеге салуға мұғалімдеріміз жете мән беріп келеді. Әдебиеттің басты міндеті оқушының сезіміне әсер ету, сол арқылы жақсы қылыққа, мінезге баулу, өмірдің сырын аңғарту екенін түсінген мұғалімдеріміз оқулықтың білім көзі әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық үлгісі екендігін ескеріп, сабақ барысында әдіс-тәсілдер, оқыту формаларын түрлендіріп өткізуде айтарлықтай тәжірибелер жинақтауда. Кезінде ғалым көтерген өзекті мәселелер шешімін табуда. Жоғары білімді мамандарды дайындаудың сапасын арттыру ісінде үлкен табыстарға жеткен ұлағатты ұстаз, оқушыларды оқулықтармен, оқу құралдары мен қамтамасыз ету ісінің маңызы зор екенін ертеден-ақ түсінген автор бұл салада да өте өнімді еңбек етуде. Бағдарлама, оқулықтардың авторы ретінде С.Смайылұлының еңбегі айырықша, басқа ғылыми еңбектерімен қоса, орта мектептегі әдебиетті оқыту мәселелеріне қосқан үлесі зор.

1987 жылы Қ.Мырзағалиевпен авторлық бірлестікте жарық көрген 9-сыныпқа арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығына арналған әдістемелік нұсқау еңбегін республика мұғалімдері әдебиет сабақтарында тиімді пайдаланып келеді.

Бүгінде “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқаны белгілі. Әдістемелік нұсқауда авторлар: мәдени мұра және оқыту мәселелеріне байланысты құнды ой-пікірлерді ортаға салады. Ең бастысы, мәдени мұраны оқу, оны игеріп пайдалану әрбір білімді азаматтың қасиетті борышы екендігін айта келіп, өткенді білу, бүгінгі бағалаудың өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

IX сыныпта әдебиет теориясының мәселелерін оқыту бес жүйеге бөлініп қарастырылады:

1. Әдебиет туындыларының тарихи және қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі орны, атқаратын қызметі;
2. Суреткер-жазушы;
3. Әдебиет жанрлары;
4. Әдебиеттік әдіс;
5. Көркем сөз, жазушы тілі.

Бүгінде мұғалімдеріміз әдебиет теориясынан мағлұматтар беруде осы жүйені сабақтарында толықтырып, басшылыққа алуда. Бұл еңбекте авторлар: Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Мағауия Абайұлы, С.Көбеев, С.Торайғыров т.б. өмірі мен шығармашылығын оқытудың ұтымды әдіс-тәсілдерін берген. Мысалы, Абай өлеңдерін оқыту шығармашылық жұмыс екенін түсіндіре отырып, өлеңді оқыту, талдаудың өзіндік қиындығын анықтап, өлеңдегі әр шумақтың, компоненттің, нақыл сөздің, детальдың өзара байланысын, көркемдігін ашып танытады. Авторлар Абай өлеңдерін оқытуда негізгі басты принцип: өлеңді мәнерлеп ойлана оқуға, ойландыра оқуға үйрету екендігіне айырықша мән береді. Абай өлеңдерін оқу алдында бұған дейін оқушылар танысқан қазақ өлеңінің ұйқасы, буыны, ырғағы, шумағы жайындағы

мәліметтерді еске түсіру керектігі айтылады. Әдістемелік нұсқауда берілген әдеби тапсырмалар әр түрлі бағытта ұсынылған. Мәселен, өлеңді келістіріп оқи білу, поэтикалық көркемдігін дәлелдеу, мағынасы ауыстырыла айтылған бейнелі сөздерді жазу. Оқушыларды ойлануға жетелейтін сұрақтар белгілі бір жүйемен тақырыпқа сәйкес берілген. Мысалы: Ақынды мазалайтын не? Ақынның арманы мен өкініштерін оның өлеңдеріне ортақ, өзекті проблема деуге бола ма?

Әдістемелік нұсқауда ұлы ақынның “Болыс болдым мінеки” өлеңін талдап оқуға болыстың мінез-құлқын, іс-әрекетін өз аузымен өзіне түгел айтқызып, автопортрет жасатуға, өлеңнің композициялық мазмұнын жіктеуге, болыстың мінезін ашуға берілген арнайы сұрақтарды оқытушыларымыз сабақтарында тиімді қолдануда.

1. Болыстың ел басқару сиқы;
2. Ояз келгенге дейінгі әбігері;
3. Ояз келгеннен кейінгі жанталасы;
4. Ояз кеткеннен кейінгі қылығы;

5. Болашағына сенімсіз болыстың күдігі, т.б. сұрақтармен жұмыс істеуде оқушыларды ойландыра отырып, жауаптар жазғызады. Әр тақырыпты өтуде ұсынылған сұрақ-тапсырмалар сипаты жағынан әр алуан; Оқушылардың білім дәрежесін тексеруге, өз еттерімен жұмыс істеуге ыңғайлай құрылған, оларды өзгертуге, толықтыруға болатындығын мұғалімдер жақсы түсінеді. Оқу ұралында баланың тілін дамытуға, жазба жұмыстарына төселдіруге арналған әдеби жаттығулар, бағдарлама үлгісі, ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту, мәтінмен жұмыс, талдаулар жасау шәкірттерді шығармашылыққа, ғылыми ізденістерге баулиды. Мұндай әр түрлі тапсырмалар оқушының білімін арттыра түсері хақ. Міне, осы оқулықта берілген, олардың икем-дағдыларына қойылатын талаптар жан-жақты толық көрсетілген. Бүгінде республика мұғалімдері, филология факультетінің студенттері бұл әдістемелік нұсқауды өте қажетті оқу құралының бірі ретінде бағалайды, өз сабақтарында басшылыққа алады.

Ұстаз ұлағаты қашанда жарық жұлдыздай жарқырап, өз ұрпағын үнемі алға жетелері сөзсіз. Серік Смайылұлының 1971 жылғы “Лениншіл жас” газетінде “Жоғары парасат – мұғалім мұраты” деген атпен ұйымдастырылған пікір алысуды қорыту ретінде жазған “Ұстаз жауапкершілігі” атты мақаласында айтылған ой-пікірлер бүгінгі егеменді еліміздің жастары, болашақ ұстаздары үшін үлкен ой тастайтын құндылығымен ерекшеленеді. Мұғалімдер алдына қойылатын міндет, талапты әр қырынан көрсете отырып, автор: мұғалімдерді аттестациядан өткізіп отыру, олардың еңбекақысын қабілетіне, біліміне қарай реттеу, мұғалімдердің біліміне қарай жетілдіру институттар жұмысын қайта құру, жаңғырту сияқты маңызды мәселелерді көтерді. Сондай-ақ оқушыларды ғылымның бағыттарымен, соңғы жаңалықтарымен таныстыра отыру үшін мұғалімнің өзінің жан-жақты білімді болуы қажеттігі туындайтынын автор ерекше

бөліп көрсетеді. Сонымен бірге ғылым жаңалықтарына сәйкес оқу әдісін жаңалап, жетілдіре түсу, ғылыми информациялық мәліметтерді жүйелеп пайдалана білу, керектісін іріктеп, оқушыларға ұғындыру жас ұрпаққа ғылыми ойлаудың үлгісін үйрету сынды өзекті проблемаларды ашып көрсетті. Бұл мәселелердің қай-қайсысы болсын мұғалімді үнемі ізденуге, тынымсыз еңбектенуге бағыттайтыны сөзсіз.

Әр шәкірт тағдыры мұғалімді ойландыратындай барлық жағынан шын мәніндегі жаң-жақты ұстаз болу керектігін өмірдің өзі талап етуде.

Мұғалім қандай болу керек? – деген сұрақ төңірегінде ой тастап, автор қозғаған өзекті мәселелер – егеменді еліміздің ХХІ-ғасырда еңбек ететін ұстаздары үшін де аса бағалы дүниелер.

Жас ұрпаққа тәрбие, білім берудегі озық ұстанымдармен сабақтастыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне деген сенімін нығайту сияқты міндеттердің басты назарға алынуы, әр оқушыны жеке тұлға биігіне жеткізу мақсатында шығармашылық еңбекпен оқытуға бүгінгі ұстаздарымызға бағыт-бағдар береді. Ұстаздық қызмет қаншалықты құрметті болса, соншалықты жауапты екенін танытады.

Әдебиетші ғалымның, ғалым-ұстаздың қызметі, ғылыми-зерттеу еңбектері ғылымды дамытудағы табыстары қай уақытта да жоғары бағаланып, жарқырай түспек.

Бақытжан Майтанов

СЕРІК ҚИРАБАЕВ ЖӘНЕ ЕСТЕЛІК ЖАНРЫ

Естелік жазу көп адамның қолынан келетін сияқты. Бірақ оны кім оқиды? Ол кім туралы айтады? Басқаларға баға беретіндей өзі кім? Ойының нәрі бар ма? Сөзінің сәні келісе ме? Осындай түсініктен кейін-ақ естелік жанрының жалы күдірейіп шыға береді. Естелік есейген жанды, өмір өткелектерінен қыры сынбай өткен, айналасын, қоғамды, заман ағымын ақыл, сезім, зерде сарабына салып, талқыман тазартып көре білетіндерді ғана қадірлеп қабылдайды екен. Жан-дүниенің де, парасат ауқымыңыз да “Сират көпірінен” жүргендей сынақ алаңынан шындалып шығуға тиіс.

Ұлттық әдебиетіміздің күрделі кезеңдерінен бүгінгі еліміз тәуелсіздікке жеткен дәуір аралығындағы ақ қар, көк мұзды бастан кешкен аға қаламгер, дуалы ауыз сыншы, қабырғалы зерттеуші, көрнекті ғалым-ұстаз Серік Смайылұлы Қирабаевтың көп жылғы толғамдарын жинақтаған кітапқа қойған аты – “Өмір тағылымдары” (Алматы: Білім, 2006). Автор бірден-ақ жарық әлем, қоршаған орта, әр буын ұрпақтан үйренгенін, түйгені мен санаға тоқығанын басым түрде атайды. Ал естеліктің екінші жағы осы жақсыны ұлағаттап тағзым ету дәстүрін бүгінгі және келешек қауымның көкірек көзі ашық ұл, қызына өнеге ұстамы етіп, таным үлгісіне жоралғы қалдыру.

Естеліктер әр жылдары жазылғанмен, дүниетанымы берік, тіршілік, еңбек, әлеуметтік қарым-қатынас аясындағы парасат өлшемі биік, тұтас та мінез тұрғысынан кесек тұлғаның ортақ көзқарас, ұйғарымдары, сенім, мейірім, сағыныш шуағымен негізгі ой арқауынан көз жазбайды. “Менің әкелерім” атты кіріспе сөздің өзі қазақ қауымы арасында аса жоғары әспеттелетін ата салтты сыйлау, үлкенді ұлағаттау, кішіні ізеттен айырмау, дос-жаран, туыстық ғұрыпқа шаң түсірмеу іспетті этнопедагогикалық құндылықтар салмағын аңғартумен басталады. Ағайынды аға, әкелерінің уақыт тудырған қайшылықтарға дес бермей, ала көңіл суықтық ауылын алыс қондыруы, бір атаның балалары ғана емес, өзге жегжат, жақын-жуықтарға, таныс-білістерге де адамшылық ықылас, жәрдем көңілін аямау, сұраусыз жақсылыққа бейімдік Қирабай әулетіне тән мінез ретінде нақты деректермен суреттеледі. Бұл барынтымағы жарасқан, барға асып-таспаған, жоқта абыржып саспаған, шаруа қамы, әлеумет тапсырмасына, ел-жұрттың ауанына қарап өскен қажыр-қайраты, береке, бірлігі мол жанұядан ұшқан түлектер ата-ана үлгісін жерге қаратпаған. Сераған іргесі берік, ырысы мол ортада әділет пен турашылдық жолын қалап, алдағы өмірінде темірқазықтай бағдаршам қылмауы мүмкін емес еді. Әрине, алдымен адамның түйсік-санасы жетекші, алайда тәрбие, тағылым үрдісінің оң ықпалын ешкім де теріске шығара алмайды. Бір-біріне жақындық сезіміне тозаң түсірмеу ниетімен өзара бала асырау ғұрпын табиғи түрде жүзеге асырған Қирабай – Жақсыбай ұрпақтарының ию-кию араласқанынан естелік иесінің шын әкесі кім екенін ажырату да қиын. Бала да, әке де, ана да ортақ мамыражай ахуал Сәби күнінде анасынан айрылған Серағанның жетімдік ұғымын сезінбеуі, кейінгі аналарының асыл махаббатына бөленуі, жүрегіне дақ салдырмай, ермінез, ерке қалыпта өмірдің бетіне тік қарап өсуі атам қазақтың ең аяулы әдет-машығын ұлықтай түсуге арналғаны анық.

Қаламгердің туған жерге сүйспеншілігі мен сағынышы уақыттың қайта оралмас қадір-қасиетін ардақтаумен сабақтас. Расымен де Сарыарқаның шұрайлы өлкесіне қоныстанған ата мекеннің көз талатын әсем ландшафты, өзен-су, тау-тас, жасыл шалғын, отты жайылым, тап-таза шыңылтыр қысы, қоңыр күзі, көгілдір көктемін адамзатқа берілген Тәңір сыйы деп қабылдау автордың жасөспірім шағынан басталғанға ұқсайды. “Жарық” атты қонысқа байланысты туған, соңынан жарық көрген өлең болашақ жазушы, сыншының нәзік жан қалтарысында өнер гүлінің бүршік жарған мезетінен мағлұмат береді. Серағанның ел ішіндегі әр алуан тосын жағдайларды әдеби ақпараттар легімен салыстырып, көркем стилизация жасағандай орайда жаңғырта бедерлей жүруі, театрланған көріністерге құмартуы, күлкілі шумақтар шығаруы шығармашылық тұлғаның алғашқы қалыптасу кезеңін айқындайды.

Серағанның туған жері Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин есімдерімен тамырлас болуы баяндаушы әңгімесіне тарихи астар мен эмоционалды өрнек қосады. Біреуге көзін сатудан еңбегі мен ақылына сенуді ақыл еткен әке тағылымын зердеде қорытқан жас әдебиетшінің өмір соқпақтары тақтайдай

тегіс те емес. Заман қыспағынан құтылу үшін тұрмыс кәсібімен ерте айналысқан С.Қирабаев Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына біраз тәжірибемен келеді. Үздік оқиды. Ғылыммен әдеби сын арқылы табысады. Жастық дәуренін дәуір үрдісіне сай Әлия апаймен бірге өткізетін бақытты жылдардың бастауы сияқты үмітті жарқын күндермен жалғастырады. Аса ұқыпты студент атанған Серағаң әр түрлі пәндерден дәріс оқыған ұстаздары туралы жан-жақты шынайы сыр шертеді. Мектептегі мұғалімдері тәрізді олардың да педагогикалық, интеллектуалдық, адамдық қасиеттерін қатар алып, мейлінше дәл орнымен бағалауға тырысады. Аудиториядағы оқытушы – тарих фотоаппаратына таптырмайтын нысан. Ол өзгені сынап бағдарласа, алдында сыр білдірмей отырған монтаны шәкірт ертең мұны уақыт мәжілісінің талқысына қоя алады. Мәселенің осындай шетін ұшығын жақсы аңғаратын автор жоқты бүркемелеуден, барды асыра дәріптеуден қашады. Жас көңілдің өткірлігі мен батылдығын ұстаз атаулы ескере бере ме екен. Бұл кітап оқытушылар қауымына да зор сабақ, психологиялық дайындық мектебі ретінде ой салады. Студент-филологтың сергек жанары ұстап қалатын оқытушы аға-апайлардың білімі, әдістемесі, этикалық мінез-қалпы, жастармен қарым-қатынасы, сөйлеу дағдысы, отырыс-тұрысы, тіпті жеке тағдырына қатысты мәліметтер сұңғыла зеректік пен көзқарас кендігін, ұстамдылық пен зерде мықтылығын дәлелдейді. Задында, педагог үшін де, үйренуші үшін де басты шарт – ынта, ықылас қой. Бұл қасиеттер алғыр да қарымы мол талапкердің алдағы іс-тәжірибесінде, тіршілік шырғаландарында кәдеге жарауы, қазірге дейін ақыл-ой, кісілік ұлғатына олжа салуы – заңды үдеріс нәтижесі. Естелік мәтінінде болашақта есімі белгілі ақын-жазушы, ғалымдарға айналған дос-құрбылардың маңызды немесе бүгінде күлкі шақыратын балаң іс-қылықтары әдемі юмор, жеңіл қалжың арқылы тартымды баяндалған. Мәселен, Ә.Әбдірахманов – Б.Соқпақбаев оқиғасы заман шындығын байыптайтын шынайы детальдар, болмысты терең пайымдау үрдісімен езу тарттырады. Автордың жады жаңғырықтарына композициялық тұтастық беріп, фабула деректерін суреттеуде ысылған жазушыларға хас шеберлігін арнайы атамай кетуге болмас. Бұл естеліктердің тасасында шығармашылық мүмкіндіктері жеткілікті сырбаз беллетрист түр.

Лирикалық кейіпкердің баспа, газет-журнал редакцияларындағы қызметі алдағы өмір сапарында ұшырасатын естелік қаһармандарының көбімен қоян-қолтық араласуына жағдай жасаған. Бірталай шымыр хикаялардың дәйек-сұлбасы шығармашылық құрылымдардағы қызмет аясынан бой көрсетеді. 1950-60 жылдардағы ауыр, қайшылықты қоғам тынысынан қазіргі таңға дейінгі әдеби өмір, сыншылық дәстүр, қаламгерлер ортасына тән ерекшелік сенімді ашылады.

Серағаң жоғары билік құрамында да еңбек, шиеленіс, үнсіз қақтығыс сырларын біршама меңгерген. Әрі көңілді, әрі жағымсыз әсер алып шыққаны нанымды. Орталық партия комитетіне қайта жұмысқа шақырылғанда келіспеуі

бұрынғы алдампаз, екіжүзді саясаттан сақтануы ғана емес, ғылым саласының өміршеңдігі мен әлеумет үшін әлдеқайда пайдалылығын түсінуден туған қадам. Ол ҚазПИ-де бірінші проректор, факультет деканы, кафедра меңгерушісі, Әдебиет және өнер институтының директоры болған кезеңдерде кәсіби іскерлігі, әділеттілігі, жұртшылықпен тез тіл табысып, дос көбейту бағдарында жемісті әрекеттер, ұтымды шешімдер тауып, әріптестері мен жастарды қолдау, білім мен ғылым кеңістігін кеңейту тілегімен тыныстағанына куәгерлігіміз артады.

С.Қирабаев осы лауазымдарды атқара жүргенде талай қарсылықтар, ғайбат айыптауларға да кез болған екен. “Өмір тағылымдарында” баяндалатын мұндай психологиялық, тұрмыстық мезеттер басқа естеліктердегі мағлұматтармен толығып, бір жағдай әр тарапты, бірақ сайма-сай фактілер бойынша сарапталады. Серағанның жасанды тартыс, тосқауылдарды еңсеріп шығуына көмектесетін күш – біліктілігі мен адалдығына сенімі, өткірлігі мен батырлығы. Шындықтың қуатты жарығы алдында көз ұялады. Әрине, ақтың ақтығын, қараның қаралығын айғақтауға, кеш те болса ақиқаттың алдында бас сипауға иліккен қоғамдық ортаның жылымық дәстүрге көшуі де заманның, ақыл-ойдың ілгері аттауы еді. Өткен ғасырдың екінші жартысының басында сыншыларға кітап шығару да салтқа еңбеген. Сенді бұзған кейінгі ҚР ҰҒА-сының академиктері: М.Қаратаев пен С.Қирабаев. Болашақ әдебиетшілерге жол ашқан осы қадамының өзі үлкен күреспен келіпті. Ғалым-ұстаз бүгінгі ғылым мен білім жүйесінің тағдыры үшін толғанады. Қуаныштан үміті үзілмеген.

Кітапта Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, Қ.Жұмалиев, С.Мәуленов, Ә.Тәжібаев, Ж.Молдағалиев, Ә.Шәріпов, З.Ахметов сияқты т.б. ғылым мен әдебиеттің көрнекті қайраткерлеріне арналған әңгіме-эссе сипатты дүниелер бар. Автордың ұнамды қасиеті – қай суреткер, қаламгер, зерттеуші айналасында болмасын, мейлінше байсалды, жан-жақты, әділ пікір тудыру. С.Қирабаевтың әр нәрсені алыстан аңғарғыш дағдысы, көкей көзінің жүйріктігі, лайықтыны қадірлеу, ағат басқанды кешіруге бейім, сырттай қатқыл көрінсе де, іштей бауыр тартатын мінезі бейнелеу нысанына алынған қаһармандардың даралық қалпын, өзгешелік типологиясын анықтауда ауқымды зияткерлік, философиялық жүк көтереді. Өмір жайлы ойландыңыз ба, сіз енді философияның мекен-жайына қоныс аударатыныңыз белгілі ғой. Альбер Камю “философ болу үшін роман жазу керек” дейді. Ал естелік те эпистолярлық роман емес пе. Мәселе философ болуда ғана ма? Психологтың көрегенділігі мен сезімталдығы, әдебиетшінің шұрайлы тілі, кәнігі жазушылардың сюжет фрагменттерін ойната білу қабілеті, педагог-ұстаздың ғибраттық идеологемасы “Өмір тағылымдарының” ажарын ашады.

С.Қирабаев Мұхтар Әуезовтей ұлы суреткердің жан әлемі ғана емес, сырт кескініндегі ерекшелікке де назар аударады. Мұхтар, Сәбит, Ғабит ағаларының жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздеріне, өздері үшін құпия тәрізді әңгімелеріне жасқа тән қызығушылықпен сүйсіне таңданады. Ол ғажайып ғұламаның дәлдік пен

нақтылықты ұнататынын, әншейінде қарапайымдылығын, әркімді тең санаудан қашпайтынының, рухани мәдениетінің биіктігін, қошемет сөзді өнер тұтуын, рәсім-салт өнегесіне жетіктігін, айрықша таланты мен тапқырлығын, амалсыз, бірақ шынайы, ұтқыр мысқылын сезімтал байқап, ақыл нұрымен мадақтай сипаттаған.

Жұртшылық әр қилы түсінгісі кеп тұратын Сәбит Мұқанов хақындағы әңгіме, толғамдар автордың өз көрген, білгенімен ғана емес, басқа қаламгерлердің байлам, топшылауымен де ұшталып отырады. Мысалы, Жақан Сыздықов айтатын хикая Сәбеннің момындығымен тек қана өзгеше бітімді адамдарға тән оқшау мінезінен хабар береді.

Әдеби қауым тек қана тамсана жыр қылатын Ғабит Мүсірепов төңірегіндегі С.Қирабаев көзқарасы өзгелермен толық тоқайласуды мұрат етпейді. Әркімнің әр нәрсе, құбылыс, тұлғаға қатысты өз байламы бар. Оны жасырып қалғаннан гөрі айтып қалған жан неғұрлым адал Серағаң өтірік көлгірсуден аулақ. Ол Ғабеннің ірілігімен қатар пендешілік қылықтарын да байқайды. Әйткенмен, Ғ.Мүсіреповтей аса дарынды жазушының халық үшін биік сипатты бейнесін автор жоққа шығаруға тырыспайды. Көзқарас еркіндігін мойындай біледі. Қадірлей тұрып, сыншыл тұрғыны жоғалтпау автордың замандас достары С.Имашев, Н.Жанділдиндерге байланысты да бой көрсетеді. Тәрізі, жалған мақтай беруден ұнау, ұнамауға қарамастан, шындыққа тікелей жеке қарым-қатынасыңды аңғарту тарих парасаты үшін соғұрлым құнды қасиет саналса керек.

С.Қирабаев үшін мейлінше мұрат тұтуға болатын, адамгершілігі мен таланты қатар қанаттасқан, ойлы әрі тіршілік толқындары дана етіп шығарған адам – Ғабиден Мұстафин. Бұл төңіректегі толғамдарда дәйектілік мол. Көпшілік пікірі де, тіпті, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов тәрізді қатарластары да Ғ.Мұстафиннің зиялы қарапайымдылығы мен ұстамдылығы, кеуде соғуға жоқ, іске бар, қайтпас қайсарлығы, ел мүддесін жеке тілегінен асыра қоятыны, сенгіштігі мен жан тазалығын жоғары қояды. Қазақтың игі жақсы қарияларына хас халықтық болмысты автор Ғ.Мұстафин бойынан танып, біледі.

Н.Ондасынов жайлы әңгімеге С.Қирабаев досы Хакімжан Наурызбаев ойлары арқылы басқыш салады. Жалпы көзқарасқа үйлесетін екі адам бағдарпайымының толық келісім табуы әңгіме кейіпкерін жан-жақты әрі дәйекті мүсіндеуге жол ашады. Ал Н.Ондасынов толғамы арқылы Ж.Шаяхметов тұлғасына тән штрихтар аталып өтеді.

“Өмір тағылымдарында” әңгіме ішіндегі әңгіме немесе әлқисса (сказ) түрлері, реминисценция, пародия, стилизация элементтері жиі кездеседі. Мәселен, “Қалтайдың түсі”, Садықбек Адамбеков өлеңдері мен хикаялары, Б.Соқпақбаев сөздері “әдеби қауесет” жанрынан да, әлгі баяндау тәсілдерінен де хабар береді.

Кітаптағы Б.Әшімов, М.Сағдиев, Ж.Төшенов тәрізді қоғам қайраткерлері туралы мақала-әңгімелерде адамның кісілігі ретінде турашылдық, әділеттілік,

кәсіби біліктілік, қайырымдылық, ізгілікке ұмтылыс, ақ-қараны ажырата білу, біртоғалық, шешімталдық, кішіпейілділік, батылдық, қажыр-қайрат пен ақыл капиталы ар-ұждан көрнекілігіне саналады. Осы тұлғалардың бәрінен де С.Қирабаев жақын араласқанда көзі жеткен, өзі таныған ақиқат сезім әсерлерін уақыт сарабынан өткізіп барып ортаға салады. Автор ұстанымы: “Еңкейгенге еңкею, шалқайғанға шалқаю”

Серағанның дос-құрбылары манайындағы әңгіме-эсселерде өткір де жарасымды юмор нақыштары орын алады. Ол С.Шаймерденов, әсіресе А.Шамкеновке байланысты эпизодтарда шынайы, шымыр тартқан. Автор көңілі дұрыс көрген, реніштен теріс айналып кете қоймайтын жақын-жуықтарымен әзіл-қалжың жарастырады. Қазаққа етене ұлттық рухани дәстүр нанымды жағдайларда жаңғырым табады.

Негізгі сөз “Өмір тағылымдары” төңірегінде өрбігенмен, біздің бас қаһарманымыз – ҚР ҰҒА-сының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Смайылұлы Қирабаев. Ол – қазақ әдебиеттануы мен қазақ әдеби сынының да бас сардары. Сексеннің сеңгіріне таяған көрнекті ұстаз-ғалымның тіршілік жолы да өнегеге толы. Олар, Әлия апай екеуі, ата салтты, үлкенді қадірлеп, сыйлау, бағалау арқылы азаматтық дарын асуына қиналмай көтерілген. Өзгелерге арналған уақыт осынау қайсар, парасатты, шарапаты мол, бақытты жандардың ғұмыр-дариясына тұнық тұма боп, қосылатынына сенесіз.

Дихан Қамзабекұлы

АКАДЕМИК СЕРІК ҚИРАБАЕВ

Қазақ әдебиеттануы талай қиын өткелекті бастан кешірді. Саясаттан да, кемшін рухани танымнан да көресінді көрді. Мағжан ақын айтқан “саясат – ағаш ат” оны қолбала еткісі келді, ал таяз ойлыларға “көркемдік!” деген талап “көрмей кет!” болып ұғынылды. Ұлт әдебиеттануы табандылықты, біліктілікті, тіпті амалды керек етті.

Қазір айтқанға оңай, ой атаулыға цензура қойылған жылдары жалпы қаламгерлер ортасынан шеберді тауып, қабілет-қарымын һәм қасиетін ашып, көркемөнерді өз заңдылығына сай ілгерілетуге септесу екінің бірінің қолынан келген жоқ. Таным – жай ғана ой-пікірдің жиынтығы емес, ол – принцип пен жауапкершіліктің жиынтығы. Әдебиеттануға да осындай принцип керек-ті. XX ғасыр қанша саясиленген ғасыр десек те бұл уақыттың әдебиетін билік ұртоқпағынан көркемдік таным принципін ұстанған тұлғалар құтқарды. Саясат халық әдебиет қарым-қатынасындағы үйлесімділікті елдің өскелең танымына сай құру – кеңес тұсындағы бірден-бір ұтымды жол еді. Тіпті осы уақыттағы билік пен өнердің “арасын өтіп бұзып дінді ашқан” (Қазтуғанша қайырғанда) – әдебиеттану-тын. Бұған әдебиеттегі “Алыптар тобын” немесе

профессор Б.Кенжебаев яки академик М.Қаратаев тұсының әдебиетшілерін мысалға келтірсек те жеткілікті. Ғылым бұл феноменді әлі дұрыс байыптаған жоқ. Бір әттеген-айы, осы уақытқа дейін кейбіреулер аталған құбылысты биліктің мысымен байланыстырғысы келеді. Алайда олар “бастыны еңкейтетін, тізеліні бүктіретін” сөз құдіреті, қалам қуаты болатынын парықтай алмай жүр.

XX ғасырда “соқтықпалы, соқпақсыз жолмен жүрген” әдебиеттануға айрықша олжа салған тұлғалардың бірі – академик Серік Қирабаев. Алыптардың ықыласына бөленген, мықтылармен иықтас келген Секеңнің әдебиетшілігі ғалымдығын, ал ғалымдығы әдебиетшілігін толықтырып, оны өнер санаткері дәрежесіне көтерді десек қателеспейміз. Ғалым бір еңбегінде: “Адам баласы ылғи алға қараумен келеді. Өткен күніне тәуба қыла отырып, ол үнемі жақсылықты ілгеріден күтеді, болашағына сенеді. Әдебиеттің өміршеңдігі де адам табиғатының өмірге деген осы сенімін тани білуімен байланысты” – дейді. Сондай-ақ Секең әдебиет пен әдебиеттанудың парасаттық қырын айрықша айтады: “Парасат – беті ашық нәрсе. Ол адамдыққа, кісілікке, игі қарым-қатынасқа, шындыққа негізделеді. Саясаттың кейде шындыққа, әділдікке сүйенбей жалтарып кететіні екеуінің арасындағы күресті танытады”

Ақыры саясат туралы әңгіме айтылып қалды, қазір ғой беделді, ықпалды саясаткерлердің қоғамдағы рейтингін анықтап отыратын дәстүр қалыптасты. Мұның, әрине, пайдасы көп. Ел таниды, естіген естімегенге айтады. Сарапшылардың пікірінше, мұндай шарада өзін бірқалыпты ұстайтындар озып отыратын көрінеді. Осы үлгідегі сарапты әдебиеттанушылардың арасында қолданып жіберсек, әдебиетке 60 жылын арнаған Серік Смайылұлы тізімнің ең жоғары жағында тұрары хақ. Екі сөйлемейтін бірқалыпты адам, жауапкершілікті өмірінің мәніне айналдырған мамаң, нәпсіні тежеген, иманды арттырған білікті кісі, билік пен өнер арасының әділ мәмілегері. Әдебиетшінің жоғары рейтингін анықтайтын бұдан артық сапа белгісі яки баға бола ма?!

Жаңылыспасақ, 1992 жылы “Егемен Қазақстан” газеті бетінде аса көрнекті жазушы Тахауи Ахтанның классик Ғабиден Мұстафин туралы “Кесек кісі” атты керемет материалы жарық көрді. Жасырып не керек, сол кезде жастар жағы түрлі себептер айтып “алыптар тобы” ішінен Ғабанды сәл “қомсыныңқырайтын” 90-жылдардағы ояну мен тарихты қайта парықтау кезінде жазылған Тахауи ағамыздың мақаласынан кейін жас толқынның Мұстафинге деген ықыласы мен құрметі айрықша болды дей аламыз. Неге? Себебі, Ғабан айналасын саясат мың құбылдырғанда да өзгермеген, аумалы-төкпелі заманда да, бейбіт кезеңде де адамшылығынан, иманынан таймаған. Жылтыраған көркемдігің, сусылдаған ойшылдығың не керек, егер қиын сәтте халықтың сөзін сөйлемесең, мұның мұндамасаң, құрығанда қарсылығыңды мінезіңмен танытпасаң?! Байыптасақ, Ғ.Мұстафин шынында кесек кісі екен.

Өзіміз Серік Смайылұлының дүниелік ұстанымынан, пайым-парасатынан, бірқалыптылығынан Ғабанның әсерін, Ғабанның дәстүрін көргендей боламыз. Бұл тағылым туралы Секең: “Ғабиден Мұстафин – менің көп араласқан, аға

тұтып сыйласқан, сырлас бауырым тәрізді, өңгелі, ұстаз тұтқан жазушым. Ғабекеннің адамдық мұратының биіктігі мен тазалығы, еңбекқорлығы мен адамға, өмірге деген түсінігі жағынан сирек кездесетін жан еді” деп жазады (бір ғана факт: Ғ.Мұстафин 70-жылдары Қазақстан басшылығына Алаш қаламгерлерін ақтау жөнінде 3 мәрте хат жазған).

Халық “сырт көз – сыншы” деп, бір жағы кейінгі толқынның берер бағасын түспалдаса керек. Секең туралы сұрай қалсаңыз, 100 әдебиетшінің 99-ы “принципшіл, бірқалыпты, білікті” деп жауап берер еді. Осы тұрғыдан келгенде, Серік Смайылұлы алдыңғы толқынның үлгі-өнегесін, кісілікті қасиетін жалғастырып жүрген тұлға болып шығады.

Серік Қирабаевтың есімі әдебиеттану саласында ХХ ғасырдың 50-жылдары-ақ танымал болды. Әдебиетке 23 жасында келген Серік Смайылұлы талантты жас сыншы, әдебиетші, ғалым ретінде әдебиет алыптарынан бата алып, ілтипатына қанықты. Ол А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұбанов бір кездері қызмет жасап, ғалымдық мектеп қалыптастырған Абай атындағы ҚазПИ-де студент те, аспирант та болып, білім нәрімен сусындады. Көп оқыды, көп тоқыды. Ұлт баспасөзіне студент күнінен араласты. Аспирантурада оқи жүріп, “Әдебиет және искусство” журналының қызметкері болды. Ал бұл басылымның төңірегіне топтасқан қаламгерлер рухани салада соны серпіннің атмосферасын жасады. Жас та болса танымал әдебиетші осы игі істің жуан ортасында жүрді.

Қаламгер сонымен бірге 50-жылдары алғаш “Пионер” журналын (қазір “Ақжелкен”) басқарды, кейін “Социалистік Қазақстан” (қазір “Егемен Қазақстан”) газетінің бөлімін меңгерді. 1958 жылға дейін өзі түлеп ұшқан ҚазПИ-де ұстаздық етті. 20 жыл осы оқу орнының қазақ әдебиеті кафедрасын басқарды. 5 жылдай институттың проректоры да болды. 1988 жылдан 1995 жылға дейін Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын басқарды. Осы ірі ғылым ордасының директоры бола жүріп, институттың абайтану бөліміне жетекшілік етті, ҚазПИ-де дәріс оқыды. Қазақстан Жазушылар Одағының барлық кешенді шығармашылық іс-шараларына атсалысты.

Жоғарыда аталған ірілі-ұсақты қызмет дәрежесіне С.С.Қирабаев маңдай терінің арқасында жетті. Мысалы, әдебиет пен өнердің көшбасшы мекемесіне ол кісіні институт ұжымы аттай қалап, сайлағаны бүгінде зиялы қауым ортасында жиі және тағылыммен айтылады. Сондай-ақ айналасына сауатты да білікті маман жинап, оларды ғылымның басым бағытына орайлы жұмылдыра алғаны да Секеңнің ұйымдастырушылық беделіне бедел қосты.

Ғалым Серік Смайылұлы отандық әдебиеттану тарихын Спандияр Көбейұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Ғабиден Мұстафин туралы іргелі зерттеулерімен байытты. Рас, бұл қаламгерлер – тарихта орны бар тұлғалар. Бірақ сол орынды анықтап-дәлелдеу, шығармашылығына талдау жасау, баға беру ғылымның еншісінде болса, осы миссияны С.Қирабаев абыроймен

атқарып шықты. Жоғарыда аталған азаматтардың әрқайсының өмірі мен шығармашылығы туралы бір-бір монография жазды. Спандияр мұрасынан – кандидаттық, Сәкен шығармашылығынан – докторлық диссертация қорғады.

Сыншы ретінде Серік Смайылұлы 50-жылдардан бастап бүгінгі дейінгі әдебиетте өз үні бар жасамыс та, жас та ақын-жазушылардың шығармаларына әділ талдау жасады. Әдебиетші, айталық, Мұқан Иманжанов пен Жұмағали Саин шығармашылығындағы шеберлік һәм даралықты 50-жылдары-ақ дәп айта алды. Сондай-ақ ол Оралхан Бөкеев прозасындағы психологизм сырын, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Б.Қыдырбекұлы, т.б. романдарындағы тарихи шынайылық пен көркемдік шешім мәселесін, И. Байзақов, Қ.Аманжолов, А.Токмағамбетов, Қ.Бекхожин, Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, Х.Ерғалиев, Ф.Оңғарсынова, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев т.б. поэзиясындағы көркемдік әдіс, эстетикалық сипат, психологиялық астар, философиялық ой-толғам жайын жан-жақты қарастырды.

Зерттеуші С.Қирабаев әркез әдебиеттің өткен жолы мен қазіргі бағыт-бағдарын салыстыра отырып талдау жүргізді. Бұл ретте ол XVIII-XIX ғасыр ақын-жазушыларының шығармаларына, әсіресе “зар заман” әдебиетінің өкілдеріне, Абай мен оның төңірегіндегі ақындарға, Шоқан мен Ыбырайға, Сәкен, Илияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит еңбектеріне, Алаш қайраткерлері мұрасына қайта-қайта оралып, замандас қаламгерлер еңбегіне алдыңғылардың биігінен қарады. Әдебиетіміздегі көркемдік пен шеберліктің эволюциясына ғылыми сипаттама беруге көп қайрат жұмсады. Ғалымның “Өрлеу жолында” “Октябрь және қазақ әдебиеті” “Әдебиет және дәуір талабы” “Революция және әдебиет” (2 том), “Шындық пен шығарма” “Талантқа құрмет” “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” “Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” “Тәуелсіздік рухымен”, “Өмір тағылымдары” т.б. зерттеу кітаптары жоғарыдағы пікірімізді растайды.

Педагог-ғалым Серік Смайылұлы 1952 жылдан бері орта мектептің жоғарғы сыныптарына арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығын үзбей жазып, қайта толықтырып жариялап келеді. Профессор С.Қирабаевтың (телавторы бар) оқулығынан сан мыңдаған қазақ шәкірттері әдебиеттің әліппесін үйренді. Ғалым сонымен бірге жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттеріне арнап “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” атты оқулық та (Б.Кенжебайұлымен бірігіп) жазды. Сондай-ақ әдіскер ретіндегі қазіргі қазақ әдебиетінен жазған оқулығын (М.Қаратаев, Т.Нұртазинмен бірігіп) және С.Сейфуллин шығармашылығы бойынша әзірлеген семинарийін жоғары мектеп жақсы қабылдады.

Әлбетте, ғалымның еңбегі жазған кітабының санымен емес, сапасымен өлшенсе керек. Осы тұрғыдан келгенде академик С.Қирабаевтың әрбір кітабы оқырман көкейінен шығып, әдебиеттанудың көкейтесті зәруліктерін шешуге жәрдемін тигізді. Секеннің бар монографиясын, зерттеу кітабын, жинағын, оқулығын, оқулыққа қосымша еңбегін, әдістемесін, нұсқаулығын тізсек, бір

кітапшаға жүк болары сөзсіз. Мына жайға мән бере қараңыздаршы: академик, филология ғылымдарының докторы С.Қирабаев 12 ғылым докторы мен 34 ғылым кандидатына жетекшілік жасапты. Бұл – 46 еңбекке бағыт сілтеді, 46 ғылыми жаңалықтың ашылуына мұрындық болды деген сөз. Осы салада да Секеңнің сапа мен жауапкершілікті басты ұстаным еткені аңғарылады. Білікті жұрт қазір «ғылымның қадірі кетті» деп, дұрыс дабыл қағып жатыр. Өйткені, өкінішке қарай, ет бергенге докторлықты, шәй бергенге – кандидаттықты уәде ететін “ғалымдар” да кездесіп қалады. Бір қызығы, осындайлар Секеңнен аулақ жүреді. Себебі нағыз академиктің мысы һәм болмысы сапасызды ешқашан жолатпақ емес.

Қазір біз Мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы деп, абыройлы істі пысықтап жатырмыз. Бұл енді мемлекетшілдік өредегі іс-шара. Кез-келген нәрсенің бастауы бар. Ұлт мәдени құндылықтарын жинақтау мен байыптау 90-жылдары басталды. Оның басы-қасында академик Серік Қирабаевтың жүргені де ақиқат. Секең әдебиет және өнер институтын басқарған жылдары Абай, Жамбыл, Ыбырай, Ақан сері, Сәкен, Бейімбет, Мағжан, Ілияс, Мұхтар, Жүсіпбек, Сәбит, Сұлтанмахмұт мерейтойлары халықаралық және республикалық дәрежеде табысты өтті. Әрине, мұның бөрінің дерлік ұйытқысы Қазақстан Үкіметі еді. Дегенмен оған нақты ұсыныс берген, сапалы баяндамалармен қамтамасыз еткен, тіпті ретіне қарай осынау мемлекеттік шараны алдын-ала да, өткеннен кейін де кең насихаттаған, ғылыми байыптаған – ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты-тын. Аталған ғылыми мекеме бұдан бөлек халық шөліркеп ұзақ күткен Шәкәрім, Әлихан, Мәшһүр Жүсіп, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Ғұмар, Сұлтанмахмұт, Қошке, Смағұл т.б. тұлғалардың еңбектерін кітап етіп шығарды. Әдебиеттің жаңаша жазылған жалпы тарихы ұжымдық монография түрінде жарық көрді. Жауапкершілікті жақсы сезінген Секең кешенді істі үйлестірумен қабат өзі де білек сыбана Ж.Аймауытұлының бес томдығын даярлауға кірісіп кетті. “Жаңаша бажайлау” айдарымен шыққан (ғалым М.Базарбаев айқындаған) монографияларға қомақты-қомақты тараулар жазды. Күні кеше жарияланып, ғылыми ортада жақсы баға алған “Қазақ әдебиеті тарихының” 7-8 томдарын (кеңес дәуірі) басқарды.

Секеңнің естелігінде мынандай бір тағылымды жол бар: “Мен бұрын арызды ең көп жазатын институт атанған ұжымда мен келген соң арыз жазу бірден тиылды” Расында, жұмыс болмаған жерде еріккеннің ісі төлдейді, арыз-өсек қарым-қатынастың формасына айналады. Академик С.Қирабаевтың жүйелі басқаруы, қатаң талабы, жауапкершілікті арға күзетші етуі бір жағынан ұжымды ілгері алып шықса, екінші жағынан ғылым мен мәдениетке олжа салды.

Академик С.С.Қирабаевтың отбасын ғалымдар шаңырағы деуге толық негіз бар. Зайыбы Ә.С.Бейсенова – академик, қоғам қайраткері, Астанадағы ЖОО география мектебінің іргетасын қалаушы. Үлкен ұлы Нұр – солтүстік көршіміздегі Қазақстанның ғылым-білім елшісі деуге лайық білікті азамат,

әйгілі РУДН-нің проректоры, ислам құндылықтарын терең зерттеген ғылым докторы. Қирабаев әулетінде ғалымдық дәстүр үзілмек емес.

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ғылым қайраткері, көрнекті педагог, академик Серік Смайылұлы құдай бұйыртып еңбегі сіңген Әдебиет институты мен ҚазҰПУ-да күні бүгінге дейін қызмет істеп келеді. Еуразия ұлттық университетінің шақыруымен Астанаға келіп, елорда студенттеріне де дәріс оқып тұрады. Облыстардағы ЖОО дәрісханаларының мінберіне көтерілетін кездері де аз емес.

Әдебиеттанудың ақсақалы, ескінің көзі, алыптардың жалғасы жаңа Қазақстанмен, дәстүрге табан тіреген елімен бірге жасап келеді.

Бекен Ыбырайым

СЕРІК ҚИРАБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Соңғы жарты ғасырдан астам уақыт бойы әдебиетіміздің тағдыры туралы үнемі толғанып, үзбей қалам тартып келе жатқан көрнекті әдебиеттанушы ғалым, белгілі сыншы Серік Смайылұлы Қирабаев – бүгінде ғылым әлеміндегі белді, беделді тұлға. Қырқыншы жылдардың соңына қарай алғашқы сындарын жариялап, әдеби жұртшылықты елең еткізген жас ғалым араға көп уақыт салмай-ақ батыл, байсалды мақалаларымен көзге түсті. Тамыры жиырмамыншы жылдарда тереңдеген, отызыншы жылдары одан әрі күшейіп бет қаратпаған, тек соғыс кезінде майдан даласына назары ауып, елуінші жылдары қайтадан көріне мінген идеологиялық қысым, сол қысымның қозғаушы күшіне айналған саясат, сол саясаттың сойылын соғушылар мемлекет ішіндегі саяси-қоғамдық, әрі әлеуметтік-тарихи күш ретінде жалпы қоғамдық өмірге, жалпақ елге ешуақытта өшпес озбырлық көрсеткені мәлім. Осы күш күллі елдің келешек өміріне, сол тұстағы барлық буынына сұрапыл ықпал жасағаны – бүгінде тарихи ақиқат. С.Қирабаевтың балалық, жастық шағы, міне, осындай қыспағы құрсаудан бетер, қоғамы қамалға ұқсас, көшбасшысы тажал тәрізді заманға сәйкес келді.

Ол кезде топырағы тозбаған, ауасы азбаған байтақ абат – Сарыарқаның шұрайлы өңірінің бірі – бүгінде Жезқазған облысына қарасты Жаңарқа ауданының Атасу селосында Серік Смайылұлы Қирабаев 1927 жылы 23 наурызда дүниеге келген. Кеңес өкіметі күшейіп, бел алғанымен, халықтық дәстүрлердің әлі де іргесі сөгіле қоймаған кез. Аққошқардан туған екі ұл – Қирабай мен Жақсыбайдан басталған, бірінің баласын бірі асырап алып, туыстықты нығайта түсудестүрі олардың балаларына жалғасқан. Жақсыбайдың балалары Бекен, Смайыл, Жаманды ағасы Қирабай алып, бауырына басқан. Ал Жәккеннің үлкен ұлы Серікті Смайыл алса, Смайылдың ұлы Хамит пен қызы Бибіғайшаны, сондай-ақ Жәккеннің ұлы Мерекені Жаман өз перзенттері еткен.

“Ағайынды үш адамның атына бөліп жазылғаны болмаса, балалардың да “менікі, сенікісі” жоқ еді. Бәрі де үш үйге ортақ өсті. Біздің жас күнімізде жазғы демалысты үш үйде кезек өткізетінбіз. Мектепке қай үй жақын болса сол үйде жатып оқи беретінбіз.

Біздің аулымызда мектеп мен оқуға барғаннан бір жыл кейін ашылды. Бірінші класты Қарағаш деген жерде Жаманның қолында бітіріп, содан көбінесе аудан орталығындағы мектепте оқыдым. Онда көбінесе кісі үйінде жаттым. Сірә, менің ешкімге сүйенбей, өз жолыммен өмір сүруім сол кезден басталған болар” дейді ғалым-сыншы кейін өмір жолын еске алғанда (С.Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. А, 2001, 440-бет). Осылайша – 1933-1943 жылдары орта мектепте оқиды. Соғыс жылдары ауыл мектептерінде мұғалімдер жетіспеуі себепті жоғарғы сыныпта оқып жүргенде, Ынталы жетіжылдық мектебінде ұстаздық қызмет атқаруына тура келеді. Ал мектеп бітіргеннен кейін Карл Маркс атындағы колхоздың бастауыш мектебінің әрі менгерушісі, әрі мұғалімі болады /1943-1945ж./. Әкесінің ықпалымен ішкі істер жүйесінің қызметіне ауысып, Жаңарқа аудандық бөлімінде еңбекпен түзеу инспекциясының бастығы қызметін атқарады. Алайда оқуды армандаған ойлы жас өз жүйесінің оқуына жібергісі келген ішкі істер саласының ыңғайына көнбей, қайта-қайта өтініп жүріп, ақыры 1947 жылы жұмысынан босайды. Сол жылы Алматыдағы КазПИге оқуға түскеннен бері қарай болашақ ғалымның жаңа өмірі басталады.

Ұстаздық қызмет атқарған, әрі ішкі істер жүйесінің темірдей тәртібін көріп, үлкен өмір мектебінің алғашқы қатал сабақтарын алған талапты жас студент мектепте жүріп жазған азын-аулақ өлеңдерін місе тұтпай, оқуға, ізденуге беріледі. С. Қирабаевтың жасынан-ақ өзін өзі ұстай білуіне, еңбекке өзін жеге білуіне өскен ортасы, көрген тәрбиесі, табиғи болмысы әсер еткені айқын. Араласқан ортасын, заман аңғары мен айналасын салыстыра, іштей салмақтауға бейімділік өмірлік тәжірибесін молайтумен қабат біртіндеп сыншылық қабілетті де ұштай бергенге ұқсайды.

1947 жылы КазПИ-дің тіл-әдебиет факультетін таңдауы – кездейсоқ емес, керісінше, ойланып-толғанып барып тоқтаған шешімі. Туасы ұстамды жігіт институтта оқып жүргенде, әдебиет әлеміне сабырмен қарап, салмақтай келе, өзі де атсалысуды ұйғарады. Екінші курста оқып жүріп-ақ, ақын Ж.Сыздықовтың “Қос қыран” атты өлең кітабы туралы тұңғыш мақаласын жариялайды /Социалистік Қазақстан, 1948, 24 окт./.

Осы жарияланым сыншыны тусаукесері ретінде қанаттандырғандай. Студенттердің ғылыми қоғамының жұмысына, әдебиет үйірмесіне белсене қатысып, баяндамалар жасайды. Оқу бітіргенше, онға тарта сын мақаласын мерзімді баспасөз беттерінде жариялайды. Бұл мақалаларда сол жылдары жарық көрген “Емле сөздігі туралы” /А. Нұрқатовпен бірге/, Қ.Аманжолов, С.Мәуленов, С.Дайырбеков, Б.Соқпақбаев, Н.Ахметбеков шығармалары туралы пікір білдіреді. Ал, 1949 жылы Қазақстан Жазушылар Одағында “Қазақ

балалар әдебиетінің жайы мен міндеттері” деген тақырыпта баяндама жасайды. Жоғарғы оқу орнының алғашқы курстарында оқитын студенттердің Қазақстан Жазушылар Одағы сияқты ол кезде беделі биік шығармашылық ортада суырылып шығып, балалар әдебиетінің өзекті мәселелері туралы қобалжымай, баяндама жасауы – әдебиеттануымыздың тарихында сирек кездесетін оқиға.

Ізденгіш, естияр студент соңғы курста оқып жүріп-ақ, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында проза бөлімінің аға редакторы болды, өзінің ұстазы, кейін Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы, “Әдебиет және искусство” журналының бас редакторы болған Қ.Жармағамбетовтің шақыруымен журналдың проза бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Бұдан кейінгі жылдары Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының аспиранты, “Пионер” журналының редакторы, “Социалистік Қазақстан” газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, профессоры, кафедра меңгерушісі, осы институттың филология факультетінің деканы, институт проректоры (1958-1988ж.), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының диеркторы ретінде әрі шығармашылық, әрі қоғамдық еңбекке еселі жігермен араласты. Қазір ол – соңғы аталған институттың қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі.

С.Қирабаевтың шығармашылық еңбегі сан салалы. Ол – сыншы, әдебиеттанушы ғалым, педагог, әдіскер, журналист, қоғам қайраткері. Қазақстан Жазушылар Одағының және СССР Жазушылар Одағының көптеген пленумдарына, съездеріне, жиналыстарына қатысып, сөз сөйледі, баяндамалар жасады. “С.Көбеевтің әдеби қызметі” деген тақырыпта 30 жасында кандидаттық диссертациясын, 37 жасында “Сәкен Сейфуллин” атты монография бойынша докторлық диссертациясын қорғады. Оған 1960 жылы доцент, 1966 жылы профессор атағы берілген. 1968 жылы СССР Педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшелігіне өтті.

Серік Смайылұлы Қирабаев алпыс жылдан астам уақытты қамтитын еңбек жолында өз заманының бірталай марапаттарын иеленді. Мұның куәсі – 1946 жылы “1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін”, келесі жылы “1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі үшін” “Тың жерлерді игергені үшін” (1957), “Еңбекте үздік шыққаны үшін” (1959), “Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 20 жылдығы” (1965), осы Жеңістің 30 жылдығы (1975), 40 жылдығы (1985), 50 жылдығы (1995), “Еңбек ардагері” (1986), 1970 жылы “В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты үздік еңбегі үшін” медальдарымен, 1968 жылы Қаз ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен, 1978 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1987 жылы Халықтар достығы орденімен наградталуы.

Ғылымды өркендетудегі қажырлы еңбегі бағаланып, С. Р. Қирабаевқа 1995 жылы “Жүсіпбек Аймауытов” атты монографиясы үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы, бауырлас қырғыз елінің әдебиеті туралы толғамдары, осы елдің ғылыми кадрларын дайындауға сіңірген көп жылғы еңбегі ескеріліп, “Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері” атағы берілді.

Ол – 1952 жылдан Қазақстан Жазушылар Одағының, 1959 жылдан Одақ басқармасының мүшесі болып, әдебиетіміздің саналуан мәселелеріне қатысты үнемі сөз сөйлеп, баяндамалар жасап, әдеби процеске қызу араласып келеді.

Бұлардың барлығы – түптеп келгенде, өмірдің, ғылымның биік асуларына беттеген сыншы-ғалымның өмір жолындағы абыройлы белестер, сонымен бірге күні кешеге дейін өмір сүрген кеңестік қоғамның ішкі саясаты мен тіршілігін бейнелейтін, бедерлейтін белгілер.

Жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде жіңішкелеп басталып, отызыншы жылдары жаппай ойранға ұласқан, қырқыншы жылдары қаһарына қайта мініп, елуінші жылдардың басында қалың бұқара, жалпақ ел үшін өмір сүрудің кәдуілгі, табиғи нормасындай көрінген жеке басқа табынушылық кезеңі күллі кеңес еліндегі миллиондарды еркін ойлау, қалауынша қиялдау, алаңсыз айту мүмкіндігінен айырды. Соның салдарынан көркем әдебиетте де, әдебиеттануда да өмірді көру мен бейнелеу, бағалау аясы қатты тартылды. Дегенмен өсу мен тіршілік етудің басты шарты – алғыр ой, сыншыл талғам мүлдем тұншығып, өшіп қалған жоқ. Қаламгерлер мен ғалымдар өз толғамы мен толғанысын астарлап, абайлап жеткізудің жолдарын, тәсілдерін іздеді. Ендеше адам – қоғамдық-әлеуметтік ортаның жемісі екенін ескергенде ғана оның қарекеті мен әрекетіндегі, тағдыры мен танымындағы, талабындағы заманның зілі мен ділін, таңбасын тереңірек тани аламыз.

Ғалым шығармашылығына зер салғанда, негізінен үш салада еңбек еткені айқын көрінеді: 1) әдеби сын; 2) әдебиет ғылымы; 3) педагогика, оның ішінде оқулықтар, оқу құралдарын жазу.

Мектеп, институт қабырғасында жүріп жазған жекелеген өлеңдері балалық, жастық шақтың қызығушылығы екенін есепке алмағанда, С.Қирабаевтың шын мәніндегі шығармашылығы әдеби сыннан басталған. Сынды өндірте жазып, әдеби-мәдени процестегі алуан құбылыстардың, қыруар туындылардың көркемдік сипттарын, шындық өмірге қатысын, тамырластығын, мән-мағынасын байыптауға ден қойды. Оның қаламынан туындаған 700-ден аса мақалалардың салмақты бөлігі әдеби сынға тиесілі. Ара-тұра өнер саласындағы дүниелерге де назар аударғанымен, негізгі ынта-ықыласы – көркем әдебиетте, соны пайымдайтын әдеби сында. Бала кезінен фольклор, ауыз әдебиеті кәусарынан сусындап, Арқаның атышулы әнші-композиторларының ән-күйлерін, қайталанбас тамаша саздарын жүрегіне ұялатқан, сөз әдебиетіне, қуатына алабөтен мән берген ұлттық дәстүр, өнерпаз орта өнегесін көріп, сол ортаға балғын кезінен етене араласқан, құйма құлақ баланың есейе келе, әдеби сын ауылында өз отауын тігуі заңды да.

Әдеби сынмен айналысу сыншының болмысты сезіну, қабылдау әлемін кеңейту, әсіресе өсу жолына түскен жеке қаламгер үшін сол әлемдегі көркемдікті ұғыну, тереңдеп барлау жолдары мен тәсілдерін іздей білу тәжірибесін молайту арқылы өмірлік-көркемдік тәжірибесін арттыруға, эстетикалық талғамы ұшталуына, шығармашылық психологиясы мен әдеби процестің, тарихи-әдеби дамудың терең иірімдеріне бойлауға, бірден сырын алдыра қоймайтын сипаттарына бажайлап үңілуге, байыптап бағалай білуге бастайтынын С.Қирабаевтың сын мақалаларынан көреміз.

Алғашқы қадамдарында-ақ байқалған, есейіп тәжірибе жинақтай келе сыншы көкірегінде берік орныққан талапшылдық – көркемдік қасиетке ең алдымен мән беру – С.Қирабаевтың бұдан былайғы барлық мақалаларына ортақ сипат. Поэзия мен проза, балалар әдебиеті, әдеби сын, әдебиет тарихы, т. т. барлығында да шығарманы тану мен бағалаудың мызғымас алғышарты ретінде көркемдікті іздеуі сыншы талғамының өсіп, таным көкжиегінің үнемі кеңейіп уақыт өткен сайын толыса түскенін дәлелдейді. Өлеңдер мен поэмалардан кестелі мысалдар келтіре отырып, әр ақынның өзіне тән ерекшелігін тап басып танып, дәл айтады. Әдебиет тарихын жете білгендіктен, қай ақынның да шығармаларын немесе шығармашылығын әдебиет дамуының контекстінде қарастыру – өскен сыншылық шеберліктің, өскелең талғамның куәсі. Мәселен, “Поэзиядағы азаматтық әуен” (1976) атты мақаласында тәжірибелі ақындардың “жастардан бір ерекшелігі – өздері өткен өмір сырын бүгінгі шындықпен сабақтастыра ойлану, уақыт пен адам өміріндегі жаңалықты бай тәжірибе арқылы қорыту өзгешелігінде” дейді. Өмірлік тәжірибені аналитикалық қорыту көркемдік мазмұнның байлығы мен айрықшалығына бастайтынын әдеби процестегі нәзік құбылыс ретінде айқындаған.

Сонымен бірге әр ақынның өзіндік белгілері – мәселен, “нәзік те сыршыл” Әбділда Тәжібаев, “өр сезімді” “табиғат сырлары мен адам сезімін астастыра суреттеуге шебер” Қалижан Бекхожин, “өмір сүйгіш” Жұбан Молдағалиев, “өмір сырын, оның күрделілігін терең танытатын” Қадыр Мырзалиев, “жұмсақ мұң, ойлы сезімталдық” дарыған Тұманбай Молдағалиев, “албырт көңілді, бала мінезді, ақ жарқын жыр жолдары” “оттылығын, жігерлілігін” танытатын Мұқағали Мақатаев, “еркін ырғақпен сөйлейтін” Фариза Оңғарсынова, “нәзік, биязы, табиғи” Күләш Ахметова, т.б. ақындық айшықтары сыншы мақалаларында айқын бедерленеді. Кейде ортақол ақынның ортақол өлеңін мақтағанның өзінде қисынын тауып мақтайды, жөнсіз, дәлелсіз қолпаштаудан аулақ.

Қырқыншы жылдардың соңы мен елуінші жылдардың алғашқы жартысындағы сын мақалалары мен одан кейінгі жазғандарын салыстыра оқығанда, байқалатыны – жас кезіндегі пікірлері азды-көпті жинақтаған өмірлік тәжірибе мен өз кезінің деңгейінде алған мол біліміне сүйенсе, уақыт өткен сайын әсіресе жетпісінші жылдардан бастап, аналитикалық байыптау белгілері молырақ көріне бастауы.

Әдебиетке қойылар талаптарды қалам ұстағандардың қай-қайсысы да жақсы біледі. Ал ескерумен бірге сол талаптарға парасатты сын көзімен қарауы, заман талабына сай, өзінің өмірлік-азаматтық тұрғысына сәйкес толықтыруы, ешқандай теориялық қисынға жалтақтамай, қоғамдағы алуан құбылыстарды, тарихи-әдеби дамуды, шығарма мен шығармашылық ерекшеліктерін таразылай келе, сыншылдық талдаудың ғылыми жинақтауға, теориялық пайымдауға ұласуы – С.Қирабаевтың осы кезеңде сыншы-ғалым ретінде әсіресе кемелденгендігінің дәлелі.

Ал көркем прозаға арналған мақалаларында жанрға қойылатын биік талаптарды, дәуір және қоғам ерекшеліктерінің ықпалын, тартыс, образ, сюжет, проблемалық, т.б. көптеген мәселелеріне назар аударады. Сыншының сауаттылығын жанрлар ерекшелігін жете білуінен де, көркем шығармаларға қатысты таласты сәттерде тайынбай, тайғақсымай, өз пікірін аяғына дейін айтып шығуынан да аңғарамыз. Поэзияның да, прозаның да, балалар әдебиеті мен әдеби сынның да өзіндік айырмашылықтарын мұқият ескеріп, роман туралы болсын, әңгіме немесе балаларға арналған шығармалар болсын, қай-қайсысы туралы да көркемдікті айнымас Темірқазық ете отырып, әр туындының өз биігін, өмірмен байланысын танытады. Мәселен, 1952 жылы жазған “Қарағанды” романы, “Балаларға арналған әңгімелер” /1953/, “Айта алмаған әңгіме” /1854/ “Өмір ұшқыны” /1957/ , “Мұқан Иманжановтың әңгімелері” /1959/, “Талғампаз өнер иесі” /1974/, “Марғау” /1975/, “Қажырлы қалам иесі” /1978/, “Ең бастысы – Адам. Қазіргі повестер туралы” /1980/, “Жаңа ізденістер. Қазіргі роман туралы” /1980/, “Табиғатпен туыс талант” /1986/, “Үркер” романы” /1986/, т.б. көптеген мақалалары мен рецензияларында жеке шығармалар мен белгілі бір жанрдағы шығармаларды талдау арқылы сол тұстағы қазақ прозасының көкейкесті мәселелерін, көркемдік ерекшеліктерін саралайды. Қаламдастарының көлеңкелі тұстарынан гөрі күнгейіне көбірек үңіледі. Сыншы талдаған туындылардың біразы өткен күннің асуынан аса алмай, сол кездің қоржынында қалып қойғанымен, жалпы қазақ прозасының тәжірибе жинауы үшін, өзінің эстетикалық-идеялық нысаналарын айқындауы үшін, философиялық әлемін байыту үшін қажетті баспалдақ қызметін атқарғаны даусыз.

Тәуелсіздікке дейінгі қазақ әдебиеттану ғылымында балалар әдебиетінің жай-күйі, алуан мәселелері, көрнекті өкілдері жайында ең өндірте жазған, осы саланың алғашқы тұтас картинасын жасап, күнгейі мен көлеңкесін айқындап берген, әрі жоқшысы да болған – академик-сыншы Серік Қирабаев. Жасыратыны жоқ, бертінге дейін балалар әдебиетіне “екінші сорттың” әдебиеті ретінде қарайтын көзқарас басым болғаны белгілі. Сол себепті әдебиеттің барлық саласының да дамуын ойлайтын, олқы тұстарын көрсетіп, ой салатын мақалалардың маңызы зор. Балалар әдебиетіне қатысты ұзын саны жиырмадан аса мақала жазған сыншы көркем шығармалардың бала ұғымына лайықты, соларға түсінікті де қызықты болуына мән береді. Сонымен бірге

дәуірдің шындығы мен өзекті мәселелеріне мүмкіндігінше сабақтасып жатқанын қалайды. Балалар әдебиетінің талантты жас өкілдері – Б.Соқпақбаев пен С.Сарғасқаев шығармаларына алғашқы болып пікір білдіреді, оларға қатысты артық айтылған, ағат айтылған әділетсіз сыннан арашалайды. Орыс және Одақ әдебиеті мен әдебиеттануың, әдеби сынын қадағалап оқыған, беталысын ұдайы бақылап отыратын, нәр алған сыншының осы орайда даусы жарқын, ашық, күлбілтесі жоқ, өз сөзіне жауап бере алады, әрі дәлелдеп шығады. Ұстамдылығы мен принципшілдігі, талғампаздығы әдебиеттің жас қайраткерінің парасаты мен пәрменін танытты. Оның дәлелі – жеке шығарманың негізгі сыр-сипаттарын саралауы, көркемдік шығармашылығын немесе белгілі бір кезеңдегі әдеби процесті, тарихи сабақтастықты, т.т. қай-қайсысын болсын, белгілі бір мәселелер шеңбері аясында да, өзара сабақтасқан процесс немесе тұтасқан категория үлгісінде де бейтарап, биік тұрғыдан таразылай білуі.

Студент кезінен-ақ сын мақалалар жазып, институтта және шығармашылық Одақта әдебиеттің мәселелері туралы баяндамалар жасаған жас ғылым жолына ерте түсті. 1951 – 1952 жылдары аспирантурада оқыса, осы кезден-ақ республика Оқу министрлігі А.Нұрқатов, З.Қабдолов пен бірге С.Қирабаевты да оқулық жазу жұмысына тартты. Үшеуі бірігіп жазған “Қазақ әдебиеті” /9 сыныпқа арналған/ 1952 жылы жарық көргенде, автор нәбәрі 25-ақ жаста. Оқулық жазу үшін ғылыми ізденіс, ғылыми пайым керек екені белгілі десек, С.Қирабаевтың ғылым өлкесіндегі алғашқы елеулі ізденіс үлгісі деп осы оқулықты айтса керек. Елуінші жылдары кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің қиындыққа толы даму жолың, алуан жанрда дүниеге келген шығармаларын сараптау қажеттілігі айқын еді. Оның үстіне идеологияның талабы да жаңа кезеңді жедел жазып, насихаттау талабын алға қойғаны мәлім. Сол талапты басшылыққа ала отырып, әдебиетіміздің тарихын жасау міндеті күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, М.Әуезовтің басшылығымен “Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктерін” жазу қолға алынған. Байсалды мақалаларымен, салмақты сөздерімен көзге түсіп жүрген, жасы әлі отызға жетпеген жас сыншыға ұлы жазушы үлкен сенім білдіріп, жаңа тарихты жасау жұмысына араласуға шақырып, Ғабиден Мұстафин туралы шығармашылық портрет жазуға тартты.

Жас сыншы С.Қирабаев бұл тапсырманы ойдағыдай орындап шықты. Ұстаздың ескертпелерін мұқият ескертіп, жазғанын тағы да толықтырды. Алайда аталған тарихи очерк уағында шыға қоймай, еңбегін жеке кітапша етіп бастырды. Бұл – Ғ.Мұстафин туралы арнайы жазылған алғашқы көлемді зерттеу болатын.

Өткен ғасырдың елуінші жылдары Ғ.Мұстафиннің жарық көрген шығармалары қазақ әдебиетіне тың тақырыптар, образдар алып келді. Олай дейтініміз – кеңес дәуіріндегі әдебиетке жаңа қоғам өміріне тән тақырып ретінде игеру үнемі талап етілетін. Осы кезеңде кеңес өмірінің шындығынан арқау алған жазушының роман, повестері елеулі құбылысқа айналды. “Қарағанды”, “Миллионер” “Дауылдан кейін” сияқты туындылары жүршылық назарына ұсынылды.

Біраз уақыт басқа жұмыстарға араласуына тура келсе де, ғылыми ізденісін жалғастыра жүріп, 1957 жылы “Спандияр Көбеевтің әдеби қызметі” деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап, әдебиет тарихына тың деректер, жаңа пайымдаулар қосты. С.Көбеевтің “Қалың мал” романы сол кездегі ахуал мен деректерге байланысты тұңғыш қазақ романы аталды. Ұстаз жазушының шығармашылығына алғаш рет жүйелі, әрі тұтас шолу жасалды. “Үлгілі бала” мен “Үлгілі тәржіма” атты кітаптарының қазақ әдебиетіндегі алатын орны бірінші рет ғылыми сарапқа салынды. Келесі жылы диссертация негізінде жазылған “Спандияр Көбеев” атты монографиясы жеке кітап болып шықты.

Отызыншы жылдар ойранында опат болған Сәкен Сейфуллин есімі мен шығармалары жиырма жылдай уақыт бойы рухани айналымнан тысқары қалды деуге де болады. Сәкенді көрген, естіген елдің есінде сақталғанымен, жаңа ұрпақ жете білмейтін. Жеке басқа табынушылық зардабынан арылуға бет бұрған елуінші жылдардың екінші жартысында С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлинді ақтағанда, олардың шығармашылығы мен өмірін жедел зерттеу міндеті қойылды. С.Сейфуллиннің өлеңдері мен поэмаларын жасынан естіп, жаттап өскен жас С.Қирабаевтың ақын шығармаларын зерттеуге бірден құлшына кірісуі, көп жылдар бойы тасаға ысырылып, тұмшалап тастаған шындықты құлшына, қопара ақтаруы, әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға, қалпына келтіруге ден қоюы, әрине, заңды.

С.Қирабаев осы тұста әдебиет мысалына қатысты пікірін ойланып, өз ұғымында іштей әбден таразылап, тиянақтаған соң барып айтатының, сол сөзінде нық тұратынын байқатты. “Сәкен Сейфуллин ақталып, ақынның әдеби мұрасы, атақты “Тар жол, тайғақ кешу” мемуары қайта жарияланып, мәз болып жатқан кезіміз. Мемуарды бастырған баспа орны оған тұтқиылдан жазушының көзі тірі кезіндегі басылымда жоқ “тарихи роман” деген айдар тақты. Осы мәселе бойынша 1962 жылдың бас кезі болуға керек, “Қазақ әдебиеті” газетінде профессор Бейсембай Кенжебаев және мен бір жақ, Серік Қирабаев екінші жақ боп айтысқа түстік. Әншейінде салқын қанды, сабырлы көрінетін Серағаң сын семсерін жарқылдатып, атойлап шыға келді” дейді өткен күндерді еске алған филология ғылымдарының докторы, профессор Шериаздан Елеукенов [1.295-296]. Күрескерлікке ұштасатын мұндай қайсарлық – С.Қирабаевтың жалпы шығармашылығына тән. Бұл ерекшелігінің айғағы іспетті мысалдар қыруар. Ат жалын тартып мінгеннен бастап, сексеннің сенгіріне таяған жасқа дейін үнемі әдебиеттен көз алмай, соған алаң білдіріп, табыстарын таразылаудан танбау, осы тарапта жалықпай шаршамай, үздіксіз таза бейіл танытып, үнемі толғаныстарын ортаға салуы – туған елдің рухы – туған әдебиетке деген махаббаттың да, рухани қайсарлықтың да көрнекті көрінісі.

Ең бастысы – аталған сүбелі зерттеу арқылы қазақ тарихының елуінші жылдарға дейін айтуға, зерттеуге, білуге тыйым салынған құбылыстарының жинақтап көрсетілуі, сол арқылы халықтық діл мен ұлттық рухтың нығаюына

қажетті ғылыми байыптау жасалуы, бүкіл республика мектептері мен жоғары оқу орындарында енді әдебиетіміздің тасаланған беттері қайта ашылып, рухани игілікке айналуы. Монография кезінде орыс тіліне тәржімаланып, Алматыда, Мәскеуде де кітап болып басылып шықты. Ал қазақшасы үш рет шықты, “С.Сейфуллин” атты семинарий де ұсынылды. Республиканың жоғары оқу орындарында сейфуллинтану С.Қирабаев еңбектерінің арқасында іргелі тақырыпқа айналып, арнайы семинарларда, курстарда өтілді. Мұның бәрі – дарынды ғалымның ұзақ жылдарға созылған еңбегінің заңды жемісі. С.Қирабаевтың түрлі тақырыпта жазған зерттеулерінің басы қосылып, “Революция және әдебиет” (А., 1977) деген атпен екі том болып жарық көруі – сол кездегі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін елеулі оқиға. Оған дейін М.Қаратаевтан басқа ешбір сыншы-ғалымның еңбектері том-том болып шыққан емес. Мұның өзі қазақ әдебиеттануының есейгенін, әдебиетіміздің тарихына, теориясына қатысты құнарлы ойлардың көбейгеніне, әдеби процесті, жанрларды, көркемдік құбылыстарды, көркемдік ерекшеліктерді қай тұрғыдан болсын, қандай аяда болсын қамти алатын, келешек зерттеулерге түрткі болып, ой салатын ғылыми әлеуеттің молайғанына дәлел.

Монографиялық этюдтер үлгісіндегі М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Ә.Әбішев, Х.Есенжанов, Қ.Бекхожин, Ж.Молдағалиев, т.б. туралы зерттеулерінде сыншылық талғам мен ғалымның ыждаһаттылығы тұтасып, әр қаламгердің өзіндік ерекшеліктері, асулары, ажары айқындалады. Мұнда да С.Қирабаев әр қаламгердің қолына түскен кездейсоқ туындысы туралы емес, толайым шығармашылығына сабақтастыра отырып, іздену, өсу жолдарын ой елегінен өткізген. Кеңес дәуірінде әр ақын немесе жазушының қыруар шығармалар жариялағанын ескерсек, ғалым-сыншының соларды оқуға, ойланып, оюларын анықтауға деген ілтипаты мен шығармашылыққа инабаты құрметтеуге лайық.

Рухани-мәдени тарихымыздың зорлықпен, қасақана тұмшалап тасталған шындығын тәуелсіздіктің арқасында ғана тауып, ақиқатты алаңсыз аршитын күн туғанда, ғалым-академик енді әдебиетіміздің “ақтаңдақтарын” анықтауға білек сыбана кірісті. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сол жылдардағы директоры ретінде қыруар қатынас қағаздар, т.б. жазып, жаңа бастама, тың зерттеулердің бел ортасында жүрді. “Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері” /1995/, “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” /1998/, “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” /2001/, “Тәуелсіздік рухымен” /2002/ атты кітаптары – осы тақырыптағы ойлардың, жоғымызды түгендеудің жемісі. Бұл еңбектерде кеңес дәуіріндегі күрделі, қайшылықты құбылыстар объективті көзқарас тұрғысынан қайта сарапталады. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов шығармаларының көркемдік сипаттары, оларға әсер еткен алуан факторлар өзара сабақтастықта, тығыз бірлікте қарастырылады.

Алаш қайраткерлерінің ақталуына институт директоры, зерттеуші ретінде С.Қирабаевтың қосқан үлесі зор. Кеңес дәуірінің соңғы жылдарындағы

жариялылықты пайдаланып, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев шығармаларын ел игілігіне айналдыру жолында қайраткерлік көрсете жүріп, қаламымен де қызу атсалысты. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген кітаптарының барлығы да – соның мысалы.

Жан-жақты дарын Ж.Аймауытов шығармашылығын зерттеуге бірден ден қойған ғалым ол туралы қыруар жаңа деректерден мысал келтіре отырып, айтулы тұлғаның алуан қырларын танытты. “Ж.Аймауытов” (А., 1990), “Ж.Аймауытов. Өмірі мен шығармашылығы” (А., 1993) атты монографиялары жарық көрді. Санқырлы дарынның өмірі, алғашқы ізденістері, драмалық, прозалық шығармалары, басқа саладағы еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында тұңғыш рет кең ауқымды зерттеу объектісіне айналды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында С.Қирабаев сияқты жемісті еңбек еткен ғалымдар кемде-кем. Оның қаламынан туған монографиялар, зерттеулер басқа да авторлармен бірге жазған оқулықтар мен оқу құралдарының жалпы саны алпысқа тарта. Қазақ әдебиеті бойынша жазған оқулықтарын бүгінгі бірнеше буын оқыды. Сапаға қатты мән берген ғалым өңдеп, толықтыруға қатты мән бергенін мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған қазақ әдебиеті туралы оқулықтарынан көреміз. Әр жылдары Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Т.Нұртазин, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, Б.Сахариев, Р.Бердібаев, Н.Ғабдуллин, М.Базарбаев сияқты белгілі, белді ғалымдармен тізе қоса еселі еңбек еткен. Орта мектептің ІХ класына арналған алғашқы оқулықты З.Қабдоловпен бірге жазып, 1952 жылы шығарғаны мәлім. Содан бері өткен жарты ғасырдан уақытта қаншама оқулықтары, семинарийлері, т.б. шыққанын еске алғанның өзінде-ақ елу жылдан астам уақыт бойы ұстаздық қызмет атқарып келе жатқан әдебиеттің айтулы қайраткерінің білім саласына қаншалық зор үлес қосқанына куә боламыз. Мұның сыртында әдістемелік нұсқаулар, хрестоматиялар бар /Ә. Шәріпов, Қ. Мырзағалиевпен бірге/.

Алпыс жылға таяу уақыт ішінде С.Қирабаев қаламынан туған еңбектер қыруар. Жас кезіндегі мақала, рецензияларында ішінара леп білдіретін эмоция азды-көпті сезілгенімен, сол кездің өзінде-ақ салмақты ой айтуға, пікірін байсалды үнмен жеткізуге, нақты мысалдармен тиянақтауға деген талаптың тізгін алуы – ең алдымен таразы басын тең ұстайтын әділдікті нысанаға алуының, туа бітті ұстамдылығының айғағы. Желпінді эмоциядан гөрі жетелі эмоцияны қасиетіне айналдырған сыншының туған әдебиет туралы жүйелі толғанысы үзіліп қалмай, үнемі жалғасын тауып, күшейген сайын берекелі, тың ізденістерге бастады.

Ал көпті мойындататындай, көкейіне қонатындай биік талаптар тұрғысынан табылуы – ғалым парасаттылығының мысалы. Халықтық көркемдік талғамды қалыптастыруда, сол арқылы рухани әлемге, әдебиеттің өзіне сын көзбен қарауына бастайтын әдебиет сыны мен ғылымының маңызы орасан зор. Сондықтан ғалым-сыншылардың қадірі айрықша.

Осыны сезінген сыншының еңбектерінде қазақ әдебиеті туындыларының көркемдік белгілері, жекелеген жанрлардың дамуы, проблемалық-тақырыптық айрықшылықтары, шығармашылық өкілдерінің өзіндік эстетикалық әлемі, әдебиетіміздің түрлі салаларының дамуы үнемі зерттеу өзегіне айналып келеді. Жеке мысалды талдай отырып, оның бойынан жалпыға тән ерекшелікті көру, әдеби процеске әсер ететін объективті алуан факторларды /ұлттық дәстүр, әдеби байланыстар, қоғамдық жағдай, тарихи ахуал, т.б./ өзара сабақтастыра қарап, кешенді талдау, сонымен қатар түрлі құбылыстарды іштей жіктеп танып, оларға нәр әкелетін тамырларды жіті көре білу, айрықшалау, сол арқылы жалпы әдебиетіміздің бары мен жоғын түгендеп, түгелдей түстеуге деген тегеурінді ұмтылыс ғалымды байыптылық, байсалдық биігіне көтергені хақ.

Әр дәуірдің әдебиетін, шындығын әр замандағы әр қоғам өз қажетіне, жеткен биігіне қарай ұғынатыны мәлім. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті кезінде біржақты бағаланғаны да аян. Бұл кезеңнің қыруар шығармалары, күрделі құбылыстары Тәуелсіз елдің талғам таразысында қайта тартылып жатыр. Осындай іргелі, күрделі жұмыстың жетекшісі ретінде С. Қирабаевтың атқарып отырған еңбегі қиын да абыройлы. Толғақты ойларымен ғылымға ықпал жасайтын биікке көтерілген, қисапсыз күш жұмсаған Серік Қирабаевтың шығармашылығы – қазіргі қазақ әдебиеттануының өзіндік құбылысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеукенов Ш: Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. Академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ. А., 2002, 295-296 – беттер.

Гульнар Елеукенова

ФАКЕЛ, ОЗАРЯЮЩИЙ ПУТЬ

По древней восточной притче Серик Кирабаев исполнил достойные человека дела: вырастил сыновей, воспитал учеников, посадил дерево, крона которого состоит из тысячи страниц его умных книг, несущих свет добра, знаний и навыков профессионального отношения к своему делу. В эпоху глобализации наш технологичный век испытывает человека на конкурентоспособность. И здесь нужен мастер-профессионал. Мастер не тот, кто приходит и учит, а тот кто делом своим утверждает подлинную суть вещей, открывает глаза на мир, многообразный и неповторимый в своих проявлениях.

Искусство слова – это художественная форма познания мира, не противостоящая познанию научному, но оригинально сочетающаяся с ним. Литература остается главным предметом, формирующим такое познание. Опора на знание этого наиболее освоенного предмета эстетического цикла несомненно помогает постижению общих законов бытия художественной культуры. Литературовед С.С.Кирабаев занимается исследованием этих законов в искусстве слова.

Кирабаев вошел в литературу не сразу. С детства ощутив лишения военного лихолетья, подросток, как и тысячи его сверстников, прошел трудовую школу жизни в ауле, в шахтерской Караганде. Рано повзрослел – почувствовал ответственность за себя, родных и друзей. И не выжить бы ему в этих условиях, если бы не доверие, сплоченность и понимание его земляков. Серик Кирабаев учился в Караганде, в Алма-Ате, но главными его университетами были люди, книги, классики казахской и русской литератур. Об этом автор повествует в своих литературных мемуарах “Омир тагылымы” (2006).

Кирабаев подчеркивает, что в его становлении огромную роль сыграли известные писатели К.Жармагамбетов, М.Иманжанов. В годы учебы в Казахском педагогическом институте (ныне КазНПУ) им.Абая ему посчастливилось слушать лекции М.Габдуллина, К.Жумалиева, Т.Нуртазина, С.Аманжолова, А.Искакова, Ш.Сарыбаева, которые и пробудили в нем любовь к филологии.

Но еще до поступления в аспирантуру (1951) молодой специалист проявляет преимущественный интерес к литературной критике – одному из разделов науки о литературе. Искусству литературной критики возможно научиться лишь на практике, а точнее, постигая её тонкости на производстве – в Казахском государственном издательстве художественной литературы. Опыт критической мысли набирается и в редакциях общественно-литературных журналов “Адебиет жане искусство” (ныне “Жулдыз”), “Пионер” и в должности редактора газеты “Социалистик Казакстан” (ныне “Егемен Казакстан”).

Напомним, что писатели старшего поколения: А.Байтурсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин и другие вышли из сферы газетных работников. Пресса помогала им разобраться в окружающем мире, выработать свою позицию, а главное научиться литературному мастерству.

Когда казахская литература и культура были обескровлены государственной репрессивной политикой, а жертвами её стали представители национальной элиты, то именно поколению С.Кирабаева выпала миссия подхватить факел цивилизации, который зажгли его знаменитые предшественники. Сталинская эпоха ещё продолжалась, и надо было иметь немалое мужество и смелость, чтобы посвятить себя литературному труду. Но были и прекрасные моменты – ощущение товарищества, отеческое внимание и попечение со стороны старших мастеров литературного творчества. Приведем пример - в 1953 году молодые критики С.Кирабаев и А.Нуркатов решили вступить в члены Союза Писателей Казахстана. М.О.Ауэзов, зорко наблюдавший по публикациям в прессе за достижениями своих коллег рекомендовал и поддержал их кандидатуры. Мухтар Омарханович проявлял особую заботу о воспитании кадров в литературоведении.

XX век называют веком искусства критики. Возникло в литературном процессе много школ и направлений. После смерти Сталина и наступления

хрущевской “оттепели” молодые, азартные, нетривиально мыслящие личности появились и в нашей литературной жизни. Серик Кирабаев отличился и здесь, написав рецензию на рассказ Г.Мусрепова “Безусловно, это его следы” (“Казах адабиети” 19 сентября 1962). В ней, путем аллегорий, автор утверждает, что следы сталинизма ещё долго будут напоминать о себе.

30 лет отдал Серик Смаилович научно-педагогической деятельности на кафедре казахской литературы КазНПУ им.Абая. После защиты докторской диссертации по творчеству С.Сейфуллина (1964) работал деканом, заведующим кафедрой, занимал различные должности в научных и общественных структурах. Одновременно велись и научные изыскания. Монографии о жизни и творчестве С.Кобеева, Г.Мустафина, С.Сейфуллина являются тому подтверждением.

Строгий, академический стиль ученого позволяет найти наиболее точные, выверенные слова, характеризующие основные этапы развития казахской литературы нового времени. Так, например, его монография “Казахская литература советской эпохи” (1998) является своеобразным итогом развития литературных жанров названного периода национальной литературы. Определяются особенности движения литературного процесса.

Член-корреспондент (1968) Академии педагогических наук С.Кирабаев – автор учебников по казахской литературе для школ и вузов Казахстана, которые выдержали неоднократное переиздание. Академик АН Казахстана (1994), Заслуженный деятель науки Республики Казахстан и Кыргызской Республики, Лауреат Государственной премии Республики Казахстан (1996) является соавтором очерков по истории казахской литературы (1958, 1960).

Далеко не кабинетный ученый-литературовед С.С.Кирабаев всегда держит руку на пульсе времени, находится в русле общественно-исторических событий. С 1988 года работая директором, а затем и заведующим отдела современной казахской литературы Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК С.С.Кирабаев внес значительный вклад в изучение наследия возвращенных писателей. Организовал издание собраний сочинений А.Байтурсынова, Ж.Аймауытова, М.Жумабаева. Опубликовал книгу о Ж.Аймауытове (1993).

Годы независимости Республики Казахстан ознаменовались тем, что по инициативе Президента страны Н.А.Назарбаева принята государственная программа “Культурное наследие”. В рамках реализации данной программы Институтом литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК подготовлена и издана 10-томная “История казахской литературы”. Академик Кирабаев – председатель главной редакции и один из авторов разделов данного издания. Под руководством профессора Кирабаева защищено свыше тридцати кандидатских диссертаций. Он является научным консультантом свыше двух десятков докторских диссертаций, которые также успешно защищены.

Накануне 80-летия со дня рождения Серика Смаиловича Кирабаева его ученики, соратники и коллеги поздравляют юбиляра и желают долгой и плодотворной творческой жизни на благо родной страны.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, республикамызға еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Қирабаев – қоғам қайраткері, есімі елге кеңінен танымал аса көрнекті әдебиетші, ғалым, сыншы, үлкен педагог. Қазақ әдебиетінің тарихын талантты ғалымның ұланғайыр еңбегінсіз елестету де қиын. Әдебиет ғылымының тарлан тұлғасы, соның жолында тапжылмай табанды қызмет жасап, қыруар дүниесін ұрпақ игілігіне ұсынған ардақты ағамыздың өлшеусіз еңбегіне құрмет еш толастамайды. “Ақырын жүріп анық басқан” еліне елжулі еңбек сіңірген ғалымның ғылымдағы ғибратты ғұмыры кім-кімге де үлгі, өнеге.

Серік Смайылұлы қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңінен кейінгі “айнымас алыптар тобының” ардақты асыл сөз зергерлерінің заманның қатал қысым-қиянатына ұшырап, қуғындалған тұста, аяулы ағалар орнын жоқтатпай, ұлт әдебиетінің талантты толқынын шығармашылық шырдауға, тәрбиелеуге аянбай атсалысты. 1930 жылдары “халық жаулары” деген зұлмат саясат, сұрапыл соғыс жылдары әдебиетте “ұлтшылдықпен” қаралаған тұста т.б. саясат зардаптары қазақ әдебиетінің өркендеп, өрістеуіне кедергі келтірген кезде қалам қуатымен қорғады. Жас та болса жарқырап шығып, қазақ әдебиетінің жаңа заман көшіне ілесуіне, ілгерілеуіне батыл үлес қосты. Әдебиеттің идеялық, мазмұндық, жанрлық жағынан дамуы сөз жоқ, салмақты, өткір сынның салмақтана түсуі болса, осынау аса қиын да жауапты міндетке жанын сала кірісті. Алдыңғы алыптар тобы М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов т.б. шығармашылығының шоғырына қызу қосылған Т.Жароков, Қ.Бекхожин, Ә.Тәжібаев т.б. ақын-жазушыларымыздың жазған жинағына, жекелей туындыларына пайымды пікірін білдірді, тұжырымды талдау жасады.

Сын қуаттанған кезде, шығармашылық та шуақтанатыны – әдеби өмір ақиқаты. 1960-80 жылдар аралығында қазақ әдебиеті кемелденіп, көкжиегі кеңейіп, Одақ әдебиетінің ортасын ойып орын алғаны да сын майданында серпіле еңбектенген, түзу жүріп, тура сөйлеген Серік ағамыздың және оның санаулы әріптестерінің табанды да қажырлы еңбегінің жемісі. “Сын” атын кезінде қалай болса солай сілтеген талай солақай сойылшыларға да батыл бағыт-бағдар нұсқағандардың алдыңғы қатарында Серік Смайылұлы жүрді. Небір үлкен әдеби жиындарда, кештер мен кездесулерде, пікірталастар мен кітап талдау басқосуында ақиқаттан аттамады, адалдығынан айнымады. Білімділігі мен біліктілігін, зерделілігі мен ой тереңдігін көрсетті. Тайсалмады, табанды тұжырым ұсынды. Бедел-биліктің алдында илікпеді, қасқайып қарсы тұрды. С.Қирабаев әдеби сынға араласқан үлкен кезең, айқын айтсақ, айтулы кезең қазақ әдебиетінің барлық жанрда бағы жанып, тың леп, соны қарқынмен

жаңа заман әдебиетінің қуатты толқынына қосылған жемісті жылдары екен. Аға буынның да, орта толқынның да, кейінгі жастардың да шығармаларын оқып, жақсылығын айқындап айтып, кемшілігін көрнеу көрсетті. Үлкен таланттар алдында ізеттілік пен ілтипаттық сақтады, соңынан ілескен толқынға жанашырлық ақылы мен үлкен сыншылық қабілет-қарымын танытты.

С.Қирабаевтың қаламынан туындаған әдеби зерттеу еңбектер, монографиялардың қай-қайсы да үлкен ізденістің, терең таным мен зерттеушілік, зерделіліктің нәтижесі.

А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов т.б. арыстарымыздың мұралары ақталып, жаппай жарық көрген тұста, “күткенім осы дегендей” көсіле қалам сілтеді. Әдебиет тарихымыздың, әдебиеттануымыздың жарқын беттерін жігерлене жазды. Ұрпақ ұлылықты ұғынсын, қадіріне жетсін деген ұстанымды ұлағат етті.

Серік ағаның қарымды қаламынан жазылған зерттеу еңбектердің қай-қайсы да құнды, қомақты. Бәрін санамалап тізу міндет емес. “Спандияр Көбеевтің өмірі мен қызметі” (1958), “Өнер өрісі” (1971), “Әдебиет және дәуір” (1976), “Шындық және шығарма” (1981), “Сәкен Сейфуллин монографиясы” (1981), “Талантқа құрмет” (1988), “Жүсіпбек Аймауытов: өмірі мен шығармашылығы” (1991), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Тәуелсіздік рухымен” (2002) т.б. шығармаларының аты да өзінің өмірлік ұстанымын айғақтайды.

Кезінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде ұзақ жылдар қазақ әдебиеті кафедрасын басқарып, ұлт әдебиеті мен тілінің өрісін ұзартар түлектер тәрбиелесе, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында басшылық жасап, әдебиет пен өнеріміздің жаңа зерттеулермен толығына, тың тақырыптардағы ғылыми жұмыстардың жазылып, қорғалуына да қамқорлық қарымын жұмсады. Күні бүгінге дейін осынау іргелі институтта ғылыми, әдеби қызметін жалғастыруда. Ғылым докторы атанып, әдебиетіміздің зерттелу ісіне үлес қосып жүрген шәкірттері де мол. Ғылым кандидаттары қаншама. Институттағы Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде қазақ әдебиеттану, әдебиет тарихы ғылымдарының сан саласындағы зерттеу еңбектердің әзірленіп, жазылып, қорғалуына дейінгі үдерістер жауапкершілігін жалықпай атқаруда. Өткен жылы “Егемен Қазақстанға” Г.Пірәлиеваға берген сұхбатында “Мүмкін табиғатымнан солаймын ба, менде болдым, білдім, жеттім” деген сөз болған емес. Мен өзімді әлі де сол ұстаздарымның шәкірті сезінемін” деп Қ.Жұмалиев, Қ.Жармағамбетов т.б. әдебиетші-ғалымдардан ойға түйіп, көңілге тоқығанын ризалықпен еске алады. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин т.б. көрнекті тұлғалармен араласа жүріп, кейінгі дарындар толқынының шығармашылық жетістіктеріне ниеттестігін баспасөз бетінде білдіріп отырды. Серік-аға қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына оқу-әдістемелік талапқа сай, жоғары мазмұнды, танымды оқулықтардың танымал авторы. “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” оқу құралы, “Қазақ әдебиеті” т.б. оқулықтар – бүгін университеттеріміз бен

мектеп-гимназия, лицей игілігі. Оқулық жазудың қиындығын басқа түскендер біледі. Осынау аса жауапты, маңызды міндетті абыройлы атқарды. Керек болса сол бір заман қажеттілігін өтеуде замандастарымен бірге оқулық жазуға қатысты. Мол тәжірибе, үлкен шеберлік қазіргі уақытта қазақ әдебиетінің жаңа академиялық томдарының жазылуында да жарқырай көрінуде. Серік ағадан кезінде қазіргі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінде (бұрын институт) дәріс алдық. Терең мазмұнды, мол деректемелік, әсерлі де танымды лекциялар баршамызды әдебиет әлеміне баурады. Кейде өлеңнен өзге үлкен дастандардан үзінділерді жатқа айтатын. Ал ғылым жолындағы жасалған еңбегіміздің ақылшысы, жанашыры болғаны үлкен мақтаныш.

Серік ағаның тағы бір жан-жақтылығы әдебиеттен өзге өнердің мәдениеттің, ғылымның басқа да салаларымен жете таныстығы. Бұл кез-келген адамға қона бермейді. Өнегелі ортасынан атақты ғалым, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері еш үзілген жоқ. Талай адамдарға қамқорлық көрсетті, шапағаты тиді. Сабырлы, салмақты қалпымен “мен осыны жасадым!” деп кеуде көтерген емес. Ұғынғандар ұғынар. Қажет кезінде ащы да батыл айтты. Мойындағандар мойындар. Абырой-беделден гөрі ар мен ақиқатты жоғары көтерді. Әлі де сол қасиетіне берік. Ғылымның қайраткері ғана емес, қажымас қамқоры, жарқын жанашыры. Р.А.Грегори: “Өзіндік жанқиярлық, табандылық, батылдық, парызды сезіну, туралық және қарапайымдылық көптеген ғылым адамдарының кәнігі қасиеттері болып табылады” деп жақсы айтқан. Осының бәрі С.С.Қирабаевтың бойында тоғысқан. Бұған қоса шыншылдығы, ұқыптылығы, жан-жақты білімділігі мен ғылымға, әдебиетке, оқыту ісіне шынайы сүйіспеншілігі, мақсатына беріктігі, осынау және басқа да қабілет, ерекшеліктерін ата-бабадан, ана сүтінен дарыған адамгершілік зор қасиеттері онан сайын биіктете түсуде. Зиялылықтың, қайраткерліктің, ұстаздықтың, ғалымдықтың өзіндік үлгісі. Адамгершіліктің, мәдениеттіліктің биік болмысы. Құдай қосқан сүйікті жары, қазақ жаратылыстану және экология ғылымының көш басшыларының бірі академик Әлия Бейсенова апаймен бірге ырысты да ынтымақты, жарасымды да өркенді отбасының берекесі. Балалар бақытына немерелер, шөберелер шаттығына бөленген асыл әже, ардақты ата.

Сексенге келген Серік ағамызға сергектік пен мықты денсаулық, өмірде, ғылымда жаңа қуаныштар тілейміз. Тоқсанның төріндегі тойда Әлия апаймен қатар отырған шалқар шаттығына тәуелсіз елдің көгілдір көгі, көк майсалы көктемі куә болсын!

Әділғазы Қайырбеков

СЕРІК ҚИРАБАЕВ ЖӘНЕ СӘБИТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы сөз болғанда, әрине, әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихы, теориясы мен сынының да өсу деңгейі, жеткен

жетістіктері мен алған асулары ой таразысына түспек. Өйткені, қазақ әдебиетінің тұтас кеңестік дәуірі жөнінде қайта пайымдауға, жаңаша бағалауға, тың тұжырымдар жасауға уақыт, заман, қоғам өміріндегі өзгерістер негіз болуда.

Осы орайда көрнекті ғалым-сыншы, ұстынды ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Серік Қирабаевтың атқарған қыруар ісі ұрпақ үшін ұлағатты. Біз оның ғылымдағы өнегелі жолының бәрін қамтуды алдымызға мақсат етіп қойғалы отырған жоқпыз, академиктің бір ғана сәбиттану мәселелеріне қатысты көзқарастарынан ой қорытуды жөн көрдік. Ең алдымен, академик Серік Қирабаевтың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан қомақты үлестері қатарында Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин, Жүсіпбек Аймауытов туралы кесек монографиялары, қазақ әдебиетінің әр жылдардағы даму кезеңдеріне арналған зерттеу еңбектері, әдебиет тарихы мен қазіргі әдебиетке қатысты оқулықтары аталуы әбден орынды. Кеңес дәуіріндегі әдебиет туралы еңбектерінің қайсысында да ол қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы Сәбит Мұқановқа, оның өмірі мен шығармашылық жолына лайықты баға беріп отырған.

С.Қирабаев халық жүрегіне жол тапқан жазушы Сәбит Мұқановтың шығармашылық жолы туралы мақалаларды үзбей жариялап отырған. 1960 жылы – “Дәуіріміздің дарынды жыршысы” (“Жұлдыз”), 1970 жылы – “Сәбит туралы сөз” (“Жұлдыз”), “Әдебиет сыншысы және зерттеушісі” (“Социалистік Қазақстан”), 1980 жылы – “Ұстаз әрі ғалым” (“Қазақстан мұғалімі”), “Халық жазушысы” (“Мәдениет және тұрмыс”, “Қазақстан мектебі”), 1987 жылы “Сәбит Мұқанов – Октябрь жыршысы” (“Қазақ әдебиеті”), 2000 жылы – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” (“Абай”), 2002 жылы – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” (“Егемен Қазақстан”). Бұл мақалалардың дені мерейтойлық шаралармен тұстас жазылса да, Сәбит Мұқановтың жазушылық жолына әр қырынан келіп баға беруімен де құнды. Әрине, кеңестік дәуірдің идеологиялық талаптары тұрғысынан келіп талдау-таразылау сол тұстағы әдеби сынның да, ғылыми зерттеулердің де басты нысанасы болғаны белгілі. С.Қирабаев 1962 жылы жарық көрген “Сәкен Сейфуллин” атты көлемді монографиялық еңбегіндегі “Жаңа әдебиеттің тууы” атты тарауында Сәкеннің ізбасар, идеялас інілерінің қатарында Сәбит Мұқановты алдымен атайды. Бұлай болуы заңды да. Жалпы, Сәкен мен Сәбит қарым-қатынасынан сәкентанушылар да, сәбиттанушылар да айналып өте алмайды. Әсіресе, кеңестік дәуір әдебиетінің басталу кезеңі туралы сөз қозғағанда, екеуінің тізе қоса атқарған істері мен идеялық жұптаса тіл табысқан шығармашылықтары жөнінде қатар баяндауға тура келеді. С.Қирабаевтың мақалаларындағы негізгі ұстаным да осы арнада.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда еткен дәуірдегі және қазіргі қазақ әдебиетін жаңаша бағалау талабы күн тәртібінде тұрды. Осы тұста академик Серік Қирабаев ескінің бәрін жоққа шығаруға болмайтынын, қазақ

әдебиетінің алыптарына жаңа көзқарас қалыптастыру керектігін, ғылыми жаңа талғам таразысынан өткізудің жолдарын өзінің көптеген өткір мақалаларымен дәлелдеді. Алаш қайраткерлерінің ортамызға оралуымен бірге, Сәкен, Сәбит, т.б. кеңестік дәуірдің жыршыларының әдебиет тарихындағы лайықты орындарына күмән-күдік келтірушілерге терең салыстырмалы-сараптамалық ғылыми пікір-тұжырымдамаларымен жауап беріп отырды. Соның бір дәлелі – “Кәдімгі Сәбит Мұқанов” дейтін мақаласы. “...Сәбит туралы, оның жазушылық жолы туралы әңгімелеу – ХХ ғасырдың жиырмамыншы-жетпісінші жылдары аралығындағы қазақ әдебиетін, қазақ халқының тарихын сөз етумен бірдей” дейді академик. Бұл – дәйекті де дәлелді, өте жоғары баға. Бұл тезисті мақала авторы егжей-тегжейлі тарқатып, талдап жеткізген.

“ХХІ ғасырға Сәбит Мұқанов қай шығармаларымен келмек?” деген сауалға кейбір әдебиетші, ғалым, оқытушы, мұғалімдердің өзі мүдіріп қалып жататынын талай рет байқадық. 1999 жылы “Адақандар” (“Елорда” баспасынан), 1999 жылы “Балуан Шолақ” (“Шыңжаң халық баспасынан” ҚХР), 2002 жылы “Сұлушаш” (“Атамұра” баспасынан), “Халық мұрасы” (“Жазушы” баспасынан), 2002, 2003 жылдары “Өмір мектебі” (“Жазушы” баспасынан), 2003 жылы “Балуан Шолақ” (“Жазушы” баспасынан), 2006 жылы “Адақандар” (“Раритет” баспасынан), 2006 жылы “Мөлдір махаббат” (“Атамұра” баспасынан), т.б. қайта басылып шығып жатуы, ал “Қазақтың ХVIII-XIX ғасырдағы әдебиет тарихынан очерктер” атты ғылыми-зерттеу еңбегі 60 жылдан соң “Арыс” баспасынан 2002 жылы екінші рет жарық көруі жаңағы қитұрқы сауалға жауап қой!

Осы орайда Серік Қирабаевтың мына бір пікіріне назар аударайықшы: “Дегенмен, “Адақандар” ел есінен шыққан жоқ. Қазіргі өткенді жаңаша оқып тани бастаған тұсымызда “Адақандарға” қайта оралып, оның соңғы (1931) нұсқасының сол күйінде жариялануы (1999. “Елорда”) да оқырман көңілінен шығары даусыз. Ал, “Мөлдір махаббат” характерлер шындай түскен табыстарымен, дәуір шындығын әлеуметтік тұрғыда кең танытқан реализмімен өзіндік туынды болып қала бермек. Бір тақырыпқа бір жазушының екі мезгілде жазған екі романы қатар өмір сүруге құқылы сияқты көрінеді маған”

Араға азғантай ғана уақыт салып “Адақандар” мен “Мөлдір махаббаттың” Қазақстан баспаларынан біріннен кейін екіншісі жарық көріп жатуы шынында да, бұл пікірдің келер күнді дәл болжап айтылғанына ден қойғызатындай. Ал С.Қирабаевтың жазған оқулықтары 10-11 сыныптарда, міне, жарты ғасырдан асса да үзбей пайдаланылып келе жатқанын ескерсек, аталған екі шығарманың мектеп бағдарламаларында жеке-жеке көрсетілуі, оқытылуы керектігі ойға тиек.

“Ал “Жұмбақ жалау” (1938) Сәбиттің роман жанрындағы ізденісін де, отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың ірі табысын да әйгілеген туынды болды. Әртүрлі сын-ескертпелерді ескере отырып, жазушы оны жөндеп, кейін “Ботакөз” (1948) деген атпен жариялады. ХХ ғасыр басындағы

қазақ халқының отаршылдық қанау астындағы өмірінің шындығы мен оның азаттық, теңдік жолындағы күресін кең бейнелеген, қазақ әдебиетіндегі күрделі эпикалық шығарма есебінде ол тарихта зор бағаланды” – дейді С.Қирабаев.

Жазушы белгілі бір қоғамда өмір сүретінін, белгілі бір уақыттың аясында шығармашылықпен айналысатынын, белгілі бір заманның перзенті болып ғұмыр кешетінін кейбір оқырмандарға ежіктеп түсіндіріп отыруға тура келетін кездер болады. Бұл, әсіресе, қоғамдық жүйе өзгеріп, ғасыр алмасып, санада өзгерістер туғанда тіпті қажет секілді. Сондықтан да болар С.Қирабаев С.Мұқановтың әрбір кесек туындысын келер ұрпаққа тұтас қалпында жеткізуді, барлық бояуымен, жетістік-кемшіліктерімен қоса ұсынуды құптаушылардың алдыңғы сапында.

“Өмір мектебі” – әлем әдебиетіндегі мемуарлық романдардың дәстүрін жалғастырып, оны қазақтың ұлттық сөз өнерінде орнықтыруда айрықша рөл атқарған шығарма” – деп С.Қирабаев кешегі күннің ғана емес, бүгінгі күннің мінберіне шығып, ертеңгі күнге бағыт-бағдар сілтей ой қорытады. Сондай-ақ С.Мұқановтың “ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1932), “Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер” (1942) атты ғылыми-зерттеу еңбектеріне С.Қирабаев ғылыми көзқарас тұрғысынан лайықты баға береді. “ХХ ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларының өміріне қатысты да ол көп деректер жинады. Күні кеше алаш-ордашыл деп жүрген жазушыларымыз ақталғанда, олардың өміріне байланысты мәліметтерді осы кітаптан алғанымыз да жасырын емес. Қалғанын кейін зерттеп толықтырдық. Жалпы идеялық бағытын сынай отырып, Сәбит жекелеген авторлар мен олардың шығармаларына объективті баға берген. Оның үстіне Сәбит еңбегі – осы дәуір әдебиеті бойынша жазылған тұтас, жүйелі алғашқы зерттеу” деген әділетті пікірін айтады.

Еліміздегі “Мәдени мұра” бағдарламасы аясында М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әзірлеп, баспадан шығарған “Қазақ әдебиеті тарихының” 10 томдық зерттеу еңбегінде академик Серік Қирабаев халық жазушысы Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығының портретін жасаған. Мұны академик С.Қирабаевтың сәбиттануға қосқан тағы да бір зор үлесі деп қабылдаймыз.

Нүргүл Қойшыбекова

АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ АРНАСЫ (Академик С.С. Қирабаев еңбектері негізінде)

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы, даму белестерінде ұлттық сөз өнерінің негізгі көркемдік тіні, жетекші ықпалды арнасы дәстүрлі ақындық поэзия туралы зерттеушілердің барлығы да арнайы назар аударады. Себебі,

қазіргі көп жанрлы қазақ әдебиетінің тұптамасы да, бой түзеген бәйтерегі де дәстүрлі ақындық поэзия екендігі ақиқат. Әдебиет тектерінің (эпос, лирика, драма) әртүрлі жанрлары сол алып бәйтеректен өсіп-өнген бұтақтарын елестетеді. Қазіргі заманғы әдебиеттану тұжырымдары бойынша қазақ сөз өнері мұраларын фольклор, дәстүрлі ақындық поэзия, кәсіби жазба әдебиет салаларына бөліп қарастыру – тұрақты қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырым. Әбунәсір Әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев, Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде дәстүрлі ақындық поэзияның ұлттық сөз өнері тарихындағы ықпалды сипатына үнемі баға беріліп келеді.

Академик Серік Смайылұлы Қирабаевтың да қазақ әдебиеттануы ғылымындағы сан-салалы зерттеулерінің бір арнасы – дәстүрлі ақындық поэзия туралы еңбектері.

Дәстүрлі ақындық поэзияның ауызша және жазбаша үрдістегі сапалық қасиеттерін жинақтаған көрнекті тұлғалар және олардың әдеби үдерістегі, ұлттық рухани мәдениет тарихындағы маңызы, дәстүрлі ақындық поэзия жанрлары импровизация психологиясы және т.б. сан алуан әдеби-эстетикалық мәселелер ғалымның назарында болып келеді.

Шығармашылық өмір белестерінде қазақтың ақындық поэзиясы өкілдерінің ұлттық сөз өнері үдерісіндегі шығармашылық даралығына, халық эстетикасын, көркемдік ойлауды байытудағы ықпалына үнемі сөз арнап, арнаулы еңбектер жазды. Мысалы, “Сүлеймен Стальский” (1952), “Марабай және ол үшін күрес” (1956), “Ақындар айтысын жаңа мазмұнда дамыта берейік” (1957), “Халықтық дарын: Жамбыл туралы” (1971), “Жамбылдың шәкірті: Үмбетәлі Кәрібаевтың туғанына тоқсан жыл” (1979), “Жамбылдың шәкірті: Үмбетәлі Кәрібаев. “Ардақты елім” (1982), “Жанақ ақын” (1991), “Ақан сері туралы сөз” (1993), “Шортанбай ақын” (1993), “Халық поэзиясының алыбы Жамбыл туралы” (1996), “Ауыз әдебиетінің алыбы” (1996), “Қазақ халқының шешендік мектебі” (1998), “Тарих және әдебиет” (1998), т.б. [1,386-417]. Бұлардан басқа, ғалым – қаламгердің монографияларында, оқулықтарында қазақ әдебиетінің негізгі дәстүрлі арнасы ақындық поэзияға арналған ғылыми ой-пікірлері, тұжырымдары үнемі жалпы әдеби үдеріс мәселелерімен бірге тұрақты қозғалған.

Академик С.С.Қирабаевтың қаламынан осы уақытқа дейін туындаған барлық еңбектерінің идеялық нысанасы – қазақ өркениетінің эстетикалық келбетін танытатын дәстүрлі сөз өнері мұраларын басты назарда ұстау. “Әдебиет – ұлттың рухани байлығы” атты еңбегінде қазақ ұлтына тән көркемдік ойлауды, азаматтық-отаншылдық, ерлік-қаһармандық сарындарды кейінгі әдеби даму үдерісіне негіз етіп қалыптастырған дәстүрлі ақындық-жыраулық поэзияның маңызына ғылыми тұжырымдар жасады. Ғалым-ұстаздың бұл пікірі қазақ әдебиеті тарихын көркемдік мұра дәстүрі жалғастығы тұрғысында жаңаша

зерттеу жұмыстарына теориялық-методологиялық бағдар болуда: “Халық бастан кешкен өмірдің алуан түрлі сипаты мен тарихи дамудың өзгешелігіне сәйкес қазақтар да өз әдебиетін жаңартып, мазмұны мен түрі жағынан жаңа үлгі туғызып отырған. Қазақтың ұлт болып қалыптасып, дербес мемлекетке ие болуы тұсында туған жыраулар поэзиясының ерекшеліктерін де осы тұрғыдан түсінген жөн. “Өнер алды – қызыл тіл” деп бағалаған халық бұл тұста да шешендері мен билерінің, жырауларының ұлағатты сөздеріне құлағын тосқан.

Елдік тұтастықтың күн тәртібіне қойылуымен байланысты ел алдында бірлік сөзін айтқан шешендер, жыраулар зор беделге ие болған. Олар елдің ақылгөйі, данасы ролін атқарған. Олардың ақыл-сөзіне, үлгілі, ғибратты ой-пікіріне ел билеушілер де ден қойған. Оны түсіну үшін Абылай алдындағы Бұқардың беделі мен құрметін еске алудың өзі жеткілікті. Асан Қайғы, Қазтуған Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Тәтіқара жыраулардың шығармашылық өнерімен таныс адам олардың ой-толғаулары халықтық афоризмге, өмір сыры жайлы философиялық толғамдарға бай екенін аңғарады. Олардың поэзиясы замана жайлы ойларға, болмыс тіршіліктегі өзгерістер жайын шерткен әлеуметтік мән-мағынаға толы келеді.

Тәуелсіздік жолындағы күреспен байланысты туған жауынгерлік жырлар жыраулар поэзиясына жаңа азаматтық, қаһармандық пафос дарытты” [1, 11-12].

Зерттеушінің бұл пікірі қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдеріндегі сөз өнері шығармашылығын иеленген тұлғалардың ұлттық рухани құндылықтарды танытқан пәрменді қызметін даралап бағалауға негіз болады. Қазіргі ақындық поэзияның көркемдік мұра жалғастығы, ұлттық сипатты сақтаушы екендігі, жалпы әдеби үдерістегі сөз өнерінің ағымдағы саяси-әлеуметтік, тұрмыстық оқиғаларда белсенді қызмет атқарушы қызметі, ел тарихындағы аса маңызды күрделі оқиғалардың, мемлекеттік басқару іс-шараларының сарапшысы, бағалаушысы, сыншысы, халықтың тағдырына қайраткерлік көзқарастарымен, тікелей араласатын көсемдік, басқарушылық қимылдарымен араласушы күрескерлігі және т.б. сан алуан қызметтерді жинақтағандар – дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері екендігі танылған ақиқат.

Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн, түркі дәуірлерінен бастап, әлемдік өркениет кеңістігіндегі феномен болмысын дәлелдеп келе жатқан бұл ерекшелігі – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жарияланған күндерден бастап бүгінге ұласты, енді болашаққа жалғасады. Дәстүрлі ақындық поэзия – қазақ әдебиетінің қазіргі көп жанрлы, кемел тұрпатының көркемдік негізі, іргетасы, мәңгілік діңгегі. Қазіргі ақындық поэзияның әрі ауызша, әрі жазбаша шығармашылық үрдістерді тұтастандыра ұстанып, ақпарттық технология заманында бүкіл әлемдік кеңістікте ұлттық сөз өнері құдіретін әйгілеуі – ұлттық діліміздің өнер тілі арқылы дәлелденуі.

Академик С.С.Қирабаевтың тұжырымдары – қазақ әдебиетіндегі осындай дәстүрлі арналардың уақыт пен кеңістіктегі халық жүрегінен берік орын алған табиғи болмысын дәлелдейді. Халықтың қабылдау психологиясы – әдебиет

шығармаларының әділ төрешісі. Сондықтан, өткен ғасырлардағы қазақ әдебиеті үрдістерінің қазіргі ақындық поэзияға негіз болған ықпалды жолын біз үнемі басты назарға аламыз. Бұл орайда, академик С.С.Қирабаевтың пікіріне жүгінеміз:

“Қазақ әдебиеті барлық кезеңде де әртүрлі стильдегі, түрліше арнадағы талант байлығымен ерекшеленеді. Онда Махамбет, Шернияз есімдерімен байланысты күрес поэзиясы, Жанак, Шөже, Сүйінбай, Жамбыл сияқты алыптары бар айтыс ақындары мектебі, Біржан, Ақан, Әсет, Кеңен бастаған әнші-ақындар тобы еңбек еткен. Әр дәуірдің тарихи тұлғаларын дәстүрлі қаһармандық жырлар үлгісінде суреттеген жаңа эпос туғызушылар да аз болмаған. Бұған Абылай, Кеңесары, Наурызбай, Исатай-Махамбет, Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбай сияқты батырлар туралы жыр-дастандар куә. Осы дәстүр Ұлы Отан соғысының батырларын жырлауға ұласты” [2,13-14].

Қазіргі ақындық поэзиядағы дәстүр жалғастығы мен жаңашылдығы – аса өзекті мәселе. Сөз арқауындағы дәстүрлі ақындық поэзиядағы тақырып пен идея, лирикалық қаһарман тұлғасының әлеуметтік және көркемдік – эстетикалық мәні, ақындар шығармаларындағы лирикалық-дидактикалық және эпикалық сарындар, қазақ тілі байлығының қолданыстары және т.б. сан алуан мәселелер жүйесі саралана көрінеді. Академик С.С.Қирабаевтың пікірі де қазіргі ақындық поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдықты зерделеудің өзектілігін дәлелдейді: “Қазіргі дәуірдегі халық поэзиясының дамуы, оның ерекшеліктері – ғалымдардың назарын аударып отырған үлкен проблемалардың бірі. Бұл да ауыз әдебиеті тарихының белгілі бір бөлігін құрайды. Онда халық поэзиясының алыбы Жамбыл бастаған жыршы-ақындар творчествосы мен ауыз әдебиеті жанрларының бүгінгі халық әдебиетімен дәстүрлі жалғастық табуы кеңінен қаралады” [2,15]. Демек, қазіргі ақындық поэзиядағы Қонысбай Әбішевтің, Есенкүл Жақыпбековтің, Мэлс Қосымбаевтың, Аманжол Әлтаевтың, Оразалы Досбосыновтың, Мұхамеджан Тазабековтің, Елена Әбдіхалықованың, Дәулеткерей Кәпұлының және т.б. жаңа толқын өкілдері шығармаларындағы дәстүрлі жүйе және жаңашылдық ерекшеліктерін саралай қарастыру – қазіргі әдебиеттану ғылымының өзекті тақырыбы.

Академик С.С.Қирабаевтың “Айтыс – асыл қазына” атты мақаласы – қазіргі дәстүрлі ақындық поэзияны бағалауға, жаңаша қарастыруға ғылыми-методологиялық бағдар беретін елеулі еңбек. Еңбекте ақындар айтыстарының қазақ әдебиеті тарихындағы халықтық сипатына, маңызына жаңаша бағалаулар жасалған. XX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындар (Иса Байзақов пен Нұрлыбек Баймұратов, Шағытай мен Қарсақ, Керімқұл мен Бибайша, Кете Жүсіп пен Қалыш, Рақымжан мен Ыбыраш, Иса мен Қуаныш, т.б.) айтыстарына баға береді.

Сатиралық-сыншыл жазба фельетон-айтыстарды (Шашубай мен қасқыр, Үркімбайдың сары атан мен бригадирді, қара байтал мен колхоз бастығын айтыстыруы, М.Әуезов атындағы ӘӨИ қолжазба қорындағы “Қасқыр мен

койдың айтысы”, “Сиыршы мен сиырдың айтысы” “Қаракер ат пен директордың айтысы” (Б.Меркемелидолжанов жаздырған); кеңес кезеңі қайшылықтарына арналған “Бай мен кедейдің айтысы”, “Шал мен оның бәйбішесінің айтысы” еңбекшілік пен жалқаулықты салыстыратын “Зейнеп пен Сұлбикенің айтысы” (Кеңен ақын жаздырған және т.б.) арнайы атайды.

Дәстүрлі ақындық поэзия өкілдерінің билік пен халық арасындағы аса беделді дәнекер тұлғалар екендігі – дәлелденген ақиқат. Зерттеуші ХХ ғасырдың 30-40-жылдарынан бастап, 1991 жылы күйреуіне дейін Кеңес Одағының партиялық, әкімшілік-әміршілік жүйесі ақындарды саяси-идеологиялық насихат құралы қызметіне мемлекеттік тұрғыда ерекше назар аударғанына бағалаулар жасаған. Қазақстан Жазушылар Одағы мен Бүкілодақтық және республикалық партия, атқарушы билік органдары ақындар айтыстарын өткізуге айрықша мән берген. Еңбекте Саяділ мен Майса (1936), Нұрлыбек пен Нартай (1939) Доскей Әлімбаев ашып берген Қарағанды ақындарының (Көшен Елеуов пен Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков пен Ілияс Манкин, Сәби Әзденбаев, Жәкен Байтуов пен Маясар Жапақов, Жолдыкей Нұрмағамбетов) айтыстары, 1943 жылы облыстарда өткен айтыстардың (Қостанай, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Гурьев) республикалық қорытындысы Алматыда (Алматы – Жамбыл, Семей – Қарағанды, Қостанай – Солтүстік Қазақстан, Қызылорда – Оңтүстік Қазақстан) болған сайыстар арқылы дәстүрлі ақындық поэзияда зор серпіліс болғаны баяндалған. Сәттігүл Жанғабылов, Құмар Жүсіпов (Гурьев), Орынбай Тайманов, Қазанғап Байболов (Оңтүстік Қазақстан), Сәт Есенбаев, Нұрқан Ахметбеков (Қостанай), Есдәулет Қандеков, Жақсыбай Жантөбетов (Жамбыл) т.б. көрнекті ақындардың танымал болғандығы айтылған. Зерттеуші Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскей, Шашубай, Нартай, Орынбай, т.б. көрнекті ақындар өмірден өтсе де, олардың ізіндегі Нұрлыбек, Қалқа, Сәттігүл, Нұрқан, Болман, Маясар, Қуаныш, Жолдыкей, Кеңен, т.б. ақындардың дәстүрлі поэзияны жалғастырғанын бағалаған.

ХХ ғ. 50-60 -жылдары ақындар айтысы дәстүрін жалғастырған Қалихан Алтынбаев, Тәңірберген Әміренов, Манап Көкенов, Ақілгек Жүргембекова, Ғабдыман Игенсартов, Шәкір Әбенов, Әбікен Сарыбайұлы және т.б. ақындар айтыстарының көркемдік-эстетикалық тағылымына баға береді. Академик-зерттеушінің ақындық поэзиядағы кезеңдер жалғастығының үздіксіз қозғалысы туралы пікірі – методологиялық бағдарлы маңызы анық бағалау:

“...Манап Көкенов, Қалихан Алтынбаев, Көкен Шәкеев, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілев, Шынболат Ділдебаев, Жадыра Құтжанова сияқты халық таланттарының жаңа бір тобы шығып, айтыстың аруағын көтерді. 80-90-жылдарда бұл тізімді Аманжол Әлтаев, Мұхамеджан Тазабеков, Мэлс Қосымбаев, Серік Құсанбаев, Бекарыс Шойбеков, Дәулеткерей Кәпұлы, Ақмарал Леубаева, Кәрима Оралова, Әзімбек Жанқұлиев, Айтақын Бұлғақов, Айнұр Тұрсынбаева, Оразалы Досбосынов, тағы басқалар толықтырды. Осылардың таланты мен өнерінің арқасында қазіргі айтыс шын мағынасындағы

халықтық өнерге айналды. Ол өзінің әуелде шыққан кезіндегі мағынасына ие болды” [3, 3]. Бұл – қазіргі және болашақтағы ақындық өнер дәстүрі дамуы мен жалғасуы жүйесін сараптаған нағыз ұлт өнері қамқоршысының пікірі. Ақындар айтыстарындағы суырып салма (импровизация) дәстүрін жетілдіруді, юморлық-сатиралық сыншылдықты, әлеуметтік-азаматтық сарындылықты дамытуды, сол арқылы қазіргі заманғы жаңашыл “Әлеуметтік айтыстар” үлгілерін қалыптастыруды ұсынады.

Сөз сайысы барысындағы, қорытындысы кезіндегі мінез-құлық мәдениеті дәрежесінің сақталуы, айтыстарда өмір шындығының толық қамтылуы, ақындардың саяси-ғылыми дүниетанымын ел тарихы, заман тынысы деректерімен, жаңалықтарымен қаруландыратын арнаулы семинар-лардың, курстардың жүйелі өткізілуін жолға қоюды ұсынуы да дәстүрлі өнердің қазіргі және болашақтағы ғылыми-техникалық дамудың озық инновациялық-технологиялық жетістіктерімен жетіле өркендеуіне жол ашатыны анық.

Қазіргі ақындық поэзиядағы дәстүр жалғастығы және жаңашылдық – ұлттық сөз өнері дамуының өркениеттегі даралығын жан-жақты танытатын ерекшеліктердің бірі.

Халқымыздың сөз өнері шығармаларын көркемдік ойлау дүниетанымы заңдылығымен шынайы қабылдауы, сол арқылы адамгершілік-имандылық қасиеттердің ұрпақтар санасында орнығуы, тіліміздің, дініміздің сақталуы – мәселелерінің дәстүрлі ақындық поэзияның эстетикалық-психологиялық ықпалы арқылы жүзеге асып келе жатқаны тарихи ақиқат.

Қорыта айтқанда, ауызша және жазбаша поэзия дәстүрін тұтастандыра ұстанған қазіргі ақындық поэзия халқымыздың өркениет кеңістігіндегі өзіндік ұлттық-этностық тұлғасын биіктете береді. Бұл – жаңашыл қарқынымен, көркемдік-бейнелілік әсемдігімен ұлтымызды және басқа да халықтарды ізгілік жолына жетелейтін рухани құндылықтарымыздың өңгелі көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиетер:

1. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Академик Серік Қирабаевтың 75 жылдығына арналған жинақ.– Алматы: Комплекс, 2002- 431 б.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері – Алматы: Білім, 1995-288 б.
3. Қирабаев С. Айтыс – асыл қазына // Егемен Қазақстан. – 18 наурыз. – 2003 – № 62 (23272).

Салима Ақашева

ВЗГЛЯДЫ С.С. КИРАБАЕВА НА ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И КРИТИКУ

В середине 50-х годов XX века в казахском литературоведении и критике отмечаются новые подходы в разработке целей, задач, формировании

научных направлений, теоретического изучения проблем. К этому времени литературоведческая мысль в Казахстане достигла значительных результатов, выявила преобладание во взглядах писателей, литературоведов, критиков, публицистов (С.Сейфуллина, Б.Майлина, М.Ауэзова, Е.Исмаилова, Б.Кенжебаева и др.), восходила к идеям выдающихся мировых ученых. С именем С.С.Кирабаева правомерно рассматривать формирование казахской национальной критики и литературоведения. Его конструктивные критические высказывания явились своеобразной программой, наметившей основные литературные направления, сформулировавшей проблемы исследования казахского культурного наследия, истории, теории и современного состояния, перспектив отечественной литературы в мировом литературном процессе с учетом традиций и новаций. Новые тенденции в его исследованиях способствовали фундаментальному изучению литературных коммуникаций и межкультурных отношений, историографии и текстологии на новом теоретическом уровне. Его идеи коррелировали с высказываниями М.Сильченко, М.Каратаева, Н.Смирновой, Т.Нуртазина и других ученых о литературе и фольклористике, охватывали целое бытие человечества. Многогранность его взглядов заключается в философичности мышления.

С.С.Кирабаев ставит узловые вопросы литературоведения и критики в развитии, включает в контекст исследований проблему человека и цивилизации. В них он поясняет свое понятие научных открытий, придавая приоритетное значение проблемным аспектам исследования личности и истории, свободы разума человека. Поиск новой научной парадигмы в решении узловых проблем гуманизма, глубоко рассматриваемых в философии и литературоведении, ученый связывает с критикой. Критика в глубинном содержании понимается им как коммуникативность, как анализ каждый раз нового изображения изменяющейся действительности, исторической ситуации в произведениях писателей. Он отстаивает идею, согласно которой критик должен фокусировать внимание на личности писателя в целом.

В книге “Талантқа құрмет” (1) С.С.Кирабаев ставит вопрос в том ключе, что критика должна преодолевать пристрастность, хвалебность, субъективность, быть толерантной, ответственной. Критику он понимает как исход анализа художественного произведения, интерпретацию фактов на основе теорий, не исключая ее интеграции с другими гуманитарными науками. Взгляды ученого на методы критики позволяют преодолевать односторонность трактовки критики, придают уважительное отношение к критической мысли, способствуют прогрессу: “Сын мақалалар бізде әлі де үлкен проблема көтеріп, оны әдеби фактылар негізінде кендікпен қорытуға, жинақтауға шорқақ. Олар көбінесе жеке фактылар мен құбылыстарды көрсетуден, соны төңіректен аса алмайды, өмір құбылыстарының диалектикалық байланысын, өзара шарттылығын зерттеу негізінде әдебиет дамуының заңдылығын жеткілікті ашпайды. Сондықтан да сынның әдеби процеске ықпалы да жетімсіздеу

боп келеді” (2). Его идеи о критике обоснованы, например, в статье “Асқар” о поэте, ученом-литературоведе, критике, педагоге и переводчике А.К.Егеубаев”(3). По мнению исследователя, А.Егеубаев в анализе казахской литературы вырабатывает концептуальную основу критических публикаций и темы своих исследований. Его острая критика определяет и направляет развитие поэзии, критики и прозы, способствует творчеству писателей. В работах “Сыр мен сымбат” “Сөз жүйесі” “Сын туралы сөз” и других он разрабатывает сразу несколько вопросов: структуры критики, взаимодействия ее с литературоведением, формирования специалистов – критиков, изучения их творчества. Взгляды С.С.Кирабаева на критику, имеющие определенные сходства с творческим стилем В.Белинского, отчетливо проявляются в оценке трудов Е.Исмаилова, К.Жумалиева, Т.Нуртазина, А.Шарипова, Т.Какишева, Ш.Елеуқенова, З.Сериккалиева, Н.Габдулина, Р.Нургалиева, Ф.Оразаева, Б.Майтанова, Б.Ибраима, К.Алпысбаева, Т.Журтбаева, Б.Сарбалаева и других литературоведов и критиков, в которых он отмечает не только высокий профессионализм, но и идею о необходимости критика быть свободным как личность (4). Исследователь ставит следующие вопросы дальнейшего развития критики и литературоведения: степень полезности критических исследований литературоведению; перспективность увеличения периодической печати, активизирующей публикацию обзорных статей, заметок, библиографий по различным вопросам критики и литературоведения, влияющих на развитие фундаментальной науки, на качество художественной литературы; пропаганда новых идей и направлений развития филологической науки, прогрессивных методов исследования, рассмотрение появления новых научных приоритетов и ориентиров. При решении этих вопросов он приходит к мнению о том, что в журнале “Жұлдыз” ведущем печатном органе литературы, критика не занимает доминирующее положение. Изучение сложных проблем литературы, выработка качественно новых методических подходов могут быть успешными при объединении литературоведов и критиков. Его взгляды приобрели большую последовательность в работах “Шындық және шығарма” “Ахмет Байтұрсынов поэзиясы” “Сәкен туралы жана сөз”, “Ғабиден Мустафин” и многих других, где проблемы литературоведения и критики связываются с необходимостью изучения социальной сущности человека, утверждения гуманизма в единстве с нравственными проблемами в решении различных тем (военной, деревенской, гендерной, производственной и т.д.).

Социалистический реализм в литературе понимается им как раскрытие реалистического образа человека в развитии его творческих способностей, мировоззрения. По мнению С.Кирабаева, литературные жанры необходимо изучать на пересечении традиционного и нового подходов. Свообразие динамики казахской повести, например, объясняется взаимодействием художественных и национальных традиций, влиянием русской и западноевропейской литературы. Критические подходы отмечаются в анализе поэтических произведений

А.Тажибаева, А.Токмагамбетова, С.Мауленова, К.Салыкова и многих других поэтов, устремленных к полноте бытия. Рассматривая поэзию Ф.Унгарсыновой, он выделяет переживания лирического героя, сфокусированные на самой себе, осмысливающей свою суть и сущность бытия, непредсказуемость связи нового со старым (“Тастаймын бәрін” “Ешнәрсеге, ешкімге алаңдамай” “Өмір-өлім” “Шешім” “Білмей тұрмын не дерге” и др.). Исследователь обращает внимание на актуализацию проблем смысла жизни, взаимоотношений общества и индивида, индивидуализации жизни. Важным моментом в ее творчестве он считает освобождение от идеологических моментов в рассмотрении человека, для которого любовь предстает как проявление духовности, как высшее благо.

С.С.Кирабаев рассматривает по эпохам картину развития казахской литературы. Одной из центральных тем в его литературоведческой и критической деятельности является анализ произведений казахских писателей (Абая, С.Кубеева, С.Сейфуллина, С.Муканова, С.Мауленова, М.Ауэзова, С.Ерубая, О.Бокеева, А.Кекильбаева) в книгах и статьях (“Спандияр Кубеев” (1958), “Сәкен Сейфуллин” (1962), “Жусипбек Аймауытов” (1989) и многих других. В условиях преобразования во всех сферах жизни в Казахстане им впервые была выдвинута идея о необходимости изучения творчества репрессированных казахских писателей. Новые теории в изучении их творчества вынуждают пересмотреть старые идеи, формирующие новые концепции, новые понятия в литературоведении. Им найдены оптимальные пути решения проблем, открывающие поле для дискуссии. В произведениях репрессированных писателей и поэтов Б.Майлина, Ж.Аймаутова, М.Жумабаева, Ш.Кудайбердиева, А.Байтурсынова акцентируется внимание на идее духа. Исследователь анализирует соотношение власти и искусства, раскрывая эту тему в традиции литературы социалистического реализма. Эта тема осмысливается им в контексте с гегемонией идеологии, с тоталитарным режимом того общества, где обесценивались человеческая жизнь, искаженно рассматривалась индивидуальная и коллективная идентичность. Новые идеи заключены в анализе произведений Г.Мустафина, Х.Есенжанова, Г.Орманова, Ж.Саина, их динамики, поэтики, образов. Проблема человека, его взаимодействие с действительностью, конфликт с обстоятельствами, фундаментальный в советской литературе, разрабатывается ученым в историческом и теоретическом направлениях. Творчество этих писателей представляется ему в соединении и противопоставлении мира и человека. Так, в монографии “Жусипбек Аймауытов” (5) рассматриваются особенности взглядов репрессированного казахского писателя, драматурга, критика на различные жанры литературы, а также на педагогику, психологию, театр, музыку и т.д., творчество которого долгие годы умалчивалось в литературоведении. Акцент в монографии делается на переводческой деятельности Ж.Аймаутова, на развитии способов перевода русских и зарубежных авторов. Книга основана на изучении огромного фактического материала, значительная часть которого

была ранее недоступна и малоизвестна исследователям советского периода. В ней расширены хронологические рамки и проблематика, прослеживаются исторические процессы в Казахстане, даются сведения о казахском фольклоре. В книге обозревается творчество казахских акынов и деятелей науки и культуры Шернияза, Шортанбая, Абая, И.Алтынсарина, Жамбыла, Ахмета Байтурсынова, М.Ауэзова, Г.Мусрепова, С.Муканова, А.Маметова, С.Донжтаева и др. Для продуктивного исследования творчества Ж.Аймаутова важным, по мысли С.Кирабаева, является понимание диктата времени, общественно-политических условий, в которых проходило становление писателя, драматурга, педагога, ученого: “Жүсіпбектің көп салалы шығармашылығы өз дәуірінің талабынан туды, Оны қазақ халқының әлеуметтік өмірге белсенді араласуы, сонымен байланысты қоғам дамуы жайлы ұлттық көзқарастың оянуы процесі қажет етті. Осы бір күрделі процесі Жүсіпбек үлкен жазушылық көрегендікпен суреттеді. Ол жаңаның жарқын жағын да, көлеңкелі қайшылықтарын да аша бейнеледі. Революция арқылы келген теңдікті, ауылдың кедей тобының қатарға қосылуын мақұлдап жазса, жаңаның орнығуы жолындағы қателіктерді аямай сынап, шеңеп отырды. Оның шығармаларының аса бағалығы да ондағы шындықтың осындай екі жақты толықтығында. Кейбір солшыл замандастары жаңаның қайшылығын көрмей, тек мадақтауға шыққанда екінші біреулер жаңаны танымай, одан ылғи терістікті көруге тырысқанда, Жүсіпбек екі жаққа да ортақ, объективті шындықты қолдады. Жүсіпбек творчествосының сол дәуірдің қайшылықты шындығын танудағы маңызы да осында” (6).

С.С.Кирабаев углубляет в казахском литературоведении проблемы русской литературы. Он обосновывает важность перевода и изучения произведений русских и зарубежных писателей. Его статьи разрабатывают проблемы, связанные с творчеством А.Н.Радищева, А.С.Пушкина, М.Ю.Лермонтова, Н.В.Гоголя, Л.Н.Толстого, А.М.Горького, А.Гайдара, И.Эренбурга, Д.Фурманова, В.Маяковского, Н.Тихонова, А.Фадеева, М.Шолохова, Махтумкули, С.Стальского, М.Ф.Ахундова, В.Шекспира, Г.Фильдинга, Б.Шоу и других художников слова. В них он намечает новые пути развития русско-казахских литературных отношений, которые еще в досоветский период были включены в историко-литературную традицию (Пушкин, Лермонтов, Крылов, Фет, М.Салтыков-Щедрин, Горький, Брюсов) и в контекст литературоведческих достижений. В анализе явлений в литературе необходимо отметить еще одно новое прогрессивное направление в критике и литературоведении – эффективную разработку русской литературы Казахстана. С.С.Кирабаев развил наряду с такими исследователями как А.Шарипов, И.Х.Габдиров, З.А.Ахметов, У.Х.Субханбердина, Е.В.Лизунова, Ш.Р.Елеу肯ов некоторые принципы исследований, сосредоточил внимание критиков и литературоведов на исследовании русской литературы в Казахстане. Понимание им русской литературы Казахстана содержит в себе идеи анализа, генезиса и эволюции и решения новых проблем истории литературного процесса в контексте культурно-

исторических эпох (7). Среди других концепций о литературоведении и критике отметим предложение включить детскую литературу в ряд приоритетных проблем, неразрывно связывая ее с педагогикой. Эта идея отражает значительную роль критики в развитии литературы. Принципиально важным для понимания природы и общества, человека, культуры он считает образование в воспитании личности в конкретных событиях национальной жизни. Принимая во внимание различные формулировки основных положений этой проблемы (С.Михалкова, А.Барто, С.Муқанова, Х.Бекхожина, О.Мацкевича, С.Бегалина, Е.Рубинова и др. исследователей), он затрагивает вопросы культурного наследия, интеллектуальной культуры (8). Этим взглядам придерживается ученый Б.Ибраим в исследованиях казахской детской литературы.

С.С.Кирабаев в научной деятельности предстает ученым, показывающим движение мысли. Его исследования насыщены богатым фактическим материалом, интерпретацией развития трудов отечественных и зарубежных специалистов как единого общемирового научного процесса, превосходными филологическими знаниями. Во всех его трудах ставится проблема гуманизма. Через нее определяются мировоззрение человека (героя произведений художественных литературы или их авторов) и общественная идеология, межличностные отношения (любовь, сострадание, ненависть и т.п.). Идеи выдающегося ученого активно преобразовывают деятельность литературоведов и критиков, значительно расширяют их взгляды на художественную литературу. Изучение ее во многом представлено в соотношении истории и теории литературоведения и критики.

Использованные литературы:

1. Серік Қирабаев. Талантқа құрмет: Мақалалар, зерттеулер, портреттер.- Алматы: Жазушы, 1988.
2. Серік Қирабаев. Талантқа құрмет. – 48 б.
3. С.Қирабаев. Асқар // Асқар Егеубаев. Тайқазан.– Алматы; Күлтегін, 2003.- 267-273 б.
4. Вопросы критики рассмотрены С.С.Кирабаевым на основе таких научных трудов: Ә.Шарипов “Сырбай Мауленов” Ә.Нарымбетов. “Қалижан Бекхожин творчествосы” А.Егеубаев. “Сөз жүйесі” Р.Нургалиев. “Айдын”, Т.Какишев. “Онаша отау”. Ф.Оразаев. “Замана қаһарманы” и др.
5. С.Қирабаев. Жүсіпбек Аймауытов: Өмірі мен шығармашылығы. –Алматы: Ана тілі, 1993.
6. С.Қирабаев. Жүсіпбек Аймауытов - Алматы: “Ана тілі” баспасы, 1993.- С.9.
7. Составляющие аспекты проблемы выделены им в анализе трудов Е.Габдирова (в статье “Жазушы және өмір”), Ш.Сатпаевой (“Өрнекті өріс”) и др.
8. В трудах С.С.Кирабаева глубоко осмыслены проблемы повести и мировоззренческие позиции писателей (назначение идей и образов в этом жанре). Вопросы детской литературы проясняются в статьях (“Балалар және

әдебиет туралы ойлар” // Социалистік Қазақстан.-1969.-30 март; “За большую литературу для детей” // Простор.- 1969.-№7.-С.95-98 книге “Высокое назначение”: Статьи, критические очерки.-Алма-Ата: Жазушы, 1986 и др.; Повесть хақында. – Серік Қирабаев. Шығармалар. –Алматы: Жазушы, 1992.

Нариман Нүрпейісов.

С.ҚИРАБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ “АҚТАНДАҚТАР” АҚИҚАТЫ

Бар ғұмырын білім мен ғылым жолына, туған елінің төл әдебиетіне арнап келе жатқан академик Серік Қирабаевтың әдеби мұралары ұшан теңіз. Сондай мол мұралардың бір шоғыры туған әдебиетіміздегі “ақтандақтар” ақиқатын айтуға арналған. Саналы ғұмыры сөз өнерін зерттеуге арналған ғалымның азаттық, тәуелсіз алғаннан кейінгі жылдардағы еңбектерінің айтар ойы, берер тағылымы мүлде бөлек десе де болғандай. Үлкен әдебиетке келген күнінен бастап қазақ даласына ұстаздық еңбегімен сәулелі шуағын шашқан С.Көбеевтің шығармашылығын зерттеуге ерекше үлес қосқан ол ХХ ғасырдың екінші жартысында алғаш рет келген жылымықты пайдаланып, қазақ әдебиетінің “қызыл сұңқары” Сәкен Сейфуллин шығармашылығын зерттеуде биік белеске көтерілді.

Ғалымның әр жылдары жарық көрген “Өрлеу жолында” (1960), “Әдебиет және дәуір талабы” (1976), “Талантқа құрмет” (1988), “Шындық және шығарма” (1981), “Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет” (2001), “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” (1995), т.б. кітаптарының әрқайсысы туған әдебиетіміздің тағылымы мен талғамын саралап көрсете алған дүниелер.

Бұл дүниелерден бөлек зерделі ғалымының орта мектептер мен жоғары оқу орындары үшін дайындаған “Қазақ әдебиеті”, “Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” т.б. оқулықтарының жарық көруі С.Қирабаевтың ұлттық педагогика ғылымындағы ерекше орнын айқындай түседі. Ғалым еңбектері туған еліміздің түпкір-түпкіріндегі мың-мыңдаған шәкіртерінің жүрегіне жылу беріп, осы оқулықтардан білім нәрімен сусындауда. Оның бәрін санамалап айтып шығу мүмкін емес. Бүгінгі әңгіме өзегі тек қана Қирабаев зерттеулеріндегі ақтандақтар ақиқаты болмақ.

Ақтандақтар дегеніміз не, С.Қирабаев сынды ғалымды осындай аса күрделі, күрмеуі мол тақырыпқа баруға не итермеледі? Ақтандақтар проблемасы тек қана әдебиетке ғана қатысты ма дейтін сан алуан сұрақтар алдымыздан саумалап шығады.

Иә, кешегі кеңестік жүйенің катал тәртібі, өктем саясаты қазақ тарихын түгелге жуық ақтандақ күйге түсірді, ақиқат бұрмаланды, әділдік аяққа тапталды. Қазақ тарихының қилы жолдарында халқымен бірге болған кемеңгер хандар, күміс көмей шешендер, туралықтан таймаған билер, қол бастаған батырлар

тағдырын қолдан баянсыз етіп, өткен күннің бәріне топырақ шашудың әуеніне түсіп кеттік. Арғы тарихты ғана емес, күні кеше ғана көз алдымызда болған ашаршылық қасіреті, “халық жауын” әшкерлеу сияқты сұмдықтардың өзіне келгенде “жауырды жаба тоқитын” дәрежеге жеттік. Осылайша тарих та, бүкіл болмысымыз бен дүниетанымымыз да, әсіресе академик З.Қабдолов айтқандай “ардың ісі” саналатын әдебиет те осындай күйге жеткен еді. Сол себепті бұл ақтандақтардың ақиқатын айтуға, ашуға қазіргі таңдағы аға буынның алдыңғы қатарлы өкілі Серік Смайылұлы Қирабаевтың ерекше бір ынтамен кірісуі заңды құбылыс десе де болғандай. “Ақтандақтар - қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің жеке бір проблемасы емес, оның бүкіл даму жолын түгел қамтыған күрделі мәселе,” деп сөз бастайтын “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” деп аталатын кітабы айтатын ақиқаттар бұл саладағы алғашқы қарлығаштар еді. “Әдебиет жасаушы ірі қайраткерлер “буржуазияшыл” “ұлтшыл” “халық жауы” деген атақтар жамылып, жазаға тартылды. Бүгінгі қазақ халқы ұлттық тәуелсіздігін танып, егеменді ел болып жатқан тұста оның ұзақ ғасырлар бойы жасаған мәдени мұрасын түгелдеп алу, оны бүгінгі заманның игілігіне жаратудың ұлы мұрат, асыл мақсат етіп қойған ғалымның бұл еңбектері қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы бағдаршам іспетті.

“Құбылып соққан замана желі” ғалым атап көрсеткендей қаншама аяулы тұлғаларды жазықсыздықтан-жазықсыз жала жауып, мерт етіп жіберді, мерт еткені аздай жоғарыда айтқандай “ұлтшыл” “буржуазияшыл” “халық жауы” дейтін тәрізді жаппаған жала, тақпаған пәле қалмады. Осы ретте тағы бір еске салатын жағдаят бар, ол ақтандақ жасауды одан әрі жалғастыра түсу мәселелері, кеңес дәуірінің дүрілдеп тұрған кезеңінде халқымыз үшін қастерлі, мағынасы етеңе жақын “алаш” сөзінен ат-тонымызды ала қаштық, ендігі азаттық, бостандық алған елімізде “кеңес” сөзіне үрке қарайтындар көбейді. Саналы ғұмырын кеңес дәуірі әдебиетін зерттеуге арнаған ғалым С.Қирабаев “Қазақ революциясынан кейін өмір сүріп, жетпіс жыл жасаған қоғам екенін еске алсақ, оның өз идеологиясы, өз әдебиеті болғанын. Ол әдебиеттің жалпы халықтық мұраға елеулі үлес қосқанын да мойындауға тиіспіз” – дейді. Бұл пікір бәрімізге ой салуға тиісті, өткеннің бәріне топырақ шашуға болмайтынын талай рет тарих сабағы дәлелдеген, яғни “өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас ататынын” ешқашан да ұмытпауымыз керек. Тарихта болған кеңес қоғамын да, кеңес әдебиетін де сызып тастауға ешқандай хақымыз жоқ. Мұны айтып жатқанымыз кешегі кеңестік жүйе жасаған қателікті, қолдан жасаған ақтандақты тағы да жасауға болмайды, ондай қолдан жасалған саяси ойынды тарих кешірмейтінін ұмытпаған жөн. Бүгінгі әңгіме әріне Қирабаев және әдебиеттану саласындағы ақтандақтар ақиқаты. “Әдебиетіміздің ақтандақ беттерінде” калың қауымға ой салар мәселе өте көп, кейде біз ақтандақтар ақиқатын ХХ ғасырдың 20-30 жылдарынан ғана іздейміз, социалистік идеологияның дәуірлеп тұрған шағында қиянаттың батпаны төл әдебиетіміздің өткеніне де, бүгінгіне де, тіпті келешегіне де тиген екендігін

енді сезіне бастадық. Әдебиеттану ғылымына жасалған қиянаттардан арылып, алдағы уақытта қандай жолмен жүруіміз керек, ендігі бағыт-бағдар қандай болу керек деген сұрақтарға аталған кітаптағы “Әдебиет пен өнер ұлттық идеологияның маңызды саласы”, “Әдебиет – ұлттың рухани байлығы” “Абайтанудың кезекті міндеттері” “Мағжан - қазақтың ұлттық ақыны” т.б. мақалалар дәлелді жауап береді.

Академик С.Қирабаев еліміздің ғасырлар бойы арманы болған азаттыққа жеткен жылдарының алғашқы кезеңінде-ақ алаштың аяулы азаматтары Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. есімдері мен мұраларының елге оралуына қалам құдыретімен де, қайраткерлік тұлғасымен де белсене араласты.

Ұлтжанды ғалымның “ақтандақтар әлемі” жайындағы зерттеулерін қарап, салыстырып отырғанда анық аңғарылатын бір желі, сарын бар, ол – ұлт-азаттық күрес, халықтық мұрат-мүдде, дербестік-тәуелсіздікті аңсау. Автор “Әдебиет – ұлттың рухани байлығы” атты мақаласында былай дейді: “XVIII-XIX ғасырларда қазақ әдебиетінде ұлттық тәуелсіздік тақырыбы айырықша мағынаға ие бола дамыды. Бір жағынан жоңғар шапқыншылары, екінші жағынан орыс отаршылары қысқан халық басындағы ауыр қайғы әдебиеттің де азаматтық биікке көтерілуіне тікелей жол ашты” Иә, шынында да ел тағдыры, оны қорғаушы, азаматтар тұлғасы, халық мінезіндегі өзгерістер – барлығы әдебиет өңерінде тың бейне тауып, тақырыптың байи, кеңейе түскенін танытады.

Ұлттық рухани байлығымыздың тарихы бай, әдебиеті мол, кайнар көзі ауыз әдебиеті мұраларынан бастау алатын әдебиеттегі жырлаулар мұрасы, XIX ғасырдағы жазба әдебиеттің қалыптасуы бәрі-бәрі халық басынан өткен мұң-зарды, бостандық үшін болған күрестерді айна-қатесіз бейнелейді, дәл суреттеп береді. “Алайда, Сталиндік режим тұрғызған коммунистік идеологияның қатаң тәртібі халқымызды көп уақыт, ұзақ ғасырлар бойы өзі жасаған осы байлықтан айырып, оны пайдалануға тиым салып келді” деп ащы шындықты айтқан ғалым өз ойын одан әрі тағы да нақтылай түседі: “Бұхар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Мәшһүр-Жүсіп шығармалары ескішілдікті, рушылдықты дәріптейді, хандық заманды көксейді деген айыпқа ие болып, олардың аттары да ұмытылуға айналды”

Әділетсіздік қиянатын өткен дәуір әдебиетінің өкілдері ғана емес, кеңес дәуірі қоғамын құруға қатысқан, тіпті ерікті-еріксіз түрде коммунистік партия қатарына кіргендер де көрді. Бұл жайындағы әйгілі ғалым тұжырымы төмендегідей: “Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Сәкен, Бейімбет, Ілияс жалған айыптаулармен бостандық аңсап келіп, өздері орнатуға күш салысқан жаңа үкіметтің қолынан қаза тапты. Сталиндік режимнің ұлттық әдебиетке салған жарасы мұнымен шектелмейді” дей отырып, ең үлкен қасіреттің бірі әдебиеттің ұлттық негізде дамуына шек қойылуы, талант иелерінің танымын танытуға мүмкіндік берілмеуі, тіпті тақырыптың өзі жоғарыдан ұсынылатынын

айыптайды. Бұл сөз өнерінің емін-еркін дамуына, халыққа рухани қызмет етуіне сөзсіз кедергі болды. Ұстаз ғалым, академик С.Қирабаевтың зерттеулеріндегі әдебиет пен өнер, оның рухани байлық ретінде алар орны жайында шәкірт ғалымдардың бірі, профессор Р.Тұрысбек былай деп пайымдайды: “Автор әдебиет пен өнер туындыларын қоғамдық идеологияға бірден-бір әсер ететін ұлттық ой -пікірлердің жиынтығы санаса, көркем әдебиет рухани мәдениеттің үлкен бір арнасы, халық тарихының бейнелеу жолымен жасалған сырлы шежіресі ретінде қарастырылады” Бұл ойлардың дені ғалым еңбектеріндегі үлкен бір арна, сырлы шежіре барын аңдатады.

“Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы” - деп басталатын “Абайтанудың кезекті міндеттері туралы” - атты мақаланың айтары көп. Абай өмірі мен шығармашылығы өнердің сан алуан түрін қамтып жатқан күрделі сала, әдебиеттану ғылымының да бар саласын егжей-тегжейлі қамтиды, алайда абайтануды түгел бағындырдық деп айта алмаймыз, әсіресе кешегі кеңестік дәуір идеологиясы да бұл ғылымның бұра тартуына септігін тигізген кездері аз емес. Бір сөзбен айтқанда бұл мәселеде де “ақтандақ” жеткілікті. Бұл жайында Қирабаев айтқан келесі бір пікірлердің мән-маңызына жете түсініп, абайтанудың жаңа дәуірін бастайтын кезең жетті. Ол “Көне дәуірлердегі түркі халықтарына ортақ мұраларымызды пантүркістік идеялармен қорқытып жаптырып, туысқан халықтармен байланысты” жолын жапты. Абайдан кейін туып демократтық, халықтық әдебиет дәстүрлерін отаршылдыққа қарсы, азаттық жолындағы күреске ұластырған әдебиет өкілдерін ұлтшылдықпен айыптады. Осылардың ортасында бүкіл ұлттық әдебиеттің даму жолынан бөлініп алынып, оқшау, онда да орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсерін, туыстығын дәлелдеу үшін Абайды ғана үзіп-жұлып әңгіме еттік (оның өзі де бір жақты). Мұның бәрі қазақ әдебиеті тарихын, оның ішінде Абай шығармашылығын ұлттық дамудың өзекті мәселелерімен байланыстыра зерттеуге қолбайлау болғаны бүгін ешкімге жасырын емес. Осы жағдайлардың нәтижесінде революцияға дейінгі әдебиет тарихын, Абай мұрасын зерттейтін маман кадрлар дайындау ісі де мардымсыз жүргізілді. Бұл жазбалардан аңғаратынымыз абайтанудың алдыңғы кезі де, одан кейінгі кезі де көмескіленіп бағаланды, ең өкініштісі Абайды біржақты, яғни орыс империясының ыңғайына қарай бағалау етек алды, одан арылатын мезгіл жетті.

“Ақын тағдыры” – Сұлтанмахмұт Торайғыров жайындағы зерттеу. Кедей таптың өкілі, “Кедей” деп поэма жазатын Сұлтанмахмұтты біршама білетін тәріздіміз. былайша айтқанда кеңес дәуірінің сүйіктісі болуға лайықты-ақ тұлға. Алайда Сұлтанмахмұт шығармашылығындағы құпия да жеткілікті екен, қалың қауым біле бермейтін бұл жағдаяттарға ғалым былай деп түсінік береді: “Сұлтанмахмұттың Алашордаға тілектестігі, олардың жолын қуаттап еңбектер жазуы кездейсоқ дүние деп қарауға болады. Оны ақынның сол кездің маңызды саяси-қоғамдық мәселелеріне, ел өміріндегі жаңалықтарға сергектікпен үн

қосуы ретінде қарау орынды. Ақынға ең алдымен, қазақ оқығандарының патшаның құлауын пайдаланып, қазақтың автаномиясын құру жөніндегі идеясы ұнайды. Отаршылдықтан езілген елдің дербес отау тігуі ол заманда бүкіл қазақтың арман-тілегі болатын. Ойы бар, намысы бар ұлт өкілінің оны қолдамауының өзі мүмкін емес-ті. Сондықтан да Сұлтанмахмұт 1917 жылдың қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алып, желтоқсанда өткен Алашорда съезіне қатысқандардың ішінде болды. Оның, “Әлиханнның Семейге келуі” атты мақаласы болашақ Алашорда көсемін халықтың қалай қарсы алғанын көрсету арқылы олар көтерген автономия идеясына қазақ қауымының көзқарасын танытады. Ол мейрамға жиналғандай халық нөпірін суреттеп, “лек-легімен, топ-тобымен ағылған жұрт-елге еңбегін сіңірген ерін тосып жиналған қазақтар еді” деп жазды. Одан әрі Әлихан Бөкейхановтың өз басы мен еңбегіне тоқтап, “Ол ері-елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, кандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде, алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кері кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдағам алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, кайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов еді” - деп суреттейді... Сондықтан да ол Алашорда үкіметі құрылған күндері-ақ “Алаш ұранын” жазып онда патшашылдықтың құлауына, елдің дербес автономия алуына қуана ұн қосты.

Өлең... Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады” Зертеуші одан әрі ақынның әйгілі “Таныстыру” атты поэмасына кеңінен тоқталып, талдау жасайды, оның бөріне тоқтала беруге мақала көлемі көтермейді. Иә, сұлтанмахмұттанудың айтылмаған ақиқаты көп, бұны ашуда, айтуда, талдауда С. Қирабаев үлесі мол. Әдебиеттану ғылымындағы ақтандақтар туралы сөз қозғалғанда ең алдымен ойға оралатыны алаш ұранды әдебиеттің өкілдері, Ахаң мен Жақандар (халық А.Байтұрсынов пен М.Дулатовты осылай құрметтеп атаған). Бұл аталған кітапта А.Байтұрсынов бастаған ардақты топ жайында көп айтылған, бөріне бірдей тоқтап өту мүмкін болмағандықтан бір ғана “Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны” атты мақалаға тоқталсақ, ең алдымен ғалым М.Жұмабаевты ұлт ақыны ретінде атап өтеді, оны халықтық деңгейден де биік қояды. “Сөз жоқ, қазақ ақындарының бәрінде де ұлттық кейіп, бейне, тіл, ұғым, бар. Бірақ оның қай-қайсы болса да, Мағжанмен салыстыруға келмейді. Мағжан бүкіл ұлтқа тән ұғым-сезімінің, жан дүниесін ашып берді. Оның таза қазақтық рухы кімнен де болса жоғары. Сондықтан оның басқа ақындармен ара қатынасын Белинский суреттеген ұлы және кіші өзендердің байланысы туралы ұғыммен түсіндіруге болады. Мағжан суреткерлігі бүкіл қазақтың өмір үшін күресі мен қайғысын тұтас қамтиды” – деп түйеді. Ғалым Қирабаевтың келесі бір қадап айтқан мәселелері Мағжан сынды саңлақ ақынның өзі өмір сүрген қоғамнан әлдеқайда биік болды дейтін ойлар. Мысалы: “Мағжан көтерген

проблемалар совет үкіметі жүргізген саясаттан әлдеқайда биік еді. Ақын тап көлемімен шектелмей, жалпы адамзатқа, қалса түркі тектес ұлттарға ортақ ойлар айтады. Ел жайы, оның болашағы, ағарту, өнер іздеу жайларына ол осы жалпы халықтық тұрғыдан қарады. Адамды адамның қанауын ол капиталистік Еуропаның момын, әлі оянып болмаған шығыс халықтарын өзін сорған отаршылдық саясаттан көрген еді. Мұнда тұрған ешқандай ұлтшылдық жоқ. Жалпы езілген халықтардың бейнесінде Азияны, тойымсыз отаршылдық бейнесінде Еуропаны алып суреттеу – ол кезде жалпы әдебиетте жиі көтерілген тақырып”

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, күні кеше ғана тәуелсіз Қазақстанның “Отан” орденін алған Серік Қирабаевтың бұл еңбегі жарық көргелі де біршама уақыт өтті. Кеңестік жүйенің көзсіз идеологиясынан уланып, асыл мен ақиқты айыра алмай қалған ұрпаққа ақ пен қараны ажыратып алуына игілікті ықпал еткен және әлі де қызмет ете беретін еңбекке барша қазақ қарыздар десек артық айтқандық болмас. Өз ойымызды С.Қирабаевтың ең үздік, талантты шәкірттерінің бірі, қазақ әдебиеттану ғылымына “Арыстар мен ағыстарды” ала келген Құлбек Ергөбектің, келесі бір пікірлерімен түйіндей түссек: “Ғалым, сыншы ағайынның қай биікті алып, қай деңгейде танытып жүргені – оның еңбектерінен айна-қатесіз көрініп отырады. Айталық, ғалымның соңғы кездері жарық көрген еңбегі – “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” – оны жаңа биігінен көрсетті, жаңа қырынан танытты. С.Қирабаев және оның буынына “жаңа асу” “жаңа биік” дегендей бағаны айту – әсіре жомарттық болып шығуы мүмкін. Алайда, “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” дәл осылай сөйлеуді тілейді. Өйткені, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров сынды уақыт енді ашып, енді ақтап жатқан кетпен тұяқ кемеңгерлер жайында жазу, онда да жастармен қатар тұрып, олардың мұрасын жинау, жариялау секілді қара жұмысынан бастап, қалауын тауып зерттеу мақалаларын жазу – С.Қирабаев қолынан келді”

Қорыта келгенде С.Қирабаев сынды қайсар, әділет жолынан аттамайтын, ақиқатты айтуда алдаспандай жарқылдап шығатын ғалымның бұл еңбегі әдебиеттану ғылымындағы ақтандақтарды ашып берудің үлгілі методологиясын, бағыт-бағдары дұрыс концепциясын көрсетіп берген бағалы еңбек. Еңбекті оқи отырып, үлгі, өнеге алу, ақиқатқа көз жеткізе түсу – баршамыздың алдымызда тұрған ұлы міндет.

Гүлтас Құрманбай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ АБЫЗЫ

Адам баласы адамдық болмысында Аллаға, содан кейін ұстазға қарыздар болар. Себебі, Алланың адам баласына еншілеп беретіні тек қана уақыт. Ал

сол уақытты адам қалай қолданады, пайдаланады, қандай пайдалы нәрселер, ізгі істер жасайды? Ол – адамның өзі жасайтын дүниелер. Оған баулитын, білім беріп, көзін ашатын, жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа үйрететін ұстаздар. Әсіресе әдебиеттен сабақ беретін – ұстаздар адамзат жаралғалы бері бірге жасасып келе жатқан әдебиеттің пешенесіне жазылған бір ғана қызметі бар. Ол – адам баласына рухани әлем сыйлау; адамгершілікке, ізгілікке, ерлікке тәрбиелеу.

Серік Қирабаев 55 жылдан бері орта мектептегі “Қазақ әдебиеті” оқулығының өзгермеген авторы. Яғни, жарты ғасырдан астам уақыт халқының сан мыңдаған ұрпағын әдеби біліммен, жүздеген шығармадағы мыңдаған кейіпкерлермен кездестірген әдебиеттің абыз атасы.

Рас, заман бір орнында тұрмайды, әдебиет өзі өмір сүрген қоғамның ұранын айтып, сойылын да соққан кезең болған. Рухани інжу-маржандарымыз көміліп, олардың қолына су құя алмайтын ұраншыл шығарманың бағы жанған кезінде бастан кешкенбіз. Нағыз әдебиетші ғалым үшін, оқулық авторы үшін ол жанын жегідей жеген зар еді. Серік Қирабаев та бұл зардан алыс болмады. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің білім мазмұнында ХХ ғасырдың ұлы тұлғалары: Ахмет Байтұрсынұлының, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Шәкәрім Құдайбердіұлының аттарының аталмауы, шығармаларының болмағаны – сол ұлы зардың айғағы. Бірақ соған қарамастан қазақ әдебиеті оқулығы бойына ұлттық рухтың күшін, бояуын жинаған, астарымен-ақ ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеген оқулық болды. Оның себебі оқулықты білікті маманның жазғанынан шығар. Олай дейтініміз – С.Қирабаев әдебиеттің ғылымымен айналысқан үлкен маман, филология ғылымының докторы, ХХ ғасыр әдебиетінің ірі тұлғаларының шығармашылығын терең зерттеген айтулы әдебиетші ғалым. Атап айтқанда, оның “Ғ.Мұстафин” “Спандияр Көбеев” “Сәкен Сейфуллин” “Жүсіпбек Аймауытов” “Октябрь және қазақ әдебиеті” “Әдебиет және дәуір талабы” “Революция және әдебиет” “Шындық және шеберлік” “Талантқа құрмет” “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” т.б. іргелі зерттеулері орта мектепке арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығының ғылыми тұрғыдан терең де нақты, әдеби сауатты жазылуының кепілі еді.

Мектептегі әдебиет пәні жеке тұлғаның рухани әлемін, оның адамгершілік қасиеттерің, эстетикалық талғамың, көңіл-күй сезімің, тілің, шығармашылық әрекет бастауларын қалыптастыруда ерекше орын алады. Ғылымның да өзіне тән туу, даму жолы болатыны ақиқат. “Қазақ әдебиеті” пәні де осы заңдылық негізінде сондай жолдардан өтіп, өзінің қалыптасу дәуірін басынан кешірді. Осы жолда біздің сөз етіп отырған ұстаз, әдіскер ғалымымыз Серік Қирабаевтың да өзіндік үлесі бар. Қазақ әдебиеті пәнінің пән ретінде өмірге келуі 1930 жылдардан бастау алады. Сол жылдарда алғашқы оқулықтар жазыла бастады. Бұл іске қазақтың айтулы азаматтары С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқановтар қатысты. Кеңес Одағы көлемінде 1933 жылы

қабылданған бағдарламаларға көшу әдебиет пәнінің дербестігіне қол жеткізді, ұлт аймақтарда оның пән болып қалыптасу үдерісінің жылдам дамуына игі ықпал етті. Әдебиетті оқытудың үш буындық жүйесі өмірге келді. Олар: ана тілі (бастауыш сатыда), әдебиеттік оқу (5-7 сыныптарда) және әдебиет тарихын оқу (8-10 сыныптарда). Қазақ әдебиетінен оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге сұраныс күшейді, баспасөз беттерінде қазақ әдебиетін қалай оқыту туралы, білім мазмұны туралы қоғамдық пікірлер жазыла бастады.

Оқу пәнінің бағдарламалары мен оқулық жүйесін жасау, оларды бір қалыпқа келтіру 1940 жылдарға дейін жалғасты. Себебі осы жылдарда ғана Қазақстанда қазақ мектептерінің сыныптары мен бала саны толығы бастады. Бұл жөнінде Серік Қирабаев “Мектеп және қазақ әдебиеті” (А., 1979.) еңбегінде: “Қазақ әдебиетінің арнаулы курс есебінде мектепте оқытылуы – біраз кешендікпен басталған іс. Ол кезде қалыптасып, бір жүйеге түскен әдебиетіміздің тарихы жоқ болатын, ретке келтірілген программалар мен оқулықтарға қазақ мектептерінің қолы тек отызыншы жылдардың аяқ кезінде ғана жетті” деп жазған еді. Халық тағдыры, ұрпақ тағдыры ерте есейткен С. Қирабаев оқулық жазу мәселесін ел алдындағы азаматтық парызындай санаған. ХХ ғасыр басындағы ұлтымыздың ұлылары салған сүрлеуді С. Қирабаевтың жалғастыруы заңды құбылыс. Өздеріңізге мәлім, ғасыр басында ақын Мағжан “Педагогика” кітабын жазса, жазушы-драматург Жүсіпбек Аймауытов “Психологияны” әдістеме мен эстетика саласында кітап жазуы, т.с.с. зиялы қауым жапай білім беру саласына кірісуі тегіннен тегін емес болса керек. Оның басында бәріне тапсырма беріп, Халық Ағарту Комиссары қызметінде Ахмет Байтұрсыновтың тұрғаны белгілі. 1921 жылы 31 қаңтарда Орынборда А.Байтұрсыновтың қазақ мектептеріне оқулық жазу мәселесіне арнап мәжіліс өткізгені, онда қазақ балалары үшін оқулықтар, оқу құралдарын жазуға, тәржімалауға тезінен кірісу туралы нақты тапсырмалар бергені белгілі. (“Қазақ әдебиеті” газеті, 1996. 17.09. № 38 санында). Аханның өзі де бұл іске өзі араласып, “Оқу құралы” (1920), “Әліппе” (1921), “Әліп би” “Жаңа құрал” оқулықтарын жазды. 1930 жылға дейін ол оқу құралдары жеті рет басылып шықты.

Мектепке арналған қазақ әдебиетінің алғашқы оқулығы 1933 жылы М.Жолдыбаев, М. Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтардың құрастыруымен “ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы” деген атпен шықты. Оқулық үш бөлімнен тұрады. Авторлар қазақ әдебиетінің тарихын хронологиялық түрде беруді мақсат еткен, оны іштей үш кезеңге бөлген, әр кезең ақындарын жеке-жеке қарастырмас бұрын сол уақыт шамасындағы тарихи жағдайларды, қозғалыстарды сипаттаған шолулар беріп, олардың ақын-жыраулардың шығармашылықтарына тигізген әсері туралы жазады. Мысалы, осы оқулықта Абайдың он екі өлеңіне тоқталады. Бірақ Абай өлеңдерінің мәтіні оқулықта берілмеген. Алғашқы оқулық болған соң да, тәжірибенің аздығынан да оқулықта біраз кемшіліктердің ұшырататынын аңғарамыз.

С.Қирабаев – осы ізгі жолды жалғастырушы. Қазақ әдебиетінің пәндік құрылымы толымды қалыпқа жеткеннен кейін алғашқы қалыптасу кезеңіне қарағанда өзгешелік болды. Атап айтқанда, мектептің типтілігі, оқу жүйесінің тұрақтылығы, соған сәйкес оқу бағдарламаларының тұрақты жағдайы, мектептегі сабақ үрдісінің мемлекет тарапынан қорғалуы, оқулықтардың ғылыми-әдістемелік және материалдық базасының берік болуы, жалпыға міндетті орталау және орта білім беру туралы қатаң түрде заңның жүзеге асырылуы, т.б. факторлар қазақ әдебиеті пәнінің дамуына қолайлы жағдай туғызды. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардың ролі күшейді. Оқулықтарда оқу материалдарын нормативті, қағидалы сипатта берілуі міндетті болды. Оқу құралдары бірыңғай, тұрақты болды. С.Қирабаев 1952 жылдан бері орта мектептің X-XI сыныптарына арналған “Қазақ әдебиеті” оқулығын жазып келеді.

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, егемен ел болғанда алдымызда аса жауапты міндет тұрды. Тәуелсіз елдің тәуелсіз, азат ұрпағын тәрбиелеп шығу деген. Сол міндетті жүзеге асыруды тездете қолға алғанда Білім берудің тұңғыш стандарттары, тұжырымдамасы, әр пәннің жаңа мазмұндағы білім бағдарламалары өмірге келді. Секең бұл қарқынды шаруада да сырт қалған жоқ. Кеңес Одағы кезіндегі “әттең-ай” деген, қол жеткізе алмаған ақтандақтарымызды өз қолымен жас ұрпақ игілігіне алып келіп қосты. Қазақ әдебиетінің жаңа бағдарламасы мен оқулықтарын жазды. С.Қирабаевтың жетекшілігімен X, XI сыныптардың “Қазақ әдебиеті” оқулықтары, оқу-әдістемелік кешені жазылды.

Техникалық қарқынды заман бүгінгі күн талабын ұсынып отыр. Әлемдік білім беру жүйесіндегі білім парадигмалары “білетін адам” парадигмасынан “өмір сүруге бейімделген адам” яғни, белсенді және шығармашылықпен ойлай алатын, әрекет етіп, өзін-өзі іс жүзінде көрсете алатын, парасаттылық, адамгершілік, физиологиялық жағынан өзін-өзі жетілдіре алатын адам парадигмасына көшуде (Аганина Қ. “Оқырманға арнау”, “Білім әлемінде” 2006., №1-3).

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында “орта білім беру мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру” деп көрсетілген.

Республика мектептерінде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге бағытталған эксперимент жүріп жатыр. 12 жылдық мектептің стандарты, білім, оқу бағдарламалары дайындалуда.

Оқулық жазудың бас маманы ретінде Серік Смайылұлы Қирабаев 12 жылдық мектептің “Қазақ әдебиеті” оқулығының тұсауын кеседі деп ойлаймыз.

Жас ұрпақтың дүниетанымының дұрыс қалыптасуы, ой-өрісінің биік болуы үшін әдебиетіміздің классикалық үлгілерін балалардың таным-түсінігіне

лайықтап, жас ерекшелігін ескеріп, талапқа сай жазу керек. Ол іс көсемдікті де, шешендікті де, әсіресе терең білімділікті талап ететінін білгеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Қирабаев “Мектеп және қазақ әдебиеті” (А., 1979.)
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы.
3. Қазақ әдебиет оқулықтары Х,ХІ сынып
4. Аганина Қ. “Оқырманға арнау” (“Білім әлемінде” 2006., №1-3)

Нүрдәулет Ақыш

ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БЕТКЕ ҰСТАРЫ

Қазіргі қазақ әдебиеті ғылымының көш басында тұрған ғұламалардың бірі де, бірегейі де Серік Қирабаевтың шығармашылық өмір жолы кім кімге де үлкен өнеге боларлықтай мағыналы. Көркем әдебиеттің табиғатын жастайынан ақ жете танып өскен ол сыншылық жұмысқа тым ерте, студент кезінен ақ араласты. Өзі оқыған көркем шығармаларды тамыршыдай талдай жүріп, алған әсерлерін жүйелі түрде оқырман қауымның назарына сауаттылықпен ұсына білді. Білімі толыққан сайын сыншылық ой пікірі ғылыми ұстанымға ұласып, әдебиетті талдау өнерін уақыт өткен сайын жетілдіре берді. С.Қирабаевты республиканың зиялы қауымына ғалым ретінде алғаш танытқан – “Ғабиден Мұстафин” атты монографиясы. Осы еңбегін ол көп жатқызбастан, іле-шала 1957 жылы орыс тілінде кітап етіп бастырды және сол жылы “Спандияр Көбеевтің әдеби қызметі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Оған дейін орта мектептің жоғарғы кластарына арналған қазақ әдебиеті оқулықтарының авторы ретінде көрініп келген жас әдебиетшінің есімі аталған кандидаттық диссертациядан кейін оқырман жұртшылыққа тіпті кеңінен таныла бастады. Сөйтіп өз аты-жөнін әдеби сын мен әдебиеттану ғылымы саласында осылайша тиянақтап, қалыптасып үлгерген ғалымның жасаған жұмыстары жылдар өткен сайын молайып, қомақтана түсті, тереңдігі мен ғылыми сапасы артып, қаламы стильдік жағынан да үнемі ұшталу үстінде болды. Бұның өзі бойдағы бар талантты тынымсыз еңбекпен, шығармашылық ізденіспен жарқырата көрсете білудің ұнасымды үлгісі ретінде қалыптасқан қасиет болса керек. С.Қирабаевтың өміріндегі елжүлі кезеңдердің бірі – “Сәкен Сейфуллин” атты монография жазып, докторлық диссертация қорғауы. Шынын айтқанда, бұл оқиға тек ғалымның ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының да үлкен жеңісі болатын. 1937 жылдың зұлматы салдарынан халық жауы ретінде қаламдас серіктері І.Жансүгіров, Б.Майлиндермен бірге атылып кеткен әдебиет алыбының есімі 20 жылдай бойы атаусыз қалған еді. Совет одағы сияқты алып империяның басына Н.С.Хрущевтің келуіне байланысты саясаттың ызғары

бәсеңдеп, жылымық кезең орнай салысымен, жазықсыз кеткен арыстарымызды ақтап алудың мүмкіндігі туды. Әдебиеттің асыл қазыналарын тірілтуде үн қосқан алғашқылардың қатарында жас қайраткер Серік Қирабаев та жүрді. Оған дәлел – ғалымның Сәкен Сейфуллинге байланысты жедел жасаған жұмыстары.

Жалпы ғалымның шығармашылығына тән ерекшеліктерінің бірі – оның үнемі дерлік алғашқы болып бетбұрыс жасауға ұмтылып жүруі. Ол қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабиден Мұстафиннің, педагог-жазушы Спандияр Көбеевтің еңбектерін алғашқы рет тұтастай алып қарастырып, ғылыми айналымға енгізсе, Сәкен Сейфуллиннің артта қалған мұрасына байланысты да тұңғыш рет нақ осындай кешенді жұмыстар жасады. Осы оқиғадан кейін отыз жыл уақыт өткенде негізсіз қараланған арыстарымызды ақтап алудың кезекті толқыны орын алғаны мәлім. Бұл жолы жазықсыз құрбандарды ақтауға ықпал жасаған – Совет Одағының соңғы билеушісі М.С.Горбачевтің саяси жылымығы. Осынау бетбұрыс сәттерде де С.Қирабаев республика зиялыларының алдыңғы қатарынан табылды. Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов есімдерін ақтап, олардың ұзақ жылдар бойы жасырын болып келген мұраларын халқына қайта оралту жөнінде ғылыми негіздеме жасаушы ғалымдарға жетекші болды. Өзі тікелей бас болып Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалар жинағын халыққа ұсынды, “Жүсіпбек Аймауытов” атты монографияны да алғаш жариялады.

С.Қирабаевтың сыншылық және әдебиеттанушылық еңбектерінің басым бөлігі қазақ совет әдебиетін зерттеуге арналды. Осы кезең ішінде өмірге келген ең сүбелі деген шығармаларды жан-жақты талдай отырып, олардың көркемдік идеялық жетістіктерін нақты ашып көрсете білді. Барлық жанрда да өмірге келген тәуір туындылардың ішінде С.Қирабаевтың назарынан тыс қалғандары кемде-кем. Әдебиеттің алыптары М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мұстафиннің, Ғ.Мүсіреповтің айтулы туындыларынан бастап, олардың іздерін ала шыққан талант иелері Т.Жароков, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Қ.Бекхожин, Ғ.Орманов, Ж.Саин және тағы басқа қаламгерлердің шығармашылығын зерттеді және сол зерттеулері арқылы аталған қалам қайраткерлер шығармашылығы хақында көптің көкейіне қонарлық ғылыми пікір қалыптастырды. Өзінің ізін ала шыққан және кейінгі буын зерттеушілерінің С.Қирабаев пікіріне арқа сүймейтіндері, оның айтқан ғылыми пайымдарына жүгінбейтіндері кемде-кем. Өйткені нақты айтылған орнықты да тиянақты тұжырымдар ғылыми ой иелерін еріксіз мақұлдатыны сөзсіз. Белгілі бір шығарма немесе ғылыми ұстаным жайында пікір қайшылықтары бола қалса, алдыңғы, соңғы ғалымдармен бірге С.Қирабаевтың да ой-тұжырымдары ауызға алынып жатады. Жинақталып, түйінделіп айтылған ғылыми талдаулар белгілі бір өзекті мәселе жөнінде айтылған дәйексөздің, ғылыми сілтеменің көзі болатыны сөзсіз.

Ғылыми шығармашылық өнерінде 40-тан астам монография мен сын зерттеу кітаптарын, 17 оқулық пен оқу құралдарын шығарған. Бұл – мейлінше ауқымды

еңбек. Оның сыртында әдебиеттану ғылымына келіп жатқан мамандар мен ізденушілерге жасаған қамқорлығы қаншама. Сөзіміз жалаң болмас үшін тағы да құрғақ цифрларға жүгінейікші. С.Қирабаевтың жетекшілігімен қорғаған ғылым докторлар мен кандидаттарының саны елуге таяп қалыпты. Зерттеу жұмыстарына ресми оппонент болғандарының өзі бір төбе екен. Осының өзі-ақ С.Қирабаевтың ғылыми жұмысты ұйымдастырушы ретіндегі бейнесін айқын көрсетіп тұрғаны сөзсіз.

Сыншы, әдебиеттанушы және ұстаз ретінде бағаланып жүрген мүшелтой иесінің тағы бір шығармашылық қыры жайында көп айтыла бермейді. Өйткені қаламгердің бұл қасиетінің анық байқалған кезеңі сонау жас шағында болған еді, бірақ уақыт сыны С.Қирабаевтың журналистік қырын ұмыттырғанымен, шығармашылық ғұмырбаяны ескіртпеуі тиіс. Абай атындағы педагогтік институттың студенті болып жүрген кезінен ақ, 1940 жылдарының аяқты шенінен бастап мақалалары баспасөз беттерінде жиі көрініп отырды. Қазақ мемлекеттік баспасында, республикалық “Пионер” (1952-1955 ж.ж.) журналының, “Социалистік Қазақстан” (1955-1958 ж.ж.) газетінің редакцияларында, бас-аяғы он жылдай уақыт журналистика саласында жұмыс жасаған. Өзінің “Өмір тағылымдары” мемуарлық еңбегінде айтқандай баспасөз үлкен шығармашылық мектеп болған.

Ол – Қазақстан ұттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының және көптеген мемлекеттік марапаттаулардың иегері, филология ғылымдарының докторы. Осынша атақ-даңқына қарамастан, ғалым күнделікті өмірде адал да қарапайым, еңбекқор да кішіпейіл жан. Бұл күнде сексеннің сеңгіріне шаршамай-шалдықпай шығармашылық бабында көтеріліп отырған Серік Смайлұлы өмір жолы кейінгі буынға өнегелі сипатымен бағалы десек, артық айтқандық емес.

Светлана Викторовна

КОРИФЕЙ ФИЛОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

Приближается знаменательный юбилей доктора филологических наук, профессора, академика НАН РК, члена-корреспондента Академии педагогических наук СССР С.С. Кирабаева. Пройден славный путь длиной в 80 лет.

Серик Смаилович Кирабаев отмечает свой день рождения 23 марта. Юбилей замечательный и обязывает оглянуться и отметить важные события. Их было много в жизни ученого, который, имея филологическое образование (окончил КазПИ им. Абая), проявил себя ярко как издатель, журналист, литературовед, критик, педагог, автор монографий и учебников. Вся его жизнь связана с системой высшего образования Казахстана. Наверняка к самым запоминающимся событиям относятся защита кандидатской (1957) и

докторской (1964) диссертаций, присвоение звания профессора (1966), избрание членом-корреспондентом Академии педагогических наук СССР (1968), академиком НАН РК (1994), академиком Академии образования Казахстана (2005). Он – заслуженный деятель Республики Казахстан (2005) и Республики Кыргызстан (1995).

Выдающийся ученый-литературовед редчайшим образом счастливо сочетает высокий профессионализм, широчайшее филологическое мышление, талант литературного критика и педагога-наставника. Его статьи и рецензии по актуальным проблемам казахской литературы стали появляться в печати с 1948 года. Более полувека он является членом Союза писателей Казахстана. Долгие годы находился на ответственной журналистской работе: редактор журнала “Пионер” заведующий отделом литературы и искусства и член редакционной коллегии газеты “Социалистік Қазақстан”, заведующий отделом журнала “Әдебиет және искусство” Талантливый критик и активный участник современного литературного процесса, он посвящает свои многочисленные высоко профессиональные статьи всестороннему и глубокому анализу литературного процесса Казахстана. Так рождается целый ряд монографических очерков, в центре внимания автора которых жизненный и творческий путь Жамбыла Жабаева, Беимбета Майлина, Сабита Муканова, Сабыра Шарипова, Мажита Даулетбаева, Саттара Ерубая, Исы Байзакова, Касыма Аманжолова, Аскара Токмагамбетова, Гали Орманова, Абдильды Тажибаева, Жумагали Саина и др.

Перу С.С.Кирабаева принадлежат 700 научных и литературно-критических работ, среди которых более 40 монографий и литературно-критических исследований, 18 учебников и учебных пособий. Академик М.О.Ауэзов писал в свое время о нашем юбиляре: “Во всех своих исследованиях и статьях С.Кирабаев проявил себя специалистом, глубоко знающим историю и современное состояние казахской литературы. Вместе с тем, подготовленность и серьезность суждений принесли ему признание как критика. Его диссертация, представленная к защите, является закономерным и систематизированным продолжением проведенного им исследования. Я имею в виду фундаментальную монографию о литературном наследии старейшего писателя и педагога Казахстана С.Кубеева”.

Важно то, что в шестидесятые годы двадцатого века, действительно, проявляется интерес в казахском обществе к своей истории, к своим истокам. Появляется значительное количество исторических произведений, среди которых и исторический роман Мағауина “Аласапыран” (“Вешние снега”), написанный в 1981 – 1983 годах, но задуманный еще раньше. Этот роман охватывает исторический период с конца XVI и по начало XVII века, когда казахский султан Ораз-Мухамед попадает вначале в плен, а затем состоит на службе у русского царя Бориса Годунова. “Қазақ – Ресей қарым қатынастарының басталуы мен күрделі жағдайда өрістеуін суреттейтін үлкен бір кең тынысты шығарма – Мұхтар Мағауиннің “Аласапыран” (1981-1983) атты екі томдық романы. Әуелде көне дәуірдегі қазақ әдебиетін зерттеуші болған Мұхтар XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың жыраулық поэзиясын аша жүріп, “Аласапыранның” уақиғасына тап болғанға ұқсайдың, – пишет С.Кирабаев [1, 141] и далее продолжает: “...Шығарма Мұхтардың суреткерлік өнерін де

кең паш етті. ...Роман бұл жанрдың ең тартымды туындыларының қатарына кіреді” [там же, 141].

Роман занял свое достойное место среди исторических произведений того периода и был награжден Государственной премией в 1984 году.

Также внимание критика С.Кирабаева привлекла и повесть “Мәңгілік күй” (“Вечная мелодия”) Мағауина, которой дает глубокий анализ в своем труде “В поисках правды” а также в книге “Высокое назначение” и в учебном пособии для студентов “Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті” (2003): “М.Мағауиннің “Мәңгілік күй” атты повесі екі хикаядан тұрады... Екі хикаяға ортақ идея – махаббаттың мәңгілік күйі. Бірақ Мұхтар әр хикаяны өзінше дамытып, тың мазмұн береді” [1, 162]

Роман Мағауина “Сары қазақ” вышедший в 1991 году, как раз за три дня до Августовского путча в России, привлекает внимание тем, что показывает “прелести” становления Советской власти в Казахстане глазами не казаха, а русского дворянина Станислава – Стамбека, попавшего волею судьбы в те непростые годы в казахские степи. Это период нашей истории с начала XX века и по 1945. Сложные годы перед революцией, становление Советской власти, голод, насильственная коллективизация, Великая Отечественная война – и в результате – насильственная смерть главного героя романа, не желавшего жить вместе со всеми, испытывая трудности со всеми, создавшего собственный рай для своей семьи вдали от людей.

Кирабаев по поводу появления романов “Шақан шері” и “Сары қазақ” пишет следующее: “1993 жылы М.Мағауиннің “Шақан шері” атты кітабы жарық көрді. Оған жазушының ертерек жазылып, басылмай қалған екі романы “Шақан шері” - 1984, “Сары қазақ” – 1991 кірген. Мұның екеуі де тоталитарлық жүйенің адам тағдырын ойыншық көрген кезінінің трагедиясын бейнелеуге арналған.

Ал, “Сары қазақ” романында тарихи деректің шындығы бар... Мұнда да отаршыл, тоталитарлық жүйенің қазақ халқына жасаған зорлығын жазушы Стамбек көзімен суреттеп, оған “неге бұлай? өкімет солардікі емес пе еді?” деген сияқты сұрақ қойғызады. Жазушы қазақтың кең мінезін, бауырмалдығын да осы бейне арқылы таныта алған.

М.Мағауиннің бұл шығармалары қазақ халқы бастан өткен зобалаң жылдардың бейнесін танытуда бағалы орын алады” [1, 156]. Прав критик С.Кирабаев. Сейчас, когда восстанавливается историческая справедливость, когда становятся известными многие факты нашей истории, которую тщательно скрывали долгие годы из-за пресловутой “дружбы народов” В романе “Сары қазақ” правда не в узко национальном смысле, а в том, что Советская власть никого не сделала счастливым: ни русского Станислава, ни казаха бая Сыпатая.

Другие произведения Мағауина тоже не обойдены вниманием ученого С.Кирабаева. Так, наряду с другими казахскими писателями, критик отмечает

и интерес Магауина к проблемам аула. Казахской литературе, так же как и русской литературе, так называемых писателей – “деревенщиков”. свойственно обращать самое пристальное внимание на аул как источник нравственного здоровья, чистоты, доброты. Замечательным примером этого могут быть такие произведения Магауина, как “Дети одного отца” “Гибель борзого” “Смуглая девушка” и многие другие. Говоря о писателях, обращающихся к теме аула, Кирабаев отмечает: “Олардың көбі әдебиетке ауыл өмірін жырлай келді... Бұл тұрғыда М.Мағауиннің “Тазының өлімі” “Қара қыз”... тағы басқа повестері ауыл өмірі мен ауыл адамдарының характерін жаңа қырынан аша білуімен, идеялық көркемдік ізденістермен бағалы” [1, 160].

В своей книге “Тәуелсіздік рухымен” (2002) Кирабаев продолжает свою мысль о писателях-шестидесятниках таким образом: “Бұл жылдары қазақ повесінің тәуір үлгілерін Ғ.Мүсрепов (“Кездеспей кеткен бір бейне” “Ұлпан”) жасады... Жастар прозасында ауыл өмірі, ұлттық психология, дәстүр кең сөз бола бастады (М.Мағауин, С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Д.Исабеков, Т.Әбдіков, Т.Нұрмағамбетов, М.Сқақбаев)” [4, 62].

Как видим, творчество М.Магауина не обойдено вниманием критика, нашего современника С.Кирабаева даже в советское время, время засилья единственного тогда метода в литературе, метода соцреализма, тогда, когда, чтобы быть услышанным и напечатанным, надо было обязательно быть переведенным на русский язык, а уж состояние казахской литературы на казахском языке было и вовсе плачевным, то есть читалась она узким кругом людей-любителей казахской литературы. Связано это было еще и тем, что литература была насквозь идеологизирована, выполняла заказ Коммунистической партии. Но, к чести Мухтара Магауина, таких произведений, за которых было бы сегодня стыдно, у него нет. Все его произведения о том, что было на самом деле. И если сегодня перечитать их с высоты нашего времени, многое как бы заново открывается. Взять хотя бы роман “Голубое марево” (1972), героем которого является молодой аспирант-востоковед Едиге Жанибеков. Почему ему не дали защитить кандидатскую диссертацию? Сейчас это вполне объяснимо: тема интересная, но не дали бы такую тему защитить тогда, когда о национальном казахском нельзя было говорить в полный голос, да еще в ученом мире. Магауин неоднократно упоминал о гонениях на него самого за этот роман, хотя народ воспринял его очень хорошо. Примером тому может служить запись, сделанная от руки на книге, вышедшей в 1972 году, (имеется в виду роман “Голубое марево”) в Государственной Национальной библиотеке: “Өте қызық кітап” Книга эта имеется на полке, и как всякая востребованная книга, она зачитана “до дыр”. Кстати, этот роман и сейчас читается с таким же интересом, как, наверное, и в то время, когда она была создана.

Итак, творчество М.Магауина получило достаточное освещение в трудах академика С.Кирабаева.

Использованные литературы:

1. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Білім; 2003.
2. Қирабаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Т. 2. Алматы: Жазушы, 1992.
3. Қирабаев С. Высокое назначение. Алматы, 1976.
4. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. Астана: Foliant, 2002.

Гүлжаһан Жұмабердіқызы

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

Жуырда “Мектеп” баспасынан академик Серік Қирабаевтың “Өмір тағылымдары” атты естеліктер жинағы жарық көрді. Бұл – естеліктер жинағы болғанмен, негізінде ғалымның бүкіл өмір жолын қамтитындықтан, мұнда ғұмырбаяндық сыпат та бар.

Кітаптың құрылымы да өзгеше, қатып қалған схема жоқ. Басында “Менің әкелерім” деген бір тарау беріледі де кейінгі тараушалардың бәрі “Өмір тағылымдары” деген үлкен бөлімнің негізін құрайды. Автор: “Мен жас кезімде естелік жазуды адамның басқа жазатын ештемесі болмаған кездегі шаруасы деп ойлайтын едім. Жоқ, оған өмірдің өзі итермелейді екен. Адам ұлғаяды, көпті көреді, бірге өскен замандастарың азаяды, сол кезде солар жайлы, заманың, замандастарың жайлы ұрпаққа айтудың қажеттігі туады екен. Мен де естелік жазуға осындай қажеттіліктен бардым” – дейді. “Менің әкелерімде” ғалымның өскен ортасы туралы кеңінен сөз болған. Мұның оқшау тұрғандығы да содан болса керек. Оны оқып отырып, қазақтың дархан мінезін, қара шаңырақ пен отау үйлердің іс-әрекетіне, бала тәрбиеленудің ұлттық ерекшеліктеріне қанығамыз. Өкініше орай, біздің ұлтымызға ғана тән болған тамаша қасиеттер кейінгі жылдары жоғалып бара жатқаны ащы болса да өмір шындығы. Мұндай естеліктердің бүгінгі таңда өз әке-шешесін қарттар үйіне тапсырып жатқандарға, жатырынан шыққан баласын жетімдер үйіне қалдырып кететіндерге, өз туысынан безініп кісі киік болып кеткендерге үлкен тәлім-тәрбие берері анық. ҚазПи-дың филология факультетінде оқып жүргенде Мереке Жаманов ағай бізге кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінен дәріс берген болатын. Ол кезде біз ұстаздарымыздың кіммен қандай туыстық қатысы бар екенін біле бермейді екенбіз. Аталары мен әкелерінің аты бөлек болған соң біз қайдан білейік. Осы кітапты оқып отырып, Серік, Мереке ағайларымыздың бір кіндіктен туып, бір атадан өрбитініне көзіміз жетті. Кітапта аталған балалардың Смайыл, Жәкен, Жаман сынды үш ағайынды жандардың атына бөлініп жазылғаны болмаса, қайсысы кімнің баласы екенін білмей өскендігінің өзі қызғылықты оқылады. Мұндай жайттар ертеректе болғанмен бүгінгі таңда кездеспейтіні анық. Ал, осындай бала ауыстырып тәрбиеленудің туыстықты тек сақтап қана қоймай, оларды бір-біріне бауырмал, жанашыр етіп тәрбиеленудің негізі екені – біздің бала тәрбиеленудегі ұлттық ерекшелігіміздің бір көрінісі.

“Әкелерім сөзің де ие, ісің де тиянақты, ұрпағына көп өнеге қалдырған кісілер еді”, – деп еске алады автор. Ендеше оның бойындағы осы асыл қасиеттер сол әкелерінің қанымен келгендігі шындық.

Отызыншы жылдардағы ел өмірінің ауыр тұрмысы, тұралаған елдің есін жия бергенде Ұлы Отан соғысының басталуы – сол тұстағы жас өркеннің де белін қайыстырғаны мәлім. Анадан “бір емес, екі жетім қалған” жанның өміртіршілігі де сол тұстағы халықтың ауыр тұрмысымен тікелей байланысты екені заңды. Мектепке ерте барып, оны бітер-бітірместен жұмысқа араласқан аға буынды өмірдің өзі қатайтып, ширатып өсіргені рас. Соғыс жылдарындағы ауыл, қала тіршілігі сөз болған сәттерде еңсенді ауыр жүк басып тұрғандай әсер етуі автордың өмір шындығын боямасыз жазғандығынан болса керек. Қарағандыдағы ФЗО мектебі жайындағы естеліктер сол бір ауыр тұрмыстың жанды картинасы іспеттес. Ел басынан өткен ауыр күндердің өзі оқуға ынталы жастардың талабын жыға алмағанына – қаламгердің оқу-білім іздеп, Қазақстанның астанасы Алматыға жол тартуы мысал “Тышқан мүжіген аттестатпен Алматыға” жол тартқан талапкердің болашағы жарқын болғанына оның бүгінгі өмірі куә. Осындай детальдардан сол тұстағы ел өмірінің жарқын бейнесі мен мұндалайды.

Шалғайдағы ауылдан білімге шөліккеп келген жасқа ғылым ордасынан алған дәрістері мен тәлім-тәрбиелерін жан-жақты жеткізген сәттер суреті оның қуанышының шексіз болғанын аша түскен. Ол Қазақтың қара шаңырағ ҚазПИ-дің студенті болған шақтарын еске алғанда өзіне дәріс берген бірсыпыра ұстаздарының атын жылы ілтипатпен атайды. Солардың ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің белгілі мамандары Мәлік Ғабдуллин, Қажым Жұмалиев, Ахмеди Ысқақов, Төлөубай Қордабаев сынды біздер тек есімдерін ғана білетін оқымыстылардан дәріс алған жас талапкер осы ұстаздарының жолын қуарын сол кезде білді ме екен?

Студенттік қиын да қызық шақтарды бірге өткізген Иманбек Ұйықбаев, Фатима Мұсабекова, Әмеди Хасенов, Асхат Әбілқасов, Мұқаш Сәрсекеев, Бердібек Соқпақбаев, Айқын Нұрқатов, Нығмет Ғабдуллин, Әнуар Дербісалин, Баламер Сахариев, Мыңбай Рашев, Әйтім Әбдірахманов, Телқожа Жанұзақов, Есет Жұбанов, Оқас Нақысбековтар – кейін бірі ғалым, бірі ақын, бірі жазушы болып еліңе еңбек еткен зиялы азаматтар. Бұл естеліктен олардың да ет пен сүйектен жаралған жан екендіктерін біліп қана қоймай, олардың жастық шақтағы жеке ерекшеліктерімен де танысамыз. Институт қабырғасында әдебиет, ғылым, ойын-сауық үйірмелерінің жұмысты тыңғылықты жүргізіп, жастарды бір салаға баулыи білгендігінен де болар сол тұстағы білім қуғандардың көпшілігі елге танымал қоғам қайраткерлері болып қалыптасқаны. Қажым Жұмалиевтердің жер аударылуы – соғыстан кейінгі жылдары да “халық жауын” іздеу науқанының жалғасқанына жарқын мысал

Қаламгердің баспасөз қызметінде жүрген кездегі өмірі де қызғылықты.

Мұнда сол жылдардағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің жай-күйі тереңірек сөз болған. Ұлтшылдықты әшкерелеу науқанының кең етек жайғаны нақты мысалдар негізінде көрсетілген. Коммунистік партияның аға буын өкілдеріне “ұлтшылдық” айдарын тағуды жаппай қолға алуда тәжірибесі аз жас буын өкілдерін де керегінше пайдаланғандығы – сол тұстағы өмір шындығының бір көрінісі. Ол жөнінде: “50-жылдардың бас кезіндегі “ұлтшылдыққа қарсы күрес” науқаны Қазақстандағы баспасөзді де қолжаулыққа айналдырып, ұлттық интеллигенциядан біраз алыстатып алып еді”, – дейді автор. Абай творчествосы, мәдени мұра, қазақ эпосы, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығы жөнінде өткен аты шулы айтыс-тартыстардың бүгінгі әдебиетімізге тигізген зияны да жетерлік.

Жазушылар ортасында баспада қызмет жасап жүрген кездегі: “Көбі “осында жүр деп ойласын” деп, оқып отырған қолжазбасын стол үстіне қалдырып кетеді. Ол ертеңге шейін жатады” – деген жолдарды оқығанда мен өмірдің айна қатесіз берілгендігіне тәнті болдым. Ондай қулар бір уақыттың ғана еншісіне жаратылмағандығына өзіміз де куә болып жүрміз. Осындайлар бізде де болатын, сөйтсек, әккі бастық оны айтпай таниды екен ғой. Ғалымның жазушылар арасында болған өмір кезеңдері көпшілік үшін ең бір қызғылықты оқиғаларды алға тартады. Ақын-жазушылардың бір-біріне аяқ астынан өлең шығара салуы, оның елге жайылып кетуі – қалам иелерінің сөзге шеберлігін танытар эпизодтар. “Осы ұрпақтың кішіпейіл, бауырмал, жаны таза азаматының бірі – Садықбек Адамбеков еді. Әуелде ақын боп өлеңдер жинағын шығарған Садықбек кешікпей өзінің шын жолын тауып, сатираға ауысты. Тілі удай, айтқанын кесіп түсетін, әзіл-қалжыңға шебер талант еді. Одақ маңында “Садықбек айтты” дейтін өлеңдер де көп болатын. Олардың көбі қазір ауызша тарап, әртүрлі нұсқада айтылып жүр. Мен кезінде Садықбектің өз аузынан естіп жазып алып едім. Онымен көрші тұрдық, кездесіп әңгімелесіп, күлісіп жүретін кездеріміз аз болмайтын”, – дей келіп, оның бір-екі өлеңін еске алады. “Қазақ әдебиеті” газетінің редакторлығынан Қапан Сатыбалдин кеткенде Садықбек Адамбековтің өлеңмен көңіл айтқанын әдемі келтірген:

Мұнар да мұнар, мұнар күн
Союздан шыққан шұбар күн.
Шұнаңдап барып батқан күн.
Қапанды тәңірім шатқан күн..

Қамықпа, Қапан, қамықпа!
Бір жақының үлкейсе,
Шығарсың әлі-ақ жарыққа.

Оған дейін қызмет істеген бүкіл редакторларды тілге тиек еткен өлең

жолдарын оқығанда еріксіз күлесің. Бұл да қазақы қалжыңның әдемі бір көрінісі болса керек. Әсіресе, оның 60 жасқа толғанда Қазақ ССР Жоғарғы кеңесі президиумының берген грамотасының артына екі-үш шумақ өлең жазып Жұбанның өзіне апарып бергені, кейін зейнетке шыққанда (Жоғарғы кеңестің грамотасы бар адамға арнаулы зейнетақы тағайындайды екен) оны жалынып жүріп әрең алғаны да өте қызғылықты жазылған.

“Бауыржан Момышұлы, Дихан Әбілев, Әлжаппар Әбішев, Сапарғали Бегалин, Сейтжан Омаров, Қалижан Бекхожин сияқты ағаларым да мені жақсы көріп бауырына тартқан, дастарханының шетінжн орын берген қадірлі жандар еді” – деген жолдарын оқып отырғанда болашағынан үміт күттірер жастарға қамқор бола білген, оларды өз қастарына топтастырған аға буын өкілдерінің тәрбиелі істеріне еріксіз риза боласың. Жекелеген ақын-жазушылар туралы естеліктерінде қаламгер осы ағаларының үйіндегі жеңгейлерін де назарда ұстап отыруды жөн санаған.

Ғалым өмірінің соңғы жиырма шақты жылы ғылым ордасында өтіп жатқаны белгілі. 1988 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына директор болып сайланғаннан кейінгі жасаған еңбектеріне біздер де куәміз. 90-жылдардың басында аталған институт ұжымы жас кадрлармен толықты. Оған дейін тек, жең ұшынан жалғасып қана келетін ғылым ордасына қарапайым отбасынан шыққан, ауылды жерде мектепте оқыған, жоғары оқу орнын үздік бітірген бір топ жастар келе бастады. Бұл кезең – Алаш зиялыларының ақталып, ұлт әдебиетінің ақтаңдақ беттерін зерттеуге еркіндік алған шақ. Осы тұста А.Құнанбаевтың 150 жылдығы, Ж.Жабаевтың 150 жылдығы, М.Әуезовтің 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Осындай жақсы үрдіс күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келеді.

Кітапта ғалымның соңғы жылдардағы өмір жолдары байқалмайды. Біз куә болған бұл жылдар да өз табысымен өтіп жатқаны рас. Институтта соңғы жылдары жасалып жатқан 10 томдық “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты еңбектің бас редакторы және кеңестік кезеңін қамтитын (1917-1990 ж.ж.) 7-8-9-томдарының жалпы редакциясын басқарған, негізгі авторының бірі – академик Серік Қирабаев осы кітаптарды шығару барысында көп еңбектенді. 2000 жылдың басында Ғылым Академиясының материалдық жағдайы күрт төмендеп кетті. Кеңестік дәуір тұсында өз бағасын ала алмаған ұлт әдебиетіне тәуелсіздік тұсында кешенді зерттеу жасамақ түгілі, қызметкерлерді қысқарту науқаны келгенде де тәжірибелі маман өз қызметкерлерін сақтап қалды. “Көзім тірісінде аталған кезең әдебиетін шығарып кетейін... Өндіріс барысында ондай бола береді”, – деп соңғы жылдарда аталған кезең әдебиетін (7,8,9-томдар) алғашқы томдарынан бұрын шығарып тастады. Осы томдарды шығару барысында ғалымның және бір қырына куә болдық. Жазылған тарауларды (академиктердің жазған тарауларынан басқа) түгелдей мұқият оқып, оның үстінен редакция жасау екінің бірінің қолынан келер шаруа емес. Ал, ғалым осы жолда өз ісіне адалдық танытып, үш томды да өз қолымен редакциялап

шықты. Бастық болып, қызметкерін жұмсап үйренгендер ағамыздың осындай іскерлігінен үлгі алса құба-құп. Қазақ әдебиетіне еңбегі сіңген жігіттердің аты түгел жүрсін деген ниетпен марқұм Мүсілім Базарбаевтың соңғы жылдарда жаңаша бажайлаумен жазған “Мағжан Жұмабаев” (7-томда), “Жұбан Молдағалиев” (9-томда) тараулары тарихқа енді. Аталған ақындардың шығармаларын зерттеп, олар туралы жазып жүрген ғалымдар да бар. Бірақ, ғылымға адалдық жасаған тақырып жетекшісі бұл тарауларды тарихта Мүсілімнің де аты да жүрсін деген ниетпен жасап еді. Бұл да кейінгі ұрпаққа үлгі болар ғылым алдындағы адалдықтың бір түрі болса керек.

Автор бар өмірін ғылымға арнаған ғалымдар туралы: “Академиялық дәрежедегі әрбір ғалым – мектеп. Олардың ісі де, еңбегі де тағылымды” – дей келіп, Ғылым Академиясының соңғы жылдарына тоқталады. Биліктің Академия жүйесіндегі “реформаға” қанағат етпеуі, оған күшпен араласуын түсіндіре келіп автор: “Бұрынғы Одақ көлемінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орын алған, ғылыми табыстары әлемге белгілі Академия, Сатбаевтың Академиясы, өзінің өмір сүруін тоқтатты” – дейді. Тек академиктер ғана білетін осындай үлкен сырдың бүкпесіз айтылуы да аталған еңбектің құнын арттыра түскен.

Кітаптың екінші жартысын ғалымның замандастары туралы естеліктері құрайды. Қаламгер жекелеген ақын-жазушылар және қоғам қайраткерлерімен бірге жүргенде өзі куә болған оқиғаларды қызғылықты баяндайды. Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден сынды алыптар тобымен аралас-құралас болған ғалымның олар жөнінде кейінгі ұрпаққа айтары да шексіз. Аға буынның жастар мен әдебиетке деген шексіз қамқорлығы – олардың жаңа қырын толықтыра түсер детальдар. Елуінші жылдар – басында халық шаруашылығы қалпына келе қоймаған елдің жүдеу шағы ғой. Ел ішіндегі жұпыны көріністі қаламгердің өз басынан да көруге болады. Ғабит Мүсіреповтің қолжазбасын алуға үйіне барып жүретін жігіттің жұмысынан емес, жұпыны киімін қысылатыны – сол жылдардың әлеуметтік көрінісі. Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннің бірін-бірі “қара шал” “сары шал” деп атаулары, олардың арасындағы қалжыңдар – қазақ халқының бойына біткен құрдастардың әзіл-қалжыңына айқын мысал. Осы екі жазушының бір-бірімен өле-өлгенше қатты сыйласуы – үлкен достықтың көрінісі. Бұл да екіншісінің қолынан келмес дүние. Ақын-жазушылар туралы естеліктерден олардың құдай қосқан қосақтары туралы да біраз мағлұмат алуға болады. Олар – Құсни, Айтбала, Зейне, т.б. апаларымыз.

Өзі аралас-құралас өмір сүрген ұстаздары мен замандастары Бәйкен Әшімов, Ахмет Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Мәлік Ғабдуллин, Мұқан Иманжанов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Нұрғиса Тілендиев, Кемел Тоқаев, Манаш Қозыбаев, Зәки Ахметов, Айқын Нұрқатов, Мүсілім Базарбаев, Сейілбек Исаев, Сағат Әшімбаев, т.б. туралы естеліктерден сол азаматтардың қазақ халқының болашағы үшін жасаған еңбектері мен адамгершілік қасиеттерін танимыз. Ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізден үлкен орын

алатын қоғам, өнер қайраткерлері туралы естеліктер кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болары даусыз.

“Халық жадында сақталудың жолы әрқилы. Біреу өнерімен, біреу ерен еңбегімен, тағы біреулер биік адамгершілік, азаматтық қылығымен ел өмірінде өшпес із қалдырады. Халқы оларды әрқашан есте ұстап, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтып отырады. Сол арқылы кейінгілерді де өткеннің ғибратына баулиды.

XX ғасырдағы қазақтың сондай қадір тұтқан, ұлы деп сүйген азаматының бірі – Илияс Омаров еді“, дейді қаламгер. Біз де осы жолдардың авторын сондай жандардың қатарында санаймыз. Олай дейтініміз, ол – бүкіл ғұмырын қазақ халқына арнаған ғалым. Елуінші жылдардан бері қазақ мектебінде білім алған қаракөздер Серік Қирабаевтың 9-10-11-сыныпқа арналған оқулығымен көз ашып, өмірдің әртүрлі саласында қызмет етуде. Олай болса, сан мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан ғалымның қазақ мәдениеті мен әдебиетінен алар орны ерекше.

Кітапта жас кезінен көп сөйлемеуге дағдыланған, қолы қылт ете қалса кітап оқып бір бұрышта тып-тыныш отыратын баланың өмірмен қалай күрескендігінің, өмір атты мұхиттың толқынымен арпалысқан сәттерінің жанды картинасы жасалған. Жас баланы өмірдің өзі томаға тұйық етсе, сол мінездің де берері көп екен-ау деген ой келеді. Осы еңбектен бүкіл ғұмырын әдебиетке арнаған ағамыздың өмір жолы қазақ мәдениеті және әдебиетімен тікелей байланыста екендігіне оқырман қауым қаныға түссе керек. Біз осы кітапты оқып отырып, бүгінгі қазақ әдебиетінің көшбасшысы академик Серік Қирабаев ағамыздың өмір жолының да күнгейі мен көлеңкесі қатар өріліп жатқандығына куә болдық. “Мың өліп, мың тірілген” қазақ халқының XX ғасырда басынан өткізген саң-алуан ауыртпалығына куә бола жүріп, күреспен шыңдалған ағамыздың өмірі тұнып тұрған өнеге екеніне көзіміз жетті. Олай болса, болашақ ұрпаққа тәлім-тәрбие берерлік осындай естеліктермен бірге ғұмырбаяндық (мемуарлық) кітаптар жарық көріп, көпшілікке ұсынылып жатса нұр үстіне нұр болмақ.

Гүлзина Бектасова

СЕРІК ҚИРАБАЕВ: СЫНДЫ ҚАБЫЛДАУ ҚАШАН ДА ҚИЫН

Академик Серік Қирабаевтың есімін еске алғанда, том-томдаған қалың кітаптардың тізімі көз алдыңызға елестейді. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп-зерделеген көрнекті әдебиет сыншысы, ғалым-зерттеушінің қаламы әлі қолынан түскен жоқ. Өмірінің жарты ғасырдан астам уақытын әдебиетке арнап келе жатқан ғалымды әдеби игіліктердің іздеушісі, жоқтаушысы десек те болады. Жуырда ғана Елбасының қолынан ұзақ жылдар жасаған еңбегінің

жемісі ретінде “Отан” орденін алған Серік ағамен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Сіз туралы түрлі мақала, түрлі сұхбаттар жарияланғанын да білеміз. Ол сұхбат-мақалаларда көп нәрселер айтылды да. Соған қарамастан, бүгінгі оқырманғасіздіңәдебиеткеалғашкелуіңіз,оныңішіндесынжанрынтаңдауыңыз қызық болары хақ. Сондықтан, әуелгі әңгімені осыдан бастасаңыз..

– Әдебиетпен студент кезімнен айналыстым. Қазақ педагогикалық институтында оқып жүргенімізде біздің институтта әдебиет үйірмесі жұмыс істеді. Көп адамға әдебиетке жолдама берген де сол үйірме. Сол үйірмеден кезінде Ғафу Қайырбеков, Айқын Нұрқатов, Баламер Сахариев, Бердібек Соқпақбаев шыққан. Жалпы, мен бала кезімнен әдебиетті оқып, құмар болып өстім. Балалық шағымда аздап өлең де жазғам. Газет журналдарға материалдарым шығып тұрды. Облыстық газеттерге, аудандық газеттерге тілші боп жүрдім. Әдебиет үйірмесі маған сыншылыққа жол ашты.

– Әдебиет үйірмесін кім басқаратын еді?

– Үйірмені Қайнекей Жармағамбетов деген кісі басқаратын. Ол кісі сонымен қатар, Орталық Комсомол комитетінде идеология жөніндегі хатшы боп қызмет істейтін. Бір жағынан бізге сабақ берді. Қазақстан жас әдебиетшілерінің кеңесін де ұйымдастырған сол кісі. Сәбит Мұқанов Жазушылар одағының басшысы, Қайнекей Жармағамбетов Комсомол комитетінің хатшысы. Екеуі баяндама жасады. Бұл 1942 жыл болатын. Кейін комсомолдағы қызметінен босап, Жазушылар одағына келіп, хатшылыққа сайланды. Қазіргі “Жұлдыз” журналы онда “Әдебиет және искусство”. Қайнекей әрі сол журналдың редакторы болып қызмет жасады. Кітаптың көп шықпайтын кезі. Үйірмеде негізінен әдебиеттегі өзіміздің қатарластарымыздың өлеңдерін талқылаймыз. Одан қала берді, жаңа шыққан кітап болса, соны іздеп табамыз. Қайнекей: “Осының ішінде қайсысы көңіл аударарды, соны талқылайық” дейтін бізге. Әрі сол жаңа шыққан кітапқа баяндамашы болып сайланатынбыз. Сөйтіп талқылауға кірісетінбіз. Сондай кездерде мен жиірек баяндамашы болатын едім. Кейде сол баяндамаларымды мақала етіп Қайнекей өзінің журналына шығарады немесе басқа газет-журналдарға беріп отыратын.

– Ең алғашқы жазған сыныңыз есіңізде ме?

– Алғашқы сын мақалам Жақан Сыздықовтың “Қос қыран” деген жинағы жөніндегі баяндама болатын. Сол баяндаманы мақала ретінде дайындап, “Социалистік Қазақстан” газетіне ұсындым. Ұмытпасам, бұл – 1948 жыл болатын. “Социалистік Қазақстанның” бөлім бастығы Мұқан Иманжанов еді. Мұқана мені Қайнекей алып барып таныстырды. Мақаламды өзімнің қолыма берді де: “Кәне, оқышы. Мен тыңдайын”,–деді. Тыңдады. Кейбір келіспеген тұстарын көрсетіп берді де, “осыны жөндеп, дұрыстап алып кел. Жалпы негізі дұрыс екен”,–деді. Бір аптадан кейін, жөндеп әкелген мақаламды бірден газетке салып жіберді. Осыдан кейін Мұқанмен жиі байланыс жасай бастадым. Тіпті, өле-өлгенше қасында жүрдім десем де болады. Дәл сол жылдары

аспирантурамның да берекесі кетіп, жетекшім Қажым Жұмалиевтің елуінші жылдың науқанына ілініп, Қарағандыға жер аударылып, сол жақтан ұсталған кезі. Сосын әдебиеттің өзіне қысым көбейе бастады. Сол уақытта әдебиетті қойып, журналистикамен айналыса бастадым. Сол жылдары мені “Пионерге” редактор етіп шақырды. Мұқан Иманжанов та творчествомен айналысамын деп, журналға қызметке келген кезі екен. “Пионерде” бірге қызмет жасадық. Жалпы, Мұқан Иманжанов бірқатар ақын-жазушылардың рухани басшысы да болды. Қайнекей, Ғафу Мұқанның тәрбиесін көріп шықты. Солардың бәріне көмектесетін. Оның үстіне, өзімнің де білімім дұрыс болды. Сталиндік стипендиант атандым. Тілге де қанша мақала жаздым. Кейбір тілдің ғалымдары маған “жап-жақсы тілші болып кетер ме едің” дегенді жиі айтады. Мүмкін, бірақ мен Қайнекейдің жаңағыдай жақсылықтарының арқасында әдебиетші боп кеттім.

– Сынды қабылдау қашанда қиын. Сіздің алғашқы сындарыңызды әдебиетшілер қауымы қалай қабылдады?

– Ол кезде Жақанмен кездесе де қойғам жоқ. Кейін таныстық қой. Жалпы, Жақан өте мейірімді, ақкөңіл жігіт болатын. Оның үстіне, ол кезде сынның рухы мықты болатын. 1946-49 жылдардағы партияның Орталық комитетінің қаулыларының арқасында тым сыншылдау боп бастадық. Жаспыз ғой, артық-кем айтқан кездеріміз де болды. Бірақ, онша араздық қалып байқатқан жоқ. Неге екенін білмеймін, сол кездегі ұрпақ сын дегенді ашусыз қабылдайтын. Партияның өзі «сын деген ұран көтерді де, барлық кеңестік елдер сынның астында жүрді. Жазушыларымыздың өзінің жылы сөз естіген кездері аз. Сондықтан да іштей жақтырмағанмен, сырттай білдіре бермейтін. Сынның екінші жағы тағы бар. Сын дәрі сияқты, ішкенде ащы болғанымен, денсаулыққа пайдалы. Сол кездегі жазушылар сынды ескере отырып, шығармасын қайта бастырғанда, ол сынаған дүниелердің көбін тезге салып отыратын. Тіпті, Мұханның өзі “Абай” романының алғашқы нұсқасы жөнінде талай сын естіді. Мұхаң соның көбін ескерді. Мәселен, Бесқараның ішіп алып, әйелдерін айырбастайтын жері, сосын Дәркембайдың Қодардың нөмересін алып келген тұсы туралы көп жазылды. Ғабен Бесқараның әйелін айырбастайтын жеріне “Мұны оқыған өзге елдер не дейді? Қазақ халқы жабайы халық екен демей ме?” деп жазды. Осы сындардың бәрін ескеріп, Мұхаң “Абай” романы қайта басылғанда, әлгі жерлерін алып тастады. Қазір ғой, елдің сынсыз өсіп келе жатқаны. Ылғи шеттерінен классик болып алды. Ешкіммен есептеспейді, сондықтан сынның да берекесі кетті.

– Сіздің алғашқы монографиялық еңбектеріңіз Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин жайында болды. Ұмытпасақ, ол жылдары Сәкеннің ақтала қоймаған кезі болуы керек. Бұндай тақырыпқа қорықпастан қалай бардыңыз?

– Сәкен ақталғаннан кейін шұғылдандым ғой. Жалпы, мен Сәкенді бала кезімнен білем. Өйткені, Сәкен туып өскен жақта дүниеге келдім. Өгей шешем (өз шешем ерте қайтыс болды) Сәкеннің ауылының қызы болатын. Ол кісі Сәкен

туралы жиі айтып отыратын. Әрі Сәкен шығармаларын оқып отырғанымда, өзім өскен өңір, жүріп өткен жерлерім көз алдыма келетін. Барлығы да маған таныс. Сондықтан да Сәкен шығармалары маған білетін адам сияқты болып елестеді. “Жазушыны жазу үшін, жазушының туып өскен жерін білу керек”, – деген Гетснің сөзі бар. Міне, сондықтан да болар, Сәкен тақырыбына қорықпай қалам тартқаным. Сәкен ақталғаннан кейін, 1952 жылы оның бір томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кітап жөнінде көлемді мақала жаздым. Газеттің төрт-бес нөмірінде басылды. Бұл менің алғашқы барлауым еді. Содан бастап, Сәкеннің шығармаларын іздей бастадым. Ашылмаған, жабық тақырып болып жатқан дүниелерін көбірек ақтардым. Сәкеннің Троцкий туралы жазған екі өлеңі басылған “Домбыра” деген жинағы Мәскеудің жасырын жабық, ешкім бармайтын бөлімінде сақталыпты. Соны да тауып алып, оқыдым. Сәкеннің жалпы творчествосын тілге тиек етіп, 1956 жылдан бастап, шұғылдандым да, оны кітап етіп, 1962 жылы жарыққа шығардым.

– Демек, ақталғанға дейін Сәкен туралы естіп-біліп өстіңіз ғой.

– Білдім ғой. Жалпы, алғашқы монографиям Спандияр Көбеевті кандидаттық диссертация ретінде жазып бастағам. Ол кезде ол кісінің көзі тірі. Ол кісімен жазысқан хаттарым да бар. Спандияр революцияның алғашқы кездерінде шыққан жазушы ғой. Өзінің қатарластарының көбі аталмай қалып, жалғыз дара шыққан кезі. Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбекпен замандас адам. Сосын қазақтың тұңғыш романын жазған осы кісі деп жүрдік. Шын мәнінде тұңғыш романды жазған Міржақып Дулатов қой. Бірақ “Бақытсыз Жамалдан” гөрі “Қалың малдың” таза прозаға жақындығы бар. Оның себебі, “Бақытсыз Жамалдың” поэзиясы басымырақ. Үлкен прозаның тууы оңай процесс болмайды. Қазақтың қалыптасып қалған өлеңі бар. Қазақта жазба әдебиеттің кешеуілдеп қалуы да сондықтан. Ал, өлең тез жатталып қалады. Қоғамдық әдебиеттің дамуында өлең басты роль атқарады. Қызды суреттеу үшін де өлеңмен жеткізеді. Хат жазса да өлеңмен жазады. Өлеңмен жазған жігіт ақын, білімді сияқты көрінетін болған. Сондықтан, “Қалың мал” шыққан кезде көпшіліктің прозаны қабылдай қоймаған кезі ғой. Жалпы, біз “Қалың малмен” ерте таныстық. Оның үстіне, роман 1937 жылы қайта басылып шықты. Ал қалған екі кітабы “Үлгілі бала”, “Үлгілі тәржіма” туралы ешкім бімейтін. Тіпті, Спандияр марқұмның өзінде де жоқ болып шықты.

– Егер автордың өзінде болмаса, онда оларды сіз қайдан таптыңыз?

– Революция болып, дүниенің астан-кестені шығып, аласапыран болып жатқан уақытта жоғалтып алған екен. Оларды мен кітапханадан таптым ғой. Екі кітапты да машинкаға бастырып алдым да, өзіне бердім. “Үлгілі тәржіманың” дәл орта тұсындағы екі беті жыртылып қалыпты. Сол екі бетті Мәскеудің кітапханасынан тауып, көшірмесін жасатып алып келдім де, тігіп қойдым. Біз онда қоғамдық кітапхана болсын деген ниетте болатынбыз. Адам тек қана менде болсын деген ұғым болмауы керек. Өзім жақсы дүниелердің бәрін кітапханада сақтағанды жақсы көрем. Жуырда кітапханамды да Еуразия

университетіне бердім. Сол тігіп берген дүниемнің қазір бар-жоғын білмеймін. Өйткені, кезінде өзіміз көрген, оқыған кітаптарды қазір таба алмаймын.

Жалпы, Спандияр Көбеев пен Сәкен Сейфуллинді жазбас бұрын, ең алғаш Ғабиден туралы мақала жазғам. Мұхтар Әуезов менің оппонентім болды. Мұқаң Айқын Нұрқатов екеумізді алғаш қолдаған кісі. “Әдебиеттің өзінің жанрларының маманы болуы керек. Бізде бір кезде өлеңді де, драманы да, прозаны да бір адам жазып жүрді. Солардың бәрінің бір қолдан шығуы асқан таланттылықтан емес. Заман талабы солай болды. Заман оларды көп жанрда жұмыс істеуге жүктеді. Бейсенбай, Есмағамбет, Қажымдар жоғары мектепке сабақ беруге кеткенде, осындай жас дарындардың шығып жұмыс істеп жүргені маған ұнайды” деген еді Мұқаң. Ғылым академиясында “Қазақ совет әдебиетінің тарихы” деген кітап шығатын болып, Мұқаң соған редактор болды да, бізді авторлыққа тартты. Сонда Ғабиден туралы тарауды мен, Ғабит туралыны Тахауи Ахтанов, Мұхтар жөніндегі тарауды Айқын Нұрқатов жазды. Идеологияның қиын кезі. Кітап шыға алмай, ұзағырақ жатып қалды. Сосын мен Ғабиден туралы тарауымды кішкене кітапша еттім де, жарыққа шығарып жібердім.

“XX ҒАСЫРДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТҮСІНУ ҮШІН ОЛАРДЫ ОҚУ КЕРЕК БОЛДЫ”

– Сәкен туған ауылда өстіңіз. Спандиярдың көзін көрдіңіз. Алаш арыстары туралы ше? Ол кісілерді көзбен көрдіңіз бе?

– Олар бұрын кеткен адамдар ғой. Бірақ, шығармаларымен таныс едім.

– Қалай таныстыңыз?

– Спандиярдың, Сәкеннің шығармаларын қарап жүрген кезімде оларды да бірге қарауыма тура келді. Онда олардың әлі ақтала қоймаған кезі. Мысалы, Сәкеннің өлеңдерін оқып отырсам:

“Біреулер батыр мен би, ханды мақтап,

Бұрынғы наданшылық заңды мақтап”, – дейтін жолдар кездесетін. Іштей, бұлар біреулермен айтысып тартысып отырған сияқты. Сәкеннің “Көкшетауы” мен Мағжанның “Батыр Баянын” алып қарасаңыз, Абылайға деген екі түрлі көзқарасты байқайсыз. Міне, осындай ауытқулардан кейін, Мағжанды оқуыма тура келді. Жалпы, Мағжанды да бала кезімнен жаттап өскем. Осы күнге дейін көп өлеңдерін жатқа білем. Біздің ауылымыз Жаңаарқа деген жер ән мен жырдың бесігі сияқты ел болатын. Олар ақталмай тұрып-ақ, Сәкеннің “Көкшетауын” Мағжанның “Батыр Баянын”, Шәкәрімнің “Еңлік-Кебегін” жатқа білетінбіз. Атын атамайды. Жиын-тойда жатқа айтамыз. Іштей, авторы кім екенін сеземіз, бірақ айғайлап айта алмаймыз. Сәкеннің шығармаларын зерттеп жүргенімде көзім жеткен тағы бір нәрсе, олардың заманында айтыс-тартыстың көп болғаны. Сондай айтыс-тартысты көп көрген адамның бірі – Мағжан. Көрдіңіз бе, XX ғасырдағы атмосфераны түсіну үшін, оларды оқымай

кою мүмкін емес еді. Сондықтан, оларды жазып алып, бірқатарына конспект жазуыма тура келді.

– Әдебиеттің басына қара бұлт үйіріліп, Қажым Жұмалиевтер қудаланған тұста, сіздерге де қиындықтар болған жоқ па?

– Ол кезде біз жаспыз ғой. Бізден аса ұлтшылдық іздей қойған жоқ. Олар кеткен соң, олардың орнын біздің басуымызға тура келді. Қажым, Есмағамбет, Бисенбайлар елуінші жылдардың бас кезіне дейінгі оқулықтарымыздың авторы болатын. Олар ұсталып кетті. Мектеп оқулықсыз қалды. Бізді жинап алды да: “Енді оқулықты сендер жазасыңдар” деп министрлік шақырып алып, тапсырма берген соң, біз оқулық дайындай бастадық. Сол уақыттан бастап, осы күнге дейін, мектеп оқулығының авторы болып келем.

– Оқулықты қалай дайындадыңыздар? Көпшілігінің атын енгізуге қорыққан шығарсыздар. Енгізсеңіздер, сіздердің ұлтшыл болып кетулеріңіз мүмкін ғой.

– Ол кісілердің сыналған дүниелеріне жоламауға тырыстық. Сол кездегі оқулықтарды қарап отырсаңыз, күлкіңіз келеді. XIX ғасырдағы әдебиетті жазған кезде Абай, Шоқан, Ыбырайдан басқа ешкімді жазбайтынбыз. Оқулық деген мүлдем жұқа болып қалатын болған соң, орыстың кейбір ақын-жазушыларын қосуға тура келетін. Амалдың жоқтығынан. Сосын біртіндеп-біртіндеп, заман түзеле бастаған соң, әдеби мұраны қайта қарау деген нұсқау болғаннан кейін, айтуға болады деген соң, сынап отырып, Шортанбайды, Мұратты ескішілдеу ақындар деп енгіздік қой. Осы күнге дейін қазақ әдебиетінің тарихы талай процесстен өтті ғой.

– Сіздердің жазған оқулықтарыңыздың көбі XVIII ғасырдан басталады. Жалпы, әдебиеттің тарихын алға жылжытқан Мұхтар Мағауин екендігі жасырын емес қой.

– Әдебиеттің тарихын жасау бір күндік дүние емес. Бізде революцияның бас кезіндегі әдеби деректер XVIII ғасырдың бас кезі болатын. Мұхтар Әуезовтің өзі “Қазақ әдебиетінің тарихын” жүйелі түрде Бұқардан бастаған. Соның артынша Қажым Жұмалиев Мұханның тезисін пайдаланды. Бірақ, бұның ар жағында да аты белгілі адамдар бар. Сыпыра жырау, Шалкиіздің де аты аталады. Олардың өмірі туралы нақты тарихи деректер жоқ. Шығармалары да белгілі дәуірге тән емес, аңызға айналып кеткен. Қажым Жұмалиевтің еңбегін оқып көрсеңіз, “Әдебиет тарихы дегеніміз – тарихи жағдаймен байланысты. Әдебиет дегеніңіз – тарихтың көрінісі ғой. XVIII ғасырдан бастап, әдебиеттің тарихи жүйесі сақталған. Сол жүйе бойынша, ақындардың аттары да сақталды. Ол ақындар бір-бірін толықтырып, өсіп отырған”, – дейді. Және оны Белинскийдің сөзімен дәлелдейді. Кейін Қажым әдебиеттің тарихын XVIII ғасырмен шектеп қойды деп сынаушылар да кездесіп жатыр. Ол оның кінәсі емес. Ол кезде нақты деректер болған жоқ. Кейінірек, жабық тақырыптардың бәрін ашуға мүмкіндік болды. Хандық дәуірлерді айта бастадық. Хандық дәуірде де әдебиет болғанын, оның аты-жөндерін Мұхтар Мағауин жүйелеп, дәлелдеп берді. Мұны бір жағынан, таза қазақ әдебиеті деп айту да қиын. Өйткені, ноғайлы деген халық болған.

Біздің эпостарымыздың көбі ноғайлының жырлары. Ноғайлы деген халық қазаққа ең жақын халық болған. XV ғасырда ноғайлылар көшкен. Ноғайлының Ормамбет деген ханы өлгеннен кейін, ноғай мен қазақтың арасы жараспай, ноғайлының көшуіне тура келген. Бүгінгі Батыс Қазақстанның тұрған жеріне дейін барған. Қазір кейбір ноғайлылардың кездесетіні де сондықтан. Ғұмар Қараштың кітаптарында бұл эпостардың көбі сақталып қалған. Қазір Кавказда ноғайлылар бар. Солардың кітаптарын алып қарасаңыз, осы ақындардың аты сонда да жүр. Бірақ, оларды қазақпен тұтас кезіндегі әдебиеттің тарихы деп дәлелдеді. Күлтегіннен бастап, көне түркілердің әдебиеті бізге де ортақ, пайдалы. Қазақтың әдебиетінің тегі солардан шыққан. Мысалы, Күлтегін жырындағы батырларды суреттейтін сәттеріне көз жүгіртсеңіз, Қобыландыны, Алпамысты суреттейтін тұстарға жақын. Көрдіңіз бе, біздің әдебиетіміздің түп төркіні қайда жатқанын. Бұлардың бәрі жалпы түркіге ортақ мұралар. Ал нағыз қазаққа тән дүниелер ол қазақ хандығының құрылған кезінен бастау алады.

– Сыншы ретінде танылған сол жылдарда сіздің сыныңыз да цензураға ұрынды ма?

– Кесіп тастаған кездері болды. Қайтесің, баспаның айтқанын істейсің ғой. Мемлекет деген нәрсе болады. Кезінде оқығанбыз. Мемлекет кейде оң жасайды, кейде теріс жасайды. Күштеу мемлекеттің қолында. Біреуді жақсы жұмыс істеп жүрген жерінен алып тастайды. Мен де сондайдың талайын көргем. Талай рет қызметтен де кеттім. Мемлекеттің саясатына ашық қарсы келу деген жеке адамға онша пайда емес. Әлгі “адамды заман илемек” деген Абайдың сөзі бар емес пе? Заман, уақыт, билік кейде илейді. Теріс болса да.

– Демек, біздің тілімізді жоқтап, күресуге мүмкіндігіміз жоқ дейсіз бе?

– Қазақтың тілі ешқашан жоғалмайды. Он миллион халқы бар елдің тілі еш уақытта жоғалмайды. Президент те айтып жүр ғой. Тек бір мәселе, латын қарпіне көшіруді тездетуіміз керек. Жетпіс жыл орыс графикасында жаздық, көп мұра қалдырдық деген мен үшін себеп емес. Әлі де біздің келешегіміз алда. Әлі де талай мұралар жасайтын елге латында қайта басу қиын емес. Жалпы, мен арабтан латынға, латыннан кириллицаға көшу дегеннің бәрін көрдім. Оларды қалай көшіргені де көз алдымда өтті. Сондықтан, латынға көшіру қиынға соқпайды. Бұл процесс он-он екі жыл уақытты алады.

“ҮЛКЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЕДЕНІН ЖУАТЫҢДАРДЫҢ АЛАТЫН АЙЛЫҒЫН ҒАЛЫМДАР АЛМАЙДЫ”

– Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры саналатын алпысыншы жылдар сіздің көз алдыңызда өтті. Өсіп-өркендеген әдебиеттен кейін, бүгінгі әдебиетте тағы бір тоқырау басталған сияқты.

– Алпысыншы жылдар біздің әдебиетімізде бір үлкен кезең. Кезең болатын себебі, қоғамдық ғылымдардың бәрі, тарихи идеологияға байланысты. Сталиннің кезінде жеке адамға табыну идеологиясында өстік. Әдебиетте де ол

әсерін қалдырды. Ол кезде адам өзінің инициативасын көрсетіп, білімділігімен көзге түсуде жолы бола бермейтін. Адамды шектелушіліктен шығарған Сталин қайтыс болғаннан кейінгі кезең. Осы кезде әдебиеттегі шектелушілік те жойылды. “Жылымық” деп жүрміз ғой, сол “Оттепель” деген повестің атымен негізделеді. Сталиндік әдебиетті қарасаңыз, бәрі патриоттыққа негізделіп дүниеге келді. Мағжанның лирикасынан кейін, махаббатқа арналған поэзия болған жоқ. Соғыс кезінде Константин Семеновтің “Жди меня” деген жинағы шықты. Сол жинақты оқыған Сталин: “Мынаны көп таралыммен басудың керегі не? Екеу жететін еді ғой. Біреуін ақынның өзіне, екіншісін сүйгеніне жіберу керек еді ғой” депті. 1946 жылы Анна Ахматова қатты сынға ұшырады. Ол өзі сұмдық үлкен ақын ғой. Сонда оңаша үйде, қара мысығынан басқа ешкімі жоқ, блокаданың астында, аштықта өмір сүрген адамның сезімін жырлағаны үшін сыналды. Адамның күйінші-сүйініші, ішкі сезімінің бәріне тыйым салынды. Тек патриоттық өлеңдер жазылды. Тұманбайдың, Қадырдың, Мұқағалидың шыққан кезінде мұндай шектеу болған жоқ. Алпысыншы жылдар осынысымен ерекшеленді. Рас, партияның қолында болдық. Бірақ, дәл бұрынғыдай болған жоқ. Қайта құрудың кезінде Сәкен Жүнісовтің “Аманай мен Заманайы” шықты ғой. Қаңғып-тозып кеткен қазақтың тағдырын жазған шығарма.

– “Жапандағы жалғыз үйде” тың игеруге қарсылықтан туған жоқ па еді?

– Оны іштей қарсылық деп ойлаған жоқпыз. Оны біз тың игерудің жаңалығы, психологиялық сезімнің күйреуі деп ұқтық. Әдебиет деген қай заманда да жаңарып, жаңашаланып оқылады. Қазір сол “Жапандағы жалғыз үйді” қайта оқысаңыз, басқаша түсінуге болады. Шаруаны жерден айырудың қандай трагедия екенін түсінуге болады. Ал, біз оны жекеменшік сезімнің күйреуі деп ұқтық. Сондықтан, әдебиетті әр заманда қайта оқып, қайта трактовка жасауға болады. Оның бер жағында тәуелсіздік әдебиеті келді. Қай заманда болсын, қоғам өзгерген кезде қоғамдық өзгерісті түсіне алмай қалушылық болады. Кешегі революцияның кезінде, сол дағдарысты түсіне алмай қалған ақындар болды. Мәшһүр Жүсіп деген кісі революциядан кейін қайтыс болды. Революцияның алдында бостандық керек, теңдік керек деп жазған кісілер, бостандық келген соң, не жазарын білмей қалды. Сондықтан, әдебиеттің принциптері өзгереді. Бір кезде, немене еді?! Басты кейіпкер адам болатын Бірақ, қандай адам. Кеңес үкіметі адам және оның еңбегі дегенді насихаттады. Адам адамдық үшін емес, еңбегі үшін насихатталатын. Ол жұмысшы, шаруа, қызметкер. Геройларды солардың арасынан іздеді. Ендігі геройды қайдан іздейді, саудагерден бе, бизнестен бе? Орыстың он тоғызыншы ғасыры, “алтын ғасыр” деп аталды да, кейін сол әдебиет ХХ ғасырда қайталанған жоқ. Сондықтан, біздің әдебиеттің алтын ғасыры саналған сол жылдардағы әдебиет енді қайталанбайды. Үлкен әдебиеттің буын-буын болып келуі де қайталанбайды. Лениннің: “Революция деген халықтың ұзақ уақыт бойы бұғауда жатқан қолын шешеді де, қайнап жатқан өмірдің бетіне

алып шығады” деген сөзі бар. Кешегі сауатсыз күйінде өнерге келген Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Қапан Бадыровтар орыстың қандай классикалық бейнелерін жасады. Солар революцияның толқынға алып шыққан буыны. Ғылымда да солай болды. Жазушылар да осылай болды. Олар жасаған понарама суреттерді кейін ешкім жасаған жоқ. Сондықтан да, халықтың өзінің дамуында әртүрлі кезеңдер болады. Жеке таланттар болады. Мүмкін кейін, жақсы әдебиет туатын шығар.

– Сол 37-нің зобалаңы мен “алтын ғасырдың” арасында кәдімгідей әдебиетте үзіліс болып қалды. Жазатын адам болмады ма, әлде жазуға қорықты ма?

– 37- жылдан кейін бізде ешкім қалмады ғой. 39-жылы жазушылардың съезі болды. Сол съезде әдебиет жөнінде сөз қылатын шығарма болмады. Ұсталғаны ұсталып кетті, ұсталмағаны тергеу изоляторында жүрді. Пьесалар сахнадан түсіп қалды. Бер жағында үлкен проза да тоқтап қалды. Кейін, біртіндеп-біртіндеп жөнге келді. Совет заманында қиындықтар көп болды ғой. Қазақ деген сұмдық талантты халық, бірақ, берекесі-бірлігі жоқ халық. Қазаққа талантты көп берген, сол таланттардың бірлігінің жоқтығынан соның бәрінен айрылып қалып отырдық.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін, біздің ғылым академиясы да нарықтың көшіне ілесе алмай, қиын күндерді басынан кешірді. Бұл қиыншылық ғалымдарымыздан да айналып өтпеген шығар.

– Ғылым академиясы үлкен мекеме еді ғой. Мәдениеттің өскендігін көрсететін көрсеткіш болатын. Қаныш Сәтпаев басқарғаннан кейін, академия Одақ бойынша үлкен беделге ие болған. Ғалымдарымыз Мәскеудің атақты ғалымдарымен тең тұрғыда, араласып-құраласып жүретін. Қазір байланыс үзіліп қалды. Ғылымға деген көзқарас та өзгерді. Академияның басқару жүйесі жойылды. Қысқартты. Қазір тек институттарды ғана сақтап, жаманды-жақсылы жұмыстар жасалып жатыр. Жалпы, ғылым шеңберінің басқаруына көне бермейді. Оны ғылымды білетін адам басқаруы керек. Қазір ғылыми кадрдың статусы төмендеп кетті. Ғалымдардың еңбек ақысы төмен. Бір кезде ғылым докторы 500 сом алатын. Оныңыз бес жүз доллармен пара-пар. Орталық партия комитетінің хатшылары ғана сондай алатын. Қазір үлкен мекемелердің еден жуатындарының алатын ақшасын ғалымдар ала алмайды. Осы күнге дейін бөлім басқарам. Айлығым отыз мың теңге. Зейнетақым бар, академиялық стипендиям бар, мен күнімді көрем. Ал жастар не істемек? Кейінгі жастар ғылымнан кетіп қалды. Жас жігіттердің барлығы да қорғайды. Қорғағаннан кейін, кетіп қалады. Өйткені, ақшасы аз. Ғылымды көтеру үшін, жағдай жасау керек. Ал бізде ол қалыпқа келе қойған жоқ. Қазір ғылымды қалпына келтіру үшін көп уақыт керек.

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

– Күнделік жаздыңыз ба?

– Мен ескі заманның шет жағасын көрдім. Күнделік жазған адамдардың күнделігі өзіне қарсы шығып жатты. Күнделікке жазсаң, шындықты жазуың керек. Сондықтан, күнделік жазғаным жоқ.

– Өзіңіз зерттеген дүниелерді қалай жинадыңыз?

– Тапқан дүниелерімнің бәрін қолжазба күйінде жинақтап отырдым. Алғаш Сәкеннің іс дәптерімен танысқанымда “бір жолды да жазуға болмайды” деді. Сақтау қабілетім өте жақсы болды да, әлгілердің бәрін оқып аламын да, дереу үйге келіп, қағазға түсіретінмін.

– Екі бірдей ғылым иесінің бір отбасында болуы кездесе бермейді. Сіз – әдебиетшісіз, Әлия апай – географ. Екеуі бір-біріне ұқсамайтың, екі бөлек сала. Балаларды өсіру, тәрбиелеу қажет. Қиналған жоқсыздар ма?

– Екеуміздің екі бөлек кабинетіміз бар. Күндіз екеуміз бір-бірімізді көрмейміз. Жас кезімізде бірімізді біріміз қолдап, көмектесіп жүрдік. Оқып жүргеннің өзінде, оның экспедициялары болатын. Кедергі келтіргем жоқ. Қорғау деген оған қиынға түсті. Өзбекстанда қорғаймын деп жүргенде, Кеңес жабылып қалып, Мәскеуге барып қорғады. Балаларымды жинап алып, оның жұмыс жасауына жағдай жасадым. Шай-пайымызды өзіміз даярлап, ішетінбіз. Сөйтіп жүріп, Әлия докторлық диссертациясын Бакуде қорғады.

Қайрат Мағауияұлы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ “ҮШ ТІРЕГІ”

Өз тарихында өрлеудің бақытын татып, шыңыраудың ащы сабағын да көрген, бірақ ешқашан рухы мұқалмаған қасиетті қазақ әдебиетінің бұлтарысы мен бұралаңы көп қиясында теңселсе де, еңсесін түсірмеген ер ұлдары аз емес еді. Бұрынғыға бойламай-ақ, бүгінгісіне көз салсақ, тәуелсіз елдің тұғырлы әдебиетінің өзгеше бір жарасымды үш тұлғасын көрер едік. Қазақ әдебиетінде қалыптасып үлгерген “Бес арыс” “Үш бәйтерек” “Алыптар тобы” қандай қастерлі болса, сол ұғымдардың жалғасы іспетті және бір жаңа ұғым еріксіз тіл ұшына оралады. Ол қазіргі қазақ әдебиетінің ауыз толтырып айтар үш академигі – Серік Қирабаев, Зәки Ахметов, Зейнолла Қабдолов еңбектеріне лайық “Үш тірек” атауы шынында да бұл ағаларымыздың сіңірген еңбегінің нағыз өлшемі десек артық айтқандық емес.

Үш тірек

Қасиетті үш саны тоғыстырған
Жаралғандай болмысы жасын нұрдан.

Қазақтың марғасқасы “Үш тірегі”
Академик ағалар алда тұрған.

Көркем сөздің танытып құпиясын,
Кеуделерге ой тастап, сыр құятын.
Қирабаев, Қабдолов, Ахметов,
Бірге ашқан өмір-өнер теориясын.

Жарасымды қалжыңы, әзілдері,
Үш қыраны әдебиеттің қазірдегі.
Қабдолов, Ахметов, Қирабаев –
Таусылмайтын білімнің алтын кені.

Шайқатпай киелі орда керегесін,
Тәлімін ағалықтың бере берсін.
Ахметов, Қирабаев, Қабдоловтар –
Халқымның өрге басқан өңгесі.

20.11.2002 ж.

Мыңбай Рәш

ТАП ӨЗІңДЕЙ ТАБЫЛМАС...

Тенесем бір екен деп Сені кіммен?!
Сұрау салып сырластым сеніміммен.
Сәкенге, ұқсатам Ахметке
Сынығындай саңлақтар соңын ілген

Тұлпарға да теңеймін, сұңқарға да,
Біржан Сал мен балаймын Ақанға да,
Көрінердей көш жерден сенгірің бар,
Мәлім болған есімің жаһанға да!

Сұңғыла сөз сипаты – Серік деген!
Сені көрсем сілкінер көрікті өлең.
Бір сапарда өзіңмен адасқам жоқ,
Көңіл сергек, зердем еш зерікпеген.

Қанат қақтық – қарт ҚазПи ордасынан,
Көреді жұрт өзінді – төр басынан.
Құбылмайтын біртоға мінезің бар –
Құйылғандай құрыш пен қорғасыннан!

“Екі жақсы, деген сөз – қосылмайды” –
Жалған екен деу керек осындайды!
Елу бес жыл табжылмай қол ұстасқан
Әлиядай асыл жар болсын қайдан!

Өтті талай сүрінбей ол да сыннан,
Серігің боп табылды дәл қасыңнан.
Ол да шықты жетпіс бес жотасына
Тарланбоздай талмаған жорғасынан!

Ризамын!
Беу тағдыр, қосқаныңа!
Жыр шашуын шашайын достарыма.
Көмекейім көк тіліп, күркіресің,
Ғарышкердей көктеңбіл аспанымда!

Серікбай Қосан

Асылдың сынығы емес бүтініндей (Серағаң мен Әлия апайдың тойына шашу)

Жүзінен сезінесің жылылықты,
Көзінен ұғынасың ұлылықты.
Селт етіп сексенге де сыр бермейтін
Қазақтың Серағаңдай ұлы мықты.

Тұлғасы даналықтың құты күндей,
Алтынның сынығы емес бүтініндей.
Асылдың сыңары ғой Әлия апа,
Бітімі Аналықтың бітіміндей.

Тынымсыз бал жинаған ара сынды,
Сыйдырған қос жүрекке бар асылды.
Елі үшін екі жақсы еңбек етіп,
Еріксіз бағындырды дара шыңды.

Көп шәкірт Серағанның батасымен,
Ғалымның жолын қуып бағы ашылды.
Үйретіп талай жасты Әлия апай,
Жүйріктей топтан озған таң асырды.

Бір үйде екі бірдей академик –
Береке, бақыт қандай, жарасымды!
Сексеннің сеңгіріне шықты ағамыз,
Алғандай сертке жетіп бар асуды.

Жүздесіп Ақордада Елбасымен,
Мерейін ғұламалар тағы асырды.
“Отанға”, “Парасатқа” лайық болып,
Кеңелтті қуанышқа Алашымды!

Көңілін жақсылардың қош көремін,
Қалайша ұлы тойға бос келемін.
Халықтың қадірменді қарты болып,
Жасай бер, жасара бер, Қос Терегім!

04.04.2007. Алматы.

Рафаэль Ниязбек

АҒА ЖАЙЛЫ ЖЫР

Уақыттың көзінде оты өріліп,
Арманына жеткен көп төте жүріп.
Найзағайдан жай тартып тұрсың ба, аға,
Сеңгіріне сексеннің көтеріліп.

Көрді қашан алдында бақ тарынып,
Көңіліңнің шуағы жатты ағылып.
Буырқанып мұхитқа құйып жатыр
Көкірегіңнен дария ақтарылып.

Қанатыңды жайғанда қырға қарай,
Көтермесін сізді өмір шыңға қалай.
Мықтыларға иілмей бұтақтары
Түзу өскен сен едің бір қарағай.

Кеме жүзген айдыңға нұры тұнған,
Ел ішінде жан бар ма ұмытылған.

Сізді көрсем көзіме елестейді
Ақ арғымақ таңасып суытылған.

Мына марғау тірлікке серпін беріп,
Жайқалғанда орманы ел гүлденіп, –
Аға кейде көзіме елестейсің
Алатаудың ақ шыны секілденіп.

Ірі неге болмасын даласы алып,
Жүректерге көрмедің жара салып.
Сенгірінен Сексеннің қарағанда
Дүр дүние тұрады-ау аласарып.

Каждый ощущал свое своеобразие, не терялся в разноязыкой толпе. Каждый “ощущал себя человеком, вольным, окрыленным, осененным неким высшим смыслом, радостью, охваченным упоением созерцания и самовыражения”. Мгновенные зарисовки уличных музыкантов, певцов, художников даны двумя-тремя выразительными штрихами. И тут же готов их портрет на фоне Монмартра. Вот перуанские музыканты: “Смуглые, гривастые музыканты в расшитых национальных костюмах, в широченных, с перьями, шляпах-сомбреро играли что-то зажигательное, искристое, задорное; они работали честно, старательно, выкладываясь полностью, пританцовывая, издавая гортанные выкрики, конвульсивно дергаясь в огненном ритме. Экзотические переливчатые звуки, рассыпчатая трель, упругая дробь, будоража, горяча кровь, круто взмывали над зачарованными слушателями” Своеобразная

живописная мастерская раскинулась на Монмартре. И это все, вместе взятое, “создает в душе человека удивительно легкий, благодушный настрой, ощущение сопричастности к человеческой радости, и тебе помимо воли хочется всем улыбаться, петь, говорить приятные слова и совершать что-нибудь хорошее, доброе. Здесь хочется верить в добро, в благородство, в гордое и спасительное наличие человечности в человеке, в безмерную ценность человеческой жизни и в славу свободы”

Впечатлений так много, что они ошеломляют автора. Он уверен, что миг очарования Парижем будет жить в его душе всегда, тем более, что в столице Франции состоялись интересные встречи с переводчиком, профессором русской литературы, критиком Леоном Робелем, с профессором киргизского языка Реми Дором, с профессором Шарлем Гуревичем.

В путевых очерках “Мой Палевый Париж” из книги “Галопом по Европам” Ф.Байгельдинов продолжает далее и на новом художественном уровне традиции жанра литературы путешествий, заложенные предшественниками. В главе книги очерков “Галопом по Европам”, посвященной Берлину, иной стиль, иная тональность. Автор придерживается доверительной интонации, словно беседует с читателем. Прием контраста сильнее и отчетливее передает хрупкость мира, его безмятежность, которую можно нарушить в любой момент. Печать войны заставляет писателя по-иному взглянуть на залитый радостным солнцем безмятежный мир. Хронотоп словно возвращает писателя в военное время.

Казахская литература конца XX века пополнилась интересными путевыми очерками о странах и городах Америки, Европы и Азии. К ним можно отнести книгу Б.Омарулы “Жумыр жермен жуздесу” в которой повествование об Америке начинается с главки “Белая Орда и Белый дом” Автор словно окидывает взором весь неблизкий путь от Белой Орды до резиденции президента в Вашингтоне. Во время полета над Атлантическим океаном Б.Омарулы вспомнил очерк М.О.Ауэзова “Почему океан грустный?” Кроме Америки, Б. Омарулы посетил Японию, Канаду, Малайзию, Сингапур.

Проследивая основные этапы развития путевого очерка в казахской литературе XX в., мы отмечаем его эволюцию в плане обогащения тематики, поэтики и стиля. Путевой очерк в казахской литературе периода независимости, представленный в творчестве Ш.Муртазы, А.Дербисали, Г.Бельгера, Б.Омарулы, Ф.Байгельдинова и других мастеров художественного слова, характеризуется широтой тематики, отсутствием идеологических установок, сковывающих авторскую мысль, разнообразием изобразительно-выразительных средств. Для него как литературного жанра принципиально важны свобода выбора, идея пути как определяющая движение авторской мысли, творческая свобода. Жанр путевого очерка расширяет картину казахско-американских, казахско-канадских и других литературных связей последнего десятилетия XX века. В очерке описываются встречи, непосредственные человеческие

контакты, в результате которых возникает интерес народов друг к другу, к литературам и культурам разных стран на разных континентах. Сохраняется главное жанровое требование – новизна информации, впечатлений, фактов и сведений.

В казахской литературе эпичность осмысления исторических событий, фактов изучения новых культур, стран, ранее незнакомых народов и этносов имеет свою характерную национальную особенность в плане их восприятия и сопоставления с собственной культурой. Это связано с присущей казахскому мировосприятию открытостью и стремлением осознать свое место в контексте мирового развития. В казахской литературе, развивающейся в русле мирового литературного процесса, жанр путевых очерков был наиболее ярко и содержательно представлен в многогранной деятельности Ч.Валиханова, М.Ауэзова, С.Муканова, Г.Мусрепова, А.Шарипова, А.Алимжанова, Т.Ахтанова, Ш.Муртазы, Т.Какишева, Ш.Елукенова, Г.Бельгера, А.Дербисалиева, Ф.Байгельдинова и др.

В путевых очерках сохраняется главное жанровое требование – новизна информации, впечатлений, фактов и сведений. Жанр путевого очерка, несмотря на принадлежность к малой эпической форме, так же как и рассказ, отличается от последнего характером раскрытия образов, построением композиции и т.д. Для него как литературного жанра принципиально важны свобода выбора, идея пути как определяющая движение авторской мысли, творческая свобода. Композиционно, как установлено на основе проанализированных произведений, путевой очерк оформляется так же в зависимости от пристрастий авторов. Они могут включать лирические отступления, основываться на объективных, конкретно-географических, этнографических и историко-познавательных фактах.

В структуре литературы путешествий очень важны соотношения «пространства и “времени”». Авторы путевых очерков в казахской литературе исследуемого периода могут совмещать временные пласты, наслаивать их друг на друга, противопоставлять. Картины современной жизни европейских и восточных стран ассоциативно могут вызвать картины прошлого (молодости, партизанской юности и т.д.).

Исследование путевого очерка на материале казахской литературы второй половины XX в. показало его важное эстетическое значение. Выделение видовых признаков путевого очерка определяет его бытование как самостоятельного литературного жанра. Изучение жанра путевого очерка в контексте истории национальной литературы подтвердило перспективность. Исследование путевого очерка на материале казахской литературы второй половины XX в. показало его важное эстетическое значение. Выделение видовых признаков путевого очерка определяет его бытование как самостоятельного литературного жанра. Изучение жанра путевого очерка в контексте истории национальной литературы подтвердило перспективность подобного ракурса научного анализа.

В условиях суверенности у казахских писателей появилась возможность в полный голос говорить о наболевшем, потому что осознаны реальные масштабы и подлинная ценность собственной культуры, продолжают творчески осмысляться общечеловеческие ценности, отечественная культура как единая историческая целостность. Каждое поколение, будучи продуктом родной культуры, на определенном этапе становления своего национального самосознания открывает для себя заново свою культуру через сопоставление, ознакомление с другими культурами. В этом большую роль играет литература путешествий.

Использованные литературы:

1. Кабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970, 375 б.
2. Жұмалиев К. Стиль - өнер ерекшелігі. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 228 б.
3. Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 211 б.

Тұрлыбек Мәмесейіт

ХАРАКТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ШЫНДЫҚ (Жазушы Шерхан Мұртазаның “Ай мен Айша” романындағы символдық ишаралар мен астарлы түйіндеулер)

Қандай тақырып, нендей оқиға болса да алдымен жазушының көкірегінде пісіп жетіледі ғой. Содан келіп бір сәті түскенде, жазбасыңа қоймай, жан-дүниенді мазалап, толғағы жетіп, ай-күніне толған перзенттей жарық дүниеге ұмтылады. Ақ қағаздың бетіне түсе бастайды. “Ай мен Айша” да жазушы жанын ұзақ жылдар тербеп келген үлкен толғаныстан, өткенге, балалық шаққа деген мұңды сағыныштан, ата-баба, әке-шеше әруағы алдындағы, туған жер, өскен ел алдындағы перзенттік парызды терең сезінуден туған жүрекжарды сыр, жан-дүниені мәңгілік әлдилейтін таусылмас жыр десе болғандай.

Енді сол сыр мен жырдың мәнісін біз де жан-жүрегімізбен сезінуге ұмтылып, ішіне тереңірек үңіліп көрейік.

Роман кейіпкері Барсханның ересек тартқан сайын талай нәрсеге көзі ашыла берді. Уақыт өткен сайын әкесін сағына ойлайды. Әкесі жоқта қамқорлық жасап, басынан сипаған, біріннен кейін бірі соғысқа кетіп жатқан Орха, Ноха, Сияқұл, Нәметқұл көкелерін сағынады. Дүниеде неше түрлі адамдар бар екенін байқайды. Колхоз бастық Жуанқұл мен бригадир Тасбеттердің жұртқа көрсетіп отырған жауыздық әрекеттеріне жаны төзбейді. Таңның атысы, күннің батысы демей ауыр жұмыста қиналып жүрген шешесі Айшаны аяйды.

Жас та болса қиянатты көп көріп келе жатқан Барсхан сол қиянатпен, өмірдегі әділетсіздікпен қалай күресудің жолын іздеп, неше түрлі ой-қиялдарға беріледі.

“Ай мен Айша” романындағы – атынан да белгілі, негізгі жүкті көтеріп тұрған тұлғалы да кесек характердің бірі – Айша. Барсханның анасы. Үйренген үрдіспен айтсақ, Айшаны әдеби кейіпкер ретінде атасақ, басқалардан көркемдік жағынан шоқтығы биік көрінетін, мінезі, болмыс-бітімі әр қырынан жан-жақты суреттелетін, адамгершілік іс-әрекеттерінің нанымдылығымен ерекше көзге түсетін осы образ. Өйткені автор Айшаның барша әрекет қылықтарын табиғи қалпында қарапайым да иланымды көрсетуге күш салған.

Айша жастайынан халқымыздың ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, сенім-нанымын, барша жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өскен. Мынау қиын шақта сол рухани асылдан таусылмас нәр, күш-қуат алып, күнделікті өмір тіршілігіне сүйеніш тауып отырады.

Екінші кітапта негізінен Барсхан іс-әрекеттері басым көрінеді де, Айша ақылшы, тілекші ретінде ара-тұра көрініс беріп отырады. Барсханның үлкен іс, өмірлік, адами мәнді жұмыстарға араласуына да бағыт-бағдар берген Айша. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, бұл кітапта Барсхан көбіне өз бетінше әрекет жасап, өмірден өз соқпағын, өз жолын табуға ұмтылады ғой. Сол жолда Барсхан ылғи да анасы Айшаның берген ақыл-кеңесінен, үлгі-өнегесінен қалыптасқан өз бойындағы қуат-күшті сезінетін. Қандай қиын жағдайға тап болса да Айша есіне түсетін, одан көңіліне медеу, жанына демеу табатын.

Роман-диалогия соңындағы символдық ишаралар мен астарлы түйіндеулер де көп жайды аңғартса керек. “Құстар отаншыл Жұмыртқа жарып, үрпек балапан болып, дүниеге келген жерін ұмытпайды. Көктем шыға сол туған жерге жеткенше асығады. Жол-жөнекей қанша қасірет шексе де, сол былтырғы ұясына жетіп жығылу зор арман”. – дейді автор.

Вагонның үстінде Тескентаудың туннелі барын ұмытып, шалқып келе жатқан Барсханды пойыз туннельге жақындағанда, әлдене қанатымен қағып өтіп, “Жат!” дегендей болып, оны ажалдан сақтап қалады.

“Кім сақтады? Құдай сақтады. Сонда қанатымен қағып өтіп: “Жат!” деп ышқынған кім? Кім? Кім? Кім?” деп қуана таңғалады Барсхан. Бәсе, кім ол?..

Ол – біздіңше Айша, Қамқа сияқты аналардың тілеуі, тілек-батасы, ата-баба аруақтарының иесі, туған жердің киесі еді.

Міне, көрген қиыншылық, тартқан азап, қараңғы қапаста қалғандай тауқымет енді Барсхан жолына кедергі бола алмайды. Оның енді жолы ашылды. Алды ашық, айналасы жарық. Болашағың алдында бозбала-азамат. Тоқтамай тарта бер...

Жалпы, әдеби шығарманың көркемдік сапасы, идеялық мазмұны өмірдегі, қоғамдағы әлеуметтік мәні зор күрделі шындықтарды айтып, өмірлік маңызды мәселелерді көтеріп, соларға байланысты философиялық тың ойлар түйінделуімен айқындалады ғой. Ал әлеуметтік шындық, айналып келгенде,

дәуір шындығы, замана ауанының ақиқаты, уақыт тынысы. Сол дәуір тынысын, уақыт рухын, яғни өз кезінің өзекті шындығын қандай қаламгер болса да кесек-кесек толыққанды образдар арқылы танытуға тырысатыны тағы белгілі.

Тегінде, жазушы Шерхан Мұртазаның өзіне тән шығармашылық ерекшелігі – қысқа жаза отырып, салмақты ой айтатыны. Бірыңғай баяндау, шылқы-май суреттеу, орынсыз тәптіштеуге о бастан аяқ баспайды автор. Осы ретте жана шығарманың қысқа-қысқа әңгімелерге бөлініп берілуі де сюжеттік желінің жинақы шығуың, композициялық бітімнің олпы-солпылыққа ұрынбауын ойластырудан табылған көркемдік тәсіл дер едік.

Ал енді образ сомдау, әсіресе басты кейіпкер Айша бейнесін әлеуметтік тұлғаға айналдырудағы автор ізденістері де сәтті шыққан. Шығарманың “Ай мен Айша” аталуы тегін емес. Осындағы Ай, кәдімгі қара түнді жарық қып, әлемге нұрын шашқан аппақ Ай үлкен символдық мәнге ие. Роман-дилогияның өн бойында Ай Айшамен бірге көрініс беріп отырады. Ай – заман. Ай – уақыт. Қытымыр заман ызғарын сәл де болса жылытып, адам-пенденің жанына шуақ себезгілеген сол жалғыз Ай ғана. Әсіресе, жадау көңіл жабырқау жанды Айшаның көкірегіне үміт сәулесін шашатын осы Ай. Тауқыметке толы қиын шақтағы көңілге демеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз жылу, жалғыз үміт шырағы.

Енді роман-дилогиядағы Ай көріністеріне сәл назар аударып көрелікші:

“Айша... аспандағы топ-толық айға қарап:

— О, Жаратқан, басқа-басқа, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді.

Толықсып тұрған Ай бір аунап түскендей болды.

Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті де, жетімдіктің алғашқы түні жан-жақтан қаптап келе жатты”. (Бұл – Мұртаза ұсталған түн).

“Терезеден жартыкеш Ай сығалайды. Бізді көріп, жаны жай тапқандай, бұлтқа кіріп кетті” (Бұл – қара ешкі жоғалып табылған түн).

Байқайсыз ба, Мұртаза барда Ай толық еді, енді жартыкеш.

“Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден ауру көздей Ай көрінді”

“Батыста Жабағылы тұсында қанқзыл Күн ұясына батып бара жатқанда, Шығыстан құп-қу болып, өңі қашып қуарған Ай көрінді” (Батыста соғыстың өртеніп тұрған кезі).

Иә, Айша ғана байқайды оны. Ай мейірленсе, қату заманның да жұмсара бастағаны.

Мінеки, мұның бәрі шығармада суреттеліп отырған уақыт, заман шындығын, замананың қас-қабағын танытумен бірге басты тұлға Айшаның да жан толғанысын, күйініш-сүйінішін жандандыра түсуге қызмет еткен. Сонымен бірге романдағы негізгі оқиға мен адам тағдырына деген оқырман ынтызарын да күшейте түсетін эмоциялық жүк аркалап тұрғанын айтуымыз керек.

Бұл орталық тұлғалар бейнесінің сәтті шығуы, шығарма концепциясын тереңдете түсу жолындағы жазушы ізденісінен туған көркемдік әдіс, яғни айтулы көркемдік табыс деуге болады.

Осындай ізденіс, толғаныстың нәтижесінде роман-диалогиядағы әлеуметтік өмір шындығы барынша шынайы, табиғи көрінсе, Айша бейнесі де халық рухын танытатын, қазақ әйелінің мықтылығын көрсететін нағыз ұлттық характер дәрежесінде шыққан.

Осыдан келіп Барсханның қайдан шығып, қалай өскені көрінсе, танылса керек. Оның үлкен азамат болып қалыптасуының түп тамыры, негізі осы Айша-Анадан. Азаматты Ана өсіреді деп отырғанымыз да осы еді.

Ал енді шығармада айтылар ойдың, қозғалар мәселенің – ретіне, ыңғайына орай, өмір-жұмбақтың тылсым сырлары мен қилы құбылыстарынан қорытылып шыққан автордың (Барсханның) түйінді ойлары мен парасатты пайымдаулары да жазушының азаматтық болмысын, парасатты тұлғасын биіктете түседі.

Жалпы, жазушы Шерхан Мұртазаның қай шығармасында болса да көпірме көпсөзділіктен аулақ жүретінін байқау қиын емес. Қысқалық – нұсқалық. Аталмыш шығарма да осы үдеден көрінеді. Аз ғана сараң бояумен, орнын дәл тауып қолданылған қысқа да нұсқа сөзбен тұтас дүниені еркін бейнелеп, айтар ойын қысылмай-қымтырылмай ұғыныңқы жеткізе алған. Мұның өзі тілдің қадір-қасиетін, құдіретін түсініп, әрбір сөздің мәнін, орнын, астарын, ишарасын түйсініп-сезінген жазушының ғана қаламынан туатын шеберлік.

Сонымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасар алдында роман-диалогиядан мына бір үзіндіге көңіл аударуды жөн санап отырмыз:

“Оттығымыз сөніп қалмаса екен деп, а құдайлап жүргенімізде, бір түн үйіміздің боғат қамысы ызындап, терезе сыртында жазда гүлдеп, қыста курап қалған қарасора мен алабота суылдап, пештің кернейі уілдеп қоя берді. Бәрі қосылып, әлем оркестрі жиһан күйін талмай күңіретті. Кейде маған Тәңіртау бораннан төңкеріліп, дөңбекшіп, жаралы динозаврдай аунақшып, өкіріп, бақырып жатқандай көрінеді.

Әттең, ол кезде әнді, күйді, ..., сөзді жазып алатын техникалық құрал бізде жоқ еді... Егер сол қырық үшінші жылғы боран жырын жазып алғанда, талантты композитор табылса, сәл-пәл әрлеп, ғаламдық ғарыш симфониясын тудырар еді” деген өкінішті ой айтылады мұнда.

Біз бұл өкінішті орынсыз дер едік. Өйткені, жазып алатын техникалық құралдар болмаса да, ол күй мен жыр зейінді бала Барсханның зердесінде жазылып, көкірегінде қатталып қалыпты. Олар ғана емес, қым-қиғаш өмір-тіршіліктің сан алуан сыры мен қыры жатталыпты жадында. Қуанышы мен сүйініші, арманы мен мұны торланыпты көкірегінде. Сол жазылып қалған Жиһан күйі мен Боран жыры, тауқыметті тіршілік әуені – бүгінде Шерхан Мұртазадай талантты «композитордың өңдеп, әрлеуімен “тыңдаған” адамды тебіренпей қоймайтын Өмір жырын толғаған “симфонияға” айналыпты.

Ол “Ай мен Айша” деп аталады.

АБАЙ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕНДЕГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫ

Француз тіліндегі идеал, грек тіліндегі идея – мақсат туралы ұғым, түп-негізі мұрат-мақсатқа келіп тіреледі. Біздің бүгінгі идеалымыз – Тәуелсіздік. Математикада алгебраның негізгі ұғымдарының бірі – идеал болса, сол идеалымыз сан ғасырлар бойы – Тәуелсіздік болды. Өзі философиялық ұғым, адам ойының практикаға қарай бет алуы, білімнің іске асуын қамтамасыз ететін процесс – идея десек, сол идеямыздың түп-төркіні де – Тәуелсіздік! Ұлттық тәуелсіздік содан барып, идея мен логиканың қосындысынан пайда болған идеология да, әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін қоғамдық сана, саяси, праволық, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялық идеялардың жиынтығы идеология десек, сол идеологияның шынар шынында да, қайнар көзінде де – Тәуелсіздік рухы өз туын желбіретуге тиіс.

Сол Тәуелсіздік рухты қанымен енгізіп, жанымен жеткізетін, жеткізгенде адамның ойлау жүйесінің басты қазығы – бастағы мыйдан бастап, жан-жүйенді елжіретіп, жүрекке жеткізетін – әдебиет және өнер. Әдебиет пен өнердің ішінде шығармашылықтың анасы – поэзия. Біз топыраққа көмілген, жеті қат жер астында қалған тарихымызды – “Үш ғасыр жырлайды”, “Бес ғасыр жырлайды” атты поэзиядан іздеп таптық. Ол құдірет күш қаламмен жазылып, қағазға түспей-ақ, қазақ жыршы-жырауларының басында жатталған. Жадында сақталған. Содан аман-сау жетіп Тәуелсіздігіміздің төріне енді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолының басты саласының бірі рухани дамудың қазіргі кездегі жетістіктері мен мүмкіндіктерін айқын зерделеп, гуманитарлық ғылымның, оның ішінде әдебиет пен өнердің тәуелсіздік жылдарындағы сипатын зерттеп саралау – бүгінгі әдебиет сыны мен ғылымының басты мақсаты, негізгі бағыт-бағдары болмақ.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігімізді орнықтырғанына 15 жыл. Он бес жылда Қазақстан түбегейлі өзгеріп, Тәуелсіздік дариясының кең арнасына түсіп, теңіз-тағдырына бағыт алды. Ұлттық әдебиет пен өнердің жаңа сипатты дәстүрлері, бостандық пен адамзаттық құндылықтарға негізделген жаңашылдық рухы қалыптасты.

Сондай жаңашылдық рух – қазақ поэзиясында бар. Басында абдырап-дабдырап қалған қаламгерлер не жазамыз емес, не үшін жазамыз деген сауалдарға жауап іздеді. Бұрын айтылуға тиіс емес нәрсені айту – батылдыққа баланатын еді. Енді бәрі ашық, не айтсаң да, нені жырласаң да қол байлау, аяқ тұсау тауқыметінен арылды.

Мақсатымыз – осындай тұста Қазақстан Тәуелсіздік алған жағдайда туған мүмкіндіктерді толық пайдаланып, соңғы он бес жылда жарияланған әдеби шығармалардың оның ішінде қазіргі қазақ лирикасының тарихи-әдеби процесін жүйелі түрде жан-жақты зерттеп, талдап-баяндау, тәуелсіздік кезеңде туған қазақ лирикасына біршама баға беру.

“Қазақстан – 2030” бағдарламасының шарттарына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылғы Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолының бағыттарына сәйкес қазіргі көркем әдебиеттің қыр-сырын зерттеу – парызымыз болса, рухани жаңғыруды тереңдету – басты мақсатымыз болмақ.

Тәуелсіздікті көзімен көріп, дүниеден ерте озған ақын Жарасқан Әбдірашев:

Тағдырымды бұйдалап ер екіпін,
Байтақ елді шаттыққа бөлемекпін.
Өткен күннің арқалап өкілдігін,
Болашаққа барғанда не демекпін?
Сабыр! Сабыр!
Озыпты озар айым!
Сілкінейін қайтадан сөз алайын!
Өлең деген өлкеге жер аудырып,
Жылдар бойы өзімді

“жазалайын!” –

дейді. Нағыз ақындық жүрек. “Байтақ елді шаттыққа бөлемек” үшін, өлең деген өлкеге жер аударып, жылдар бойы өзімді “жазалайын” деуінде үлкен сыр жатыр. Жарасқан да Кеңес өкіметінің бодауында болып, айтар сөзін булығып айта алмаған сәттері болған ақын. Тәуелсіздік кезеңде шиыршық атып, “Құлыптасын” жазған тұста көз жұмды. Тәуелсіздікті күткен ақынның бірі – Жарасқан еді. Олай дейтінім Жарасқан екеуміз Кеңес өкіметі тұсында Ташкент, Душанбе, Мәскеуде өткен жас ақындардың фестиваліне бірге қатыстық. Сонда Ресей ақындарынан басқа ақындардың көкейкесті арманы – Тәуелсіздік еді. Ресейден басқа он төрт республика ақындары өз туымыздың желбіреуін, өз әнұранымыздың орындалуын көксеген едік. Әсіресе, Кеңес өкіметінің шырмауынан құтылуға, қарсы ашық сөз айтуға бейім прибалтикадағы үш республиканың ақындары және Закавказьедегі грузин, армян, әзербайжан ақындары белсенділік танытып, көзге түсетін. Мәскеудегі семинарда Жарасқан екеуміздің өлеңдеріміз өте жақсы баға алды. Семинар жүргізуші сыншылар, ақындар әжептәуір мадақтады. Кейін мадақтағаны бар болсын, Жарасқанды білмеймін, менің мадақталған «Мен ағыспын, ағысқа қарсы ағатын және “Шахмат заңы” атты өлеңдерім үшін түнгі тергеуге алынғаным бар. “Сен қайсы ағысқа қарсысың, Кеңес өкіметінің ағысына қарсысың ба?” деген мақаммен “тұтқынға” түстім. “Шахмат заңы” атты өлеңімде: – “Король ешқашан печка

болмайтыны жайында жазғанмын”. “Кеңес өкіметінде печкілер де король бола алады. Сен неге бұған қарсы жазасың?!” деген сауалдар жан-жақтан қойылды. Ақыры босатып, “Аудармашыда болдым” деген қолхат алды.

Мұны айтып отырған себебім, қазір қазақ елі тәуелсіз. Қазіргі қазақ ақындары – Тәуелсіз елдің ақындары. Ақын деген халқын, ел-жұртын, Ұлы Отанын жан-тәнімен сүйетін жүрек. Ақын ең басты ұлтжанды адам. Бізге тәуелсіздік алып берген бостандық – ұлтжандылық идеясы. Сондықтан ұлтын сүйген ақын, көрінген кемшілікке көзін салып, уайым-қайғыға бата бергеннен гөрі, Тәуелсіздік туымызға, ұлтымызды ұлағатқа бастарлық, халқымызға қайрат-жігер берерлік поэзияның туын көкке көтеретін шағымыз! Әрбір жанды шуаққа бөлеп, тірліктің тауқыметінен арыларлықтай қуат-күш берерлік ұлттық рухтағы поэзияның заманы. Тәуелсіздікті енді қолдан бермейтін өжет ұрпақты жігерлендіретін поэзияның дәуірі.

Тәуелсіз боп артты халқым сенімі,
Мұз боп қатқан қайғы-мұңым ереді.
Ақ шындары – тауларының биіктеп,
Кең тыныстап Ұлы Далам кеңіді.

Жер бетіңе қайта шықты алтыны,
Көлдерімде жүзді Аққу, қалқыды.
Толқын атып, дарияларым тасыды,
Тау өзені, Ақ бұлақтар шалқыды, –
деуіміз де сондықтан.

Ана тілінің мемлекеттік тіл болуына қарсы кейбір дүбәра шала қазақтарға “Қайт, райдан” деп:

Ел болдық, Елдігімізге ақылмен жетер,
Сонша момын болармыз ба, мақұлмен кетер.
Тілімізді сатпақ мәңгірттер бар,
Ісіңе қарасақ кәпірден бетер.

Болғаны ма шет жұрттан жиғаны көп,
Өзіңнен гөрі өзге ұлтқа ибалы боп,
Жүзі – қазақ,

мыйы басқа,

о қасқа,

“Иншалла” десе де иманы жоқ, –
дей келіп:

Тоғыз ай толғатқан туған анадан –

анам десең,

Әкеңнің арғы аталарын бабам десең,

Жаңылмас – жақ,

сүрінбес – тұяқ жоқ деген,

Қорық – Құдайдан,
Қайт, райдан,
Қазақ жүрегінде қалам десең.

Қасиетті қазақ біліп ал,
Туған тіліңнің періштесі, пірі бар.
Ә-ә-й! Ата-бабаңның әруағы атқыр,
Анаңның тілінде не әкеңнің құны бар?! –
деуімізде сондықтан.

Өз буынын бұзып-жарып алға шыққан ақын Ұлықбек Есдәулетов:

Өмір саған келдім-кеттім,
Сонда негі тындырдым?
Зерін теріп зеңгір көктің,
Ботананы тұндырдым.

Өмір саған бардым-қайттым,
Таңғы шықты мекендеп,
Құдайыма қайғымды айттым,
Құлақ түрер ме екен деп.

Шыққыр көзді аштым-жұмдым,
Шолдым биік-төменді,
Тілін жұтқан тас тұнжұрмың,
Сөйлетпендер, мен енді! –

деуі де сондықтан. Талантты ақын Ұлықбекті Тәуелсіздік қайта сөйлетті
жүрегінің шоғын үрлеп, маздатты. “Қазақстан” деген өлеңінде:

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым,
Аспандаған байрақтым,
Қанша жұлдыз жайнаттың,
Қанша бұлбұл сайраттың,
Қазақстан, ардақтым!

Тұлпарыңның шабысын,
Домбыраңның қағысын,
Күңіреткен тау ішін,
Дарияңның ағысын
“Сүйем!” десем – бәрі шын,
Қазақстан – намысым –

дей келіп, арқаны кеңге салып, кең даласындай көсілген ақын:

Шаңырағың – шырағым,
Топырағың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,
Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

Айың тусын оңыңнан,
Күнің тусын солыңнан,
Жұлдыз жансын жолыңнан,
Басыңа бақ орнасын,
Қыдыр болсын жолдасың,
Кұдай сені қолдасын,
Қазақстан – көз жасым!.. –

деп түйіндейді. Ақындықтың ширығар тұсы: “Қазақстан – көз жасым!..” деген тұс. Тәуелсіздікті иығымен арқалаған жан да, тәуелсіздікті сағынышпен күткен жүрек те: “Қазақстан – көз жасым!” деп толғанары хақ.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ мәдениетінде ұлттық жаңа әдебиеттің бастауында тұрған дара тұлға, жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ұлы ойшылы Абай дәстүрі мұрасы мемлекеттілік тұрғысынан, шынында да, ерекше жоғары мағынаға көтерілді. Абайтану осы жылдарда барынша халықтық сипат алып жоғары мағынаға көтерілгені ақиқат. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ақынның туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО бағдарламасы бойынша дүниежүзінен кеңінен аталып өтуі Тәуелсіз Қазақстанның саяси-мәртебесіне шарықтатып өсірді және осы келелі істі әрі қарай жалғастыруды Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолға алды. Институт директоры, академик Сейіт Қасқабасовтың қолдауымен, филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Егеубаев жаңа жоба жасады. Жобаның қысқаша мазмұны: ХХ ғасыр соңы мен ХХІ ғасырдың бас кезіндегі көрнекті ақын-жазушылардың Абай дәстүрімен, көркемдік-эстетикалық мектебімен шығармашылық сабақтастығы туралы алғаш рет жан-жақты қарастырылып, тарихи-әдеби процесс пен негізгі әдеби бағыттары туралы, осы кезең әдебиетінің даму заңдылықтары туралы терең талдаулар жасау мақсаты. Ғалым Асқар Егеубаев дүниеден ерте озғаннан кейін, бұл жобаны жүзеге асыру – филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмағали Ысмағұловқа жүктелді. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Абайтану бөлімі, жаңа заманға сай, “Абайтану және жаңа дәуір әдебиеті” бөлімі болып аталды. Яғни Тәуелсіздік кезеңдердегі әдебиетті зерттеп-талдау, баға беру міндеті ғалымдарға жүктелді.

1913 жылы Ахмет Байтұрсынов Абай туралы “Қазақтың бас ақыны” деп жазса, 1927 жылы Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихын, 1967 жылы “Абай Құнанбаев” еңбегінде, 1928 жылы Ыдырыс Мұстабайұлы “Абай” 1964 жылы Сәбит Мұқанов “Абай Құнанбаев” 1974 жылы Мұхаметжан Қаратаев “Ұлы Абай” “Пушкин мен Абай” атты туындысында қазақ поэзиясындағы Абай дәстүрінің орныққанын жазды. Сол дәстүр жалғастығын 1948 жылы Қажым Жұмалиев “Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі”, 1995 жылы Серік Қирабаев “Әдебиетіміздің ақтандақ беттерін” 1954 жылы Зәки Ахметов “Лермонтов және Абай” 1995 жылы “Абайдың ақындық әлемі” 1995 жылы Сейіт Қасқабасов “Абай және фольклор” 1956 жылы Ханғали Сүйіншәлиев “Абайдың қара сөздері” 1993 жылы Қайым Мұхаметханов “Абайдың ақын шәкірттері” 1982 жылы Мекемтас Мырзахметов “Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемасы” 1994 жылы “Абайтану тарихы” 1995 жылы “Абай және Шығыс” 1974 жылы Рымғали Нұрғалиев “Өнер алды – қызыл тіл”, 1972 жылы Тәкен Әлімқұлов “Жұмбақ жан” Жұмағали Ысмағұлов “Абайдың ақындық тағылымы” 1995 жылы Мүсілім Базарбаев “Казахская поэзия: Художественные искания (к традициям Абая)” 1995 жылы Ғарифолла Есімов “Абай философиясы және дүниетанымы” атты салиқалы зерттеу еңбектерімен жалғастырды.

Абай дәстүрі Тәуелсіздік кезеңге дейінгі әдебиетімізде де және тәуелсіз кезеңдегі он бес жыл аралығындағы әдебиетімізде де өз жалғастығын тапты. Дәуірмен үндесті. Қай кезең болмасын, ұлттық рухтың ұлы мақсаты – Тәуелсіздік, бостандық екендігін өмір дәлелдеді.

Тәуелсіздік кезеңді өзінің лирикалық жырларымен, ерекше толғаныстарымен көзге түскен ақындардың жұлдызды шоғыры бар десе болады. Атап айтсақ, Темірхан Медетбеков, Ұлықбек Есдәулетов, Есенғали Раушанов, Жүрсін Ерманов, Ғалым Жайлыбай, Мәди Қайыңбаев, Жәркен Бөдешев, Серік Аңсұңқаров, Аманхан Әлім, Мейірхан Ақдәулетов, Тыныштықбек Әбдіхакімов, Ақын-баба Ақсұңқар, Ертай Ашықбаев, Қазбек Иса, Гүлнар Салықбаева, Әділғазы Қайырбеков, Маралтай Ыбыраев, Жарас Сәрсек, Талғат Ешенұлы, Нұрлан Мәукенұлы, Бауыржан Жақып сынды есімдерді атап айтсақ, әдебиетте бұрыннан өз кемесімен жүзген ақындар тәуелсіздік кезде де шет қалмады. Тәуелсіздік тақырыбына құлаш сермей атсалысқан ақындар Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Ақұштап Бақтыгереева, Мұхтар Шаханов, Өтежан Нұрғалиев, Қайрат Жұмағалиев, Нұрлан Оразалин, Күләш Ахметова, Иранбек Оразбаев, Исраил Сапарбаев, Ибрагим Исаев, Рафаэль Ниязбеков, Асқар Егеубаев, Несіпбек Аитов, Ханбибі Есенғараева, Есенбай Дүйсенбаев сынды есімі елге танымалдығымен тәуелсіздік туын өлеңімен биіктетуге атсалысты.

Тәуелсіздік кезеңнің өтпелі тұсында көз жасын көл етіп, не болса соған қайғырып сарсаңға түсетін күйрек ақындар аз емес. Олардың көбісі дүниеге ту тігіп жатқан – Қазақ тәуелсіздігінің құдірет-күшін, мән-мазмұнын іштей сініре алмай жатқан жандар. Сондай тұста Ахметова Күләш ақын “Күн шыққанда

күліп оян” атты жыр жинағында:

Сағынғанда сүйкімді түс көремін,
Күліп тұрған көңілден күш көремін.
Үлкен күнге үлес қой –
әрбір адам,

Бір-біріне сыйласа кішкене күн! –

дейді. Изгілікті үлкен ақын жүрек Күн шыққанда, Күнмен бірге Тәуелсіздік таңы атқанда, күліп оянып, үлкен күнге үлес қосып, “бір-біріне сыйласа кішкене күн” бұдан артық не керек?! Адамға көп нәрсе қажет емес, осындай адамды алға жетелер шуақ қажет.

Күләш ақын сезімін жалғастырғандай “Жерорта” жинағында Серік Тұрғынбеков:

Елімнің жарлығына,
Ой-пікір ойыспаса,
Халқымның зар-мұңына,
Қабырғаң қайыспаса,
Өмірдің дерегіне
Тамсанып табынбасам,
Ақын боп керегі не,
Ағымнан жарылмасам, –

дейді ақын. Шынында да, Тәуелсіздік теңізі тербеткен тұста, ағынан жарылып, осынау бір тәңір сыйлаған бостандықты жырламаса, шынында да, ақын боп керегі не?!

Есдәулетов Ұлықбек ақын:
Жүрегім өзімде емес,
Түү алыста, ол кеткен сағынышқа
қуанышқа, –
деп жырлайды. Ұлы Абай:
Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі, –

дейді. Ұлтымыз азаттыққа қол жеткізіп, Тәуелсіздік деңгейінде ғұмыр кешіп жатқанда “Жүректің көзі ашылмаса” не болғаны?!

Абай “Артық жолдас таппадым татулықтан” дейді, Тәуелсіздігімізді баянды етер басты мақсат – татулық. Ұлттық татулық – ұлттық мүддеден туады.

Академик Зәки Ахметов: “Абай қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды.

Абайдың лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда сан салалы, алуан түрлі, тақырыбы, идеялық мазмұны жағынан да аса бай, әрқилы өмір құбылыстарын қамтиды. Халықтың тағдырын, заман жайын талғайтын саналуан әлеуметтік, философиялық лирика түрлері, адамның ішкі жан дүниесін бейнелейтін жырлары махаббат лирикасы, сатиралық өлеңдері, табиғат суреттері, оларға қоса жеке адамдарға арналған жырлары, тағы басқа

өлең түрлерін Абай поэзиясынан молынан табамыз. оларда қуаныш сезімі де, өмірге деген зор сенімі де мұң мен наз да, зәрлі ащы сын да – бәрі де бар” деп жазды.

Біз бүгінгі тәуелсіз кезең тудырған туындылардан осыларды іздейміз, Абайдың үрдіс-дәстүрін іздеп-табуға ұмтылып, тапсақ-қуанып, таппасақ-қынжылып, заманауи ақындарымен бірге ғұмыр кешеміз. Қазіргі қазақ әдебиетінде, анығырақ айтсақ, тәуелсіздік кезең әдебиетінде Абай дәстүрін жалғастырушы жаңа толқын, жас ұрпақ өсіп-жетіліп келеді. Алысқа бармай соғыс жылдары әдебиетке енген Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев бастаған ақындардан, “Жылымық” кезең деп аталатын 60-шы жылдары әдебиет есігін ашқан ақындар Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Сағи Жиенбаев тұстастары өзіндік қолтаңбаларымен дараланды. 70-жылдары топжарып шыққан Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков, Темірхан Медетбеков, Күләш Ахметова, Ұлықбек Есдәулетов сынды тағы басқа ақындар алдыңғы толқын ағаларға қарағанда өзгеше үнмен, соны серпіліспен төрге озды. 80–90-шы жылдары өз даусымен енген ақындар да баршылық. Тәуелсіз кезең поэзиясына 60-шы жылдардан 90-шы жылдар арасындағы әдебиетке енген ақындар Тәуелсіздік кезең поэзиясына атсалысты. Жол тапқаны да бар, жол таппай дағдарған тұстары да аз емес.

Тәуелсіздік тұсында ел-жұртына көріне бастаған жас ақындар легі – ақиқат шындықты бейнелі поэзия тілімен жырлауды, алдыңғы толқындырға ұқсамауды бағыт-бағдары, санап, өлең көкжиегінен көріне бастады. Кейде саналы түрде, кейде өз жүрегінің үндескенін де байқамай қалып, Абай дәстүрінің сара жолын жалғастырып жүрген жас ақындар да баршылық. Жас ақын Аманғазы Кәріпжан әулеті өзінің “Сана суреттері” кітабындағы (2005 ж.), “Абай тойында” атты өлеңінде:

Бағыт беріп заманның сырлы өтпелі
Ағып келіп жүрекке жыр көктемі.
Ұлы Абайды тірілтіп астанада
Тағы ашылды тарихтың бір беттері (162-б.)

дей келіп, өлеңінің бір тұсында:

Күйінсе де ол еліне,
сүйіп көпті,
Міншіл көзге ел рухын биіктетті.
Жер-ананы тербеген тебіреніс,
Жүрегіне Абайдың сыйып кетті, –

дейді де “Сана суреттерінде”

Неткен бұл масқаралық...
Сорғалады санамнан аспан ағып.
Құшағымда бүріскен дүниеге,
Қиялымды босаттым баспана ғып, –

деп жырлаған ақын “Бар дүниеден іздеу салып, таппадым өзімді өзім” деп, жаңа дәуірдің көзімен қарап, сөзімен сөйлеуге ұмтылады.

Абай дәстүрінің жалғастығы жас ақын Ақсұңқар Ақын-бабақызының жыр үндерінен естіледі:

Мен – Ақсұңқар!
Құстың баласы –
Аққу да емен,
Қаз да емен...
Өмірге көңіл наласы:
“Ой түбін үңгіп қаз!” деген!

Өлеңнің шоғын маздаттым,
Бұйырғай
Төрден нәсібім?! –
Қиылған қыршын Боздақтың
Төгілген
Нахақ жасымын!.. –

дейді ақын. Өмірге өкпесі болса да, ақындық жүректің түкпірінде туған елге деген сағыныш, исі қазағына деген құпия махаббат сыры мен үлкен мақсат арманы жатыр:

Ақбоз – арман
Жалына жармасыппын.
Қызыл аяқ
Қыр кезіп,
Жар басыппын...
... Кең Дүниеге
Көзімді ашып қарап –
Тауға шыққым келеді,
Тауға шыққым!

Өлеңнен өріпкеген ақын жүрегі көрінеді. Асығады. Өмірден тезірек өз орнын алғысы келеді. Содан да болар: “Сырт қалған қаракөзіңнің, қақтырмай есік ашыңдар?!” деп үндейді. “Көзімнің жасы екі елдің, етегін жасқа толтырып” “санатқа кірер ме екенмін” дейді ақын. “Екі ел” деп отырғаны 1993 жылы

Монғолиядан атамекенге оралған екен. Оралған жандардың өз еліне салмақ салмай, қайта салмақ-жүгін көтеруге келгендігін жырласа оңды болар еді. Өйткені, қазақ еліне келген тәуелсіздік – күні кеше ғана келген тәуелсіздік. Сондықтан жас ақындар өмірге өкпе артпай, тәуелсіздік туын бірге көтеріскені абзал.

Сары күз биыл тағы да
Қақпамды менің қағып тұр.
Сағындырғанның бағына,
Сағыныш-жаңбыр жауып тұр...
...Қыркүйектеп бұйығып,
Сары түске бағындым.
Адамзаттың биігі –
Ақындарды сағындым, –

немесе:

Көктегілер басып қалса түймесін,
Жаңғырып кейде естіледі түнгі есім.
Жұлдыз ақса бетіңізді сипаңыз,
Аққан жұлдыз ақын болып жүрмесін, –

деп, өлең өлкесіне сағынышымен келген жас ақын Әшімбек Жапарбектің жауқазын жырлары Сағи Жиенбаевтың жүрек-лүпілін еске оралтады: Сағи болса, “Көктем” деген өлеңінде:

Қара жердің өзінде,
Қаттырақ басқың келмейді, –

дейді. Қандай ұлы жүрек, нәзік сезім. Поэзия есігін қаттырақ қағып енетін ақынның сол бір ғажайып нәзіктігі. “Қатардағы өлеңде”:

Тақыр жерге соқыр жаңбыр жауады,
Көзі соқыр тағдырым, ашылмады-ау қабағың.
Басымнан бақ бұлт сынды ауады,
Сені сүйгім келіп еді, қазағым!
...Өлеңімнен рухымды табады,
Іздеген жан балдай тәтті таза мұң.
Көзімнен жас жұлдыз сынды ағады,
Сені сүйгім келіп еді, қазағым, –

деп жырланған туынды да өзіндік өзгеше құпия сыр бар. “Сені сүйгім келіп еді, қазағым” деген екі түрлі мағына бой көрсетеді. Қай жағына бұрсаң да лайық. Бұл өлең – жас ақын Әмірхан Балқыбектің жыры.

“Дариға ғұмыр, жыр-жүрек” кітабымен поэзия есігін айқара ашып, табалдырығынан аттаған жас ақын Маржан Ершутегі “Жапырақ-ғұмыр” өлеңін:

Күзгі жаңбыр,
Мен сені ұнатамын.
Жаурап тұр ғой әнеки құба талың
Жел ұшырған жазықсыз жапырақты
Жанымменен әлдилеп жұбатамын, –

деп келіп, “мекенін тастап кетерін бір күн біледі, жапырақ-жүрек! Алмасып өмір сүруін деумен қарапайым шындықты, қарапайым..” бояуымен жеткізуі арқылы құндылыққа айналған.

Сенің мені сағынбағаның – қуаныш,
Сағыну деген дерттен өңге нәр бермейді.
Мен үшін сенің ауырмағаның – қуаныш,
Мендегі дерт,
О, ол ешқашан өлмейді!..
...Мазаламайды бұдан соң арымызды өкініш,
Онсыз да көп қой не тірлік.
Бұдан соң көңіліміз, жанымыз да тыныш,
Адасу – енді адаспауымызға кепілдік, –

деп жырлаған ақын Талғат Ешенұлының өлеңі несімен құнды десек, өзгеше қолтаңба, өзгеше ырғағымен, сонылығымен құнды. Өлең жасау техникасын жалғыз ғана Талғат қана емес, қазіргі Тәуелсіздік кезең тудырған жаңа толқын, жас буынның ең басты ерекшелігі.

“Абаймен сырласу” деген өлеңде де ақиқат-шындық бейнелі де, астарлы оймен берілген. Жас ақын ұлы Абаймен сырласа отырып, “Тірі жүрсең жыртылар ед жырларың” “Тура жүріп атылар ең Мағжандай” дейді, енді бірде: “Қойынында жатып өскен Шәкәрім, //жанасыз тасталды ғой құдыққа” “Жырын сүйіп аударып ең, арыстан, //Ақын Бунин қашып кетті Парижге!” деп Уақыттың, Заманның қыспағын Абайдай ақын атасымен сырласу арқылы сыр түйген жас ақын Ақеділ Тойшанұлының да өзіндік соқпағы бар екендігіне куә болдық.

Дейтұрғанмен, Тәуелсіз елдің жас ақындарының өлеңдерінде Елдік жырлары жетісе бермейді. Көбіне көп күйкі тірлікті қаралаумен, даттаумен күй кешеді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯНЫҢ ҚЫР-СЫРЫ

Шығармашылық жұмыс тек көркем дүниені жазуға қажетті өмірлік материалдарды дайындаумен шектеліп қана қоймайтыны мәлім. Дайындық жұмыстары – негізгі шаруаның тиянақты шығуы үшін қажетті алғышарт қана. Енді іштей пісіп-жетілген туындының өзін қағаз бетіне түсіру керек. Ықылым заманнан белгілі – шығарманы жазу процесі бірнеше фактордың үйлесімділігінен өрбитін күрделі психологиялық процесс. Шығарманың өз деңгейінде қалыпты тууы үшін жазушының жеке басының физиологиялық-психологиялық жағдайында ауытқушылық орын алмауы тиіс. Яғни, денсаулығы, көңіл-күйі қалпынан ауытқымағаны, ұйқысының қанық болғаны, өзегінің талмағаны керек. Сонымен бірге жұмыс істейтін орнының жайлылығы, жұмыс құралдарының көңілін алаңдатпайтындай сайма-сай болғандығы дұрыс. Тіпті маңайында жүрген адамдардың ұнамсыз іс-әрекеті де, күнделікті тұрмыстың көңіл алаңдатып, қол байлау болатын ұсақ-түйек проблемалары да шығармашылық жұмысқа тікелей ықпал жасайтынына ескермеу тағы қиын. Мұның бәрі жазушы еңбегінің нәтижелі шығуына керекті алғышарттар ғана.

М.Мағауиннің “Мен” естелік романында ерекше назар аударуға татитын тұстары – кез келген шығармашылық иесі қалайтын осындай факторлардың әрқайсысын бабымен асықпай баяндап, көрсете алуында. Жазушы кітаптың бір жерінде өзі жұмыс істеп отырған бөлменің аумағын, биіктігін, есік-терезелерін ішінде орналасқан жиһаздарын хаттамалық дәлдікпен суреттесе, енді бір де өзінің жұмыс істейтін тәуліктік уақытына тоқталады. Қандай қаламмен қандай қағазға жазатынын тәптіштеп суреттеген жерлердің оқырмандардың белгілі санатына қызықты болып көрінетіні сөзсіз. Осындай тәптіштеулерге қарап отырып, жазушы өзінің еңбек ету барысындағы осындай ұсақ-түйек мәселелерді несіне ежіктеп айта берген деген сауалы тууы мүмкін. Өйткені бір қарағанда мұндай ұсақ-түйек дәлдіктер жалпы оқырман қауымы үшін аса қызықты бола қоймас деген күдік бой көрсетеді. Тіпті кейде шығармашылық лабораторияны осылайша жалаңаштап ашып көрсету тек жазушының өзі үшін ғана қажет шығар деген ойды да көлденең тартады.

Алайда осындай кішігірім мәселелердің астарына басқа бір қырынан үңіліп, басқа бір ракрустан көз салған жағдайда мұндай жазбалардың өзіндік салмағы бар екенін түсіну қиын емес. Танымал қаламгерлердің тек өзі үшін жазып қалдырған естеліктері, көбінесе жалпақ жұрттың кәдесіне жарап кететін мысалдар әдебиет тарихында кездесіп жатады. Талданып отырған бұл мемуардағы жазушылық лабораторияның әр қырынан ашылып көрсетілуі құрмақтан үшін немесе осы тақырыптағы әңгімені көбейту үшін жасалған әрекет деп бағалауға болмас. Алдында айтылып өткендей, тиісті тиянағын тауып, басқа бір ракрустан қараған жағдайда бұлайша кең ашылған жазушылық

лабораторияның келбеті өзінің тағылымдық, тәлімдік мағынасымен керек десек, артық айтпағандық болар едік. Әсіресе қалам ұстап жүрген немесе жазушы болам деген жас талапкерлерге осы кітапта айтылатын шығармашылық лаборатория мәселелері жақсы сабақ болатыны сөзсіз. Оған көптеген себептер бар. Ол өзінің қырық жылға жуық шығармашылық өмірінің қай жылдарында қалай жазғанын педанттықпен дәл еске алып отырады.

Жас қаламгердің алғашқы шығармалары жарық көріп, әдеби орта мен оқырман қауымға таныла бастаған жылдардың өзінде ол өз болашағына нық сеніммен қарай білген. Үнемі оқу, ізденіс үстінде жүріп, келешек жылдары өмірге келуі тиіс туындыларын қағаз бетіне түсіріп отыруды дағдыға айналдырады. Жазушының өз ізденісіне қатысты мәселелерді баяндауы үйренім деуші қаламгерлер үшін қызғылықты да пайдалы детальдарға, үлгілі эпизодтарға толы. Өзі “Алтын дәптер” деп атайтын шығармашылық жоспардың дәптері сол жылдары басталған. Онда жазушының кейінгі белгілі туындыларының жоба-жоспарлары мұқият түрде жазылып отырыпты. Болашақта өмірге келуге тиісті көркем дүниенің қысқаша мазмұны, сөз болатын оқиғалар, қозғалатын проблемалар, адам образдарының басты нышандары, негізгі тартыстар және көркем дүниенің өзіндік сипатын білдіретін басқа да қажетті көркемдік материалдар тізіліп көрсетіліпті. Сөйтіп қаламгер өзінің келешегіне жастайынан ақ негіз қалай білген. Ең бастысы ойындағы дүниелерді жай жоспарлап қана қоймай, уақыты жеткенше мұқият жүзеге асырып отыруға тырысқан.

Сыншы С.Шүкірұлы: “... Өз сенімі, өз Менінен таймай, оқи, іздене білген, жаза түскен, классик болудың “Алтын дәптер” жоспарын жасаған...” [1] деп “Мендегі” жазушылық жоспар туралы өз ойын нақты ашып айтады.

Әр шығарма бастапқыда қалай жоспарланды, нақты қолға алына бастаған кезде қандай тұрғыда жүзеге асты деген мәселелер де қызықты. Автор кей сәттерде ерінбей-жалықпай, осы жағын да салыстырып, тәптіштеп айтып кетеді. Өзіне таныс әңгіменің немесе повестің өу баста қалай жоспарланғаны жазушы шығармашылығынан хабардар оқырман үшін қызығушылық тудыратын тұстары болуы әбден мүмкін. Ең құрығанда қаламгердің шығармашылығын зерттеп жүрген әдебиетшілер үшін де лабораторияны бұлайша ашып көрсетудің септігі болуы ғажап емес. Жазушылық әлеміне бой ұрған жас талапкердің болашақ жоспары былай қарағанда ұшаң-теңіз дерлік. “Алтын дәптердегі” жазуларға қарағанда ол келешекте 25 роман, 49 повесть, 134 әңгіме жазбақшы болған [2, 164]. Осынау ауқымды жоспарды жасаған кезде жазушы небәрі жиырма жаста ғана екен. Осы деректің өзі автордың қаламгер ретінде мейлінше ерте есейгенін, жазушы ретінде жастайынан қалыптасқанын көрсетсе керек. Ал жаңағы цифрлар алдағы отыз төрт жылдың ішінде іске асуға тиіс болған екен. “...орта дәрежелі жоспардың өзінің бестен бірін ғана жүзеге асыруға шамамыз әрең жетіпті” [2, 164] деп өкіне еске алады жазушы. Автордың өзі өкінгенімен, бұл тындырылған жұмыстың аз емес екендігіне және көпшілігі сапалы шыққандығына оның шығармашылық өмірбаяны дәлел

“Үлкен прозаға қайтадан бет бұрған шақта мен жұмыстың жаңа бір тәртібін таптым. Таңғы сағат бесте тұрам. Үлкені үшке келген, ортаншысы жаңа жүре бастаған, кішісі емшекте – үш балам ұйықтап жатады. Сәл ертерек оянған келіншегім мен жуынып, қырынып, таранып болғанша шай қайнатып, түнде әзірлеген тамағын жылытып қояды. Бес жарымда, асса бес қырықта жазуға отырам. Содан сегіз жарымға дейін. Енді ғана қыза бастағанда жұмысқа бару керек болады. Бір жақсысы қызмет машинасы бар. Әйтпесе ертерек қозғалуға тура келер еді. Бірақ көбіне-көп осы межелі екі жарым-үш сағаттың өзін толық отыра алмаймын” [2, 66-67] дейді жазушы өзінің бір тәуліктегі жиырма төрт сағаты шығармашылыққа қалай пайдаланғанын жаза келіп. Жағдайдың уақыт өткен сайын өзгеріп отыруына, жастың ұлғаюына байланысты жазатын мезгіл де сол айтылғандай болып қатып қалмайтынын автор өз тәжірибесінен байқаған екен. Кейін есейген жылдары ретіне қарай жазуды әр мезгілде жүргізіп отырыпты.

“Бір күнгі жазудың ең жоғарғы шегі – бес сағат болса керек. Менің өзімнің қалыпты уақытым – төрт жарым сағат. Жұмыс ең жақсы жүрген, қайратты кезімнің өзінде, мәселен, екі кітабы жиырма жеті айда, егер арадағы үлкен-кішілі тыныс, әрқилы сыпаттағы мәжбүр үзілістерді шығарып тастаса, небәрі он бес айда жазылып біткен “Аласапыранның” тұсында да осы межені берік ұстандым, күніне төрт сағат – төрт сағат он бес минут, ары кетсе, төрт жарым – төрт сағат қырық бес минут қана отыра едім. Одан арыға бас шыдамайды, жазасың, бірақ сапасы төмендей бастайды” [2, 239].

Бұл айтылғандар шығармашылық жұмысқа отырудың тәулік ішіндегі уақытына байланысты. Шығарма авторының өзі жыл өткен сайын, айналадағы ахуалға, адамның жеке басының жағдайына байланысты жазу уақытын өзгертіп отырған. Тәулік ішінде мезгіл талғау құбылысы әр қаламгердің басында болуы табиғи. Табиғат еншілеп берген 24 сағатты әр жазушының әрқалай пайдаланып отырғаны әр елдегі қаламгерлер тарихынан мәлім. Мәселен, И.С.Тургенев көбінесе түн ішінде жазса, С.Мұқанов күн-түн деген мәселеге онша назар аударма қоймаған. Жалпы жазушының жұмысы үшін тәуліктің қай мезгілі қолайлы деген проблеманы екінші қатардағы фактор деп айтуға болмайды. Ең бастысы қалам иесінің өзі мақсат еткен жұмыс сипатына байланысты ықылас білдірген кезде бабында болу керектігі.

М.Мағауиннің шығармашылық жұмыс үшін көбінесе күннің бірінші жартысын, онда да таңертеңгі мезгілді таңдап алуы логикалық тұрғыдан қарағанда қисынды да. Өйткені физиологтардың айтуынша, адамның ең қайратты, сергек кезі ұйқыдан тұрғаннан кейінгі кезең екен. Уақыт табылып жатса, жұмыс қабілеті бабында тұрған тәуліктің осы мезгілін пайдаланып үлгірген абзал.

Мемуардағы осындай тағылымды тәжірибеден түйетін ой – негізгі мәселе шығарманы тәуліктің қай мезгілінде жазу емес, туындыны қалай жазу екендігінде. Басты шарт – Алла тағаланың берген уақытын мейлінше ұтымды

пайдалану. Көл-көсір уақыт ешкімде де жоқ. Бірақ жазушылық сияқты ұлы мақсаттар үшін қисынын тауып берілген уақытты дұрыс игере білген абзал. Бірақ қалай болған күнде де, М.Мағауиннің пайымдауынша бір тәуліктің ішінде жазуға арналған уақыт бес сағаттан аспауы керек екен. Егер қалам иесі бұдан артық отырып жұмыс істейтін болса, жазған жазуының сапасы төмендеп, пышырап мазасы кететін көрінеді.

Әрине, бұл пікірді үзілді-кесілді ереже деп қабылдауға болмайтыны тағы шындық. Шығармашылық жұмыс тек әркімнің жеке басына тән интеллектуалдық әлеуеттің көрінісі. Оған дәрігердің жазып бергеніндей нақты рецепт ұсыну да қиын болар. Баз бір қаламгерлер күніне екі-үш сағат жазғандығын жетістік деп санаса, енді біреулер жиырма төрт сағаттың он-он екі тіпті он үш-он төрт сағаттарына дейін біріңғай шығармашылық жұмыспен шұғылданыпты. Бұндай мысалдар шетел әдебиетінің көрнекті өкілдерінің еңбек ету тарихы туралы деректерінен мәлім. Қазақ қаламгерлерінің ішінде де уақытты әрқалай пайдалану жөнінде де түрлі деректер бар. Мәселен, қазақтың белгілі ақыны Қадыр Мырза Әлі “Керуен” журналының тілшісіне берген сұхбатында “Бір күннің ішінде отыз беттен астам шығарма жазғанмын”[3] деп еске алады.

Дегенімен М.Мағауиннің жазу жұмысын тәулігіне бес сағаттан асырмау керек деген пікірі негізсіз айтылған деуге болмайды. Жазушы өзінің бүкіл өмір бойғы тәжірибесіне сүйеніп отырып, осындай тұжырым жасаған. Қалай болған күнде де жазушы тәулігіне қанша сағат жұмыс істеуі тиіс деген мәселе өз алдына жеке бір үлкен әңгіменің өзегі екендігі сөзсіз.

Жазу барысында қаламгер өзін қалай ұстағаны жөн деген ойды көлденең тартқан мемуар авторы әр түрлі алып-қашпа жалаң тұжырымдарға дау айтады. Мәселен, ол жұмыс барысында қан қыздыру үшін арақ-шарап ішу керек дейтін пайымдауларға мүлдем қарсы. Тіпті әдебиет тарихында белгілі бір атақты қаламгерлердің есірткі қолданып жұмыс істепті деген сөзге де айтқан уәжі дәлелді. Сөйтіп өзінің денсаулығына зиян тигізбейтін әдеттерді ұстау ғана болмыс-бітімі таза, тұғыры тиянақты, көркемдігі келіскен шығарма туғыза алады деген тұжырым жасайды. Бұл – қаламды жаңадан ұстай бастаған көптеген жас талапкерлерге бағдаршам болатын ұнасымды үлгі.

Шығармашылық жұмыстың ерекше күй талғайтын киелі құбылыс екендігін автор өзінің басындағы мысалдардан үзінді ала отырып дәлелдеп шығады. “Тек бір құдағиымды ғана үйрете алмай жүрмін, айында, жылында бір, менің жұмыс уақытымда келе қалса, кабинетіме басып кіріп, иіліп сәлем беруді парыз санайды; әлбетте, көп отырмайды, екі минут қана, бәлкім, бір, бір жарым минут. Ол сәлем берді, сен өрмектің жүз тарам түйінін қолыңа ұстап отырсың, сәл босатсаң, тарқап кетеді, жіптердің орны ауысып кетеді, қайтадан тарау, қайтадан теріп алу керек болады, бір сәт бар зейініңді жиып, сол жүз тарау жіпті ұстаған қалпы бөгеліп қаласың. Иә, құдағи дейсің. Рахмет, құдағи. Құда қайда... Балалар қалай... Құдағи да сенің мінезінді андаған, қазбаламайды,

бөгелмейді, екі-үш ауыз міндетті сөзін айтып, жағдайды тәуірірек білетін, секундын санап бітіп, енді жайлап есіктен сығалаған, ақырын ғана шақырған біздің әйелмен, яғни, арнайы іздеп келген, сағынып қалған құдағиымен бірге шай ішуге, кеңес құруға кетеді. Ал сен... мана, көзің құдағида, көңілің ауадағы өрмекте, екі-үш ауыз сәлем айтқанда, қолымда берік ұстап отырмын деген жіптің екі-үшеуі босап кеткен, бір-екеуінің орны алмасқан, енді қалпына келтіру екі минут емес, одан көбірек уақыт керек, ол да ештеңе емес, қырық шақырым бәйгеден шауып келесің, көлденең біреу шаужайлап тоқтатып, ерің ауды, құйысқаның босады, енді әбзелінді түзеп, әуелгі қарқынға түскенше бірталай азап; ашуланайын десең, қалған жібіңнен айрыласың, амал жоқ, жыртығынды бүтіндеп, қайтадан өрмек тоқуға кірісесің” [2, 213].

Осы үзіндіде шығармашылық жұмыс процесінің қаншалықты күрделі екендігі қолмен қойғандай анық бейнеленген. Көркем ойды түзуші адам, бұл жерде жазушы, өзінің эстетикалық қиялын жүзеге асыру барысында өте күрделі құбылысты бастан кешіреді. Атап айтқанда, осынау жауапты сәтте шығармашылық иесінің әрі психологиялық, әрі эстетикалық жағдайлардың тоғысында, өзінің түпкі мақсатын жүзеге асыру жолында бір алуан сезім-күйдің үстінде отырады. Бұндай сәтте оның өзі жасап алған ішкі әлеміне ешқандай араласудың қажеті жоқ. Мұндай шығармашылық процесс үстінде отырған адам ешқандай сыртқы күштерді, бөтен әсерлерді қабылдай алмайды. Қабылдағанды қойып, өзінің осынау ерекше адами күйін сәл алаңдатудың өзі бүкіл істеп отырған жұмысына салқынын тигізбек. Бұны автор өз қолына жинақтап отырған бүкіл құдіретіңнен айрылып қалумен бірдей деген тұжырыммен салыстырады. Жаңағы үзіндіде айтылған қолдағы өрмектің тарқатылып кетуі де, бәйгеден шауып келе жатқанда көлденең біреудің шаужайлап тоқтатуы да күрделі шығармашылық процестің нақты суреттеп жеткізуге көне қоймайтын тұтасқан ахуалын, бейнелеп болса да, жеткізіп тұр.

Шығармашылық ортада, әсіресе ақындар арасында жиі қолданылатын “Пегас” деген сөздің мағынасы шығармашылық шабыт, шығармашылық бап дегенге саяды. Бұл – ежелгі Грекия мифологиясы бойынша ерекше қасиетті, қанатты ат, армандаған талай жанның қолы жалына жете алмаған киелі жануар. Қазақша айтқанда, “пырақ” деген ұғымға жақындайды. Көркемдік асуының биіктігіне қол жеткізген өнер иесін осы мифтік тұлпарға бейнелі түрде мінгізіп қою дәстүрі де тегін емес. Қазақ халқының “Бақ шаба ма, бап шаба ма?” дейтін мақалында да шығармашылық болмысқа тән осынау жағдайды астарлап жеткізу нышаны жатыр.

Шығармашылық ортада жиі айтылатын сөздің бірі – шабыт. Осынау ұғымға қатысты әдебиеттану ғылымында мынандай анықтама бар:

Ғылыми тұрғыдан да қалыптасқан осынау ұғым жөніндегі автордың пайымдауы тосын. Ол жоғарыда айтылғандай, әдебиет теориясында дәйектелген, әдебиеттанудың алғашқы түсініктерінен хабары бар оқырман үшін

жақсы таныс құбылыстың өмірде бар екендігін жоққа шығарады. Күмілжіп, сипалақтап, күдіктенбейді, үзілді-кесілді түрде бірден жоққа шығарады.

“Қырық жыл жазғанда көзімнің анық жеткені – шабыт деген жоқ нәрсе. Шабыт жоқ. Бап бар, машық бар” [2, 235].

Шабыт проблемасына мән беріп, осынау ұғымның маңызын қорғап жүрген көзіқарақты жандар үшін осы айтылғандардың даулы пікір болып табылатыны сөзсіз. Бірақ “жоқ, олай емес” деп үзілді-кесілді терістеуге болмайтыны және шындық.

Мемуарда жазушылық пен ғалымдық жұмыстарға қатысты мүмкіндігінше үлгі-өнеге боларлық басқа да көптеген өзіндік ой-пікірлер кездесіп отырады. Шығармашылық адамында болуға тиісті түрлі қажеттіліктер мен қасиеттерді жүйе-жүйесімен сараптай отырып, әрқайсысы жайлы белгілі бір қорытындыға келіп, ойын түйіндей сөйлеп отыруы автордың логикалық шешімге бейімділігін көрсетеді. Жазуды қандай қағазға, қандай құралмен жазатындығы туралы баян ететін беттері қызықты оқылатыны анық. Кейбір оқырмандар үшін мұның өзі ұсақ-түйек, ауыз ауыртып айтуға тұра қоймайтын әшейін қажетсіз нәрсе сияқты көрінуі әбден ықтимал болғанымен, бұл тұрғыдан да жас талапкерлер үшін үйренуге тұрарлық тұстары бар. Әрине, лабораторияның ішіне ең отырып айтатын мұндай тәптіштеулер жалпы оқырман үшін қызықты нәрсе емес, тек бұл істе мүдделілік танытатын әлеуметтік белгілі бір топтар үшін ғана назар аударуға тұрарлық.

Шығарма авторы тек өзін мысал етіп алумен ғана шектеліп қалмай, ойға өзек болып отырған мәселеге қатысты пікірлерін тиянақтау үшін шетелдік жазушылар тарихына да бір сәт шолу жасап кетеді. Және ерекше деректерді теріп ала отырып, тәлім болар тұстарын қызықты етіп жеткізе біледі. Әдебиет тарихында елеулі із қалдырған шетел классиктері туралы айтқанда, әдетте сөздің түйіні көбінесе олардың шығармаларына таң қалып, таңдай қағу, оларды үлгі-өнеге етіп көрсету ыңғайында болып келетіні белгілі. Мемуар авторы әбден қалыптасып кеткен бұл үрдісті бұза сөйлеп, ішінара шетелдік атақтылардың шығармашылықтарын сын ұшына да іліндіріп қояды. Мәселен, “Осыдан жиырма шақты жыл бұрын қатты мадақталған латын-америкалық Кортасар деген жазушы өзінің бір романы туралы: мен алғаш бастаған кезде немен аяқталарын білгем жоқ депті. Қалай бастағаның, немен тынарын, ақыры не болғанын жазушының өзі білмесе, қойыртпақ шықпағанда қайтеді” [2, 261].

Яғни, автор испан тілді атақты жазушының көркем шығарманы өмірге келтіру барысындағы әдіс-тәсілдеріне сын көзімен қарай отырып, өзінің жеке көзқарасын ұсынуды да ұмытпайды. Жоғарыда өзі айтып кеткендей, қандай жағдайда да бап тілейтін жазу өнері – тисе, терекке, тимесе, бұтаққа деп құр беталды төпелей беруге көнбейтін аса кінәмшыл әрі сезімтал жұмыс. Оны мәпелеп, аялап отырып қана алға жылжытуға болады. Жалпы көркем шығарма жазудың белгілі бір рецептті жоқ деп үнемі айтылып келеді. Бұл

дұрыс та. Бірақ соған қарамастан қандай жағдайда да аттап өтуге болмайтын ортақ шарттардың бар екендігін мойындағанмыз жөн. Сол шарттардың бірі – шығарма өмірге келместен бұрын оның алдын ала жоспарлану керек екендігі. Жоғарыда келтіріп отырған мысал арқылы М.Мағауиннің айтқалы отырған ойы осыған саяды. Қандай да бір көркем дүниеге кіріспес бұрын алдымен жақсылап тұрып жоспар құрып алу шарт. Оқиға қалай дамиды, сюжет қалай өрбиді, басты тартыстардың сипаты қандай болғаны, кейіпкерлер арасында қалай өрбігені жөн? Кейіпкер демекші, шығармадағы көркем образдар қалай іріктеліп, қалай бейнеленуі тиіс деген мәселелердің баршасын автор алдын ала жоспарлап, тек жоспарлап қана емес, иін қандыра мұқият дайындап алғаны абзал. Тіпті жекелеген эпизодтар мен шағын штрих, детальдардың да қандай болатынын елестетіп отырса, нұр үстіне нұр болмақшы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Шүкірұлы, “Ана тілі” газеті, 2000 ж., 20 қаңтар
2. Мағауин М. Мән: Роман-эссе. – Алматы: “Сақ”АҚ, ФӨПбк “GAUHAR” 1998 – 585 бет.
3. “Керуен” ғылыми-көпшілік журнал 2005ж. №2 (2)

Тоқтар Әлібек

ҚҰЛМАМБЕТ АҚЫННЫҢ ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕРІ

Құлмамбет – қазақтың бай эпикалық мұрасы мен импровизациялық дәстүрін жалғаушы әрі дамытушы. Ол қазақ, қырғыз халықтарының төл жырлары мен шығыс аңыздарының желісіне құрылған қисса-дастандарды рухани азық етіп, өмір бойы жырлап өткен. Алайда, XIX ғасырдың көп ақындары сияқты Құлмамбеттің де жыршылық қыры бүгінге дейін ашылмай келді. Шындығында, ол “Туғанбай мен Қоңырбай”, “Рапықжанның зары” “Мың бір түн”, “Көрұғлы сұлтан”, т.б. ондаған жырлар мен “Біржан мен Сара”, “Жүсіпбек пен Шөкей қыз” және өзінің айтыстарын жадында ұстап, ел арасына таратып келген. Осы тұжырымды нақтылай түсетін және бір дәлел – аталған жырлардың көбін жарыққа шығарушы Ж.Шайхисламұлының ұзақ жылдар Құлмамбет елінде өмір сүргендігі. Бір өкініштісі, Жүсіпбек қожа өзі шығарған халық мұраларын қайдан, кімнен алғаны туралы мәліметтер көрсетпейді. Бірақ сол материалдардың көбі Оңтүстік өңірі мен Жетісу ақын-жырауларынан жазып алынғаны дау тудырмаса керек. Әсіресе, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Бақтыбай, Жамбыл, Бөлтірік сынды ақын-жыршылардың аузынан мол дүниелер алынғаны анық. Құлмамбеттің “Көрұғлы сұлтан” “Мың бір түн” қиссаларын жырлаудағы жанкештілігі Жамбыл естеліктерінде жиі аталған. Құлмамбет екеуі қырғызға барғанда, Шабдан әдейі жолынан қалып, “Көрұғлы” “Мың бір түн” жырларын құмарта тыңдағанын айта келіп: “Менің бұл жолғы

олжам Құлмамбеттен “Көрұғлы сұлтанды” үйрендім. Бірақ бәрін жаттап алу қиын екен. Құлмамбет бір айтқанда екі күн, екі түн ұйықтамастан айтты. Мен оның бір күн, бір түн айтуын-ақ ұғып алдым. Менің өрісімді кеңейткен ірі жыр “Көрұғлы сұлтан” болды. “Көрұғлы сұлтанды” айтқанда Құлмамбет дем алмай айтады екен. Шабдан үйіне келесі күн қонғанда күндізден бастап айтып еді, содан келер сәскеге дейін дем алмай айтты. Өлең тыңдауға жиналған елдің бәрі талып, ұйықтап қалды. Жалғыз-ақ Шабдан ұйқтамады. Мені Құлмамбеттің өзі ұйықтатпай қозғап отырды [1, 95], – деп аға ақынды әділ бағаласа, 1938 жылғы “Казахстанская правда” газетіне берген сұхбатында осы айтылғандарды қайталай отырып: “...Сүйінбайдан үйренген “Сұраншы”, Құлмамбеттің “Көрұғлы сұлтан” жырлары екі үлкен ақынның маған берген батасы мен ақындық сарқыттары еді” [2] – деген жолдармен толықтырып, ағынан жарылады.

Жамбылдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуде өзіндік қолтаңба қалдырған О.Нұрмағамбетова да аталған естеліктерді толық қуаттап: “Жамбыл Құлмамбетпен тек айтысып, жеңіп қана қоймайды, кейін онымен жақсы дос болып, көп уақыт бірге жүреді.., одан белгілі “Көрұғлы сұлтанды” үйренеді”, [3] – дейді. Дәл осындай пікір фольклортанушы А.Бұлдыбай зерттеуінде де ұшырасады: “ “Көрұғлы” дастанының тағы бір нұсқасы Жамбылға Құланаян Құлмамбет арқылы жеткен... Сонымен Жамбылға жеткен “Көрұғлының” екі түрлі нұсқасын көреміз [Майлықожа–Құлмамбет]” [4,110].

“Асыл сөздің атасы” кітабында М.Жолдасбеков төмендегідей қызықты дерек келтіреді: “Құлмамбеттің өнеріне таң болып, қайран қалған Шабдан:

– “Мың бір түнді” білесіз бе, неше күн айтасыз, – деп сұрайды.

– Білемін, ас, дәрет, намаз уақытын есептемегенде, отыз бір күн күн-түнімен айтамын, – дейді Құлмамбет. Уәделесіп Құлмамбетті Шәбден Петербургтан [Ташкент болар–Т.Ә.] оралған соң сол жылдың күзінде қайта шақырады. “Мың бір түнді” Құлмамбет айтады, жыр құмар Шәбден тыңдайды, біраз күн өткен соң Шәбден әбден қалжырап:

– Мұның бітетін күні бар ма, – десе керек. Сонда қанаты қайрылған құстай қолы домбыра ұстауға жарамай қалса да, жағы тынбай сайрап отырған Құлмамбет:

– Тақсыр, мен айтқалы он жеті күн болды, алда әлі он алты күн бар, – деген екен. Міне, осы мысалдардың өзінен Құлмамбеттің терең ақындығына, көл-көсір жыраулығына көз жеткізгендей боламыз” [5, 80-81]. Құлмамбеттің Шабдан ордасында “Мың бір түн” дастанын жырлағаны жөнінде Н.Төрехұлов: “Құлмамбет осылайша “Мың бір түннің” бірінен соң бірін тізбектеп: аңшының әңгімесі, балықшының әңгімесі, диханның әңгімесі, киік жетектеген кісінің әңгімесі, қолы кесілген жігіттің әңгімесі деп шұбырта берген, шұбырта берген” – деп, өзінің бұл деректерді Үмбетәлі ақыннан естігенін есіне алады [6, 60-65]. Жамбыл шәкірттерінің бірі Ә.Қосбасаров ақсақал “Жыр тындаса Шабдан тындасын” деген қанатты сөз қазақ, қырғыз арасында сол Құлмамбет жырлауынан кейін тарап кеткенін айтады [7].

XIX ғасырда қазақ айтыс өнерінің туын көтеріп, жыртысын жыртқан Сүйінбай, Шөже, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл ақындардың жырын тыңдап, құрметпен сый-сыяпат көрсеткен Шабдан Жантайұлы [1854–1913] туралы бірер сөз.

Арғы атасы Атеке [қазақтар Атеке жырық атаған – Т.Ә.], одан–Қарабек, Қарабектен–Жантай, оның бел баласы–Шабдан бірнеше ғасыр қырғыздың сарбағыш тайпасын билеп келген. Атеке жырық орыстармен оңды қарым-қатынаста болып, 1786 жылы Екатерина II патшадан сыйлыққа 800 сом күміс ақша алған. Өзге ұрпақтары да Ресей әкімшілігі тарапынан шең-шекпенсіз қалмаған. Шоң манап Шабданға сарбағыштың тынай руының 1500 түтіні бағынышта болған. Жайлауы Үлкен Кебин мен Кіші Кебин аралығындағы көк орай кең өлке болса, суық түсе Қарақыстақ деген жерді қыстаған. Бабаларынан мұра болып келген ел билеу дәстүрі Шабданды да айналып өтпеген. Бірақ ол Атеке, Қарабек, Орман, Жантай сияқты жұртына зорлық-зомбылық, қанішерлігімен емес, ел бірлігі мен татулығын жақтаған көреген көсем, ел қорғауда жанын шүберекке түйген батырлығымен бағаланды. Өнерді сыйлағандықтан, қырғыз, қазақтағы қолына қомыз, домбыра ұстаған ақын, әнші-күйші, жыршыларға бүйрегі бұрып, ордасынан құры қол аттандырмаған. Шабданға байланысты қазақ ғалымдары өздерінің ілгергі зерттеулерінде үстемтап, шонжарлар өкілі ретінде сыни көзқараста қарағаны белгілі.

Шапырашты елі 1879-1880 жылдардағы “ақ қоян” жұтынан қатты ашығып, Жамбыл теріскей Алатаудағы қырғыздарға барып, өлеңмен сауын айтады. “Төскейде малы, төсекте басы қосылып жатқан” ағайын ақынға жылы қабақ көрсетіп, іш тартады. Шабдан батыр 18 жылқы айдатып, жомарттық танытады. Жамбылдың “Шәбденге” атты арнау өлеңі осы шақта туса керек [8,35]. Шабдан манап та ақ патшаның марапатынан кенде қалмапты. Орыс армиясының “Войсковой старшинасы” дәрежесіндегі Ш.Жантайұлы 1912 жылы дүние салып, келесі жылы қазан айында асы беріледі. Асқа қазақтың орта және кіші жүзінен беделді адамдар арнайы шақырылса, ұлы жүзге тұтасымен сауын айтылады. “Айқап” журналында Мұқамедсәлім Кәшимов былай деп жазады:

“Шабдан асы октябрдің бірінші онына шейін созылды, он мыңға дейін үй тігілді, асты басқарып, бақылап тұру үшін Алматыдан 9 казак-орыс, 30 солдат алдырылды. Адамның көптігі сондай, біреуден біреу адасып кетеді. Елді адастырмас үшін Пржвал уезіне қызыл ту, Пішпекке қара ту, қазаққа көк ту, өзбек пен ноғайға ақ ту, адасқанға ала ту тігіп, әркім өз елінің жөнін тек тудан білетін болды. Бәйгеге 180 ат шапты, атты Боралдай биігінде [Шабданның жайлау, күзеуі] тұрып қонаға айдап, 50 шақырым жерден жіберді. Жиырма бес атқа бәйге берілді. Бәйгеде отыздан артық ат өлді. Екі бала өлді.

Сайысқа қырғыздан Ақсақал деген сайыскер, дүнген Бұлар батырдың сайыскері Жүсіп деген қазақ жігіті шығып, екуі тұқыл найзамен түйресіп, Ақсақалды Жүсіп түсірді. Бас балуанды Қарқаралыдан келген Шәкірбек деген балуан жықты [9,60-61]. Осы аста Өмірзақ ақын алғаш топ алдында жар

жырлап, Бөлтірік ақын Шабданға жоқтау айтады [10,140]. Айдаудан келген Тоқтағұл ақынның Жамбылмен кездесуі де осында өтеді [11,3].

Петербургтан арнайы келіп Алатау мұзарттарын зерттеуші геолог, этнограф С.Е.Дмитриев “О ледниках горного узла Челико-Кебинского Алатау” деген мақаласында Шабдан асына қатысқаның, отыз шақырым аумағында құмырсқадай құжынаған аттыларды көргенін, мұндай ұлы жиынды бұрын-соңды көрмегенін жазады. “Түрлі музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен ақындар келіп ән-жыр орындады, олардың атақтылары Жамбыл, Қалмырза, Тоқтағұл, Өмірзақ, Кенжеқара еді деп тамсана отырып, әттең, олардың жырлары еш жерде жазылмады” [12], – деп өкініш білдіреді.

Тіршілігінде талайлардың қырсығын кескен, бір басында тірі пенденің көп қасиеттері жинақталған Шабдан манаптың көзі жұмылғаннан кейін де даңқын аспандатқан осы асы болды. Ілгергі-бергі замандарда Жетісу жерінде құлақ естімеген ұлы ас қырғыз-қазақ есінде ұзақ жылдар сақталып қалды. Құлмамбет рухани-материалдық жағынан әрдайым демеп отырған Шабдан, Бәйтік, Тезек, Батталқазы, Жүнісбай сынды билік иелерінің орны айырықша, солардың арқасында ірі алқалы жиындарда жыр жарысына қосылды. Көтеріңкі көңіл-күй, шабытын жанып, тек өнермен айналысуға жағдай жасады.

Құлмамбетті күйші деп те таниды. Қолында бүктемелі [опырмалы – Т.Ә.] домбырасы болыпты. Жыр сарындарын күйге айналдырып, немесе күй ырғақтарын жыр сарындарына ұластыруға шеберлігі көбінше эпикалық жырларды орындау үстінде көрінген. Халық әдебиетін зерттегендегі олқылықтарымыздың бастысы – сөз өнері мен саз өнерін біртұтас қарастырмай, жеке бөліп кететінімізде. Аталған кемшіліктер Ә.Қоңыратбаев еңбектеріне де арқау болғаны аңғарылады: “Жыраулар мен ескі айтыс ақындарында импровизацияның төрт түрлі өнері бірлесіп, ол синкретизм аңғарында көрінген: 1) Олар асқан импровизатор болған, мұны сөз өнері дейміз; 2) Тендесі жоқ күйші [домбыра, қобыз] болған, мұны музыкалық импровизация дейміз; 3) Олар ғажап орындаушы [солист, артист] болды; 4) Заман, ел жайын терең толғайтын үлкен ойшыл, ұстаз болды. Бүгінгі ақындарда алдыңғы үш белгі өзінің өрнегін жоя бастаған [13,25-26]. Ә.Қоңыратбаев атаған өнер түрлерінің Құлмамбет бойында жымдасып, үндестігін тапқаны даусыз. Құлмамбет айтысқанда, өлең, толғау, қисса-дастандарды жырлағанда тындаушыларды үйіріп әкететін қасиеттері аз болмаған.

Бұл ерекшеліктерін Жамбыл жиі сүйіспеншілікпен еске алып, хатшыларына әңгімелеп отырады екен: “Құлмамбеттің сөзі тындаушыны алып кетуші еді. Және бір бастап алғаннан кейін көтеріліп, үдей беруші еді” [14,80].

Ақынның мимикалық әрекеттерге барып, көз тартарлық артистік қимылдарға икемділігін Қ.Байболұлы: “... Құлмамбет реңді, сары, жіңішкелеу қой көзді, қолы сыртылдақ, буынсыз, қызғанда домбыраны аяқпен де тартатын кісі еді” – деп еске түсіреді [15].

Құлмамбет маңындағы ізбасарлары Мейірман, Бөлтірік, Жүсіпбек қожа, Етекбай, Сыпатай, Молдахмет, Токсанбай, Қойдым секілді дарынды

ақындарды айтыскерлікке, жыршылыққа, әнші-күйшілікке баулып, алқалы той, жиындарда томағаларын сыпырып, бағын сынап отырған. Әлемді поэзиясымен мойындатқан Жамбыл ақынның өзі “Бақтыбаймен дидарласуында”:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынаң, [8,135] –

деп ағынан жарылмаушы ма еді. Ол өз замандастары арасында кең тынысты импровизаторлық дарыны, жыршылық даралығы, айтылатын мәтін мен әуен, сарын, әуез, мақамдарды үйлестіре, сіңістіре білетін сазгерлік қабілетімен ерекшеленеді. Сол себептен де, сан қырлы өнерпаз ретінде Жетісудың көп ақындары Құлмамбетті үлгі тұтып, өздеріне ұстаз санаған.

М.Әуезов те осы мәселеге жіті көңіл бөліп: “Ауыз әдебиетінің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады” – дей келіп, атақты жалайыр Қабан ақын өзімен айтысатын ақын отырған ауылға айдаладан әндетіп келетінін айтады [16,122]. Осы реттегі З.Ахметовтің: “Қазақ халық поэзиясында өлең шығармалар көбінесе ән түрде жарық көрген”, [17,231] – деген ой-тұжырымы ұлы тұлғаның пікірімен қабысып жатқандай. Қазақ ауыз әдебиетіндегі терме үлгілерінің синкреттілігі туралы фольклортанушы С.Медеубекұлы зерттеулерінде де маңызды мәселелер көтерілген [18,36-37].

Бір сөзбен айтқанда, айтыс синкретті өнер. Дегенмен, бір-бірінен мыңдаған шақырым жырақта жатқан батыс пен шығыс, оңтүстік пен солтүстік өңірлеріндегі халық поэзиясының құрылыс, пішіні, қолданылатын музыкалық сарындар мен орындалу машықтарында өзгешеліктер жоқ емес. Мұны тарихи, генетикалық, психологиялық тұтастық, танымдық, географиялық жағдаяттарға байланыстырған жөн сияқты. Қазақтың тамыры талай ғасырларға сұғынып кеткен дәстүрлі ерекшеліктері бүгінге үзілмей келді. Бірақ кейбір қазіргі айтыстарда бұл дәстүр сақталмайтыны өкінішті.

Құлмамбет айтыстарының әуендеріне қарағанда, үні сазды, лирикалық сезім басым болып келеді. Бұл – Жетісу ақын, жыршыларының бәріне тән қасиет.

Түйіндеп айтқанда, ХІХ ғасырдағы іргелі айтыс ақындарын сөз өнері аясында ғана зерттеумен шектемей, синкреттік тұрғыда түбегейлі қарастыру қажеттілігін айта кеткен орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бегалин С. Өмір хикаялары //ОҒК, 644-бума.
2. Жамбыл ақын шығармалары // ОҒК. 349-бума, 3 дөп.
3. Нұрмағамбетова О. Айтыс өнерінің дүлділі//Лениншіл жас, 1972, 3 маусым.

4. Бұлдыбаев А. Жамбыл дастандары // Ж. Жабаев творчествосы. Алматы: Ғылым, 1989.-272 б.
5. Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. -Алматы: Білім, 1996.-304 б.
6. Төрешұлов Н. Жүз жасаған бәйтерек.- Алматы: Жазушы, 1989.-240 б;
7. Қосбасаров Ә. Жыр тындаса Шабдан тындасын...// Ана тілі, 1992, 12 қараша.
8. Жамбыл Таңдамалы шығармалары [Құраст. Айтов Н., Қараев М., Тілепов Ж.]. -Алматы: Ғылым,- 1-т.-1996.-312 б.
9. Кәшімов М. Войсковой старшина Шабдан батыр Жантайұлыныңасы// Айқап, 1913, N3.
10. Жансүгірұлы І. Қастерлі қазына // Жұлдыз, 1997. 5 мамыр.
11. Нұртазин Т. Жамбылдың айтыстары // Шеберлік туралы ойлар. Алматы: Жазушы, 1968.-288 б.
12. Дмитриев С.Е. О ледниках горного узла Челико-Кебинского Алатау// Изв. Турк. ОИРГО, 1913, V.IX.
13. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. -Алматы: Қазақстан, 1975.- 40 б.
14. Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. -Алматы: Жалын, 1996.-184 б.
15. Құлмамбет пен Майкөт айтысы //ОФК. 316- бума, 1- дөп.
16. Әуезов М. Әдебиет туралы. -Алматы: Санат, 1997.-304 б.
17. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. -Алматы: Мектеп, 1973.-212 б.
18. Медеубекұлы С. Ақыл,нақыл, өсиет. -Алматы: Санат, 1996.-128 б.

Қайрат Раев

Қ.ЖҰМАДІЛОВТИҢ “ДАРАБОЗ” РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АБАЙ ДӘСТҮРІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ (Бірінші кітабы бойынша)

Ұлттың ұйытқысы, оның өміршеңдігінің өзегі халықтық киелі ұғымдармен шектесіп жататыны анық. Әлемде қайталамасы жоқ даралықтың өлшемі де, өзіндік болмыс-бітімнің көрсеткіші де болып саналатын ұлттық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, заманнан заманға жалғасуы – сол халықтың елдігіне сын. Ер басына күн туып, етігімен су кешкен алмағайып аласапыран зұлматына төтеп берер қажыр мен қайраттың тіні болып саналатын ұлттық діл қашан да ерліктің бастауы деп саналған. Ал ерлік пен еркіндік – бір-бірімен ерекше ұштасып, тұтастық тапқан тұстан өрліктің өрісі кеңейе бастайтыны анық. Сол себепті де болар ең даланы кең жайлаған арысы сақ пен ғұн, берісі түркі жұртының мұрагері атанған қазақ ұлысының абыройын көтеріп, даңқын асқақтатқан дала даналарының ел бірлігі мен тәуелсіздігі хақындағы ой-тұжырымдары ұлттың ұйысуының алтын діңгегін бекіте түскен.

Тамырын тарихтың терең қойнауларынан тартатын ұлағатты ұғымдар, берік байламдар уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңарып әр дәуір ұрпақтарының рухани бесігін тағылым боп тербеген. Осы орайда Абай даналығының жолы да, жөні де бөлек. Ата жұртының асылын ардақтап, барын бағалап, жақсысын келер күнге жалғаған ұлы Абайдың ұлағатты ойлары Алаш арыстарының идеяларында сабақтастық тапты. Кеңес заманы кезінде де алмас қанжардың қын түбінде жатпайтынын өмір шындығының өзі дәлелдеп берді.

Тәуелсіздік тұсында барды өз қалпында жалтақсыз жеткізген шұрайлы шығарманың бірі – Қабдеш Жұмаділовтің Ер Қабанбай өміріне арналған “Дарабоз” атты “Шабыт” баспасынан 1994 жылы шыққан екі кітаптан тұратын тарихи романы. Қазақ даласын ойраттың ойранынан арашалап, тәуелсіздік туын тіккен даңқты қолбасының – Қаракерей Қабанбай батырдың ерлікке толы тағдыры халық тарихының терең қойнауларымен сабақтастықта өріліп отырады. Романның егемендікке ұмтылған ұлы халықтың ұлы арманының көркем шежіресіндей жазылуы тарихи шындық пен көркемдік шешімнің шеберлікпен шендестірілуінен туғаны хақ.

Романның алғашқы беттерінде Сарысу бойында Әбілмәмбет ханның ордасында өткен үш жүздің басын қосқан ұлы жиынның үстінде сол дәуірдегі қазақ жұртының әлеуметтік те, саяси да жайы айқын аңғарылады. Бұл кезде “Ұлы жүз жері Жоңғардың қол астында қалып, Кіші жүз руларының Әбілқайыр ханның соңына ілесіп, ал Әбілмәмбеттің құзырында негізінен орта жүз қалған” болатын.

Бір кездегі үш жүздің сүттей ұйыған бірлігі көзден бал-бұл ұшып, билік пен таққа таласу былай тұрсын, әрқайсысы өзінше бөлектеніп, бөтенсі бастаған ұлыстардың басын қосқан бір-ақ себеп бар. Ол осыдан отыз жыл бұрын дүниеден көшкен Әз-Тәукенің әруағына бас иген жұрттың, оның қара орманын Ұлы орда деп кие тұтқан халықтың жүрек түкпіріндегі құрметі мен сыйы болатын. Автор осы бір алақұйын аумалы-төкпелі уақыт белесіндегі батыр мен бағланның, би мен бектің, хан мен қарашаның әлеуметтік рөлін ерекше шеберлікпен жеткізеді.

Ал, оның есесіне ата-салтын ардақтап, бірлік жайына аландайтын аз да болса ат төбеліндей Кіші жүздің Сарысу бойында, Қаратаудың күнгеі мен Сырдың төменгі ағысын жайлаған Тама, Табың, Алшың, Жаппас руларының батыр билерінің әрекеті сүйіндіреді. Осы қатарда ұлы жүздің Наурызбай, Бердіқожа, Тілеуке бастаған жаяу жүрек тобының орны бір бөлек. Бұл көрініс Абай жырлаған бас-басына би болған өңкей қықым содырдың ел бүтіндігін бұза бастаған кертартпа әрекетінің арғы тамырларынан хабар береді. Кезінде “Көк күмбезді аспаны бар, бетегелі боз даламызды ешкімге билетпейміз” – деген Тұмар патшайымның асқақ үні бәсеңдеп, оның орнын өз еркімен бодандыққа бас иген құлдық психологияның арғы жағындағы жымысқы тілектің ащы тарихы бой көтереді. Жазушы Қабдеш Жұмаділов ел басына төнген нәубеттің себебін, ел ішіндегі белең ала бастаған алауыздықтың сырын шеберлікпен

таныта алған. Жеке бастың мүддесі ел мүддесінен жоғары шыға бастаған кезең кезеңнің келіп жеткенін сипаттай баяндайды. Жиын үстінде Қабанбай аузымен айтылатын: “Біз, әсілі, жау келгенде жұдырықтай жұмылғанмызбен, арқамыз сәл босаса, араздаса қалатын жұртпыз ғой”. – дейтін сөзінің астарында ұлттық болмысқа тән бір әлсіздік ұшқын беріп қалады. Ендігі жерде осы бір осалдау қасиеттің өзі де алыстап бара жатқандай әсер қалдырады. “Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде”. – деп, сырттан қауіп төнгенде, ішкі араздықты жинап қояр ауызбіршіліктің ауылының алыстап бара жатқан елдің күйі көкірегі көреген ердің көңіліне қаяу түсіретіндей.

Осы жиын үстінде тағы бір келеңсіздіктің, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытуды кішіліктің белгісі деп санайтын ұлттық дәстүрге селкеу түсе бастағанын көруге болады. Кешегі аузымен құс тістеген дүлдүл шешен, “жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін”, – деп, қара қылды қақ жарған қасиетті Төле бидің жан айғайы мен сол рухани құндылықтарға араша түскен данагөй қарттың дуалы аузынан шыққан әр сөзінің астарында терең мән тұнып жатыр. Сексен бестегі Төле би қарттың көкірегі мұң мен шерге толы күйде келіп: – О, жасаған! Ортадан ойып ордаға кірмегелі қай заман?! Алаш ұлы осылай телімге түсіп, тентіреп кетеді деп кім ойлаған?! Жаратқан құдайға мың да бір тәубә! Алтын тақты ақ ордам, өз орнында тапжылмай тұр екенсің ғой! Қасиетіңнен айналайын, Әз-Тәукеңнің орны жоғалмаған екен ғой! – деп сақалынан алты тарам жас ағып, тізерлеп отыра кетіп, төрде тұрған алтын тақты сүйеді. Алты Алашқа аты аңыз боп тараған Төленің әрекеті мен жан-жағына қоқилана қарап, орыс елшісін күтуді өзгеден артықшылық мәртебе санаған Шақшақ Жәнібектің қылығы екі айырылған ұрпақтардың енді басы қосылмастай болып алшақтаған болмыс-бітімінен хабар береді. Тек әрекет емес, бетпе-бет келгенде де осы алшақтық араға жік салады. Ой алшақтығы бой алшақтығынан гөрі болмыс бөтендігіне айналып кеткендей. Ұлы би әлі де байтақ үшін басын берер батырды іздеп шарқ ұрса, жас тархан Жәнібек елді сақтаудың жолын күштіге бағынып, қолтығына кірер құлдықтан табуға бейім. Орыспен жақындығын топ ішінде трубкасын будақтатқан отырысымен де білдіргісі келген даңғой тарханға Төле би: “... Бәлкім, Әбілқайыр екеуің етегінің астына барып тығылған қатын патшаның рақымы түсіп, жерінді жаудан тазартып беретін шығар? Орыс өнерлі жұрт қой. Бірақ аузыңды ошақ, мұрныңды мұржа етіп түтін жұтқаннан өзге үйренген өнерің бар ма сол елден? ... Айтпақшы, патшадан тархан шенін алған екенсің-ау. Бірақ сол тархандығың ел қорғайтын қалқан болмай, мойныңа салған арқан болып жүрмесін!” – деп салады. Сол сәтте бір Жәнібекке қарап айтылған осы үкім сөз бүкіл болашақ ұрпақты алдағы қатерден сақтандырған ізгі тілектің бар жүгін арқалап тұрғандай. Абай айтатын қайран жұрттың өзінікін өзімдікі дей алмайтын шарасыз күйге түскен, “бірі қан, бірі май екі ұртының” бастамасы болған үрейлі үрдістің бір тамырын жазушы осы бір шағын сөз қақтығысында асқан дәйектілікпен бекіте түскен. “Үстінен тәңір баспаса, астында жер айырылмаса, түркіге кімнің күші жетер” деген Күлтегіннің асқақ сеніміне

араға жылдар салып селкеу түсе бастаған кер заманның көрінісі осылайша сипатталады.

Аз сөзге көп мән сыйғызып, әр детальға көп жүк арта білер жазушы шеберлігінің айқын дәлелін “Дарабоз” дилогиясының өн бойынан жиі ұшыратамыз. Хан ордасында өткен үлкен жиын романның бүкіл лейтмотивін қолға ұстатқандай болады. Қалың елінің бағыт-бағдарын білгісі келіп, көптің басын қосқан ханның ақырын күтіп отырған алаң қалпы; беделі түспесе де, бек пен батырдың өз сөзін жерге тастамайтын көрегенділігіне үкілі үмітпен жер шалғайлығына қарамай сағынып жеткен ұлы бидің шамырқанған шарасыз күйі; ата-жұртын қайтарып алуды арман еткен батырдың берік байламы көп жайлардан хабар береді. Қалай болғанда да қаламгер ұлттық құндылықтардың ел санасынан өшпейтін, әлі де болса оларды азаттыққа, еркіндікке бастайтын қуатты күш екенін аңғартып отырады. Қабанбай батырдың ата қонысын қайтарып алған күні “Құдай куә, сол арманға жеткен күні қара найзамды қақ бөліп, лақтырып тасатауға әзірмін...” деген сөзі ұлттық болмысымызға тән бір қасиетімізді тағы да жаңғыртып тұрғандай. Бұл – өздігінен ешкімге соқтықпайтын, бейбітшілік сүйген, ата дәстүріндегі қандай қырғынды бастан кешірсе де, өзгенің байлығына көз сүзбейтін дархан бітімді ел батырының ғана аузынан шығар лебіз. Қандастарын жау тұтқынан босатуға барған атақты Қазыбек бидің қалмақ қонтайшысына қаймықпай айтқан сөзінде батырмен үндес ой болмаушы ма еді?! “Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз” – деп басталатын монологында “найзаға үкі таққан елміз” дейтін сөз бар. Міне, арғы тамырын еркіндікті ту еткен бабалар дәстүрінен алатын тектіліктің Қабанбай батыр аузымен тағы бір шегеленуі келер ұрпаққа айтылған аманаттай қабылданады. Дәл осы сөзге жалғас батыр ұлы Мөде ханның антқа бергісіз асыл ойын пікіріне өзек етіп алуында да үлкен мән жатыр. Дұшпанның иелігінде қалған кіндік қаны тамған туған жерін, дүниедегі ешбір асылға айырбастамайтын ата-мекенін қайтаруды мұрат еткен батыр өмірін де, бар байлығын да мансұқ етуге дайын.

Жиын үстінде Дарабозды іле-құптай кететін батыр да, би де көріне қоймайды. Ақ патшаның айбынына алыстан арбалған Шақшақ Жәнібек пен Бөгенбайды былай қойғанда, қайраты қайтпаған Барақ сұлтан мен Қанжығалы Бөгенбай батыр да хан емеурін танытпаса, сөйлеуге құлшынып отырған жоқ. Әйтсе де олар ел шетін еркін жайлап жатқан қалмаққа қарсы бас көтеруден тайсалмақ емес. Тақ иесі Әбілмәмбет болғанмен, тізгін иесі Абылай екендігі осы тұста айқын аңғарылады. Уақыт өткен сайын бірлігі ыдырап, ірілігі кеміп бара жатқан жұртының осал тұсы жанын осқан Орта жүз ханы Абылай сөзінде тығырыққа тірелген қалың елін қапастан құтқарудың жолын іздеп аласұрғаны аңғарылады. Оның: “Қазақты құртатын жау сыртта емес, өз бойымызда, ниет пиғылымызда. Оның аты алауыздық, береке-бірліктің жоқтығы. Сірә осы дерт түбімізге жететін шығар бір күні...” – деп басталатын толғау сөзі сол күннің ғана емес, бүгінгі уақыттың да тамырын тап басып тұрғандай. Тіпті

“Ақтабан шұбырынды” қасіретінің басты себебі де осы алауыздық болғанын пайымдайды. Бейғамдық пен етекбастылықты батыр елдің жігерін мұқалтқанын ескертеді. Сөз түйінін ақ патшаның тарапынан зәредей көмек болмайтынын, жолбарыстан қашып арыстанның аузына өз еркімен барып түсу өзін-өзі жоюмен бара-бар екенін шегелеп айта келе, қиындықтан алып шығар қия жол өз жеріңе өзін ие болу, ол үшін елдік дәстүрді өрлік болмыспен сақтап қалу деп тұжырымдайды. Міне, роман-дилогияның беташар бөлігінде ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел қорғаған ер Қабанбайдың өмір сүрген дәуірінің шындығы осылайша ашыла түседі.

Ең алғаш Ойраттың ойранын жеті жасар кезінде көрген Ерасылдың көз алдында одан кейінгі талай шайқастар өтеді. Алғашқысында әкесі Қожағұл жау салған ауыр жарақаттан мерт болады. Араға жылдар салып, атап айтқанда, 1711 жылғы қалмақпен қақтығыста ағасы Есенбай қаза табады. Тоқтабарлықтан қопарыла көшкен қалың елдің арасында көзден аққан жасы жүрегіне шер боп қатқан жас ұланның ата-жауға деген кегі күшейе түседі. Аракідік шайқастарда ата дұшпанды Алакөлге дейін тықсыра қуған жайлар болғанмен, атажұртын аңызға бергісіз әңгімелерден ғана танып өскен Ерасылдың көкейінде сол өлкеге деген сарғайған сағыныш қана емес, намысты ердің жігерін қайраған өрлік те қатар бой көтерген. Қазақ даласының әр тұсында өткен жан беріп жан алысқан сан шайқаста батырлығымен ел аузына іліккен Қабанбайдың ерлігіне сүйінген Абылайдың “Дарабоз” деп ат қойған тұсы осы кез. Бір басына бағы мен бақыты жетерлік батырдың күндіз күлкісін, түнде ұйқысын қашырған жазылмас дерт – ата-мекенінің жау аяғына тапталып жатқандығы. Хан ордасындағы ұлы жиында Қабанбай көңілін күпті еткен осы жайды көпшіліктің талқысына салады. Хан аузынан жарлыққа бергісіз қисынды сөздің шығуы мұң екен батыр да өзінің ішкі байламын біржола бекітеді.

Алтайдан Атырауға, Алатаудан Сарыарқаға дейін созылып жатқан Ұлы Даланың төсінде салтанат құрған бейбіт тіршіліктің, жазасыз бітімгершіліктің түпкі төркіні адамның адамға деген сенімі мен құрметінен бастау алатыны таң қалдырмай қоймайды. Тәуелсіздіктің тұғырын текті ұғымнан қалаған түркі дүниесінің даналық жүйесі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған, адалдықтың ақ жолын аттауды ата салтқа жасалған опасыздық деп түсінген түйсікті жұрттың бірінші соты өз ары болғанға ұқсайды. Сондықтан да болар “Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы” – деген сөз ешбір заңмен бекітілмесе де, әр адам үшін адастырмас ақиқаттың алтын қазығы болып қалыптасқан. Романда осы бір ұлттық ұлы дәстүр Неплюевтің бір ауыз сөзі арқылы ұтымды берілген. Әбілқайыр ханды опасыздығы үшін мерт еткен Барақ сұлтанға кесім айту үшін орыс жағы Қазыбек биге арнайы хат жазып алдыртады. Мұндағы жымысқы саясат би мен ханның арасындағы салқындықты пайдаланып, кешегі өздеріне бас ұрған Кіші жүз ханын білдірпей ығыстырып жіберу.

“Сонымен ертең билер соты, – деді Артем Денисович көк жүзінде қалқып жүрген жалқы қыранға қарап отырып, – Айтпақшы, бұл елде не түрме, не зындан, не жер аудару сияқты жазалау орны жоқ қой. Барақ сұлтанға билер қандай жаза кесуі мүмкін? Қызық... Сонда бұл ел сотсыз, абақтысыз мына байтақ даланы қалай тәртіпке келтіреді екен? Сотқары мен содырын, ұрысы мен қарақшысын қалай тияды?” (177-бет). Бірақ Неплюевтің арам пиғылы халықтық салтқа сатқындық жасамайтын арда ұлдардың бір ісін ақ күйреп қалады. Алыс жолдан келіп түскен Қазыбектің алдынан Абылай хан өзі шығып, би атының басын ұстайды. “Ол осы қылығымен ақ арадағы тоңды ерітіп жібергендей болып еді. Бұған халық та, Қазыбектің өзі де дән риза болды. Кәрі би аттан түсіп, Абылайды құшақтағанда, жартастан сығылып шыққан сөлдей көзінде екі тамшы жас тұрды. Осы бір көріністе ағайынға деген сағыныш та, кәрілікке шаққан мұң да, кішіге кешірім де жатыр еді”. Қарасын ханы сыйлаған, жасы үлкенді аға тұтқан салтанатты бір дәстүр ізгі жолдың бастауы секілді болды. Сонымен қатар мұнда ханның тағынан бидің бағын жоғары бағалайтын ұлттық ғұрыпта бой көрсетеді.

Әлде-неше күнге созылған билер сотының түйіні елін сатқан адамға ел билеген хан болса да кешірім жоғын айғақтайды. Дәрежесі тең Әбілқайыр мен Барақ сұлтанның арасындағы қан төгіс, жан беріс Қасымханның қасқа жолын, Есімханның ескі жолын, Әз Тәукенің жеті жарғысын тірек ете отырып қара қылды қақ жарған Қазыбек бидің аузымен айтылған адал шешімге бұлтартпай бас игізеді. Кіші жүздің жоқшысы даугер Сырлыбайға қарсы ақтаушы Боранбай бидің кесімді сөзі кесірлі дерттің алдын алғандай әсер береді. Көшелі ойдың иесі Қазыбек би тарих алдында өзін де аямайды, ақтық сөзін айтады. Сөйтіп, иілген басты қылыш шаппайтын елдік салтқа жүгінеді. Ең соңында осы бір әділ төрелік қалғып барып, қайта оралған сананың серпілісіндей, ыдырап барып қайта біріккен жұрттың бүтіндігіндей болашаққа бастайтын берік байламға әкеледі. Аңызға бергісіз ақиқат түйіні арқылы ұлттың ұйытқысы сол ұлттың өз құндылығын жоғалтпау екендігін жазушы және бір қырынан ашады. Саналыға ой салар сара жолдың соқпағын көркем сөздің қуатымен жеткізген жазушы шеберлігі егемен елдің еңсесін тіктеп ертеңін ойлар шағында әділдіктің ақ туын жоғары ұстар жөн жоралғының тамыры тереңнен басталар ұлттық құндылықта екенін осылайша тұжырымдайды.

“Іштен шыққан жау жаман” – дейтін қазақ даналығының айқын дәлелі айықпас дерттей жабысқан таққұмарлық салдарынан елді ірітудің басы болған XVIII ғасырдың аласапыран аумалы-төкпелі қым-қуыт қырғындары толастамай тұрған сол бір жылдарында Қабанбай батырдың көрегендігі романда өзгеше өріммен кестеленеді. Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартатын әділетсіз заңдылықтың илеуінде кетпей, елін қорғаудың ұтымды амалын іздеген батыр әбжылан жауды басынан айыруды көксейді. Ел бүтіндігін ұлыс мүддесінен жоғары қоя алатын ата салттың жолында адалдығынан танбаған өр Қабанбай Оңтүстіктегі туғандарын жау қолынан азат етуге бел байлайды. Ол Бөгенбайдың

уәжіне өз пікірін қарсы қояды. Осы тұста Абылай хан да тұйыққа тірелгендей болады. Қол астындағы қос тіреу Қабанбай мен Бөгенбайдың жорық дауы ханның көрегенділігіне ғана емес, білігіне сын болады. Бірінің артында алты алаштың ағасы, азуы алты қарыс Арғын, екіншісінің артында батыр ұлдары көп қарағаштай қалың Найман. Оның үстіне екеуі де елі үшін жанын қияр есіл ер. Бірі – ақ алмас, алдаспан, екіншісі – қайраусыз қара қылыш. Міне, жолайрықта екі оттың арасында қалғандай болған ханның сүйенер киесі – Бұхар жырау. Қайсар қарт жырау кесікті пікірін өлең сөздің құдіретімен он шешіп береді.

Әй, Абылай, Абылай!
Мен сені көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет патшаға
Қызметкер болып тұр едің.
Қалқақтап жүріп күнелтіп,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің.
Сен жиырма беске келгенде,
Алтын тұғыр үстінде
Ақ сұңқар құстай түледің.
Дәулет қонды басыңа,
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйінде түнедің,
Алыстан тоят тіледің...
Уа, сен Қанжығалы Бөгенбай,
Тақымы кеппес ұры едің,
Түн қатып және жүр едің,
Қабанбайдан бұрын найзанды.
Қай жерде жауға тіредің?! – (209-б.)

деп, сөз бетін қалай бұрылатынан хабар береді. Істің оң шешім табу үшін жеке бастың беделін тәкаппарлықпен құрбан ете алар тектіліктің шынайы үлгісін асыл туған Абылай осы жерде және бір көрсетеді. Көмекей жыраудың дуалы аузынан шыққан әр сөздің алты арысқа таралып, сан ғасырдан көктеп өтіп бар ұрпаққа жетерін жүйрік көңіл сезе тұра оған қарсы келмейді. Қара бастың қамынан халқының жайын жоғары қояды. Тәуелсіздік пен еркіндіктің жұлыны өзара түсіністікте, зорлық зомбылықта емес, зайырлы сыйласымда екенін өз әрекетімен мойындаттырады. Осылайша Абылай алдағы күндердің межесін берік етіп бағамдайды. Қазақ қолы Қара шаңырақ Қаратау мен ту тіккен орда Түркістанға қарай сапарға

аттанады. Мұнда да Абай көкसेген алауыздықтан ада ел бірлігінің алтын желісін құрайтын білімді сөздің білікті таным арқылы ел мүддесіне қызмет етер елдік дәстүрі салтанат құрады.

Баһадүр Қабанбайдың бастауымен талай-талай шайқасты бастан өткізген қазақ әскері оңтүстік аймақты ойраттан тазартады. Әр белес, әр шаһар асқан сайын ата-жұрттан қалмақтарды аластауға жанын салып жанжалдасқан батырлардың мерейі өсіп, мәртебесі биіктейді. Жазушы осы кезеңде Үйсін Төле бидің тарихтағы ала бөтен ерлігін кең көсіліп көрсетеді. Ел аузындағы аңыздарда дау-шарда әділдігімен аты шыққан ұлы бидің, ел басына күн туғанда батырларға айбын дарытқан асқаралы тұлғасын, біреу білсе, біреу білмейтін сан қатпарлы тарихи бейнесін уақыт шаңынан тазартып жарқырата ашады. Бір жағынан, ойраттың ойранынан халқын сақтау үшін тәуекелге басын байлаған тіпті оларға аманат ретінде өз ұрпағын беруден тайсалмаған қажырлы биді көрсек, екінші жағынан, туған елдің төсінде тағдыр тоғыстырған құрама елдің басын қосуды көкसेген, алты ауыз ағайынның арасында бірліктің жаршысындай қарлығаштың қанатымен су сепкен көсем де көреген биді танимыз. Билік тізгіні ойрат қолында болса да, олармен тіл табысып, жарты билікті қолында ұстаған ғұлама қарттың бар арманы Арқадан келген қазақ әскерін көрген кезде шынға айналады. Саясат пен ұлт мүддесін тең ұстап, ұлы мұратына қол жеткізген Төле бидің кеменгерлігі қазақтың бірлігін сақтаудың кепілі болып тұрады. Табаны өз жерінде тұрса да, өзгенің үстемдігін көріп өскен бір ұрпақтың жалтақ мінезі қалыптаса бастағанын қырағы батыр көзі қиядан шалады. Кешегі ақтабан шұбырынды кезінде түстікке қоныс аударған өз қандастарының ата жұртын жау қолынан тазартуға ниет танытпауы, әліптің артын бағып кейінге ысыруы батыр жүрегіне сызат түсіреді. Елдік пен ерлік, бірлік болмай еркіндікке жол аша алмайтынын бағамдайсыз.

Бірінші кітап Қабанбайдың ата қонысын жаудан азат еткен ерлігін қазақ даласының түкпір-түкпіріне сүйінші сұрай жаушы аттандырған аламан қуанышымен аяқталады. – Теңіздей толқыған ұланғайыр далаға бақыт сыйлаған баһадүр Қабанбай өз заманының заңғар ұлы. Мерейі тасып көңілі шалқыған Дарабоздың иығынан ауыр жүк түскен сәтте де көңіл тереңінде бір тілек еріксіз бой көтереді. Кітап Қабанбайдың ішкі монологымен аяқталады: “Я, пәруардігар! – деп тіледі сардар, көзінен қуаныш жасы парлап тұрып, – қазақ жерін қан төге, тер төге жүріп, көп машахатпен бір азат етуін еттік-ау! Енді тек осы жеңіс, осы бостандық баянды болғай!” Ақ жүректен жарып шыққан адал тілек бұл арада екі жарым ғасыр өткен кезеңде де, тәуелсіздікке қол жеткен тұста да бабалар аманатындай жаңғырып тұр.

“ПОТОК СОЗНАНИЯ” В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ: НОВАТОРСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ И ТРАДИЦИИ

Впервые термин “поток сознания” (stream of consciousness) был введен в научный обиход в 1874 году американским психологом Уильямом Джеймсом в книге “Основы психологии” и обозначал сам психический процесс как плавно текущий, не предполагающий никаких “разрывов”. “Процесс мышления заметным образом непрерывен”, отмечал У.Джеймс, - все наша жизнь есть “непрерывная последовательность ощущений, /.../ при почти незаметной смене устойчивых и изменчивых частей потока сознания” [1]. В мировом литературоведении и искусствознании понятие “потока сознания” стало активно использоваться только в XX веке, что было не случайно, и предопределялось как прежними завоеваниями литературы (речь от первого лица, внутренний монолог), так и бурным развитием естественнонаучных дисциплин, появлением новых дефиниций, открытий в сфере углубленного изучения центральной нервной системы, функциональных возможностей мозга и иных фундаментальных проблем. Самыми значительными в этом отношении для литературы и других видов искусства, конечно же, стали открытия, сделанные выдающимися учеными Анри Бергсоном, Зигмундом Фрейдом и Юнгом.

Как совершенно справедливо, на наш взгляд, замечает Т.В.Балашова: “/.../ Ориентиром для психологического романа XX века станет имен другая форма внутреннего монолога – поток сознания, причем, при соединении как бы двух уровней: во-первых, характеристика самого процесса мысли, как правило, алогичной, путаной, отражающей абсурдность самого мира; во-вторых, характеристика манеры передачи этой мысли – с не расчлененным речевым потоком, повторами, смешением временных планов, так и разнонаправленных оценочных суждений, вовлекаемых в общее русло внутреннего монолога” [2, 159]. Далее исследователь рассматривает этапные в формировании “потока сознания” в качестве новой художественно-стилевой и концептуальной формы произведения Пруста, Джойса, Г.Стейн, В.Вулф, Фолкнера, Сekliна, Р.Олдингтона и др.

Искусство XXI века, иницируя и развивая принципиально новые художественные парадигмы (например, виртуальное творчество), тем не менее продолжает традиции предыдущего века. Большие возможности для современной литературы заложены и в рассматриваемом приеме “потока сознания” представляющем часто основным средством раскрытия внутреннего мира героя, его мироощущения и мироощущения.

В этом отношении казахская проза последних десяти-двадцати лет активно осваивает новые для нее техники и приемы художественной выразительности,

репрезентуя большую “жанрово-стилевую свободу” (Н.Джуанышбеков). При этом она сохраняет национальную специфику и развивает прежние литературные традиции углубленного психологизма и философско-экзистенциальной направленности.

Наглядно демонстрирует эти поиски и эксперименты творчество последних лет М.Магауина, Р.Сейсенбаева, Х.Адибаева, А.Жаксылыкова и многих других. Так, можно говорить об исключительном преобладании в художественно-стилевой структуре романа-трилогии “Сны окаянных” [3] А.Жаксылыкова вышеназванного приема “потока сознания” “Поток сознания” превращен в концепцию романа, по сути это квинтэссенция художественного постижения “иной” реальности писателя.

Многостороннее использование мифа, легенд, сказаний, аллегии, притчи и иных – вкпе с разработкой непосредственно реально-исторического и бытового планов составляет одну из ярких сторон трилогии А.Жаксылыкова. Он словно пробует много разных подходов к интерпретации, представляя и разрабатывая иногда голоса запредельного мира, мира по ту сторону бытия. В названной книге А.Жаксылыкова мы находим новые образы-метафоры: “стулья – обком партии” “женщина-ведьма”, “женщина – кошка” вообще человеко-звери разных ипостасей со знаком “плюс” или “минус” Мир предстает то фантастически уродливым и гнусным сообществом человеческих существ, их пороков, тщательно скрывааемых и тайно любимых, то гармоничным, открытым, добрым, позитивным, как правило, этот мир – природа, Степь до прихода т.н. цивилизации. У А.Жаксылыкова поток сознания осложнен и обогащен дополнительными корреляциями, взаимосвязями: сравнением прошлого с настоящим и возможно будущим, причем воспоминания героя прерывисты и размазаны, отрывочны, иногда на уровне интуитивно-подсознательного мирочувствования.

Подобное, но в гораздо меньших масштабах изображается и в книге “Созвездия близнецов” [4] Х.Адибаева: его герои и антигерои живут в разных эпохах, но время и пространство настолько изменены, что возникает ощущение эфемерности бытия как такового. Разрывы между настоящим и прошлым настолько велики, что вмещают жизнь отдельного человека, все отмеренное ему время.

У А.Жаксылыкова, как правило, речь героя, обращенная к самому себе, облачается в большое монологическое целое, одно без перерывов и отступлений предложение, объемом в половину или всю страницу: интуитивное, подсознательное, прошлое, настоящее и будущее проявляется в необъяснимых иррациональных образах, отрывочных воспоминаниях и размышлениях о смысле жизни, человеке, мире, в котором он как будто бы живет и в то же время в котором его нет. Для примера приведем отрывок: “Одновременно ты интуитивно понимал, что если бы явь оказалась чьим-то сном, непостижимым, немислимым, неписуемым, если все это предстало бы сном, навязанным тебе

исподволь, незаметно, сном, где земляничный, гулкий, овеванный жужжанием луг, измеренный твоими шагами несчетное количество раз, перепелка Бодонь с глазами влюбленной женщины, добрые коровы, ленивые быки, уснувшие вливнях травы, бесик, поющий всю ночь плачем ребенка, твоего братика или сестренки, метельный ветер и фигуры солдат в остроконечных шапках, последний взгляд отца, вопрошающего о чем-то, страшные глаза голодной матери, могилы вдоль дороги, вереницы могил, утроба земли – воющая мгла шахты, завывающей голосом одинокого, забытого во тьме мальчика, возвращение на зимовку предков, шаги по травам забвения, травам, забывшим шаги человека, поле коммуны “Оян бирлик” густое пшеничное поле, лоснящееся от силы зрелости и солнца, желтый ветер, бегущий по волнам спелой пшеницы, танец вокруг горы зерна, пляшущие счастливые люди, черные кожи, содранные с боков коров и быков, застегнутые наглухо до горла, взгляды, налитые негибимым намерением исполнить приказ начальника, взгляд, тлеющий давней ненавистью, взгляд двоюродного брата, влюбленного в твою женщину, последняя гора и прощальный взгляд, пепел и черный дым над полем, над первой и последней коммуной – все это, если оказалось бы чьим-то сном, все равно ты выжил бы и вернулся из ада, из льдистой ночи, разорванной лаем псов злых, выжил бы и вновь вернулся, чтобы найти ее и заглянуть в глаза – звездные ночи женщины серны Куралай, вернулся бы, чтобы найти ее, заглянуть в глаза, узнать ту самую улыбку, вспыхнувшее, словно черное солнце, словно последнее светило уходящего лета” [3, 167-168].

Автор, используя дальние ассоциации, метафоры и эпитеты одного или противоположных семантико-эмоциональных планов, создает атмосферу мистико-магической дымки сознания, в котором пребывает герой, самоотстраненный, самозабвенно предающийся воспоминаниям о том, чего нет и, возможно, не было. В романе одним из сквозных мотивов выступает сон: “И опять твое сознание плутало в лабиринте долгих снов” [3,353].

Поток сознания у А.Жаксылыкова формируется одновременно фиксацией, детальным перечислением возникающих образов, мыслей и их аналитическим расчленением, ярким контрастом между тем, что видит и как видит герой и тем, что есть на самом деле. Из вышеприведенного отрывка: “утроба земли – воющая мгла шахты” возможно, это шахта одного из подземных сооружений, где проводились испытания, и она предстает в воображении героя изуродованной матерью-землей былой Великой Степи; или своеобразная градация образов-мотивов: образ золотистого пшеничного поля, вполне реальный, конкретно-исторический, хотя и обезличенный образ коммуны и “застегнутые наглухо до горла, взгляды, налитые негибимым намерением исполнить приказ начальника, взгляд, тлеющий давней ненавистью” и т.д. В этом отношении, на наш взгляд, А.Жаксылыков блестяще продолжает, хотя и на местном материале и отталкиваясь от национальной культурной традиции, что делает роман еще более привлекательным с точки зрения нахождения

новаторских для казахской литературы подходов, традиции Пруста и Джойса. “Нарративные модели Пруста и Джойса, привнеся много нового, помогли открыть непознанные ранее сферы духовного мира личности, но в каком-то отношении представили этот мир принципиально непознаваемым. – отмечает Балашова Т.В.- Запечатлена метаморфоза, произошедшая с человеческим сознанием к XX веку: исчезли ясные контуры внешнего мира, все предстает изменчивым, зыбким, пугающим...отчужденность воспринимается даже менее болезненно от того, что торжествует повсюду, адекватна закону бытия” [2, 175-176, курсив наш – А.С.].

Созданию подобного сложного впечатления о мире, на первый взгляд, скомканном, пугающем своей дисгармонией, переполненном антонимичными образами, взаимоисключающими мыслями, эмоциями, и одновременно отчужденном от героя, способствует широкое использование вольно интерпретированных местных (и не только) мифов, создание своей авторской мифологической картины мира (мы бы это назвали авторским мифологизмом), что также является одним из характерных черт потока сознания. Вообще мифологическое сознание в том или ином виде как одно из характерных свойств многопланового художественного видения наравне с экзистенциальной проблематикой присутствует практически в творчестве большинства ведущих казахских прозаиков. Многоплановость, как один из самых продуктивных художественно-стилевых методов современного искусства слова, позволяет донести сложный спектр заявленных идей и тем до сознания современного читателя. Их преломление в нескольких планах, через различные сюжетные линии, систему лейтмотивов и мотивов, позволит раскрыть саму идейно-художественную концепцию автора, его преобладающее мироощущение. Это свойство современной литературы отчетливо видно в исследуемом произведении А.Жаксылыкова.

К примеру, тотемический образ волчицы, не единожды интерпретировавшийся в литературе, здесь дан как образ “женщины-волчицы” охраняющей и поддерживающей героя в трудные минуты. Или сон героя о мессии и Иблисе, где вновь появляются образы человеко-зверей, выбирающих вещи согласно своей внутренней сущности и тщательно скрываемым наклонностям: “...острые специи для пищи раздоров – беспокойные завмистники – гиены и шакалы; картины великих художников – слепые гордецы; разнообразные яды купили соглядатаи правителя – юркие сноты; игральные кости – мошенники и воры,; дешевую бижутерию расхватали прождажные женщины – кошечки в мехах; глубокие сундучки – жирные коты-мздоимцы; плети, дубинки и наручники унесли жандармы – волки /.../” [3, 352]. Эти образы, равно как и сам художественный подход автора с его временами “сумеречным” сознанием достаточно новы для казахской литературы. С большой долей истины, на наш взгляд, можно говорить о новаторстве, литературном открытии – “поток сознания” в новейшей казахской литературе. Этот подход продуктивен

и интересен в то же время и потому, что являет собой синкретичный образ художественного мышления современных казахских прозаиков, имеющих не только сильную связь со всей предшествующей родной литературой, но и гораздо шире –использующих, составляющие целый пласт художественного обобщения и выразительности, признанные достижения мировой литературы. В рассматриваемом случае – эстетический опыт “потока сознания” в первую очередь, в творчестве Джойса, Пруста, Вулф, Олдингтона и других.

Роман “Сны окаянных” А.Жаксылыкова удивляет искушенного читателя своей многофункциональной лингво-литературной и культурологической направленностью, расширенной полифонией и диалогизмом в бахтинском смысле. Обилие метафорических рядов, эпитетов и сложных философско-экзистенциальных и онтологических дефиниций, интертекстуальных параллелей нацелено на создание многомерного, объемного, противоречивого и порой непредсказуемого мира. Здесь интертекстуальность, доведенная до максимума, представляет собой скрытые заимствования, аллюзии, т.н. нечаянные “купюры” из произведений как российских, так и шире – мировой культуры и литературы. Например, образы животных: “вдохновенные песьи, ишачьи, бычьи и лошадиные морды пылали в огне азартной вакханалии” [3, 63], “то была печальная человеко-обезьяна” [3, 27], имена ребят из полигона одних из главных героев повествования – также несут эту стиливую нагрузку – Боря (от слова Боре - волк), Кабанбай, Уку-филин, Коян и многие другие. Это почти та же стилистическая постмодернистская и даже барочная тональность, что и у А. Кима в нашумевшей повести “Белка” вышедшей несколько ранее.

Автор творит иную реальность: мифическую, экзистенциальную, психологически предельную, “сорвавшуюся с катушек ленту пространства” [3, 23], в пределах цикличного и единого времени. “Иная” реальность А.Жаксылыкова многопланова и, на первый взгляд, даже хаотична. Переплетается и взаимодействует друг с другом множество планов: реальный, философско-мифологический, символический и другие. Так, оригинально разработана тема вселенского Исхода: с одной стороны, это реальное историческое событие – закрытие полигона и последовавший отъезд военных, с другой стороны – запустение, одиночество, замирание жизни. Автор акцентирует дорационалистическое, архаическое, мифологическое мышление в интерпретации как известных “вечных” вопросов бытия, так и в изображении конкретных событий. Чрезвычайный отъезд военных с полигона представлен как некий исход таинственного, страшного, мистического и потому непонятного, неизвестно откуда (точно из-под земли, что и было на самом деле) чудовища.

Трилогия “Сны окаянных” является сложным художественным целым с развитой постмодернистской, барочной, реалистической и сюрреалистической направленностью. Происходит своеобразное смешение методов, стилей, образов. Как отмечает Стеценко Е.А.: “Широкий разброс мнений по поводу природы постмодернизма отражает саму его многозначность и несомненную

эклектичность. Постмодернизм неоднократно сопоставлялся со стилем барокко (Л.Хатчеон, Ф.Варнке), с которым его роднят лингвистическая изощренность, искусственность, отношение к миру как к театру, а к искусству как к игре, интерес к трансцендентному и интертекстуальность” [5]. Барочное же начало в романе подтверждается нарочитой “дисгармоничностью, сближением контрастов, резкими стилистическими сдвигами, причудливой игрой форм, склонностью к усложненной, подчас зашифрованной метафорике, к парадоксу, гиперболе, литературной мистификации, к различным проявлениям барочного “принципа отражения” иносказания, подмены образов” [6].

В заключение хотелось бы отметить, что тщательно разрабатываемые приемы “потока сознания” соотношенного с ним “автоматического письма” в трилогии “Сны окаянных” А.Жаксылыкова репрезентует определенные новаторские тенденции, успешно осваиваемые современной казахской художественной прозой.

Использованные литературы:

1. Джеймс У. Психология. М., 1991. – С.63, 58, 65.
2. Балашова Т.В. Поток сознания. // В кн.: Художественные ориентиры зарубежной литературы XX века. – М.: ИМЛИ РАН. – 2002.
3. Жаксылыков А. Сны окаянных. Трилогия. – А., 2005.
4. Адибаев Х. Созвездия близнецов. – А., 2004.
5. Стеценко Е.А. Концепция традиции в литературе XX века. // В кн.: Художественные ориентиры зарубежной литературы XX века. – М. ИМЛИ.- 2002. - С. 63.
6. Барабаш Ю.Я. К проблеме “концы – переходы – начала” /В научном издании: История национальных литератур. Перечитывая и переосмысливая. Выпуск III. – М., Наследие, 1998. – С. 17.

Сейілбек Сәкенов

“МАНАШЫ” МЕН “МАНАШЫ ҰЛЫ ТҰЯҚБАЙ” ЖЫРЛАРЫ ЖӘНЕ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР

Мұрын жырау Сенгірбекұлынан жазылып алынған “Қырымның қырық батыры” эпопеясын құрайтын 36 жырдың екеуі – “Манашы” және “Манашы ұлы Тұяқбай” атты туындылар.

“Манашы” атты жыр “Қырымның қырық батыры” эпопеясымен қатар ноғай халық жырларын жинаушы Әбдул-Хамид Жәнібековтің “Сөз қазынасы” аталатын төрт томдық қолжазба жинағында да кездеседі. Ал “Манашы ұлы Тұяқбай” жырының сақталуына Мұрын жыраудың өнерпаздығы ғана себепші болған.

Өкінішке орай, “Манашы” жырының Мұрын жырау нұсқасы бізге тек үзінді күйінде ғана жетуі, ал Ә.Жәнібеков жинағындағы нұсқасы

әлі жарияланбағандығы бұл туындыны толық күйінде елестетуге кедергі келтіреді.

Дегенмен, біз қарастырғалы отырған екі туындыны салыстыра талдау барысы да жыршылық дәстүрдің, эпикалық импровизацияның табиғатынан біршама хабар береді.

Бұл шығармалардың бас кейіпкерлерінің өмірде болғанын айғақтайтын ескерткіштер – жоғарыда аталған рухани қазыналар мен Маңғыстау облысының Бейнеуге жақын тұсындағы сайдың Манашы деп аталуы.

Отыншы Көшбайұлының “Маңғыстау” газетінің 2002 жылғы 14 қарашадағы санында жарық көрген мақаласында Маңғыстау өлкесіндегі Ащыағар сайының Манашы атануына, Аралтөбе шыңының Күйкенұшқан атануына біз тоқталғалы отырған жырларға арқау болған оқиғалар себеп болғаны туралы жазылған.

“Манашы ұлы Тұяқбай” жыры Ащыағар сайының бойында отырған Ноғайлы еліне көп әскерімен ындыс-қалмақ деген жау келіп, ноғайлының ақылшысы – Орманбет биді шақыртып алып, өздерінің қол астына кіріп, айтқандарын қылуды, солардың жолымен жүруді талап еткенін баяндаудан басталады.

Оларға: “Мен сенің айтқаныңа көнбеймін. Елімде он бір биім бар. Содан хабар аламын. Солар: “Көн”, – десе, көңемін. “Көнбе”, – десе, көнбеймін”, – деп жауап берген Орманбетті сол келімсектер өлтіреді де, қалған билерді шақыруға адам жібереді.

Тарихи деректер Орманбет би өмір сүрген уақытта қалмақ басқыншылары шынында да Ноғай Ордасы орналасқан жерлерге агрессиялық пиғылмен оқта-текте келе бастағанын аңғартады.

Бұл туралы В.Трепавлов: “С калмыками ногаи в ХУІ столетии сталкивались эпизодически. Те изредка появлялись в пределах их коче-вий, получили отпор и откатывались назад. До поры до времени улусы левого крыла успешно отбивали из набег”, – деп жазған (1, 371-372).

Шейх-Мамайұлы Ақ 1556 жылы өзінің ІҮ Иванға жазған хатында қалмақтардың қаупі жойылғандығына байланысты шығыс әскерінің қалмақтар жақтан Еділге қарай орын ауыстырғанын хабарлаған (2, д. 4, л. 364).

1560 жылы Астрахан стрелецтері Сарайшықтың маңында көптеген қалмақтарды тұтқындағаны туралы мәлімет сақталған (2, д. 5, л. 192).

Бірақ одан кейінгі көптеген жылдар ойраттарды еске алу байқалмағанымен, 1578 жылғы үйлестіру съезінде Орыс би Шейх-Мамай балаларының кәдуілгі міндеті “қалмақтарға тосқауыл болу” екеніне арнайы тоқталған (2, д. 8, л. 236). 1587 жылы Оразмұхамедтің (Орманбеттің) де қалмақтарды шабуға дайындық жасағаны белгілі (2, 1587г., д. 5, л. 22). В.Трепавлов сол кезде Ноғай Ордасында тайбұға міндетін атқарып жүрген Оразмұхамедтің бұндай әрекетке бой ұруының себебін: “Его удел (“тайбугинская страна”) находился как раз по соседству с иртышскими и тоболскими кочевьями калмыцких предводителей-тайшей. Это пожалуй, первое и единственное свидетельство для второй половины ХУІ в. о конфликте с калмыками по инициативе ногайской стороны”, – деп түсіндіреді (2, 372).

Демек, ноғайлардың жырда басқыншы ретінде бейнеленуі тарихи шындыққа сәйкес келеді.

Бірақ бұл келтірілген деректер Орманбет биді қалмақтар шапқыншылығының құрбандары қатарына қосудың реті келмейтінін байқатады.

Оның үстіне Орманбетті қалмақтар емес, өзінен бұрын билік құрған Орыстың, яғни, өзімен бірге туған бауырының балалары өлтіргені жөнінде Оразмұхамед ұлы Қара Келмұхамед: “И отец мой Урманбет князь от Урусовых детей умер, за то и Тин Махаммет князь умер; за то ж и Байтерек мурза от тех недрузей за то же умер”, – деп жазған (, 183).

Ал жырда “қалмақ” этнонимімен қосарлана айтылатын “ындыс” сөзі Үндістан халқының атауы деп білеміз. Біздің дәуірімізге дейінгі және осы заманның орта ғасырларындағы түркі халықтары мен үндістердің арасындағы қақтығыстар туралы деректер осындай тұжырымға негіз береді.

Жырда шақырған қалмақтарға бармақ болып атқа мінген он бір бидің жолшыбай Манашы мырзаның үйіне түсіп, оған:

“Мына жауға баралық,
Осындай қиын кездерде
Өшіруге жаудың оттарын
Ерлік айла біз істеп,

Соған барып қаралық”, – деген ұсыныс жасағаны, сондықтан Манашының оларға ергені және он бір бидің бір сұмдықты ойларына алғанын сезген Манашының анасы – Күйкен де оларға ілесе шыққаны баяндалады.

Шақырылған жерге барып, қалмақтардың талабын естіген он бір би шеткері шығып кеңес құрып, Манашыны міндетке беріп кету жөнінде ұйғарым жасап: “Міндетке бергенде, “Үш күнде келеміз”, – делік, үш күнде келмей, көшіп кетелік”, – деп келіседі.

Осылайша кепілдікте қалған Манашыны қалмақтар үш күн өткеннен кейін билер қайтып келмеген соң өлтіреді.

Баласы өлген соң қайғыменен бетінің ауған жағына қарай қаңғырып кеткен Күйкен қараңғыда Аралтөбе шыңының басына шығып кетіп, соның басынан құлап өледі.

Содан ары қарай жыршы:

“Сол кемпірдің ұшқан жері Аралтөбе шыңы еді. Содан кейін Күйкен деп аталады.

Он сан байтақ болсын жер.
Орманбет бидің өлген жер.
Күйкен сырты Манашы,
Манашы соның баласы.
Баласымен екеуі
Он бір бидей залымның
Айласымен бұлардың
Қаза тапты, қарашың,” – дейді.

Ал, татар шежіресінде Орманбет бидің аталған би мен Орыс би ұлы Жанарыстанның Сақмар өзені жағасындағы сұрапыл шайқасы кезінде қайтыс болғаны баяндалған (3, 84; 4, 52).

Жырда Манашыға опасыздық жасаған он бір бидің елдеріне келе салып, қарамағындағы халықты түгелімен көшіргені бейнеленген.

Шындығында Ноғай Ордасы халқының қалмақтардың шапқыншылығы салдарынан атамекенін тастай, үдере көшуі ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысындағы ойраттардың Ноғай Ордасы қоныстарына тұрақты түрде шабуылдауға көшуі салдарынан орын алған еді.

Дереккөздері Ноғай Ордасының биі Ештерек ұлысының адамдары қалмақтарды 1607 жылы Ембі өзені жағасында алғаш рет көргенін, ал, 1610 жылдары Самараның Лукасы мен Аралдың арасындағы жерлердің қалмақтар мен ноғайлар арасындағы тұрақты қақтығыстар алаңына айналуы ноғайлардың Каспий мен Астрахан жаққа ығысуына, олардың территорияларының елеулі бөлігі қаңырап қалуына ықпал еткенін, Хо-Урлюк бастаған ойраттар 1613 және 1619 жылдары ноғайларға ойсырата соққы жасағанын, осыдан кейін де талай рет сұрапыл шабуылдар жасаған қалмақтардың 1633 жылыдың соңы мен 1634 жылдардың басында ноғайлардың Еділдің оң жағына жаппай қоныс аударуына қол жеткізгенін айғақтайды (1, 411-415).

В.Трепавлов 1630 жылдардың соңында Ноғай Ордасының түпкілікті ыдырағанына: “Улусы бывшей Ногайской Орды рассеялись на огромном пространстве – от Сырдарьи до Дуная. Одна их часть подчинилась Крыму, другая султану, третья влилась в Малую Орду, четвертая примкнула к калмыкам, пятая – к казахам и т.д.” – деп тоқталып (1, 411), бұның ең басты себебін: “Одним из решающих факторов утраты ногаями своих исконных территорий явилась экспансия калмыков”, – деп түсіндіреді (1, 411).

Қалмақтардың ноғайларға одан кейінгі уақыт ішінде де тыныштық көрсетпегенін Ш.Уәлихановтың: “Ногайцы, как известно из истории, так и согласно преданиям, обитали в степях киргизских (казахских – С.С.) до 1680 года, до движения (Хо) Урлука, главы торгоутов, из Тарбагатая”, – деп жазуы да (5, 386) аңғартады.

Ал, жырда ноғайлардың туған жерін тастай босуы Орманбет бидің өлімінен кейін іле-шала болған оқиға ретінде көрсетілуіне түркі халықтарының көпшілігінің тарихи жадында өзгеріссіз сақталған.

“Орманбет би өлген күн,

Он сан ноғай бүлген күн”, – деген тармақтардан басталатын естеліктің әсері болғаны анық.

Дереккөздері Ноғай Ордасының жоғарыда көрсетілгендей түпкілікті іріп-шіруі шынында да Орманбет би мен оның ең жақын адамдарының Орыс би ұрпақтарының қолынан өлуінен және өз кезегінде Орманбет бидің бауырлары мен ұлдары да Орыс ұрпағының бірі – Саты мырзаны өлтіріп, кек алуынан (1, 383) бастау алғанын аңдатады.

Ноғай Ордасы басшыларының арасында болған осындай кісі өлтірушіліктердің арты ушыға түсіп, ең соңында орыс тарихшыларының еңбектерінде “Третья Смута. Агония Орды” деп аталатын, түркі халықтары: “Он сан ноғай бұлған күн”, – деп еске түсіретін қасіретті кезеңге алып келіп соққан.

С.Қасқабасов өзінің “Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы” атты мақаласында кейіпкердің ғайыптан тууының белгілері қатарына жататын дәстүрлі мотивтердің бірін: “Кейіпкер-батыр дүниеге келерде міндетті түрде бір төтенше оқиға болады: болашақ қаһарманның не әкесі, не шешесі қаза болады, я болмаса, олар қуғында жүреді. Немесе ол туар кезде елді жау шабады, т.т.

Қалай болғанда да, болашақ батырдың тууы бір ғаламат жағдаймен тұстас келеді. Бұның өзі жаңа туып жатқан сәбидің осал еместігін, оның келешекте керемет адам болатынын көрсетеді”, – деп атап өткен (6, 260).

Осындай жағдайлардың барлығы біз қарастырып отырған жырда Манашы ұлы Тұяқбай дүниеге келер алдында да болады.

Манашы мырза өлер алдында анасына:

“Иесіз қалды-ау, шешеке,
Жинаған дәулет-қарамыз.
Тым болмаса, болмады-ау
Иесі боып қалатын

Бір сәби де балаңыз”, – деп ұлсыздығын мұң етіп шағады.

Оның әйелі мен қызы босқан ноғайлардың соңынан жылжи отырып, көшкен елдің жаңа қонысының шетіне орналасқаннан кейін үш күн толғатып бір ұл табады. Оның атын “Батырдан қалған тұяқ”, – деп, Тұяқбай қояды.

Тұяқбай бес жасқа келгенде, өзінің әкесі жөніндегі шындықты шешесінен сұрастырып біліп алады да, шешесінің пышағын ұрлап алып, он бір биді іздеуге кіріседі. Содан бес күн өткен соң бір ауылда қонақ болып жатқан он бір биді ұйықтап жатқан уақытында жарып өлтіреді.

Он бір бидің өлгенін білген жұрт билердің өлімін Тұяқбайдан көреді де, сол он бір бидің отыз баласы өздеріне Орманбет бидің балсы – Әлиді басшы етіп алып, Тұяқбайға келеді. Тұяқбай он бір биді өлтірген өзі екенін мойнына алған соң. Он бір бидің баласы бұл істің шешімін Әлиге жүктегені жырда былай аңғартылады:

Сонда Әлиге: “Өзің бар, не болса да, Тұяқбайға айтып көр”, – деді. Әли келіп, Тұяқбайға:

“Өліп кеткен он бір би,
Оның болсын жазасы,
Манашыны өлтірген,
Тартсын өзінің сазасын.
Кел, сіздің үйге кетелік.
Аз ғана ноғай еліміз,
Ұрыс ашып арада,

Құр жау болып, не етелік!”-дейді.

Бұл ұсыныс қалай қабылданғаны: “Тұяқбай Орманбет бидің баласымен дос болады. Сонда бұлар барлығы Манашының аулына келіп түседі. Манашы аулы үлкен сый-құрмет көрсетеді”, – деп баяндалады.

Содан кейін бір ай өткен соң Тұяқбай Әли бастаған он бір бидің отыз баласын ертіп алып, жауға аттанып, әуелі Манашыны өлтірген ындыстардың басшысы – Мейрамханды жекпе-жекте өлтіріп, сонан соң Мейрамханның қасындағы мың әскердің сегіз жүзіне де өлім құштырып, қалмақтың қаласына барып, оны да алып, Мейрамханның баласын да өлтіреді.

Жыр:

“Тұяқбай батыр өтіпті,

Мұрадына жетіпті,

Алып беріп ел кегін”, – деген тармақтармен аяқталады.

Әдетте фольклор туындылары түгелге жуық осылайша жағымды кейіпкердің барша мұратына жетуімен тамамдалатыны, бұндай көркемдік шешім халық арманының көрінісі екені баршаға аян.

Халықтың оптимистік рухына негізделген осынау игілікті дәстүрдің Мұрын шығармашылығындағы қызықты бір құбылысқа себепші болғанына біз “Манашы” және “Манашыұлы Тұяқбай” жырларын салыстыра оқу барысында куә боламыз.

“Манашы” жырының бізге жеткен үзіндісі отыз бес тармақ өлең мен олардың арасын байланыстырып тұрған қара сөз түріндегі он бір сөйлемнен тұрады.

Аталған жырдағы ортақ жерлер төмендегідей:

“Манашы” жырының үзіндісінің басындағы:

“Он сан ноғай бүлген жер,

Орманбет бидің өлген жер .

Күйкен сырты Манашы”, – деген жыр тармақтары Тұяқбай туралы жырда дәл осындай қалыпта кездеседі.

Манашының үш жасар қызының Манашы мен Күйкенді қалмақтарға міндетке қалдырып, елге оралған он бір бимді қапталдай жүгіріп:

– Көкем қайда Манашы,

Қасындағы қайда апасы? – деп сұрауы, оған он бір бидің:

– Құрғыр, әкең келеді, – деп жауап беріп, өте беруі, қыздың үйіне келіп, шешесіне өзінің жорамалын:

– Әкем менің өлген – ді,

Өлгенін шешем көрген – ді.

Сосын келмей қалған – ды.

Ноғайлы босып көшер, – деп білдіруі екі жырда да өзгеріссіз қайталанады.

“Манашы ұлы Тұяқбай” жырында Манашының әйелі мен қызы көшкен елдің артынан әдейі біраз жер кейін қалып, бөліне көшкені айтылса, “Манашы” жырында ноғайдың босып көшкенін көрген бас кейіпкердің әйелі мен қызының әрекеті:

“Бү да бір күннен соң көшеді”, – деп баяндалған.

“Манашы ұлы Тұяқбай” жырынан қалмақтардың он бір биге де Орманбет биге қойған талабын айнытпай қайталағаны айқын аңғарылады. Ол талап мынадай болатын:

“Қолыма менің кір, – деді. –
Айтқанымды қыл, – деді. –
Айтқанымды қылмасаң,
Біздің жолмен жүрмесең,
Еліңді шауып аламың,
Ұшыратып бүлікке,
Талапайды саламың”.

Ал, “Манашы” жырынан: “Он бір би қалмаққа (Манашыны) және оның шешесін алып барады. Қалмақ: “Манашыны сатып алың”, – дейді.

Он бір би: “Үш күннен қалдырмай ақшасын тауып алып келеміз”, – деп, Манашыны тастап кетеді”, – деген сөйлемдерді оқимыз.

“Манашы” жырында он бір бидің уәдесінен танғанына көздері жеткен қалмақтар Манашыға былай дейді:

“Ақшаңды бер, – деп сұрады. –
Келмейді ноғай саған, – деп”.

Одан ары қарай Манашының Орманбеттің ақ сұр атына мініп алып, жалғыз өзі үш күн бойы қалмақтармен соғыс салғаны, үш күнге толғанда қалмақтардың қорқып, сасып, қашқаны баяндалады.

Бұл туынды:

“Қалмақтар қашты жағалап,
Сай-саланы паналап.
Манашы талайын өлтірді.
Манашының соғысып,

Қалмақты қашырған жері осы екен”, – деген жыр тармақтарымен тамамдалған.

Бір жыршыдан жазылып алынған екі жырда бір-біріне кереғар келетін айырмашылықтардың кездесуі, яғни, олардың біреуінде қаза тапқаны баяндалатын Манашының, екіншісінде жауларын жеңіп, сау-саламат қалуының сырын кезінде Мұрын жыраудың өзінен сұрап, білген ешкімнің болмағандығы эпос тарихында бұрын кездеспеген бұндай құбылыстың орын алуына қандай себептер әсер еткені жөнінде тек болжамдар жасауға мәжбүр етеді.

“Бұл құбылысты “Қырымның қырық батырың эпопеясы жазылып алынған уақытта Мұрын жыраудың өте қарт адам болғанымен байланыстыруға болады”, – деген үзілді-кесілді байлам жасауға, біріншіден, Мұрын жыраудан жазылып алынған мол мұраның сапалық деңгейінің біршама жоғары болуы және, екіншіден, 1939 жылы, яғни, Мұрын жыраудан жыр жазылып алу басталғанынан үш жыл бұрын, Сәттігүл Жанғабыловтың Мұрын жыраудың сол кездегі хал-ахуалын: “Ол кісі қазір сексенге келіп қалды. Бірақ шымыр ақыл-есі дұрыс”, – деп сырттай сипаттап, таныстырғаны жол бермейді.

Сондықтан бұл тұрғыдағы ең дұрыс тұжырым бұл құбылысты халық туындыларының барлығында дерлік бас кейіпкердің, түптеп келгенде, бақытты тағдырдың иесі болып шығып, барша мұратына жететіні баяндалатын дағдылы дәстүрдің және эпикалық импровизацияның нәтижесі деп бағалау болып табылатын сияқты.

Оның үстіне жыршының тыңдаушылармен тікелей жанды байланыста болуының да ықпалы зор болатынын, жыршының аудиторияның көңіл-күйін ескере отырып, санасында жаттаулы туындыға азды-көпті өзгерістер енгізіп отыратындығы өзге де жырлардың мәтіндерін салыстыра зерделегенде байқалатынына да назар аударған лазым.

Эпикалық туындыны ауызша орындаушы өнерпаздың өз репертуарындағы бір шығарманың өзін әр орындаған сайын өзгертуге бейім тұратындығы эпикалық импровизацияның заңдылығы екенін өзге халықтардың эпостары орындалуын бақылаған ғалымдар атап көрсеткен.

Осы тұрғыдан алғанда, В.В.Радловтың қырғыз эпосын айтушылардың бір туындыны қайталап айтуын зерттеу барысында жасаған қорытындылары қызықты. В.Радлов мотивтердің ақпалылығы, бөлшектердің варианттылана отырып, мәңгі өзгере отырып, жырдың өзінің де мазмұнын өзгертуі және жалпыхалықтық дәстүрлер аясында жаңа көзқарастар жасайтын жеке жыршының рөлі эпостың негізгі заңдары болып табылатынын ашып көрсеткен. В.В.Радлов кез келген тәжірибелі жырышының шабыттана жырлайтынын, сондықтан ештеңені де өзгеріссіз екі рет жырлай алмайтынын атап көрсеткен (В.В.Радлов. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. V.)

Мұрын жыраудан екі нұсқа түрінде жазылып алынған “Аңшыбай” “Қарадөң” жырларының арасындағы айырмашылықтар және “Манашы”, “Манашы ұлы Тұяқбай” жырларында кездесетін, біз жоғарыда сөз қылған құбылыстар В.Радловтың қырғыз эпосы үлгілерінің өзгермелілігі жөніндегі жоғарыда келтірілген тұжырымдары Мұрын жырау шығармашылығының және аталған жыршыдан жазылып алынған эпикалық туындылардың ерекшеліктерінің сырын ұғуға да септігін тигізетінін аңғартады.

Осы көрсетілген және өзге де ерекшеліктері “Манашы” және “Манашы ұлы Тұяқбай” жырларының Мұрын жыраудың асқан дарыны мен халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі үйлесім табуының нәтижесі екенін аңдатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Трепавлов В. История Ногайской Орды. М., 2002
2. Ногайские книги и столбцы (РГАДА, ф. 127, оп. 2)
3. Ахметзянов М.И. Между Волгой и Уралом // Идель. Казань, 1991. N10-11. стр. 82-84
4. Ахметзянов М.И. Уралские татары: кто они? // Идель. Казань, 1995. N11-12. стр. 48-53.

5. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы, 1961.

6. Қасқабасов С. Эпос пен ертектің сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1984.

Светлана Ананьева

КОНЦЕПТ ОДИНОЧЕСТВА КАК ОПРЕДЕЛЯЮЩИЙ В СТРУКТУРЕ СОВРЕМЕННОГО ПРОИЗВЕДЕНИЯ

Культурный концепт памяти в повести А. Кекилбаева “Баллада забытых лет” [1] соседствует с концептом одиночества: одиноки пленники, одинок высокий курган, словно острый наконечник копья. Тема одиночества дополняется пространственными характеристиками степи, ровной и бескрайней. Пространственные рамки еще более расширяются, потому что оксем размыт в полуденном мареве. Призрачность, зыбкость происходящего не может смягчить картины реальной жизни.

Прием контраста (от одного из сидящих в юрте, от его кустистых бровей “словно веяло холодом”) в царстве полуденной дремы, где все “знойно, тихо, дремотно”, настораживает. Могучий туркмен всматривается орлиным взором в степь и, наконец, видит тех, кого высматривал. Печальные рабы возвращаются в аул. Пока еще автор не употребляет слово “манкурты” лишь уточняет, что это казахи, год назад попавшие в плен к туркменам. Суровый захватчик воитель Жонут, “с раздвоенной бородой, с колючими, словно побитыми инеем, седоватыми бровями” год назад захватил их в плен в результате дерзкого набега на аул рода Дюимкары.

События переносятся на год назад. Страшна месть за убитого Кёкборе (“Лютый волк”), младшего брата Жонута. Казахи-адайцы должны запомнить эту месть. Ехали недолго – столько времени, сколько понадобилось бы, чтобы неспешно попить чаю за дастарханом. Описание замедлено. Хронотоп играет существенную роль в композиции. Молитвенную тишину, которая вместе с белым облаком пыли взвилась к небу, сменяет грозная, опасная возня. Белые облака сменяются бурями, так поднимается к небу густой едкий дым полусырой травы. Поминки у туркмен напоминают казахские. Юноши наблюдают за этим со стороны, но у адайцев “шумят больше, размах у них более широкий, движение более живое” Сравниваются обычаи, психология двух народов, поведение их представителей.

Перед казнью казахские юноши напоминают обессиленных неперившихся цыплят, а у туркменских воинов лица – обожженные солнцем, сухие, жесткие, бесчувственные.

А. Кекилбаев использует интересный прием, приглашая читателей стать участниками происходящего: “Смотрите, смотрите”, “глядите” и т.д. Автор постоянно обращается к тем, кто словно наблюдает со стороны, комментирует

казнь и подробно описывает её, ставя себя на место казнимых: “Ойбай! Что чувствуют эти юные существа? Им почудилось, наверно, что тот великий небесный оксем, окружавший их в жизни, вдруг сузился, приблизился на расстояние в несколько шагов и потемнел. Г.Козубовская называет такой прием “авторская оптика” когда к авторской точке зрения подключается чужая, благодаря чему авторский взгляд не неподвижен, наоборот, “авторская точка зрения – движущаяся” [2, 27].

Мотив в системе интертекстуального анализа рассматривается современными литературоведами в несколько ином ракурсе. Так, интертекстуальный анализ, по мнению И.В. Силантьева, “растворяет” понятие сюжета в понятие текста. В результате категория мотива в теории интертекста оказывается вписанной не в классическую парадигму “фабула – сюжет” а в парадигму “текст-смысл” Именно с точки зрения данной парадигмы мотив сопрягает различные и многие текстовые ряды в единое смысловое пространство” [3, 59].

Мотив беспамятства, как и мотив смерти, характерен для романа Ч. Айтматова “И дольше века длится день”, для повестей М.Симашко “Емшан” и А.Кекилбаева “Баллада забытых лет” Принцип лейтмотивного построения повествования подразумевает принцип, при котором «некоторый мотив, раз возникнув, повторяется затем множество раз, выступая при этом каждый раз в новом варианте, новых очертаниях и во все новых сочетаниях с другими мотивами. При этом в роли мотива может выступать любой феномен, любое смысловое “пятно” событие, черта характера, элемент ландшафта, любой предмет, произнесенное слово, краска, звук и т.д.; единственное, что определяет мотив – это его репродукция в тексте, так что в отличие от традиционного сюжетного повествования, где все заранее более или менее определено, что можно считать дискретными компонентами (“персонажами” или “событиями”), здесь не существует заданного “алфавита”, он формируется непосредственно в развертывании структуры и через структуру” [4, с.30-31].

Мотив смерти возникает в середине сцены казни, когда юноши еще и не подозревали, что ждет их впереди. Под палящими лучами солнца беспомощно обнаженные головы “казались уже мертвыми” И сами пленники, голодные и измученные, “готовы были замертво свалиться на землю”. Напротив, толпа туркмен “жадными очами” наблюдает за происходящим, с жадным любопытством тесно обступает их; гудит тихо, диковато. Усиливает ощущение неотвратимой казни метафора: “Казалось, даже сама глиняная могила Кёкборе – маленький, затерянный среди полынных кустов холмик – сжался в глиняный комок ужаса”.

Рассказчик (повествователь) в современном литературоведении и его роль в произведении вызывают повышенный интерес. Исследователи выделяют автора и рассказчика (повествователя). Автор как создатель повествовательного произведения в прозе и не идентичный с автором

фиктивный персонаж, “который рассказывает эпическое произведение, из перспективы которого осуществляется изображение и сообщение читателю. Благодаря новым субъективным отражениям происходящего в характере и особенностях рассказчика возникают интересные преломления” [5, 264-265]. Именно о рассказчике (повествователе) размышлял в своей статье “Проблема текста в лингвистике, филологии и других гуманитарных науках. Опыт философского анализа [1959-1961]” М. Бахтин, подчеркивая, что “в отличие от реального автора созданный им образ автора лишен непосредственного участия в реальном диалоге (он участвует в нем лишь через целое произведение), зато он может участвовать в сюжете произведения и выступать в изображенном диалоге с персонажами... Речь изображающего (реального) автора, если она есть, - речь принципиально особого типа, не могущая лежать в одной плоскости с речью персонажей” [6, 295].

Рассказчик (повествователь) в повести А. Кекилбаева обладает обширными сведениями, он может предугадать, что ждет пленников в дальнейшем (“А они не знали, все еще не знали, что собираются с ними сделать!” (хотя уже обриты наголо); “Едва осмелившись поднять глаза, юнцы с ужасом следили за подошедшими – о, все еще не понимая, что с ними будут делать...”)) или поведать о том, что было. Повествование о подготовке казни сменяется картинками прошлого. Сказочные мотивы (“тридевять земель” “беспредельное пространство”) так же “работают” на раздвижение пространственных и временных рамок, когда повествуется о прошлых столкновениях соседних племен, о недолгом перемирии туркмен и адайцев у могилы святого Карамана. Лучшие златоусты призывали не ворошить прошлое, которое должно быть зарастет: “Ведь в беспредельной степи, протянувшейся от Аральска до Каспия, от Устюрта до Копем-Дала, хватит места для счастливой жизни и для туркмен, и для казахов”. Причем, картины степного схода даны через восприятие маленького Жонута, запомнившего на всю жизнь, “сколь решительно заносчиво и непримиримо смотрели в сторону противника батыры казахские и батыры туркменские, как скрещивались их взгляды, словно искрящие клинки сабель”

Но клятва о мире была нарушена обеими сторонами, хотя не так много прошло времени (“Мальчишки, что тогда стерегли лошадей, стали отцами семейств, всего-то успело повзреть одно поколение”). Горькая, скорбная интонация рассказчика (“И вскоре, вещаю со скорбью, началось все прежнее”) сменяется взволнованной в лирическом отступлении о разумном и злом слове, о слове мудреца и глупца. “Разумное слово может пригасить вражду, злое слово, наоборот, - раздуть ее безумное пламя. Но если ссору людскую пронзает копье, то развести злобное противостояние может лишь самое великое слово мудреца. И только мудрецу дано убедить человеческое сердце склониться к миру, а злой глупец способен лишь размахивать палкой да секирой и призывать к убийству” [1, 51].

В поэтику повести включена новелла о том, кто спит вечным сном под глиняным холмиком. За волчьи повадки казахи прозвали младшего брата воителя Жонута Кёкборе – Лютый Волк.

Мотив волка вновь возникает при описании картины зверской расправы воинов Дюимкары над беззащитными женщинами. Это была ответная месть за нападение и безжалостное надругательство Жонута над девушками-казашками. Дюимкары выбрал “удачное” время, когда туркмены отправились в соседний аул на конные скачки в честь праздника куйран-ата: “И словно дикие волки ворвались в аул люди Дюимкары во главе со своим атаманом, коварно воспользовавшись отсутствием мужчин в день веселья и женских игрищ”

Жанр баллады, обозначенный в названии повести, позволяет автору чередовать картины битв и сражений, взволнованный голос повествователя и несобственно-прямую речь персонажей. Воин Жонут решил постоять за свой народ: “Как должен теперь жить на свете его народ, загнанный в врагами в горькие пески? Ведь вся его гордость – это легконогий туркменский аргамак, а вся радость и честь – в чистоте его дочерей. И теперь все это отняли, над всем этим надругались, и как можно смотреть в глаза своим детям? Нет! Всему этому должен быть положен предел” [1, 53].

Кульминационный момент новеллы о воителях – их поединок. Ни на бескрайнюю пустынную степь, ни на степного жаворонка, словно пытающего примирить их, не обращают внимания Кёкборе и Дюимкара.

Мотив смерти, сменивший мотив мщения, дополняется ужасом, охватывающим всех, кто встречается на пути смертельных врагов, “словно окаменевших всадников” Ужас объял кротких, мирных косуль, шедших на водопой. Животные унеслись прочь от того места, где двое готовились к смертному бою. И как смерть витает над юными джигитами в сцене казни, так и в этом эпизоде “смерть с жадностью ожидала кого-нибудь из них” Под влиянием приближающейся и неотвратимой смерти меняются портретные описания персонажей: “Брови грозно сошлись к переносице, глаза сузились. Скулы обострились и словно закаменели (как будто смерть коснулась их уже своим дыханием – С.А.). Могучие желваки набухли и заходили на их челюстях. И в жилах, и в глазах отныне кипела лишь кровь, кровь, густая и неистовая дикая кровь воителей” [1, 54].

Мотив смерти будет варьировать в лирическом обращении повествователя к читателям, вновь призывая их стать свидетелями битвы (“О, знаете ли вы, как смерть холодной рукой прикасается к человеку? Как от корней волос до и до самых пят пронизывает холодок смерти?”). Последующее описание состояния Дюимкары, в разгар битвы осознавшего, что его оружие намертво приковано смолой к ножнам, содержит степные реалии: “влажная испарина вмиг покрыла широкий, как валун, лоб батыра”, а в горле стало “сухо и как-то полынно-горько”. “Темнота” “яд” и “смерть” – определяют происходящее. Миг смерти становится все ближе: “На миг, словно от змеиного яда, затмило очи и душу”

Верные кони вдруг отчетливо поняли, “испуганно” переглянувшись, когда батыры сошлись врукопашную, сцепились намертво, словно “клещи кровососные” что теперь хозяева не пощадят ни их, ни друг друга. Могучие кони – полноправные участники смертельного поединка, они “храпя и скалясь, надвинулись, столкнулись – и со стоном отвернули головы друг от друга” Исполинской силой веет от могучих батыров, каждый из которых “старался согнуть, свалить, стянуть противника с коня и сбросить его на землю” Мощь и напор поединка переданы синтаксической конструкцией, состоящей из глагола “старался” и инфинитивов: “согнуть” “свалить” “стянуть” и “сбросить”.

Повествователь рисует картину битвы богатырей былинными средствами, называя их усилия “богатырскими”. Кони стонут, задыхаются, “точёные ноги аргамаков” невольно подгибаются. А сила всадников так велика, что они “могут вдавить своих коней в землю” Так опосредованно звучит мотив смерти, усиливающийся с каждым последующим словосочетанием: треск раздираемой одежды, хрип богатырских глоток, зубовный скрежет и звериный запах пота бойцов. Ужас охватывает коней, у которых, как у людей, “задрожали и ослабели ноги, закружилась голова” Им надо было отдышаться и прийти в себя. Теряя всадника, светло-серый аргамак туркменский зашатался, взвился на дыбы и “из последних сил” отпрянул в сторону.

Обезумевшие люди продолжают свою смертельную возню. И вот уже поверженный Кёкборе “бездвижно” лежит на земле, “в беспомощности смертельного утомления”

Культурный концепт “Вспомни имя своё” в творчестве Ч. Айтматова и М.Симашко призывает к незабвению, к пробуждению памяти героев, которые одиноки в этом мире. Он рефреном проходит по произведениям и своеобразно преломляется в названии сборника статей и выступлений о литературе и культуре российских немцев “Помни имя своё” Г. Бельгера, в котором ведется исследование важнейших жизненных проблем, касающихся российских немцев, которые в силу многочисленных причин и обстоятельств находятся ныне “на распутье бытия и духа” Однако дух народа, давно уже находящегося в пути, развеянного по странам и континентам, не сломлен.

Проблема “художник и власть” “творец и власть” извечно привлекала внимание поэтов и писателей. Роман с элементами детектива П. Зюскинда “Парфюмер. История одного убийцы” который, по мнению “Либерасьон” “благоухает успехом” тоже затрагивает эту проблему. В нем в литературу вошло чудовище... Жан-Батист Гренуй, одинокий, неприкаянный, чудовищно отталкивающий. И стало литературным событием. (“Штерн”, Гамбург). Отзывы о нем самые благоприятные: феноменальный замысел (“Свенска дагбладет” Стокгольм), восхитительный анахронизм посреди модного литературного кроссозвучия (“Шпигель”, Гамбург), прекрасный романтический детектив (“Абэндцйтунг” Мюнхен). Стиль его называют блистательным, образным,

осязаемым и импонирующее ироничным. Роман чуть ли не каждый год выходил по-немецки, переведен почти на все европейские языки.

По словам переводчика романа на русский язык – В. Венгеровой, “феномен обаяния романа удалось расшифровать не до конца” [7, 298]. “Лежащая в основе замысла метафора запаха как универсальной подсознательной, всеохватной связи между людьми позволяет предложить бесконечное количество интерпретаций (классический признак классической удачи!). Метафорами такого масштаба в немецкоязычной прозе XX века могут похвастаться разве что Томас Манн (болезнь Адриана Леверкюна) или Герман Гессе (игра в бисер)” [7, 298].

“Герой Патрика Зюскинда, лишенный материнской любви, семейного тепла, дружеского участия и всякого представления о Боге, опровергает привычную русскому слуху формулу: “Гений и злодейство – две вещи несовместные” История Жан-Батиста Гренуя читается как предостережение о преступлении, таящемся в разрыве с природой, в бесстыдном и безжалостном насилии над ней, в стремлении человечества присвоить, высосать, поглотить ее красоту, в забвении заповедей смирения и воздержания, в самодовольном и ненасытном тщеславии обладания, разъедающем нашу цивилизацию”

Свободно переходит от одной исторической эпохи к другой (от эпохи египетского фараона Тутмоса III к эпохе Б. Шоу, Вл. Набокова и др.), оперируя фактами, проводя параллели, Н. Анастасьев в исследовании “Мухтар Ауэзов. Трагедия триумфатора” автор размышляет о художниках-союзниках и художниках-единомышленниках, уточняет известные и уже привычные высказывания о М. Ауэзове, вносит коррективы. Художники-союзники, художники-единомышленники становились обвиняемыми и обвинителями. А некоторые менялись местами. Часто цитируется со слов А. Зегерс определение казахского классика: “человек-справка” точнее было бы: “человек-летопись” В книге голос автора часто звучит открыто. Его позиция заслуживает уважения и понимания.

Вечный вопрос – “неизбывная тяжба между художником и властью” Платон и Октавио Пас, Данте, Пушкин и Чаадаев, Гюго и О. Уайльд. Их позиция и их судьба очень важны в этом вопросе. “Прирожденная судьба – говорить не то, даже говоря буквально то же самое, что любой вокруг” – цитирует автор книги О. Паса. М. Ауэзов – человек тревоги и страсти, человек очарований и разочарований, романтик революции, ею же преданный. Как нельзя более точно сказал о трагедии эпохи А. Белинков (“Сдача и гибель советского интеллигента”): “Трагедия эпохи была не только в том, что шло методическое уничтожение талантливых и мыслящих людей, но еще в том, что не уничтоженных заставляли делать то, что запрещает делать человеческая совесть, что не позволяет делать честь, ум и талант”

Н. Анастасьев пишет о внутренней и внешней эмиграции, честно, умно, мудро о трагедиях XX века. Отъезд в Москву в начале 1950-х – это эмиграция в буквальном смысле. А погружение в мир “Манаса” и устного

народного творчества – эмиграция внутренняя. “Пусть это увлекательное интеллектуальное путешествие обернулось крупными научными открытиями, а нужда превратилась в охоту и радость творчества, – изначально это было изгнание, поиск ниши, хрип уходящего от погони волка” Таинство творчества таит много открытий, неслучайно, догадка художника освещает жизнь человека так, как не может осветить и объяснить ее наука. Проникнуть за кулисы театра абсурда дано не каждому. М.Ауэзову удалось раздвинуть, открыть вовне границы родной литературы.

Мера зрелости культуры – это мера ее готовности к диалогу, диалог между степью и Европой “осложняется участием России, русской литературы с ее ... западно-восточной двуликостью” Алаш-ордынцы (А.Букейханов, А.Байтурсынов и др.) были подлинными плюралистами, людьми диалога межгосударственного, межкультурного, межконфессионального. М.Ауэзов жил разом во многих временах, унаследовав ценности, копившиеся веками: “Знание, уходящее в колодезь времени по вертикали, обогащалось горизонтально, на него наслаивались иные пласты, и близлежащие, и отдаленные” Узоры судьбы его были причудливы и непредсказуемы.

В семипалатинской геометрии духа и просвещенности Н.Анастасьев видит линию, соединяющую Степь и Россию: Достоевский – Ч.Валиханов. Четыре года прожил М.Ауэзов в Ленинграде, “городе-призраке, городе двойников и монументов, сухих рационалистов и визионеров, городе, где, сталкиваясь, перемешиваются воды разных культурных потоков и традиций и где четкие линии уходящих вдаль проспектов смутно напоминают горизонталь казахской степи” И если степь символизирует прозрачность, то город на Неве – призрачность. Интересно воссоздана литературная жизнь города, возникновение акмеизма и многое другое. И все это на фоне горизонтали проспектов и улиц, которая незаметно перетекает в вертикаль времени.

Н.Анастасьев образно называет М.Ауэзова Айвазовским степи и Чингисских гор, проводит удивительные параллели между его творчеством и творчеством У.Фолкнера, считая, что разворачивающаяся драма в казахской степи была страшнее американской последней трети позапрошлого века. И вновь сравнение с волком: любой значительный художник – одинокий волк. Отсюда – потаенная метафизика судьбы в “Сером лютном”. По природе художественного дарования М.Ауэзов – писатель эпический, что позволяет сравнивать его повести и рассказы с произведениями Э.Хемингуэя, Дж.Конрада с точки зрения изображения героя, пейзажа и т.д. Н.Анастасьев легко дарит темы будущих исследований творчества М.Ауэзова в контексте мировой литературы (Челкаш и Бахтыгул и др.). И как это ни странно, М.Ауэзов отходит от традиций Дж.Лондона, которому так стремился подражать, и приближается к У.Фолкнеру. Мощное эпическое звучание его произведений соседствует с тончайшей лирикой.

Содержание ранних вещей М.Ауэзова – исторический слом степной цивилизации и культуры. Роман “Абай” – это философия национальной

истории. Очень важно понять фигуру М.Ауэзова, выросшего на скрещивании трех культурных традиций: степи, Руси и Запада. Художнику, подчеркивает Н.Анастасьев, “не из чего творить красоту, кроме как из недоброй тяжести самой жизни, не из чего создавать гармонию, кроме как из мучительной дисгармонии самой жизни, не из чего лепить форму, кроме как из бесформенности летучего дня” В этом состояла трагедия триумфатора, невыносимое бремя радости творения одинокого гения.

В книге передано личное обаяние казахского классика, шаг за шагом воссозданы основные этапы работы М.Ауэзова над романом-эпопеей “Путь Абая” затронуты и проблемы художественного перевода. Книга Н.Анастасьева, в которой естественно и убедительно показано мировое значение и фундаментальное величие классика с мировым именем, дружеское осмысление пути нашей культуры, по словам М.М.Ауэзова, подвигает к осмыслению важнейших проблем XX века. Без этой книги о жизни и творчестве М.О.Ауэзова создание следующей просто невозможно.

Использованные литературы:

1. Кекилбаев А. Баллада забытых лет // Простор. 2005, ноябрь. - С.42-105.
2. Козубовская Г.П. Поэзия А.А. Фета и мифология. Барнаул: Изд-во БГПУ. 2004. - 245 с.
3. Силантьев И.В. Теория мотива в отечественном литературоведении и фольклористике. Очерк историографии. - Новосибирск, 1999. 104 с.
4. Гаспаров Б. М. Литературные лейтмотивы. М., 1994.
5. Wilpert G. von. Sachworterbuch der Literatur. 7., verbesserte und erweiterte Auflage. Stuttgart, 1989.
6. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. М.
7. Венгерова Э. От переводчика // Зюскинд П. Парфюмер. История одного убийцы. – С.П.: ИД “Азбука-классика” 2006. - С.297-298

Риза Әлмұханова

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРИЗМ

Ұлықбек Есдәулет – қазіргі заманғы қазақтың көрнекті ақындарының бірі. Оның шығармашылығындағы елеулі ерекшелік – фольклорлық санадан туған тың қолданыстардың орын алуы. Адамзаттың санасы өсіп, қоғамдық тірлік жаңа сапаларға жеткенімен, алғашқы рулық қауымда пайда болған сөз магиясынан туған, бата-тілек мұсылман дінінің қазақ жеріне енуіне орай фатиха-батамен дамытылып, өзінің өміршеңдігін сақтаған. Өйткені, адам айналасында болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғаларға өзінің жан-дүниесінің тебіренісін, көңіл хошын сездіріп отырады. Дегенмен ол дәуір мен бұл дәуірдегі

тілек батаның айырмасы болуы заңды. Алғашқы қауымдағы адамдардың санасы сөз магиясы алдында қорқынышта болса, мұсылмандық діннің қуаты бойынша тілекті бір Аллаға деген сеніммен оған табына отырып, сұрау бүгінде “жақсы сөз – жарым ырыс” дегендей адам көңіліне қызмет етіп, түр жағынан даму үстінде.

“Ескі ай, есірке,

Жаңа ай, жарылқа!” - дегендей адам өзі табынған дүниелерге де сөз бағыштаған, қазіргі заман ақындарының шығармашылығында да мұның жаңаша сипат алғаны көрінеді. Ақын бүкіл ғұмырына балаған өлең-жырға табынатынын:

“Мен не болсам, ол болайың,

Пәтшағар,

Жырым, сенің жасың ұзақ болғай-ды!” [1, 171-б.] – деп, тірі жандай оған серт беріп, тілек арнайды.

Ал “Айың тусын оңыңнан, Күнің тусын солыңнан” кейде мұның екінші жолы “Жұлдызың тусын солыңнан” деп айтылатын дәстүрлі бата да поэзиялық түрленуді бастан кешуде. Бұл – дәстүрлі бата. Ақындар жазатын шығарманың жанрлық ерекшелігіне қарай оны түрлендіре пайдалануда. Мәселен, сатирик С.Кәңжеахметұлы:

“Айы туып оңыңнан,

Жұлдызы туды-ау солыңнан.

Қаракшы ұры-қарының” [2] деуі кеңестік экономикалық жүйе бұзылып, нарықтық қатынасқа үйренбеген халықтың қиналып жүргенінде ел ішінде “қолдан келсе – қонышынан бас” дегенге салынған пысықайларды айтуда қолданылған ирониялық тәсіл

Ал Қ.Бұғыбаеваның өлеңдерінде:

“Сол жағыңнан айың туып,

Күнің туды оңыңнан”...

“Онымнан күң,

Солдан туды ай қиылып” [3], деуі бұл тілек мәтіннің фразеологиялық тіркес ретіндегі қалыптасқан түрінің еркін қолданысқа түсіп, өзгере бастағанын көрсетеді. Ал дәстүрлі батаның дамытылған поэзиялық үлгісін Ұ.Есдәулет:

“Жұлдыз жансын жолыңнан,

Басыңа бақ орнасын.

Қыдыр болсын жолдасың.

Құдай сені қолдасың,

Қазақстан – көз жасым!” [1, 72-73-б.] – деп, ақынның азаматтық сезімін білдіру үшін қолданылған.

Адам тірінің сөзінен қандай әсер алса, аруақтардың күшіне бұрынғыдай табынушылық болмаса да, белгілі дәрежеде мойын ұсыну бар. Әдетте, бата үлгілерінде кездесетін “ата-баба аруағы қолдасын” деген тілек те ақындар шығармашылығында кең қолданған. Бұл тілектің қолданысын Ұ.Есдәулет жаңа заманға лайық қолданып:

“Ата-бабалар аруағы қолдасын сені,

Аяулы менің Астанам – жас, сәби қалам” [1, 71-б] – дегені бүкіл халықтың көз тігер ел ордасы – Астананы бір үлкен шаңыраққа теңеу үлгісін ұсынған.

Бата берушілер өз ортасындағы дана типіндегі адамдар – ру басы, көсем, т.б. болса, бұл күнде ол көпті көрген, ғибраты мол адамнан сұралады. Ақындар бүкіл елге қадырлы болған, халық бас иген бабалар аруағынан да бата күтеді. Ақынның:

“Астана жұртын айналған Асанқайғы ата,

Маяннан түсіп,

Бата бер аруақтарыңа” [1, 71-б] дегеніндегі Асанқайғы да, оның Желмаясы да фольклор арқылы жеткен кейіпкерлер. Асанқайғы атаның қазақ халқы үшін Жерұйық іздеп, қадырлы болуы бүгінгі ұрпаққа да үлкен медет, ақын оны рухани қажеттілікке жарата білген.

Елдің мемлекеттік тәуелсіздігі бүкіл қазақ үшін қуаныш, мерей болғанымен, ұлттық мүдденің жанды мәселесінің бірі қазақ тілінің жағдайы ақындардың да жанын ауыртатыны белгілі. Бұл орайда Отанын сатқан бейбақ үшін анасы сүтін көкке сауатынын [4], тілді жамандаған адамның тіліне шоқ түсетінін [1,95-б] айтқанында қарғыстың сөзбен ғана емес, қарсылық іс-әрекетпен де қатар жүретінін ескерген.

О дүниелік адам туралы жаман сөз айтылмайды, дегенмен оны, тіпті, ауызға алмау да мүмкін емес. Марқұмды жамандамайды, ол туралы әлде қандай әңгіме қозғалғанда аруағына ауыр тимесін деген оймен “қара жер хабар бермесін” деп айту қалыптасқан.

Ал Ұлықбек Есдәулет ақындық шабытпен “Қара жер хабар берсінші” деп те өлең жаза білген. Мұндай тосын жағдайдың мәнісін ол:

“Айналды орман көмірге

Айналды күлге қайындар” – деп түсіндірген. Ақын үшін қара жердің хабар беретін жағдайы бар, сол сияқты қара жердің хабар беруіне де өзіндік талабы бар.

“Қара жер хабар берсінші,

Тартатын болса қойнына

Жыланнан арқан өрсінші,

Оралып қалсын мойныма” – деп, өз-өзін қарғайтындай көрініп, елдің азаматы ретінде абыройын жоғары ұстайтынын:

“Қиыннан қашып кетті деп,

Түскенде ауыр елге сын.

Төбемді жатса тепкілеп,

Қара жер хабар бермесін”, [1, 141-б] – деп білдіреді. Сонда бұл фольклорлық түрдегі серт беру болып шығады.

Ал

“Қараң қалғыр

Қара басты күйттейміз” [1, 150-б], – деген жолдарда қарғыстың тура өзі қолданылмаған, фольклорлық қарғыс образ жасау үшін пайдаланылған.

Ұ.Есдәулет шығармашылығында метафора да өзіндік ерекше қолданысқа түскен. Негізі, метафора тіл білімінде бір нәрсені екінші нәрсемен мағыналық ауыстыру арқылы жасалған көркемдік тәсіл екені белгілі. Ол мифтік санадан пайда болған. Адам жаны өлмейді, ол ұшып, аспанға кетеді деген түсініктен “шыбын жан” деген сөз тіркесі қалды. Яғни жанды шыбын сияқты көргеннен бұл–метафора. Ұлықбек Есдәулеттің:

“Шыбын жан ұшып бодауға

Қаққанда көктің қақпасын” [1, 214-б],

“Шыбын жан, енді өксіген,

Несіне ашты маған жер-көк сырын” [1, 274-б],– дегендерінде де бейнелі қолданыс бар. Осылайша ақын шыбын жанды адамның ең жақын досы ретіндегі образ дәрежесіне көтерген.

“Көп керек пе қазаққа

Оң болса деп сұраймын

Тым болмаса, о жақта

Көзі саған құдайдың!” [1, 201-б.]

“О, Тәңірім,

Оң көзіңмен қарай гөр,–деп

Сиынып сәбиі үшін құлайды Ана”[1, 254-б], –дегенде де мифтік түсінікпен байланысты туған, “құдайдың оң көзі” – метафора.

Ұлықбек Есдәулет ақынға тән төл метафора тудырумен қатар негізін фольклордан алатын тұрақты тіркестерді де шеберлікпен метафораға айналдырған. Ол “Астана. Қырау” өлеңінде:

“Қыз ұзатып жатқандай

Қарлы боран сыңсуы” [1,68-б], –десе, “Жаназа” шығармасында “Тағдырдың қолы Шығайбай” [1, 170-б], “Зілсандықта”:

“Әрбір адам–бір құлып,

Кілті жатқан аспанда...

Әрбір адам–бір жұмбақ,

Шыңырауда шешімі”[1, 175-б], – деген метафоралар авторлық сипатта көрінгенімен, шындығында, бұлардың фольклорлық негізі бар. Боранның сыңсуы қазақ салтында орын алған ұзатылғалы тұрған қыздың әке-шеше, бауыр, туысқандарымен қоштасып, сыңсуымен, тағдыр-Шығайбай сараң байдың типімен мағыналық ауыстыруға түскен. Ал соңғы мысал “Кісідегінің кілті–аспанда” деген мақалдың поэзиядағы қызмет аясы кеңейтіліп, метафораға айналған.

Ақын Ұ.Есдәулет жырауларша толғап, Қазақстанның бақытты ел болуына үндейді. Бұл жанрда оған батырлық жыр әсер еткен. Оның “Қазақстан” атты толғауында:

Арыстандай айбаттым,
Жолбарыстай қайраттым, – деп, Қазақстан елі батыр-кейіпкер типінде сомдалады.

Шаңырағың – шырағым,

Топырағың – тұмарым,

Ғаламда жоқ сыңарың,

Ғажайыбым, жұмағым.

Басы таза бұлағым

Басылмайтын құмарым,

Қазақстан – қыраным [1, 73-б], дегенінде қыран жай құс бейнесін емес, фольклордағы ат-кейіпкер сияқты керемет мықты құстың образын беруге қолданылған. Жұмақ дегеннің өзінде де діни сенімнен туған мұсылмандық наным бар.

Толғаудың арнау түрі Қазақстанға арналған. Ақынның:

Етектегі тасынды өрге апарсам деп едім,

Есіктегі басыңды төрге апарсам деп едім [1, 105-б], – дегені батырлық жыр кейіпкері – хас батырдың айтар сөзі.

Сонымен соңғы кездері жазылған қазіргі заман ақындарының шығармашылығында фольклор дамытыла пайдаланылғанын байқаймыз. Мұның мәнісі – қазақ тілінде өлең өретін ақындардың рухани мұраны сақтаушы, қадірлеуші тұлға тұрғысынан танимыз. Әрі Қазақстанның өз алдына егемен ел болуы ақындардың шабытына үлкен серпін беріп, халықтық, ұлттық мәні бар фольклорлық жанрлар қолдануда тақырып аясы кеңейген. Соның өзінде қазақтық рухы өшпеген, ұлт тілінің уызына қанып өскен ақын Ұ.Есдәулет ақындық шеберлікпен фольклорды қолданысқа түсіруде тың образдар мен жаңа метафора тудырып, әдеби жаңалықтар енгізгенін атап өту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Астана, 2000, 384-б.
2. “Қазақ әдебиеті” газеті, 2002, 20-желтоқсан.
3. Бұғыбаева Қ. Өң... мен түс. Астана, 2003, 24-25-б.
4. Нысаналы А. Гүлтәж. Алматы, 2003, 50-б.

Салтанат Ізтілеуова

ЗИЯТ ШӘКӘРІМҰЛЫ ТУРАЛЫ

Зият Шәкәрімұлы Қытай еліне Абай мен Шәкәрім шығармаларын жан-жақты насихаттайды. Әкесінің “Қалқаман-Мамыр” дастанын да театр сахнасына шығарады. “Шұғаның белгісі”, “Жалбыр” “Қаракөз” пьесаларын сахнаға шығарып, қазақ драматургтерінің еңбектерін де насихаттап отырады.

Қытай қазақтарына алғаш рет “Аюбай” деген пьеса жазып, 1934 жылы Сары-сүмбе қаласында сахнаға қояды. Ол пьесада зорлық пен дөрекілік, мықты мен әлсіздің, тоғышар байлардың қарапайым халыққа тізесін батырған іс-әрекеттері сөз болады.

1935 жылы “Шал мен бала айтысы” пьесасы сахнаға қойылады.

Үрімжі қаласында 1935-36 жылдары Қазақ-қырғыз ағарту ұйымының ойын-сауық бөлімінің меңгерушісі “Шыңжаң” газетінің әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Қытай қазақтарының мәдени өміріне белсену араласып, 1934 жылдары “Шыңжаң” газетіне Алтайда арнау өлең жазады.

“Бізде астық бар ма, астық сал дейтін бастық бар ма?” деген өлеңі жарияланады. Зият Алтайға келгенде жиырма мен отыздар шамасында екен.

1934 жылдары Алтайдағы мәдени-ағарту бөлім бастығының орынбасары болып Зият Шәкәрімұлы қызмет атқарады.

1934 жылы декабрь айында “Алтай газеті” жарық көреді.

“12 апрель нұры” “Ұлттар бірлігі” “Ұмтыл оқу-білімге” “Алты ұлы саясат” “Жойылсын парақорлық” сияқты өлеңдер жазады.

1936 жылы Зият Шәкәрімұлы Үрімжіге “Қазақ-қырғыз мәдени-ағарту ұйымына қызметке барады”. Зият Шәкәрімұлының өлеңдерінің тақырыбы әр алуан.

Елге деген сағыныш, туған жер, қасиетті топырақ, Шыңғыстауын да, Құндызды жерін де жырға қосады:

Құнарлы Құндыздының жері қандай,

Орманды бұлағының суы балдай.

Кеткен соң, туған жерден күңіреніп

Келемін содан бері шөлім қанбай!..

-деп Зият Шыңғыстау елінің, Құндызды жерінің әсем табиғатын, орманы мен бұлағын сағынышпен еске алады.

“Жазықсыз жан тағдыры” өлеңінде:

Ұлы едім- Шәкәрімнің Зият деген,

Ән салдым бала жастан қияқпен.

Әкенің тәрбиесі сіңіп бойға,

Қиянат жанға жасау ұят деген.

Әке тәрбиесінің, тағылымының алтын діңгегі ұят, әділет, ізгілік, тазалықты ту етіп ұстанған Зият та халқына аянбай еңбек етеді.

Біріншіден, ел-жұртынан шалғайда, басқа мекенде, елде жүрсе де, қазақ жастарын тәрбиелеуде әке үлгісін көрсете білді.

Екіншіден, тума талант ақын ретінде де әке үлгісін өлең өнерінде де таныта білді.

Үшіншіден, режиссер болған. Қазақ өнерін, драматургия саласында еңбек етіп, талай-талай шығармаларды сахнаға шығарды.

Төртіншіден, елі мен жерін сүйген отаншыл азамат.

Зият өлеңдері “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін” жаң-жағы жинақы келеді.

Ол өлеңдерінде қазақ әйелінің тамаша бейнесі, қазақтың салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігі, мәдениетін жырға қосады.

“Сырғалы жеңгей” “Кекілдім-ай”, “Сүйіктім” “Үрия” т.б. өлеңдерінде қазақ әйелінің әдемі бейнесін суреттейді. Өлеңдерінің өрнегі айрықша көркем келеді.

“Тұсау кесер” “Жас келін” “Бүлдірген” т.б. қазақтың салт-дәстүрі мен мәдениетін жырлайды. Зияттың махаббат тақырыбына арналған өлеңдері де біршама. “Өзіңде назарым” “Сүйіктім” “Кекілдім-ай” т.б. өлеңдері жас жігіттің сүйген қызына деген сезімі, сағынышы, ақ көңілі бейнеленеді. Зият әні мен өлеңін қатар жазып, шығарады. Оның әндері нотаға түсірілген. Композиторлығымен ерекше танымал

“Сүйіктім” өлеңінде:

Лағындай киіктің, ұларындай биіктің,
Көктеміндей көңілімнің, бір өзіңсін сүйіктім.
Назды үнің жанымды жадыратқан,
Мінезінді жайдары жан ұнатқан, сүйіктім.
Саған деген ойымды әнге орап,
Қозы, лақтай өлеңді жамыратқан, сүйіктім.

Айтылуға жеңіл, көкейге қонымды әні мен сөзін қатар ұстаған Зият әрі композитор.

Зияттың “Әкеме” деген өлеңінің маңызы зор. Әкесі туралы мәлімет берілген өлеңінен, өзінің жас ерекшелігін де айқындауға болады.

Қажы еді әкем кәрі шал,
Жетпіс үште жасы бар.
Анық жеміс алғанға
Шөлдеген жанға еді бал
Сүйегі қалды қиырда-ай,

Басыңа халқың жиылмай,- деген жолдардан Шәкәрім қажының 73 жаста қайтыс болғаны, жалпы ақынның өлімі жайлы мағлұмат беріледі.

Туысқан, бауыр, балаңнан
Топырақ қолдан бұйырмай,
Алланың пұлдап қағазын
Өзгермей өткен сабазым.
Міндетін танып жөн көрген
Ораза, зекет, намазын
Бейсембі күні өттің бе,
Шейіттік жолға кеттің бе?
Айрылман деген әкекем

Шынымен тастап кеттің бе?-

Шәкәрім қажының бейсембі күндері дүниеден өткеніне дейін анықтауға болады.

Жиырма сегіз жасымда
Жалғанның көрдім тарлығың,

Қайғыны салдың басыма
Ең ауырын барлығын
Әкекем сізді сағындым,
Ойласам, естен жаңылдым.
Жас өмірді сөндіріп,
Тағдыр-ау, саған не қылдым?!
Асқар белім, биігім,
Қайғының тарттым күйігін.
Қайғы билеп әкетті
Көтере алмай иығым...
Паналаушы едім саяңды
Опасыз өмір таянды.
Жүректегі зор мұным

Бір өзіне аянды, – Зияттың әкесін жоқтауы, адамның сезіміне қозғау салатын жыр жолдары. Ол бұл өлеңді жиырма сегіз жасында жазғаны айғақ.

Саясаттың құрбаны болған Шәкәрім қажының жанұясының тағдыры да ауыр.

Өнерпаз, талантты, халқын сүйген тума талант Зият Шәкәрімұлы да солақай саясаттың құрбаны болды.

Бүкіл өмірін халқына арнаған, халқының ар-намысы, ұжданы мен ұяты болған рухани ұстаз Шәкәрім қажының жеке басының тағдыры мен жанұясының тағдырын бөліп қарауға болмайды. Себебі, халық тағдыры, халқының басына түскен зардап пен зобалаңға жанкештілікпен қарсы тұра білді.

Шәкәрімнің қолы қағаз бен қаламнан түспей, ойы халқынан алшақтамады. Ахат Шәкәрімұлының “Фантазия” атты өлеңі әкесіне арналған:

Елсізде, жайлау шетінде,
Салынған шағын қора там,
Шақпақтың күнгеі бетінде,
Отыр сонда бір адам.
Елсіз қора жайлауда,
Жалғыз жатқан көрі шал
Тұтқындай болып байлауда,
Отыр ма күтіп ол ажал
Ол алысты ойлайды,
Өлместей белгі жүзінде ар.
Тереңге ойы бойлайды,
Жүректе жалын өмір бар,
Күмістей жылтыр ақ сақал
Жетпістен асқан жасы бар,
Не істеп жатыр осы жол?

Ахат ақын әкесінің Саятқорадағы тіршілігінен мәлімет береді. Шәкәрім ақынның бейнесін алғашқылардың бірі болып, ойшыл, дана кейіпкер ретінде бейнелейді. Қазақ әдебиетінде поэзиясында Шәкәрім ақын бейнесін Ахат пен Зият кейіпкер дәрежесінде алғашқылардың бірі болып сомдайды. Олардың поэзиясында Шәкәрім ақын ақылшы, дана, халқының қамын ойлаған ойшыл ретінде танылады.

Шәкәрім ақын өмірінің соңғы жылдарында жеке Саятқорада тұрған еді. Сол жылдарда жазылған шығармаларының мәні мен мазмұны өте күшті. Өмір, адам, алла, жаратушы, жар, жан мен тән т.б. жайлы жазылған өлеңдерін болашаққа, келер ұрпаққа арнаған еді. Осы тұстағы ақын бейнесін Ахат өлеңдері айшықтайды.

Көрікті ойы шығар тез,
Көңілінде қалмай қорғалап,
Жалынды оттай нұрлы сөз
Тілің отыр сорғалап.
Жиналған қор бойында,
Таразыға тартылып
Қорытқан кен ойында,
Таусылмай жатыр сарқылып.
Таратып қорды жиналған,
Армансыз болып өлсем деп,
Осыған жаны қиналған-
Артқыға түгел берсем, – деп,

Шәкәрім ақынның Саятқорадағы тіршілігін, мақсаты мен мүддесін Ахат ап-айқын, анық суреттеп береді. Шәкәрімнің балаларының әкесі жайлы жазған өлеңдерінен деректер мен ақынның болмысын, болашақ ұрпаққа арналған ақын мұрасының мақсатын айқындауға болады.

Қайратты қамқор кәрінің
Сөнбейтін нұрлы күні бар,
Арқалаған арының,
Сияқты ауыр жүгі бар,
Арманы, ойы анық сыр,
Елі үшін еңіреп егілген,
Жалынды, өткір, жанды жыр
Қаламынан төгілген.
Аңдыған біреу соңынан
Жүрегіне атыпты оқ.
Қаламы түскен қолынан,
Доғарылған жыр да жоқ.

Баяғыда осындай
Болыпты дейді ауыр хал,
Жапанда жанға қосылмай
Өліпті солай кәрі шал
Мен бардым сол қораға,
Бар ма деп ізі, белгісі,
Кім құмар емес мұраға,

Әркімнің келер білгісі,- деп Ахат Шәкәрімұлы ақын әкесінің өмірінің соңғы сәттеріне дейінгі өмірін көрсетеді.

Зият бұл өлеңде нәзік жанды қыздың мұңын әдемі өлең өрнегімен суреттейді. Бұл әннің тарихын да Шәкәрім ақын баласына айтып, жаздырған екен.

Зият сонымен қоса қазақтың мәдениетін, әдебиетін, өнерін, драматургиясын Қытай еліне насихаттаған. Өзі режиссерлік ете жүріп, сахнаға әкесінің және қазақ зиялыларының шығармашылықтарын қойып отырады. Ол жақтағы жұртшылық Зият талантына және қазақтың бай мұрасына қанығып, тәнті болады.

Зияттың қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін танытатын біраз өлеңдер жазды.

Райхан Имаханбетова

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰЛТ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АСЫЛ СӨЗДЕРІ

1913 жылы “Қазақ” атты басылымның алғашқы шығарылымында газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлы былай: “...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға, ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс шkolы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілінен алыстап барады. Бұл әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті” деп жазған екен. А.Байтұрсынұлы әдебиеттанушы-ғалым ретінде осы айтқандарының үдесін бірінші болып өзі көрсетті. Оған айғақ – оның қаламынан шыққан: “40 мысал” (1909; 1911; 1922), “Маса” (1911; 1914; 1922) жинақтары.

А.Байтұрсынұлы кітап жазу ісіне кәсіптен келмеген, бұл жолға қазақ арасындағы ұзақ жылдардан бері артта қалып келе жатқан осы бір кәсіпке салаға үлкен дайындықпен, кіріссе керек. Ғалым 1913 жылы ғылым-білім туралы: “... ғылым, өнер турасында біздің жайымыз ...жарлының халі сықылды. Ғылымның

жаңа жолын табуды іздемек түгіз, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ. Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйрететін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек” дейді. Міне, осы “керектердің” жолында бірінші болып өзі өзгелерге үлгі бола білген. Осылай тіл саласында “Оқу – құралы” (1912, 1913, 1914), “Тіл – құралы” (1914; 1915; 1923) оқулықтарын, әдіскер-ұстаз ретінде “Баяншы” (1920), “Сауат ашқыш” (1926), “Әліп-би” (1928), “Тіл – жұмсар” (1928) атты кітаптарды жазды. Бұл еңбектерінен басқа “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінде жарық көрген өзекті мақалаларының өзі бір төбе...

А.Байтұрсынұлының ақындық өнері мен аудармашылығы жөнінде айтылған өз заманында саз пікірлер жетерлік. Олар: М.Дулатов, Т.Шонанов, С.Сейфуллин, М.Әуезов және С.Мұқановтың т.б. ұлт көсемінің 50 жылдық мерейтойы тұсындағы тарихи еңбегі туралы материалдар. Бұл материалдардың барлығы дерлік А.Байтұрсынұлының аяулы есімі ақталғаннан кейін бұқаралақ ақпарат құралдарында, арнайы ғылыми-конференциялық жинақтарда бірнеше дүркін басылым көргені белгілі. Осылардың ішінде тілші-ғалым Т.Шонанұлының мақаласы ғана басылым көрмей, қолжазба күйінде қалып қойған. Мұрағат сөресінде жарты ғасырдай қатталған бұл “қолжазба” ғылыми ортаға 1992, 1999 жылдары ұсынылса да, қажетті дәрежеде талдана қойған жоқ.

1988-89 жылдары ғалым шығармашылығына қатысты өз ой пікірлерін білдірген зерттеуші-ғалымдар: Ш.Сәтбаева [1], Р.Нұрғалиев [2], Р.Сыздықова [3], Қ.Мұхамедханов [4], Ғ.Ахмедов [5], Ш.Елеукенов [6], Ж.Ысмағұлов [7], Ө.Әбдиманұлы [8] т.б. болды.

А.Байтұрсынұлының ақындығы деген тақырыпта ой-пікір, толғанысын академик С.Қирабаев өзінің жоғарғы оқу орындарына арналған “Әдебиетіміздің ақтандақ беттері” [9] атты оқу құралында талдап, таратса, профессор Т.Кәкішев “Әр дарынның өз орны бар” “Ахметтен тараған азатшыл поэзия”, “Ахмет сыни ой-пікірдің, саяси көзқарастың, көркемдік таным біліктің платформасы” атты зерттеу мақалаларында А.Байтұрсынұлының сын жанрына еркін және тамаша білімдарлықпен, эстетикалық биік талаппен барғанын, Қазан төңкерісіне дейін туған әдеби сынымыздың өресін жоғарылата түскені даусыз екенін айтады.

Әдебиет зерттеушілері А.Байтұрсынұлының 1909 жылы Петерборда басылып шыққан “Қырық мысал” атты жинағын қазақ мысал жанрының алтын дінгегі деп таниды. Жалпы, қазақ ақын-жазушыларының мысал жанрында қалам тербеулеріне орыс мысалшысы И.А.Крылов шығармаларының әсері болғандығы әдебиет тарихынан белгілі. Жалпы, орыс-қазақ мектебінде дәріс алған А.Байтұрсынұлы орыс әдебиетімен жақсы таныс болған. Ол мысал жанрына көңіл бөліп, шағын көлемді өлеңдер арқылы маңызды ойлар айта

білудің, оны астарлап сөйлетудің мүмкіншілігі зор екендігін терең түсінген. Және патша саясатының ұзын құрығынан құтылудың жолын әлеуметтік ортаға мысал-өлеңді тәржімалау арқылы насихаттауды мақсат еткен.

Ақын 1922 жылы қайта басылым көрген туындысының мұқабасының ішкі бетіне “Орысшадан қазақшаға 1901-1904 жылдары тәржімалаған Ахмед Байтұрсынов” деп жазады. Ақынның осы аудармашылық өнері жөнінде М.Әуезов: “Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсынұлынікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі” [10, 93-94] - деп, ақынның жазу тәсілінің мазмұндылық түрін атап көрсетеді.

Шындығында А.Байтұрсынұлының мысалдары көлемі жағынан, сюжеттік дамуы барысынан басқа сөз зергерлері туындыларынан дараланып тұрады. Зерттеушілердің тұжырымына сүйенсек, мысал жанрындағы негізгі заңдылықтардың бірі: бұрыннан белгілі сарынның негізінде дүниеге келген мысал сол автордың шеберлігінің арқасында төл туынды болып кете беруі жиі кездесетін құбылыс екен. Оған дәлел – Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов мысалдарына арқау болған сюжеттік жүйенің 6 арша әдебиетке ортақтығы. А.Байтұрсынұлы мысалдарында халықаралық сюжеттік жүйенің мазмұны қазақ өміріне бейімделгенің, сол кездегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік сұранысына қажетті ойлармен толықтырылғандығымен дараланатынын Ш.Елеуенов, Ж.Ысмағұлов, Р.Нұрғалиев т.б. ғалымдар монографиялық зерттеулерінде атап көрсетті. Әдебиетші-ғалым Ш.Елеуенов А.Байтұрсынұлының орыс мәдениетімен байланысына тоқтала келе, қаламгердің Крыловтан аударған мысал-өлеңдеріне мынадай: “Көркем шығарма – ауқымы кең дүние. Мұндағы шындық алуан қырлы болады. Крылов заманы былай тұрсын, Байтұрсынұвтың дәурәнінен бері талай уақыт өтті. Сонда да олар жазған мысал дәл бүгінгідей естіледі. Әрине, бұрынғы мағынада емес, жаңғырған сапада. Сондықтан Крылов мысалдарын өзінің әсем киімдерімен, терең мағыналарымен, жеңіл де татымды тілімен жеткізе білген” [6, 14] - деп сыпаттама береді де, қазақы күйге енген бұл туындыларды төлтума деп қабылдау керектігін айтады. Мұны басқа әдебиетшілер де қош көрері анық. Ұсыныс елусіз қалмады, 1994 жылы Т.Шаңбаев “Мысал жанрының стилі мен тілі” (А.Байтұрсынұлы 40 мысал) [11] атты кандидаттық диссертациялық еңбек қорғады. Әдебиет теориясы мамандығы бойынша жазылған бұл еңбектің ғылыми жаңалығы – А.Байтұрсынұлы мысалдарының стильдік төлтума сипаттарының даралығын ашу болды. Және осы “мысалдар арқылы қазақ мысал жанрының күрт өрлеу

кезеңінің табиғатын тану – қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі” деп қарастырды.

Мәселен, И.Крыловтың шығармаларында он тармақтан тұратын “Шымшық пен көгершін” атты мысалды “А.Байтұрсынұлы отыз екі жолға дейін ұлғайтып, мүлдем басқа туынды деңгейіне көтергені, ақын өз жанынан қосқан ойлары арқылы бұл мысалды қазақтың төлтума рухани мұрасына айналдырды” дейді. Осындай ерекшелік “Өзен мен қара су” мысалына да тән. Осындағы:

...Меңзеймін қара суды, қазақ, саған,
Талпынбай талап ойлап, қарап жатқан.
Барады қатар жұрттың бәрі озып,
Ілгері жылжымайсың жалғыз аттам...
...Қазағым, сал құлағың нақылыма,
Түсініп айтқан достық ақылыма.
Сөз емес еріккенде ермек еткен,
Айтамын жаным ашып жақыныма.
Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсең,
Болаарсың қара судай ақырында, –

деген жолдар ақын тарапынан ұлтына айтылған ғибрат екенін түсіндіріп жатудың өзі артық.

Профессор Р.Нұрғалиевтің қазақ ақын-жазушылары мысалдарының ерекшеліктері туралы: “Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қара сөзбен баяндаған. Ал, Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық “Шымшық пен Көгершін” мысалы – Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. “Өгіз бен Бақа” орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, “Қасқыр мен тырна” орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, “Арыстан, киік һәм түлкі” орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, “Қасқыр мен қозы” орысшада – 37, қазақшада 68 – жол, “Ағаш” орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеуірің, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойлар “Маса” (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады” [2, 7], – деп анықтай түседі.

Бұл тұжырымға қосатынымыз: А.Байтұрсынұлы мысалдарының көлемді болуына олардың әрқайсысына ғибратнамалы тарау-түсінік беруі себеп болған. Мысалы, 7 шумақтан тұратын “Екі бөшке” мысалының 4 шумағы ғибрат болып табылады. 36 тармақты “Қара бұлт” мысалының 2 бөлімінің әрқайсысы 18 тармақтан тұрады. 6 шумақты “Малшы мен маса” мысалының соңғы бөлімі 3 шумақтан құралған. Яғни, басты ой соңынан түйінделіп, ғибрат ретінде ұсынылады, кей тұстары таратылып та айтылады.

А.Байтұрсынұлының аударма-өлеңдері кітап атауындағыдай 40 санымен шектелмейді, соңыра “Маса” топтамасына 10 шақты: Жадовскаядан “Мінсіз таза меруерт” (2 шумақ), орышадан “Оқуға шақыру” (4 шумақ) бұл аудармасы кейбір кітаптарына “эпиграф” ретінде беріледі, арабшадан “Нәбік аты” (18 шумақ, 2 шумағы – 6-ы жолдан), Крыловтан “Сорлы болған мұжық” (12 шумақ, 3 шумағы – 6-ы жолдан) және “Қаздар” (14 шумақ, 2 шумағы – 6-ы жолдан), “Вольтерден” (6 шумақ), Пушкиннен “Ат” (6 шумақ, 1 шумағы – 6-ы жолдан), “Данышпан Аликтің ажалы” (26 шумақтан) және “Балықшы мен балық” (44 шумақ, оның 3 шумағы – 6-ы жолдан) тәржімалары бар.

Академик С.Қирабаев А.Байтұрсынұлының ақындығы әрі аудармашылығы жөнінде былай дейді: “Ахметтің ақындығы 1909 жылы Петербургте басылған “Қырық мысалдан” басталады. Бұл – Крылов мысалдарының аудармасы еді. Бірақ Ахмет бұл еңбегінде тек орыс мысалшысының дәрежесінде қалып қойған жоқ, шығарма сюжетін қазақ жағдайына ыңғайлап, адам мінезіндегі сорақылықтар мен қоғамдық әділетсіздікті тұспалдап айтып, оған қарсы үн таратты. Ал, “Масада” заман жайлы ойларын бейнелеу жолымен ашық айтты” [10, 62]. Яғни, ақын ұлт тағдырын негізге алып, оның бостандығын, қанаудағы күйі, артта қалуы жайларын, еңбекке, оқуға ұмтылу қажеттегін көтерді, адам бойындағы азаматтық сезімдерді оятуға қызмет еткен деп, күрескер-ақынды қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтар қатарындағы бірегей тұлға ретінде бағалаған. Профессор Ж.Ысмағұлов “... А.Байтұрсынұлының поэзиясының үлкен бір арнасы – оның аудармашылық өнері. Тіпті, анықтаңқырап, дәлелденкіреп айтсақ Ахаң ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды” – деп қаламгердің И.Крылов мысалдарына келуін Ы.Алтынсаринмен байланыстырады. Бұлайша тұжырымға келуге негіз – алғашқы ағартушының мысал жанрына ден қойып, оны қазақ арасына қалай жеткізу, тарату, үлгі-өнеге ретінде ұсыну туралы пайымына сүйенеді. Өйткені, мысал жанры қазақ арасына таныс болмағандықтан оны ел-жұрт күлкі, әжуа деп қабылдайтынын, сондықтан мысалды аударғанда басқаша қырынан келу керектігі үлкен мәселе етіп көтергенін айтады. Әдебиетші Ж.Ысмағұлов күрескер қаламгер А.Байтұрсынұлының “ақындық өнерін не себепті аудармадан бастады? Өзін болашақта белсенді әлеуметтік саяси қызметке, әдеби-ғылыми ізденістерге бағыштамақ ниетте жүргенде мысалға келіп жүгінуі қалай?” деген сауалға жауап бере отырып, аудармашылық жолында ақынның Крылов мысалдарындағы “бұқарашылдықты” Ахмет “төңкерісшіл идея дәрежесіне жеткізгенін” айтады. Жалпы, “Қырық мысалдың” қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді” деп түйіндейді.

А.Байтұрсынұлы 1929 жылғы сотқа берген мәлімдемесінде: “...Әдеби еңбекті ешкім мақтаныш үшін жазбайды, ол мінезден туады. Ұлтының қажетін өтейді сөйтіп” дей келе өзінің осы туындылары хақында “...ақ патша тұсында басылып, халыққа кең тараған әдеби еңбектерімнің ішінен

Крылов мысалдарының қазақша аудармасын, “Маса” деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей атар едім. ...Көркем әдебиетке деген көзқарасым: оның құндылығы сонда – неңдей идеяны көтерген шығарма болмасын егер адам әлемінің сезіміне, жан дүниесіне қалай, қайтіп әсер ете алады дегеннен шығып жатады. Әсерге бөлей алса ғана ол әдебиет. Ой-тұжырым мәселесі екінші кезекте тұрғаны жөн, ал адамды өз әлеміне баурай тартып еліктіріп әкелетер күші жоқ шығарма әдебиет емес, идеология ғана деп ойлаймын” дейді. Ғалым қандай тақырыпқа қалам тербесе де оның басты мақсат-мұраты – адамзаттың санасына шұғылалы сәуле егу болған. Ақынның өз тілімен айтсақ “адамдық диқаншысы” болу қызметін арымен атқарған – феномен-тұлға. Қайраткердің өзі айтқандай “Маса” деген атпен топтасқан өлеңдерімді бірегей бөлектеп атар едім” деген мәліметіне сүйенсек, “Масаның” әдеби мәнінен гөрі, әлеуметтік мәнінің маңыздырық болғанын байқау үлкен қиындық туғызбайды. Үзеңгілес шәкірті М.Әуезов: “...Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, сая сат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер болатын” – деп 1923 жылы ғалымның 50 жылдық тойына жасаған баянатында өте жоғары бағалайды және “жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті қайраткерді өзінің басшысы санайды” деп ұлт ұстазы артынан ерген ұрпақ барын сол әлеуметке паш етеді.

Ғалымның есімі ақталғаннан кейін алғаш кирил харпіне түсірілген 1989 жылғы басылымда Ш.Сәтбаева былай: “Масаның негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу” [1, 13] – деп ойын тұжырады да, бұл топтамадағы тақырып қою, өлең жолдарының өрнектелуі мен ой жүйелеу мәнерлерінен Шоқан, Абай, Ыбырай үлгілерін ұстанғанын, жалпы, ағартушылық бағытта олардың бір-бірімен уақыт алшақтығына қарамай үндестікте болған деген пікір айтады.

Академик С.Қирабаевтың жоғарыда аталған кітабына енген “Ахметтің ақындығы” атты талдау мақаласы 1990 жылы жазылды. Мұнда “қайраткерді әлеуметтік-шындықтың ақыны, дәуірлік құбылыстарды нақсыпаттаған, жаңашыл ақын әрі ойшыл суреткер” екендігі оның төл өлеңдерін талдап, тарату арқылы сараланады. Зерттеуші “Қазақ қалпы” “Қазақ салты”, “Жиған-терген” атты өлеңдеріндегі “бейнелілікке” баса назар аударып, қиын-қыстау кезінде – алаш азаматының бәрін “таразыға тартып” сыннан өткізген суреткер-ақын дейді. Мәселен, “...Қаз едік қатар қаңқылдаған, Сахара көлге қонып салқындаған. Бір өртке қаудан шыққан душар болып, Не қалды тәнімізде шарпылмаған деген шумақтағы үшінші жолдағы “өрт” сөзінен “отаршылдықтың өрті”, осыған қарсы тұратын қазақта кім бар? деген ақынның “жанайқайын” аз сөзге сыйдарғанын, халқына ызалана, күйіне отырып та, оның болашағы мен азаттығына бар өмірін арнағанын айтады. Абайша қайғырып, Абайша толғанады. Ахметтің “Масасы” талай елді оятты. ...Ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар

ұстаз ағасының ісін жалғастырып алып кетті” [10, 116] деген пікір айтады. Бірақ, Ахметке олармен жарысып, поэзияда қызмет істеу қажет болмай қалды. Ахметтің ақындығы осымен тәмам болып, ол өзін халқына қажетті ең өзекті мәселеге жұмсады. Яғни, “ақындығын ғалымдығы” жеңіп кетті. Әрине, бұл Ахметтің ақындығын, азаматтық поэзиясындағы талантты туындыларын жоққа шығара алмайды. Қайта, қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашанда да тарих биігінде тұрады деп түйіндейді тұжырымын.

Ақынның “Мінсіз таза меруерт” өлеңі туралы 1989 жылғы қайта басылымда мынадай түсінік беріледі: “...автор бұл өлеңді Ю.Жадовскаядан (1824-1883) аударған, 1911 жылы Орынборда жарық көрген “Маса” жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланады” [1, 316]. Бұл аударма туралы профессор Ж.Ысмағұлов: “...екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел аузында Асан қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр”, [7, 410-423] – деп жазды. Және бұл аудармада ақынның романтикаға бой алдырғанын, оның Пушкин, Лермонтов, Надсон шығармаларына жүгінуінен аңғаруға болатынын айтады. Ж.Ысмағұловтың аударма жөніндегі ой-тұжырымына сүйенген әдебиеттанушы С.Мақпыров “Таза мінсіз асыл тасты” енді шатастырмайық деген танымдық ғылыми зерттеу мақаласын жазды. Бұл мақала зерттеушінің “Қазына” [12] атты монографиялық зерттеу еңбегіне енді. Ғалым С.Мақпыров өзіне дейін дәлелденген аудармаға не себепті қайта оралғанын былайша таратады. 1989, 1997 жылдары аударма туралы айтылған түсініктерге және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та “Асан қайғы жырларының көркемдік әлемі” деген мақалада “Ш” деген автордың бұл өлеңді Асан қайғының туындыларына жатқызғанын әрі талдағанына орай тағы да бір толғақты талдау-түсініктің оқырманға әлі керектігіне байланысты, өлеңнің тарихын арыдан, орысша түпнұсқасынан қарастырады. Яғни, зерттеуші Жадовскаядан бастайды. Орысша нұсқадағы:

“Лучший перл таится
В глубине морской;
Зреет мысль святая
В глубине души.
Надо сильно буре
Море взволновать,
Чтоб оно в бореньи
Выбросило перл;
Надо силно чувству
Душу потрясти,
Чтоб она, в восторге,
Выразила мысль” [12, 44-45] –

деген жолдарды көркемдік-стильдік тұрғыдан шұбалаңқы, балаң жеткізілген туынды деп бағалайды. Бірақ, А.Байтұрсынұлының бұл өлеңге философиялық тұрғыдан келгенін және “перлді” “меруерт” деп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәнде екенін айтады. Жадовскаяның үш шумақты шашыраңқы ойын А.Байтұрсынұлы “...тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумаққа жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндегі төлтума деп санауға лайық әсем аударма жасаған” дейді.

Шындығында, қос өлеңді қатар қойып, оқыса екі өлеңнің бір-бірінен соншалықты алшақ жатқанын көреміз. Қазақша нұсқасы:

“Мінсіз таза меруерт
Су түбінде жатады.
Мінсіз таза асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан зат
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады” [1, 65]

Өлеңнің орыс әдебиетінен алынып, аударылғанын ақынның өзі айтпаса, мысалы “Жадовскаядан деп”, бұл өлеңді “А.Байтұрсынұлыныкі” деп қабылдарымыз хақ. Бұл аударма жөнінде жоғарыда аталған бірнеше ғылыми мақалалардың жазылғанына қарамастан, өлеңнің өз авторын әлі күнге дұрыс атамау, туындыны қасақана танымау – ахметтану мәселесіне адалдық болып табылмайды. Қорыта айтқанда, қазақ ұлттық ғылымының алтын дінгегі болған А.Байтұрсынұлының әдебиеттегі айшықтарын саф қалпында қабылдаудың мезгілі жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А., Шығармалары /Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер/ Алматы: Жазушы, 1989.-320 б., (Алғы сөзі:Сәтбаева Ш)
2. Байтұрсынов А., Ақ жол /Өлеңдер, тәржімелер, публ мақалалар және әдеби зерттеу/ Алматы: Жалын, 1991.- 464 б., (Құрастырушысы, алғы сөзі: Нұрғалиев Р)
3. Байтұрсынов А., Тіл тағылымы /қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері/ Алматы: Ана тілі, 1992.- 448 б., (Алғы сөзі:Сыздықова Р)
4. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.- 208 б.
5. Ахмедов Ф. Алаш “Алаш” болғанда. – Алматы: Жалын, 1996.-224 б.
6. Елжукенов Ш. Жаңа жолдан. С новый строки. – Алматы: 1989.- 288 б.
7. Ысмағұлов Ж. Ақаң туралы жазсақ ақаусыз жазайық // Егемен Қазақстан. – 2004. – 7 сәуір; 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. -512 б.
8. Әбдиманұлы Ө. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.- 168 б.
9. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995.-288 б.

10. Әуезов М. Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар. Т.50., Т.1. – Алматы: Ғылым, 1997. 580 б.

11. Шаңбаев Т. “Мысал жанрының стилі мен тілі” (Ахмет Байтұрсынұлы 40 мысал). Автореферат, 1994.

12. Мақыпұлы С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004.- 320 б.

Сауле Бралина

ТЕКСТ В СИСТЕМЕ “ФОЛЬКЛОР – ЛИТЕРАТУРА”

Генетическая преемственность фольклора и литературы, общность предмета (искусство слова) и эстетических функций (художественная образность), органическая связь и взаимовлияние этих областей человеческого познания надолго определили традиционное (по существу, безальтернативное) толкование многих теоретических понятий, одним из которых является текст. Концептуально подобное толкование выстраивалось по принципу: устный, анонимный, изменяемый фольклорный текст и письменный, авторский, канонический литературный текст.

Однако современные представления об устной культуре, активная интеграция предметной области и методов многих гуманитарных наук позволяют сегодня по-иному рассмотреть природу и специфику фольклорного текста в сопоставлении с литературным текстом.

В этой связи первое, что обращает на себя внимание, что, как говорится, “лежит на поверхности” это устная форма бытования фольклорного текста. Аксиоматичность этого положения не вызывает сомнений. Так, К.В. Чистов отмечает: “Для того, чтобы уяснить общие отличия построения фольклорного и литературного текста, следует исходить из их фундаментальных отличий в теоретико-коммуникативном плане. <...> Фольклорный текст – это текст устный, т.е. произносимый исполнителем и воспринимаемый на слух; литературный – зафиксированный, читаемый и воспринимаемый в процессе чтения” [1].

Действительно, традиционно фольклором считалось народное поэтическое творчество обрядового и необрядового характера, т.е. многочисленные заговоры, причитания, сказки, песни, загадки, анекдоты и т.д., устно бытующие в народе. Фольклорист, изучая фольклор, по существу имел дело с записями вариантов и версий фольклорных произведений. Но подобные “записи” лишь фиксировали текст, не делая его “письменным”. В противовес сказанному сегодня особую продуктивность приобрели заявления о новой форме народного поэтического творчества – “письменном фольклоре” к которому относятся граффити (надписи на партах, стенах, заборах и т.д.), армейские и девичьи альбомы, анкеты, вопросники, ребусы, надписи к фотографиям, открыткам, конвертам, словники, псевдообъяснения аббревиатур и т.п. Иначе говоря, предложенные жанры кардинально изменяют традиционные представления

об устности фольклорного текста, и уже имеются первые опыты обобщения подобного материала [2].

С другой стороны, авторское творчество также может существовать в устной форме (например, поэзия казахских акынов и жырау 15-17-х веков, средневековая западно-европейская литература). Понятно, что подобного рода литература специфична, и вопросы ее генезиса, форм функционирования и поэтики относятся к области литературного фольклоризма, а потому должны быть решаемы прежде всего усилиями историков литературы. Что же касается устности фольклорного текста, то здесь, на наш взгляд, следует учитывать не столько коммуникативную (как призывает К.В. Чистов), сколько онтологическую сущность этого явления. Устность фольклорного текста – это его “жизненная” форма, обусловленная природой коллективного творчества. Только благодаря ей, фольклорный текст бытует в народе, передается из “уст в уста”, творится в “устах”, поэтому игнорирование устности как концептуального признака фольклорного текста влечет за собой исчезновение самого понятия “творения”, “творчества” масс, народа.

Фольклорный текст анонимен, что обусловлено его коллективной природой, но насколько этот признак специфичен для фольклора? В этой связи один из ведущих теоретиков фольклора В.П. Аникин считает, что понятие анонимности не применимо к фольклору вообще, так как оно “... означает, что у фольклорного произведения был творец-автор, но имя его по каким-то причинам осталось неизвестным...” [3]. Пафос исследователя будет понятен, если учесть, что анонимность фольклорного текста зачастую отождествляется с его безличностью, что не совсем верно.

Действительно, автор фольклорного текста анонимен (т.е. не может быть назван по имени), но не безличен, поэтому было условное и первое, и второе, и тысячное лицо, создавшее конкретный фольклорный текст. Но ни одно из них не может быть признано его автором, т.к. авторство как таковое не востребовано коллективной природой фольклора. Для сравнения: в устной поэзии упоминавшихся нами казахских акынов и жырау имя автора, как правило, маркируется, что позволяет с большой долей вероятности атрибутировать тот или иной текст [4]. Однако понять и принять коллективность как имманентный признак фольклора удалось не сразу. Как известно, в истории науки о фольклоре имелся печальный опыт отождествления исполнителя фольклора с его автором, в результате которого явились публикации “авторских” сборников фольклора, изучение биографий и «творческого пути» талантливых сказителей, рассказчиков или певцов.

Фольклорный текст – коллективный, массовый. Однако сама по себе коллективность не может стать специфическим признаком фольклорного текста, если воспринимать ее как механическую сумму творческих актов отдельных исполнителей. Психология коллективного творчества намного сложнее и “тоньше”. В этой связи важно понять, что творчество отдельного

человека в фольклоре, каким бы талантливым и оригинальным оно ни было, не может быть уникальным, как в литературе. Оно организуется по законам фольклорной традиции, а посему является выражением общенародных мыслей и чувств, художественных вкусов и эстетических идеалов. С этой точки зрения хрестоматийными стали параллели между языком и фольклором, проводимые в свое время П.Г. Богатыревым и Р.О. Якобсоном: "...индивидуальные отклонения от "langue" ... становятся фактами "langue" после того, как коллектив, носитель данного "langue" санкционирует их и усвоит как общеупотребительные. <...> ...если это устное, созданное этим индивидуумом, произведение оказывается по той или другой причине неприемлемым для коллектива, если прочие члены коллектива его не усваивают – оно осуждено на гибель. Его может спасти только случайная запись собирателя..." [5].

Веским аргументом в пользу специфики фольклорного текста является его вариативность. Действительно, текст, который мы слышим (даже от одного и того же лица) в процессе устного исполнения изменяется. В литературе также существуют варианты, но они – показатель творческой лаборатории писателя. Поэтому литературоведы-текстологи говорят об основном, каноническом тексте, отражающем "последнюю волю автора" Именно такой текст предлагается читателю. Разумеется, при этом не исключается вариативность восприятия текста самим читателем. Явление это еще мало изучено, но уже сегодня активно разрабатываются такие направления в науке, как психология читателя или библиопсихология. Однако сам текст, благодаря тиражированию и авторскому праву, остается неизменным, независимо от количества и качества его прочтения.

Другое дело в фольклоре. Каждое исполнение фольклорного текста в своем роде уникально и неповторимо, а дословно совпадающие записи фольклора ставят под сомнение их научную достоверность. И все же вариативность не может быть признана специфической особенностью фольклорного текста.

Природа вариативности фольклорного текста иная, чем в литературе. В фольклоре вариативность – это способ существования произведения, обусловленный устной формой его бытования. И чем богаче и многообразнее представлены варианты фольклорного произведения, тем активнее его "жизнь" в народе. Но разнообразие вариантов в устном творчестве не бесконечно, оно ограничено законами фольклорной традиции, в пределах которой допускаются изменения фольклорного текста. Поэтому любое проявление "авторской воли" в фольклоре будет традицией отторгнуто и обречено на забвение. Кроме этого, являясь результатом многократно повторяющихся творческих актов, вариативность фольклорного текста типологически сходна с вариативностью многих явлений материальной и духовной культуры народа (зодчества, прикладного искусства, живописи, музыки и т.д.).

Нередко в качестве определяющей фольклорного текста выдвигается его связь с бытом. По этому поводу уже упоминавшийся нами исследователь

замечает: “Фольклорный текст как объект исследования отличается от других словесных текстов (литературных) тем, что он возникает в быту, бытом обусловлен и функционирует в быту” [6]. Однако, несмотря на значимость жизненных реалий в процессе формирования и развития устного творчества, заметим, что в фольклоре не все и не всегда объясняется только бытом. Немаловажной является эстетическая функция фольклора как искусства слова, выражающего идеалы, мысли и чувства народа. С этой точки зрения бытовизм фольклорного текста не может быть безоговорочно причислен к его специфическим признакам.

Фольклорный текст синкретичен, т.е. представляет собой соединение разных видов искусств (слова, музыки, танца, драматического действия). Эта специфическая особенность фольклора обусловила сегодня развитие целого направления в изучении устного творчества. Речь идет о структурно-семиотическом подходе в решении интересующей нас проблемы, представители которого неоднозначны в определении специфики фольклорного текста.

Так, Н.И.Толстой, опираясь на богатый опыт лингвокультурологических исследований, дает иное толкование фольклорного текста: “...культура многоязычна в семиотическом смысле этого слова и нередко пользуется одновременно в одном тексте несколькими языками. В этом случае ... под текстом понимается не последовательность написанных или произнесенных слов, а некая последовательность действий, и обращения к предметам, имеющим символический смысл, и связанная с ними речевая последовательность” [7].

Иначе говоря, то, что в традиционном понимании принято считать фольклорным (“словесным”) текстом, с точки зрения этнолингвистики является одним из языков, “слов”, кодов единого семиотического текста, состоящего из трех знаковых компонентов: обрядового (акционального), предметного (реального) и словесного (вербального). Таким “текстом” предстанет, например, обряд камлания баксы, в котором ритуальные действия (облачение в специальную одежду, “вхождение в транс”), используемые при этом предметы (кобыз, камча и др.) сопровождаются исполнением фольклора (заклинаний, заговоров баксы). Все эти “языки” взаимозаменяемы и могут быть, при необходимости, реконструированы.

Понятно, что подобное толкование фольклорного текста значительно раздвигает границы текстового пространства и апеллирует к широкому культурологическому контексту. И это, разумеется, может быть оценено только положительно. Но всегда ли правомерен такой подход? Не грозит ли он “растворением” фольклора, как уникального искусства, в этнографии или приобретением им вторичных, вспомогательных функций языка? Эти вопросы ждут своего ответа, который, на наш взгляд, не может быть сведен только к актуальной идее интеграции современных наук. В этой связи принципиально значимой является точка зрения М.М.Бахтина, в которой универсальность и специфичность текста предстают в гармоничном единстве: “Текст – первичная

данность (реальность) и исходная точка всякой гуманитарной дисциплины. Конгломерат разнородных знаний и методов, называемых филологией, лингвистикой, литературоведением, науковедением и т.п. Исходя из текста, они бредут по разным направлениям, выхватывают разнородные куски природы, общественной жизни, психики, истории, объединяют их то каузальными, то смысловыми связями, перемешивают констатации с оценками” [8].

Таким образом, можно было убедиться, что фольклорный текст обладает рядом специфических особенностей. Однако выявленные характеристики не могут быть однозначно причислены к сугубо фольклорным. С этой точки зрения проблема фольклорного текста в системе “фольклор – литература” остается “открытой” и требует своего дальнейшего исследования.

Использованные литературы:

1. Чистов К.В. Народные традиции и фольклор: Очерки теории. Л.: Наука, 1986. С. 163.
2. Русский школьный фольклор. От “вызываний” Пиковой дамы до семейных рассказов / Сост. А.Ф. Белоусов. – М.: Ладомир, 1998. 744 с.; Устная и рукописная традиции: Сб. науч. тр. Екатеринбург: Изд-во УрГУ, 2000. 247 с.; Современный городской фольклор. М.: Изд-во РГГУ, 2003. 736 с.
3. Аникин В.П. Русский фольклор. М.: Высш. шк., 1987. С. 28.
4. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Алматы: Жазушы, 1984.
5. Богатырев П.Г. Вопросы теории народного искусства. М.: Искусство, 1971. С. 370-371.
6. Чистов К.В. Указ.раб. С.8.
7. Толстой Н.И. Язык и народная культура: Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. М.: Индрик, 1995. С. 23.
8. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М.: Искусство, 1979. С. 294.

Ақбота Ахметбекова

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДИСКУРСТЫҚ СИПАТЫ

Ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ әдебиетін қалыптастырудағы орны ерекше. Ғалым С.Қирабаев: “Қазіргі қазақ әдебиетінің ұзақ даму жолын шолып қарасақ, оның бай фольклорына қоса ерте ғасырлардан бастап-ақ түркі тілдес халықтармен ортақ әдебиет жасағанын көреміз. Көне түрік ескерткіштеріндегі жазулар (Орхон, Күлтегін, Білге-Қаған, Тоныкөк) мен “Қорқыт-ата кітабы”, “Оғуз-наме” дастанында кездесетін эпостық жыр үлгілері, аңыз әңгімелер, Жүсіп Баласағұнның “Құтты білігі” Махмұт Қашқаридің “Түркі тілдерінің сөздігі”, Қожа-Ахмет Ясауидің “Даналық кітабы” Ахмет Иүтнекидің “Ақиқат

сыйы”, кейінірек туған “Кодекс-Куманикс” “Мухаббат-наме” “Хиссаул Энбия” кітаптарында басылған халық өлеңдері мен дастандарының үлгілері, мақал-мәтелдер осыны айғақтайды... Осылар арқылы бүгін біз қазақ халқының құрылуына негіз болған этникалық процестерді - қазақтардың түп тамырын, қауымдас, тектес халықтармен байланысын ұғамыз, түркі халықтарының әлеуметтік-қоғамдық, мәдени өмірінің бірге басталып өрбігенін түсінеміз. Бұл процесті ұғыну, тектес халықтар мұрасын тұтас алып, құбылыстардың өзара байланысын барлық тұрғыдан зерттеу ғана тарихты дұрыс түсінуге болатынын байқатады”/1, 11/, - деп көрсеткендей, әдебиет халықпен бірге жасайтын, үнемі даму үстіндегі үдеріс ретінде оның тарихи даму жолын бейнелеп қана қоймай, сондай-ақ тарихты жасаушы халықтың ой-санасын, дүниетанымын бірден-бір қалыптастырушы қасиетімен де белгілі.

Әдебиетадам мен өмір қатынасын белгілеуде фәлсапалық поэзияға жол салды. Қазақтың өмірді жырлауға, тіршіліктің мәнін тануға арнаған ой-толғауларын фәлсапалық деп сипаттаймыз. Ал осы өмір жайлы ой қазбаларын дінмен, дәлірек айтсақ, мұсылман дінімен көмкере жырлаған туындыларды сопылық әдебиет деп атауға Қожа Ахмет Йасауи хикметтері негіз болды. Алайда қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзияның дамуына ат салысқан ақындар біршама. Олардың шығармашылықтары қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзияның өзіндік сипатымен ерекшеленуін белгіледі. Осы қазақи ерекшеліктерді тану үшін мәтіннен бұрын оның дискурсына жүгіну қажет сияқты.

Жалпы араб өлеңдерінен бастау алған, араб лирикасының лексикасы негізінде қалыптасқан сопылық поэзия мазмұны қос мағыналылыққа құрылды. Бұл дегеніміз сопылық өлең міндетті түрде өзінің фәлсапалық мағынасын ғашықтық өлең жамылғысының астында жасыру дәстүрі ұстанды. О.Б.Фролова араб сопылық поэзиядағы бұл құбылыс туралы былай дейді: “В арабских сочинениях суфийского характера план выражения и план содержания - символика и идеология - имели свои терминологические обозначения - захир и батин, т.е. “явное” и “сокровенное” или “внешнее” и “внутреннее”, употребленное еще в Коране. Принцип “концептуальной бинарности” или бинаризм, был основополагающим принципом арабской средневековой мысли”/2, 98/. Байқап отырсақ, сопылық поэзияның қос мағыналылығы сопылық терминдермен белгіленген, яғни, сопылық терминдердің астарлы мағынасы негізінде ғашықтық өлеңнен қосалқы мән-мағына тани аламыз.

Кел ай сақи кетүргіл жәм-і жәмни

Кішінің көңлідін кетәр бу ғамни.

Кім ашти көкке ахум іхтирақи

Күйүрді көңлүмі ділбар фирақи /3, 136/

Бұл екі бөйітте сүйіктісіне қосыла алмаған ғашық адамның ахуалы суреттелген, айырылысқа шыдамай қам көңілін сәл болса да шарап ішіп, мастықпен ұмытуға тырысқан әрекеті, бірақ мастықта да ғашықтық отының жалыны жүрегін күйдіріп жатқаны хабарланған. Ал “сақи” мағынасын Алла

не пір деп, “жәм-і жәмни” – шарап тостағаны, яғни, аллаһи махаббат деген мағынасын қолдансақ, мынадай хабарлама аламыз: Алла тағала кұлына махаббат нұрын төгіп, бұл дүниелік күйбең тіршіліктен айырылтты, бірақ аллаһи махаббат дәмін тартқан адам сүйгеніне ынтық болып, өртеніп-жанып, ғашығына жете алмай, аһ ұру ахуалын кешеді.

Алайда бұл өлеңнің “захир” ғашықтық мағынасы /бәйіттерді ғашықтық лирика деп суреттеуде мағынасына негізделеміз, ал жанрлық тұрғыда бұл туындысы хамрийат, яғни\,шарап жанрымен жазылған деп сипаттаған дәлірек болар/ мен “батин” сопылық мағынасы бір поэтикалық мәтінмен беріліп тұр. Егер де әдебиетті информация тұрғысында қарастырсақ, белгілі бір информация бір қалып арқылы қабылдаушы жаққа ұсынылды. “Мухаббатнама” авторы Хорезми хабарлама дайындауда, оның сопылық мағынасы бар не жоқ деп еш ескертпейді. Сонда недей себептер бізге оның сопылық мағынасын іздеуге түрткі болды?

Мысалы, Шәкәрім Құдайбердиев ақынның мына өлеңі де қос мағыналылыққа құрылған:

Ақылдан бойға сыр тарап,

Үміттің шамы жанған күн.

Жар есіркеп, бері қарап,

Нұрына жүрек қанған күн /4, 250/.

“Захир” мағынасы бойынша, сүйгені бері қараған ғашықтың үміті жанған, жүрегі қуанышқа толған ахуалын көреміз. “Арақ, мастық, жар, жаң, шатақ, иманның шешуі” деген өлеңі арқылы автор өзінің жұмбақ мағыналы шығармаларының “батин” мағынасы бар екенін өзі хабарлайды:

Арақ - ақыл, мастық - ой, жар - хақиқат

Жан - нәпсі, шатақ - иман, дін - қиянат.

Маскүнәм, әйел сүйгіш, дінсіз ғой деп,

Сырын білмей сыртымнан қылма ғайбат /4, 262/.

Ендігі ақынның “расшифровкасын” пайдалана отырып, алдыңғы өлеңнің сопылық мағынасын ашып көрелік: Ақыл мен арақ Шәкәрімде (ақын “шарап” терминінің орнына “арақ” сөзін қолданған және де Алланы махаббат емес, ақыл күшімен ғана тануға болады деген өзіндік концепциясы қалыптасқан) бір мәнде қолданылған, сонда ақыл арқылы адамның көңіл көзі ашылып, сүйген жарын, яғни, Алла тағаланы өзіне қаратып, ақиқат мәнге жете алады. Белгілі дәрежеде ақын өзінің шығармаларының қосалқы мағынасы бар екенін көрсетіп қана қоймай, өлеңдеріне барынша дұрыс түсініктеме берілуіне өзі қолғабыс етуге тырысқанын байқаймыз.

Қожа Ахмет Йасауидің хикметтерінде де сопылық мағынаны іздеуге ғана емес, барынша тануға итермелейтін сөздер тобы бар:

Мухаббатны бустаныға өзін салса,

Мағрифатны майданыда жәулән қылса,

Пир шарабын ічіб рухы қанса,

Мауаддәтні майданыда хуш гүл болур /5, 304-305/.

Осы жерде И.Я.Чернухинаның: “Көркем мәтіннің жалпы мазмұны көркем мәтіннің құрамдас бөліктерінің бір-бірімен байланысудағы орындарын белгілеу есебінен қалыптасады, олардың мәндері бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде лексикалық тұрғыда формальды көрініс таппаған жаңа семантиканы жасайды” б.350/ деген тұжырымына сүйенсек болады. Йасауи хикметтерінде белгілі бір ұғымды тұрақты сөз тіркестерімен беру байқалады. Жоғарыдағы хикметтен махаббат бустан, мағрифат/таным/ майдан, пір шарап, мауаддәт/сүйіспеншілік/ майдан, әләст -хамр/шарап/, билә/ дұрысы: бәлә “иә” деп келісу мағынасында/ - мудам/шарап/, тән күйө ихтирақи/өртеу/, іш күйө - күл болу, заһир/сырты/ -түзеу, шауқ шарап, іч көңіл - көздеу, масиуа/өзге барлығы/ - Алла, еранлар/сопылық жолындағылар/ хақ йады, рижәлун/ер адамдар/ -тулһиһим/ойын-сауық/, Халиқ/жаратушы/ - ан-нас/адамдар/, пір асрар/құпия-сырлар/, тариқат - дәруіш, мағрифат - мәтағ/жарақ, жүк/, хақиқат - майдан сияқты жұптардың қатарласуы бейнелі ұғым жасағанын, жаңа мағыналы сөз тудырғанын көреміз. Және де бұл сөздердің бір ұғым жасау тарихын қазбаласақ, сонау сопылық оқуларға негіз болған мәселелерге тірелеміз. “Бустан” бақ, бақша сөзі махаббат сөзімен қатарласқанда, бақшадағы раушан гүліне ғашық болған бұлбұлдың зарлы махаббатының бейнесі көз алдыға келеді. Яғни, сопылық әдебиетте раушангүл - бұлбұл мотивінің сопылық санаға әбден сіңісті болғаны соншама, Йасауи бұл мотивті махаббат бустаны деген тіркеспен беруді жеткілікті деп санаған. Бұл белгілі дәрежеде, ақынның өзіндік қолтаңбасы болып табылады. Пір шарабы дегенде, шараптың сопылық мағынасын пір ұғымымен нақтылау тәсілі байқалады. Пір Сопылық жолдағы жетекші, кейде Алланың өзі ұсынған шараптың мағынасы сопылық екенін бірден анықтауға болады. “Әләст” сөзі Құрандағы “Ә ласту бираббикум?” аятынан қысқартып алынған. Яғни, “Мен емеспін бе сендердің қожаларың?” деген сұраққа адам рухтары “Бәлә” - Иә деп жауап беру арқылы өздерінің Жаратушысын мойындау келісіміне байланысты шыққан термин. Әләст деген терминнің Йасауи тұрғысында ұғымы біршама кең: Алланың адамдарға деген қатынасы махаббатпен белгіленеді, бұл аят арқылы Алла адамды өзіне жақындатқан, жақын тұтқан, өзін тануға шақырған, танымға жету мүмкіндігін ашқан. Ал тән бұл дүниелік атрибут ретінде жанның рухани әлемге шығуына кедергі жасайтын бөгет, оны тек Аллаға деген шексіз махаббат арқылы жоюға болады. Адамның мәні сыртқы - заһир келбетімен емес, ішкі көңілмен белгіленеді, сондықтан сопылар сыртын емес, ішін түзеуге, бар ынтасын жан дүниесіне бағыштауға шақырады. Бұл ғаламда Алладан басқаның, өзгенің барлығы жалған, ал оны тану үшін Хақ жолына түсіп - дәруіш болып рухани әлемнің жарағын сайлау керектігін мағрифат - мәтағ жұбының негізінде сөздердің қатынасқа түсу аясынан пайда болған информациядан білеміз.

Жоғарыда Йасауи хикметтеріндегі сөздердің мәтіннің көлденең/горизонтальды жолы бойынша жұп құрауынан туындаған мәндердің аясын көрдік. Ал енді хикметтердің поэтикалық мәтінін тігінен вертикальды/қарастырап болсақ, махаббат мағрифат пір шарап -мауаддәт сөздері өз кезегінде белгілі бір мағыналық аумақ тудырады: махаббат мағрифатқа жеткізеді, мағрифат пір шарабын ішуден басталады, шарап ішу өзара сүйіспеншілік тудырады. Осы шумақтағы қимыл-әрекетті білдіретін сөздердің мағынасын тігінен қарастыралық: өзін салса жәулән қылса рухы қанса гүл болар. Яғни адам Алламен қатынасын белгілеу үшін сопылық жолға өзін салуы тиіс, өзі жолға түсуі керек, сонда ғана майданда арпалысқа түсіп, рухани кемелденіп, сүйіспеншілікке ие болған гүл болады. Келесі шумақты тігінен қарастырайық: әләст - бәлә - тән іші. Мағынасы -Алла тағала адамдарды жаратпай тұрып, болашақ рухтарынан “Мен емеспін бе сендердің қожаларың?” деп сұрайды. Сонда Алланы қожа деп мойындаушылар “иә” деп жауап береді, бірақ хақ мәнге жету үшін адам бұл дүниелік тән құрсауынан босанып, ішкі жан дүниесін жетілдіру арқылы жетеді. Осы шумақтың етістіктеріне мән берейік: берсе ішіп - күйдіретер -күл болар, бұған мына түсіндірмені беруге болады: Алланың таңдауына ие болған адам махаббат нұрына бөленіп, өзінің адами “мен” деген қасиетін жоя отырып, бұл дүниеге жоқ болады. Шумақтың әр тармағының соңғы сөздерін де тігінен көрейік: сақи - бақи - ихтирақи күл болар. Сақидың /шарап құюшы/ ұсынған махаббат шарабы бақилықты танытады, жалған дүние өртеніп, уақытша өмір керек болмай қалады.

Қарап отырсақ, Қожа Ахмет Йасауи хикметтеріндегі лексикалық дәрежедегі тілдік бірліктер поэтикалық мәтін кеңістігінде семантикалық және денотативті-тақырыптық ұқсастықтары негізінде белгілі бір топ құрай отырып, мазмұндық құрылымның мән-тақырыбын айқындайды. Йасауи хикметтерінің жалпы мазмұны, поэтикалық мәтін лексикасы ғашықтық лирика түрінде берілсе де, сопылық мән-тақырыпты айқындайтын бір топ сөздер өлеңнің қазығын белгілеп, сопылық мән-мағынасын алға шығарып отырады. Ортағасырлық сопы ақынның әр лексикалық бірлігінің айналасын сопылық мәнді не сопылыққа ишара ететін сөздер қоршаған. Мысалы,

Ғашық ариф жан мүлкіде әләм тартса,

Он сегіз мың камуғ әлем ғүлғүл болур.

Көңүл күшы шауқ қанатын қақыб чықса,

Жүмлә уужудйат сайрар булбул болур /5, 304/.

Мұнда “ғашық” сөзі сопылық оқуда белгілі бір дәрежеге жеткен “ариф” сөзімен тіркесе келе, қандай ғашық екенің, яғни қызға емес, Аллаға ғашық адам екенін айқындап тұр. Сонымен қатар “ғашық” сөзі “арифке” эпитет пе әлде керісінше ме деген сұраққа нақты жауап алу қиын. Ал “жан мүлкі” тіркесі “тән” ұғымын беретіні сөзсіз. Жалпы “мүлік” сөзі дүние, меншіктік зат деген мағынаны беріп, ғашықтың махаббаттық сезімнен бе, жоқ, яки осы дүние құрсауынан ба, азап шегіп жатқанын екі ұшты түсіндіреді. Бұндай мағынада

сөйлем құру Йасауи шығармашылығына тән. Ақын үшін ғашық ариф махаббат дәмін татудың нәтижесінде бұл дүниені талақ етеді, сонымен бірге бұл дүниені талақ етпейінше, махаббатқа ие бола алмайсың. Демек бірінсіз бірі жоқ. Ал Хорезми өлеңдерінің мағыналық құрылымы мүлдем өзгеше, парсы әдебиетінің ықпалынан туған бұл туындыларының хабарлама-мағыналық дәрежесінен сопылық мәнді таныту жолы Йасауи мен Шәкәрім тәсілдерінен басқаша болып келеді. Мысалы:

Кел ай гүлчәхра, сақи, мей кәтүргіл
Мәні хайран мукамінга йетүргіл
Хабібім нақшида мағни болайын
Тасауурда өзүмдин куртулайын.
Ерүр бичара Хорезми мурады
Йаханда ділбарінің ығтиқады.
Сабурдын йахши йоқтур пәшә қылсам
Бу йолда йоқ сабур андиша қылсам /3, 138/.

Бірінші бәйітте шарап құюшыдан шарапты көңіліне жұбаныш үшін сұраған адамның тілегі баяндалған. Екінші бәйітте мастықтың жеткізер ахуалын көреміз: автор сүйіктісінің суретіне өзін кіріктіріп жібергісі келеді. Үшінші бәйітте Хорезмидің мұраты сүйіктісінің сеніміне ие болу. Төртінші бәйітте осы мақсаты жолында сабырлық сақтауға тырысу.

“Сөз басы” деген атауы бар бұл өлеңде бәйіттердің мағынасында ғашықтық тақырыптағы бір ізділік бұзылған сияқты. Тіпті алғашқы бәйітті “шарап” жанры деп анықтасақ болады. Ал соңғы бәйітте сабырлықты уағыздау ғашықтық тақырыптан алшақтап кеткендей. Тек екінші бәйітте “хабибім”/ сүйіктім/ деген сөз ғашықтық тақырыпты белгілейді. Бұдан, белгілі дәрежеде, логикалық қиыспаушылық байқалады: шарап ішу арқылы таңғалу, қайран болу, суреттегі мағына болу және суреттелу арқылы құру, бейшара Хорезмидің тілегі жаһандағы сүйіктісінің сенімі, бұл жолда сабыр сақтау қажет. Ғашықтық жолында кейіпкер тек суретіне кірігу, мағына болуды тілейді. Өзі сүйіктісінен сенімін ғана ақтауды сұрайды. Яғни, сөзімізді қысқа қайырсақ, бәйіттердің ғашықтық мағынасы тұтас сурет емес, мозаикалық сурет сияқты құрама бөліктерден құрылған. Ғашықтық тұрғыда талдайтын болсақ, автордың ойларындағы көп нүктелер толтыру, толықтыру қажетсініп тұрады.

Ал енді осы бәйіттердің сопылық мағынасына келсек, мынадай түсіндірме беруге болады: Еш теңдесі жоқ сақи /Алла тағала/ махаббат дәмін татқызып, бұл өмірдің мәніне басқаша қарауға, мәніне қайран қалу ахуалына жеткізеді. Бүкіл ғалам Алланың бейнесі, суреті ғана екенін көрген кейіпкер осы суретте өз орнын белгілеуге ұмтылады. Бірақ бұл ұмтылыстың жүзеге асуына Алланың өзі себепкер /сенім тудырушы, үміт беруші/ болуы қажет. Ал ғашықтық жолында бар қиындықтарға төзуге сабырлық керек. Қарап отырсақ, сопылық мәнінде поэтикалық мәтіннің хабарлама-мағыналық дәрежесінде жүйелілік, бір ізділік байқалады. Бәйіттер мағынасы бір-бірін толықтырып, бір картинаны

беріп тұр. Яғни Хорезми өлеңдерінің сопылық мәнін тануға ғашықтың мағынадан информациялық тұтастықты іздеу себепкер болады.

Байқап отырсақ, сопылық өлеңдердің құрылысы, құрылымы, сөздер тобы, ым-белгі, ишара, яғни, дискурстық бірліктері сопылық мән-мағынаны тереңірек аша түсетінін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. А.,1995
2. Фролова О.Б. Поэтическая лексика арабской лирики. Л.,1984
3. Щербак А.М. Огузнаме. Мухаббатнаме. М.,1959
4. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. А.,1988
5. Сыздықова Р Ясауи “хикметтерінің” тілі. А.,2004
6. Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста. М.,2004

Ақжігіт Әлібекұлы

ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТӨРТТАҒАНДАР: ТҰЙЫҚ ЖӘНЕ РУБАИ

Түркі әдебиетінің құрылысын, өлең жолдарын зерттеген ғалымдардың пікірінше, ежелгі түркі ақындары жол ұйқасымен қатар ой ұйқасына баса назар аударған. Орхон-Енисей сына жазуларындағы Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жазбаларды жырға жатқызған М.Жолдасбеков мұраның кейбір тұстарындағы тармақ соңындағы ұйқастарға қарағанда тармақ басындағы аллитерация түріндегі дыбыс үндестігі мен жарастығы әлдеқайда күштірек екендігіне ерекше мән береді /1, 103/. Тармақ басы дыбыс үндестігі мен тармақ соңы ұйқастың қатар келуі түркі әдебиетіндегі өлең үлгілерінде жиі ұшырасатындықтан бұл өлең түрі түркі халықтарының жырларына тән қасиет. Аллитерация (латын. al-littera – дыбыстас) – шығармаларда бірыңғай дыбыстардың үндестігі дәлірек айтқанда дауыссыз дыбыстардың қайталану екендігін ескерсек /2, 38/, көне түркі әдебиетіндегі жырлардан мұның мысалын көптеп кездестіреміз. Мәселен,

Қықырыб атығ кемшелім,
Қалқан сүнүн жұмшелім,
Қайнаб йана йумшелім,
Қатғы йағы йуылсын /3, 132-134/,

Немесе:

Тұрған үлұғ ишлақа,
Түркі ұруб ашлақа,
Тұмлуғ қадыр қишлақа
Кузты әрік умдуру /3, 160/, –

деп көне түркілер жырлайды. Махмуд Қашқаридің “Диуани лұғати-түркіи” бойынша жеткен бұл жыр үзінділеріне қарағанда тармақ басы дыбыс үндестігі мен тармақ соңы ұйқастың қатар келуі түркі әдебиетінде ежелден қалыптасқандығын аңғаруға болады. Орта ғасырлардағы түркі ақындары да өз өлеңдерінің көркем болуына, дыбыс сәйкестігіне, тармақ басы дыбыс үндестігі мен тармақ соңы ұйқастығына, өлеңнің бітім-тұлғасына аса ыждаһаттылықпен көңіл бөлген. Орхон-Енисей жазбаларынан бастау алған тармақ басы дыбыс сәйкестігі мен тармақ соңы ұйқастың қатар келуі қарахандықтар кезеңімен жалғасып, алтынордалық қыпшақ әдебиеті арқылы шалғайдағы Мысыр жерінде гүлдеген түркі-қыпшақ поэзиясымен ұштасты. Мәмлүктер билігі тұсында поэзияның түрлі жанрымен өз еңбегін әспеттеген Сайф Сарай ақындарды сипаттаған өлеңінде:

Жиһан ша'ирлары әй гүлшан бағ,
Кими бұлбұл дурур сөздә кими зағ.
Кими тоты бекин жинар шәкәрні,
Кими ләфзі билан өртәр дурәрні.
Киминиң сөзләрі маузун шириң,
Киминиң лайықы тәшрифу тахсин,
Кими өзгәнің аш'арын мәним дер,
Кими хәлуа киби шалғам чубин йер.
Кими ма'на қойуб ләфзін түзәтур,
Кими уәзнин бузуб са'ат күзәтур /4, 110/.

деген жыр жолдарындағы тармақ басы дыбыс сәйкестігі “кими” сөзімен басталып, тармақ соңы әр бөйітте өзара ұйқасып отырады. Мұнда қыпшақ шайыры ақындарды: бұлбұл сынды шешендер, тотыға ұқсап тәтті теңеулер мен жылтыр сөзге құмарлар, өзекті өртер жырларымен танылғандар, сөздері мауздай (банандай) шырын ақындар, өзгенің өлеңін өзімдікі деп езеурегендер, халуа деп шөп-шаламды жегендер (сөз қадірін білмейтіндер), өлеңнің мағынасына аса мән беріп сөз түзейтіндер, өлең өлшемін бұзып, ұйқас қуатындар деп жіктейді. Ақындарға сипаттама жасаған Сайф Сарайдың ой-пікірі, сыны қазақтың ақиық ақыны Абайдың “Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы” “Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол” атты өлеңдерімен идеялық тұрғыда толық үндеседі.

Қазақ әдебиетінің арғы-бергі жыр-үлгілерін өзінше саралап, екшеп, сөз өнерінің ескі сүрлеуіне жаңаша өлшемдер қосып даңғыл салған Абай өлеңдерінен де тармақ басы дыбыс үндестігі мен тармақ соңы ұйқастың қатар келуін аңғаруға болады. Абай бұл өлең түрімен:

Жайнаған туың жығылмай,
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,

Жаужүрек жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің япырмай! /5, 200/, –

деп, тас жазбалардағыдай арысын жоқтап жырлайды. Қазақтың бас ақынының бұл өлеңі жөнінде Ілияс Жансүгіров: “Абайдың бұл өңшең “ж” дыбысынан бастап жасаған жырының бір көркемдігі – оның осы өлеңінің дыбыс құрғандығы білінбей еркін шыққандығы. Абай өлеңі мұнда тым еркін, “ж” дыбысы өзінен өзі құралғандай, сөздің тігісін жатқызып, жымпитып кеткен. Жыр жыртылмай, жосылып жатыр. Бұл – Абайдың шеберлігі”/6, 13/, – деп жазады. Демек, аллитерация түрі көне түркі әдебиетінен қазақ әдебиетіне дейін сол күйінде жеткен.

Әлішер Науаидың деректеріне сүйенген И.В.Стеблева түркі поэзиясында тармақ басы дыбыс сәйкестігі мен тармақ соңының өзара ұйқасынан бөлек тұйық, түркі, қошук, чинге, мухаббат нама, мустазад, арзуvari сынды өлшемдердің де бар екендігін ескертеді /7, 218-230/.

Төрт тағанмен өлең шығару дәстүрі XIII-XIV ғасырға дейін-ақ түркілер арасында болған. Түркі өлшемінің бұл түрін әдебиетшілер тұйық деп атайды. Рубаи мен тұйық жанрларының сыртқы пішіні бір-біріне ұқсас болуы парсы, түркі халықтарының ықылым заманнан көрші болып, қатар өмір сүруінде болса керек. Қатар жатқан елдердің мәдениеті аралас, ұқсас болатыны тарихтан белгілі. Сондықтан тұйық өлшемінің шығу төркінін бергісі түркі қағанаты тұсындағы, арғысы сақ-ғұндәуіріндегі әдебиеттен қарастырған жөн. Заһираддин Мухаммад Бабыр моғол хандары мен түркі сұлтандары арасындағы жиындарда тұйықпен жазылған жырлар үлкен сұранысқа ие болғандығын жазады/8, 135/. Бабырдың еңбегін негізге ала отырып Стеблева И.В. тұйық өлшемін төмендегіше бөледі: 1) Ұйқастары ааба түрімен болып және барлық ұйқастары тәжниспен¹ құралған тұйық; 2) Ұйқастары абсб жолымен жасалып, ұйқасатын екі жолы тәжниспен келетін тұйық; 3) Өзара ұйқастары ааба түрімен өріліп, алғашқы екі жолы тәжниспен беріліп, соңғы тармағы тәжниссіз келетін, сондай-ақ, барлық

¹ Шығыс әдебиеті мен түркология ғылымында тәжнис (таджнис) деп өлең ұйқастарындағы омонимді айтады. Біз де өз зерттеуімізде осылай атаймыз – А.Ә.

ұйқастарының соңынан редиф² қосылатын тұйық; 4) Ұйқастары абсб бойынша түзіліп, тәжниссіз келетін тұйық; 5) Ұйқастары аааа үлгісімен жасалып және төрт жолдың барлығы тәжниспен ұйқасқан тұйық; 6) Өзара ұйқастары ааба түрімен жазылып, барлық ұйқастары тәжниспен және редифпен келетін тұйық; 7) Ұйқастары ааба үлгісімен түзіліп, ұйқастары тәжниспен және хаджиппен (әр ұйқастың алдында жазылатын редиф) құрастырылған тұйық /8, 135-136/.

Мазмұндық жағынан тұйық бір ғана тақырыппен шектелмейді. Дей тұрғанмен, орта ғасырлық түркі ақындары тұйық жанрымен көбіне лирикалық өлеңдер шығарған. Олар омонимді сөздерді ұйқас ретінде пайдалана отырып, сүйгенінің сұлу келбетін жырлап, ғашығына деген сезімге толы сағынышын баяндайды. Өлеңдерін тұйықпен жазған ақындарға Әлішер Науаи, Бабыр, Лүтфи сынды мауранаһрлық түркі ақындарын жатқызуға болады. Десек те, Алтын Орда мен Мысырдағы түркі-қыпшақ ақындары да шығармаларында тұйық өлшемін қолданған:

һунар даи' булур көргузмәсә йер,
һунәр көргузгән йер шәһд уә шәкәр иер.
Жауаһир қимматы йоқ кән ичиндә,
Килиб илига табар ол баш узә иер /9, 118/, –

деп Сайф Сарай тұйықты йер – ер (ер кісі), иер – жер (жеу), иер – иер (бас ию) ұйқастарымен жазады. Тәжнистері аабава ұйқастарымен түзілген өлеңге Мәуләнә 'Имад Мәуләуидің:

Дилбарим ничага тикру мән қулын қинда тутар,
Мән қилич мумән 'ажаб-ким мени ол қинда тутар.
Бу қиличтек мени қинда тутмасын қылыб назар,
Ким қилич куб турса қинда йүзі пәс қинда тутар /4, 96/.

Аудармасы:

Сүйіктім нәшеме келсем де мендей құлын қиында ұстайды,
Мен қылышпын ғой, ғажап, ол мені қынында ұстайды.
Қылыштай мені қынында ұстамасын, қылсын (бір) назар,
Қылыш қинда көп тұрса жүзі пәс тартып, мұқалады.
(Жолма-жол аударма, ауд. – А.Ә.)

деген жолдары “қинда” сөзімен ұйқасып, оған “тутар” редифі қосылып тұр. Өлеңдегі тәжнис ұйқастың алғашқысында – қиындықты, екіншісінде – қылыштың қынын айтса, үшінші ұйқаста – мұқалуды, жүзі қайтуды білдіреді. Әлішер Науаидың түркі өлең өлшемі туралы жазылған “Мизан әл-Әузан” атты трактатында: “Түркілер арасында, әсіресе, шағатай халықтарының ішінде

² Өлеңдерде әрбір ұйқастан кейін бір сөз немесе сөз тіркесі қолданылса мұны әдебиеттану ғылымында редиф деп атайды. Редиф міндетті түрде әр бәйіттің ұйқасынан соң қайталануы шарт. Редифтің өлең ортасында жоғалып кетуі немесе басқа бір ұйқаспен алмастырылуы өрескел қатеге саналады

бірнеше өлшемдер бар. Олар осы өлшемдермен өлең шығарып, оны жиындарда жырлаған. Түркі өлшемдерінің бірі – түйық. Ол екі бәйіттен тұрады. Ақындар түйықты тәжниспен шығаруға тырысады. Оның өлшеуі рәмәл-и мәсәддәс-и мақсур” /7, 227/, – деп анықтама берілген.

Айтып өтер бір жайт, Ніл бойында туындаған түркі поэзиясында тәжниспен жазылған төрт тағандар өте сирек. Мысырдағы түркі-қыпшақ әдебиетінің өкілдері тәжниспен берілген ұйқасты бір бәйітпен қайырады. Мәселен, Ахмад Хожа ас-Сараидың:

Зулфі сүнбүл тик бойы сәру йеңлари гүлзар ерур,
Йузіні көрмөгә бір дәм бұлбұл уә гүл зар ерур.
Жан алиб хуснын сатар бу не ’ажаб базар ерур,
Иа мөгәр ’ашықларға наз итиб базар ерур /4, 97/, –

деп жазған өлеңі аа-бб түрімен өріліп, алғашқы екі тармағының ұйқастары бір тәжниспен, үшінші, төртінші жолдағы ұйқас басқа тәжниспен берілген. Ахмад Хожа ас-Сараиға нәзиралық тұрғыда жауап қатқан Сайф Сараи да:

Асылы Алшын сөзләрі чың, көзләрі татар ерур,
Миң йашар һәркім дудағы шәрбәтін татар ерур.
Немесе:
Шаһид сөзі, ’ариф өзі, уакифі асрар ерур,
Уаслы бустанында хош ’ашықларын асрар ерур /4, 98/, –

деп қалам тербейді. Қос сарайлық ақынның алғашқысы бірінші бәйітте гүлзар (гүл өсіретін бақ) – гүл зар (гүлдің өзі зар), екінші бәйітте базар (сауда орны) – базар (базына немесе ойындағысын айтып, көңіл білдіру) ұйқастарын пайдаланады. “Гүлстан би-т-түркидің” авторы: көзләрі татар (көздері татарлардың көздеріндей екендігін) – шәрбәтін татар (шәрбатының дәмін тататындығын) деп омонимді ұйқастарды ойнатса, келесі бір бәйітте асрар (күпия, сыр) – асрар (асырар, өмір сыйлар) тәжнисімен жазады. Сайф Сараи “Суһаил уә Гүлдерсін” атты шығармасында да омонимді ұйқастарды пайдаланады:

Биүк әрдамлары бар, сузі шырын,
Булур ғашық аны кургандә Шырын /10; 131/,
Аудармасы:
Ғажайып сипаттары бар, сөзі шырын,
Ғашық болады оны көргенде Шырын.

(Еркін аударма – ауд. А.Ә)

Ақын бірінші жолда “шырын” сөзі арқылы тәтті мағынасын берсе, екінші жолда “Шырын” деп мұсылмандық Шығыстың әдебиетінде сұлулық пен махаббат белгісі болған, Хусраудың (кейбір шығармаларда Фархадтың) ғашығы Шырынды атайды. Сайф Сараи талай ақынның жырына арқау болған Шырын

сұлудың өзі Суһайлды көргенде ғашық болатынын айтып, жас батырдың дәрежесін арттырады.

Мысырлық қыпшақ ақыны өз есімін де тәжнеспен былайша береді:

Иләһә, асрагин Сайф Сараиың,
Халас айлаб зулмдан киң сарайың /10; 134/
Аудармасы:
Құдайым, сақтай көргін Сайф Сараиды,
Зұлымдықты жоғалт, құлпырт кең сарайды.
(Еркін аударма – ауд. А.Ә)

Бірінші жолда ақынның аты жазылса, екінші жолдағы “сарай” әлем мағынасында қолданып, екі тармақ бірімен-бірі өзара ұйқасып тұр. Демек, тұйық өлшеміндегі тәжнеспен (омониммен) өлең құрайтын әдіс Стеблева айтқандай XV-XVI ғасырларда емес, бәлкі, одан да бұрын қалыптасқандығын аңғаруға болады.

Ислам дінімен қатар келген араб-парсы поэзиясы түркі әдебиетіне айтарлықтай әсер етті. Тақырыптық, мазмұндық жағынан бөлек жазба әдебиетте араб-парсы өлең өлшемдері түркілердің дәстүрлі жыр жанрларын ығыстыра бастады. Арузбен жазылатын мәснәуи, ғазал, қыйтға, рубаи жанрлары көбірек қолданылды. Әсіресе тұйыққа ұқсас рубаи жанры орта ғасырлық түркі-қыпшақ ақындарына етене жақын болды. Жанр өлең жолының санына байланысты “төрттік” деген мағынада қойылған. Бірақ кез-келген төрт жолдық өлең рубаи бола алмайды. Ол үшін екі талапқа сай жазылуы керек: 1) Өлеңдегі ұйқастар ааба түрінде құрылуы ләзім; 2) төрт жолдықта толық аяқталған тәуелсіз жеке пікір болуы шарт. Десек те, рубаидағы өлең ұйқасы аааа жолымен жасалуы да мүмкін/11, 249/. Мұндай рубаи рубаи-е мисраи немесе дубәйт (парсыша – екі бәйіт деген мағынада) деп те аталады /12, 41/.

Түркі поэзиясына рубаи парсы әдебиетінен енген. Парсы жырының дүлдүлдері Рудаки, Әбу Шукур Балхи, Омар Хаям шығармаларында бұл жанр классикалық деңгейге жетеді. Түркі тіліндегі алғашқы рубаи өлеңдерді Фараддин Мубарак-Шаһ, Жалаладдин Руми өз шығармаларында қолданса, XIII-XIV ғасырдағы түркі-қыпшақ ақындары аз да болса осы жанрда қалам тербеген. Мәмлүктер тұсындағы қыпшақ ақыны Сайф Сараи “Гүлстан би-т-түрки” мен “Суһайл уа Гүлдерсін” атты шығармаларында төрт жолдық өлең үлгілерін шебер қолданады.

Иіл итарда игүлүк қыл әй, фулан,
Кім атың қалған жиһанда жавдан.
Қарун өлді, қалды қырық үй кәнжі,
Өлмәді ’длі билән Навшин Рауан /9, 39/
Немесе,
Дәим йақын ол дост мәнғә бу жайдан,

Бү мүшкілім ол-ке мән йырық мән андан
Кімгә диганім ничук қылайым білмайман,
Мән буйлә йырақ ол йақынрақ жандан /9, 67/.

Алғашқы рубаида Сайф Сараи қолда барда игілік жасауды, сол арқылы жақсы атың артыңда қалатындығын, Қарун байдың өзі өлген соң қырық үйге толы байлығы қалып, аты ұмытылғанын, ал Навшинрауан есімі әділдігімен мәңгі өлмегенін жазады. Ал, екінші өлеңде досымен арасындағы қарым-қатынасты жырлайды. Бұл екі рубаидың бірі ааба үлгісімен ұйқасса, екіншісі аааа жолымен түзілген.

Кейде рубаи ұйқастарынан соң қайталанып отыратын бір сөз – редиф келуі де мүмкін. Редифпен жазылған рубаи түрін Сайф Сараи:

Сахара йелі-тек 'умр бақасы кечті,
Ғам хури дағы фарах сафасы кечті.
Жаны сақынур жафа биза қылдым диб,
Қалды аңа біздән ол жафасы кечті /9, 50/, –

деп “кечті” сөзі арқылы қолданады. Тармақ жолдары ааба үлгісі бойынша бақасы-сафасы-жафасы ұйқастарымен түзілген.

Негізінен, “Гүлстан би-т-түрки” шығармасында екі жүз жетпіс төрттағандық өлең кездеседі. Оның 157-сі абвб, 25-і абаб, 26-сы аабб ұйқасымен жазылған. Ал, құрылысы жағынан классикалық рубаимен түзілген алпыстан астам төрт жолдық өлең бар. Оның алтауы шығарманың сыртқы бетінде берілсе, қалғандары “Гүлстан би-т-түркидің” ішінде келтірілген. Рубаилардың үшеуі шығарманың соңғы бөлігінде парсы тілінде өрілген. Сыртқы беттегі екеуі тарихи оқиғаға байланысты. Екеуінде де Ирак сұлтаны Ахмад Жалайыридің Мысырға қашып баруы жөнінде баяндалады.

Шығармасын түрлі жанрмен жазған Сайф Сараи рубаидың көпшілігін һәзәж өлшеммен жазады. Сонымен қатар, сарайлық ақын өз рубаиларында рәмәл, хәфиф сынды өлшемдерді де пайдаланады. Х.Миннегуловтың пікірінше “Гүлстан би-т-түркидегі” рубаилардың 76%-і һәзәж, 20,3%-і рәмәл қалған 3,7 пайызы хәфиф өлшемдерімен айшықталған /14, 170/.

Шығыс-мұсылман поэзиясын зерттеген ғалымдар рубаиды ахрам және ахраб түрлеріне бөледі. Х.Р.Курбатов өз зерттеуінде Әлішер Науаи, Бабыр, Н.Блохман, Е.Бертельс еңбектеріне сүйеніп отырып, бұл екі түрдің жасалу жолдарын өсіп тұрған ағаш бейнесінде келтіреді /12, 43-44/. Аталған кескінге (схема, форма) қарағанда рубаидың әр төрт жолы мәф'улун (ахрам түрінде) немесе мәф'улу (ахраб түрінде) буындарымен басталуы тиіс. Сайф Сараи өз шығармасында ахраб түрін кеңірек пайдаланып, рубаиларын “һәзәж-е мусәддәс-е мәхзуф” және “рәмәл-е мусәддәс-е мәхзуф” бойынша жазады. Сонымен қатар, “Гүлстан би-т-түрки” шығармасындағы рубаилардың кейбірі

10-13 буынды кара өлеңмен жазылған. Әсіресе, 11 буынды төрт тағандар жиі ұшырасады. Қашқари мен Баласағұн шығармаларынан кездесетін 11 буынды жырларға көңіл аударсақ, Сайф Сарайдың 11 буынды түркі өлшемдерін өз рубаиларында қолдануы дәстүр жалғастығы екендігін аңғарамыз.

Сөзімізді қорыта келгенде араб, парсы әдебиетінен түркі поэзиясына енген аруз өлшемдері мен мәснәуи, ғазал, қыйтға, қасыйда, фард сынды өлең түрлері мәмлүктер билігі тұсындағы түркі-қыпшақ ақындарына да кеңінен танымал болған. Сондай-ақ, түркі-қыпшақ шайырлары да осы өлең түрлерімен өз шығармаларын дүниеге әкелген. Араб, парсы классиктері секілді олар да әр өлең түрін өзіне тән ұйқаспен, оқылу ерекшелігіне сай ырғақпен түзеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолдасбеков М., Асыл арналар, Алматы, “Жазушы”, 1990. 348 бет.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.
3. Стеблева И.В. Развитие тюркских потических форм в XI веке. Москва, “Наука” 1971. 299 с.
4. Сайф эс-Сарай. Гулистан бит-тюрки. II часть, к изданию подготовили Хатиб Усманов и Зайнаб Максудова, Казань, Издательство Казанского университета, 1980. 122 с.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Редакциясын қарап, түсініктерді, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә.Жиреншин. Алматы: ҚКӘБ, 1961. – 693 бет.
6. Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі // Қазақ және әлем әдебиеті журналы 2004. №1.
7. Стеблева И.В. О стабильности некоторых ритмических структур в тюркоязычной поэзии // Тюркологический сборник 1972. Москва: Наука, 1973. – 412 с.
8. Стеблева И.В. К вопросу о происхождении жанра туюг // Тюркологический сборник 1970. Москва, Наука, 1970. 287 с.
9. Сайф эс-Сарай. Гулистан бит-тюрки, I часть, к изданию подготовили Хатиб Усманов и Зайнаб Максудова, Казань, Издательство Казанского университета, 1980. 437 с.
10. Миннегулов Х. Сәйф Сарайның яңа әсәрләре // “Казан утлары” журналы, Казан, 1972. №6.
11. Бомбачи А. Тюркские литературы. Введение в историю и стиль // Зарубежная тюркология. вып. I. Москва: Наука, 1986. – 382с.
12. Махмудов К. Ахмад Юғнакийнинг “Хибатул хақаиқ” асари хаққида. Ташкент, 1972.
13. Курбатов Х.Р. Иске татар поэзиясенде тел, стиль, метрика һәм строфика. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1984. 164 б.
14. Миннегулов Х.Ю. Сәйф Сарай тормышы һәм ижаты, Казан, “Казан университеты нәшрияты”, 1976. 190 бет.

К ПРОБЛЕМЕ ПРОСТРАНСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ В ПОЭЗИИ Б.КАНАПЬЯНОВА (СБОРНИК “ЧУВСТВО МИРА”)

К концу XX века язык пространственных отношений стал важнейшим средством художественного моделирования литературы. Одной из значимых моделей мирового устройства в художественном произведении является модель, ориентированная по вертикали. Понятия “высокий – низкий” традиционно воспринимаются как эквиваленты понятий “ценный – неценный” Но наряду с этим они могли получать частную интерпретацию.

По нашим наблюдениям, в поэзии современного казахского поэта Б.Канапьянова художественное пространство выступает как важнейший сегмент текста, вокруг которого организуются другие сегменты. Не случайно, слово “пространство” лейтмотивом проходит через весь ранний сборник “Чувство мира” (1).

В раннем сборнике одним из вариантов модели “верх – низ” является модель “небо – влага (море, озеро)”. В этой статье мы предлагаем наблюдение, как “чувство мира”, “духовное движение к “горизонту всех людей” (по выражению В.Бадикова) (2) поэта связано с этой моделью пространственных отношений.

Я – поэт,
Я развею свой прах!
Век недолгий
Мне чайка пророчит.
И как звезды в грядущие ночи,
проступает
 соль жизни
 в стихах!
(“Соль”)

Визуальная картина в начале стихотворения¹ в конце сменилась философскими обобщениями о судьбе поэта. Мир метафорически преобразуется, даже чайка приобретает символику прорицательницы. Анжабеман усиливает значимые для поэта выводы.

¹ Обычай вспомнил моряков
в каком-то споре-разговоре.
И первый сборничек стихов,
Вложив в бутылку,
Бросил в море!

Пространство ярко выраженное вертикальное. Интересно то, что звезды (“верх”) включены в метафорическое сравнение, при этом сохраняя “высокую” семантику.

Не менее визуальна картина, что характерно для поэта и режиссера, в начальных строках другого стихотворения:

Услышу я ночью,
как волны живут –
к горлу подступит
такая

волна

вдохновения,

что покажется берег
не преходящим явленьем
где вечное море
где волны живут.

Вдох! –
и к сердцу прихлынет волна.

Выдох! –
от сердца отхлынет она.

(“Соль”)

Б.Канапьянов обращается к традиционной параллели “творчество – море, волны”¹ Так же творчество, вдохновение ассоциировалось с ночными часами суток.

Автор в заключительных строках использует прием контаминации прямого и переносного значений. Модель пространства, как и в предыдущем стихотворении, осложнена наличием зыбких границ между реальным и ирреальными мирами.

Над нами мириады звезд,
Над нами штормовые толщи.
И брызги волн, как слезы ночи,
И вкус твоих веселых слез.

... электромузыка в миноре
сливалась с морем в поздний час.

И, к ней прислушиваясь, море
Не разлучало ночью нас.

(“Танцы на верхней палубе”)

¹ Надо отметить, что семантика волны значима для этого сборника:

Выходишь в степь, подхваченный волной,
И там в степи, под звездами стоишь... (28).

На первый взгляд, перед нами импрессионистическая зарисовка. Мир преобразен согласно сиюминутному настроению: радостью и беззаботностью молодости проникнуто все стихотворение.

При внимательном прочтении становится понятно, что стихии природы сопряжены с устойчивой мифопоэтической символикой, можно дешифровать идею единства начал.

Звезды и море не являются противоположными полюсами. “Ночь” распространяясь на небо и на землю, делает возможным тесный контакт между полюсами. Свообразная диффузия распространяется на всю структуру мира: “брызги волн” кажутся “слезами ночи” слезы в ночи персонажа.

Еще одним соединяющим элементом является музыка, символизирующая мистический порядок, космический порядок, мир, любовь, гармонию. Шторм символизирует созидательную энергию, вызывается небесной сферой.

“Древние верили, что звезды управляют человеческими судьбами, считали их божествами или помощниками божеств, что сказалося на общем символизме звезд” (3, 107). Море – сама жизнь, символ превращения и возрождения. Картина мироздания удивительно гармоничная и стройная.

В пространственной модели в центре стоит человек. Модель ориентирована по вертикали. Такие характеристики, как замкнутость и открытость, не столь акцентированы, поскольку все слилось в едином хоре гармонии и счастья. Как будто взаимопроникновение стихий и музыки способствовало неразрывности его и нее, но организующим началом является человек.

Не менее гармоничная картина, чем в предыдущих строках, предстает перед нами в следующем произведении:

Мы по озеру в лодке плывем.
Отраженное облако в нем
днем лодки
мы трогать не смеем,
ибо, чувствуя небо, живем.
 (“Тишина”)

В тексте явно ощутим символический контекст: небо – символ духовного просвещения и вознесения, в этом скрыта философия кочевника, озеро – природный аналог зеркала, магическое место. Зеркало – символ самопознания жизни, человеческое сердце в исламе – зеркало, отражающее Бога.

Пространство также организовано по вертикали, но главным здесь является мотив отражения, весьма распространенный в русской поэзии начала XX века. Как известно, в поэзии символистов отражение выражало идею неоплатонизма о материальном мире как отражении высшего бытия. Таким образом, на устоявшуюся символику в русской поэзии наслаивается символика мировоззрения кочевника. Точка наблюдения находится между небом и водой, через персонажи как бы пропущен свет.

В отличие от поэтики символизма речь здесь идет не столько об иллюзорности мира, сколько о возвышении над материальным бытием, о высшем просветлении.

Философские размышления о жизни и смерти – в следующих строках:

И пролегли вдоль берега следы
Их волны неустанно омывают
И с каждой волною они тают,
И в каждом – дышит горсть живой воды.
И ночью, когда волны затихают,
Я вижу в них далекий свет звезды.
Наверно, звезды, только звезды знают,
В какую даль ушла по жизни ты.

Звезда молчит со мной наедине.
Волна спешит, спешит волна к волне.
О, волны, волны, вы по звездам свернете
Необратимый этой жизни путь.
Он далеко за морем где-нибудь
Соприкоснется с горизонтом смерти.
(“Следы и волны”)

Текст изобилует символами. Следы, которые смывают волны (символ, вынесенный в заглавие) символизируют “неустойчивость, уничтожение, разрушение и течение времени” (3, 275).

В конце стихотворения поэт употребляет общекультурные метафоры смерти, основанные на параллелях “смерть- окончание жизни-пути”, “смерть – горизонт” Например, в русской поэзии эти метафоры являются традиционными¹.

Море и берег в традиции мировой культуры символизировали не только жизнь, но и смерть². А.А.Галиев в своей работе “Традиционное мировоззрение казахов” (6) отмечает: “...мифопоэтическая традиция, усматривая в воде воплощение хаоса, увязывает с ней значение чего-то враждебного, чужого, противоположного упорядоченному космосу. Вода – владение духов, вход в иной мир... Не случайно в мифологической традиции умыть лицо было равнозначно понятию смерть” (6,11-12).

¹ «Чья жизнь отжилась? Чей окончился путь?» (4,122).

² «Девушка пела в церковном хоре / о всех усталых в чужом краю, о всех кораблях, ушедших в море, / О всех, забывших радость свою» (365). «Оставил ты сей жизни брег, / К брегам ты мертвых удалился» (5, 286).

Звезды – это еще и молчаливые свидетели происходящего на земле – мотив также традиционен в русской поэзии¹ Следы исчезают, но в них “дышит вода”

Трудно говорить о выраженной теме любви, есть только указание на персонаж, но в сюжетах мировой литературы любовь часто “шла рядом” со смертью: “Любовь и смерть – неразлучные категории, подобно добру и злу. Они необъяснимы с точки зрения индивидуалистической психологии. Три мировых религии основаны на понятиях любви и смерти, ведь они – два пути к космическому пониманию мира, и в этом единство их противоположностей...” (8,3).

Отражение символизирует не только взаимодействие, но и дверь в параллельный мир. В результате единое мироздание, законы которого единство и бесконечность, взаимосвязь мира реального и ирреального. Пространственные отношения текста осложнены отношениями “взад (берег) – вперед (горизонт)”

Художественное пространство, используя терминологию С.Абишевой (9), можно классифицировать как геометрическое пространство.



Здесь взаимодействуют два универсальных символа – это крест и круг, вернее, крест, вписанный в круг. Круг – женское начало, крест – мужское – символ единства противоположностей. Заканчивается стихотворение мыслью о неизбежности смерти²

Таким образом, как отношения “небо – влага” участвуют в моделировании структуры пространства Вселенной сборника. Мы наблюдали, как между “верхом” (небо, звезды) и “низом” (море, озеро) нет противопоставления. Эти пространства вступают в отношения диффузии, отражения, круговорота.

Наряду с понятиями “верх – низ” существенным признаком, организующим пространственную структуру текста, является оппозиция “мир реальный – мир

¹ «А звезды, с высоты глядя на нас так явно / Мигают, не стыдись» (7).

² Ю.Лотман писал: «Начало-конец и смерть неразрывно связаны с возможностью понять жизненную реальность как нечто осмысленное. Трагическое противоречие между бесконечностью жизни как таковой и конечностью человеческой жизни есть лишь частное проявление более глубокого противоречия между бесконечностью жизни как таковой и конечностью человеческой жизни есть лишь частное проявление более глубокого противоречия между лежащим вне категорий жизни и смерти генетическим кодом и индивидуальным бытием организма. С того момента, как индивидуальное бытие превращается в бытие сознательное (бытие сознания), это противоречие из характеристики анонимного процесса превращается в трагическое свойство жизни» (8, 5)

ирреальный” Картины материального мира визуальны, что, как известно, характерно для стиля поэта и режиссера. Язык пространственного моделирования тесно связан с метафорическим языком, с семантикой метафор-символов.

Проделанные наблюдения свидетельствуют о важности пространственных отношений при изучении поэтического языка современных авторов.

Использованные литературы:

1. Канапьянов Б. Чувство мира. Алматы: Жазушы., 1982.
2. Бадиков В. Линия судьбы. – Алматы, 2002.
3. Тресиддер Д. Словарь символов. – М.: Гранд., 1999.
4. Кольцов А. Полное собрание стихотворений. – М.-Л.: Советский писатель, 1958.
5. Блок А.А. Собрание сочинений: В 6-ти тт. – т.1. – Л.: Художественная литература, 1980.
6. Галиев А.А. Традиционное мировоззрение казахов. – Алматы: Фонд Евразии, 1997.
7. Фет А.А. Вечерние огни. – М.: Наука, 1979.
8. Лотман Ю.М. Смерть как проблема сюжета // Ю.М. Лотман и тартуско-московская семиотическая школа. - М.: Гнозис., 1994. – С. 417 – 430.
9. Абишева С.Д. Поэтическая система “мир природы”: структура и семантика. Монография. – Алматы: АГУ им.Абая, 2002.

Макпал Аргынбаева

ЧУДО ТВОРЧЕСТВА САИНА МУРАТБЕКОВА

Творчество С. Муратбекова заслуженно высоко оценено и читающей публикой, и литературоведческой наукой, и государством. Ясность и гармоничность его натуры полностью отразились в его произведениях, которые наполнены светлым, родниково чистым ощущением жизни и людей. Повесть писателя “Дикая яблоня” является одной из лучших во всей казахской литературе.

Основная тема его творчества – детство, причем военное (вот оно, поколение шестидесятников). Почему казахские писатели так часто обращаются к теме детства? Наверное, потому, что им важно знать человека, его сущность, а не его социальный образ, то есть личность. Значит, казахскому философскому мышлению свойственно обращение именно к сущностной, а не личностной характеристике. И какова же его сущность?

В восточной философской традиции различают “личность” как внешнее эмпирическое проявление человека и “сущность” как истину человеческого бытия. Личность – это совокупность знаний, образов поведения, социальных ролей, т.е. то, что не принадлежит самой личности во всей ее природе, а взято со

стороны, заимствовано, является результатом идентификации и имитации. А сущность – это небольшое число естественных склонностей и вкусов. Ребенок, например, не имеет личности, а только сущность. Его желания и привязанности выражают бытие, как оно есть [1, 144].

В повести “Дикая яблоня” мы видим постепенное взросление мальчика, его становление как маленького мужчины. Правда, автор прямо не говорит об этом, повествование идет от лица самого мальчика. Он становится взрослым в мире, прекрасном и родном. Сама атмосфера вносит сказочный, волшебный отсвет на каждый день, на все события, на животных, на саму жизнь. Хотя герой замечает, что “в взрослое детство не так было много праздничных дней” при этом повесть пронизана радостью жизни, спокойным бытием мира – он есть, и ты в нем (над ним), вы едины. “Каждый раз, когда я вижу сверху наш край, - мой маленький аул домов на сорок и степь до самого горизонта, у меня от восторга перехватывает дыхание. Будто под ногами пуп земли, а еще ниже вокруг тебя медленно крутится сам земной шар, точно школьный глобус...” - так автор раскрывает перед нами отношение “человек-мир”

Герой повести – Канат – разрешает для себя множество вопросов, один из которых вопрос мироздания: “Надо мной простирался полог хмурого серого неба, он плотно затянул все пространство от края до края, не оставив ни одной щелочки. На что же оно, небо, опирается, должны же быть у него края, спрашивал я себя. И что там, за ним? Когда днями свирепствует буря, бабушка ворчит: “Никак, прохудилось это благословенное небо”. Если это так, значит, наверху, за небом все время бушуют бураны, и стоит появиться дыре, как в нее тотчас врываются ветер и снег. Совсем другое говорила наша учительница... у неба нет ни дна, ни границ”

Бабушкиному мнению противопоставляется мнение учительницы. Мальчику ближе оказывается первое объяснение, потому что оно наполнено смыслом и жизнью, да и мир вокруг заявляет совсем не об этом. По А. Лосеву, С. Муратбеков отрицает все разрушающий и вносящий хаос материализм, писатель выстраивает идеалистическую картину мира: “Неимоверной скукой веет от такого мира. Прибавьте к этому абсолютную темноту и нечеловеческий холод междупланетных пространств. ...То я был на земле, под родным небом... А то вдруг ничего нет: ни земли, ни неба... Читая учебник астрономии, чувствую, что кто-то палкой выгоняет меня из собственного дома...” [2, 31]. Учительница Каната рисовала перед детьми картину “мертвого и слепого вселенского чудовища”, но вслед за А. Лосевым С. Муратбеков бежит от “хаоса материализма” к “подлинному чуду” [2, 114].

Шаг за шагом, день за днем автор проживает вместе с героем повести события его начинающейся жизни. Вместе с ним он играет в яблоневом саду, вместе с ним бежит в школу, вместе с ним работает на току, вместе с ним открывает мир, людей и себя.

Здесь нет идеи, здесь присутствует миф. А. Лосев пишет: “Миф текуч и подвижен; он именно трактует не об идеях, но о событиях, и притом чистых

событиях, т.е. таких, которые именно нарождаются, развиваются и умирают, без перехода в вечность” [2, 100]. Таков событийный ряд повести: казалось бы, описываются самые обычные и рядовые события в жизни десятилетнего мальчишки, но почти сразу читателя охватывает атмосфера чуда, атмосфера мифа.

“...чудо) таится в душе, и вот – просыпается как непорочная юность, как чистое утро бытия. Прошедшее – не погибло. (...) В чуде вдруг возникает это воспоминание... Умной тишиной и покоем вечности веет от чуда. Это – возвращение из далеких странствий и водворение на родину. То, чем жила душа, этот шум и гам бытия, эта пустая пестрота жизни... все это слетает пушинкой; и улыбаешься наивности такого бытия и жизни. И уже дается прощение и забывается грех. ...Надвигается светлое утро непорочно-юного духа”. Так описывает явление чуда в жизнь, явление мифа филолог и философ Алексей Лосев [2, 156]. Если исходить даже только из одной этой мысли, то С. Муратбеков сотворил миф, он явил чудо жизни.

В ряду событий обычных происходят мистические события, связанные с “бездомной черной сукой Караканшык”, устроившей свое жилище в корнях большой дикой яблони на окраине аула. Самое первое событие – это то, что до войны у Караканшык был хозяин. Ушел он на фронт, жена его решила перебраться на время к родителям в соседний аул, а собака сбежала со двора, видимо, решила дожидаться Басена в его родном ауле. Второе событие – свое жилище она устроила в корнях большой дикой яблони на окраине аула. Когда-то это дерево называли Медвежьим, в нем была берлога медвежьего царя. Потом медведи исчезли, а яблоня долгое время считалась заколдованной. На ее ветви каждый проходящий привязывал красную ленту или вешал монету, чтобы задобрить дух царя. Канат рассказывает, что Караканшык казалась им сказочным существом, мальчишки только и говорили о ней, вспоминали ее историю, все были и небылицы, сочиняли сами легенды о собаке. Третье событие – старый Байдалы, балагур и шутник, близкий друг мальчишек, уверял, что в одном из потомств Караканшык обязательно будет черный щенок, чья слава затмит славу матери. Четвертое событие – мать одного из мальчишек Бубитай собственноручно закопала нору, в которой лежали щенки Караканшык: по ее словам, собака съела хранящиеся в доме продукты, а времена голодные. Собака, в это время охотившаяся, вернувшись, долго выла, потом раскопала нору и, говорят, унесла и захоронила щенков. Больше ее никто не видел в тех краях. Следующее событие – сын Бубитай Спатай залез на эту яблоню на самые верхние ветки, они не выдержали, и мальчик разбился, не успев даже крикнуть. По аулу пополз слух, что дерево отомстило Бубитай за горе Караканшык. Детям категорически запретили даже близко подходить к дикой яблоне. Но не успокоилась Караканшык. Проклятье ее пало еще раз – сошла с ума Бубитай. Это предпоследнее событие в ряду мистических происшествий, связанных со священным деревом и священной собакой, как стали называть Караканшык после смерти Бубитай.

Мир таинствен и прост, в нем полно тайн, которые и не нужно открывать, имея к ним уважение, и тогда эти тайны будут жить своей жизнью, только сообщая человеку причастность к великой загадке жизни, а жизнь человеческая будет устойчива и не наполнится эсхатологическими призраками. Законы жизни надо постигать перед лицом “непостижимого” [3, 206]. Такие выводы можно сделать из этого ряда мистических событий, последовательно описанных С. Муратбековым.

Хранительницей очага, ангелом-хранителем семьи была бабушка Каната. Ее образ проходит через все произведение: именно бабушка, набожная, приверженница старых традиций и обычаев, сообщала внуку основные принципы самого бытия и бытия-в мире. В мальчике уже живет религиозное чувство, чувство причастности к Божественному.

Бабушка учила не только молитвам, она учила мужеству, чести и добру. Канат усвоил ее уроки: “Я смахнул нахлынувшие горячие слезы, чтобы не видели малыши, повторил себе слова бабушки, которые она говорила не раз: “Слезами горю не поможешь, затяни покрепче пояс и постарайся все вытерпеть. Надо жить...” Когда же ей пришлось выгнать из дома повесу Ырысбека, пришедшего сватать Назиру, бабушка взмолилась: “О всемогущий создатель, пожалуйста, прости меня, грешную! Я выгнала из дома человека. Живу твоей милостью столько лет, и ни разу не указала на дверь. И вот на старости пришлось. Но не было у меня другого выхода”. Ее внуки, перед которыми разыгралась эта коллизия, усвоили доброе отношение к людям, при этом умение сказать “нет” хамству и подлости.

Когда украли единственную, готовую вот-вот отелиться корову, бабушка “насыпала в чашку соли, чаевничала долго, потя, отгаивая после тяжелого неприятного дня. Бросала при этом не имевшие особой важности слова: “...воды принеж?.. дров наколол?..” И ни звука о пропавшей корове. Мало того, стараясь нас отвлечь, начала рассказывать историю из своей давней жизни...”

Ее поведение, ее простые и обыденные слова и жесты должны были показать внукам, что ничего страшного не произошло, хотя человеку в этот момент явился ужас Ничто. По М. Хайдеггеру, “То, что захваченные жутью, мы часто силимся нарушить пустую тишину ужаса именно все равно какими словами, только подчеркивает подступание Ничто. ничто отсылает нас к сущему, ...чтобы мы знали об этом событии тем знанием, которым повседневно руководствуемся” [4, 23]. И этим знанием оказывается духовный опыт. И человеку находится на что опереться. Бабушка обратилась к возможности преодоления Ничто и начала вспоминать. Она не успела досказать свою историю, но сентенция, которую она хотела именно таким образом, через переживание, донести до внуков, уже ясна: “Дүние келеді, дүние кетеді” Создатель все преопределил Главное – оставаться человеком, который имеет внутренний стержень – веру, опирается на мудрость веков – обычаи и традиции - и живет, исходя из нравственных норм.

Народная мудрость бабушки, ее чистое религиозное чувство, внутренняя цельность, природная доброта, этические принципы впитывались мальчиком усердно, это были мировоззренческие уроки. И мы видим, как Канат начинает жить, подчиняясь не тупой силе и злобе, а внутреннему нравственному императиву. Например, он отказывается писать донос, который пытается выбить из него подлый Тургаш. Канату привиты понятия чести, достоинства, он может различить добро и зло, ум и глупость, честь и подлость. Не это ли является главным в воспитании человека? Различая черное и белое, имея веру, веря в себя, человек сможет прожить достойную жизнь.

Так живет мальчишка военных лет, вращаясь в жизнь, постигая ее смысл и наполняя ее собственным смыслом. С самого начала ему пришлось столкнуться с абсурдом жизни – идет война, сделавшая его сиротой. Но мир человека не нарушен. Мир дает трещину, когда срубают яблоневый сад вокруг аула. Сад этот величали кормильцем, его деревья были освящены тайнами и проклятьями. Сад вырубил чеченцы. В мир пришли плохие и грубые слова: “чтоб ты подох, поганый”, “чтоб его волки задрали” Мир продолжает раскалываться, когда у Каната украли готовую к отелу корову. И сделал это чеченец. Потом, правда, его племянник, одноклассник Каната, привел корову обратно. Но в мир уже пришло зло: “Посреди двора дрались двое мужчин. Они ругались на своем языке, иногда после сильных ударов слышались охи, стоны и вскрики. ... Утром меня так и потянуло к месту ночного побоища. Снег был так истоптан, словно прошел табун лошадей. Там-сям на белом краснели пятна крови” Именно на этом событии заканчивается повесть “Дикая яблоня” Автор инстинктивно подошел к той грани, за которой начинается экзистенциальное бытие, которое, в свою очередь, Канат когда-нибудь прорвет в экзистенциальном акте веры и творчества.

Для получения объективной картины философского поля и философских поисков писателя нами была подготовлена анкета, на вопросы которой ответил С. Муратбеков:

“Вопрос 1: Как Вы считаете, существует ли взаимосвязь философии и литературы? В чем Вы ее видите?”

Ответ: Философия мен әдебиет бірінсіз бірі өмір сүруі мүмкін емес. Өйткені екеуінің де зерттеу объектісі, тақырыбы біреу – адамның табиғаты немесе адамзат өмірінің құбылыстары. Әдебиет оны көркемдік құралымен суреттеп көрсететін болса, философия оның себеп-салдарынан, нәтижесінен ой түйіндейді. Сондықтан да адамзат тарихында ұлы философтарды жазушы деп те таныған (Жан-Жак Руссо т.б.), керісінше ұлы жазушыларды ойшыл философ деп те таныған. Бұған мысал өте көп (Толстой, Абай т.б.).

Вопрос 2: Имеют ли на Вас влияние философские, этические, эстетические, религиозные концепции, теории? Какие именно?

Ответ: Әдебиетте, жазып отырған шығарманың табиғатына (тақырыбына) орай белгілі дәрежеде өз философиямды ұсынам. Ол философиям өзім өмірде түйген, оқыған, естіген ой-толғамдармен, пікірлермен астасып отырды. Бұл тұста

жазушы біреудің дайын ойын, пәлсапасын қаз-қалпында алып шығармасының бойына сіңіре салмайды. Әлбетте нағыз жазушы дайын, пәлсападан қашады, қайта өзіндік пікір айтуға, өзінше ойлап-пішіп, өзінше тырысады.

Вопрос 3: Какая тема Вам ближе в круге “Человек-Мир”:

- человек и природа; человек и общество; человек и история.

Или для Вас существует другая протяженность человека в мир?

Ответ: Адам өміріне байланысты болғандықтан мұның бәрі де жазушыға жақын ғана емес бірден-бір қажет түсініктер. Адам табиғатсыз, қоғамсыз өмір кеше алмайды да, ал оның басынан өткізері өзінен-өзі тарих боп аталары анық. Дегенмен бұл үш түсінікті де жеке-жеке тақырып деу ағаттық. Адам өмір сүрген жерде табиғат та, қоғам да, тарих та бірі-бірінен бөлінбей қайта бірін-бірі толықтырып тұратын тұтас құбылыс, яғни өмір деген түсінікке саяды.

Вопрос 4: Какие константы человеческого существования (свобода, выбор, любовь, творчество, смерть, рождение и т.п.) представляются Вам наиболее ценностными, вызывающими Вашу рефлексию?

Ответ: Бұл түсіндіктердің әрқайсысы әр шығармада әртүрлі дәрежеде шығарманың табиғатына орай қажетті дәрежеде суреттелуі мүмкін. “Тумақ бар да, өлмек бар” десек, адам табиғатына байланысты құбылыстардың бәрі де құнды. Өлімді суреттеу арқылы тіршіліктің сұлулығын бағалауға, ал махаббат жазып отырып адам жанының жарасын көрсетуге болады. Ендеше осынау түсініктердің бірін артық көрем, бірін кем көрем деу жазушы үшін жараспайды.

Вопрос 5: В чем Вы видите единство человека и мира?

Ответ: Адам мен дүниенің бірлігінен тіршілік өркендейді деп білем. Ал тіршілік бар жерден адам өмір кешкен ортаны, яғни оның айнала әлемін айтамыз.

Вопрос 6: Каков Ваш человек, герой?

Ответ: Әр кезде әрқилы герой көкірегіне ұялап өзі қозғайды. Кейде ол асқақ ойлы арманшыл герой болуы мүмкін, ал кейде көкірегі қан жамылған мүгедек жан болуы да мүмкін. Тек жанды бейнеге айнала алса ол геройды өзімдікі деп мақтанышпен айта аласың.

Вопрос 7: О чем бы Вы написали (пишите) сегодня, какая тема Вас больше всего волнует?

Ответ: Бүгінгі күннің құбылыстары.

Вопрос 8: Чье влияние Вы испытали наиболее остро в своем творчестве – влияние какого писателя, произведения, идеи?

Ответ: Әр кезеңде әртүрлі жазушы әсер етті. Ал солардың ішінде ерекше әсер еткендері: А.Чехов, И.Бунин, М.Горький, М.Ауэзов. Адамды жақсы көріп отырып (кейде тіпті ғашық қауілмен) жазу, адамға деген жаңашырлық, аяушылық сезім, адам бойынан жақсылықты іздеу, дүниеден, айналамнан елжірей отырып жақсылықты көрсем деу – менің басты мұратым”

Итак, мир и человек едины, их единство – бытие человека в мире. Человек укоренен в мире, он выстраивает отношение к миру, к другим людям в

нравственных координатах добра, достоинства и должен пройти жизнь, понимая и принимая все ее проявления. Человек исполнен веры. Творческое и родовое сознание его находятся в равновесии с этическим сознанием. Когда гармония жизни нарушается злом, которое неизбежно, эту гармонию можно восстановить, наполняя смыслом – творческим или этическим – жизнь. По Муратбекову, все – от Бога и все – в Боге. Сам способ освоения действительности писателем можно назвать феноменологическим: “Феноменология отказывается объяснять мир, она желает быть только описанием переживаний. Она освещена направленным на нее вниманием сознания” [5, 251].

Саин Муратбеков навсегда останется в нашей памяти Писателем и Человеком с большой буквы, чье внимание к жизни было освещено любовью и милосердием к людям.

Использованные литературы:

1. Губин В.Д. Проблема “творческой личности” в восточной философской традиции “духовного наставничества” // Философия Зарубежного Востока. О социальной сущности человека. – М.: Изд.ун-та др.нар.,1986.- 155 с.
2. Лосев А.Ф. Философия. Мифология. Культура. – М.: Политиздат, 1991. – 525 с.
3. Глюксман А. Цинизм и страсть // Проблема человека в современной религиозной и мистической литературе. М.: 1988. – 246 с. - с. 14.
4. Хайдеггер М. Время и бытие. Статьи и выступления. – М.: Республика, 1993. – 447 с.
5. Камю А. Миф о Сизифе. Эссе об абсурде // Сумерки богов. – М.: Политиздат,1989. – 398 с.

Ботакөз Ақыш

МІНЕЗДЕУДЕГІ МЕНЗЕУЛЕР

Қазіргі қазақ балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесін жасауда көркемдікпен өзіндік өрнек салып, бедерлі, жиынтық образдар жасап жүрген жазушылардың бірі – Тынымбай Нұрмағанбетов. Өмір құбылыстарын шынайылықпен көре білуі, халықтық тілді қарапайым қалпында қажеттілерін екшеп, әсерлі тіркестерді іріктеп түсіре отырып, шығарманы өзіне тән көркемдік машықтан ауытқымастан жазып шығуы – жазушы талантының негізгі өзіндік нышан-белгілері. Балалар әдебиетінің бұл міндеті туралы айта келіп: Академик С.Қирабаев “Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың өрнектілігі, лириктік сезімталдық, характерлер мен оқиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы аса қажет. Бала ойы мен ұғымы абстракциядан гөрі нақтылықты сүйеді” [1, 142] деген болатын.

Жазушының “Он төрт жасар жігіт” “Қарлығаштың ұясы”, “Қауын иісі”, “Балалық шақтың әндері” “Үш күншілік жол” және басқа әңгіме-повестері жас кейіпкерлерді тосын қырларымен тұлғалап отырады. Жалпы оның балалар прозасындағы еңбегін қысқаша пайымдай келгенде, образ бейне жасаудағы көркемдік тәсілдеріне тоқтала кеткен абзал.

Т.Нұрмағанбетов көркем бейне жасауда әсіресе адамның мінез-құлқын психологиялық тұрғыдан сомдауға бейім қаламгер. Көркемдіктің осынау қиын талаптарын орындау үшін ол шағын ситуацияларды, характерлер арасындағы қақтығыстарды, қысқа сюжеттер мен ұтымды детальдарды жиі пайдаланып отырады. Оның шығармаларының оқырманды жалықтырмай, аяғына дейін ұстап тұратын себебі де – характерлердің тартыс үстінде біртіндеп ашылуы, сюжеттің шым-шымдап дамуы. Осы жерде әдебиеттанушы ғалым Б.Әбдіғазизұлының “Тартыс – көркем шығарманың тынысын түзеп, жүрегін соқтыратын қуатты құрал. Оның астарында ілгерілеу де, даму да, бір сөзбен айтқанда, мәңгілік қозғалыс жатыр” [2, 30] деп айтқан тұжырымы ойымызды дәлелдей түспек. Ал көркемдік кемшіліктері бар ма, бар болса, ол қандай деген мәселеге келетін болсақ, кей жағдайда онсыз да ашылып тұрған характерге үстемелеп детальдар қосу, негізгі сюжеттердің өрбуіне тікелей қызмет етпейтін жанама шағын эпизодтар мен штрихтарға әуестік деп пайымдауға болады. Оның шығармаларының жекелеген кей эпизодтарын, штрихтарын әлі де ептеп ықшамдап жіберсе, ширай түсетіні сөзсіз.

Т.Нұрмағанбетовтің әдеби сын мен зерттеулер тарапынан өзіндік бағасын ала алмай келе жатқан шығармаларының бірі – “Балалық шақтың әндерін” повесі. Бұл – “Көзәйнек” атты повестің ұшталған, жетілдірілген нұсқасы. Автор атын өзгертіп, толықтырып жеке повеске айналдырған. Мұндағы оқиға сонау жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарындағы қазақ ауылында өтеді. Шағын ауылда өздерінше тіршілік кешіп жатқан ауыл балаларының тағдыр-талайы, мұң-мұқтажы, арман-мүддесі, бір ауыз сөзбен айтқанда, барлық пенде баласына тән жан құбылыстары өмірдің өз ортасынан ойып алынғандай әсер етеді. Қарт әжесінің қолында тұрып, есейіп келе жатқан Бура есімді жас кейіпкердің тағдыры, жастайынан өмірден көрген әр түрлі соққылары, өз тағдырына наразы баланың кейде үлкендердің өздерін жәбірлейтіндей тосын жат қылықтары көз алдыңыздан реалистік бояумен біртіндеп өтіп отырады. Мысалы, мына үзінді жас адамның жан дүниесіндегі ауыр құбылыстан хабар береді: “– Жылауым керек... Мені тағдырдың өзі жылатып қойған, білдің бе? – деді ол маған тағы да ажырая қарап:

– Әжемнің өзі солай деген. Мен әлі көп жылаймын. Бірақ өзім ғана жылап қоймай, жұртты да жылатамын. Білдің бе? Жылатамын. Мәзгүл де мен үшін әлі көп жылайды. Мен оны жек көремін. Өлердей жек көремін. Сол жек көргендігім үшін анда-санда мен оған көрініп кетемін. Білдің бе?” [3, 38].

Бұл шығарманың негізгі идеялық-көркемдік өзегі адамгершілік мәселелері төңірегінде өрбиді. Адамгершіліктің қалыптасқан қарама-қарсы ұғымдары

мен санаттары (категориялары) арасындағы қайшылық – адамға тән жақсы қасиеттердің нығаюының қозғаушы күші. Сол қозғаушы күштің нәтижелері қандай болады, өзінің қандай деңгейдегі моральдық жемістерін береді, міне, бұл көркем сөз шеберлерінің қай кезден бері де түбіне жете алмай келе жатқан адамгершілік позициясының кредосы.

“Психологизм мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысы қай ретте адамның өз жанымен арпалысының нәтижесінде жүзеге асады. Әлеуметтік жағдай мінезге характерге сырттан келіп қозғау салатын секілді” [4, 284] – деген ғалым Ш.Елеукеңовтің пікіріне Бураның басындағы жағдайлардың реалистік құбылыстардан ауытқымағанын дәлелдей түседі.

Т.Нұрмағанбетов өзі көтеріп отырған осынау қоғамдық-әлеуметтік мәселеге нақ осындай ұстаным тұрғысынан келуге тырысқан. Ересектер арасындағы жаңсақ жасалатын қадамдар, олардың кейінгі ұрпаққа тигізуі мүмкін теріс ықпалдары, жалпы қоғамға сызат түсіретін көлеңкелі құбылыстар повестегі жеке адамдардың тағдырлары арқылы көрініс тауып отырады. Жасөспірім Бураның басындағы трагедиялық ахуал қайдан, қандай жағдайдан бастау алып еді?

Жас адамның басындағы қиын жағдайлардың туындауына қашанда ересектер кінәлі болатыны көркем ойлар тарихынан ежелден белгілі. Егер Бураның анасы Мәзгүл жалғыз баласын тастап, басқа адамға тұрмысқа шығып кетпегенде, повестің негізгі оқиғасы да болмас еді, басты адами-моральдық өзекті мәселелер де көркем ойдың арқауына айналмас еді. Әрине, бұл арада әйел адамның тағдырына ықпал еткен бірден-бір теріс күш соғыс қасіреті деп тұжырым жасай салу қиын емес. Сөйтіп шығармадағы моральдық тартыстардың драмалық күйде өрбіп отыру себебін қалыптасқан дағдымызбен соғысқа арта салуға болар еді.

Бірақ мәселенің екінші жағы барын да ұмытпаған жөн. Егер Мәзгүл сияқты жас әйел соғыстың әсерінсіз-ақ жесір қалып жатса, бәрібір қайтадан тұрмысқа шығатыны өмір шындығына қайшы құбылыс емес. Міне, осындай ситуациядан кейін-ақ шығармада жазылған Бураның басындағы тартысты ахуалдың бәрібір сол қалпында айна-қатесіз қайталанатыны сөзсіз. Сондықтан да шығарманың адамгершілік мәселесіне қатысты айтатын ойы – соғыс қасіретін кінәлаумен немесе жеке адамдар тағдырындағы түйінді шиеленісті жағдайларды соғыс атаулыға жаба салумен шектелу емес.

Найзабек, Ерекеш ағай сияқты мұғалімдердің бойында белең алған адамгершілік ақаулықтар жастардың жан дүниесін оп-оңай жаралап кете береді. Екі мұғалімнің де тамам оқушының көзінше Бураның ең жанды жері, ешкімге айтпайтын өзіндік балалық қасіреті – анасының тастап кетуі туралы қайта-қайта есіне сала беруі – адамгершілік тұрғыдан қарсылық туғызатын бірден-бір себеп.

Сөйтіп шиеленіс ұшқыны оқиғаның ширығып, қоюлана түсуіне ықпал жасайды. Бұл – жалпы Т.Нұрмағанбетов шығармашылығына тән, көркемдік

құбылыс. Бұл жөнінде әдебиет зерттеушісі Б.Ыбырайым: “Ең бастысы, қай шығармасы да қызықтырып, оқырманды тартып отырады. Оның сыры – кейіпкердің психологиялық тұрғыдан дәлелдеуінде. Т.Нұрмағанбетов характер психологиясын авторлық бипаз баяндаумен талдамайды, кейіпкердің өз сөзі – монологтар мен диалогтар, ұтымды, тапқыр детальдар, олардың қылық-қимылдары арқылы меңзеп, дәл жеткізеді” [5, 249] деген ойы дәлел болады.

Т.Нұрмағанбетов жеткіншектер мен балалар бейнесін жасауда басқа қырынан келеді. Оның шығармашылығындағы өзіндік бағыт жөнінде әдебиетші Р.Нұрғалиев былай дейді:

“Автордың бала психологиясын жақсы білетіндігінің куәсі – “Қарлығаштың ұясы” повесі. Әрине, әлі мектепке бармаған Шорманды әке-шешесінің бірдей тастап кетуі, әжесінің аяқ астынан сырқаттануы, жамағайындарға жіберілу – дүниені тым тарылтып жіберетін, жасанды ситуациялар. Шабаркүл мен Қиялбектің қолына келген Шорманның мінезі айқын ашыла бастайды. Әсіресе қарлығаштың ұясына байланысты оқиғалар бала санасына лайықты бояулармен берілген” [6, 202].

Т.Нұрмағанбетовтің “Балалық шақтың әндері” повесіндегі жас кейіпкерлердің ересектермен қарым-қатынасы күрделі тартыстар, психологиялық текетіресулер үстінде көрініп отырады. Бұл мәселе әсіресе тағдыры ересектердің теріс шешімінің нәтижесінде аянышты болып қалыптасқан шығарманың бас кейіпкері Бураға қатысты айқынырақ көрінеді. Осындай ситуациялар жөнінде: “Кіші болғаны үшін кемсіткені, үлкендік қорлағанын оны балаға тән пәк сезіммен жан жүрегін ауырта, өз ойы арқылы сыртқа сездірте отырып, жан диалектикасын жарыққа шығарады, өзі сауалдар қойып, соған жауап іздейді, ой қорытады” [7, 12] дейді әдебиетші ғалым Г.Піралиева.

Дүние есігін ашқаннан кейін-ақ тағдырдың қиыншылығына душар болған бала әділдік үшін, өзінің адамға тән асыл сезімдерінің салтанат құруы үшін күреседі. Бірақ күресу тәсілі – қарапайым да жадағай. Өзінің өмірге деген өкпесін алдыңғы планға шығарған Бура айналасындағы адамдарға үнемі аяушылықпен қарай алмайды. Кейбір үлкендерді жәбірлеп, олардың көңілін қалдыратыны, маңайындағы балалармен де үнемі санаса бермейтіні де сондықтан болар. Шығарманың бастапқы беттерінде-ақ Бураның ересек адамдармен қарым-қатынасында психологиялық шиеленіс бары анық байқалады. Оның өз ұстаздары Найзабек ағаймен, Ерекеш ағаймен текетіреске келіп, іштей ерегеске түсуі тектен-текке болып жатқан жайттар емес. Бір қарағанда Бура ессіз, ақымақ бала емес, бір басына жететін ақылы да, өзін алып жүре алатындай ерік-жігері де бар. Деген қуатының жеткілікті екендігіне қарамастан, кейбір сотқар жеткіншектер сияқты айналасындағы балаларға да беталды соқтығып, әлімжеттік жасаудан аулақ. Міне, осындай ірі мінезді жеткіншектің кейбір ересектермен тіл табыса алмай, ерегеске баруының түпкі себебі неде? Жалпы Найзабек мұғалім де, интернаттың меңгерушісі Ерекеш

те ә дегеннен-ақ Бураны ұнатпайды. Екі ұстазға тән екі бірдей ұқсастық бар. Олардың біріншісі – балаға тек қана бала деп қарап, кейбір үлкендерге тән ересектік эгоизмнің, өзімшілдіктің ықпалында кетіп, жас адаммен санасу дегенді мүлде қаперге алмайтындығы.

Екіншіден, екеуі де Бураның жеке басын жақтырмайды. Тіпті баланың жынына тиіп, намысын қорлау үшін, сөйтіп оны адам ретінде түкке тұрғысыз ету мақсатында кейбір шұғыл қадамдарға да қасақана барып отырады.

Әрине, жазушының екі бірдей кейіпкердің адами болмыс-бітімін, балаларға деген көзқарасын ұқсас етіп алуы шеберлік нышаны емес. Бірақ өмірде мұндай мінез бен көзқарасты қайталайтын жағдайлардың бір ортада болуы әбден мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл арада мұндай ұқсастықты шындыққа сай келмейді деп үзілді-кесілді бағалаудан аулақ болған жөн, бірақ өмір шындығын әлі де мейлінше іріктеп, екшеп ала түсуі керек екені сөзсіз.

Бірнеше сыныптың балаларын бірге қосып оқытатын шағын комплексті бастауыш мектептегі оқушылардың ең ересегі – Бура. Мұғалімі Найзабек аға оны әуелден-ақ ұнатпайды. Өйткені, біріншіден, бұл мұғалімнің бойында ересекке тән өзімшілдік, өктемдік басым болса, екіншіден, күйеуі соғыста қаза тапқан Бураның шешесін Найзабектің жиені бір кезде әйелдікке алған екен. Ал Бура үшін туған анасының өзін тастап, басқа бір адамға тұрмысқа шығып кетуі – жүрегінің ең жаралы жері, бүгінге дейінгі қысқа өмірінің басты трагедиясы. Сондықтан да шешесі тұрмысқа шыққан адамның туысы Найзабек мұғалімді бала қабылдай алмайды. Әжесі Артықтың айтуынша, баланың шешесі Мәзгүлді азғырып, жиеніне алып берген адам – осы Найзабек. Осы жағдайдың бала жанын жаралауы әбден мүмкін екенін Найзабектің сезіне алмауы немесе сезінгісі келмеуі – барып тұрған безбүйректік. Тіпті, балалардың көзінше шешесін еске алып, әжесіне тиісіп, Бураның жан жарасын одан арман қаси түседі. Сөйтіп баланың рухани күйзеліске ұшырағанынан рахат табады.

Найзабек мұғалім мен оқушы Бураның арасындағы тартыс мұғалімнің қолындағы құқығын пайдаланып, үстемдік жүргізуінен анық көрінеді. Бүкіл оқушылардың көзінше Бураны жазалап отыруы, қойдың кезегі келіп, сабаққа қатыспай қалғанда шешесін ауызға алып, қисынсыз соқтығысуы, тіпті жыны келген Бураны аяқтан теуіп қалуы, мектептегі ең үлкен бала екеніне қарамастан, бұрышқа қақайтып тұрғызып қоюы сияқты және т.б. қорлаудың түрлері, шын мәнінде кімнің болса да ар-намысына тиетін, жанын шырқыратып, өшпенділік отын қоздыратын әрекеттер.

Бұл шығармадағы Найзабек мұғалім мен бала арасындағы психологиялық тартыстар негізгі сюжеттің одан ары өрбуіне, оқиғаның әлжуметтік-қоғамдық астарына үңілуге жетелейді. Жазушы сонау алыстағы қараңғы ауылда мұғалімдік кадрдың жетіспеуі салдарынан кім көрінген кездейсоқ адамның осынау қасиетті міндетті атқара беретіндігі, соның салдары бала тәрбиесіне оңдыртпайтын соққы болып тиетіндігі жайында салмақты ой тастайды. Найзабек ағайға ұқсас интернат меңгерушісі Ерекештің балаларға деген

көзқарасы, жасөспірім ұрпақпен адам ретіндегі қарым-қатынасы осынау мазмұнды ойларды одан әрі тереңдетіп, әлеуметтік астарын кеңіте түседі.

Бұл арадағы характер қайталаушылықтың мазмұнында бұндай ұстаздардың өмірлік типтік бейнелерге айналып кеткенін меңзейтін ишара да жатқан шығар. Сондықтан да мұғалімдер образындағы кейбір ұқсастықтарды үлкен кінәрат санаудың қажеті шамалы. Өйткені өмірдегі барша әлеуметтік құбылыстарды, ауылдағы қазақ қоғамын кері тартатын өмірдің ащы шындығын сол қалпында жеткізіп отырудың өзі рухани қажеттіліктен туындайтыны сөзсіз. Әрине, кеңес дәуірінде мұғалімдер бейнесін жасау барысында жалған пафоспен, тоталитаризм заманының идеологиясымен бүркемелеу нышаны көбірек етек алғанын жасыруға болмайды.

Үлкен кісілердің балалар шығармаларында әр түрлі мінез-құлығын көрсетіп отыру да әлеуметтік-эстетикалық қажеттіліктің бірі. Бұл жөнінде жазушы Т.Ахтанов: “Балаларға үлкендер туралы да көп айту керек. Үлкендердің өмір үлгісі арқылы адамгершілікті, еңбексүйгіштікті, достықты, ерлікті ұғындыру керек. Балалар мен үлкендердің қарым-қатынасы да біздің әдебиетте жөнді сөз болған жоқ” [8, 199] деп дұрыс тұжырымдаған. Т.Нұрмағанбетовтың аталған шығармасы осындай олқылықты үлкен мен бала арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсету арқылы толықтырады.

Үлкен адамның әрбір әрекеті, сөйлеген сөзі жас ұрпақ үшін әсерлі. Ол алдыңғы буынның өмір сүру кредосына өзі де байқамай еліктеп кетеді. Үлкендер тарапынан болған қиянат жас баланың жүрегінде ауыр із қалдыратыны аталған шығармада әр түрлі тиісті көркемдік әдістермен айқын берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Әдебиет және балалар өмірі // Жұлдыз. – 1969. №8.
2. Әбдіғазиев Б. Ғ.Мұстафин мұраларының мәңгілік тұғыры.– Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 432 б.
3. Нұрмағанбетов Т. Балалық шақтың әндері. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Балауса, 1994. – 352 б.
4. Елжукенов Ш. Замандас парасаты. –Алматы: Жазушы, 1977. – 300 б.
5. Ыбырайымов Б. Көркемдік көкжиегі. –Алматы: Жазушы, 1981. – 264 б.
6. Нұрғалиев Р. Уақыт және қаламгер. Әдеби сын. 5-ші кітап.– Алматы: Жазушы, 1977. – 288 б.
7. Піралиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
8. Ахтанов Т. Көкейкесті. –Алматы: Жалын, 1980. – 360 б.

М. МАҚАТАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымының докторы, профессор Серік Қирабаев: “Елімізде жеке адамға табынушылықты санаумен байланысты идеологиялық шектеушілік пен ой-пікірге салынған тұсаудан босау қазақ поэзиясының қанатын кең жазуына, өмір шындығын бейнелеуде ақындық ойды шалқыта еркін жырлауына жол ашты. Осындай тұста әдебиетке келген жас ұрпақ тежеу көрмеген қалпы еркін араласып поэзияны, әсіресе, лириканы жаңа сапаға көтерді. Олардың басында елуінші-алпысыншы жылдары әдебиетке келген ...М.Мақатаев бар еді.” –деп жазды [1, 18].

Кеңес империясының айтуға ауыз бармайтын, жазуға қатаң шек қойылған кездегі цензураның сүзгісінен өтетін шығармаларда атеизм ілімі оқытылып “дін апиын” деп санамызға сіңірген тұста “А, Құдайлап, аруақ” деп атой салған ақын М.Мақатаев еді. Жүрегінің түгі бар, қаламының желі бар ақын Мұқағали “Ия, Аллах, О, Жасаған” деп жасын отындай қаймықпай қайсарлықпен жазуы бүгінгі қарасаң, ерлікпен тең. Ақын заман ағымына қарсы шығып, кереғар болып, ашық тартысқа түсудей. Ақынның өзінің ерекше даралығы да, ақындықтың күдірет күші де осы болса керек. Жаратқанның берген асыл қасиеті ойы ұшқыр, қаламы жүйрік ақын сол кездегі билеуші партия саясатынан сескенбей, өр рухта жырлады.

Көкейді тескен көп сұрақтарға жан ұшыра жауап іздейміз. Сонда ақынды осы тақырыпқа барып, Көкте Алланы, жерде аруақты еске алмай, жүректен нұр шашқан имандылықтың ауылынан алыстап кеткеніміз, жұдырықтай жүрегіне дамыл бермей, сөз маржанын төгіп, қырман басындағы қызыл бидайдай асыл ойларын, пәк сезімін, ақ қағаз бетіне түсіре беріпті. Бүгін болмаса, ертең оқырманы табыларына шүбәсіз сенді, оған ешбір күмәні жоқ еді, асыл сезімі оны алдамады.

Осы ретте ф.ғ.д. А.Егеубаев былай депті: “Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, түрлендіре байытты да, сонысымен қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашып, ұлттық поэзияның шашасына шан тимес тарланбозы ретінде мәңгілік ұялап қалды. Сонымен қатар, ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық дәстүрлерімен талантты түрде құнарландырды” [2, 611].

М.Мақатаев сөзінің ел жүрегінен темірқазықтай нық орын алуының, Қазақстанның түкпір-түкпірінен үлкен сұранысқа ие болуының сыры неде? Бүгінгі күн тұрғысынан зерделесек, “ұлы көсеміміз В.И.Лениннің “Оқы, оқы және оқы” деген сөзі ұран болып жатталып, зердемізге құйылды. Қарап отырсақ коммунистер кезінде Құраннан өз қажетіне қарай керегін ғана сұрыптап алып, пайдаланған екен

Соған іштей қарсы болған ақын былай деп ағынан жарылады:

Тізгінімді ешбір жанға бермедім,
Өмірімде бір иілген емеспін, - десе,
Дін – ғылымның анасы³,
Дін – ғылымның әкесі,
Ғылым-діннің баласы

Дін-ғылымның көкесі!!! (3, 391) Осылай ақын тұлғасы қара емендей иілмей, ағын суға қарсы тұра алды. Дін – бар имандылықтың бастауы екенін “жалын жүрек, от кеудемен” ақын осылай жырлап өтті. А. Байтұрсынұлы “Әдебиет танытқышта”: “Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп тұрпаттау кейіптеу деп айтылады” – дейді (4, 191). Дінді адамның күйіне түсіріп, “анасы, әкесі, көкесі, баласы” деп адамға телігендіктен, ол бізге жанды адам бейнесінде көрініп тұр. Осы ретте бір сүттей ұйыған отбасының жанды суреті көз алдымызға көлбеңдеп келеді.

Ақынның “Шаң басқан архивтерден табылармыз!” деп, өзі айтқандай бір қарағанда, сары уайымға салынғандай көрінгенімен, ой астарында, келер ұрпақ шам іздеп тауып, сүйіп, тұщынып оқитын ақиық ақынға айналуының негізі қаланғандай еді. Партия қатарында мүше болып, қайтыс болған кісінің жаназасын шығарудан қорыққан кезеңде Мұқағали ақын сескенбей, өлеңнің рухани мықты қазығы болған келесі өлең жолдарын жазды.

Қаймағы бұзылмаған қайран дінім,
Қаймағың быт-шыт болды қайдан бүгін?!
Құбылаға бет алып қол қусырып,
Сәждеге бас қоятын қайда күнім? (1, 392)

Жан айқайындай естілетін “Бүкіл дүние мұсылмандарына хат” өлеңінің отты жырымен Құбылаға бет түзеп, сәждеге бас қоюды арман тұтқан ақынның жазбауы мүмкін емес еді. “Құдайдан сұраған, құстай ұшады” – дейді дана халқымыз.

Я, Аллам!

Жауыздықтан сақтай гөр,

Жамандыққа, жауыздыққа бастырма! (1, 400) дегенде, сол уақытта осы тақырыпқа баруы тегін емес еді. Елді елең еткізер, тастанды бала, қарттар үйі естір құлаққа жат, тосын болса да, етіміз үйреніп кеткендей.

Ақынның енді тағы бір өлеңіне зейін қояйықшы:

Я, Жаратушы Аллам!

Қолдай гөр, сүйей гөр мені, сүйей гөр! (1, 400) мінәжат етіп қайсар үн естіледі.

Я, Аллах! Жарылқай гөр, жалғыз Ием!

³ Адамзатқа арналған Құран Кәрімнің ең алғашқы аяты – «Оқы. Сені жаратқан Раббыңның атымен деп басталады. Құран Кәрім, Алақ сүресі, 1-аят. Құран Кәрім Х.Алтай. – Алматы, 2006. - 137бет.

Көнейін, көндігейін тапшылыққа... (1, 401) - деген ақын кеңес өкіметі кезінде, 1976 жылы өмірден озды. Халқымыз азаттық туын алып, Алаш арыстарымыз ақталып, яғни өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған Тәуелсіздік күнін көре алмай көз жұмған. М.Мақатаевтың жазған өлеңі сол кездегі қазақ елінің басына түскен ауыртпашылықты көріп айтып тұрғандай, маңыздылығын жойған емес. Сондықтан да болар, бақшадағы баладан, еңкейген көріге дейін ақын өлеңдерін жатқа айтады.

Я, Аллах

...Жат жұртта күн кешейін жатшылықта, (1, 401) десе дегендей-ақ тарыдай шашылған қайран қазағым, сол аласапыран зобалаң кезде әлемнің түкпір-түкпіріне “Елім-айлап” жер аударылып кетпеді ме? Бұл ақынның тереңнен түсініп тебіренген көрегендігі ме? Иә, қазір қазақ көші басталып, жат жерден қазақтар туған жер төсіне оралуда. Ол күнді де көру оған жазбапты. Сұңғылалығы сол тамыршыдай тап басып, дәл осы уақытты жазып отырған секілді.

Я, Аллах!

...Ақырын соқтыра гөр жақсылыққа,

Сақтай гөр, сағындырма жат қылыққа” (1, 401) - дегенде, құлақ естіп, көз көрмеген иісі қазақ үшін жат қылық, кіндігін ашып, тәнін сатқан әйелдер бар екенін несің жасырамыз? Оны да көрсетті Жасаған. Тұма бұлақтан мейірің қанып су ішкендей, қаймағы бұзылмаған қасиетті ана тіліміз Мәжілісте қайта-қайта талқыға түсіп, “Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін” деп айтуға жеттік. Осы салғырт күйімізге кім кінәлі? Ақын өз тіліміз бен дінімізден алыстап бара жатқан текті ұрпақтың сезімін найзағайдай отты жырымен оятуға күш салғандай. Бұл “Шыда, Шыда” өлеңінің басты тақырыбы:

Шыда, шыда!

Шыдай түс, шыда тағы!

Шыдамдыны мына өмір ұнатады,

Үміттің құлан иек құла таңы,

Әйтеуір бір атады, бір атады... (1, 401) - деуінде үлкен мән бар, бұл да Алланың сыны. Төзімділікпен шыда, дағдарыстан сүрінбей өтерсің, жақсылыққа жетерсің, сәл сабыр ет, шыда халқым, деп ел еңсесін көтеретін күн туарын сезгендей, ақын сөзі ұран болып “Шыда, шыда” деп рухы үн қатқандай шыдамдылыққа, сабырлыққа тәрбиеледі. Бүгінгі күннің боларын біліп, ақын жүрегі соны сезіп кеткендей. Жаныңа жақын болған соң оқисың, жаттайсың, жылы қабылдайсың. Сол үшін де ақынның өлеңі әркімнің жүрегінің төрінен жылы орын табады. Бұл жолдарды артық айтылған сөз десеңіз, оған да ақын сөзімен жауап берейік:

“Я, Аллам! Жаратушым, Қорғаушым!..

...Іші өртенсін, дұшпандарым долдансын,

Достарым кеп демесін бір, қолға алсын” (1, 401) - десе,

енді бірде:

“...Түйсіксіз тайлақтардан сақта Құдай,

Тайрандап алды-артына қарамаған” (1, 398) дегенде, “түк көрмегендей” жерді сатып ұрпағымызды, тілімізді саудаға салып, ақшаны балапан басқан үйректей, бауырына басқандардың кінәсін кешіре сал деп, солардың білместігі үшін Алладан кешірім сұрағандай. Сол үшін де ақын, халқына етеңе жақын. Үндемей ақын рухына бас иесің.

Сөз өнерінің күдіретті өнер екенін, яғни ойымызды ғалым қазақ әдебиеті теориясының тұңғыш авторы А.Байтұрсынұлы сөзімен нақтыласақ, “Өнердің ең алды – сөз өнері” деп саналады. “Өнер алды-қызыл тіл” деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан” (2, 165). Сөздің киесін ұққан, ата қоныс жеріміздің иесі қазақ рухы биік бабалар сөзі атадан балаға мирас, ұлы мұра болған қазақ тілін ерліктің эстафетасындай қастерлей, қадірлей, кірлетпей, шұбарландырмай сақтай білуіміз керек. Өйткені ғасырдан ғасырларға қазақ тілі мен қазақтың асыл тұлғалары басқан топырақ, киелі жер, жұтқан ауа, таңдайына татқан су бәрі де ата-баба аманаты емес пе? Олай болса, Аманатқа қиянат болмасын!

Тұжырымдай келе, сөз соңында айтпағымыз:

Аллаһ – ақиқат,

Аллаға сеніп өтем,

...Арамдыққа баспаймын – жолы бөтен! (1, 402) - деп “Алланың сөзі де рас, өзі де рас” деген Абай дәстүрін анық жалғастырып тұрған ақын сөзін өмірдің кредосы етіп ұстансақ, одан ұтарымыз ақиқат. Ақын жүрегі бұл өлеңдерінің “архивте шаң болып сақталмай” қалың оқырманының жүрегіне жол табарын сезген де болар. Артына өшпес мұра қалдырған Алатаудай асқақ, өр тұлғалы Мұқағали ақын өлеңдері имандылық иіріміне жол тартқан иірімдерін осылай айқындап алу – бүгінгі рухани қажеттілік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы 9-том, Кеңес дәуірі, 1956-1990. – Алматы, 2005.
2. Он ғасыр жырлайды. – Алматы, 2006.
3. А. Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2003.
4. М. Мақатаев. Соғады жүрек. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1981.
5. М. Мақатаев. Жылап қайттым өмірдің базарынан. – Алматы: Жалын, 1994.

Көпбосынов М.А.

АБАЙДЫҢ МЫСАЛ ЖАНРЫН АУДАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әлемдік әдебиетте мысал жанры Эзоптан бастау алады. И.А.Крылов өз мысалдарының сюжетін көбіне Лафонтеннің өзіне дейінгі мысалшылардан алып отырған. Бір-бірінен сюжет, ой алмасып отыру, оны әр ұлттың ерекшеліктеріне орай қайта жырлау мысал жанрының тарихында заңдылыққа

айналған. Әдебиет-сөз өнері. Ал өнер ұлттық сипатта болады. Өйткені әдебиеттің өзіндік көркемдік болмысы белгілі бір ұлттық топырақта ғана өмір сүреді. Әдеби шығарманы сол күйінде сөзбе-сөз, дәлме-дәл екінші тілге аударғанда ол көркемдік бояуын жоғалтып, жай ғана сөз тіркесіне айналады. Аудармашы екінші бір тілден аударма жасағанда, оның оқиға желісін, идеясын пайдаланғанымен де, оның көркемдік болмысын түбірінен қайта жасауына тура келеді. Сол себепті де әдеби аударманы сөз өнерінің ерекше бір саласына жатқызып, оны да ұлттық әдебиеттің ауқымында қарау керек. Осы тұрғыдан келгенде, Абай қазақ әдебиетіндегі мысал жанрын аударма арқылы биікке көтерді.

Сонымен бірге Абай барлық уақытта да дәл аударып отырғанның өзінде де өз оқырманын ескере отырып, міндетті түрде азын-аулақ өзгерістерге, толықтыруларға барған; еркін кеткеннің өзінде де түпнұсқаны темірқазық етіп, соның сарынымен жүреді; бірақ көркемдік кестелері өзгеше өрнектеледі. Бұл турасында академик З.Ахметов “Абай Крылов мысалдарын дәл аударып, оның құрылыс-қалпын сақтауды мақсат етпеген, сюжетін еркін баяндап, көшіре аударма емес, қазақ тілінде төлтума болып шығатын сарындас аударма беруді мақсат еткен” – деген пікір білдіреді [1]. Кей тұстарда Абайдың еркін кететіні соншалық – кей өлеңнің төл туынды немесе аударма екенін дөп басудың өзі қиынға соғады.

Сонымен, Абай орыс мысалшысы И.А.Крыловтың мысалдарын қазақшалағанда, мағыналық, құрылымдық және идеялық тұрғыдан ауытқымай дәл беріп, кейде еркінірек кетіп, аударма жасаудың небір классикалық үлгілерін жасады. Аударма өнерінде ақынның екі түрлі принципті ұстанғандығы көрінеді. Оның біріншісі – эстетикалық, көркемдік принцип. Яғни мысалда суреттелген оқиға, мазмұн, айтар ой қазақ оқырманына сол күйінде түсінікті болған жағдайда барған. Оның “Емен мен шілік” “Піл мен қанден” “Қарға мен түлкі” (“Жұрт біледі, күледі”), “Шегіртке мен құмырсқа” “Есек пен бұлбұл” т.б сияқты мысалдары азын-аулақ өзгертулеріне қарамастан, осы көркемдік принципті, яғни түпнұсқаның көркемдік қалпын сақтай отырып, аударылған. Сол сияқты “Теректің сыйы” “Қарасам, қайғырар жұрт”, “Тұтқындағы батыр”, “Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз”, “Жалау”, “Жартас” “Дұға”, “Альбомға”, “Менің сырым, жігіттер, емес оңай”, “Бородино” “Қанжар”, “Қараңғы түнде тау қалғып” түпнұсқаның көркемдік ерекшеліктерін сол күйінде толық сақтап, дәлме-дәл шебер аударылған классикалық туындыларға жатады. Соңғы өлеңді Абай Лермонтовтан, Лермонтов Гетеден аударған. Қазақ, неміс, орыс тілдерін жетік білетін танымал ғалым Г.Бельгер үш ақынның да (Гете-Лермонтов-Абай) мәтіндерін салыстыра отырып осы өлеңге тамаша талдау жасаған. Өлеңнің үш тілдегі нұсқаларын салыстырған ғалым айтар ойы, көркемдігі жағынан Абайдікі екеуінен де артық болмаса, кем емес, тіпті кей тұстарда жоғарылау тұр деген пікір білдіреді [2]. Ал кей тұстарда қазақ ақыны автормен өнер жарыстырғандай болады. Бұл ретте түпнұсқаға қарағанда, қазақша аудармасының сәттірек

шыққан тұстар да баршылық. Оған дәлел ретінде Г.Бельгер мен Т.Шапай жасаған талдаулардан көптеп мысалдар келтіруге болады...

Ал, аударма ісінде Абай ұсынған екінші принцип өнердің адамның күнделікті тіршілігіне қажеттілігінен туындайды. Ағартушылық бағыттағы Абай, Крылов мысалдарының ішінен қазаққа пайдалысын, даланың тұрмыс салтына орайласатынын оқырманына ұғынықтысын таңдайды. Осы тұрғыдан қазақ пен орыстың өмір сүруі, сана-сезімі, ұлттық ерекшеліктері сияқты көптеген әлеуметтік факторларды ескере отырып, кей тұстарда түпнұсқаны өзгерте жырлауға саналы түрде барады. Мұндағы басты мақсат аударманының қазақ оқырманына түсінікті болып, оған өнердің күдіретімен әсер ету, яғни әдебиетті тәрбие құралы ретінде пайдалану болған. “Есек”. “Қазаға ұрынған қара шекпен” “Қарға мен түлкі” (“Боқтықта талтандап”), т.б. сияқты мысалдар түпнұсқадан біршама алшақ кеткен.

“Қарға мен бүркіт” (“Вороненок”) “Бүркіт пен қарға” деген атпен де белгілі. Түпнұсқаның жалпы мазмұны сақталынғанмен де азын-аулақ өзгерістер бар. Крылов мысалды “Қарғаның балапаны” деп атаса, Абай оған басқаша ат қояды. Отыз алты жолдық мысал қазақшасында - қырық бір. Крыловтың мысалы бүркіттің аспаннан құйылып келіп, малдың ішінен бір қозыны іліп кетуінен басталса, Абай:

“Қой жайылып жаздыкүн
Шыққан екен қияға” -

деп өзгеше кірісіп, содан кейін барып бүркіттің қозыны ілгенін суреттейді. Мұны көріп тұрған қарғаның баласы “мұндайға тырнақты былғағанша, алғасын мықтысын алу керек; бүркіттер де нашар болады екен; ал мен болсам, патшаға ас боларлықтай ең мықтысын ілемін” - деп ойлайды. Абай:

“Қозыны да тамақ деп,
Кім ап шықсын тастарға!
Ең семізін ілейін
Қызық қылып ашарға”

деп, жеті жолдық монологты бір шумақпен ғана аударған. Түпнұсқада қарғаның жемтігін таңдауы жеті жолмен берілсе, аудармада “деді-дағы, аралап, жабысты келіп қошқарға” деп, қысқасынан қайырған. Орысшасында қошқардың үлкендігі, жүнінің ұйысып қалғандығы айтылса, Абай қарғаның аянышты халін суреттейді:

“Қалшылдап, дірілдеп
Тырнағын салады,
Қанатын қайқайтып
Әкетпек болады”

Мысалда қарғаны қойшылар ұстап алады да, ұшпасын деп қанат-құйрығын кесіп, балалардың ойнауына береді. Аудармада осыған қоса балалар айрылып калмасын деп қарғаның аяғына мықтап жіп байлап қоятындығы да сенімді. И.А.Крылов айтар ойын бір шумақпен:

“Нередко у людей то же самое бывает,
Коль мелкий плут
Болшому плуту подражает;
Что сходит с рук воров, за то воришек бьют” -
деп, түйіндесе, Абай қысқа ғана:
“Азат басың болсын құл
Қолдан келмес іске ұмтыл!”-

түрінде беріп, аз сөзге көп мағына сыйғызады.

Сонымен қатар, түпнұсқадағы мысалдың тақырыбын аудармада өзгерту Абайда жиі кездесетіндігі көрінеді. Бұл жоғарыда айтып өткеніміздей, баяндалар оқиғаны қазақ өміріне жақындата түсу, ұсынылар идеяны әсерлі де ұғынықты, жеткізу мақсаттарынан туындап отырған. Мысалы “Музыканты” “Әншілер” болып аударылған. Музыкант қазіргі оқырмандар үшін түсінікті шығар, бірақ Абайдың кезі туралы бұлай айта алмас едік. Ал қазақта екінің бірі әнші. Тәржіма жасағанда Абай осы жақтарын ескерген сияқты.

Ал ақынның келесі бір аударма мысалы “Піл мен қанден” түпнұсқаға барынша жақын. Мысалы, Абайдың:

“Көшеде піл жетелеп біреу жүрді,
Кім көріпті хайуанды мұндай түрді.
Көрсеткелі ап жүрген жануарды
Тамашалап, артынан жұрт боп ерді.” -
дегені И.А.Крыловтың мысал бастауының:

“По улицам Слона водили,
Как видно, напоказ.
Известно, что Слоны в диковинку у нас,
Так за Слоном толпы зевак ходили” -

деп келетін өлең жолдарының дәлме-дәл көркем аудармасы екендігіне көз жеткізу қиын емес.

“Піл мен қанден” “Слон и Моськаның” мазмұнын, айтар ойын дәл, шебер жеткізеді. Аздаған айырмашылықтар да кездеседі. Сөзбе-сөз аудармасы “Піл мен Моська” болу керек болса, иттің аты Моська мысалдан мүлдем алынып тасталынып, орнына қанден сөзі алынған. Себебі, орыс атауы Моська қазақ оқырмандарына түсініксіздеу болған болар еді. Мысалдың көлемі Крыловта 20 жол болса, Абай 24 жол қылып аударған. Түпнұсқада шумақ жолдары әрқалай болып келсе, қазақшасындағы 6 шумақтың әрқайсысы 4 жолдан тұрады. 5 -ші жолдағы “Отколе нивозьмись, навстречу Моська им” деген жол “Көшеде кез боп бір қанден” болып аударылып, “отколе ни возьмись” деген сөздер түсіп қалған. Қазақшасында қанденге бір итті кездестіріп, “әлінді білсеңші” дегенді айтқызса, орысшасында кімнің кездескені, бұл сөздерді кімнің айтып тұрғаны белгісіз, тек төл сөз ғана берілген. Орысшасында “пілге де үрген Моська қандай күшті” дегенді иттер айтып жүреді деген мағынадағы соңғы шумақ;

“Пускай же говорят собаки:
Ай, Моська! зная, она сильна,
Что лает на Слона!”

Абайда:

“Жұрт мұнымды көрмей ме?
Батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қандан ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?” -

түрінде аударылған. “Сильна” деген сөздің орнына “батыр” “ер” сөздері қолданылған. Сөйтіп мысалдың қазақ оқырманына түсініктілігі, әсерлілігі арта түскен.

“Емен мен шілік” - Крыловтың “Дуб и трость” мысалының аудармасы. Мұнда да тақырыптағы “трость” құрақ деп аударылмай, шілік деп алынған. Мысал Абай аудармаларының ішіндегі ең сәттілерінің қатарында. Көлемін сақтап, мазмұның, айтар ойың, тіпті кейбір бейнелі сөздеріне дейін дәл аударуда “Емен мен шілік” ерекше көзге түседі. Тіпті өлең құрылысы диалогқа дейін толық сақталынған. Әрбір жолдың, тармақтың соңында шумақтың аудармасы дәл берілген. Мысал негізінен дәлме-дәл аударылғанымен де, кездесетін азын-аулақ өзгертулер де бар. Түпнұсқада дауыл Солтүстік жақтан келсе, аудармада “Кавказға бір қап-қара бұлт мінді” дейді. Крыловтың мысалы:

“Вдруг мчится с северных сторон
И с градом и с дождем шумящих аквилон.
Дуб держится,- к земле Тростиночка припала:
Бушует ветер, удвоил силы он,
Взревел- и вырвал с корнем вон
Того, кто небесам главою своею касался,
И в обласи твоей пятою упирался”-

деген жолдармен аяқталады. Абай осы жолдарды

“Кавказға бір қап-қара бұлт мінді,
Есітіп тұрған кісідей тау күңірөнді.
Жер дүниені шаң, тұман қабат басып,
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.
Арты бұршақ, арты шаң, жел құтырды,
Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
Басы көкке, сирағы жерге еңсе де,
Ақырып долданғанда алып ұрды”

деп аударған. Табиғат мінезі бейнеленген бұл өлең жолдары тәржімадан гөрі ұлтымыздың төл туындысына жақын. Яғни мәтіннің тәржіма екендігі білінбейді десек де болады. Мұнда сөзбе-сөз дәлдіктен гөрі көркемдік жағынан сәйкестік басым. Дауылдың соққаны, сол кездегі емен мен шіліктің қандай күй кешкендігі екі ақында да барынша кестеленген; Құдды бір-бірінен қалыспай, өнер жарысына түсіп тұрғандай. Абай суреттеліп отырған оқиғаның көркемдік

бояуын қалыңдата түсу мақсатымен (“Кавказға бір қап-қара бұлт мінді, есітіп тұрған кісідей тау күңіренді”), Кавказға “бұлт мінгізіп” одан “тауды күңірентіп” дауылды “ақыртып” “долдантип” (“Ақырып долданғанда алып ұрды”) қояды. Мұның өзі кең далада жортып жүріп, еркін өскен табиғаттың қыр-сырын жетік меңгерген қазақ баласының сезіміне әсер етпей қоймайды. Демек, аударманың оқырманға берер эстетикалық тұжырымы арта түскен.

Абай мысалдың соңына негізгі идеяны аңғартар екі жол қосқан:

“Майысқаннан шіліктің нәсі кетті,
Батыр, мақтан сөйлеме сен де о ғұрлы”.

Бұл жерде иілгеннің, майысқанның барлығы жеңіліс емес; өмірде бәрі де болады; кейде жеңу үшін жеңілу де керек деген сияқты терең ойлар еске салынып тұр. Өмір философиясы дегеніміз осы емес пе?!

Абайдың шет тілдерінен орыс тілін ғана жетік білгені белгілі. Қазақтарға бейтаныс бай орыс әдебиетімен жете танысып, оның ішіндегі ұлы ақындардың өлмес шығармаларын жыға айырып, осы бізге қажет-ау дегендерін ғана аудару – Абайдай ұлылардың ғана қолынан келетін іс. Өйткені, ұлылармен ұлылар ғана үндесе алады. Абай орыс тілі арқылы Европа әдебиетінің Байрон, Гете, Шиллер, Мицкевич сияқты ірі өкілдерінің кейбір өлеңдерін де қазақ тілінде сөйлетті. Сөйтіп, ұлттық поэзиямызды әлемдік әдебиеттің озық үрдістерімен байытта түсті; қазақ әдебиетін көркемдік дамудың әлемдік даңғыл жолына салды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. З.Ахметов. Білімдіден шыққан сөз. “Егемен Қазақстан”, 22.01.1994
2. Г.Бельгер. Гете мен Абай, А.,1989,93-бет
3. М.Әуезов. Абай Құнанбаев. А.,1967,
4. Крылов.И.А. Басни. Сатирические произведения. М.,1989.

Ақеділ Тойшанұлы

АНТРОПОГНИКАЛЫҚ МИФТЕРДІҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Адамның жаралуы туралы қазақ пен моңғол мифтері әлем мифологиясымен үндес, сонымен бірге кейбір ерекшеліктерге, тіпті дара сипатқа да ие екендігі анықталды.

Әлем халықтарының антропогоникалық мифтерінде адамның деңесі мен жаны, немесе кейбір жекелеген мүшелері (жүрегі, көзі) қалай, неден жаратылғаны туралы айтылып, қысқасы ең алғашқы адамның қалай жаратылғандығы туралы түсінік беріледі. Мысалы, кейбір халықтардың ұғымында адамның тәні ағаштан, қамыстан, хайуандардың сүйегінен, бамбуктан, топырақтан жаралады. Қазақ пен моңғолда (түркі-моңғолда) негізінен адамның тәні алдымен топырақтан жасалады да оған жанды кейіннен көктен Тәңірі енгізгендігі бейнеленеді.

Бұл туралы В.В.Иванов “Мотив создания человека из земли в индоевропейской мифологии (как и в семитской) сказан и в эпитете человека – “земной” (существует связь между латинскими словами homo – человек и humus – земля)” (1, 87) деп жазғанындай адамның құм-топырақтан жаралғандығы туралы сарын әлем халықтарында мол таралған.

“Адамның құм-топырақ, балшықтан жаралғандығы туралы сарынның пайда болуына қолөнер кәсібі өркен жайып, адамдар қыш-саздан неше түрлі құмыра, ыдыстарды жасауы ықпал еткен” (2, 136) дейді кейбір зерттеушілер. Ал, М.И.Шахнович қолөнер кәсібінің дамуы космогониялық мифке әсер еткендігі туралы былай деп жазады: “Гончарное производство способствовало образованию представления о том, что мир был вылеплен из глины при помощи гончарного круга” (3, 208).

Әйткенмен, қазақта, сондай-ақ кейбір түрік халықтарында адамның құмнан емес басқадай заттан жасалғандығы туралы айтылатын мәлімет кездеседі. Мысалы, адамның ағаштан жаралғандығы туралы сарын кездеседі. Қазақта қыпшақ ағаштың қуысынан туады. (4, 9) Ұйғырлардың Бух-ханы киелі қос ағаштан туады (5, 104). Әрине, бұл ежелгі тотемдік түсініктердің сілемі болса керек.

Кейбір мифологияда (америкалық үндістерде, африка, океания халықтарында) адамның жаралуы екі кезеңнен тұрады: алдымен алғашқы антропоморфты тіршілік иесі ілкі-ата демиург жаралады, кейіннен содан адам бөлініп шығады (1, 87).

Бұндай сарын қазақта мүлде жоқ. Ал, моңғолдарда Гэсэрдің тууы туралы сюжетте осы жайт анық аңғарылады. Гэсэр құдайлар тарапынан әлемді реттеу үшін жаралған алғашқы адам, бір сөзбен айтқанда жасампаз қаһарман екендігі көрініс табады.

“Бір күні Сэглон (Сэнлон) шалдың кемпірі туғалы толғатады. Іште жатқан баласы Гэсэр “Қай жеріңнен туамын?” деп сөйлеп, қолтығынан тумашы болады. Сонда анасы “Аспанның тесігі әлі жамалып біткен жоқ, күте тұр, балам” дейді. Бала төбесінен шыққалы ұмтылғанда анасы басын қолымен жауып асығыс-үсігіс “онда шығатын жеріңнен шық” дейді. Гэсэр осылайша мезгілден ерте туса аспанның жырығы әлі толық жабылмаған екен. Анасы бір уыс күлді шашып еді, аспан толық жабылып, аспанның тігісі (моңғолдар күс жолын аспан тігісі деп түсінеді) пайда болды (6, 145, 225).

Бұл мифтің басқа бір нұсқасы былай “Жер бетіндегі бір кәрі кемпір жүкті болып қалады. Бірақ аспанның жырығы әлі жабылмаған еді. Іштегі бала “Апа, аспанның жырығы бітті ме?” деп мазалап қайта-қайта сұрай береді. Анасы оған “Аспан әлі бітелген жоқ” дейді. Бірақ мазасыз бала тағы да осы сауалды қоя берген соң кемпір әбден жалығып “Аспанның тесігі бітелді” деп бірде өтірік айта салады. Сол-ақ екен бала “Сол қолыңызды көтеріңіз” дейді де қолтығынан туа салады. Ол ержеткен азамат қалпында туыпты да аспанға қараса, әлі жабылмаған екен. Дереву қолына уыстап күл алыпты да, аспанның

жырығына үрлеп шашқан екен, ол бітеліп, аспанның тігіс-жымы пайда болыпты. Осылайша алғашқы ер кісі мерзімінен бұрын туғандықтан адамның ғұмыры қысқа, ал кемпір ана өтірік айтқандықтан адамдар өтірікші, алдампаз, сұм-сұрқия болған екен” (6, 138-139).

Бұл миф ороцтарда, палеоазиялық басқадай халықтарда кездеседі. Ороцтарда кездесетін дәл осыған ұқсас сарынды талдаған С.А. Қасқабасов “Рух-иелік мифологияда әлем әлі хаос болумен бірге адам мен табиғаттың өзі әлі толық бөлініп бітпеген. Тіпті кейде адам табиғаттан бұрын пайда болады да, табиғаттың жаралуына куәгер болады” деп жазады (7, 324).

Бұл мифте әлемнен де бұрын ілкі әйел демиург жаралып, содан ол алғашқы адам Гэсэрді туып, (зер салыңыз: ең алғашқы адам болғандықтан Гэсэр анасының қай жерінен де туатынын білмейді-мыс) одан кейін әлі толық жаратылып бітпеген аспанның жырығын күл шашып жабады, табиғатты реттейді.

Әлбетте, бұндай сюжет қазақта мүлде кездеспейді, дегенмен нәрестенің жатырда жатып сөйлесу мотиві қазақ ертегінде бар. Мысалы, “Дудар қыз” ертегінде Дударқыз анасының ішінде жатып әке-шешесімен сөйлескен соң туады. Бала “Үйдегі қатындарды қуып жібер, өзім жақсы туамын” дейді (8, 310).

Қазақ пен моңғолдың көптеген аңыздауларында ер мен әйел қатар жаратылады, яғни жыныстық тұрғыдан біреуіне үстемдік берілмейді. Кейбір сюжетте жыныстық ерекшелік айтылмай, тек адам жаралғандығы әңгімеленеді. Ал, түрік тектес алтайлықтарда алдымен ерлер пайда болады, алғашқы жұптар тиым салынған жемісті жеп қуғындалады. Әрине, бұның христиан діні арқылы оларға енген Інжіл сюжеті екендігін ғалым А.М.Сағалаев дәлелдеп жазды (9, 45).

Жалпы, көптеген мифологияда алдымен ерлер, содан оның артық қалған етінен (қабырғасынан) әйелдер пайда болады, немесе әйел еркектен гөрі басқа материалдан пайда болатын сюжеттер бар. Қазақтағы “әйел еркектің қабырғасынан жаралған” деген ұғымның тікелей Құран хикаяларынан келген кірме сюжет екендігін дәлелдеп жату артық.

Әрине, біз бұл зерттеуімізде әлемдік діндердің (ислам мен будда) әсерінен аулақ тұрған түрік-моңғолдың байырғы дүниетанымынан хабар беретін төл сюжетті талдауды мақсат етеміз. Ол материалдар біз айтып отырған пайымның рас екендігін дәлелдеп береді.

Бір қызығы, түрік тектес алтайлықтардан гөрі моңғолдың кейбір антропогоникалық сюжеттері қазақтармен ұқсас екендігі зерттеу нәтижесінде айқындалды.

Қазақ пен моңғолда адамның жаратылу оқиғасына кейіпкер ретінде тәңір мен сайтан, ит пен мысық, кейде сиыр қатысады. Біз алдымен екі халыққа ортақ сюжеттерді талдайық, содан кейін айырмашылығы бар басқадай сарындарға тоқталып, олардың себеп-салдарын айқындауға талаптанып көрейік.

Адамның жаратылуы туралы қазақ сюжеті “Кісі һәм ит” деген атпен “Дала уалаятының газетінде” 1890 жылы №45 санында (10, 238-239) жарияланған. Ал, Ивановский оны дуалистік наным тұрғысынан түсінік беріп “Этнографическое обозрение” журналына (11, 250) жария етті. Осыған үндес моңғолда екі миф бар. Біріншісі “Адам қалай жалаңаш қалып, ит неге жылы жүнге ие болды?” деп аталады. Ал, екіншісі академик Б.Ринчен жазып алған нұсқа (6, 136-138).

Осы мәтіндерге салыстырулар жүргізгенде, екі халықтағы сюжеттер ортақ арнадан бастау алғандығын білдік. Қазақ аңыздауы былай:

“Құдай тағала әуелі адамның тәнін топырақтан жаратып болып, жерге қойып, итке күзеттіріп, өзі тәнге жан алып келмекші болып кетіпті. Сол мезгілде тәннің жанына шайтан келіп, тәнді жоғалтпақшы болыпты. Көзіне жақсы көрінген соң ит тәнді шайтанға бұзуға бермей, үріп өзіне қарсы шауып тұрыпты. Сонда шайтан итке суық жіберіпті. Ит жүнсіз тақыр болған соң суыққа ұшып өліп қалған мезгілінде шайтан адамның тәніне жақын келіп неше мәртебе түкіріп жіберген. Соның үшін күнәнің басы осыдан болып, азап көрмек ауырмақтық бұнан қалған. Сол мезгілде құдай тағала қайтып келіп жанды тәнге салып, шайтанға қаһар қылып, сонда да ауру күнәні адамда қалдырған. Дүниеде тұрған уақытта қажеті бар екен деп және итке жақсы адал қызмет қылғаны үшін оған жылы тон берген”

Моңғолдағы сюжет те осыған ұқсас. Қазақта ит жалаңаш жаралғандығы анық айтылған. Ал, моңғолда әу баста адам түкпен жаралғандығы ашық айтылады. Оны шайтан былғаған соң тәңір итке кигізіп, адам жалаңаш қалғандығы баяндалады. Әмбесінде моңғолдағы бірінші сюжетте адамның былғанған жүнін тәңір мысыққа жалатып тазартады да, оның тілі жетпеген қолтық-шапта түктер қалады. Сайтан былғап үлгермеген адамның басында қалған шаштың себебін де түсіндіреді. Бұл сарындар бізде жоқ, сол себептен қазақ мифін толықтыруға көмектесіп тұр.

Адамның жаратылуы туралы қазақ сюжетінде мысық мүлде кездеспейді. Моңғолда мысық бірінші сюжетте ғана кездеседі. Керісінше қазақ аңыздауында итті құдай адам тәнін күзеттіру мақсатында кісі кіндігінен топырақ алып жаратқандығы туралы айқын айтылады. Осы мотив моңғол мифін қайта жаңғыртуға септеседі.

Сонымен бірге екі халықтағы осы сюжеттер біздің ойымызша “ит жейде” салтының семантикасын ашуға деректеме бола алады. Нәрестеге “ит жейде” кигізу салты иттің түрік-моңғол халықтарындағы “тотем-баба” екендігінің бір дәлелі. Сонымен бірге осы мифтік мәтін ежелгі заманда “ит жейде” салтымен бірге синкретті өмір сүрген деген пікірдеміз (12, 63-69)

Иттің қалай жаралғандығы туралы қазақта кездесетін үш сюжет әзір бізге белгілі болып отыр. Оның біріншісі Н.Мыңжанұлының “Қазақтың мифтік аңыздары” деген еңбегінде жарияланған. Ал, екі сюжетті біз ел аузынан жазып алдық. Алдымен Н.Мыңжанұлынан мысал келтірейік:

“Жасаған енді жердің иесін жарату үшін жер кіндігінен топырақ алып, бір ер, бір әйелдің мүсінін жасап, күнге кептіріп, аузынан үрлеп жан енгізіпті. Олар орнынан тұрып, өмір тірлігін бастапты. ...Жасаған балшықтан илеп адам мүсінін жасағанда оның кіндігінен ойып тасталған бір шөкім балшықтан итті жаратқан екен. Иттің үнемі адамнан айырылмай, қайда барса да иесінің мал-мүлкін қорып, адамға серік болып жүретін себебі сол” деп жазады ғалым (13, 28).

Бұндағы Жаратқанның жердің кіндігінен топырақ алып адам мүсінін сомдағаны туралы мәлімет құнды. Моңғолда да дәл сондай дерек кездеседі. Себебі, мифтің поэтикалық шартында кеңістіктің қасиетті орталығында ғана (латынша – *axis mundi*) киелі істер атқарылуы тиіс.

Біз ел аузынан жазып алған бірінші мәтін былай:

“Құдай адамды балшықтан жаратқан. Сол балшықты қиратқалы сиыр кеп сүзе берген. Сиырды қуып жіберу үшін құдай адамның кіндігін ойып, содан итті жаратқан. Ит жаралған соң сиырды қауып, қуып жіберген. Ит сиырды көрсе, шебеленіп үріп жолатпайтыны, қас болатыны содан. Ал, сиыр жарды көрсе, сүзіп, өкіріп, топырақты көкке шашатыны – құдайдың адамды бейнелеген балшығын құлатпақ болып, бүгінге дейін өштесіп жүргені екен дейді” (14).

Бұл сюжетте сиыр қаскөй сайтанға барабар образ. Екінші мәтінде сиырдың әрекетін ібіліс жасайды. Ол былай:

“Тәңір адамды балшықтан жаратқан. Оны ібіліс келіп тиісе берген. Ібілісті қуып, адамның қатпаған мүсінін күзеттіру үшін құдай адамның кіндік тұсын ойып ап сол балшықтан итті ал дегенде жаратқан. Адамның кіндік шұңқыры содан пайда болған. Итті жаратқан балшықты құдай ағашқа апарып қойған. Ібіліс ағашқа өрмелеп шығып, оны да қолмен түртіп ластаған.

Ит жаралған соң адамды күзетіп, ібілісті қуып тастаған. Иттің адамнан еріп қалмай дос болып жүргендігі – кіндігінің топырағынан жаралған екен. Ал, кей кезде адамды арсылдап қауып алатыны оны да ібіліс түртіп былғап тастаған –мыс” (15).

Бұл екі сюжетте иттің күзетшілік рәмізі мен адамның кіндігінен жаралғандығы туралы сарындар айқын таңбаланған. Ал, моңғолда ит адамның кіндігі емес, бұғанасының шұңқырынан пайда болғандығы туралы миф бар. Ол былай:

“Адамның қатпаған мүсінін сиыр қаскөйленіп сүзіп қалғанда өндірішек бұғанасынан бір кесек балшық құлап түседі. Содан ит жаралған. Сондықтан ит “Егер кеселді сиыр болмағанда алтын денелі адамның тұлғасында болған болар едім”, - деп өкінеді екен. Иттің сиырды көрсе, үріп қуатын себебі, ит адамның асыл тәнінен құлап түсіп қадірсіз хайуан болып жаралғанына ызаланғандықтан екен. Сондықтан моңғолда “Сиыр мінген адамға ит өш, шындықты айтқан адамға халық өш” деген мақал бар (6, 91).”

Бұл мифте қазақтағыдай сиыр қаскөй хайуан. Ит болса адамды күзетуші емес, сиырдан зардап шегуші.

Ал қазақта да адамның бұғана, иығының тұсындағы балшықтан жаралған хайуан бар. Ол – бүркіт.

“Жаратқан адам мүсінін сомдаған кезде иығынан бір кесек балшық құлап түсіп, содан бүркіт пайда болған екен-мыс. Бүркіттің адамға дос болып, адамның қанаты сияқты болып жүретіні содан екен дейді” (16).

Халқымызда “Адамның оң иығында періште, сол иығында сайтан отырады, олар сауап пен күнәні теріп жазады” деген түсінік бар екендігі белгілі. Періште образында қанат бар. Байырғы түсінікте адам тұлғасының басы мен иығы жоғарғы әлеммен қатынаста екендігі анық. Ғаламның мифологиялық кескін-келбетінде адам тұлғасы да әлем ағашы, немесе әлем тауы (космос тауы) символын атқара алатындығы ғылымда белгілі (17, 398-496, 18).

Адам денесінің кеңістікті түспалдайтын символикалық мәні қазақ аңыздарында да сақталған. Айталық, Қарабас ханым Қазыбекті сынағанда: “Мынау отырған – Қаз дауысты Қазыбек ұйықтағанда, екі қолын екі жаққа, екі аяғын екі жақа жіберіп, керген төстіктей боп жатады екен. Оның мәнісі: “Дүниенің төрт бұрышын қарап туған ұлмын!”- дегені” – дейді (19, 15). Демек, байырғы дүниетанымда адамның жайылған аяқ-қолы кеңістіктегі төрт төңіректі меңзейді екен.

Ал бүркітке келсек, ол жоғарғы аспан әлемінің өкілі болып саналады. Сол себептен де қазақ аңыздауларында қыран адамның бас жағындағы иықпен байланыстырылады, ал ит ортаңғы әлемнің шеңбері кіндікпен байланыстырылады екен. Адамның белі мен оны ораған белдік ортаңғы әлемді рәміздейді, сонымен бірге өсіп-өну мен күш-қуатты нышандайды. Демек, иттің кіндіктен жаралған деп аңыздалып, сәби туғанда “ит жейде” салтының орындалуының мәні тереңде.

Сонымен, біз келтірген мысалдардан қазақ пен моңғолдың адамның жаралуы туралы мифтері ортақ тамырдан бастау алғандығын байқаймыз. Түрік тектес алтайлықтарда, сонымен бірге моңғол текті бурияттар мен ішкі моңғолдарда алғашқы адамды көп құдайлар бірігіп жасайды. Әрине, бұл көпқұдайлы будда дінінің, нақтырақ айтқанда ламаизмнің ықпалы екендігін ғалымдар анықтаған. Мысалы, алтайлықтарда адамды жаратуға бас төңірі Улген, оның серіктері Майдер, Манды-шире құдайлар мен қарсыласы Эрлик (сайтан) қатысады (11, 250-252). Бұндағы Улген жоғарғы әлемнің иесі де, Эрлик соңынан төменгі әлемнің иесіне айналатын бағзы образдар. Ал бурияттарда Шилбэгэни, Майдар, Эсэгэ бурхан, ішкі моңғолдықтарда Шагжамуни бурхан адамды жаратады. Енді осы халықтардағы ғалам мен адамды жаратушы құдайлардың үнді-тибеттегі санскритше аты-жөнін түсіндірсек, Майдар – Майтрея, Шагжамуни – Шакьямуни, Манды-шире – Манджушри секілді буддалық құдайлар болып табылады (20, 95-96; 21, 173).

Әрине, бұл будда дінінің құдайлары жергілікті сюжеттерді жаңа бояумен өңдеп сіңіскені белгілі (21, 173).

Түйіндеп айтқанда, қай қырынан қарасақ та, алтайлықтар мен бурияттардан гөрі халқа моңғолдардың антропогоникалық сюжеттері қазақпен тамырлас екендігі байқалады.

Антропогоникалық мифтердің бір саласына адамның кейбір мүшесінің пайда болуы, олардың ерекшелігі, адамның ғұмыр жасы туралы мифтер жататынын айттық.

Адамның ғұмыры туралы қазақ пен моңғол сюжеті үндес екендігі анықталды. Осы жайындағы қазақ сюжеті “Дала уалаяты газетінде” “Адам һәм оның ғұмыры” деген атпен жарияланды. (10, 138-140) Оны газетке Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жолдаған. Осы газетте “Адамзатты жаратқан турасынан” деген тағы бір нұсқа жарияланды. (22, 501-503) Моңғол сюжеті “Моңғол халық мифологиясы” деген кітапта (6, 140-141) жарияланды.

Мәшһүр Жүсіп Көпей нұсқасында құдай адамға 30 жыл өмір берсе, ол оған тоймай 20 жасты есектен, 20 жасты иттен, 30 жасты маймылдан сұрап алады. Сол себептен адам 90 жасайды екен де өзіне құдай берген 30 жастан кейін өзгелерден алған жылдарында сол хайуандарша, яғни алдымен есекше, одан кейін итше, ақырында маймылша азап шегіп өмір сүреді-мыс.

Ал, моңғолда құдай адамға 100 жас, малға 33 жас, есекке 80 жас береді. Олар бұған риза болғанда, есек құдайдан өзіне ұзақ ғұмырда ауыр азап шеккенше қысқа жасайын деп 30 жас сұрап алғандығы баяндалады. Салыстырсақ, қазақта адам ғұмырының мәніне терең түсінік берілсе, моңғолда ол мүлде жоқ, есек қана 30 жас сұрағандығы айтылған. Сонымен, бұл сюжеттің белгілі дәрежеде моңғолда толық емес екендігін білдік.

Адамның жекелеген мүшелерінің пайда болуы туралы мифтер екі халық арасында айырмашылықта айтылатынын зерттеуде айқындадық. Мысалы, моңғолда, “Адамның үстіндегі жүні жоғалып, жылдамдығы азайғаны туралы”. “Адамның екі аяқты болғандығы” адам денесіне теріні құмырсқа тіккені жайында “Құмырсқаның тігісі” сияқты мифтер бар (6, 139-141). Бұндай мифтердің қазақта мүлде жоқ екендігі белгілі. Қазақта кездесетін адамның дене мүшесінің ерекшелігі туралы бір сюжетті ел аузынан жазып алдық. Осы сюжет моңғолда мүлде жоқ. Ол миф былай:

“Ертеде жаратқан адамның ырыздығын мол етіп беріп, жер бетін жеміс-жидекке толтырып қойған екен. Өкініштісі, адам ешқандай харекет жасамай тамағы тойған соң ұйықтай беретін мақұлық іспетті болыпты. Жаратушы саналы адамның бұл түйсіксіз қылығына наразы болғанда шайтан келіп ақыл айтыпты деседі. Ол құдайға “Адамның кеудесіне мен шатыр салайын, сонда бәрі қалпына келеді” деген. Содан адамның кеудесінде жүрек-бауырмен шек-қарынды бөліп тұратын жұқа шақпақ ет пайда болып, ол шайтанның шатыры атанған екен. Адам содан кейін дүниеге қызығып, нәпсісі қозып, қанағатсыз тырбыңдап, тіршілік ететін болған екен. Бірақ кеудесіне шайтан шатыр салған соң нәпсісінде де шек болмай, күнаға да бата беретіні содан болған-мыс”

Бұнда “Адамның кеудесінде шайтан шатырдың пайда болуы” туралы айтылады. Өкпе-бауыр мен ішек қарынды бөліп тұратын осы жұқа шақпақ ет анатомияда диафрагма деп аталады. Мифте оның қалай пайда болуы түсіндіріліп, адамның ежелгі заманда шөп жеп, санасыз жүрген дәуірінің елесі бейнеленген. Жалпы, қазақ пен моңғолда ежелгі заманда “Адам да, мал да шөп жеп жүрген” деп басталатын мифтер бар (23, 53-56; 6, 140).

Бұл мифтерде адамның қорегінің малдан айырмашылықта болған кезеңі бейнеленіп, ендігіде адам шөп жемей малдың етін азық ететіндігі аңгімеленеді. Біздің ойымызша, бұнда ежелгі терімшілік дәуірінің аңшылық пен малшылық заманына ауысқан тұсының іздері бар.

Қысқасы, әлем мифологиясында кездесетін адамның дене мүшелерінің пайда болуы мен ерекшелігін түсіндіретін сарындар қазақ пен моңғолда да бар. Бірақ стадиялық тұрғыдан рух-иелік кезеңде болғандықтан, әмбесінде әлемдік діндердің әсеріне ұшырағандықтан ондай сюжеттер аз екендігіне де көз жеткіздік. Сондықтан да қазақта адамның дене мүшесі туралы бір ғана сюжет кездесіп отыр.

Құдай адам мүсініне жанды екінші кезекте енгізетіні туралы айттық. Моңғолда құдай тәнді итке күзеттіріп, өзі мәңгі суды іздеп кетеді. Алтайлықтарда мәңгі суды табу үшін Улген тәңірі қарғаны құдайға жұмсайды (2, 138-139).

Ал, қазақ мәтінінде мәңгі су туралы ұғым тіпті де жоқ. Тек жаратқан тәнге жанды әкелгелі кеткендігі жөнінде айтылады. Себебі, бұның алдындағы зерттеуімізде дәлелдегеніміздей бізде шамандық өмір суын исламдық әбулхаят ығыстырып жіберген, сондықтан біздегі мәңгі су Ескендір Зұлқарнайын, Қыдыр, Илиястармен байланыста айтылады (24, 72-73).

Яғни, қазақта жанның қандай екендігі, сипаты айтылмайды. Ал алтайлықтар мен моңғолда жан өмір суы бейнесінде тұспалданады екен. Алғашқы адамның мүсініне жанның қалай енгізілгені туралы сарын кездеспегенімен қазақта жан туралы көне түсініктер сақталған. Қазақ жанды космос ағашы бәйтерекпен байланыста аңыздайды. Мысалы:

“Рух адамның тәнін өлерден қырық күн бұрын тастайды. Сөйтіп құсқа (көгершінге) айналып, ұшып барып бәйтеректің жапырағында өз адамының есімі жазылған бұтаға қонады. Бұнда адамның аты жазылған қисапсыз жапырақтар көктеп-солып, алмакезек ауысып тұрады. Жан адам өлгенде шыбын бейнесінде денеден шығып, үй ішінде ұшып жүреді. Тек қырық күннен кейін барып, үйді біржолата тастайды. Бәйтеректің дінгегі арқылы әлгі жан жерге түсіп, не жерге шығып жүреді де мезгілі болғанда әйелдің құрсағына қонады, сөйтіп жаңа өмір пайда болады. Жануарлар да, өсімдіктер де дәл осылай өмірге қайта келеді” деген сюжетті Б.Ибраев 1976 жылы руы табын Беркімбай бақсыдан жазып алады (25, 40).

Осынау киелі терек туралы миф түркі халықтарына кең таралған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда “Жер мен көктің кіндігінде жападан

жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әр бір жапырақ жер жүзінде жасаған әр бір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әр бір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса қартайды, жапырағы үзіліп жерге түссе, қазаға ұшырайды” деп аңыздалады (26, 22).

Бұған ұқсас сюжеттерді әлем ағашы, яғни ғаламның вегетативті моделімен байланыстыра зерттеген Апинян Т.А. «Долганы и тунгусы верят, что души детей перед рождением отдыхают как маленькиие птички на ветвях космического дерева. Для турок-османов Древо – книга судеб. На каждом листочке записана человеческая судьба. Умирает человек, отпадает листочек” деп жазады (27, 76-77).

Түрік халықтарының ұғымымен үндесіп жатқан қазақтағы осынау сюжеттерде жан туралы байырғы түсінік көрініс тапқанымен алғашқы адамның мүсініне жанның қалай енгізілгені туралы мәлімет жоқ.

Кеңістік тұрғысынан қарасақ, қазақ пен моңғолда алғашқы адам әлемнің қасиетті орталығында жаратылады екен. Екі халықта да ол нүкте тұңғыш топырақ әлем мұхитынан ажырап, қара жер алғаш жаралған киелі кіндік болып есептеледі (2, 12, 135-136; 13, 28).

Уақыт тұрғысынан келгенде, алғашқы адам жаралған соң киелі мифологиялық уақыт аяқталуға қадам жасалып, енді қарапайым тарихи уақыт басталып, алғашқы ажалды пенде пайда болады екен. Яғни, адамның пайда болуы туралы мифтің құрамында өлімнің, күнәнің, ауру-сырқаудың пайда болуы туралы мифтер де араласып жүреді екен. Кейбір ғалымдар өлімнің пайда болуы туралы мифті танатологиялық миф ретінде жеке тексергенді орынды санайды (27, 139).

Э.Мирча “Өлім көбінде жаратқанның адамды жасағанда жіберілген қателігі ретінде сипатталады. Құдайдың тапсырмасын қандай бір хайуан шалағай орындайды, соның салдарынан жан мәңгілік емес. Әлемдік мифологияда бұның бәрі ұқсас” деп жазады (28, 98-99).

Бір сөзбен айтқанда, қазақ пен моңғолдың антропологиялық мифтері әлемдік мифологияның аумағынан алшақ кетпейді. Әйткенмен тарихи-стадиялық ерекшелікке ие болғандықтан кейбір дара сипаты да бар екендігі анықтала түсті.

Сонымен, қазақта алғашқы адам ағаштан, топырақтан жаралған деген бағзы түсінік бар екендігін айттық. Бұл сарындар кейбір ертектерге де сюжеттік қаңқа болғандығын байқаймыз. Мысалы, “Құланайжарқын” ертегісінде жылқы тұқымын туып өсірген торы бие мен бақташы тазы ит адамның ізі түскен топырақтан өздерін жаудан қорғайтын болашақ иесі Құланайжарқынды жасап алады (29). “Ұста, молда, тігінші” (30) деген ертеkte ұста ағаштан қыздың

сымбатты мүсінін жасайды, тігінші оған әсем көйлек кигізеді, молда жан кіргізеді. Ақырында олар сол қызға таласып, патшаға барады. Патша сұлуды өзі алғысы келеді. Ақыры бұ дүниеде әділет жоқ екенін білген молда құдайға жалбарынып, қыздың жанын бойынан қайта шығартады. Сол кезде патшаның алдында сұрықсыз қу ағаш қалады. Демек, осы ертектерде ежелгі мифтік ұғымдар көркемдік тәсіл ретінде қолданылып, оқырманның қызығушылығын тудырып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мифы народов мира. том 2. М., 1980.
2. Дулам С. Монгол домогзүйн дүр. Ұланбатыр, 1989.
3. Шахнович М.И. Первобытная мифология и философия. Л., 971.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8- том. Павлодар, 2006.
5. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. М., 1989.
6. Цэрэнсодном Д. Монгол ардын домог үлгэр. Ұланбатыр, 1989.
7. Қасқабасов С.А. Жаназық. Астана, 2002.
8. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной сибире и Дзунгарской степи. Часть III. Киргизское наречие, СПб, 1870.
9. Сагалаев А.М. Мифология и верования алтайцев. Центрально-азиатские влияния. Новосибирск, 1984.
10. Дала уалаятының газеті. А., 1989.
11. Этнографическое обозрение, 1891, №1.
12. Тойшанұлы А. Антропогоникалық мифтердегі ит символы және “ит жейде” салтының семантикасы (қазақ пен моңғолдың фольклорлық материалдары бойынша) // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004, № 5-6. 63-69 б.
13. Мыңжанұлы Н.Қазақтың мифтік аңыздары. Үрімжі, 1996.
14. Автор бұл мәліметті 27.02.2004 жылы Моңғолия, Баян-өлгий аймағы, Дэлүүн ауылының тұрғыны 1939 жылы туған руы керей, ителі Ермекей қажы Кәрменұлынан жазып алған.
15. Автор бұл мәліметті 27.02.2004 жылы Моңғолия, Қобда аймағы, Бұлғын ауылының тұрғыны 1937 жылы туған руы керей, жәдік Хапселем қажы Омарұлынан жазып алған.
16. Айтып берген руы керей, жантекей 1950 жылы туған Қардыбай Әдиатоллаұлы. Жазып алған тарих ғылымдарының кандидаты Досымбек Қатыран.
17. Топоров В.Н. Древо мировое// Мифы народов мира. том 1.т М., 1980.
18. Березкин Ю.Е.Об универсалиях в мифологии // www.ruthenia.ru/folklore/berezkin
19. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 9-том. Павлодар, 2006.
20. Жуковская Н.Л. Бурятская мифология и ее монгольские параллели // Символика культов и ритуалов народов зарубежной Азии. М., 1980.

21. Неклюдов С.Ю. Монгольских народов мифология // Мифы народов мира. том 2. М.,1982.
22. Дала уалаятының газеті. А., 1992.
23. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. А., 1972.
24. Тойшанұлы А. Өсімдіктердің жаратылысы туралы мифтердің типологиясы // Қазақстан тарихы, 2006, №4. 69-73 б.
25. Ибраев Б. Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР, №8, 1980.
26. Қазақ аңыз-ертегілері. Бейжің, 2002.
27. Апинян Т.А. Мифология: теория и событие. СПб., 2005.
28. Мирча Элиаде. Аспекты мифа. М., 1996.
29. ӘӨИ ҚҚ 124
30. ОҒК ҚҚ 118

Хвостова Ю.В.

ОБРАЗНО-СИМВОЛИЧЕСКАЯ КАРТИНА МИРА В ТВОРЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ Б.КАНАПЬЯНОВА

В современной науке отсутствует общепринятое определение символа как эстетической категории, но мнения многих исследователей, занимающихся этой проблемой, сходятся в одном: символ – выражение некой многозначительной идеи, находящейся вне реального непосредственного чувственного восприятия. Приведём наиболее общую трактовку: “Символ – это условный знак какого-либо понятия, чего-нибудь отвлечённого” [1, 46].

Заслуживает внимания трактовка соотношения символа и знака Н.К.Гея. Он пишет о символе как о знаке, который в силу заключённого в нём наглядного образа используется для выражения чисто отвлечённого содержания. Символ – это знак, выступающий в качестве “заместителя некоторых предметов и используется для хранения и передачи информации...” Наглядность символического образа лишь используется для выражения чисто отвлечённого смысла и значения [2, 270-271].

Единство образного представления может обеспечиваться множеством привлечённых символов, каждый из которых может быть употреблён в поэзии самостоятельно или в составе образно-ассоциативного ряда.

Так, в художественном произведении наличие “самостоятельных символов нередко приводит к созданию общей картины мира художника, раскрывает творческую индивидуальность автора, которая выражает оценку изображаемого мира со стороны поэта, его отношение к действительности, его миропонимание” “Художественная, поэтическая картина мира формируется в сознании автора и читателя за счёт не только единиц языка, но и главным образом – единиц текстового уровня языковой системы, а также посредством единиц культурного

эстетического и духовного пространства поэтического текста. Поэтическая картина мира – результат художественного, образно-представительного моделирования мира, различных сфер деятельности человека в реальной и художественной действительности. Поэтическая картина мира – это система смыслов, образов и представлений, сформировавшихся в сознании автора и читателя при посредстве единиц формальной, содержательной, функциональной, “культурной” “эстетической” и “духовной” семантики поэтического текста” [3, 111].

Поэзия русскоязычного поэта Казахстана Б.Канапьянова как тематически, так и в плане изобразительном выросла на почве синкретизма двух национальных культур – русской и казахской. Основным в произведениях Канапьянова выступает образность, которая позволяет поэту выражать самые тонкие оттенки лирического творчества. Автор связывает в своей поэтике глубинные национальные традиции и современность, которая является “моделью” будущего поколения Вселенной.

Заемствование Канапьяновым образов и символов в творческом контексте осуществляется преимущественно на материале, взятом из жизни его предков, природы, религиозных источников и, главное, современной действительности. Этими источниками обусловлены все воплощения поэта, наблюдаемые в его творческом контексте, от самых простых сравнений до сложных метафорических превращений.

Испытывая влияние вышеуказанных источников, Канапьянов при этом стремится к созданию собственной манеры письма. Поэт пытается сблизить два плана – реальности и образности – так, чтобы не создавать резкого разрыва между ними. Большинство образов и символов в художественных произведениях Канапьянова создаётся путем привлечения звуковых, лексических и синтаксических средств. Собственный стиль поэта прослеживается при подборе слов и выражений, которые с первого взгляда кажутся обычными, часто встречающимися. Однако внимательное изучение изобразительной стороны произведений Канапьянова показывает, что они имеют достаточно разнообразную и нетрадиционную смысловую нагрузку в контексте творчества поэта.

Образная картина Б. Канапьянова включает слова с обобщающе-символическим значением, представляя собой необыкновенно новый подход к окружающей действительности, своеобразную авторскую интерпретацию современности. В поэтической системе Б.Канапьянова символы обретают новую жизнь. “Их экспрессивная насыщенность в сочетании с добавочными контекстуальными смыслами, которые обусловлены соотносительностью содержания поэтического произведения с современностью, определяет их важную стилистическую роль в художественном целом” [4, 239].

Так, в произведениях Б.Канапьянова особую интерпретацию приобретает дерево как символ. В наиболее общем смысле символизм дерева означает жизнь Космоса, процессы его зарождения. “Дерево – это неистощимая жизнь, понятие, эквивалентное символу бессмертия” [5, 94].

Узуальное значение слова “дерево” как многолетнего растения с твёрдым стволом и отходящими от него ветвями, образующими крону, имеет переосмысление: “ствол” – устойчивость, вечность, “ветви” – продолжение жизни, рост, “корни дерева” – начало жизненного пути, зарождение. Дерево – символ человеческой жизни.

В произведениях Б.Канапьянова символ дерева олицетворяет слияние человеческой жизни и Природы. Природа у поэта – символ мироздания. Человек и Природа – одно целое. От этого “вечного” дерева, имя которому жизнь, берут начало образы Канапьянова, где оправдано: если дереву уподобен человек, то лес – люди, ветви – руки, шелест листьев – людской (человеческий) гомон, волнение, признаки существования человека на земле, возможность выражения чувств и эмоций:

Творит гармонию листа
Весь хаос леса.
И в нём невидима черта
Противовеса.

Как этот лес корнями пить
Земную влагу.
И сквозь листву лучами лить
Свет на бумагу [6, 6]

Такое метафорическое использование слова “лес” в определённой степени традиционно. Лес – слияние человеческих жизней, судеб. В своём творчестве Б.Канапьянов редко говорит о дереве как таковом. Но в контекст поэта включены слова “лес”, “чаща”, так как они тоже несут особую смысловую нагрузку. И в контексте данного стихотворения метафора “лес” воссоздаёт особую картину людей, проживающих на Земле. Хаос – беспеременный жизненный поток человека в пространстве бытия. Контекст допускает семантическую двуплановость существительного “гармония”: слияние – согласованность – созвучие. Выделение этих сем позволяет вскрыть ассоциативный подтекст: лист – дерево – лес – символ жизни человека в мирском потоке людей. В последующем контексте поэт целесообразно сопоставляет лес с живым существом. Более того, это “существо” способно воспринимать, чувствовать и отвечать на свет, излучаемый самой жизнью. Объединяет контексты данного стихотворения общий рисунок, связанный со способом олицетворения природы, указанием на немногие, но повторяемые признаки, объединяющие деревья – лес с людьми

Фонарь апельсиновой коркой
Вспыхнул вновь в дебрях листвы [6, 9].

Даже при освещении “вечной” темы поэзии и поэта прообразом людей всего общества выступает лес. Канапьянов сравнивает поэта с “фонарём”, с апельсиновой коркой и “лучом света”, где актуализируется сема “свет” позволяющая судить о творчестве как о необыкновенном божьем даре.

Здесь, среди озона, среди елей
Глотали мы воздух весны
И видели слёзы сосны [6, 10].

В следующем контексте образ дерева – сирени – служит символом домашнего тепла, родных истоков, символом родного дома.

В своих масштабных стихотворениях “По ту сторону окна” “Сирень” поэт особенно остро передаёт свои волнения и чувства о сущности человеческого бытия, жизни человека в прошлом и настоящем, о принадлежности человека к его родным истокам. Образ сирени как символ эстетического наслаждения души самого поэта олицетворяет прекрасное в сердцах:

Тебя влекли степные дали
За городом аэродром,
Но корни вновь не отпускали,
И вновь с тобой рассвет встречали
И листья в форточку влетали,
И – умирали над столом... [6, 30]

Сирень - ароматное, красивое и приветливое дерево, главное украшение домашнего сада. У поэта сирень ассоциируется с приветливой хозяйкой дома. Поэтому автор наделяет сирень чувствами живого человека: сирень думает, скучает, ждёт, встречает и провожает.

Нежный аромат сирени пробуждает воспоминания о детстве, юности, а «корни» символизируют возврат к родным истокам. Объединяет вышеуказанные контексты общий образный рисунок, связанный со способом олицетворения природы указанием на немногие, но повторяемые в различных контекстах признаки, объединяющие деревья с людьми. Шелест листьев и их беспеременное движение олицетворяет настроение, а также внутреннее состояние поэта и человека вообще – период грусти и печали сменяется новым безмятежным настроением.

Главное, что во всех символах и образах реализуется функция природы как родного дома человека, что нередко встречается и в фольклоре.

Затаилась в кронах осень,
Шелестит листва.

Ни о чём она не спросит
Ни к чему слова.
Как по древнему поверью:
Нас в природе нет.
Только чёрные деревья
Сквозь осенний свет [6, 96].

Вообще, понимание природы как величественного храма, в котором человек преклоняется бытию, определяло вплетение религиозного начала. Природа сотворила человека, и всё, что “живёт” в этом мире, дышит лишь благодаря Природе как высшему началу. Связи Человека и Природы неразрывны.

Особую трактовку в творческом контексте Б.Канапьянова получает символ Пути. Этот символ является одним из ярких и ёмких в классической поэзии Востока. Однако в художественном контексте Б.Канапьянова символ Пути выступает пересмысленным, субъективным и приобретает необычную интерпретацию.

Заслуживает этот символ не менее пристального внимания и наиболее подробного комментария.

Забыты дальние дороги,
Забыты древние пути... [6, 91].

Мы остаёмся.
Уходит всё сквозь годы.
Уходит незаметно, невзначай [6, 92].

Тропинка выведет к жилью
Мы где-то в ближнем зарубежье [6, 93].

Я кочевник с авиабилетом,
Визами мой паспорт испещрён [6, 93].

На горной дороге в тумане,
На горной дороге в снегу...
Но путь мой к небесному храму
Не повторить никому [6, 95].

Мотив дороги, пути как странствия по жизни в поисках её смысла является одним из основных в истории мировой литературы. И в творчестве Б.Канапьянова этот мотив связан с символом поиска духовного смысла жизни в прошлом и настоящем.

Творческий контекст Б.Канапьянова выступает своеобразной картиной мира, воспринятой через призму отношений двух пространств: прошлого и

настоящего. Поэт ищет утешения в далёком прошлом, считает его святым, но в то же время о прошлом говорит с сожалением. Автор использует символы “пути”, “дороги” которые создают непрерывные связи между прошлым и настоящим. Для Канапьянова главное – суметь преодолеть этот “путь” это расстояние и при этом не потерять себя. Мир переменчив, и поэт стремится обрести гармонию с ним в потоке времени.

“Путь” - символ кочевья всего человечества. Здесь прослеживается и глубоко национальная черта поэта. “Когда Бахытжан называет себя кочевником, то это не просто дань традиции и не просто национальная характерность, – пишет В.Бадиков. – Это тоже внутренний, глубинный стимул неустанного движения, перемещения в поисках самого себя, свей человеческой сути – в постоянно меняющемся мире” [8, 307]. “Путь” символ постоянного перемещения человека, несущего в себе духовную культуру издревле и, одновременно, человек, кочующий по жизни, “по миру” в поисках обретения идеала, душевного спокойствия и блага. Поэтому в образе “путника” нередко предстаёт сам автор. Ведь для того, чтобы преодолеть определённое расстояние жизни, необходимо преодолеть и немало преград, тех условностей, которые, порой, сковывают человеческую душу, ограничивают её потенциальные возможности. Здесь встаёт вопрос и о сущности человека в условиях нового времени, а также о преемственности духовной культуры в современном обществе.

В любое время человек стремится к своему идеалу, совершенству, и важно достойно пройти этот путь. У поэта складывается особое понимание мира, человеческого бытия. И такое понимание даёт нам основание “видеть” мир в художественном контексте Канапьянова, являющийся символом зарождения жизни на земле, бесконечности в своём космическом пространстве, символом жизни, дружбы и единения, красоты и порядка. Таким видит мир Бахытжан Канапьянов, таким приобщается видеть его и читатель.

Использованные литературы:

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М., 1984.
2. Гей Н.К. Искусство слова. М., 1967.
3. Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста: Учебник для вузов. - М., 2004.
4. Григорьева А.А., Иванова Н.Н. Язык лирики XIX века. Пушкин. Некрасов. - М., 1981.
5. Керлот Х.Э. Словарь символов. М., 1994.
6. Канапьянов Б. Линия судьбы. Алма-Ата, 1987.
7. Савельева В.В. Иносказательное одержание темы “дорога” в романе Ф.М.Достоевского “Братья Карамазовы” // Анализ художественного произведения. Тематический сборник научных трудов профессорско-преподавательского состава и аспирантов высших учебных заведений Министерства просвещения Казахской ССР. – Алма-Ата, 1979.
8. Бадиков В.В. Линия судьбы. - Алматы, 2002.

ЖҰМБАҚ АЙТЫСТЫҢ ЖҮЙРІГІ Ыбыраш Мырзалыұлы кім еді?

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты дайындап, “Жазушы” баспасынан 1966 жылы басып шығарған “Айтыс” жинағының үшінші томына Рақымжан мен Ыбыраштың жұмбақ айтысы енгізілді. Ондағы келтірілген жер, су, ру аттары түгелдей Тайсойған, Бүйрек өңірінде кездесетін атаулар. Демек, айтыскерлер сол маңнан болғаны ғой. Сонда олар кімдер? Кітаптың соңындағы берілген түсінікте де ауыз тұщытарлық сілтеме жоқ.

Ел құлағы – елу. Біз сұрастыра жүріп Ыбыраштың баласы Кәмелді таптық. Атырау облысындағы Қызылқоға ауданының сол кездегі “Комсомол” кеңшарындағы атақты түйеші екен. Бірақ, ол айтыс жайлы да, әкесі Ыбыраш Мырзалыұлы туралы да жөнді дерек бере алмады. Жүзінен өкініш пен қысылыс аңдыздаған Көмекең:

Әкемізден қалған өлеңдер баршылық еді. Оны кейін кәдеге асар деген ой болсайшы?! Жоғалып кетті,- деп шынын айтып, қарап тұр.

Кейін сол Ыбыраш туып-өскен ауылдың ұлы, ауданның беделді баспшы болтан зиялы азамат Мыңбай Жарылғағанұлы ақын хақында азды-көпті мәліметтер беріп, оның тума-туыстарын атады. Солардың ішіндегі көзі қарақты, сөзі орнықты Амангелді Дүйісұлы бірқатар жәйттердің басын ашып бергендей болды. Жадында сақталған ақын өлеңдерін жазып берді.

Амангелдінің әңгімеләуіне қарағанда, Ыбыраш Мырзалыұлы Ысық руының Кәдіркүл тайпасынан шыққан. Бұл айтуы жұмбақ айтыстың кіріспе бөлімінде Рақымжанның:

Ыбыраш, үлкенбісің, кішімісің,
Кішіні жатырқайтын кішімісің.
Сырыңа күні бүгін жеткен емең,
Әйтеуір бір шайырдың мүсінісің.
Бірдейсің аты қазақ баласына,
Демеймін тек Бүйректің Ысығысың,-немесе;
...Сол бұлбұл Кәдіркүлдың Ыбырашы,

Сөзімнің әзілі жоқ қанағаттан,- дегеніне үйлесім табады. Кәдіркүлдан әрі қарай Абызмұрат шығады. Одан Бабалы, Бабалыдан Нартайлақ болып таралады. Нартайлақтан Ардабай, Келдібай, Бекбөрлі, Пұсырман деген төрт ұл болған деседі. Осы төртеудің бірінен Алтыбай, Шынтыбай, Еркебай, Серкебай туған. Еркебайдың кіндігінен Мырзалы мен Тұрдалы жаралады. Мырзалыдан Төлеш пен Ыбыраш, ал Тұрдалыдан Нұрдығали, Бердіғали, Дүйіс, Бейіс атты ұл балалары болған. Аманкелді Дүйістің баласы. Ұзақ жылдар бойы кеңшарда

бас есепші болып қызмет істеді. Оны 1946 жылы төрт жасында Ыбыраш бауырына басып, бала етіп алулы. Сондықтан Аманкелдінің ақын туралы басқаға қарағанда көбірек білуі орынды.

Ыбыраш Мырзалыұлы 1888 жылы Бүйрек құмының Бабалы жайлауында дүниеге келген. Оған да дәлел айтыстың өзінде бар. Тағы да Рақымжанның:

Жаралыс тілге шебер сөз бергенге,
Құбылып заманымыз өзгергенде,
Отыздың бесеуіне жасын кетіп,
Ақылың дұрыс болып жөн көргенде...

деген шумағында жұмбақ айтыс болған кезде Ыбыраш 35 жаста екені айқын көрсетілген. Ал, айтыстың 1923 жылы болғаны аяғында дәлме дәл жазулы түр.

Енді Ыбырашты жұмбақ айтысқа тартқан Рақымжан кім еді, соған тоқтала кетейік. Ол 1921-1923 жылдары Бүйрек құмын жайлаған елді басқарушы Мамекенов Бекіш (Бекес болуы да мүмкін) әдейі ауыл балалары мен адамдарының сауатын ашуға, оқытуға шақыртқан мұғалімі Рақымжан Малабайұлы болатын. Алаша руының оқымыстысы екен. Көрші Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданынан шыққан оқымысты. Азан шақырып қойған аты Рахметжан. Сол себепті де, Ыбыраш қайтарған жауабында:

Құрметті көп-көп сәлем Рахметжанға,

Жігітсің заманыңда жетік заңға,- деп оны құжаттағы есімімен емес, шын атымен атайды. Дұрысында, екеуі әуелден таныс адамдар, Рақымжанға Ыбыраш түп нағашы болып келеді. Әрі одан Ыбыраш дәріс алған. Оқуға тартқан жігіттерінің ішінде зерек, білімдар, талантты азамат екенін танып, Ыбырашты жұмбақ айтысқа шақырады. Рақымжанның өз сөзінде:

Сөйлесе табылады шайырдан сөз,
Жақсыны жаманменен айырған сөз.
Халықтың құлақ салсаң арасында,

Көп екен сізден шығып жайылған сөз, – деуі бір жағынан Ыбыраштың сөзге шешендігі мен ақындығының сол кездің өзінде төңірегіне жалпақ жайылғандығын растай түседі.

Білігі мол, өресі биік Рақымжан Малабайұлы жұмбақ айтысты өнер, білімді насихаттаудың, халық ағарту ісін жүргізудің бір әдісі, құралы ретінде пайдаланғысы келгені ақиқат. Ұстаз – замандасының ол түпкі мақсатын Ыбыраш ақын да жазбай ұққан. Оның:

Секілді жазған хатың кеудең ашық,
Хат қылып, кім оқымас берсең ашып,
Аспайтын сабасынан сен бір теңіз,

Таусылмай шолақ сайдай жылдам тасып,- дей келе жұмбағына ұтырлы жауап қайтаруы соның айғағы. Мәселен, Рақымжан:

Қолымда қазаны бар астананың,
Ішіне таза жумай ас саламын.

Көп халық қазанымнан пайда қылып,
Жеркенбей қолданады ас-тағамын.
Әркімнің сыбағасын құйып беріп,
Қолыма шөміш алып бас саламын.
Тамағын талай адам тауыса алмай,

Қысып жүр қолтығына тостағанын...- десе, оған берген жауап шешуінде Ыбыраш:

Сия сауыт секілді,
“Астананың қазаны”
Таза жумай ұстаңыз,
Болмайсың оған қазалы.
Жазатын сия қағазға,
“Отсыз піскен тамағы”
“Астанаға жетейік”
Ақының жазған қаламы.
Аспазшы болған ғалымдар,

Өзгелерден саналы...-дейді, Бұлтартпас жауап. Шым-шытырық үш жұмбақ та біз келтірген үзіндідегідей сәтті шешулерін табуы ақынның ой-өрісінің кеңдігін аңғартады. Бұл айтыс алғаш рет 1959 жылы астанадан жарық көрген “Қазақтың халық жұмбақтары” деген кітапқа басылды. Мектеп оқулықтарына енгізілді.

Ыбыраш Мырзалыұлы өзінің тұрғыластарымен, жастармен әңгіме-дүкен құруға жалықпайтын кісі болған. Асыра көп сөйлемейтін, мінезі ұстамды, өзінен жасы кішілерді “балапан” деп ішке тарта сөйлейтін әдепті адам екен. Өмірінің соңына дейін туған жерінде ұжымдық шаруашылықтың (колхоз) қойын бағып шопан болып өткен.

- Марқұм ескілікті әңгімелерді, ертегілерді тәуір білетін еді,- дейді Аманкелді Дүйісұлы,-Әлі есімде, 1953 жылы жазғы каникул кезі. Қозы бағып жүргенде, қой күзетінде балаларды жинап алып, қасына отырғызып қойып ертегі айтатын. Құламерген, Сұрмерген, Жолмерген, Тотының қырық тарануы, Ранай паң және тағы басқа ертекттерді майын тамызып айтқанда ауызымызды ашқызатын. Өзінің жеке сақтауында көп айтыстары бар еді. Төрт құлақты сандықта ұстайтын. Ноғай-қазақтың айтысы, Тананың беделді ақсақалы Суханқұлмен айтысы, елдің тоқты-торымына бөрідей тиетін ұры Мысағалиға шығарғаны, болыс сайлауы кезінде жетпіс алты үйдің адамдары ортасында жанжал шығып, ру мен рудың арасында дау-талас туғанда өлеңмен басу айтып, тоқтатқаны қызық-ақ еді-ау! Бәрін өз аузынан естігенмін, көзбен көргенмін.

Сөз зергерінің сол өлең жырлары өкінішке орай, бізге толық жетпей отыр. Кезінде оның әрбір өлеңінен саяси астар іздеп, әуреленген “пысықайлар” қутындап, асыл мұраның көзден ғайып болуына себепші де болулы. Ыбыраш ақын 1954 жылы наурыз айында төсек тартып ауырып жатып, Аманкелдіге

айтып отырып бір дәптерді толтыра толғау жаздыртады. Бір жаманы, ол толғау өзінікі ме, болмаса жаттағаны ма, айырып айтпай кетеді. Кейін ұқыптап ұстайтын адам болмағандықтан ол да жоғалулы. Бірсыпырасы ғана Аманкелдінің жаттауы арқылы бүгінге жетіп, қолымызға тиді.

Ақынның нөмересі, Қызылқоға ауданындағы белгілі ауыл шаруашылығы қызметкері Жолдас Кәмелұлы Ыбырашев атасының суретін тауып берді. Өзі көлемді толғауында:

Атқа мініп ел танып,
Қатар құрбы тең танып,
Балдан тәтті сөз айтып,
Ыбыраш шайыр атандым.
Ел даңқымды асырды,
Аралап жүрген жерімде,
Менің көрген елімде,

Ардақтады басымды,-деген ақын суреттен кең маңдайы жарқырап, бізге ойлы жанарын қадай қалыпты. Бәлкім, кезінде шығармашылығы түзу арнаға түсуіне оңтайлы бағыт-бағдар сілтелінсе, қамқор қолдар демесе, соңында қалған жыр-мұралары шашаусыз жиналса Ыбыраш Мырзалыұлының маңдайы сірә жарқырай түсер ме еді, қайтер еді?!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтыс. Ш-том. “Жазушы” баспасы. 1966 ж
2. Қазақтың халық жұмбақтары. “Жазушы” баспасы. 1959 ж.
3. “Қызылқоға энциклопедиясы”. Алматы. “Өнер” баспасы. 2002 ж.
4. Халық аузынан жиналған.

Ұлан Еркінбаев

ӨНЕРДІҢ ЖҮЙЕСІ ЖАЙЛЫ (“Әдебиет танытқыштың” “Аңдатуы” негізінде)

Өнердің мәні мен ішкі-сыртқы табиғатын түсінуге деген талпыныс сонау антикалық дәуірден бастау алады. Көркемдік дүниесінің жалпы сыпатын Аристотель адамның танымдық һәм еліктеушілік қасиетімен байланыстырғаны белгілі. Г.Гадамердің сөзіне жүгінсек, онда Аристотелдің еліктеу түсінігі барлық поэтикалық өнердің болмысына тікелей әсер етеді. Аристотель жұмысына берген түсініктемесінде Г. Гадамер : “Что он подразумевает, говоря, что искусство есть мимесис, подражание? Он ссылается в подкрепление этого тезиса прежде всего на то, что человек от природы радуется подражанию” - деп сұрау тастайды да, әрі қалай былай деп түйеді: “В этой связи мы читаем высказывание, вызвавшее в Новое время критику и противодействие, но у Аристотеля выступающее в чисто описательном смысле, что радость от

подражания – это радость узнавания. <...> Всякое узнавание – продолжает Гадамер, есть опыт нашего возрастающего осваивания в мире, а все виды нашего опыта в мире суть в конечном счете формы, в которых мы осваиваемся в нем. Искусство, какого рода оно ни было – аристотелевское учение здесь, похоже, совершенно безупречно, - есть род узнавания, когда вместе с узнаванием углубляется наше самопознание и доверительность наших отношений с миром” [1, 237; курсив біздікі - У.Е.]

Зерттеуші бұл жерде ойын тек Аристотельдің “техне” түсінігінен (“техне” өнерді кәсіп деп түсіну, яғни, етік тігу ісін үйреніп алатын секілді өнерді де үйренуге болады деген түсінік) тарата отырып, оған пәлсафалық сыпат қосқаны болмаса, Аристотель дәрісінің ара-жігін анығырақ ажыратып бере алмаған. Бұл тұста басы ашық нәрсе ол, өнердің өзінен, қашанда білмекке құмарлықтың күші басым. Олай болса екеуі тең категория ма, басқалай болғанда білмекке құмарлықтың ішкі сатыларының бастауы қайдан деген де сұрақ шығуы ықтимал. Өнердің жалпы болмысына бас қатырған келесі бір ойшыл - Платон. Өнерге деген Платон көзқарасы Аристотельден өзгешелеу. Ойшылдың көзқарасы өнер ісі Құдайдан дегенге келетін гомерлік түсінікке жақын тартады да, соның негізінде ол өнердің “жұқпалылығы” (“заразительность” искусства) деген категорияны алға тартады. Платонның пайымы бойынша ақынды Муза шабыттандырады да, ал ақын өз кезеңінде сол шабыт күшінің әсерін тындаушысына “жұқтырады” сөйтіп барлығы бірге ерекше Құдайлық шаттыққа бөленеді. Ондай шаттыққа бөленушілер таңдаулы ерекше адамдар болмақ. Солай болғанда платонша үлкен өнер бір құдіретті күш тарапынан беріледі де, кіші өнер түрлерін ғана “техне” көмегімен үйрену болады.

Аристотель мен Платонның ойлары кейіннен қаншама теориялардың тууына негіз болды. Екі бағыттың бірін ұстанып, әрі еңбектеріне өз ойларымен де оң берген ғалымдардың қатары (Л.Толстой, Н.Буало, ағайынды Шлегелилер, ағылшын романтиктері У.Вордсворт, С.Колридж, Р. Саути беріректегі ағылшын өнертанушылары К.Белл, Р.Фрай, “семантикалық сыншылар” деп атап жүрген Ф.Уилрайт, Б.Кроче, философ Э.Кассирер, орыс ғалымы Вяч. В.Иванов, структуралист К.Леви-Стросс т.б.) кезең, уақыт талабы тұрғысынан дамып көбейіп келеді.

Жалпы өнердің сыпатын екі түрлі ойлау жүйесімен байланыстыратыны белгілі. Бірі көркем ойлау да, екіншісі ғылыми ойлау. Шынайы өмірді тану мен көрсету тұрғысынан бұл екеуінің алар орны салмақты. Аталмыш екі ойлау жүйесін қатар қоюдың өзі олардың (өнер мен ғылымның) тек түбі ғана бір емес, сонымен қоса мақсаттары да бір екендігін көрсетеді. Алайда, бұл пікірдің өзін көптеген теоретик ғалымдар қолдай бермейді. Тіпті ғылым мен өнердің мүлдем қарама-қарсы ұғымдар ретінде қарастыратын олардың пікірі бойынша өнердің өзі жасайтын жеке “шындық әлемі” бар [2, 13-14]. Қалай дегенде де өнердің басқа тілдерге аударыла қоймайтын өз тілі бар екені рас. Бәлкім сондықтан да

болар, дәл бүгінгі күні де ғылым үшін “өнер дегеніміз не?” деген қарапайым сұраққа мардымды жауап табылмай келеді.

Өнер спецификасының ішкі жүйесіне өте тереңдеп бара қоймағанмен қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы аналитикалық тұрғыдан өнердің мазмұндық арнасын қисынды жүйелейді. Жалпы болмысты ғалым жаратынды (“өрман, теңіз, тау, тас, өзен, бұлақ”) және жасалынды (“үй, кірпіш, бақша, арық, құдық”) нәрселерден тұрады деп екіге бөліп қарастырады да өнерді жасалынды нәрселерден таратып әкетеді. “Адам ісіннен шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады; өйткені жасалынды нәрселердің істеліп шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен” [3, 164]. Ары қарай өнердің классификациясы беріледі: “Өнер түрлі болады. Біреулер үй салады, арық қазады, етік тігеді, арба істейді, киіз басады, ыдыс істейді, тағысын тағы сол сияқты шаруаға керек нәрселерді жасайды. Біреулер көрікті мешіт, көрнекті там, көркем сурет салады. Әдемі ән, әсерлі күй, ажарлы сөз шығарады. Алдыңғы өнер мен соңғы өнердің арасында айырым бар. Алдыңғы өнерден шыққан нәрселер күн көру ісіне керек шаруа керек жарақтары. Мұны істегенде, сұлуынан жылуы дегендей, көркем болуын көздемейді, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейді. Екінші өнерден шыққан нәрселер, жылуына гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгендіктен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер; алдыңғы нәрселер адамның мақұлықтық жан сақтау керегінен шыққан нәрселер; соңғы нәрселер адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер. Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге жұмсалатын өнер – көркемшілік үшін жасалатын көрнек өнері болады” [3, 164]. Анықтап пайымдасақ, А.Байтұрсынұлы өнердің түпкі мазмұндық негізінен гөрі, оның шынайы функциональды-нәтижелілік (прагматикалық) сыпатына баса көңіл берген. Яғни, өнер қайдан дегеннен бұрын, өнер не үшін дегенге көбірек тоқталады. Және соның өзін үлкен шеберлікпен алақандай аңдатудың аясына сыйдырып жіберген.

Тағы бір айта кетер жайт, ХХ ғасыр басында “өнер тек өнер үшін” керек деген тұжырымның кең тараған кезі екені белгілі. Бұл тұжырымның тарихы⁴ әріректен басталғанымен, жүйелі бір түсінік ретінде ХVIII ғасырдың орта шенінен бастап қалыптасады. А.Байтұрсынұлы Платон айтатын үлкен өнерді көрнек өнері деп атайды да, оның “адамның жан қоштау керегінен” шыққандығын ескертеді. Енді осы адамның жан қоштауынан шыққан өнер не

«Стремление к отстаиванию «чистого искусства» наблюдается в воззрениях Древнего Востока, в греко-римской античности (в «александрийской» поэзии, в римской литературе последних веков империи), в период позного Возрождения. Впервые понятие «Искусство для искусства» сформулировано в книге Г.Э.Лессинга «Лаокоон». Идеи «искусство для искусства» оформляются в определенную теорию в XIX в., во многом как реакция на крайности утилитаризма Просвещения. Учение И.Канта о практической незаинтересованности «суждения вкуса» (эстетических переживаний), отдельные формулы Ф.Шиллера об искусстве как об «игре» и об эстетической «видимости» послужили для романтиков не только подкреплением мыслей о свободе вдохновения, но, абсолютизированные, они стали теоретическим истоком концепции «искусство для искусства»» [4, 318].

үшін керек десек, әрине ол адам жанының қалауы үшін керек деген қисынға тіреледі. Ал адамның жан қоштауы деген не, оның шеңбері мен өнердің шеңбері бір-біріне толық тояттай ма, бұл арасы тәптіштеп ашылмайды. Дегенмен, А. Байтұрсынұлының өнерді жіктегенде тірнек өнерінен таратып түсіндіргенін алға тарта отырып, жоғарыдағы “өнер тек өнер үшін” деген біржақтылықпен де байланыстыра алмайтынымыз басы ашық мәселе.

Мұнан кейінгі кезекте көрнек өнерінің бес тарауы айқындалып, әрбірінің негізгі анықтамасы беріледі.

“Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресі, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші – балшықтан, я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері – бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері – бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері – бұл әуез өнері болады (европаша музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература)” [3, 165].

“Әдебиет танытқышта” көркем өнердің негіз мүшелері осылай жүйеленеді.

Сөз өнеріне қатысты басты тұжырымды, А.Байтұрсынұлы : “Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама-қадырынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді” [3, 165] – деп, түйіндейді.

Мұнан кейін сөз өнерінің көркемдік деңгейінің биіктігі қандай болатынын таныту үшін мысалдар келтірілген. Әрбір мысалдың мақсатты-тақырыптық мазмұны мен баяндау тәсілінің ерекшелігіне қарай жеке-жеке категориялық жүгі бар атаулар берілген.

Сөз соңында, “Әдебиет танытқыштағы” сымбаттау, суреттеу, кескіндеу, сипаттап танытудың классикалық үлгісін төменде шамалап қысқартылған түрінде келтіріп отырмыз:

1) Абайдың әйелді сымбаттауы:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы;
Аласыз қара көзі нұр жайнайды!
Жіңішке қара қасы сызып қойған
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,

Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Көрінер аузын ашса, кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды...

2) Абайдың күзді күнді суреттеуі:

Сүр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма?
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай,
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Айрылған жапырағынан ағаш қурай...

3) Мағжанның толқынды кескіндеуі:

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады
Толқын мен толқын жарысад;
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.

* * *

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп...

4) Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды...” [3, 165-168].

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Гадамер Г.Г. Актуальность прекрасного. М., 1991.
2. Козлов А.С. Специфика искусства // Основы литературоведения. М., 2003.
3. А. Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. I – том; Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер. Алматы, 2003.
4. Литературная энциклопедия терминов и понятий. М., 2003.

Бейсенбаева А.С.

СПЕЦИФИКА ТРУДОВ Н. РОВЕНСКОГО В АСПЕКТЕ ИМАГОЛОГИИ

Круг литературных интересов Н.Ровенского был необычайно широк и разнообразен: от русской литературы XIX века до творчества казахских, русских, уйгурских, немецких писателей Казахстана конца XX века. Объектом внимания его книг и статей становились всемирно известные писатели и поэты-классики (Н.Некрасов, А.Блок, С.Есенин и др.) и писатели второй половины XX века (М.Ауэзов, И.Есенберлин, А.Тажиаев, З.Шашкин, И.Шухов, Т.Ахтанов, Дж.Молдагалиев, З.Кабдолов, Т.Алимкулов, С.Муратбеков, У.Канахин, Ш.Муртаза, М.Магауин, Д.Исабеков, А.Алимжанов, Ю.Герт, М.Симашко, О.Сулейменов и многие другие). Н.Ровенский в своих исследованиях всегда стремился к объективности, поэтому многие из его суждений сохранили значимость и в наше время.

Критику Н.Ровенский считал видом литературы и выступал против ее противопоставления читательскому мнению. Все его книги – размышления о высоком гражданском назначении критики и мастерстве анализа. Мысль о необходимости и обязательности для критика и художника слова точного вкуса, четких социальных и нравственных ориентиров проходит лейтмотивом через все, созданное и написанное Н.Ровенским. Русская и казахская литература, а также литературные связи были постоянно в центре его внимания и изучения. Компаративистика исследует межнациональные связи, типологические схождения, ее интересует “материал” литературного творчества [1, 47]. Он первым поставил и подробно осветил новую для своего времени проблему: русский писатель в национальной республике.

әдеби туындылардың сақталып қалуына әміршілердің де ықпалы аз болмағаны рас. Олар өздеріне арналған шығармалардың көшірмелерін жасап, оның сақталып қалуына септігін тигізген. Міне, сол арқылы көркем мұралар бүгін біздің қолымызға тиіп отыр.

Арнау өлеңдер сонау Қарахан билігі тұсынан басталып, жыраулар поэзиясында да кең көрініс табады. Ж.Баласағұннан бастап, Йүгнекиден жалғасын тапқан бұл үрдіс Асан қайғы, Шәлгез, Жиёмбет, Бұқар жырау, тіпті ХІХ ғасыр ақындары Орынбай, Шөже, Шортанбай шығармаларында да кездеседі. Түркі ақындары сынды олар да өлеңдерін кімге арнағанын немесе кімнің құрметі үшін жазғанын шығармаларында ашық баяндайды. Мысалы, Баласағұн “Құтты білік” дастанын Табғаш Боғра ханға, М.Қашқари түркілердің барлық елі мен даласын түгел аралап, оларға қатысты сөздер мен сөйлеу мәнерлерін жинақтап, сөздік құрастырып, оны Мұхаммед ұғлы Әбілқасым атты кісіге арнайды. Бұл үрдіс кейінгі Алтын Орда дәуірінде де үзілмеген. Мәселен, Хорезми “Мұхаббат-нама” дастанын Мұхаммед Хожабекке арнаса, Сәйф Сарай “Гулистан би-т-туркиин” Тейхас бекке сыйлайды. Ал, Құтыбтың “Хұсрау уа Шырын” дастанын көшірген Берке Факих өз еңбегін Алтынбұға деген әміршіге тарту етеді.

Орта ғасыр шығармалары әмірші, бектерге арналса, жыраулар поэзиясында хан-билерге жекелеген өлеңдер арналған. ХІ-ХІІ ғасыр ақындары өлеңдерінде билеушіні тек марапаттап, бар жақсы теңеумен сипаттаса, қазақ жыраулары мен ақындары билік иелерін бірде мақтап, дәріптеп, бірде сынап отырады. Асан қайғының арнауларындағы өз-Жәнібек, Шалгез толғауларындағы Темір биді, Жиёмбет өлеңдеріндегі Есім ханды, Бұқар жырларындағы Абылай ханға арналған мадақ-мақтаулар мен сынап айтқан жырларын атап айтуға болады. Мысалы, Шалгез ақын Темір биді мадақтаса, Абылай тұсында өмір сүрген Бұқар жырау өлеңдерінің көпшілігін ханға арнаған: “Абылай ханның қасында, Бұқарекен жырлайды... Жаулық жолын сүймеңіз, Мынау жалған сұм дүние, Өтпей қалмас демеңіз” [7, 153 б.]. Абылай ханға насихат айта отырып, оны әділ көреген, жомарт билеуші етіп суреттейді. Демек, ақындар арнау өлеңдерді әміршілер мен билеушілерге деген құрметін білдіру мақсатымен жазған.

Орта ғасырда өмір сүрген шайырлардың көтерген тақырыптары мен идеясы қарапайым халықты оқу-білімге шақыру, имандылық пен әдептілікке үндеу, адамгершілік, моралдық ұғымдар мен жақсы мінез-құлық жайында өсиет-ойлар айту. Түркі тіліндегі дидактикалық шығармалардың негізін салған Ж.Баласағұн шығармасында білімнің пайдасы мен надандықтың зияны жайлы үгіт-насихат айтады. Білімдіні білімсізбен қатар қойып суреттеп, осындай мәселелерді жыр өзегіне айналдырады. А.Йүгнеки де ойларын Құран аяттарымен өзара ұштастыра отырып, мейлінше шеберлікпен жеткізе білген. Әсіресе, оқу-білім жайлы сөздері терең де мазмұнды. “Білгенінді үйрету парыз” деген сөзді берік ұстанған ақын өзі үйренген пайдалы ілім-білімді замандастарына, болашақ ұрпаққа үйретіп, санасына сіңіруге тырысады. Орта ғасыр шайырлары сынды қазақ ақындары

осы тақырыпты өз кезегінде жырлаған. Мысалы, Ы.Алтынсарин шығармалар жинағын Йүгнеки сынды ағартушылық мақсатта жазылған өлеңдерімен ашады. Бұл екі ақынның ұқсас жақтарын байланыстыратын болсақ, Ы.Алтынсарин білімділік пен надандықтың жақсы-жаман жақтарын өте нанымды суреттегені сондай, көз алдына жағымды-жағымсыз қылықтарын елестетеді, оқудың артықшылығы мен надандықтың зиянды жақтарын қатар суреттейді:

Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап...
Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар.

Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар [8, 36-37].

Автор білім туралы өлеңдерінде параллелизм-егіздеу әдісін шебер қолдана білген. Мұндай егіздеу әдісіне Йүгнекидің “Ақиқат сыйы” дастанында көп орын берілген. Демек, мұндай әдісті қолданудың негізі сонау көне түркі әдебиетінде жатыр, сол арқылы бүгінгі поэзия нәр алуда. Осы жерде айтып өтетін бір нәрсе – қарахандық ақындардың білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы айтқан өсиет сөздері одан алты ғасыр кейін өмір сүрген Абай өлеңдерімен үндесетіндігі. Екі заман өкілдерінің ой-пікірлері көп мәселеде түйіседі. Мысалы, Абай ақын Йүгнеки сияқты оқырмандарын оқу-білімге шақырып, білімді жастардан көп үміт күтеді. Оларға жастық шағында желік қумай, білімге ұмтылу керек екенін түсіндіруге тырысады. Екі ақын да білімді мен білімсізді қарама-қарсы қойып салыстырады. Мысалы, Йүгнеки:

Білімді керек сөзді ғана айтады,
Керексіз сөзді көміп жасырады.
Білімсіз не айтса да білмей айтар,
Өз тілі өзінің басын жұтады [9, 27 б.], –
десе, Абай:
Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас аң көзді...
Надан қуанар, арсаңдар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар [10, 111 б.].

Йүгнекидің “Ақиқат сыйы” дастаны мен Абай өлеңдері арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы бірқатар тақырыптарды жырлауда айқын аңғарылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әр түрлі ғасырда өмір сүрген қос алыптың жұтқан ауасы екі түрлі болса да, міндет-мақсаттары бір секілді болып көрінеді.

Шығыс дүниетанымы бойынша бұл дүние – жалған, бәрі уақытша нәрсе. Қарахан дәуіріндегі өмір сүрген ақынның бірі Иасауи да бұл дүние мәңгілік емес дейді. Автор ажалды төрт аяқты шабан атқа теңеп, одан ешкім қашып құтыла алмайтынын көркем суреттеген. Ақын жинаған малдан ешқандай

пайданың жоқтығы, ажал жеткен күні олардан пайда болмайтыны туралы былай дейді:

Білгейсің бұ дүние барша елден өтер,
Малға да сәнбе, бір күні қолдан кетер.
Ата-ана, қарындас қайда кетті деп ойлап көр,
Төрт аяқты шабан ат бір күні саған жетер [11, 38 б.]

Осы сияқты бұл дүниені шөлдеп бара жатқан керуенге теңеу XIX ғасыр поэзиясында өзіндік орын алатын ақын Нұрым Шыршығұлұлы өлеңдерінде кездеседі.

Дүние деген керуен,
Баратқан құрғақ шөлменен.
Соңынан қуып ұстауға,
Жете алмайды тұлпарың.

Қырық күн бағып жемдеген,
Ол тұрақсыз жалғаннан.
Бақыт іздеп таласып,
Талайдың аты терлеген [6, 155 б.]

Нұрым ақын тұрақсыз жалған өмірді қуып, оған жету мүмкін еместігін жырлап, дүниеге жан бітіріп, оны жүйрік атқа теңеп суреттеуі өте әсерлі шыққан. Ал, Йүгнәки дүниені соңы көрінбейтін ұзын тізбек деп суреттейді. Бұл теңеулер әр ақынның дүниенің жалғандығын сипаттаудағы өзіндік ерекшеліктері болып табылады. Өмірдің өткінші екені жайында Абай да өз ойын жырға былай деп қосады:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмише өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек...

Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман [10, 253 б.]

Қазақтың бас ақыны бұл жерде адамның өмірге келуін, кетуін сағаттың шық-шық соққан әрбір қозғалысына теңеп, оның бос ермек еместігін ұтқыр да ұтымды жолдар арқылы бейнелеп көрсетсе, енді бірде тіршілік белгісінің бір қалыпта тұрмайтынын көз алдымызға елестетіп, нақтылы сурет арқылы сипаттайды.

“Құтты біліктегі”, “Ақиқат сыйындағы” жамандықтың көбеюі, адамдардың азғындауы, адамгершілік қасиеттердің жоғалуы туралы айтқандары кейінгі отаршылық дәуірде туған зар заман поэзиясына өзек болды. Көне түркі әдебиетін зерттеу барысында әлжуметтік қайшылықтар, дүниенің өзгеруі, бейбастықтың көбеюі XI-XIII ғасырларда да кең етек алғанын көреміз. Мысалы, Жүсіп

Баласағұн тоқырау заманды басынан кешіріп жатқанын жырына арқау етеді. Адамдардың азып, теріс жолға түсуі, зұлымдардың қадірінің артуы, үлкенге ізет, кішіге қамқорлықтың жоғалуы Баласағұнның жан күйзелісін оятады. Рухани жағынан құлдыраған, рухы жасыған, маскүнемдік, надандық, арамдық сынды жаман қасиеттер етек алған жағдайларды көзімен көрген ақын осылай көкірегі өртеңе жырлайды, одан шығудың жолын қарастырады. Ал, “Ақиқат сыйында” Йүгнеки бұзылған заман емес адам, заманға өкпелеме, кінәлі адам, содан сұра жауабын дейді. XIX ғасыр ақыны Дулат Бабатайұлы азған адам емес, заман кінәлі дейді. Д.Бабатайұлы қоғамның теріс жолға бұрылып кеткендігін суреттейді. Міне, осындай келеңсіз жағдайлар туралы кейінгі ғасырларда да жырлаған ақындар баршылық.

“Ақиқат сыйы” дастанында ақын жақсы мен жаман қасиеттерді қарама-қарсы қою арқылы шендестіру тәсілін жиі қолданғаны белгілі болып отыр. Йүгнеки білімді мен білімсіздің бұл өмір мен арғы өмірдегі жағдайларын жарыстыра салыстыру арқылы пайдасы мен зиянын көз алдымызға елестетеді. Мысалы, автор білімді мен надан адамның жай-жағдайын:

Білімді ер белгілі болады,
Білімсіз тірісінде өлік көрінеді.
Білімді адамның өзі өлгенмен аты өлмейді,
Надан тірі жүргенімен, аты – өлік [9, 25 б.], –

деп өлі мен тіріге теңеп, ойын шеберлікпен тұжырымдайды. Жомарттық пен сараңдықты, тәкаппарлық пен кішіпейілділікті, игі мінез бен жарамсыз қылықты қатарластыра, жанастыра бейнелейді. Жақсы мен жаманға түзу мен қисықты, алғыс пен қарғысты, ашу мен ақылды қарама-қарсы қойып шендестіруі ақынның шығармашылық шеберлігінің сырын танытады. Міне, осындай егіздеу әдісін аса талғаммен ұтымды пайдалану Жүсіп Баласағұнда да кездеседі. “Құтты білік” дастанында автор қоғамдағы адамдардың мінез-құлықтары: жақсылыққа жамандық, әдептілікке дөрекілік, шындыққа өтірік, жомарттыққа сараңдық, қанағатшылыққа ашкөздік, аққа қараны қарсы қойып салыстырып, әсерлі теңеулер тудырған.

Егіздеу әдісі көне түркі дәуірінен бастау алып, кейінгі ғасырдағы ақын шығармаларымен жалғасын тапты. Мысалы, XIX ғасырда өмір сүрген Майлықожа Сұлтанқожаұлы өзінің “Жақсы қылсын жұбайды” деген өлеңінде жақсы әйел мен жаман әйелді қатар қойып былай деп салыстырады:

Жақсы болса қатының,
Ер егізің – жақының...
Жан-дең де жай тауып,
Тола да болар ақылың...
Жаман болса қатының,
Ұқсайды тілі шешекке,
Ызаға толы қос өкпе.
Әр жұмысты қылғанда,
Жолықтырар кесетке [12, 214 б.].

Бұл келтірілген өлең шумақтары әртүрлі кезеңде өмір сүрген шығармаларында сырлы сөз, айшықты теңеу, көркем тіл, бейнелі сөзді өз орнымен тартымды да шебер пайдаланғанына айқын дәлел бола алады.

Сонымен орта ғасырдағы түркі классикалық поэзиясы мен қазақ әдебиетінің поэзия арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығы қарахандық поэзия мен ХІХ ғасырда өмір сүрген ақындардың шығармаларын салыстырып қарастырғанда айқын аңғарылады. Түркі шайырлары Ж.Баласағұн, М.Қашқари, А.Иасауи, А.Йүгнеки мен ХІХ ғасырда өмір сүрген Ыбырай, Абай, Сүйінбай, т.б. ақындардың шығармаларында жырланған дидактикалық, гуманистік мәселелерді жырлаудағы ой-тұжырымдарының, үлгі-насихаттарының арасында өзара үндестік бар екені анықталды. Орта ғасыр поэзиясы мен ХУІІІ-ХХ ғасырларда өмір сүрген ақындардың айтқан ойлары мен көздеген мақсаттары бір-бірімен ұштасып жатыр. Демек, орта ғасырлық шайырлардың кейінгі қазақ халқының көркем сөз шеберлеріне тигізген әсері мол болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991. – 262 б.
3. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік (Аударған А.Егеубаев). Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
4. Махмұт Қашқари. Түрк тілінің сөздігі (“Диуани лұғат-ит-түрк”). 3 томдық (қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен түсінігін жазған А.Егеубай). Алматы: Хант, 1997. 1-том. – 592 б.
5. Алдаспан. ХV-ХVІІІ ғасырлардағы қазақ ақын-жырауларының шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б.
6. ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1985. – 320 б.
7. Бес ғасыр жырлайды. ХV ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі ақын-жыраулардың шығармалары. Екі томдық. 1-том. Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Алматы: Ғылым, 1955. – 414 б.
9. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы. Алматы: Ғылым, 1985. –152 б.
10. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Ғылым, 1977. 1-том. – 454 б.
11. Жармұхамедұлы М. Алғы сөз // Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет (қазақ тіліне түсіргендер: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи). Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 бет.
12. ХVІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1962. –421 б.

А.С. ПУШКИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҰЛҒА СОМДАЛУЫНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Қазақ прозасының қалыптасу, даму жолдарында тарихи тұлға сомдауының шығармашылық тәжірибесі саралана танылады. Фольклордағы қазақтың халық прозасы үлгілері кейінгі әдеби дамудың көркемдік негізі екендігі ғылыми дәлелденген ақиқат. Қазақ әдебиеті қалыптасуының, дамуының негізгі арнасы болып дәстүрлі ақындық поэзия мұралары да жазба прозалық шығармалардың поэтикалық-көркемдік сипатының құралуында маңызды орын алатыны белгілі.

Көрнекті әдебиеттанушы, ғалым, профессор Ш. Елеуқеновтің ұлттық әдебиетіміздің дамуындағы осындай көркемдік жалғастық жүйесіне берген бағалауы дәйекті:

“Как фольклор, так и устная литература постепенно создают эпические традиции, которые в последствии становятся и жанрообразующими факторами романа. Это прежде всего такие особенности народного и устного эпоса, как повествовательность, объемность в охвате действительности и неограниченность во времени” [1, 68].

Бұл - әлем әдебиеттері классиктері қалыптастырған үрдіс. Әлем әдебиеті алыптарының бірі А.С.Пушкиннің шығармашылығы да фольклордан, халық әдебиетінің қайнарларынан тағылым алғаны белгілі.

Ақынның лирикалық өлеңдерінде (“Пушкинге” “Каверинге” “Дельвижке” “Князь А.М.Горчаковқа” “Кюхельбехер өсиеті”, “Жуковскийге” “Чадаевқа” “Менің ата-тегім” т.б.), поэмаларында (“Кавказ тұтқыны” “Бахшасарай фонтаны” “Полтава” “Мыс салт атты”, т.б.); драмалық шығармаларында (“Борис Годунов” “Моцарт пен Сальери” “Рыцарьлар заманынан көріністер” т.б.), әңгімелеріне (“Кирджали” “Атыс” “Шаруа қызы”, “Дубровский”), повестерінде (“Капитан қызы” “Пугачевтің тарихы”, “Ұлы Петрдің арабы”) [2], тарихи тұлғалар көркемдік шындықпен қамтылды.

А.С. Пушкин шығармаларындағы тарихи тұлғалардың бейнеленуінде кезең, заман шындығы реалистік сипатымен қамтылды да, кейіпкерлердің тағдыры қаламгердің көркемдік жинақтау, шешім тәсілдерін қолдануы арқылы поэтикалық тұрғыда бейнеленеді.

Әдеби мұрасы әлемдік классикалық қордың қазынасы болып, саналатын А.С. Пушкин прозасындағы тарихи тұлғалар әлеуметтік-тұрмыстық ортадағы тарихи болмысына сәйкес бейімделген. Жазушының кейіпкерлері тарихи оқиғаларға әр алуан деңгейдегі қатыстылығымен ерекшеленген. Әлеуметтік ортасындағы әралуан орындарына қарай кейіпкерлердің тұрмыстық хал – ахуалдарын, өзара қарым-қатынастарындағы дара өзгешіліктері, материалдық

және рухани мәдениеттегі өзіндік үлестері, т.б. – бәрі де жазушының тарихилық поэтикасын шығармашылық таныммен өрнектегенін байқатады.

Тарихилық-әлем әдебиеттері көркемдік жалғастығы жүйесіндегі поэтикалық үндестік табиғатына ортақ мәселе. Әдебиеттанушы – ғалым А. Исмақованың пікірі сөз арқауындағы, қаламгерлердің шығармашылық табиғатын саралауға теориялық дәйекті бағдар көрсетеді: “Тарихилық әдеби шығарманың тарихи-әлеуметтік ортамен, белгілі бір халықтың мәдени тарихымен, салт-дәстүрімен, ырым-нандарымен, ұлттық мінез, ойлау ерекшеліктерімен, аңсар, арманымен тамырлас құбылыс. Осынау “тарихилық” ұғымы суреткер дүниетанушының шартараптылығына, асқан білімдарлығына яки мынадай таным кезеңдерінің 1) өткенді (ретрогноз), 2) бүгінгіні (презентогноз), 3) болашақты (прогноз) жетік, жан-жақты меңгергеніне тікелей қатысты, тарихилық белгілері бір заманның нақты тарихи жағдайларын, қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерің, мән-мағынасын, болмысын, ұлттық-тарихи және өміршындығын, идеялық-танымдық тереңдігін көркемдік тұрғыдан жырлап, тарихтың көркемдік философиясын шеберлікпен жеткізу” [3, 195]. Демек, әлем әдебиеттеріндегі А.С.Пушкин сынды классиктер ұстанған тарихилық жолының қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғаларының бейнеленуіне де қатыстылығын көреміз.

Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасы бейнеленуінің тарихи-әдеби негіздері – ұлттық және жалпы-адамзаттық рухани құндылықтары үндестігі арасында қарастырылатын өзекті мәселе. С.Мұқановтың “Балуан-Шолақ” А.Токмағамбетовтің “Жыр күмбезі” І.Есенберлиннің “Көшпенділер” Ә.Әбішевтің “Найзағай” С.Жүнісовтің “Ақан сері”, М.Мағауиннің “Аласапыран” З.Ақышевтің “Жаяу Мұса” С.Бақбергеновтің “Бозторғай” О.Бодықовтың “Бұлбұл”, О.Сәрсенбаевтың “Шамшырақ” және т.б. прозалық туындыларда қазақ тарихының ұлттық-эстетикалық көзқарастары, дүниетанымы ақын-жырау, тұлғалары арқылы суреттелген. Қазақ прозасының өңгіме, повесть, роман жанрларындағы шығармаларында XIX-XX ғ.ғ. өмір сүрген ақын-жараушылар, (Базар Ондасынұлы, Нысанбай жырау, Ерімбет Көлдейбекұлы, Нұрмағамбет-Балуан Шолақ Баймырзаұлы, Мәди Бәпиұлы, Ақансері Қорамсаұлы, Жаяу Мұса Байжанұлы, Кеңн Әзірбайұлы, Нартай Бекежанұлы және т.б.) тарихи заңдылығымен жазылды. Тарихи тұлғалардың шығармашылық болмысы тарихи шындық және көркемдік шындық тұтастығымен өрілді.

Мысалы, жазушы Оразбек Сәрсенбаевтың “Шамшырақ” атты романының тақырыбы – XX ғасырдың 20-30 – жылдарындағы қазақ даласында болған әлеуметтік құбылыстар. Идеясы – халықтың тағдырын көрнекті суырып салма ақын, әнші-композитор мен оның әлеуметтік ортасы арқылы таныту. Прозалық романдағы басты кейіпкер – Нартуған, прототипі – көрнекті халық ақыны Нартай Бекежанов. “Махаббат мазахиясы”, “Байсындың асы”, “Он екі мұқам”, “Дәуіт батыр хикаясы”, “Көгілдір шымылдық”, “Жала”, “Жолы болар жігіттің” “Биші” “Шамшырақ” атты он бір тараудан тұратын осы романда тарихи тұлға

мен әлеуметтік ортаның басынан кешірген қилы-қилы оқиғалары арқылы уақыт пен кеңістіктегі ақиқаттар лирикалық-психологиялық, драмалық коллизиялар арқылы реалистікпен жазылған. Романның идеялық-композициялық желісінде өмір бойы қоландағы қара сырнайын құлаштап тартып, асқақ айқайлы дауысымен, мағыналы мазмұнды өлеңдерімен, айтыстармен, дастандарымен халыққа төбесімен жүріп қызмет еткен ақынның өмір белестерінің қызықтары мен қиындықтары егізделген жолы баяндалған. Романның алғашқы тарауының бас жағында шілдехана тойына жиналған қауымға өнер көрсетуге келген әнші, сырнайшы, сыбызғышы, ақын, жыраулармен бірге асқақтата жыр жырлап, ән шырқап тұрған бас кейіпкер бейнеленген: “Арқасы ұстап, шабытына енді-енді міне бастаған нартуған ақыр соңында қолындағы қара сырнайды құлаштай тартып, бір мезет өзінің атақты “Иғай-иғайына” басып, айқай салғанда, түнгі жым-жырт даланың бір түпкірі жаңғыра жөнелді де, қалың тоғайдың үстінде недәуір уақыт қалықтап тұрып алды” [4, 10].

Тарихи тұлға – халқының өзіне дейінгі материалдық және рухани құндылықтарын азаматтық-отаншылдық көңілімен сүйетін, құрметтейтін ұлт перзенті. Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғаларының бейнеленуінде қаламгерлер олардың әдеби-шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметтер тұтасқан қайраткерлік болмысын даралауға ұмтылады. “Шамшырақ” романының тарауларында басты кейіпкердің өнернамалық және қоғамдық-әлеуметтік қызметі тұтастығындағы тұлғасы даралана көрсетілген. Романның соңғы беттеріндегі қаламгердің идеясына негіз болған басты кейіпкердің халқына, кейінгі ұрпақтарға есеп бергендей адамгершілік мұратты мақсатының орындалу деңгейі бала кезінде жадына жатталған ананың айтқан өлең-ертегісіндегі фольклорлық-мифологиялық шартты бейнелеулермен беріліпті:

“...Жеті қабат жердің астына салынған алтын сарайдың бір бөлмесіндегі көк сандық үстін киелі Шамшырақ жанып тұрады екен дейді. Сол Шамшыраққа қолы жеткен әрбір адамның асыл мұратының бәрі орындалмақ екен. Бірақ сиқырлы Шамшыраққа жеткенше жолаушының алдынан жеті темір қақпа шығады. Әр қақпаның алдында жалаң қылышын көтеріп, түстері суық қарауылдар тұрады. Олардың әу баста азан шақырып қойған аттары бар, бірінің аты – Атақ, екіншісі – Дәулет, үшіншісі – Көрсеқызарлық, төртіншісі – Күншілдік, бесіншісі – Немқұрайлылық, алтыншысы – Менмендік, жетіншісі – Мейрімсіздік. Егер жалаң қылыш көтерген осы қарауылдардан аман өтсең, сиқырлы Шамшырақ тұрған алтын сарайдың құлыптаулы есігі өз-өзінен ашылып жүре береді екен.

Нартуған да өмір бойы өзгелер қатарында сол алыстан арбаған киелі Шамшыраққа жету үшін барын салыпты. ...Сиқырлы шамшырақтай жарығын өшірмей түн-түнектің арасына күміс сәулесін түсірген. Шындыққа ұмтылудан қажымапты” [4, 412]. Көркем прозалық шығармаларда тарихи тұлға сомдалуына байланысты жазушылар қолданатын осындай эпикалық баяндаулар, шартты

бейнелеулер тұрақты кездеседі. Классикалық әдебиеттегі көрнекті тұлға А.С.Пушкиннің және сол тектес қаламгерлердің прозалық шығармаларындағы үндес қолданыстар әдеби процестегі ортақ әдіс-тәсілдер болып саналады.

Қорыта айтқанда, прозалық шығармалардағы тарихи тұлға сомдалуы әлем халықтары әдебиеттерінің реалистік сипатын дәлелдейді. Қазақ прозасындағы ақын-жырау тұлғасы бейнеленуінің әдеби-тарихи негіздері сөз өнері мұраларының адамзат дамуы жолымен мәңгілік сабақтастығын айқын көрсетеді. Сөз өнері шығармалары – халық тарихының көркемдік шындықпен бейнеленген дүниетаным көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елеуенов Ш. От фольклора до роман-эпопеи: Идеино-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа. – Алма-Ата: Жазушы, 1987. – 352 с.
2. Пушкин А.С. Шығармалар: Төрт томдық. 1-том: Өлеңдер 364 б.; 2-том: Поэмалар. – 343 б.; 3-том: Ертегілер мен драмалық шығармалар. – 328 б.; Капитан қызы. -Алматы, 1947.; Әңгімелері. – Алматы, 1947; Пугачевтің тарихы. Ұлы Петрдің арабы. Алматы, 1956.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі /Құрастырғандар. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі 1996. - 240 б.
4. Сәрсенбаев О. Шамшырақ. Роман –Алматы: Жалын, 1990. - 416 б.

Өмірбаева Т.

А.С. ПУШКИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯСЫ

Ақындық поэзияның ұлттық сипаты мен көркемдік ойлау ерекшелігі классикалық әдебиет алыптарының шығармашылығымен сабақтаса бағаланады. Қазақ әдебиеті тарихының ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы даму кезеңдеріндегі көрнекті шығармашылық тұлғалар әлем әдебиеттеріндегі классикалық мұраларға ерекше ықыласпен қарады, шығармашылық байланыс, ықпалдастық аясындағы өзара араласу құбылыстары байқалады. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің жаңа реалистік әдеби дәстүрлерін қалыптастырушылар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы өздеріне дейінгі және тұтас классикалық әдеби дәстүрлердің озық үлгілерін шығармашылықпен игереді. Әсіресе, Еуропа халықтары (ағылшын, неміс, орыс т.б.) классикалық әдебиет мұраларының көркемдік шешіммен игерілуі жазба және ауызша әдебиет үлгілерін аудармалық-нәзирагөйлік әдістермен игеруді қалыптастырды. Абайдың Байрон, Гете шығармаларын орысша аудармалары арқылы қазақша сөйлетуі де классикалық мұралардың қазақ оқырмандарына жетуінің көрсеткіштері еді. Ыбырайдың И.А.Крылов мысалдарын, Л.Н.Толстойдың,

К.Д.Ушинскийдің, И.И.Паульсонның мысал-әңгімелерін аударуы да халықтар әдебиеттеріндегі көркемдік үрдістер ықпалдастығының ағартушылық бағыттағы көріністері еді.

Қазақтың көрнекті ақындары Шәкәрім Құдайбердиевтің, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың және т.б. кейінгі толқын ақын-жазушылар шығармашылығындағы әлем әдебиеті үлгілерінің озық көркемдік сипатымен үндестікті аңғарамыз. Қаламгер әлем әдебиеті үлгілерін оқып, меңгеріп, кейбір үлгілерінен көркем аудармалар жасады, белгілі шығармалардың сюжеттері ізімен нәзіралық-аудармалық нұсқаларды жазды. Қазақ әдебиеті тарихының негізгі өзекті арнасы болып саналатын ақындық поэзия өкілдері де осы классикалық үрдістер ықпалдасуының шығармашылық қозғалысы жүйесінде танылды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінде өзіндік орындарымен танылған. Оңғар Дырқайұлы (1859-1902), Тұрымбет Салқынбайұлы (1868-1946), Даңмұрын Кенжебекұлы (1870-1923), Молдахмет Дабылұлы (1879-1940) шығармалары да осындай әлемдік әдеби ықпалдасулардың көркемдік жалғастығы жүйесінде бағаланады. Бұлар – қазақ әдебиетіндегі ауызша және жазбаша дәстүрді тұтастандыра меңгерген халық ақындары. Ақындық поэзияның осы аталған кезеңіндегі осындай шығармашылық тұлғалар әлем әдебиетінің классик ақын-жазушылары секілді фольклор мен әдебиет дәстүрлерін көркемдік таныммен қабылдады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлем халықтары әдебиеттері ықпалдасуларының көрнекті көріністері – исламдық Шығыстың және еуропалық Батыстың классикалық әдебиет тұлғаларының шығармаларын қабылдау, соларға үндестіре шығармалар жазу түрінде байқалды. Сөз арқауындағы аталған ақындар шығармаларын осындай классикалық үрдістер ықпалы аясында назарға ұстаймыз. Олармен замандас көрнекті халық ақындары Қуат Терібаевтың (1891-1952), Сапарғали Әлімбетовтің (1888-1956), Әсет Найманбаевтың (1856-1923) және т.б.-дың А.С.Пушкиннің “Евгений Онегин” поэмасы ізімен дастандар жырлауы да қазақтың ақындық тереңдіктерін, эстетикалық болмысын даралай түседі.

Профессор Е.Исмайылов “Ақындар” (1956) атты монографиясының “Евгений Онегинді” халық ақындарының жырлауы” (272-287 б.б.) атты тақырыппен берілген бөлімшесінде осы классикалық туындының, хакім Абай дәстүрі ізімен халық ақындарының жырлауына, халықтың оны қабылдауына ғылыми бағалаулар жасаған:

“Пушкиннің дыбысы жетіп, сөзі кең жайылған халықтың бірі – қазақ. Қазақ халқы Пушкинмен XIX ғасырдан бермен қарай таныс. Абай және басқа ақындар арқылы болсын, Қазақстанда ұзақ жылдар істеген орыс ғалымдары арқылы Пушкиннің өмірі мен шығармалары қазақ арасына жайыла бастайды. Пушкинді, оның даңқты “Евгений Онегинді” ауылдағы халық ақындары да аса қызығып тыңдап, сүйіп жырлаған. Пушкин өлеңдері, Пушкин атағы қалың

бұқараның арасына халық ақындары арқылы да таралғандығын, қазақ халқы да Пушкинді өзінің тума ақынындай сүйіп жырлағандығын “Евгений Онегиннің” халықтық варианттары толық дәлелдейді” [1, 272].

Зерттеуші халық ақыны Қуат Терібаевтың “Онегин мен Татьянаның әңгімелері” жырынан мынадай үзінді келтірген:

Орыста жазушы өткен Пушкин атты,
Өнерге ғылым-білім кәмәләтті.
Жан сырын әр нәрсенің оймен білген,
Ақылға Апылатондай парасатты.
Айырып қара қылды оймен білген,
Қарамас хан, қараға әділетті...
Кітабын оқығанда ғибрат алып,
Бір сөзін тындаған жан мың құмартты

(“Социалистік Қазақстан” 12.04.1936 ж. А.С.Пушкин. Тандамалы шығармалары, II т. 241- бет) [1, 272].

Халық ақыны Сапарғали Әлімбетовтің жырлауынан жазып алынған “Татьяна” жырынан мынадай үзінді берілген:

Әділ көпшіл, көсем, жайдары, ашық
Адамға алыс-жақын мархабатты.
Қырмызы қызыл жібек, кең мінезді,
Жылы жүз, жұмсақ мінез балдан тәтті.
Сөйлейтін Пушкин ерден аз мәселе,
Пушкиндей жан тумайды сөзге дана. (Сонда, 253-254 беттер).

Зерттеуші қазақтың ақындық поэзиясы тұлғаларының шығармашылығындағы орыс классикалық әдебиеті үлгілерін жырлауына ұлттық сөз өнеріндегі айрықша ерекшелік тұлғасында баға берген. Аталған ақындар жырлаған нәзирагөйлік-аудармалық нұсқалардың халық арасына таралуын (Байболов Есімнің Шарипов деген кісіден жазып алуы, Есенсары Құнанбаевтың Әсет ақыннан естіп жаттауы, Әріп ақынның да аударғаны туралы мәліметтер, т.б.) да, әр ақын нұсқаларындағы идеялық-композициялық ерекшеліктерді де саралап көрсетеді. Қазақтың ақындық поэзиясы өкілдерінің басты кейіпкерді даралаудағы, мінездеудегі қолданған көркемдік шешімдерінің ұлттық сипатын да атап көрсеткен:

“...қазақ ақындары Татьянаны “Тәтіш” “Нұр Тәтіш” “Жан Тәтіш” деп қазақ ұғымына жақындатып сүйіп жырлайды, қазақ ақындары Татьянаны сүймеген ерінің құшағына қалдыруға қимай, оның басындағы қайғылы арманын ауырлату үшін, ерін де, Онегинді де өлтіреді. Ал, Сапарғали вариантында қыз да өледі. Сөйтіп, “Евгений Онегин” поэмасында қазақ ақындары ұлы Пушкиннің негізгі творчестволық идеясын толық сақтай отырып, қазақ халқына Онегин мен

Татьянаның сүйкімді өмірін, кіршіксіз таза махаббатын, айнымас достығын, басынан өткен өкінішті армандарын, қайғылы сырларын, зор адамгершілік, білімділік мінез-құлықтарын үлгі етіп ұсынады” [1, 284].

Профессор Е.Исмайылов қазақтың ақындық поэзиясындағы классикалық әдебиет үлгілерінің осындай әдеби ықпалдастық аясында өрістеуінде аталған тұлғалардан басқа көрнекті ақындардың (Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы, Иса Байзақұлы, т.б.) лирикалық және эпикалық сарындар тұтастығындағы шығармалар жазу поэтикасын игеруіне де баға берген. Шынында да, Абай және оның ақындық айналасы меңгерген әлемдік әдебиеттегі классикалық үрдістерді игеру арқылы қазақ даласының барлық аймақтарындағы дәстүрлі ақындық поэзияға да, кәсіби жазбаша әдебиетке де зор серпіліс, көркемдік шеберлікті жетілдірудегі ілгерілеулер байқалды. Лирикалық және эпикалық шығармалардағы лирикалық қаһармандардың (яки кейіпкерлердің), эпикалық әдеби тұлғалардың іс-әрекеттері, мінез-құлық психологиясындағы ішкі жан дүние айқындала бейнеленеді. Романтизм мен реализм көркемдік әдістері тұтастығы аясында жырланған поэзиялық туындыларда идеялық желібағдар, поэтикалық көркемдік түйіндеу, стильдік мәнер-машық, өлшем-өрім жүйелілігі бәрі де әдеби ықпалдастықтардың әсерін аңғартады.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бірінші жартысындағы қазақтың ақындық поэзиясында халық ортасына танымал болған тұлғалар Оңғар Дырқайұлының, Тұрымбет Салқынбайұлының, Даңмұрын Кенжебекұлының, Молдахмет Дабылұлының шығармаларында да осы аталған әдеби ықпалдың көріністерін байқаймыз. Аталған ақындардың лирикалық-дидактикалық өлеңдерінің, айтыстарының, дастандарынан қазақ әдебиетінде жүріп жатқан классикалық үрдістер ықпалын шығармашылықпен қабылдау, өзіндік машық-мәнер қалыптастыру ерекшеліктерін танимыз. Мысалы, аталған ақындардың шығармаларын мәңгілік бағалайтын тыңдаушыларына, оқырмандарына болжалды сеніммен жыр арнайтын дәстүрінің өзара үндестігі анық байқалады. А.С.Пушкиннің “Ескерткіш” атты өлеңінің идеялық-композициялық жемісіндегі лирикалық қаһарманның авторлық көзқараспен жырлануы жалпы әлемдік ақындар поэзиясындағы осындай поэтикалық сарындастықты, үндестікті анық аңғартады:

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суын білмес.
Асқақтап Александр мұнарасынан,
Жоғары оқшау шығып, тұрар дербес.
Жоқ, өлшеп – жаным жасар өлеңімде,
Шірімей, жасаңғырар дөңем мүлде.
Бар болса жалғыз ақын ой астында,
Ардақтап қасиеттер мені әр күнде.
Дыбысым ұлы Россияға кетер жалпак,

Тіл біткен жүрер менің атымды атап.
Славян елдерінің өр ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалпақ.
Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім,
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,
Марқабат фақырларға тілегемін.
Уа, муза, құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықта жәбірлеуден, тілеме атақ.
Мақтауды жаламенен тыңда салқын,
Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ [2, 333].

Сөз арқауындағы Оңғар Дырқайұлының “Алқалап келген әлжумет” “Ерлерім сөйле дегесін” “Өзім туралы” Тұрымбет Салқынбайұлының “Шат көңілден” “Талайды таңырқатқан жырау едім” “Өмір нұры” топтамасы (“Бірінші өлең” “Екінші өлең” “Үшінші өлең”), Молдахмет Дабылұлының “Толғау жыр”, “Халқыма қалтқысыз еттім қызмет” “Жыр таңдаушы жасқа”, “Өлеңмен өзім айттым өз жайымды”, “Серлеу жыр”, “Тыңдаушыға наз” “Көрұғлыны жырладым”, “Шақырамын жарысқа” “Өлеңді қастерлейік, жас ұрпақтар!” атты өлеңдері – классикалық әдеби дәстүрге сай жырланған шығармалар.

Ақындар – халыққа, адамзатқа арналған рухани қызметі арқылы үнемі шығармашылық шабытпен қуаттанатын айрықша тұлғалар. Шығармашылық өнерінің халыққа, адамзатқа мәңгілік рухани азық болатын қызметін анық сезінген ақындардың сол көңіл-күй толғаныстарын, тебіреністерін арнаулы жырлайтыны – классикалық дәстүрлер үндестігінің айқын көрсеткіші. Ақындарымыздың аталған азаматтық сарындағы лирикалық-эстетикалық тәрбие беретін аса мәртебелі қайраткерлік-ұстаздық тұлғалары дараланады. Өнер туындылары арқылы авторларының, олардың туған халқының қасиеті, дүниетанымы мәңгілік сақталатыны айқындалады. Ақындардың өзінің шығармашылық тағдыры туралы толғаныстары арқылы адамзат тарихындағы тектес, тағдырлас тұлғалардың уақыт пен кеңістіктегі тарихи келбеті, ұрпақтар жалғастығы, өнердің эстетикалық күдіреті бағаланады. Мысалы, Молдахмет Дабылұлының “Өлеңді қастерлейік, жас ұрпақтар!” атты шығармасында лирикалық қаһарман-ақын мен оның шығармашылық ортасының арғы-бергі тарихындағы тұлғалар (Жүсіп Ешниязұлы, Жүсіп Кәдірбергеліұлы, Омар Шораяқұлы, Даңмұрын Кенжебекұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы т.б.) тағылымы – бәрі де сөз өнерінің халықтық-эстетикалық ұлағаты рухымен бағаланған. Лирикалық қаһарман-ақын сөз өнерін кие тұтқан халықтық дүниетанымға тән өткенді, бүгінді, болашақты жалғастыратын көңіл бағалауларын бейнелі өрілімді жолдармен өрнектей төгеді:

...Иә, бұл кез заман еді дүрілдеген,
Өлеңмен елдің ерні күбірлеген.
Атақты Сырдың ақын сүлейлері,
Қозатын жүйріктердің дүбірімен.

...Халқының еді бұлар бұлбұлдары,
Көтерген қошеметтеп елдің бәрі.
Аузынан шыққан сөзін жаттап алып,
Беретін топқа жырлап ұл-қыздары.

Ақынын Сырдың бойы әлпештеген,
Сөзінен нәр алатын мәні терең.
Бірінен бірі озған сүлейлердің,
Болатын тасқын судай шабысы ерен [3, 127-130].

Ақындар – сөз өнері жолындағы кейінгі толқынның өнеге алатын тұлғалары. Әлем әдебиеттеріндегі классикалық көркемдік үрдістерді қалыптастырған көрнекті тұлғалар (Әбунәсір Әл-Фараби, Хакім Абай, А.С.Пушкин, т.б.) мұраларының келер ұрпақтарға жетуі, ұмытылмауы тектес өнер үлгілеріндегі сабақтастықтар, үндестіктер арқылы жалғасатыны ақиқат. Қазақтың ақындық поэзиясы да осындай дәстүрлі көркемдік үндестіктердің жалғасуы жүйесінде ұлттық және жалпыадамзаттық сипатын тереңдете байыта дамып келеді. Бұл – қазақ әдебиетінің әлем өркениетіндегі өзіндік орнын, тұғырын мәңгі айқындап тұратын көрсеткіші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исмайылов Е. Ақындар: Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы монография. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956 – 342 б.
2. Пушкин А.С. Шығармалар. Төрт томдық. Алматы: ҚМКӘБ, 1953. – 1 т.- 364 б.
3. Дабылұлы М. Өлең-толғаулар, айтыстар мен дастандар. – Алматы: Арыс, 2005. – 194 б.

ІІІ СЕКЦИЈА

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ

Дәулетбекова Ж.

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ САПАЛАРЫ

Сөз мәдениетінің аса маңызды бөлігі оның қатысымдық қыры болып табылады. Өйткені мұнда сөйлеушінің білімінің білікке ауысатын дағдылары айқын танылады.

А.Байтұрсынұлы көркем сөздің ішкі және сыртқы сындары болатынын тұжырымдай келе, “сөйлеуші тілінің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін, көрнектілігін, әуезділігін, өрнектілігін” тысқы сындар деп көрсетеді (1, 151). Бұл талаптар сөз мәдениеті тұрғысынан қарағанда, оның қатысымдық сапаларымен толық үндеседі.

Ғалым Н.Уәлиев зерттеу еңбегінде сөз мәдениетінің нормативтік аспектісі мен қатысымдық қырының өзара бірлігін былайша тұжырымдайды: “Сөз мәдениеті дегеніміз қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз, оның әр қилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл, тиімді қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді” (2,14). Бұл пікірлер сөз мәдениеті ұғымының аясына енетін бір-бірімен тығыз сабақтасып жатқан тілдік мәселелердің екі бөліктен тұратынын пайымдауға негіз болады. Яғни сөз мәдениеті, бірінші кезекте, әдеби тіл нормаларымен сабақтасады да, екінші кезекте, сөйлеу шеберлігі деңгейіне қатысты мәселелерді қамтиды.

Н.Уәлиев сөз нормаларын сақтап дұрыс сөйлеуді тіл жатықтығы деп белгілейді де, ал сөйлеушінің өз ойын әсерлі, белгілі бір мақсатқа сай талғампаздықпен жұмсауын сөз шеберлігі деп атайды.

Сөз шеберлігі – сөз мәдениетінің шыңы деген түйін жасаған ғалым “осы шыңға жеткенде ғана сөйлеуші сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі, т.б. тәрізді сапалармен тыңдаушысын баурап алып отыратынын” нақтылай түседі (2, 14).

“Сөз – ой өрнегінің мағыналық бөлшектері. Сондықтан қарапайым ой қаңқасы да, айқын ойдың көріктеу бояуы да сөздер дәлдігімен өлшенеді. Бұлдыр ойдың сөздері күнгірт, алыстағы сағым сияқты болады. Сөз дәлдігі – ой дәлдігі” (3, 12). Сондықтан сөйлеушінің айтайын деген мәселесін алдымен өзінің анық білуі, сол ойын жеткізудің жүйесін дұрыс құра алуы нәтижесінде ғана ол ой-пікірін білдіруге қажетті сөздерді талғай алады. Сөз дәлдігі – “зат” пен “сөз” арасындағы байланысты жете танумен тікелей байланысты. Қазақ

тіліндегі синонимдердің молдығы, бір жағынан, сөйлеушінің талғампаздығын дамытса, екінші жағынан, ол үшін қиындық тудыруы да әбден мүмкін. Соған орай оқушыны ойын дәл айта білуге дағдыландыруда синонимдермен жұмыс, мәтіндерді редакциялату секілді тапсырмаларды орындатудың тиімділігі елеулі орын алады.

Сөз сапасының келесі бір талабы – сөз дәлдігі. “Тіл дәлдігі – сөз мағынасының ойлаған ұғымға сәйкес келуі,” дейді Ахмет Байтұрсынов (1,182). Ал ой бірнеше сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер арқылы білдірілетіндіктен, сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің ішкі байланыстарын да жете білудің маңызы үлкен. Өйткені “сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді” (4, 4).

“Әдетте ойы айқын кісінің сөзі де анық, дәл болады. Ойы таяз, пікірі күңгірт кісінің сөзі де берекесіз болады. Осыған қарап сөйлеу де ұшу сияқты демекпіз. Ұшудың да ұшуы бар: қыран да ұшады, шыбын да ұшады. Сөйлеудің де сөйлеуі бар: шешен көмекейі бүлкілдеп, көсіле, біліп сөйлейді, ойсыз адам кібіртіктеп, күңгірт сөйлейді. Мәдениетті, білімді азаматтар ана тілінің қыраны сияқты биікке самғайды,”- деп тіл мәдениетін зерттеуші-ғалым М.Балақаев сәтті салыстырулар жасайды (3,116). Шешеннің дәл сөйлей алуының тек шешендік қана емес, алдымен адамдық қасиетінің бір қыры ретінде танылатынын бекітетін бұл ойлар сөз дәлдігінің рөлін арттыра түседі.

Көне дәуірдің өзінде-ақ шешеннің сөз дәлдігінің маңызы ерекше бағаланған. Ол туралы Цицерон: “Сөйлеу сөз болатын нәрсені білуден туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы - бекершілік, балалық тырбаныс” дейді. Бұл ойды одан әрі тереңдететін пікірлерді сөз өнерінің хас шеберлерінің әрқайсысының да тұжырымдарынан табуға болады. Мысалы, Н.Г Чернышевский “айқын түсінбегенді айқын айта алмайсың: сөйлемдердің дәл еместігі мен шатысушылығы тек ой шатысушылығын ғана көрсетеді,”- деп түйіндесе, Д.И.Писарев “ойдағы қателік сөздегі қателікті тудырады, сөздегі қателік істегі қателікті тудырады”, деп адам өміріндегі сөз бен істің бірлігінің мәнін тереңдете ашады. Ал М.Монтель кей кезде өзінің сөйлеу деңгейін жете бағалай алмайтын, сөз мәдениетінің төмендігін мойындай алмайтын адамдар туралы: “Басымда ойым көп, бірақ шешен болмағандықтан, оларды айтып бере алмаймын дейтін адам - өзін-өзі түсініп алмаған адам”. - деп ащы шындықтың бетін ашады.

Сөйлеу мен ойлаудың бірлігі жөніндегі ғылыми пайымдамаларды бекіте түсетін дәйекті сөздердің мазмұнында көп сөзділіктің аржағында шымыр ойдың жоқтығы тұратынын бағамдауға болады. П.Буастың: “шалқыған ойы болмаған адамдардың лепірме сөзге үйір келетіні” ал Ф.Ларошфуконның “көсіліп жақсы сөйлеу тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды жақсы сөйлеу даналықтың белгісі” екендігі туралы ойлары да сөз дәлдігінің ой дәлдігімен тығыз байланысын көрсетеді. Осы ойларды қазақ сөз өнерінің теориясын

зерттеген ғалым З.Қабдолов: “аз біліп көп сөйлеген мылжың, көп біліп дөп сөйлеген шешен,”- деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндейді. Сөз дәлдігінің айрықша маңыз алатынын Цицеронның: “Шешеннің ең ұлы қасиеті - қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау,”- деген сөзінен асып айту мүмкін емес. Олай болса, сөз дәлдігі “ой айқындығынан туатын, сөйлеушінің өз пәнін жетік білуін қажет ететін, сөздерді қолдану, байланыстыру тәсілдерін сәтті пайдалану арқылы жүзеге асырылатын сөз мәдениетінің ерекше көрінісі” (5, 32) болып шығады.

Сөз мағынасын тап басып, өз орнында қолдана білуде орын алатын олқылықтарды саралай келе Р.Сыздықова оларды былайша топтастырады:

- сөз мағыналарын түсінбей, орынсыз жерде жұмсау (майталман сауыншы);

ғасырлар бойы қалыптасқан тіркестің қосақтарын жөнсіз ажырату (асқар телемұнара);

о баста бірер тіркесте сәтті шыққан кейбір сөздерді оңды-солды келтіріп, жауыр ету (торқалы той);

қалың көпшілікке түсініксіз сөздерді молынан келтіру (шеру тарту);

көне сөздерді түсінбей қолдану (кебенек);

- тілден шығып қалған сөздерді қайта тықпалау (сүрен бастау);

қажетсіз тұста жаңа сөз жасау немесе қажеті бар жерде жасалған жаңа сөздің сәтсіз болуы (деректі һикая);

штампқа бой алдыру ;

сөздің жалтырауықтығына үйірсектік... (6, 78)

Сөз дәлдігі сөйлеушінің өз ойын дұрыс құрауы үшін негізгі талап болса, оның сөзінің тыңдаушыға жетуінің басты кепілі - сөздің түсінікті болуы. Әлбетте, сөз дәлдігі сөз түсініктілігін де қоса қамтиды, бірақ оның өзінің де ерекше белгілері мен орындалу шарттары бар. Сөз түсініктілігі айтушының алдымен өз тыңдаушысы туралы хабардар болуын қажет етеді. Сөз мәдениетінің басты шарттарының бірі сөйлеушінің кімге сөйлейтінін алдын-ала білуі болса, дәл осы тұста оның өз ойын тек дәл жеткізудің жолдарын ғана емес, оны қалай құрудың амал-тәсілдерін меңгеруі де айтарлықтай рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл орайда сөйлеушінің “кімге сөйлеймін?” деген сұраққа жауап іздеуі қажет. Тыңдаушының әлеуметтік жағдайы, жасы, жынысы, өзара қарым-қатынастары, білімі, т.б. факторлар ескерілгенде ғана сөз түсініктілігіне жол ашылмақ. “Білім -тұл, тілден шығып есілмесе,”- дейді Жүсіп Баласағұн. Бұл адам қандай білімпаз, ғұлама болса да, ол өз сөзін өзгелер түсінетіндей етіп айта алмаса, оның білімінің ешқандай маңызы жоқтығын дәлелдейді. Аристотель де “шешен айтқан сөзін өзі қалай түсінсе, тыңдаушылар да оны солай түсінуі керектігін негізгі талаптың бірі деп санайды. Бұл шешен сөзінің орынды жерде орнықты айтылуымен байланысты екендігін дәлелдейді. Ол үшін сөйлеуші сөздік құрамдағы сөздердің табиғатын тани алуы керек. Яғни ол жалпылама қолданылатын сөздер мен қолданылу аймағы шектеулі сөздердің ерекшелігін,

олардың сөз мәдениетімен сабақтастығын ажырата алуы қажет. Л.А.Введенская, Л.Г.Павлова, Е.Ю.Кашаевалар қолданылу аймағы шектеулі сөздер қатарына кәсіби сөздерді, диалектілерді, жаргондарды, терминдерді, басқа тілден енген сөздерді жатқыза отырып, олардың сөз әсерлілігіне, тиімділігіне тигізетін ықпалын әр қырынан қарастырады. Бұл сөйлеушінің тіл байлығымен тығыз ұштасып жатыр. Олай болса, сөз мәдениетінің қатысымдық сапасына тиесілі бұл талап сөйлеушінің лексикалық нормаларды білуіне тікелей қатысты екені даусыз. Ендеше, “лексиканы тіл мәдениеті тұрғысынан әңгімелеуде екі ұдай мәселе туады: бірі – сөзді жалпы дұрыс қолдану; екіншісі – сөзді әсем қолдану. Алдыңғысында сөздің нейтралдық қызметі, соңғыда сөздің көркемдік қызметін аламыз. Әдеби норма – тіл элементтерінің өз орнында дұрыс жұмсалыуымен байланысты” (7, 24) болса, қатысымдық сапа сөйлеушінің сол сөздерді өз мақсатына сәйкес жұмсай білуінен көрінеді. Әсіресе, қолданылуы шектеулі сөздерді жұмсауда сөйлеушінің тілдік талғамы ғана емес, оның тілдік біліктілігі де айқын көрінеді.

Сөз сапасының келесі бір бөлігін құрайтын сөз тазалығы адамның ой тазалығын да, оның жалпы тілдесімге деген биік жауапкершілігін де танытады. Өйткені тілді шұбарламай сөйлеу ең алдымен оның сол тілге деген құрметінен туындайды. Ойдағы алалық қана тілдегі алалыққа әкеледі. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы: “ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламауды тіл тазалығының белгісі деп қарастырады және тіл тазалығы тіл анықтығын тудыратынын, яғни айтылған лебіздің ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмеуіне әсер ететінін бағамдайды” (1, 180). Жалпы, сөз тазалығын екі тұрғыда қарастыруға болады. Біріншіден, тілдесімде бөтен сөздердің қолданылуы жағынан; екіншіден, сөйлеуде басы артық сөздер мен оқшау сөздерді, сөз тіркестерінің кірістірілуі жағынан сөз тазалығына нұқсан келуі мүмкін. Шындығында әлемде бөтен сөз араласпаған, шеттен сөз қабылдамаған бірде-бір тіл жоқ. Мәселе сол сөздердің дұрыс, орынды қолданылуына байланысты болып отыр. Сөз байлығы мен тазалығына қатысты В.Г.Белинский былай дейді: “Орыс әдебиетінің әр дәуірінде шет сөз ағыл-тегіл болып еніп отырады; біздің дәуір де ол салттан арыла алған жоқ. Бұл қалып жуырда жойыла қоймайды: бөтен жерде туған идея бізге келгенде бөтен сөзді ертіп ала келеді. Дегенмен, ілгері басқан сайын шет сөздің тасқыны азая береді, себебі біз осы күнге дейін жат ұғымды тобымен қабылдап келдік. Еуропамен жақындасуда табысқа жеткен сайын бізде жат ұғымның қоры сарқыла береді, Еуропаның өзіне жаңа көрінетін ұғым ғана бізге жаңа болып табылатын жағдай туады. Сонда шет сөзді пайдалану да біркелкі, баяу қарқынға түседі. Себебі біз онда Еуропадан кейін жүрмейміз, онымен қатар жүреміз. Тілдің тағдыры жеке адамның бұрмалауына көнбейді. Тілдің сенімді, азбас сақшысы бар; ол сақшы – тілдің тума рухы, табиғаты, тума данышпандығы. Сондықтан да шеттен енген сөздің көбі өзінен өзі жоғалып, азы ғана өмір сүріп қалады. Жаңадан енген орыс сөздері де сол заңға бағынады: біразы кірігіп, іске асады, қалғандары

жоғалады. Жат ұғымды атау үшін олақ жасалған орыс сөзі шет сөзден тиімді емес, қайта әлдеқайда жаман” (7, 127). Дәл осындай жай қазіргі қазақ тілінің де басынан кешірілуде. Жаһандану жағдайындағы алыс-жақын шет елдермен алыс-берістің тым артуы, әсіресе, тілдік қорға үлкен салмақ салуда. Күнделікті БАҚ-тардағы, сан алуан жарнамалардағы “шұбар тіл” мектеп балаларының санасына сіңбей қалмайды. Халел Досмұхамедұлы “мектеп пен баспа тілі түзелмесе, мемлекеттің тілі түзелмейтінін” айтқан болатын. Ендеше, бүгінгі шұбар тіл ана тіліміздің ертеңгі тағдырына қалай әсер ететінін бағамдау қиын емес. Сол ағылып келіп жатқан сөздердің тек терминдер емес, күнделікті тұрмыстағы қолданылатын атаулардың өзімізде бұрыннан бар сөздердің өзін ығыстырып бара жатқаны да шындық. Мәселе сол сөздердің ішінен өзімізге қажеттілерін іріктеп ала алатын талғамның қалыптасуында. Осы орайда бүгінгі мектеп оқушыларының ғана емес, жалпы қоғамдық сипат алып бара жатқан келеңсіз үрдістің бірі – сөйлеу тілінде кірме сөздердің, оның ішінде макоронизм деп аталатын бөгде тілдік элементтердің жиі қолданылуы. Бұлар көркем шығармада “кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім-тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектескенмен,” (6, 38) осы құбылыстың тым кең етек алуы тілдің мәдениетін төмендетумен бірге жастардың ойлау қабілетіне де кеселін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан сөз мәдениетінің арнайы пән ретінде оқытылуы жас буынды осы тілдік кеселден сақтауға бірден-бір жол ашатын маңызды жол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. А., 1995.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. А., 1984.
3. Балақаев М. Әдеби тіл және көркем әдебиет// Жазушы және сөз мәдениеті. А., 1974.
4. Ғ.Мүсірепов. Бес томдық шығармалар жинағы. Суреткер парызы. А., Жазушы, 1975.
5. С.Негимов. Шешендік өнер. А., 2000.
6. Сыздық Р. Сөз саралау мәдениеті//Сөз өнері. А.,1978.
7. В.Г.Белинский.Таңдамалы шығармалары. 1-кітап. А.,Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1948.

Сәтбекова А.

ЖОБАЛАУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ САПАЛЫЛЫҒЫ


Орыс тілді аудиторияларда қазақ тілін жобалау әдісі арқылы оқыту барысында студенттердің қазақ тілін меңгеру процесін адам іс-әрекетінің маңызды бір саласы ретінде қарастырудың орны ерекше. Қазақ тілін

менгеру барысы жаңа оқыту технологиясы тұрғысынан алғанда, оқытушы мен студенттердің тіл үйренудегі біріккен танымдық қызметі ретінде анықталады. Адам іс-әрекетінің барлық түрі сияқты, қазақ тілін менгеру барысы да студенттердің алдына белгілі бір мақсат қоюын, белгілі бір жүйеге негізделген оқу процесі ұйымдастырылуын және белгілі бір нәтижеге бағытталуын талап та етеді, қажет те етеді. Ал жалпы алғанда, қазақ тілін өзге тілді аудиторияларда оқыту барысында тек оқытушы мен студенттер ғана қатысады деу жеткіліксіз болады. Өйткені студенттерге қазақ тілінен сапалы білім беру үшін, мемлекеттік стандарт, оқу бағдарламасы, типтік бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдары даярланады, яғни осыны даярлайтын адамдар ұжымы немесе тобы әрбір жекелеген қазақ тілі сабағының сапалы болуына жауапкершілікте болады. Осы айтқандарымызды жобалау технологиясымен байланыстыра қарайтын болсақ, №1 сызба ойымызды айқын танытар еді.

Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуға байланысты жүргізілген үлкен зерттеулерді талдау барысында олардың, негізінен дерлік, жекелеген әдістемелерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан терең зерттеуге бағытталғандығын көреміз. Ал М.Р.Қондыбаеваның қазақ бөлімдеріне орыс тілін тіл мәдениеті мен шешендік теориясы тұрғысынан оқытуды зерттеген еңбегінде [1], Қ.Қ.Қадашеваның қазақ тілін деңгейлік оқыту барысын тұтас жүйе ретінде қарастырғаны [2] және қазақ мектептерінде қазақ тілі синтаксисін оқытуға байланысты жүргізілген Н.Ж.Құрманованың зерттеулерінде дамыта оқыту технологиясы жүйе ретінде қарастырылғаны анықталды [3].

Біз де жобалау технологиясын жүйе ретінде қарастырамыз. Бірақ біздің тарапымыздан алдыңғы зерттеулерге қарағанда енгізілетін өзгешелік – қазақ тілін сапалы оқытуды басты бағыт ете отырып, сол бағытқа бастайтын тиімді жол ретінде жобалау технологиясын ұстануымыз деп ойлаймыз. Осымен бірге, біз қарастырып отырған технология жүйесіне алдыңғы еңбектердегідей тек оқу-дидактикалық құралдар енгізіліп қоймайды. Ең бастысы, қазақ тілін орыс бөлімі студенттеріне сапалы оқытуға қатысты, сапалылық критерийлеріне жетуге мүмкіндік беретін оқу-оқыту персоналдарының қызметтері де біздің оқыту жүйеміздің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады. Қазақ тілін сапалы оқытуға байланысты бұл пікірлеріміз алғашқыда механистік көшірме сияқты қабылдануы мүмкін. Бірақ, жобалау технологиясы арқылы қазақ тілін сапалы менгерту мақсатына жетуде мұндай жолдың маңыздылығы еш күмән туғызбайды деп ойлаймыз.

№1 сызба. Орыс бөлімдерінде қазақ тілін жобалау технологиясы арқылы сапалы оқыту мәселелері



Назар аударатын мәселе – қазақ тілін сапалы оқыту жүйесі дегенде, қазақ тілінің оқу жоспары туралы түсінік қана қалыптаспауы керек. Әрине, оқу жоспарымен тікелей байланысы бар, бірақ, жобалау технологиясы – оның жалаң көшірмесі емес.

Біздің пікірімізше, жобалау технологиясы арқылы қазақ тілін меңгерту жүйесі – өзге тілді аудитория студенттеріне қазақ тілін сапалы оқытуға арнайы мақсат қойып, соған бағытталған оқыту процесін таныта алады.

Біз қарастырып отырған оқыту технологиясының сапалылығы ондағы қазақ тілі бойынша сұрыпталатын білім мазмұны мен оқыту әдістерінің іріктелінуі неғұрлым рационалды және тиімді болуына және оқыту мерзімі

мен орнының (курс және аудиторияның техникалық жабдықталуы) өзара сәйкестікпен қолданылуына тікелей байланысты болады.

Әрине, жобалау әдісі арқылы оқыту жүйесінің құрылымын бұдан басқаша, түрлі вариантта беруге болатыны белгілі. Бірақ қалай десек те, егер алдымызға қазақ тілін сапалы оқыту мақсаты негізгі деп қойылатын болса, онда маңызды міндеттер қатарына мыналар алынуы тиіс:

біріншіден, қазақ тілінен студенттердің сапалы білім алуы;
екіншіден, қазақша тұрмыстық сөйлеу дағдыларын сапалы игеру;
үшіншіден, қазақ тілінде түрлі ситуацияларда сөйлесе алу;

- тәжірибесін аудиторияда қалыптастыру;

- төртіншіден, қазақша ғылыми стильде сөйлеу қабілетін дамыту ;

- бесіншіден, студенттің кәсіби қызметіне байланысты қазақ тілінде өз ойын анық және кең түрде жеткізе алатын өнер элементтерін меңгерту.

Бұл міндеттер түрліше комбинацияларға орналасуы мен бірізділікке түрліше түсірілуі арқылы түрліше жолмен шешілуі мүмкін. Бұл ойымызды кеңірек түсіндірейік. Мысалы, біздің көрсетуімізде біріншіден, қазақ тілінен сапалы білім алуы беріліп отыр. Ал егер оқытушы басқа комбинацияға түсіретін болса, онда бірінші орынға біз үшінші етіп көрсетіп отырған студенттің қазақы тілдік ортада үйренген тілдік тәжірибесін актуалдандырудан бастауы мүмкін. Көрсетілген бес элементтің өзін комбинациялық орын ауыстыратын болса, онда мұғалімнің әдістер жүйесінің қоржыны бай болатыны сөзсіз.

Жобалау технологиясының сапалы білім берудегі сенімділігі, сонымен қатар, студенттің жеке басының ізденімпаздық қабілетінің ерекше дамуымен байланысты анықтала түседі. Жобаны орындау барысында студенттің қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы яғни, саналы түрде жүріп отырады. Жобаны орындау процесінде студенттің ерік-жігері, тілдік қабілет ресурстары, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі [4].

Қазақ тілінде жинақталған лексикалық қорды жобаға байланысты студент біртіндеп бірізділікке түсіреді, жоспар құрады, оған соң өзінің жобасын қорғау барысында сөйлейтін сөзін даярлайды, мұның барлығы қазақ тілінің саналылық деңгейінде теңгерілуіне аса қажетті деп саналатын тиімді әдістер болып табылады. Студенттердің қазақша кәсіби және саналылығы қалыптасуын төмендегі сызба түрінде көрсетуге болады.

№ 2 сызба



Мұнда “Студенттің қазақша кәсіби сөйлеу тілі” сегіз қырлы фигурамен әдейі алынып отырғанына назар аударамыз. Қазақша еркін сөйлейтін, “сегіз қырлы, бір сырлы” маман даярлау- қазақ тілі пәнінің де мақсат міндеттеріне енетіні белгілі. Сондықтан бұл фигура арнайы символ түрінде де алынып отыр. Ал екі жақтағы бес қырлы фигуралардың алынуы- екі қолдың бес саусағындай болуын көздегенде, ал оның өзі болса “қазақ тілін бес саусағындай меңгерген студент моделі” деген ұғымнан туындап отырғанын атап кетеміз.

Біз студентті дәстүрлі педагогикадағыдай тек болашақ маман ретінде ғана дамуды көздемейміз. Студент жоғары оқу орнында оқуы барысында тек білім қоржынын ғана алып шықпайды, онымен бірге студент өмір сүрудің түрлі әдістері мен тәсілдерін де меңгеруі керек. Сондай күрделі процестің бетімен жіберілмей, арнайы ұйымдастырылған оқу-тәрбиелік мақсат-міндеттері біте қайнасқан жүйеде, яғни оқыту технологиясы жүйесінде басқарылуы – адам өмірінің құндылығын ескеруден және бос уақыт кетірмей, адамзат жинақтаған тиімді әдістердің аз уақытта меңгерту арқылы маман, жақсы адам қалыптастыруды көздеген гуманистік идеясынан туындап жатыр.

Ойымызды жобалау технологиясы арқылы қазақ тілін сапалы оқытудың ерекше ұстанымдары ретінде мыналарды атап кетумен жинақтағымыз келеді:

- Бірінші-қазақ тілінен алынған білім мазмұнының құндылық ретінде игертілу ұстанымы;

- Екінші- студенттің жеке басының ерекшелігін ескертетін жобалау әдісінің тиімділігі ұстанымы;

Студенттің жеке басының ізденімпаздығы мен нақты шешім жасауда аса маңызды болып табылатын ұжымдық іс-әрекет ұстанымы;

Қазақ тілін оқытудың сапалылығын жетілдіріп, дер кезінде өзгертіп, жаңа жағдайларға бейімдеп отыруға мүмкіндік беретін регуляция ұстанымы.

Қазақ тілін сапалы оқытуда таңдалатын оқыту технологиясының тиімділігін анықтау- басты міндет болуы шарт. Қай оқыту технологиясы болса да студенттің жеке басы мен тұлғалық қасиетін дамытуға арналуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қондыбаева М.Р. Научно-методические основы формирования культуры речи двуязычного учителя. Дис.док.пед. наук. – Алматы, 1996. 300 с.

2. Қадашева Қ.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Астана, 2005.

3. Құрманова Н. Қазақ мектептерінде сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясы. - Ақтөбе, 2004.

4. Блауберг И.В., Мирский Э.М., Садовский В.И. Системный подход и системный анализ //Системные исследования. Методологические проблемы: Ежегодник. М., 1982.

Сауырбаева Қ.

ЕЛДЕС ОМАРҰЛЫНЫҢ ТӨЛТУМА САЛАЛЫҚ ТЕРМИНДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Болашақ жас ұрпақтың санасын улайтын жат тілдің ықпалынан құтқарып, ана сүтімен дарыған туған тілінде білім нәрімен сусындатуға Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаштың ардақ тұтқан азаматтары ат салысты. Солардың қатарында Елдес Омарұлының бұл салада тындырған шаруасы ұшаң-теңіз. Ол қазақ тілінің ғылыми пән ретінде өзінің төлтума атауларын қалыптастыруға, ереже, қағидаларын заңдастыруға бар саналы ғұмырын арнады. Тәжірибе жұмысы мен теориялық тұжырымдарын ұштастыра білген ғалым ұлттық ғылымның дамуына өлшеусіз үлес қосты. Соның ішінде ана тілінде оқытатын жаратылыстану ғылымы саласындағы оқу құралдары мүлдем жоқ болатын. Міне, осы зәрулікті ойдағыдай шешу үшін біліммен бірге ана тілінің қыр-сырын терең меңгерген зерделілік пен ғылыми таным өресінің биік болуын талап етті. Осындай қабілеттің бәрі Елдес Омарұлының бойынан табылды.

“Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де, келістіріп істейді” [1] деп жазған жанашыл-ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы

ұлтты тәрбиелейтін оқу құралына аса жоғары мән беріп, биік талап пен талғам үдесінен шығуды мұрат тұтты. Ұлы ұстаздың ұранға айналған қағидалы пікірі қазақ қоғамына жөн сілтеп, бағыт-бағдар берді. Қазақтың ел болып, еңсе көтеруі үшін көп білімнің, сан-салалы білімнің керектігі басы ашық әңгіме еді. Сол сан-салалы білімнің өзіне лайықты ерекшелігі мен салалық ұғым-танымын білдіретін арнайы атаусөзі қалыптаспаса ғылым ретінде жүйелі дамымасы аян. Елдес Омарұлы ана тіліндегі қоғамдық және жаратылыстану ғылымы саласындағы ілкі оқулықтар мен зерттеу жұмыстарының авторларының бірі екендігі күні бүгінге дейін көпшілік қауымға беймәлім. Қашанда жаңа істі бастап, негізін салудың қиын екендігі түсінікті жәйт. Сондықтан бұл саладағы Елдес Омарұлы еңбегінің маңызына түсінік берудің өзі артық. Дегенмен ізашар ғалымның қолтаңбасынан салыстырмалы түрде ғылымға қосқан үлесі қаншалықты екені айқындалып тұрады. 1924 жылы маусым айының 16-сы күні Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде пән сөздеріне, яғни терминологияға байланысты Елдес Омарұлы жасаған баяндамасында пікірін былай сабақтайды:

“Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетүн шаралардың ең маңыздысы басба сөз. Басба сөз ісі берекелі болу үшін, басба сөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін, оны бұқара түсініп оқи алатүн болуы шарт, ол болмаса, жазылып шыққан кітеб, газет, журналдардың сөзіне ел түсінбейтүн болса, басба сөзден түк пайда болмайды.

Әрине, қазақ тілінің ғылыми атаусөзі оп-оңай қалыптаса салды деуге ауыз бармайды. Ғылыми терминологияның тіл-тілдің бәрінде қалыптасу, даму тенденциясы қоғамдық-саяси фактор мен мәдени өсуденгейіне байланысты. Мұндай тарихи процесті қазақ тілі де айналып өткен жоқ. Сондықтан дәуірдің тынысы, заман ағымының екпініне ілесіп, уақыттың қатал сынына төтеп беріп, ұлттық болмыс-бітімін жоғалтып алмай қатардан қалмау үшін қоғамдық-саяси өмірдің сұранысына дер кезінде жауап беретін ұлттың жазба дәстүрінің күрт жанданып, шұғыл арада сапалық жаңа сатыға көтеріліп, рухани жаңғырып, түлеуін қажет етті. Қауіптен қорғану шараларына саналы түрде кіріспесе орны толмайтын өкінішке соқтырып, қазақтың этникалық белгілері жұтылып, Құдайдың жаратқан нәсілі ретінде жер бетінен өшіп, тарих қойнауына кетудің қатерлі қауіпі төнді. Алаштың оқығандары осының алдын алып жалпы қазақ санасына жаңашылдықпен төңкеріс жасайтын төте жол жаппай сауаттандыру арқылы істің нәтижелі болатынына имандай сенді. “Сөз түзелді оқушым сен де түзел” (Абай) демекші қазақтың сөзін ғылыми жүйелеп, ғылым тілін жасау арқылы әрекетке көшу ойға алған істі оңайлатудың қолайлы тетігі еді. Бұл орайда 1924 жылғы маусым айында өткен Қазақ білімпаздарының құрылтайында пән сөздеріне, яки терминология тақырыбына қатысты басты баяндаманы жасауды таңдау басқа емес арнайы Елдес Омарұлына сеніп тапсырудың өзі оның бұл мәселені жан-жақты байыпты меңгерген кәсіби маман екендігінен хабар береді. Ең бастысы қазақ тілінің заңдылығы бұзылуына қайшы келмейтін қауіпсіздігін ойлаған ғалым:

“Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап қазақ тіліне сіңіп кететүн болуы үшін, оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтүн сөздер де жоқ емес; Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтүн қазақша сөз түрі жалғыз-ақ “нікі” (“дікі” “тікі”) мен жалғанып айтылатүн түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы “нікі” ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: Бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететүн сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтүн бір-сараң сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, я ол заң жоғалуға бет алған деп жору қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені ырае болса: Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ “ә” сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ “ә” болмайды.

Бұл: Үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде “Мәриә”, “Кәмілә” сықылды, соңғы буындарында жұмсақ “ә” сөздер де жоқ емес; Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері бұларға жалғау қосып өзгерткенде, бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды “Кәмілә”-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше “Кәміләге” болмайды “Кәмілаға” болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буыннан басқа жеріне жұмсақ “ә”-ні сыйдырмайтүн қасиеті болған соң: Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ “ә”-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде “ә”-ні өзгертіп я “е”, я жуан “а” қылып алу керек (“адабият” “әдебиет”).

3. Қазақша сөздерде “о”, “ұ” дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында “о”, “ұ” дыбысы бар, “бейнетқор”, “қамқор” сықылды сөздер, оның аяғында “қор” деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша “о” “ұ” дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтүн болған соң: Бас буыннан басқа буындарында “о”, “ұ”-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде “о”, “ұ”-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (Покров боқырау).

4. Қазақша сөздің аяғы “ғ”, “г”, “д” болып тынбайды, “қ” “к” “т” болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып “қ”, “к”-лер (“т” емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, “ғ” “г” болып өзгереді. “ғ” “г”, “д” дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы “ғ” “г” “д”-ларын “қ”, “к”, “т” қылып алу керек; Бұл дыбыстардың алдындағы

дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: “қ” “к”-лер “ғ” “г” болып өзгертүн болып, “г”-өзгермей сол күйінде қалатүн болуы керек; ондай сөздің аяғындағы “қ”, “к”-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатүн жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да “қ” “к”-лер өзгермейтүн болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы “ғ” “г” “д”-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург Орынбор).

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды (“қарағай”, “қар-ағай” болып үзіліп буындала алмайды); “мәселе” сықылды үзіліп буындалатүн сөздер қазақ тілінде болмайды. Жана: Бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтүн жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәсле мәселе, мүмін момын).

6. Қазақша сөздің екбіні соңғы буынында болады. Сондықтан екбіні соңғы буынынан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара Самар, Пуховый Бөкебай).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатүн дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек де, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек (Макка Меке, Алла Алда).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек.

Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әр қайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; Іретіне қарай мәселен ерсі “у” “п” “б” болып өзгеруі мүмкін; “х” дыбысы қазақша кейде “к” кейде “қ” болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкен.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертүн болуға тиіс.

Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балаб алу керек” [3], деген ғылыми түйін жасады. Көпшілікті толғандырған күрмеуі қиын бұл мәселеге дау айтып, пікірталас жарыссөзге шығушылар аз болған жоқ. Баяндамашыға қарсы белсенді ұсыныс, ескертпелерін білдірген Нәзір Төреқұлұлы “Қабылданған сөздерден: Білім кеңесінің пән сөзді, қалай да болса, қазақ тілінен алуды артық көретіні көрініп тұр. Пән сөзді қазақ тілінен алған дұрыс, бірақ қазақша пән сөз арналған ұғымға дәл келіп, тілге жеңіл құлаққа ерсі болмауы керек. Білім кеңесінің “дыбыс жүйесі” “сөз жүйесі” сықылды сөздері сол шарттардың бәріне де дәл келеді, мағана жағынан да, айту, естілу жағынан да кемшілігі жоқ. Пән сөздерді қазақ тілінен алу үшін, оның осы “сөз жүйесі” сықылды мінсіз болуы шарт. Олай болмай “бімбауырмалдық” сықылды мағана жағынан да қолайсыз,

айтқанда құлаққа ерсі естіліп тұратын сөздерді пән сөз қылып алудың жөні жоқ. Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жана барлық қалықтардың бәріне ортақ “ыинтернатсионал” “домоқыратиа” сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. “Абтомобил” “телеграп” сықылды текінике сөздерін де сол жалпы иаурыпаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді иаурыпадан алыстатудың пайдасы болмайды.

Ғылыми полемикадан ортақ шындық туды. Осы қағидалы пікірлерді іс жүзіне асырып, тәжірибеде қолдану, яғни білімнің ұясы мектепке зәру оқулықтардың тіліне енгізу, баспасөз бен баспа өнімдері арқылы тілдік айналысқа түсіру тың терминдік атаулардың лексикалық қорымызда орнығуына тарихи қолайлы мүмкіндік жасады. Бүгінгі күні де өзінің ғылыми маңызын жоғалтпаған идеялық ұстанымды алаш оқығандарының тақырыпқа жан-тәнін салып, қызу араласқанын ауыздан шыққан әрбір репликасынан байқауға болады. Мәселен, жоғарыдағы баяндамашы тарапынан атаусөзді қабылдаудың нақты көрсеткен жоба жосығын сынға алған Нәзірдің ұсыныс тілектеріне Халел Досмұхамедұлы өзінің қарсы уәжін былайша сабақтайды:

“Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтұн көб сөздер табылады. Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің Жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек, деуі қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтұн болуымыз керек.

Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болуы керек: Бүтін қазақ қалқы үшін жалғыз Білім кеңесі болуы керек, ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесіелер болуы керек; пән сөздер әуелі тиісті кемесіенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жарыйаланып, көптің талқысына түсуге тиіс; ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп бекіліп шығуы тиіс” [5].

Елдес Омарұлы мен Халел Досмұхамедұлының пән сөздері, яки терминжасам туралы ғылыми тұжырымдарын қуаттайтындығын Ишанғали Арабайұлы да ашық мәлімдеді. Алайда Манан Тұрғанбайұлы мәжілістің төрағасы Ишанғали Арабайұлына көтерілген мәселенің баяндамада толық қамтылмағандығын, сондықтан бұған қанағаттанбайтындығын жария етті. Бұған мәжіліс ағасы баяндамашы Елдес Омарұлының қорытынды сөзінде Мананның қанағаттанбаған мәселелеріне тоқталып, жауап беретіндігін хабарлады. Сөйтіп Елдес Омарұлы қазақ білімпаздарының құрылтайында қозғалған термин қабылдау туралы тақырыпты қорытты:

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына ерсі болмау жағын қарастыру

керек. Бұл шартқа келмеген сөз: түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да қазақша сөз болуға жарамайды” [6], деп Елдес Омарұлы ғылыми түйін жасады. Жалпы Қазақ білімпаздары құрылтайының стенограммалық мәтінімен танысқанда тіл мәдениетінің деңгейі мен әдеби нормасына деген талап пен талғам бірден назарға ілігеді. Қазақ тілін ғылыми жүйелеуге байланысты ереже, қағиданың тілдің табиғи заңдылықтарына қайшы келмеу жағын ресми мәртебелі мәжіліске қатысқан өкілдердің басым бөлігі бірауыздан мақұлдағандығын көтерілген кез келген мәселеде анық байқалып тұрады. Қазақ тілінің ғылыми негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омарұлы сынды алаштың ардақты перзенттерінің ұлт тілінің өзге жұрттың ықпал-әсерінен ада болуына айырықша көңіл бөлуі бүгінгі лингвист ғалымдарға ғибратты өнеге. Сондай-ақ, тіл тазалығын сақтауға қойылған сенімді қорған және тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы дамуына жасалған алғышарт. Әрине өмір ағымына ілесіп, ғылымның өсу қарқынына сәйкес сұранысын өтеуге жарарлық сәтті балама табылмай қалатын жайттар кездесуіне еш шек келтіруге болмайды. Ондай бірең-саран фактілер “көш жүре бара түзеледі” демекші уақыттың өзі реттеп, тиісті адекватты баламасын бейнелейтін атаумен бірте-бірте ауыстырылып отырады. Ғылым тіліне атау таңдауда құрылтайда көп айтылған “қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек” деген ұсыныс.

Алаш оқығандарының терминжасам туралы бұл ғылыми ұстанымдары олардың көздері тірісінде қоғам өміріне дендеп енгізілді. Қазақтың төл терминологиясының классикалық үлгілері ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы орын алған жаппай саяси қуғын-сүргін оқиғаларына дейін-ақ жасала бастады. Алайда қазақ оқығандарын пантүрікшілдік (пантюркизм), ұлтшылдық, алашордашылдық, пуристік ағымды қолдаушылар деген жалған айыппен нақақтан нақақ жазалаған кеңестік қызыл террор бұл үрдісті мүлдем тоқтатып тастады. Кеңестік тіл құрылысы саясаты қазақ тіліне шеттен енген ғылым мен техникаға, өнер мен білімге қатысты, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын халықаралық атаусөздерді орыс тіліндегі нұсқасы бойынша жазуды орфографиялық ережеге айналдырды. Сөйтіп алаш оқығандары ұстанған қазақ тілінің табиғатына, дыбыс жүйесіне, үндестік заңына қайшы келетін орфографиялық қағиданы әдейі күшпен тану арқылы ұлттың құралы тілін бұзып, рухани отарлауды жеделдетуді көздеді. Отандық лингвистикада түркі тілдес ұлттардың ықпалдастығына тиым салған жазылмаған заң өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарына дейін күшін жоймай сақталып келді. Бұл кеңестік дәуірдегі қызыл коммунистердің қазақ оқығандарына қарсы ұйымдастырылған жаппай қырғынынан қоғамдық санада қалып қойған үрейдің белгісі еді. Сонымен қатар мұнан ұлттық тіл білімі ғылымының деңгейі қаншалықты аласарғанын салыстырмалы түрде пайымдау қиынға соқпайды. Енді қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында терминге байланысты қабылдаған қаулысын толық келтіріп, заң күшінің ұлт тілінің рухани қуатын арттыруға тигізген әсері қаншалықты екенін бүгінгі тілдік таным деңгейімен салыстырып дәйектелік.

“1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатұн болсын. Қазақша сөзден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделінсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын;

3. Иаурыпа қалықтарының бәрінің де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын; ондай сөзге мағанасы дәл келетұн қазақтың өз сөзі болса, жалпы Иаурыпа сөзімен қазақша сөз, түбінде екеуі жалпы қалықтың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатұн болу үшін, екеуі қатар жазылып отыратұн болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің байандамада байналаб көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын;

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатұн орын, қазақша білім кеңесі, жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған, әр пәннің өзіне дербескемесіелерде тексерілетұн болсын; кемесіненің қабылдап алған сөздері баспа сөз жүзінде жарыйаланып, көбтің сынына түскеннен кейін, білім кеңесінің қарауына табысырылыб, сонан бекіб шығатұн болсын;

6. Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын” [8], деп қазақша пән сөздері, яғни терминдері туралы ғылыми тұжырым ресми заңдастырылды.

Түркі тілдерінің өзекті мәселесі хақында, соның ішінде қазақ тілінің дыбыс жүйесі, алфавит, емле, терминтаным, тіл тарихы, т.т. салалары 1926 жылы ақпанның 26-ынан наурыздың 6-сы аралығында Баку қаласында өткен Бірінші Бүкілодақтық түріктанушылар құрылтайының негізгі арқауына айналды.

“Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қиыр Күншығыстағы Жақыт сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты.

Түрікше ілімдерден академия мүшелері: Бартольд, Ольденбург, Крымский, толып жатқан жана тағы профессорлар болды. Бөтен мемлекеттерден неміс профессоры Менсель, мажар профессоры Майсереш, анатол түрік профессоры Көперлі-зада мен Құсайын-зада болды” [9]. Құрылтай жұмысына Қазақстан Академиялық орталығының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Біләл Сүлейұлы, Әзиз Байсейітұлы және Мәскеуден Нәзір Төрекұлұлы арнайы шақырылды. Осы мәртебелі ғылыми форумда Қазақстаннан барған өкілдер бірнеше мәрте қазақ тілінің ғылыми даму үрдісін баяндап, салихалы пікірлерін ортаға салды. Күллі әлемге аты мәлім тіл білімпаздарының алдында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының принципті ұстанымдары мен қағидаларына тоқталып, 1924 жылы Орынборда өткен құрылтайдың қаулысына сәйкес терминтаным мәселесіне байыпты талдау жасап, ғылыми түсінік берді.

Алайда алаш оқығандары арасында шеттен енген кірме сөздерді, терминдік атауларды қаншалықты таным-талғаммен аударып қабылдаса да тәжірибеде бәрі бірдей сәтті болған жоқ, адекватты дәлме-дәл баламасын беруде олқылықтар кездесті. Олай болуы заңды да еді. “Паровоз” дегенді түр-түсіне, ақырған дауысына қарап, кара айғыр, поезды отпен жүруіне қарап, отарба деп, велосипедті жылдамдығына қарап, шайтан-арба деп, өзінше атау іздеп бақты. Бірақ мұндай алғашқы тәжірибе “термин” деген ұғымның үддесінен шыға алмады. Бұл үрдіске “Пуризм” деген “айдар” тағылып, көптеген қазақ зиялылары осы “шығармашылығы” үшін кезінде таяқ жеп, арамыздан аласталды. Осы кезде алғашқы тәжірибемен (дұрысы тәжірибесіздікпен) қатар ана тіліміздің өз мүмкіншілігінен пайдаланып, ғылыми атау-термин жасауға болатындығын іс жүзінде өз өнегесімен дәлелдеген Ахмет Байтұрсынов пен оның біраз замандастары болды” [12], дейді академик Ә.Қайдаров. Ғалымның бұл пікірімен біздің ойымызша, келісуге де, келіспеуге де болады. Келісуге болатыны бүгінгі таным-түсінік, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің даму деңгейінің өлшемімен алғанда академик пікірін қуаттауға тура келеді. Ал келісуге болмайтыны жат тілден енген бейтаныс ұғымды сипаттағанда сол дәуірдегі ұлттық санаға лайық халықтың тұрмыс-тіршілігіне етене таныс образды айшықпен бейнелеу әдісі жиі қолданды. Сондықтан бұл сөзжасам амалы – уақыт тынысың, тарихи тұтас кезеңнің із-бедерін айнытпай танытатын тіліміз қорындағы ұлттық лексикалық қолданыс. Тіл-тілдің бәрінде де сырттан енген сөздік ұғым-танымға балама іздеп, ең таққанда сол тілдің ішкі ресурсына жүгінеді. Өйткені басты шарт тілді тұтынатын халықтың таным-түсінігіне лайық болуы көзделеді. Осы ретте ұлт зиялыларын “пуристік ағымды” ұстанушылар қатарында айыптау сол дәуірдегі кеңестік идеологияның тіл саясатын жүргізудегі “тырнақ астынан кір іздеген” жазалау әдісі болатын. Бәлкім, мұндай шығармашылық ізденіске қарсы тым қатты тосқауыл қойылмағанда, бірсыпыра сөзжасам, терминдік атаулардың әдеби тілімізге сіңісіп кетуі әбден ықтимал еді. Кеңестік тілтаным саясаты мұндай “ұлтшылдық бағыттағы” сыңайды дер кезінде “әшкерелеп” жолын кесіп тастауды мақсат етті. Тәуелсіз Қазақстанның тілтаным ғылымында әлі де болса, бұрынғы кеңестік жүйеден қалыптасқан сыңаржақ теориялық көзқарас өзгере қойған жоқ.

“Пуризм ұлт тілдерінің жаңадан қалыптасу дәуірінде пайда болатын ағым. (Ерекшелеген біз Қ.А.). Қазақ тілі мұндай кезеңді осы ғасырдың 20-30 жылдары басынан өткізді. Бірақ мұның жағымды үлгілері бұдан былай қарай өрістей алмай қалды. Еліміз тәуелсіз мәртебе алған қазіргі кезеңде тіл дамытуда осындай ізденістер бар. Кейбір ғалымдар пуризмнің жағымсыз жақтарымен байланыстырып, жұртшылықты үркітпек болады. Өз тілінің тазалығын, әдебилігін, әсемдігін ойламайтын ұлт болмайды. Әсіресе қоғамдық демократиялық қозғалыстар жанданып, көтеріліс, соғыс, т.б. тәрізді жойқын әрекеттер қозғанда, тілде де соған лайықты өзгерістер туындайды. Ең алдымен

мұндайға икемделіп тұратын лексика саласы. Ендеше мұның жағымды жағы мен кесірлі тұстарын ғылыми тұрғыда саралап барып пайдалану керек” [13]. Егер бұл теориялық ұстанымға сүйенетін болсақ, қазақ тілі ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында ұлт тілі ретінде жаңадан қалыптасты деу біздіңше, тым үшқары пайымдау болар еді. Қазақ тілі ежелгі дәуірден ұлт тілі дәрежесіне көтерілгендігін айғақтайтын жазба деректер жетерлік. Дұрысы мемлекеттік құрылым мен билік жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер тұсында және сыртқы ықпалдың пәрменділігі күшті болған тарихи жағдайда ғана бұл үрдіс тілдік қолданыстан көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов Ахмет. Ақ жол Алматы: Жалын, 1991.
2. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 95-96-беттер.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 97-100-беттер.
4. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 101-б.
5. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 102-б.
6. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 103-104-беттер.
7. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 104-б.
8. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіезі. А., 2005, 105-106-беттер.
9. Байтұрсынұлы Ақмет. Түрікшілер құрылтайы. “Жаңа мектеп” журналы, 1926, №7-8, 43-б.
10. Байтұрсынұлы Ақмет. Түрікшілер құрылтайы. “Жаңа мектеп” журналы, 1926, №7-8, 45-б.
11. Байтұрсынұлы Ақмет. Түрікшілер құрылтайы. “Жаңа мектеп” журналы, 1926, №7-8, 45-б.
12. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы: Рауан, 1993. 8-б.
13. Қазақ тілі: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. 322-б.

Ержан Арын

С.ҚИРАБАЕВ ОҚУЛЫҚТАРЫНДА ШЫҒАРМА ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ БЕРІЛУІ

Жалпы орта білім беретін мектеп курсында ақын-жазушылар шығармашылығының тіліндегі мол байлықты игерту, тіл мәдениеті жетілген, көркем сөз күдіретін, ақын тілінің сөз өрнегін түсініп, түйсіне алатын жеке тұлға қалыптастыруды жолға қою – аса маңызды жұмыс. Әдістемеші-ғалым С.Қирабаевтың 10-сынып бағдарламасындағы Абай өлеңдерінің тілін оқытуда беретін әдістемелік нұсқаулары осы бағытта аса тиімді үлгі болмақ.

Мұхтар Әуезов “Тағы да қазақтың әдеби тілі туралы” мақаласында Абай шығармашылығының тілі туралы былай деген болатын: “Ең әуелі Абайдың тілі қандай тіл еді? Абайдың тілі де уақытындағы ертегінің, жай жұпыны әңгімешінің тілі емес болатын. Құр ғана тақ-тұқ, болымсыз ұғымның, татымсыз, ылғалсыз шындықтың тілі де емес-ті. Абай көп ізденген ойшыл жазушы еді. Рас, ол да тіл жөнінде ізденгенмен өз жанынан тың сөз шығарған жоқ. Бірақ соның орайына ол қазақтың өз тұсындағы тұтыну тіліндегі жабайы ұғым сөздерін сырлап өсіріп, көріктеп керекке жаратты”

Ал жалпы ақын тілі туралы А.Байтұрсынов былай дейді: “Шығарма тілі екі түрлі болады: 1. Ақын тілі. 2. Әншейін тіл. Ақын тілі айырықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде, сөзге айырықша өң берілгендіктен лебіз көрнекті болып шығады” Осы ақын тілінің қуатын жалпы орта білім беретін мектеп курсына оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып меңгерту – оның сөз танымы мен тіл қисынын терең меңгерген парасатты тұлғаға айналу жолында адами қасиеттердің ең көрнектісі – шешен сөйлеуге жетелейтін жол болмақ. Осындай аса маңызды жұмысты жүзеге асыруда әдістемеші-ғалым Серік Қирабаевтың орта мектеп курсына арнап жазған оқулықтарында бұл мәселеге арнайы орын беріліп, үнемі қарастырылуы мектеп мұғалімдері үшін темірқазық іспеттес. Мысалы, ғалым 10-сыныптағы Қазақ әдебиеті оқулығына жазылған әдістемелік нұсқауда Абай өлеңдерінің тілін оқытуға көлемді орын беріп, оқытуда ескерілу керек бағыттарды нақты, затты көрсетіп береді. Олар:

1. Ақын өлеңдеріндегі көріктеу үлгілерінің (поэтикалық бейнелеу, ажарлау) бір тақырып төңірегінде жинақталуы.

2. Идеялық мазмұн мен көркемдіктің бірлігін берік ұстау, яғни форма мен мазмұнды бірлікте қарау, тану, талдау, үйрену.

3. Бір өлеңнің өзінде көркем құбылтулардың өлең мазмұнының неғұрлым мәнді, әсерлі болуы үшін араласып келуі.

4. Көркемдіктің бір алуаны – фигуралық айшықтаулардың өлеңге ерекше екпін, тыныс, ырғақ әсерлілігін беруі.

5. Өлеңде бір сөздің бірнеше рет қайталануы.

6. Абай өлеңдеріндегі дыбыстық қайталаулардың жарасымдылығы.

7. Мағынасы бір-біріне жуық келетін ақыл, нақыл сөздердің ақын өлеңдерінің композициясында мол орын алуы.

8. Абай өлеңдерінің ұйқас ерекшеліктері т.б.

Ғалым нұсқауларының өміршеңдігі сол – бүгінгі күні педагогикадағы өзекті мәселе – ақын өлеңдеріне “оқушылардың өздігінен бақылау жүргізуін” бірінші орынға қояды. С.Қирабаевтың бұл нұсқауы белгілі неміс педагогы Дистервегтің пікірімен үндеседі: “Развитие и образование ни одному человеку не могут быть даны или сообщены. Всякий, кто желает к ним приобщиться, должен достигнуть этого собственной деятельностью, собственными силами, собственным напряжением. Извне он может получить только возбуждение”

Ғалымның өлең тілін оқытуда ұсынатын тиімді тәсілдерінің бір-екеуіне тоқталсақ:

1. Өлең тармақтарындағы бейнелі сөздерді қалдырып кетіп оқу арқылы оқушының ойлау, қиялдау процесіне қозғау салатындай амалдар қолдану. Сол арқылы бейнелі көріктеулердің түрлерін еске түсіру.

2. Көріктеу үлгілерін танытудың тиімді бір нұсқасы – “осыған дейін оқылған өлеңдерді талдау үстінде білгізу”

С.Қирабаевтың әдістемелік нұсқауларының тағы бір артықшылығы – қазіргі уақытта орта мектепке еніп жатқан жаңа технологиялармен сабақтастығы. Мысалы, Абайдың бір ғана “тіл” сөзіне қолданған эпитеттеріне бақылау, талдау жасату керек деген нұсқауын деңгейлік тапсырмалар түрінде ұсынуға әбден болады немесе бір өлең құрылысында теңеу, эпитет, ауыстыру, метафора сияқты көркем құбылтулардың өлең мазмұнының әсерлі болуы үшін “араласып, қатқабат” келетіндігіне тапсырмалар ұйымдастыру.

Тәжірибемізде әдістемеші-ғалым С.Қирабаев көрсеткен Абайдың “Теректің сыйы” аудармасының “өзгеше көркемдік әдіспен жазылғаны оқушылардың өз бетімен ізденуі нәтижесінде танылуы керек” деген бағытын проф. В.С.Аванесов үлкен мән беретін бірнеше дұрыс жауабы болатын тестілік тапсырманың түрімен байланыстырдық. Кейіптеу әдісімен жазылған осы өлеңдегі жеке сөздер мен сөз тіркестерін ғалым нұсқаулықта молынан көрсетіп берген болатын: Терек долданады, қайратын көрсетеді, кейде күледі, кейде момынсынады, ағасын іздейді, айғайлайды, аптығады, жанжал да салады, Каспий қалғиды, інісіне көзін ашып қарайды, үндемейді, енді бірде жылы жүзбен амандасады, сылқ-сылқ күледі т.б.

Тапсырма үлгісі:

I. “Теректің сыйы” өлеңіндегі кейіптеуді жасайтын тілдік бірліктерді белгілеңіз.

- | | |
|---------------------|----------------------|
| 1. долданады | 6. жазу жазады |
| 2. қайрат көрсетеді | 7. жанжал да салады |
| 3. есінейді | 8. үндемейді |
| 4. ағасын іздейді | 9. сауда жасайды |
| 5. кейде күледі | 10. сылқ-сылқ күледі |

В.С. Аванесов мұндай тапсырмалардың мәні мен болашағы туралы былай дейді: “Можно высказаться и более определенно: в образовательном процессе XXI века основными станут задания в тестовой форме с выбором нескольких правильных ответов”

Бұл тапсырмадағы назар аударатын тілдік бірліктер М.Әуезовтің сөзімен айтқанда: “Бұндай қатарда жеке сөз өзінің орны мен сәтін тапқан шақта жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп, бал-бұл жанып тұрады” Оқушыларға өз еңбегімен мұндай талдау жасатудың мақсаты – ақын тілінде көркемдік қызмет атқарып тұрған тілдік бірліктердің қасиетін тануға, түсінуге, түйсінуге жетелеу. Себебі, “Әдебиет – тілмен әдебиет”(М.Әуезов).

Ғалым С.Қирабаев шығарматілінің менгерілуін тек Абай шығармашылығына ғана қатысты емес, А.Байтұрсынов өлеңдерін оқытуда да назарда ұстайды: “Ақынның “қалтылдақ қайық” дегенін – қалт-құлт еткен қазақ тірлігі деп, “Теңізде жүрміз” дегенін – отаршылдық, надандық теңізі деп түсінуіміз керек” Және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған өлең-жырларды оқытуда да анық көрсетіп отырады: “Халықтың даналық сөзі, мақал-мәтелдердің қолданылу үлгілеріне, шындықты шешендік толғау сарынына, дәлдікті берудегі ақындардың халық поэзиясында қалыптасқан балау, теңеу, ұқсату сияқты тіл көріктеу шеберлігіне көңіл аударту.”

Абайдың “қазақтың ауызша тараған көркем сөзін ұлттық жазба дүние дәрежесіне жеткізген” (Р.Сыздықова), поэтикалық тіліне жаңа сапа әкелген, сөз тану қабілеті мен сөз жұмсау талантын жаңаша көрсеткен еңбегіне талдау жасай отырып, өз тілін ұштауға, ұстартуға үйренеді, яғни сөз зергері Ғ.Мүсірепов дәл атап көрсеткендей, “көркем сөзді бір-бірлеп тереді, бір-бірлеп тізеді” Абайдың “кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал” деген пікірімен үндесетін: “Адамның ғазизлігі сөзбен болады. Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сонан шыққан сөз – жауһар. Ауыздан шыққан сөз – көмір. Тіл – бір болаттан жасалған өткір қанжар. Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі – інжу” – деген М.Ж. Көпеев сөзін ескерсек, оқушы ақын тілі мен көркем шығарма тілін үйрену, үлгі алу арқылы інжу төккен сипаттағы ғазиз тұлға болуға қол жеткізу керек.

Қорыта келгенде, С.Қирабаевтың ақын тілінің құдіретін менгертуге беретін әдістемелік нұсқаулары әдебиет пәнін оқытудың түпкі мұратына қол жеткізуге мүмкіншілік беретін септігі толайым еңбектер. Ақын тілінің ерекшеліктерін сөздің тұлғасы, танымы мен қисынын таныту арқылы толық меңгере аламыз. Осы жолда әдістемеші-ғалым Серік Қирабаевтың әдістемелік нұсқаулары орта мектеп мұғалімінің сенімді серігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қирабаев С, Мырзағалиев Қ. “Қазақ әдебиеті” оқулығына әдістемелік нұсқау. Алматы, 1998.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
3. Әуезов М. 19-том. Алматы, 1985.
4. Аванесов В.С. Форма тестовых заданий. Москва, 2005.
5. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі Алматы, 1995.
6. Оразбаева Ф. Қазақ тілін танымдық тұрғыдан оқыту. “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналы. №1, 2007.

ГУМАНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

Все возрастающая роль образования в мировом сообществе вызвала необходимость разработки принципов новой философии образования, которая отражена в преемстве ЮНЕСКО “философия образования в перспективе XXI века” (1). Это как гуманитарный, гуманизирующий, человекообразующий подход к образованию, замена традиционного понимания педагогического процесса как усвоения определенной суммы знаний творческим актом, способствующим становлению образа человеческого. В этой связи, американские футурологи Д. Несбитт и П. Эбурдин (2) считают, что самые удивительные открытия XXI века будут сделаны не благодаря развитию науки и техники, а благодаря тому, что мы по-новому оценим само понятие человека. Следовательно, гуманистическая парадигма образования ориентирована на человека как на высшую ценность.

В психолого-педагогической науке есть понятия “чувство”, “сознание” “убеждение” и “поступок” Но, однако, эти понятия объясняются различными учеными по-разному и без самого понятия личности и его деятельности. На наш взгляд, они неразрывно взаимосвязаны и являются основными элементами формирования личности. Чувство переживаемое учеником оказывает существенное влияние на его деятельность, следовательно и на результативность этой деятельности. По этой проблеме в своих трудах А.С. Белкин (3) пишет о том, что создание ситуации успеха ученикам в совместной деятельности оставляет глубокий след в душе ребенка, оказывает существенное влияние на его самореализацию и самоутверждение. Следовательно, формирование чувственного отношения к знанию это есть и формирование личности, его сознаний, убеждений и поступков. Чувственное отношение к учащимся как личности – высшей ценности и их неповторимость в целостном педагогическом процессе высшей школы оказывает непосредственное влияние на становление личности будущего специалиста.

Цель настоящей статьи – обосновать эффективность личностноориентированного отношения к учащимся в целостном педагогическом процессе высшей школы как основу профессионально мобильной подготовки личности будущего специалиста. Основными методами работы над статьей были теоретический анализ источников, обобщение и сопоставительный анализ работы педагогов и студентов, наблюдение, беседа, анализ поступков и поведений студентов.

Абсолютной ценностью педагогического процесса высшей школы является личность будущего специалиста. Взаимодействие и взаимоотношения педагогов со студентами является условием функционирования педагогического процесса высшей школы ориентированный на развитие личности будущего специалиста

(4). В связи с этим профессионально значимые качества, определяющие особенности взаимодействия и взаимоотношения педагогов со студентами в педагогическом процессе, являются основными инструментами формирования и развития личности будущего специалиста.

Изучение специальных исследований и опыта работы ряда вузов Республики Казахстан (2; 3;4;5;6) показывает, что будущие специалисты положительно относятся ко всем научным дисциплинам, адекватно оценивают их значимость для педагогической деятельности, видят возможности внедрения теоретических знаний в учебно-воспитательный процесс школы и других учебных заведений. Они ориентируются на перспективу использования знаний, умений и навыков, получаемых на кафедрах, в практических ситуациях будущей деятельности на эмпирическом уровне. С накоплением определенного уровня знаний и опыта во время педагогической практики формируются осознанные стремления к овладению новейшими знаниями и различными методами по самовоспитанию профессионально значимых качеств. Таким образом, вузовский учебный процесс будущий специалист воспринимает как основу формирования личности специалиста с определенным уровнем комплекса профессионально значимых качеств. Следовательно, становление личности будущего специалиста неразрывно связано с наличием у него комплекса определенных профессионально значимых качеств, которые являются в дальнейшем основой самоопределения, самоутверждения и самореализации личности в целом.

Результаты нашего исследования (7) показывают, что психолого-педагогические и специальные знания, полученные будущими учителями в вузе, создают лишь необходимые предпосылки, но не оказывают существенного влияния на развитие базового, ведущего, стержневого профессионально значимого качества являющегося основой комплекса качеств. Целостное формирование профессионально значимых качеств в традиционной профессиональной подготовке будущих учителей к профессиональной деятельности не ставится специально.

В результате анализа полученных результатов исследования мы убедились, что практическая деятельность учителя невозможна без базового, ведущего, стержневого профессионально значимого качеств как гуманности, целостно отражающей в себе особенности других профессионально значимых качеств, от которых зависит результативность педагогического процесса в целом. В связи с этим необходима целенаправленная специальная работа по формированию профессионально значимых качеств целостно. Это объясняется тем, что в деятельности многих кафедр отсутствует система, не «срабатывает» межпредметная интеграция по формированию профессионально значимых качеств целостно, каждая кафедра решает эти вопросы разрозненно, стихийно. В этой связи преподаватели каждой кафедры решают эти задачи только в рамках своей учебной дисциплины. Вопросы профессиональной деятельности будущих учителей на основе наличия у них комплекса профессионально значимых

качеств лишь изредка обсуждаются на общепрофессиональных кафедрах и кафедрах спецдисциплин, а на практике только отдельными преподавателями предпринимаются попытки их решения. Вместе с тем установка преподавателей университета на универсальность отдельной учебной дисциплины, ее автономную значимость без учета объекта будущей профессиональной деятельности непосредственно влияет и на формирование отношения студентов к общепрофессиональным, базовым и специальным дисциплинам, что в свою очередь оказывает существенное влияние на уровень овладения комплексом профессионально значимых качеств в целом.

Большинство студентов недостаточно полно осознают роль и значимость общепрофессиональных, базовых и специальных дисциплин по формированию профессионально значимых качеств целостно.

Будущий учитель, слабо осознавая значимость в профессиональной деятельности научных дисциплин, постепенно начинает понимать их необходимость в формировании профессионально значимых качеств. Но, однако, учебный процесс в университете организован недостаточно целесообразно по воспитанию профессионально значимых качеств. Такая же картина наблюдается и в работе преподавателей по формированию профессионально значимых качеств у будущих специалистов. Все это, в конечном счете, непосредственно оказывает влияние на уровень познавательной активности студентов в самовоспитании профессионально значимых качеств целостно.

